


12006
8825K



Ғалиф
Есенберлин

Жанталас

Л 0006/00252
1 экз. ЦНТ
2 экз. КХ
И Л И Я С Е С Е Н Б Е Р Л И Н 2 экз. АБ

ЖАНТАЛАС



ТАРИХИ РОМАН

„ЖАЗУШЫ“ БАСПАСЫ
АЛМАТЫ — 1973

Есенберлин Ілияс.

Е 79 Жанталас. Тарихи роман. Алматы, «Жазушы», 1973.
320... бет.

Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ілияс Есенберлин халқымыздың арғы-бергі тарихына барлау жасап, «Қаһар», «Алмас қылыш» атты романдар жазғанын оқушы қауым жақсы біледі. «Жанталас» аталатын мына шығарма — сол екі кітаптың арасын жалғастыратын, трилогияның екінші бөлімі.

Бұл романда қазақ халқының XVII—XVIII ғасырларда басынан өткерген ұлы-ұлы оқиғалар әңгіме болады. Халқымыздың басына Жоңғарлар күшпен әкеп таңған «Ақтабан шұбырынды» трагедиясы, қазақ елінің Россия қол астына кіруі, шет ел басқыншыларына қарсы күрес кітапта тарихи деректер негізінде қызғылықты баяндалған.

Е 0733 287
м 402(07)—73 9—73

Каз 2

ПРОЛОГ

Қазақтың ұлы даласын күншығыс пен оңтүстік жағынан алып тағадай иіле түсіп, мыңдаған шақырымға созылған дүние жүзіндегі ең биік таулар қоршап жатыр. Осы ақ басты ғажайып шын, күздар қазақ жерінің үстінен өтетін ескек желге, азынаған дауыл-боранға ғана тосқауыл емес, бұл таулар көшкен елге де, басқыншы жаудың қалың қолына да асу бермес берік қамал болған. Тек бір жерінде ғана бұл таңғажайып таулар, шөккен нардай, даланың бауырына кіре, жатаған тартқан. Осы тұстан ғана, Азия мен Европаның түйіскен алқабына қарай, жаратылыстың өзі жаратқан долы сұрапылымен бірге, араларына жүздеген жылдар салып фангфур ұлы хандарының, Әтидің, Шыңғыс ханның құмырсқадай құжынаған қолдары төгілген. Бұл қанды жорықтар ең алдымен осы арада әлмисактан бері егін егіп, мал бағып, қала салып, бейбіт жатқан елдерді талқандады. Одан өтіп қазақтың байтақ даласын қызыл қанға бояп, лек-легімен күнбатысқа қарай лап қойды. Бұлар басып өткен жерде тек күңіренген ел, күйзелген дала, күйреген қала ғана қалды.

Бұл жолғы шайқас та — соның бірі еді.

Жоңғар қақпасының етегіндегі Сойқан сайда қытай мен қазақ әскерінің алысқанына міне бір жеті болған. Бойлауық жылқы секілді бой бермей, екі жақ бірдей арандағанда, талай қанды ауыз бөрілер пұшпағынан ілінді. Жүрегінің түгі бар талай батырлар қайқы қара алдаспандардан қаза тапты. Талай албырт жас өмір сабағынан үзілген гүлдей семді. Бірақ кісі қанын толарсақтан кешіп жүрсе де селт етпейтін қолбасшылар май-

данға жұртты төпеп айдай берді. Сегізінші күні жасыл жібек шатырын қырық құлға көтертіп, майдан шебіне қытай боғдыханы Қанси келді. Әскер басшыларын шақырып алып:

— Ұрыс қалай жүріп жатыр?— деп сұраған.

Әйел өңдес, қу тамырдай қатып-семіп қалған көсе кара әскер басы иіле тәжім етіп, жауап берді.

— Алдияр тақсыр, әлі ит жығыс түсіп жатырмыз. Екі жақ бірдей қырғында. Біздің шығынымыз көптеу.

Әскер басы өзек жарған шындығын айтқан. Боғдыхан шаршы топтың алдында өз әскер басын мұқата сөйледі.

— Ақымақ,— деді ол,— үш ғасыр бойы алысып Тан династиясы жеңе алмаған бұл тайпаны сен жеңем деп ойлап па едің?

— Алдияр тақсыр, соғыс деп бұйырған өзіңіз ғой.

— Соғыс дегенде мен саған осылай соғыс деп не едім? Бүйтіп сен оларға тізе көрсетіп, бетін қайтара алмайсың. Одан да өзің былай тұр да, күнде шабуылдап мазанды ала берген ойрат тайпасын жап. Екі жұрт бірін-бірі ала алмай әбден әлсіреп, енді тентіреп кетуге айналғанда, сен бір бүйірден шыға кел де, екеуін екі бүктей салып, бос қалған жерін басып ал...

— Алдияр,— деді анау басын бұрыңғысынан да төмен ііп,— қалжыраған ойратты олжалау қиын болмас. Ал қазақ жұртын олай құртып, жерін он-оңай басып ала аламыз ба? Аржағында бізден күші басым Луссия көршісі бар ғой. Ол бізге қазақ жерін көпе-көрнеу талатып қоя ма?

— Луссия үшін құса болма. Қазақ жері өгіздің талысындай мол, бәрімізге де жетеді. Біз Ертістің жоғарғы тұсымен Жетісу, Түркістан уәлиетін, Шығыс Түркістанды тегіс баурымызға басамыз... Қысқасы, Көкше теңіздің оңтүстік жағасына дейін біздікі, солтүстік жағасы Луссияныкі болуы керек-ті.

— Сонда қазақ елі қайда қалады?

— Көкше теңіздің түбінде! Жоңғар тайпасын қалай құртсаң, қазақ жұртын да сондай етіп құртасың!

— Құп, тақсыр.

Біріңші бөлім

I

Қазақ елі бұл кезде көкпарға тартуға дайындалған серке тәрізді еді. Жан-жағынан анталаған қай жауынын тақымында кетеді? Әлде өзара қырылысқан хан, сұлтан-дар қанын сорғалатып, біреуі — аяғын, біреуі — қолын, біреуі — басын қанжығасына байлап әкете ме, кім білсін?

Ел басына төнгелі келе жатқан мұндай ауыр кезеңді дұрыс ұғып, терең болжап, болашақ тарихы мен тағдырының төрт жағынан бірдей соққалы тұрған сұрапылдан халқын құтқарар кімі бар?

Мұндай жанталаста халық алдыңғы шепке ең алдыменен өзінің тәжрибесін, ақыл-парасатын, табандылығын салуға тиісті. Өйткені қазақ елін көкпар етіп ала қашуға дайындалып жатқан ең бірінші қасы оған айқын еді.

Шыңғыс хан құраған монғол хандығының ғұмыры екі жүз жылға жетпеді. Бір кездегі ұлы көшпелі мемлекет — Қарақұрым ордасы Құбылайдың тұсында Пекинге көшісімен-ақ монғол хандығы делінуден қалды. Құбылайдан кейінгі қытай боғдыхандары енді өздерін Шыңғыс мұрагерлері санап, монғолдың ата мекен көне қонысы түгіл, «Бар әлемді тітіретуші» жирен сақалды ханның жаулап алған жерлерін де бауырларына басқысы келді. Бұлар енді бір кезде ұлы Қытай империясын Шыңғыс ханның күшпен жаулап алғанын, оның көп шаһарларын тып-типыл етіп қиратып, егістік жерлерін малға жайылым еткісі келгенін ұмытты. Ал монғол жеріндегі ұлы Қарақұрым хандығы да бөлшектене бастады. Өзара

қырқыс, жанжал бір жағынан, күнгеі үрдісінде пайда болған манчжур хандарының ұзақ жылғы ұрыстары екінші жағынан берекесін алып, бұлардың бұрынғыдай іргелі ел болып отыруына мүмкіндік бермеді. Оның үстіне негізгі кәсібі мал бағу болған, әр ауылы әр бөлек қонған монғол шоңжарларына қыс — қыстау, жаз — жайлау жетпей, елге қоныс, малға өріс тапшылығы тағы бір нәтиже болды. Әсіресе батыс монғол тайпалары — чорас, ойрат, торғауыт, төлеуіт рулары қытай боғдыхандарының тегеурініне шыдай алмай ата мекен қоныстарын тастап, жер іздеп босып кеткен. Бір бөлегі Сібір жеріне, қалғаны Ертіс бойына, Тарбағатай тауына қарай ойысты. Қалмақ аталған бір бөлегі жер іздеп, көше-көше, тіпті Еділдің төменгі сағасына өтіп кетіп, Айдархан (Астрахань) маңайында көшпелі аймақ боп тұрып қалды. Батысқа қарай ығысқан бұл елдерді қытай боғдыхандары Сібірге, қазақ жеріне және Орта Азияға өзінің ықпалын жүргізудегі алдыңғы шебі деп санады. Ал бұл зұлымдық саясатқа көңісі келмей, өздеріне қарсы шыққан кей қонтайшыларды ауыл-аймағымен, бала-шағасына дейін қалдырмай қырып тастап отырды. Енді қытай зардабынан қорыққан жұрт ойысып кеп, Тарбағатай тауын, Іле өзенінің сағасын, Жайсан (Зайсан) көлінің жағасын мекендеді.

Осы арада олар аман қалған руларын жинап көшпелі мемлекет — Жоңғар хандығын құрған. Бір мың алты жүз отыз төртінші жылы бұл хандықтың қонтайшысы боп Хара-Хұла батырдың баласы Батур сайланған. Бұл қонтайшының маңына енді Енисей, Ертіс өзендерінің жағасын жайлаған монғолдың басқа да ұсақ рулары жинала бастады. Өстіп Жоңғар хандығы үлкен күшке айналған. Ол өзінің ордасын Зайсан көлінің жағасына көшірген. Дәл қасында пайда бола қалған көшпелі жауынгер мемлекетке қытай саясатшылары енді қобалжи қарады...

Батур қонтайшы өзі өлгенше орыс патшаларымен тату бола отырып, жоңғар хандығын күшейтуді арман етті. Батур негізгі саясатын қытай боғдыхандарының ақылымен Оңтүстік Сібір мен қазақ жерін алуға құрды. Алдымен ол Тәуекел ханмен, соңынан Есім ханмен сан айкасты, бірақ дегеніне жете алмады.

Батур өлгеннен кейін оның орнын үлкен ұлы Сэнгэ, содан кейін кіші баласы Қалден басты. Қалден Қытай

императорының жарлығы бойынша осы кезде бас көтеріп ереуілге шыққан, өздерімен кандас Шығыс Монғолияның орта шарқы руларын аямай қырды. Бұл ара енді құлазыған қу далаға айналды. Сөйтсе де, жоңғардың қарақұрым боп өсіп келе жатқан мал басына жайылым тағы таршылық етті. Сонда барып Қалден жоңғар хандығын Қалқа өңірін қосып алып, кеңейтпек болды. Осы саясатпен ол қонтайшы ордасын Іле өзенінің жағасынан Тувадағы Хемчик өзенінің бойына, соңынан Кобда өзенінің төменгі сағасына көшірді. Бұл кезде Жоңғар хандығына Тібіт, Енисей өзенінің өңіріндегі қырғыз рулары мен бүкіл Алтай тауының аймағы кірді. Осыншама жерге қож болған жоңғар қонтайшысы енді Қалқаны да қосып аламын деп жорыққа аттанды. Бірақ Қытайдың Манчжур (Цин) хандығынан жеңіліп қап, Қалқаны Қытай алды. Осы жорықтан тұрмастай болып жеңілген Қалден өзін-өзі бауыздап өлтірді. Қалден өзінің үстемдігін жүргізіп тұрған кезінде, бақ күндесім болмасын деп ағайын-туыстарын да аяған жоқ. Бас көтергенін құртып жіберіп отырды. Осындай құртам деген жақынының бірі, немересі Сыбан Раптан Тұрфанға қашты. Қалден Қалқаны қосып аламын деп жорыққа аттанғанда, әлгі Сыбан Раптан өз еліне қайтып келіп, Бұратал өзенінің бойын жайлады. Бірте-бірте ол бүкіл Жоңғар елін өзіне бағындырды. Қалден өзін-өзі өлтіргеннен кейін, бір мың алты жүз тоқсан жетінші жылы бүкіл Жоңғар қонтайшысы осы Сыбан Раптан болды. Сыбан Раптан Қытай еліне әкесінің інісі Қалденнен кем жау болған жоқ. Қытай императорымен сырт байланысы түзу болғанмен, Сыбан Раптан көршілес Қытай қалаларына шабуылын тоқтатпады. Ал Сыбан Раптан, баласы Қалден Церенмен қосылып, Халш дуанын тонаудан бастап Қытайға қарсы соғыс ашқанда, Джунгоның Манчжуриядағы жаңа Цин династиясының императоры Канси сол жылы Жоңғар жерін бүтіндей бұрынғы өздерінің князьдарына қайтарып Сыбан Раптанға Ертіс бойынан ғана шағын жайылым жер қалсын деп «Фимен» (жарлық) берді. Бұл жарлық бойынша Сыбан Раптан Қытай елінің өкілін катыстырып, Жоңғар елінің Құрылтайын шақыруға міндетті еді. Бұл Құрылтайдан кейін Қытай еліне шабуыл жасай берген Жоңғар хандығы енді қазақ жеріне беттеуге тиісті. Сөйтіп Қытай богдыханы өзімен ит жығыс түсіп жүрген қазақ халқын да мұқатпақ болды.

Бұны істемейтін болса, Қытайдың қалың әскері Сыбан Раптанға қарсы аттандырылып, Жоңғар ордасы біржолата құл-талқан етеміз деп қорытты. Қытай мен Жоңғар хандығының арасында жойқын соғыс басталатыны мүмкін боп қалғандай еді, бірақ қытай шекарасындағы жоңғар рулары Кансидің қаһарынан ығып, енді Ілені құлдилтай төмен көшіп, көбі Алтынемел тұсына келіп орналасқан. Қонтайшы Сыбан Раптан Іле өзенінің күнгейі, Шарын шаһарының күншығыс тұсына өзінің ордасын тікті.

Бірақ, сонау Қытай шекарасынан көшіп келген қалың жоңғар елі бір Іленің бойына сыяр ма, әрине, сыймайды. Қалайда қоныс кеңіту керек... Осы кезде Канси қаза тапты. Бірақ Канси өлгенмен, оның қалың әскері қалды. Жоңғардың Қытайға күш-қуаты жетпейді, әлі жететіні — баяғы үйреніскен жауы, қазақ елі. Олардың жүз мың атты әскеріне қазір қазақтың төтет берер жайы жоқ. Сыбан Раптан сол үшін шабуылды қазақ жерінен бастауды ойлады. Әрине, бұл кездегі Жоңғар әскері Қалден кезіндегі шоқпар, сойыл ұстаған жабайы, тағы әскер емес. Бұл әскер сапын Европа тәртібімен құрған, соғыс тәсілін европаша жүргізе алатын, зеңбірегі, білте мылтығы бар жаракты әскер. Оған Жоңғар жауынгерлерінің ғасырлар бойғы ұрыс-соғыс тәжірибесін, төзімділігін, жангештілігін қоссаңыз, қандай күшке айналады.

Жоңғар әскерін мұндай мықтылыққа жеткізген Сыбан Раптан, оның жауынгер баласы Қалден Церен мен жалдама Қытай әскері мамандары еді. Бұған швед офицері Иоган Густав Ренат та аз үлес қосқан жоқ. Ол жоңғар жасағы Бухгольц экспедициясын құртқан ұрыста Өскемен бекінісінің жанында қолға түскен кіші офицер еді. Осы унтер-офицер Сыбан Раптан әскерін Европа тәртібімен құруды, соғысты Европа әскерлерінің әдісімен жүргізуді үйретті. Ойрат ұсталарына зеңбірек кұйдырды. Жоңғар елі білмейтін өнерлермен таныстырды, тіпті ол Жоңғар хандығында баспахана да ашты. Осындай он қолынан өнері тамған, көп ғылымнан хабары бар Ренат пен Қытайдың жалдама мамандары арқылы жоңғар әскері соғыстың жаңа тәсілдерімен танысты. Енді олар Орта Азия, қазақ жауынгерлеріне жат, жан шыдатпас айбарлы күшке айналды. Сол жылы басталған ұрыс мұны танытты да.

Ал бұл кезде қазақ елі қандай жағдайда еді?

Бұл тұста «Үлкен Орда» ханы болып Тәуке ханның бәйбішесінен туған Болат отырған. Бірақ, бұл бозөкпе, ел басын біріктіріп жауға қарсы қоюдың орнына, орта жүздің азулы руларының таласынан аса алмай жүрген шөре-шөре хан. Және өзі көптен бері ауру. Сол себептен оның көп ісін інісі Сәмеке атқарады. Кіші жүздің ханы — Тәукенің тоқалынан туған Абдолла сұлтанның баласы Әбілқайыр. Ұлы жүздің ханы Жолбарыс — Әбілқайырмен әкесі бір, шешелері бөлек. Бұ да ел арасында қадірі бөлендей күшті кісі емес. Орта жүзге кіретін қалың пайман, жері Жоңғар хандығымен іргелес болғандықтан, өз алдына жатқан бір тайпы ел. Бұлардың басшылары — Шағайдың баласы Тұрсыннан туған көкжал бөрі Барақ пен Күшік сұлтандар.

Бұның алдында Түркістанды асана етіп, Үлкен Орда ханы боп Есімнің немересі Жәңгірден туған Тәуке отырған.

Тәуке!

Ол күшейіп келе жатқан Жоңғар хандығының казак еліне өте қауіпті екенін бірден түсінді. Сондықтан да Тәуке Россиямен қарым-қатынасын жақсартып, оған арқа сүйемек боп, бірнеше рет әрекет еткен. Бір мың жеті жүз екінші жылы-ақ Өскемен бекіністеріне казак елшілерін жіберді. Бірақ оларды жолай ойраттар ұстап алып өлтірген. Содан кейін Тәуке бір мың жеті жүз он бесінші жылы жаз тоқсанның аяғында қарым-қатынасымызды жөндейік деп, орыс патшасының қарамағындағы Уфа қаласына Тайқымұрын биді бас етіп елшілерін қайтадан аттандырды. Бірақ Уфадан хабар келгенше, көп жылдардан бері сырқат Тәуке бір мың жеті жүз он бесінші жылдың аяғында қайтыс болды.

Тәуке басынан талай айқасты өткізді. Түркістан, Сайрамды аламын деп қалың қолмен келген Бұхара, Қокан, Хиуа хандарына төтеп бере алды. Әсіресе, Тәуке жоңғар нояндарымен көп алысты. Бұл айқастарында ол үнемі қырғыз елімен бірге болды. Қырғыз манабы Тиес әрқашан да Жоңғарға қарсы Тәукемен бір сапта шықты. Қазақ, қырғыз арасында Тәуке хан мен Тиес манапты бөлмей, екі халықтың достығының бейнесі етіп, Тәуке — Тиес деп, қосақтай атады. Тәуке хан кезінде қырғыздың көп-көп ауылы қазақ ауылдарымен аралас, Әндижан маңайын, Шу, Шарын өзендерінің бойын жайлады.

Сол кездегі қазақтың алғыр билері — Қаракесек руынан шыққан, отыздардан жаңа асқан қаз дауысты Қазыбек, Үйсін Төле билер Әз Тәукенің ордасына жиі келіп, ханның ел билеу ісіне арналған атақты ережесі «Жеті жарғысының» жазылуына көмектесті. Соңшалық беделі барлығының арқасында сонау Баянауылды жайлаған қалың Қаржас руынан аты шулы Қалқаманұлы Бұқар жырау жиырма бесінде Әз Тәукенің ордасына кеп, сарай ақыны атанды. Тәуке хан алпыстан аса беріп дүние салғанда, бар қазақ аза тұтып, ардақтап оны қожа Ахмет Яссаундың мазарының түбіне қойды.

Үлкен талас-тартыспен қазақтың басты билерінің қолдауымен Орта жүз тағына Жәңгірдің кіші інісі Қайып отырды, Тәуке оқи алмай кеткен орыс әкімдерінің сөлем хатын бұл оқыды. Сол күні-ақ ол Уфаға «Ұшпу хаттарыңызды алып қуанып қалдық» деп жауап қайырды. Қайып хан немере інісі Тәукенің ұстаған жолын дұрыс деп тапты. Сол жылы жаз тоқсанның аяғында Тобыл қаласындағы Сібір губернаторы Гагаринге Екешұлы Бекболат би мен Бөріұлы Байдәулет ақсақалды бас етіп, елші жіберді. Губернатор ақ патша ағзамға жеткізсін деп арнаулы хат жазылды. Бұл хатта орыс елі бізбен мәңгі-бақи тату болса екен, екі ел бірігіп, жоңғар қонтайшысына қарсы шығалық, оған біз жиырма — отыз мың атты әскер берер едік деген қазақ елінің тәуелсіздігіне зор маңызы бар тілектермен бірге қазақ саудагерлерінің Тобыл қаласына келіп сауда жасауына ұлықсат сұрады.

Бекболат пен Байдәулет ақсақал губернаторға: «Қазақ жігіттері орыс қалаларына тимейді. Ал тиер болса, оларға елім жазасына дейін шара қолданылады. Керек десеңіздер, ондай адамдарды ұстап алып, Тобыл қаласына жүргізуге бармыз»,— деген ханның ауызша сөлемін де жеткізді.

Мұндай хат Қазан мен Уфаға да жолданған. Гагарин Қайып ханның хатын Петербургке жіберді. Сенат қазақ ханы мен халқының өтінішін шын ықыласпен қарсы алды. Бұған Бірінші Петр патша да қосылды. Тек бірігіп жоңғар қонтайшысымен соғысалық деген Қайып ханның тілегін қабылдамады. «Қазақ жұрты бізбен дос елдермен соғыс ашпай, тату-тәтті тұру керек»,— деді. Ал Қайып хан қазақ халқының тәуелсіздігі мен оның құрып кетпесі үшін, күншығысы мен оңтүстігінен қысып келе

жатқан жауларына төтеп берудің жолы — Россияның көмегіне сүйену екенін есінен шығара алмады. Әсіресе, мұндай шешімге келуге бір мың жеті жүз он жетінші жылғы Аякөз өзенінің жағасында өткен ұрыс себепкер болды. Бұл ұрысқа Қайып пен Әбілқайыр бірігіп шыққан. Екі жақтан отыз мыңдай әскер қатысқан. Қазақ әскері Сыбан Раптан әскерінің осы бір бөлегінің өзінен жеңіліп қала жаздаған. Бұл ұрыс Сыбан Раптанның қазақ елінің қандай күйде екенін білудегі елеулі күш жұмсаған алғашқы барлауы еді.

Қазақ елінің жағдайын дұрыстап түсіну үшін, Бірінші Петр патшаның бұйрығы бойынша, Сібір губернаторы Гагарин қазақ жеріне Борис Брянецв басқарған арнаулы елшілер шығарды. Бұл елшілер тобы 1728 жылы Көкес айының бесі күні Жайық жағасындағы Кінні жүз ханы Әбілқайырмен, жаз тоқсанның алғашқы айының жиырма бесі күні Түркістандағы Орта жүз ханы Қайыппен кездесті.

Қазақ жеріне жеткен елшілер ең алдымен бұл арада сауда-саттықты молайтудың сан жолы бар екенін ұқты. Қазақ даласы арқылы Азияның ұлы мемлекеттеріне, әсіресе, Үндістанға қол созуға болатынын көрді. Князқапатты Бірінші Петр патшаның да күткені осы еді. Ол Азияның ұлы мемлекеттеріне жол ашу — Россияның дүние жүзіндегі ең құдіретті патшалықтарының қатарына қосылуы деп ұғынатын. Әбден күшейіп алған және өзінің ұлы патшасы «аспанға шапшытқан» Россия бұл кезде Англия, Франциялармен қатар басқа елдерді отарлау бәсекесіне молынан кіріскен-ді. Бірақ қазақ даласы мен Орта Азияға Россияның келуі — отаршылық саясатының толып жатқан қиянатына қарамай — бұл елдердің құрып кетпей, тарих бетінде қалуына көмек берді. Бұл қоғамдық әрекет тарих жүзінде өзінің маңызды орнын алды. «Шынында да шығыс елдерінде Россия прогрессивтік міндет атқарып отыр... Россияның бұл үстемдігі Қара теңіз бен Каспий теңізінің тұғына, Орталық Азияға мәдениет әкелді» деп жазды соңынан Энгельс.

Орыс елшілерінің тағы бір түйгені — ол қазақ хандарының қазіргі күнде жоңғар қонтайшысына қарсы тұра алатын күшінің жоқтығы болды. Бұл жөнінде Брянецв экспедициясы қазақтарға жәрдем беру саясатын қолдады. Сонда барып, Бірінші Петр Жоңғар хандығына елші жіберуге бекінді. Бірақ жіберген елшісі

Унковский қайтып келіп, Петр патша тиісті қортынды істегенше, жоңғар мен қазақ арасы әлем-тәпірік болды да кетті.

Әрине, мұндай жағдайда қазақ елі Сыбан Раптан секілді пышақтың жүзіндей қылшылдаған, қазірдің өзінде жетпіс мың әскері бар жауға қарсы тұра алар ма? Және жауы жалғыз Жоңғар хандығы ғана ма? Мұндай қиындықта тек хан ордасының маңындағы ағайын, туыс, төлеңгіт секілді аз ғана күшке сүйенген хандардың қолынан не келеді? Әр жүздің ханы, сұлтапымын деп отырған Болат, Әбілқайыр, Сәмеке, Барак, Күшіктердің өз ордаларының іші толған жаңжал, бақталастық, қым-қиғаш тартыс.

Ал патша үкіметі, болғалы тұрған қанды уақиғалардың түбі екі жағымен де тіл табу екенін есіне ұстап, Орта Азия істеріне өте сақтықпен қарады. Қайын хан өлісіменен: «Арты не болар екен?»— дегендей күту саясатына көшті.

Осының бәрі қазақ халқының басына бір жамандық шақырып тұрғандай еді.

Жоңғар қонтайшысы жорық алдындағы кеңесін шақырды. Осы кеңесте қазақ елін шабу тәртібі шешілген. Ренат ақылы бойынша, ежелден шығыс жеріндегі жауды бір тұстан шабу дәстүрі қолданылмай, бірден қос бүйірден ала бастамақ болды. Жоңғардың бар әскерінің қолбасшысы болып Сыбан Раптанның інісі Шұна-Добо бәһәдүр белгіленді. Бір жағы Қаратауды басып, Шү мен Талас өзенінің бойына түйілсе, екінші жағы Шыршық қойнауынан шықпақ болды. Сол үшін Шұна-Добо әскерін жетіге бөлді. Әр қол енді тау бөктерлеріне, не жау жеріне қарай ағатын өзен бастарына өзінің туын тігіп, әскерін жорыққа дайындады. Бірінші қол Жетісу Алатауының етегіне, Балқаш көліне құятын төрт өзеннің басына жиналды. Бұл қолға Сыбан Раптанның баласы Қалден Церен қолбасшы боп белгіленді. Екінші қол Алтынемел тауларына таяу Іле өзенінің теріскей жағындағы Көктал мен Көктеректің ортасына туын тікті. Бұған қолбасшылыққа Сыбан Раптанның інісі Қорен батыр бекітілді. Үшінші қол Кеген өзенінің солтүстік жағасына, Нарын өзенінің күншығыс жағында жатқан Кетпен тауының бауырына жиналды. Бұған қолбасшы Қалден Цереннің он жеті жасар баласы Амурсана бол-

ды. Төртінші қол Шелек өзенінің басына туып тікті. Бұның қолбасшысы етіп, он сегіз жасар жас батыр Сыбан Доржыны (Қалден Цереннің баласын) бекітті. Бесінші қол Түп өзенінің бойын, Ыстық көлдің жағалауларына қостарын тікті. Бұл қолға қолбасшы боп, Қалден Цереннің екінші баласы Лама Доржы тағайындалды. Алтыншы қолды Шуға құятын Үлкен Кебен өзенінің алқабына жинады. Бұған қолбасшы етіп, Меркиттен шыққан ақсүйек ноян Церен-Доржыны тағайындады. Жетінші қол боп, Сыбан Раптан қонтайшы өз туын (Жоңғар әскерінің бас туын осы күнгі Құлжа қаласына таяу Талқы асуының оңтүстік-батыс тұсына тікті.

Осылай, Алатау бөктерін жайлаған қалың елді қоршай, Сыбан Раптан әскері тұрды. Тек қонтайшының «Алға!» деген әмірі ғана қалған.

Сыбан Раптан көктем туысымен шабуылға шықпақ болды. Бұл көп жылқылы қазақ елінің тай-жабағысы піштірілген, жаңа аяқтанған қозы-лағының көшке ере алмайтын, ұрысуға ыңғайы жоқ кезі еді.

Бүгін күн бүкіл Түркістан уәлиеті мен Жетісудың күншығыс-солтүстігін айнала қоршап тұрған қалың әскердің ызғары соққандай, бір түрлі сұсты еді. Дәл жер селкінердің алдындағыдай, өзінен-өзі тұншыға безерген дүние. Бұл қорқынышты, адамнан басқа өзге тірінің бәрі де күні бұрын сезеді-міс. Жылан інінен шығып, тышқан өзен жағасынан алыс кетуге тырысады деседі... Дәл осындай бір ауыр жағдай бүгін де күннің ашықтығына қарамай, адамның иығынан басып, бүкіл әлемді тұншықтырып бара жатты. Жоңғар қақпасынан соғатын салқын жел, әдеттегідей жұпар аңқыған жасыл шөп иісінің орнына төгілген адам қанының жылымшы иісін жеткізді.

Дәл осы күні түнде Түркістанда тағы бір оқшау оқиға болды.

Тәукенің Алтын хан жерінен алған тоқалынан туған кіші баласы Абылай емшектегі кезінде шешесімен бірге нағашы жұртына кеткен-ді. Төркіндеп барған Нұрбике кенет ойламаған кеселге душар болып, сол Алтын хан жерінде ажал тапқан. Жалғыз қызынан айрылған қайын атасы Тәуке ханға: «Жалғызымыздан айрылдық — аққан бұлағымыз суалды, жанған шырағымыз сөнді.

Өзі кетсе де көзіндеі көріп бауырымызға салып өсірейік, бұдан да өзге балалары бар ғой, Абылайжанды ат жалын тартып мінгенше бізге қисын. Есін білген соң елін өзі де табар» деп елші салған. Тәуке жастары келіп қалған қайын ата, қайын енесінің көңілдерін қалдырмаған, екі жасар Абылай солардың қолында қала берген. Сол Абылай он жетіге шыққанда Тәуке хан өлерінің алдында сонау Алтын хан елінен әкесін іздеп, өзі келген. Тәуке ұлан-асыр той жасап, «он бесінде отау несі» деген дәстүрмен, сол жылы Абылайды өзінің үзенгілес серігі қырғыз елінің шоң манабының бірі Тнестің кіші қызы — он төрт жасар Зерен сұлуға үйлендірген. Алдына қыруар мал салып, ақ отауын тігіп, оңаша ауыл еткен. Жыл өткеннен кейін Зерен сұлудан егіз ұл туған. Бірінің атын Уәли, екіншісінің атын Балқы қойған. Тәуке хан екі елдің қыз-бозбаласын, батыр-балуанын, игі жақсыларын шақырып, тағы ұлан-асыр той жасаған, егіз немерелері болғанына жас баладай қуанып, шаттыққа бір кенелген.

Бірақ ол баласы Абылайды алғашқы көрген күні-ақ таң қалды. Қара сұр, ат жакты, үлкен сұр көзді. Түсі орасан суық. Адамның бетіне қарағанда, екі көзі тасырайып, ең болмаса кірпіктерінің ұшы да қимылдамай, өңменіңнен өтіп кете жаздайды... Оның үстіне, Күлмес хан тәрізді, езу тартып күлімсіреуді білмейді. Тәукенің өзіне де, атасы Есім ханға да ұқсамаған. Әлде аргы бабам Шағай ханға тартты ма екен,— деп ойлайтын кейде Тәуке,— сө кісінің түсі осындай суық болған деуші еді қариялар. Қөп кешікпей, Тәуке Абылайдың тағы бір жан шошырлық мінезін аңғарды. Ол өзге балаларындай емес, мал бауыздауға, кісі өлтіруге құмар боп шықты. Бұны Тәуке Шыңғыс тұқымына тартқан қаттылығы шығар деп ойлады алғашқы кезде, бірақ бертін келе бұның қанқұмарлығы мүлде шектен асып кетті. Жас жігіттің қанды көрсе, жаны жай табатыны байқалды. Жұрт оған сырттай «қанішер» деген ат тақты.

Тәуке енді өз баласынан өзі шошына бастады. «Бұл қалай?— деді ішінен,— әлде Алтын хан елі менің ұлымның орнына бөтен біреудің қанқұмар баласын жіберді ме? Әлде менің кейбіреуге істеген қиянатым үшін құдай маған жаза ретінде осындай баланы бергені ме?— Тәуке аң-таң. «Бір биеден ала да, құла да туады, мүмкін бұл осындай орасан қатыгез боп туған болар менен».

Тәуке Абылайды көрген сайын, өзге балаларының басына бір ажал қылышы төнгелі тұрғандай, мазасыздана берді. Кенет ханның есіне көкек балапанының қылығы түсті. Дүниеде көкек құстың жүз жиырма алты түрі бар. Солардың сексен екісі жұмыртқасын басқа құстардың ұясына тастап кетеді. Бұны көкек былай істейді: ол ана құсты аңдып тұрып, оның жем іздеп кеткен кезінде, ұясына ұшып келіп, басып отырған бір жұмыртқасын алып кетеді де, орнына өз жұмыртқасын тастайды. Қайта ұшып келген құс көкек жұмыртқасын өзінікінен айыра алмайды, балапан боп аузын ашқанда жем береді. Бұл құстың жейтін жемі де өзінің анасының жемімен бір болғандықтан, көкек балапаны да өсе береді. Ал осы жұмыртқасын басқа құстың ұясына салатын көкектердің балапаны да тасбауыр келеді. Ол жемқор, ашқарақ боп жаратылады. Қауызын жарып шығысымен-ақ жұмыртқадағы өзге «бауырларынан» тез құтылуға тырысады. Мұндай көкек балапаны өзге балапандардан қауызын бұрын жарады және қауызынан шығысымен-ақ ұядағы өзге жұмыртқаларды біртіндеп ұяның шетіне апарып, жерге құлатады. Сөйтіп жемге ортақ болатын өзге «бауырларының» бәрінен жұмыртқа күнінде-ақ құтылады.

Тәуке Абылайды өле-өлгенше, көкектің осы балапанындай, өз балаларының ішіндегі бір жаты санап кетті. Бірақ данышпан әкенің бір затқа көзі жетпеді. Абылайдан көрген немересі Уәлиден Әбілмансұр деген ұл туып, ол он сегіз жасында «Абылайлап!» жауға шауып, қаңішер атасының атын әлемге жаятынын білмеді. Қазақтың «Абылай» атаған әйгілі ханы осы Әбілмансұр еді. Оның бұндай атаққа иеленуіне әлі көп уақыт бар-тын. Ал әзірге Тәукенің өз баласы Абылай қаңқұмарлы құлқыменен Түркістан маңын шошытумен болды.

Тәуке өлгеннен кейін, Абылайдың ызғарынан ыққан іні-ағаларының бірі Сайрамға, екіншісі Ташкентке қашты. Тек Түркістанда, көп нөкерінің қоршауында қала хакімі Құдайберді бәһадүр қалды. Енді Абылай бұдан да құтылуды ойлады. Нөкерлерін ертіп түн ортасында Құдайберді сарайына келді. Бірақ хакім бұнда болмай шықты, жанашыр адамдары хабар беріп, оны Сайрамға қашырып жібергендері анықталды.

Құдайберді бәһадүрдің қаша алмай қалған емшектегі жас баласы мен зайыбы Айымбикені өз мисетіне тиген

үлес санап, қараңғы лабазға апарып тықты да, тірі жанға ләм-мим деп тіл қатпай, таң әлетінде төсегіне кеп жатты.

Таңертең шайын ішіп болғаннан кейін, кешегі нөкерлерімен Құдайберді бәһадүрдің сарайына кеп орналасты. Хакімнің бөлмесіндегі қырмызы қызыл кілемнің үстіне кеп малдасын құрып отырды да:

— Бүгіннен бастап, Түркістанға мен қожамын!— деді тұнжырап. Есікке таяу отырған серіктері шуылдап қоя берді:

— Иә, тақсыр, енді сіз қожасыз,— деді.

— Сендер енді менің нөкерлеріміңдер,— деді жаңа хакім.

— Иә, тақсыр, біз сіздің нөкерлерімізбіз.

— Айтқанымды екі етпейсіндер!

— Екі етпейміз!

— Мен тұр десем — тұрасыңдар, өл десем — өлесіңдер.

— Тұр десеңіз — тұрамыз, өл десеңіз — өлеміз!

Бұл содыр, сотқар бұзықтардың өздерінше берген анты еді. Абылай:

— Әрқайсыңа олжа тағайындадым. Оны кеш әлетінде естисіңдер. Ал бүгін менің Түркістанға не болған құрметіме үлкен той жасалсын!— деді.

— Құп, тақсыр, той жасалсын!

— Той Құдайберді бәһадүрді қолдайтын адамдарды бауыздаудан басталсын!

Бірақ бұл қан сасыған ұлы той басталмай қалды. Кенет қонақ үйдің есігі тарс ашылды да, қолында найзасы бар, сауыт киген алып денелі жас жігіт кіріп келді. Бұл Найман батыры Қаракерей Қабанбай еді.

— Жау келе жатыр, Абылай сұлтан!

— Қайдағы жау? Қанша?

— Жоңғар қонтайшысы Сыбан Раптан! Жетпіс бес мың әскері бар!

Абылайдың беті бүлк еткен жоқ!

— Тым көп екен!— Ол есігінің алдында отырған нөкеріне қарады.— Ал менің бар жауынгерім жетпіс бес ақ қылыш!

— Өзгелері қайда? Хан ордасы көшкенмен, ел бар ғой! Мұнда бұрын ең аз дегенде он мың әскер тұратын.

— Бұрын он мың болса, қазір он жауынгері қалған жоқ. Бәрі қашып кеткен...

Кенет Қабанбай қолындағы найзасымен оны отырған жерінде жайратып тастағысы келіп кетті. Бірақ, ел басына күн туғалы тұрғанда төре тұқымын өлтіріп, тағы у-шу шығаруды жөн көрмеді. Ол тамағына келіп тығылған ашуын әзер басып:

— Барлық әскеріңізден айырылып қалған болсаңыз, қаланы енді қалай қорғамақсыз?— деді.

— Қаланы қорғайды деп саған кім айтты? Жетпіс бес адаммен жетпіс бес мың әскерге қалай қарсы тұрмақпын?

— Сонда не істемексіз?

— Қаланы, керек болса, халық қорғасын, мен үй-ішімді алып, өзiрге басқа жерде жан сақтай тұрам...

Қаншелек адам қорқау қасқыр тәрізді, өз басына шындан қауіп төнесе, су жүрек келеді. Қарасұр бетінің сұп-сұр боп қуарып кеткеніне қарап, бұның қорқып отырғанын Қабанбай енді білді... «Ел билеген төрелердің бәрі осындай болса, жетіскен екенбіз! Жок, төрелерге сенуге болмайды. Жауға қарсы халықты көтеріп, қазір дабыл қағу керек. Болат, Әбілқайыр, Сәмеке қарамағындағы руларға тезірек ат шаптырып хабар берейін»,— деді ішінен Қабанбай. Сөйткенше болған жоқ, Абылай орнынан тұра берді.

— Қалаңызды кімге қалдырасыз?

— Уәлиге! Сосын... өздеріңе!

Абылай шығып кетті. Нөкері соңынан тұра жөнелді.

Қабанбай атына мініп, қала халқы жиналатын, кісі асатын дарысы мен жұртқа хабар жаятын жаршысы бар, Қожа Ахмет Яссауи мешітінің алдындағы алаңға қарай шапты.

Халық суық хабарды бұнсыз да естіген екен. Бұл келсе, алаң іші ығы-жығы жұртқа толған. Кемпір-шал, қатын-қалаш, бала-шаға — бәрі де жетіпті. Сойыл ұстауға жарайтын еркек кіндік түгел аттарына мінген; қолдарында көптен бері сандық түбінде жатқан қылыштары, екі жүзді айбалталары. Кейбіреулері жаяу. Бұл жиналған еркектер жауға шауып жүрген жауынгерлер емес, қаланың тұрғын халқы, көптен бері қару ұстауды ұмытып кеткен ұста, дихан, шәкірт, мұрит, қожа, молдалар. Қалаға жау келе жатыр дегенді естіп, ғасырлар бойы келе жатқан әдеттеріне басып, бәрі қолдарына қару ұстап, қалаларын қорғамақ ниетпен алаңға жинал-

ған. Әрине іштерінде қалтырай қорыққандары да бар. Мешіт маңы ың-жың, даурыға шыққан дауыстар.

— Қала әміршісі Құдайберді бәһәдүр қайда?

— Түнде қашып кеткен!

— Жаудан қорқып па?

— Жоқ, інісі Абылайдан қорқып қашыпты.

— Ол інісі қайда?

— Жаңа үй-ішімен атқа қонғалы жатқан.

— Сонда бізді кім басқарады?!

— Төресіз қолыңа найза ұстай алмайсың ба? Өзімізді өзіміз басқарамыз!

— Жоқ, үлкен баласы Уәлиді қалдырып кетеді деген!

— Онысы бір бозөкпе дейді ғой!

— Несіне әбігерленесіңдер? Келе жатқан шұршіт көрінеді ғой. Үйреніскен жау алысуға жақсы, содан қорқамыз ба, сыбағасын берерміз!

— Бұ жолы сыбағасын бере алсаң жарар еді, өздері тым көп деседі.

— Шұршіт емес, Жоңғар деседі ғой.

— Жоңғар болса тіпті жақсы болды. Ана жылы біздің ауылдың жылқысын айдап әкетіп еді. Өзі келе жатыр екен қолыма!

Дүние-тірліктің бәрін жау жолына құрбан етуге бар халық қолына түкіріп-ақ тұр.

Қалың жұрттың арасымен алаң ортасындағы жаршы мұнараға бара жатып, жаңа ғана Абылайдан өз құлағы естіген сөз халық құлағына қалай тез жеткеніне Қабанбай батыр аң-таң. Бір жағынан, осыншама жұрттың іп-ілезде алаңға жиналғанына төбесі көкке тигендей қуанды. «Мұндай халықты жоңғар түгіл, қытай да жеңе алмайды. Тек басқаратын ер болсын!» Ол атынан секіріп түсіп, иін тіресе тұрған жұртты, қақ жара мінбе-мұнараға шықты.

— Уа халайық! Мен қаракерей Қабанбай батырмын!— деді жуан дауысын кең кернеп,— ел-жұртымыздың басына қатерлі күн туғалы тұр. Құншығысың мен оңтүстігіңнен қаулап, қалың жоңғар келе жатыр. Қала иесі қанішерлерің шаһарларыңды тастап қашқалы жатыр. Бастарыңды қосып, шепке тұрғызар еркек кіндік қайсың бар?!

— Мен, мен бармын!— деді бір күндей күркіреген жуан дауыс.

— Шық, мына мінбеге!

Жұртты қақ жарып, жолбарыс мүшелі, нар кеуделі, жпырмалар шамасындағы ақсары жігіт алға қарай ұмтылды. Бұл Шыршық өзені бойынан Түркістандағы нағашысының үйіне келіп жатқан Сіргелі руының «бала балуан» атанған Елшібек атты батыр жігіті еді. Ол мінбеге шығысыменен, Қабанбай батыр:

— Ал, халайық! Келе жатқан осал жау емес,— деді.— Елімізді, жерімізді сақтап қалу үшін бізден жүректілік табылар, тек бірлік керек. Түркістанды жауға берсеңдер, қазақ елінің шаңырағы құлап жерге түскені. Ендігі сөз өздерінде! Жас деп қырып қарамаңдар, ерiндер мына Елшібек ердің соңынан! Талаптының алдынан нұр жауар. Ел бастаймын деген батырдан қашан да батылдық табылады!

— Ереміз Елшібекке!

— Бастасын бізді жауға.

Осы кезде мінбе жағынан тағы шу шықты.

— Уа, жол берiндер! Жол берiндер!

— Уәли сұлтанның өзі гой!

Жұрт қақ жарылып жол берді. Мінбеге қияқ мұртты, ақсұр келген, құндыз бөрікті, отыздар шамасындағы жігіт шықты.

— Халайық!— деді ол қалың жұртқа қарап,— әкем он төрт жасар балам Әбілмансұр екеуімізді осы Түркістанға не болыңдар деп тастап кетті. Қабанбай батырдың сөзін тегіс естідім. Елшібек балуан менен жас болса да, жорық көрген, топ көрген жігіт. Осы күнге дейін қолыма пайза ұстаған жан емеспін. Егер мен Елшібекке жәрдемші бола алсам, сендердің деген жерлеріңнен шыққаным деп ойлаймын!

Уәли сөзін ұнатпаған әлдекім:

— Уә, сұлтан болғаныңа болайын! Төреден шығып, қараға жол бере ме екен!

— Қайтсін бейшара, соғыс көрмегенін айтып тұр гой!— десіп жатыр.— Ел басына күн туғалы тұрғанда, қазір төре-қара дейтін дым да жоқ, кім жұртты жауға қарсы бастай алса, біз соның соңынан ереміз!

— Дұрыс айтасың, шырағым,— деді басына сәлде салған ақсақалды біреу.— Тілегің оң болсын! Әумин!

— Әумин!— Жұрт қолдарын жайып, беттерін сипады.

— Жауға шабуға жарайтын жұрт алаңда қалып, өзгелерің тараңдар!— деп дауыстады Елшібек.

Жұрт тарап, қару ұстаған кісілер сапқа тұра бастады. Қабанбай енді Елшібекпен, Уәлимен қоштасты.

— Ендігі істі өздерің де білесіңдер ғой,— деді ол аналарға,— жан-жақтағы елге ат шаптырыңдар. Әбілқайыр ханға тезірек хабар жеткізіңдер. Арқадағы елге қазір мен өзім аттанам! Келе жатқан жау өте қауіпті. Бар қазақты көтеру керек!

— Күп, Қабанбай батыр! Жолың болсын!— деді Елшібек пен Уәли қосарласа.

Алып денелі Қабанбай атына қарай аяңдады. Дәл осы кезде алаңдағы жалғыз ашада байлаулы тұрған Қабанбайдың аты шулы «Көкдауыл» атапқан қаракөк атын жетелеп Қаратаудың сусар бөркіні киген сұңғақ бойлы, бота көз аққұба бойжеткен алдынан көлденең тарта берді.

— Батырдың жолы болар ма екен, өзім аттандырайыншы,— деді маржандай әппақ тісін көрсете күлімсіреп, сөйтті де, тізгінді қолына алып, үзеңгісіне аяғын салған жас батырдың қолтығынан ұстап жоғары көтере бастады.

Қабанбай атына мінген соң ғана қыздың жүзіне дұрыстап қарады. Қыз екі көзі жаудырап, Қабанбайды кимаған адамдай мөлдіреп тұр.

— Ракмет, құрбым,— деді Қабанбай, жүрегі кепет дүрсілдеп,— айдын көлдің аққуы аттандырды ғой, жолым болады екен!

Қыз әлі жаудырай қарап тұр.

— Айтқаныңыз келсін!

— Қош бол, қарындасым!..— Қабанбай атының басын тежей қалды,— кездесе алмай кетсем, өмір бойы өшпес арманым боларсың, ең болмаса, біліп кетейін, атын кім, қарындасым?

— Атым Гәуһар... Бәсентіні Малайсары батырдың қарындасымын,— қыз бұ жолы сүйріктей әппақ саусақтарын ұсынды.— Алла сау-сәламат көрісуге жазсын!

— Айтқаның келсін, қарындасым! Қош бол!

— Қош болыңыз!

Қабанбай Көкдауылын тебініп қап, «Гәуһар... Гәуһар!..» деп күбірлей солтүстікке қарай жөнеп берді. Ұзап бара жатып, артына бұрылып қарады. Қыз әлі орнында

түр екен. Ол ақ орамалын алып, жігітке «сау қайтыңыз!» деп екі-үш рет бұлғады.

— Гәуһар десе Гәуһар-ақ екен!— деді Қабанбай, атының борбайына қамшыны басып жіберіп.

Бұл Түркістанның теріскей беткейіне шыққанда, алыстан қара-бұйраланып көрінген Қаратаудың бөктеріне қарай шұбырып бара жатқан салт атты адамдарды көрді. «Қанішер Абылай ғой, қашып барады» деді ол, сосын Көкдауылының тізгінін сәл босатып, қолындағы ақ пайзасын беліне қыстырып, ұзақ-сонар зор желіске салып, шаһардан ұзай берді.

Сыбан Раптан қонтайшы бастаған жоңғардың қалың қолының келе жатқанын екі-үш күн өтпей-ақ бүкіл Арқа, Еділ, Ақ Жайық, Ертіс, Есіл бойындағы елдер де тегіс естіді. Бірақ «Ақ-сарбас» айтып, бас құрап, елін, жерін жаудан қорғауға халықтың мұршасы болмай қалды. Таудан құлаған тасқындай, төтеннен келіп қалған Сыбан Раптанның жеті салалы жетпіс мың қолы Жетісудың оңтүстігі мен күншығыс жағын бір айдың ішінде басып алды. Бұл апат қазақ ауылдары мен қалаларына көктен түскен жасылдан кем тиген жоқ. Ержүрек азаматтар Ақсу, Тұрфан секілді шаһарларын қорғамақ та болды, бірақ қолдарынан келмеді. Ақырғы отыз жылда жер үшін, су үшін бірімен-бірі таласып, барымталасып, әбден кәнігіп қалған қазақ жігіттері шоқтанып жиналғанменен, әп-сәтте сап түзеп әскерге айнала алмады. Кей жерде қарсылық еткен ауылдар болса, жоңғар жағы еркектерін қойдай бауыздап, қатын-қызын байлап-матап күндікке айдады. Тау жайлаған қырғыз ауылдары мен олармен көршілес отырған кейбір қазақ ауылдары жау аяғы баса алмайтын тау-тауға қашып қана жан сақтады. Қазақ жері енді жазықсыз жылаған жұрттың көз жасымен дымқылданды. Таланған мал-мүлкі, өрт алған қалалар... Он бесінші ғасырдың отызыншы жылы қазақ елімен ұрысын бастап, екі ғасыр бойы соғысып келе жатқан ойрат хандары енді ғана дегендеріне жетті. Сұлу қыз-келіншектерді шаштарынан матастыра топтап, батырлары әйелдікке алды, найза ұстауға жарайтын жігіттерін қойдай бауыздады, кәрі-кұртаң шалкемпірлерді айдалаға айдап тастады. Жас балаларды, «түбі бұлар да бізге жау болады» деп, найзаларының

басына іліп алып, әке-шешелеріне көрсетіп қарқ-қарқ күлді. Мұндай ғаламатты, не болмаса көзінше жас қыздарын қатын еткен жоңғар шапқыншыларының қияпатын көрген талай ата-ана қорланып шаштарын жұлып, беттерін қанжоса етіп тырнап, бүкіл сар даланы сарнауға, өкіре жылаған зарлы үнге толтырды. Не азаматтар ақыл-естерінен адасып, жынданып кетті.

«Қалқаман — Мамыр» жырында Шыңғыстау төңірегінде болған бір ұрыс былай суреттеледі:

«Ол кезде жерге талас қазақ, қалмақ,
Атысып, ауыл шауып, жылқыны алмақ.
Қалмақты бір соғыста қазақ жеңіп,
Бәрі де Тобықтының тойға бармақ.
Той қылған Орта жүзде Сәмеке хан,
Жиылды той болған соң бірталай жан.
Бай, бәйбіше, үлкендер сонда кетіп,
Жас жігіт, қыз-келіншек үйде қалған»...

«Әнет Бабаң Арғынның ел ағасы,
Өзі би, өзі молда, ғұламасы,
Үлгі айтқан Орта жүзге ғадыл екен,
Сол кезде тоқсан беске келген жасы» —

деп, Қалқаманға қол алдынан атпен шауып өтуге билік еткен Әнет Бабаны таныстыра келіп, оқиғаның аяғын ақын былай бітірген:

«Мың жеті жүз жырға үшінші жыл,
Соғысқан қазақ, қалмақ — мұны да біл,
Қалмақтың бастаушысы Сыбан Раптан
Өзі батыр, соғысқа тым айналыл...
Шеп құрып ұрысыпты қазақ, қалмақ,
Қорқаққа ондай емес шепке бармақ,
Бабанның бес баласы садаққа ұшып,
Бұл соғыста қазаққа түсті салмақ.
Қазақты бұл соғыста қалмақ алды,
Бес мыңның бір үшеуін қырып салды.
Жеңілген соң тұра алмай Сыр бойына,
Арқаға қазақ ауып кетіп қалды.
Қалқаман сол қалғаннан қалды ізделмей,
Ізделмейін деген жоқ, шама келмей,
Ол түгіл, Әнет Бабаң көшке ере алмай
Тірідей дөң басында қалған өлмей»,—

деп ата жолып бұзған Қалқаман — Мамырға үкім айтқан Арғынның ұлы биі Әнет Бабаның осы қырғында тірідей дөң басында көшке ере алмай қалғанын жыр етеді. «Қалқаман — Мамырда» айтылғандай қазақ елінің бөстен үш бөлегі қырылды. Бұндай апатқа қазақ елі бұ-

рынды-соңды ұрынған емес. Атақты Жоңшы ханның Ар-қаны, Сыр бойын алатын ұрыстарының өзінде де, қазақ даласында қырылған ел үштен бір бөлегінен асқан емес. Жоңшыға қазақ жерінде хан болу үшін ел керек болса, Сыбан Раптанға қазақ халқының жері мен малы керек болды.

Кейбір тарихшыларының есебі бойынша, Жоңғар әскері атының тұяғы жеткен жеріне дейін сол кезде екі миллиондай қазақ халқы тұрған екен. Жоңғар шапқыншылары соның бестен үшін өлтірген, яғни екі миллион адамның бір миллион екі жүз мыңдайып жоқ еткен. Жантүршігерлік апат!

Ел қонысынан, мал-мүлкінен айрылды. Ата-ана ұл-қызынан айрылды. Алып қазақ жерінің сонау күншығысы мен оңтүстігінен Сыр бойына қарай жаяу шұбырған жұрт жоңғарды қойып, ит пен құсқа жем болады. Жалғыз Әнет Бабан емес, қазақтың талай аяулы кемпір-шалы көшке ере алмай, төбе-төбенің басында қалды. Нелер сұлу әйелдер, жас келіншектер нәрестесіне емшектен берер сүті болмай, жау қолына өздері барып түсті. Кешегі ақ майды аяғымен тепкен ел енді құлазыған ку даладан, жаужұмыр, алғыр, қозы-құйрық секілді нәрі бар шөптермен қоректенді. Қайың ағаштың қабығын сыдырып, бетіндегі желімін жеп, «қайың сауған» деген атқа не болды. Осылай қазақ тарихында «Ақтабан-шұбырынды, алқа көл сұлама» деп аталған халықтың ұлы апаты басталды.

Сонда барып шұбырған елдің қанды жасынан туған қайғысына жер жүзіндегі бірде-бір әуен пар келмес атақты «Елім-ай» әні дүниеге келді.

«Қара таудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Ел-жұртынан айрылған жаман екен,
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді.

Мынау заман қай заман — қысқан заман,
Басымыздан бақ құсы ұшқан заман.
Шұбырғанда ізіннен қар борайды,
Қаңтардағы қар жауған қыстаң жаман.

Мынау заман қай заман — бағы заман,
Баяғыдай болар ма тағы заман?
Қарындас пен қара орман қалғаннан соң
Көздің жасын көл етіп ағызамын.

Қабырғама қара жер батты, құдай,
Мұнша қысым қылдың ғой, қатты құдай!
Жаяу жүрсем — табаным ауырады,
Тым болмаса бермедің атты, құдай!

Мына заман қай заман — қай-қай заман?
Ұл айрылған атадан — дай-дай заман;
Бауырыңнан айрылған жаман екен,
Күн бар ма екен көрісер есен-амаң?»

Тұяқ серпіп қарсылық етуге шамасы келмей қалған қазақ елі, Жоңғар құлдығында қалудан қаңғырып өлуді артық көріп, шұбыра берді. Кіші жүздің көп елі Сауран шаһарын айнала қашып, Хиуа, Үргенішке, Бұхараға қарай жосыды. Самарқанд пен Ходжентке қарай шұбырған Ұлы жүз бен Орта жүздің кей рулары Сырдария жағасынан алты шақырым жердегі, Бетпак далаға қарай кеткен Үлкен арықтың екі айрылған жеріндегі Алакөлге келіп құлады. Енді «Ақтабан шұбырындыға» «Алка көл сұлама» деген қанатты сөз қосылды. Тек Арқадағы Арғын руы ғана өз жерінен қозғалмады; бұл румен іргелес отырған Қыпшақ, Найман, Керейлердің біраз елі солтүстікке қарай ығысты. Жетісуда қазақ ауылдары шамалы қалды. Жоңғар ханы қазаққа еткен ауыртпалығын қырғызға да көрсетті. Бірақ Күнгей Алатауды жайлаған қырғыздың кей манаптары Сыбан Раптанмен тіл табуға тырысты. Сыбан Раптан мұндайларды қазақ еліне қарсы пайдаланып та көрді. Бірақ көптен бері қаны мен жапы бір болып қалған екі елдің арасынан от жағып, жөнді жеңіске жете алмады.

Сыр бойының ызғарлы қара суығы басталмас бұрын, Жоңғар шапқыншылары Түркістан шаһарын қоршады. Елшібек басқарған қала халқы нар тәуекелге бел буып қаланы қорғап бақты.

... Сыбан Раптанның айбынды атты әскері қала қақпасына лапылдап келіп, қардай жауған садақ оғынан сартпай кейін қайтты. Күн ара бие сауымындай ғана мезгіл көзінің шырымын алуға мұршасы жеткен Елшібек, ат үстінен түсуге де уақыты болған жоқ. Егер халық оққа кеудесін қарсы тосса, оны ешқашан ала алмайтынын Жоңғар әскері енді білді. Сөйтсе де долы Шүно-Дабо жасақ үстіне жасағын төкті. Қала қамалының қасында тау-тау өліктерін қалдырып, олар тағы да кейін шегінді.

Ұрыс осылай қызып жатқан кезде, кенет құмды боран

басталды. Ысқыра соққан желмен бірге қала үстіне қара түнек құм төнді. Бұл дауыл жеті күн борады. Бүкіл құдық біткеннің бәрін құм басты. Енді тұрғын жұрт пен әскер шөлден қырылуға айналды. Сонда ғана барып Елшібек батыр қаланы беруге мәжбүр болды.

II

«Қазақ халқы мұндай күйге қалай жетті? Осыдан екі ғасыр бұрынғы айбары қайда?»— Бұл сұрақ осынау сұрапылда үлкен-кішінің көкірегіне үйелеген запыраннан кем болған жоқ. Кім бұған жауап берер?

Міне бүкіл қазақ даласына әйгілі, бұл күнде жасы қырықтарға келіп қалған шоқша сақалды, кең мандайлы Бұқар жырау да осындай толғаныс үстінде еді. Ол есікке таяу отырған бала жігітке сезіктене көз тастады. Адамға тесіле қарайтын үлкен сұрғылт көзді, ат жақты, ақсұр жігіттің топ жылқының ішіндегі ақалтеке арғымағындай, бойшаң келген дене бітіміне қарағанда, оны он төрт — он бес жастарда деу қиын еді. Тек осы шамада екенін ұстараның жүзі тимеген бет әлпеті ғана аңғартады. Отырған отырысында, қозғалыс-қимылында бір пайддық, тәкаппарлық байқалады. Ақынның қырағы көзі алдамаса керек-ті. Бала жігіттің дәл қазіргі өздері отырған қараша үйде — кедей шаруаның үйінде тұмағаны анық...

Үйде бұлардан басқа тағы екі кісі бар. Бірі төрде отырған қарасұр жүзді, қияқ мұртты, жасы отыздарға жаңа жеткен Кіші жүздің ханы Әбілқайыр. Екіншісі — босағада тері тулақ үстіндегі алпамсадай қаба сақалды, қоңыр беті күн мен желге күйіп әбден тотығып кеткен мосқал кісі. Бұл Ораз атты құл.

Түркістан қаласын қорғау кезінде сұлтан Уәлидің он үш жасар баласы Әбілмансұр жау қолына түскен-ді. Оны шынжырлап Хиуа базарына құлдыққа сатуға апарған жерінен қазақ жеріне қарай осы Ораз құл алып қашып, құтқарып еді. Қазір Әбілмансұр мен Ораз құлдың Ұлы жүз Төле бидің түйесін бағып жүрген шақтары. Екеуінің де ат-жөнін ешкімге ашпай, құпия ұстаған жайлары бар. Әбілмансұр өзінің қазіргі жағдайына намыстанып, сұлтан тұқымынан екенін жасырса, құл қожасының дегенінен аса алмаған.

Барлауға шыққан Әбілқайыр мен Бұқар жырау бүгін серіктерінен көз жазып қалып, бір сайда жеке отырған осы түйешілердің лашығына кеп аялдан еді.

Бұқар жырау Ораз құлмен бірге далаға шығып, қазанға ас салысып кірді. Қазір шұбат ішіп, әңгіме-дүкен құрып, шүйіркелесіп отырған кездері. Әбілмансұр Төле бидің түйешісі екенінен бөтен тіс жарып сыр ашнады. Бірақ қырағы жырау, туысы бөлек бұл бала жігіттің тіпті де қарапайым түйеші емес екенін іштей сезіп отыр. Ал бала жігіттің беті бүлк етпейді, құпия сырын мүлдем тереңге тығып тастағандай. Кенет ол жырау ойын оқын қойғандай, есік алдында отырған Ораз құлды иегімен нұсқап:

— Бұл кісі маған әке орнына әке, шеше орнына шеше болған адам,— деді.— Сан ажалдан қағып келген періштем, Жәбірейілім...

Бұқар ағат сөздің аузынан қалай шығып кеткенін білмей қалды.

— Ол қамқорлық қасиеті маған аян...

— Қалайша?!

Әбілмансұрдың өткір сұрғылт көздері, самай тамырыға қадалған алмас қандауырдың ұшындай, Бұқар жыраудың бетіне қадала қалды.

Бұқар жыраудың бойы шымырлап кетті.

«Бәтшағардың көзі қандай өткір еді... Шағатын жылапның көзіндей селт етер емес қой...»

Ораз құл ас қамдасып жүрген адамы, даңқы қазақ қауымына аян Бұқар жырау екенін білген соң Әбілмансұрдың ата-тегін толық ашнағанмен, өздерінің Хиуаладан қалай қашып шыққандарын айтқан-ды. Жыраудың «Ораз құлдың қамқорлық қасиеті маған аян» деуі осыдан еді. Сырын ашқан адамды төре тұқымының аямайтыны да оған мәлім-тін. Ал Әбілмансұр төре тұқымынан болса, онда құл басына қауіп төнгелі тұр. Бала жігіттің көзқарасынан шошынып қалған Бұқар енді іштей қобалжи бастады. «Ауыздан шыққан сөз — атылған оқпен тең, сорлы құлдың обалына қалмасам нетсін. Шынғыс ұрпағы өздеріне кір келтіретін, құпияны білетін адамдарды аямайтын еді, бишараға зақым келтіріп жүрмесе жарар еді».

Жырау Әбілмансұрға жалтарма жауап бергенше, бұлардың сөзін Әбілқайыр бөліп жіберді.

— Сонымен бұл күйге біз қалай жеттік, Бұқар аға?—

деді бұрын басталған әңгімені қайта сабақтап.— Қасым ханнан кейін халықтың басын қосып, бір шаңырақтың астына жинайтын ұл тумағаны ма?..

Бұқар жырау ойлана жауап берді.

— Неге тумасын, талай ұл туды ғой... Бірақ ел басын біріктіру оңай ма?.. Қасым хан кезінде де Ақ Ордаға Ноғайлы елі, Жетісу бойы тегіс кірмеген-ді... Сыр бойының қалалары біресе Мұхамед-Шайбани ордасына, біресе қазақ еліне алма-кезек ауысып, ел арасы талаң-тараж болуы біткен бе?.. Амал не, есіл ерлер арманына жете алмай кетті ғой.

— Ел бірлігі үшін жанын құрбан етіп кім шықты?

— Халықтың өзі.

— Халық қашан да бар ғой. Хандардан кімді атар едіңіз?

— Хақназар, Тәуекел...

— Хақназар туралы әркім әртүрлі айтады. Анығын өзіңізден бір естийін деп едім,— деді Әбілқайыр.— Сол аталарымыз жайында сөз қозғай отырыңыз.

«Ораз құлдың айыбын қалай жеңілдетемін» деп отырған Бұқар жырау бұрден келісе кетті.

— Онда тыңдай бер. Хақназардың түбіне жеткен — баяғы алауыздық пен Шайбани тұқымы Абдолла болатын...

Караша үйде отырғандардың көз алдында жырау әңгімесі ғажайып суреттерге айналып, тізбектеліп өте бастады...

— Жалғанда өкініштен ауыр қасірет бар ма екен? Күшің жетпей, жаудан жеңілсең — бұл өлім. Күшің жете тұрып, жауынды босатып жіберсең — бұл жомарттық. Ал артынан сол жауыңнан қастық көрсең — бұл өкініш. Өлімнен де ауыр өкініш! — деп бастады жырау әңгімесін...

Он екі қанат ақбоз үйді басына көтерген қыз-бозбаланың ду-ду сөздері де, дүркін-дүркін күлкісі де Хақназар ханның көңілін бөлер емес. Он жақ тізесін баса шынтақтай отырған кіші балдызы, ақ тотыдай сыланған ерке-шора Ақбаланың сыбырлай айтқан әзілі де құлағына кірер емес. Тек босағада тұрған кісі бойындай жұмыраға оқта-текте көзі түсіп кетеді де, ондағы кестелі көне нақылды ойлана оқиды.

«Бұл құмыраға алтын құяр болар,
Бұл құмыраға күміс салар болар.
Бұл құмыраға шарап құяр болар,
Бұл құмыраға көздің жасы толар...»

— Хан жезде,— деп Ақбала кенет Хақназардың қара саңынан бұрай шымшып алды.— Тіпті езу тартың, тіл қатар емессіз, нағыз құлмес хан өзіңіз болдыңыз ғой.

Сан еті ду ете түссе де, қыздың сөзі бәрібір құлағына кірмеді. Балдыздың бұдан да қияңқы еркелікке хақы бар... Хақназар сол қолымен жас сұлудың мықынынан қытықтай сәл өзіне тартты. Бірақ өзегі өртеніп, бар ойы осыдан бие сауымы бұрын келген шабарман хабарынан ұзай алмады.

Ақбала тағы да сынғырлай күлді.

— Жауға шапқанда жолбарыстай батыл деуші еді, әлде Сарайшықтың қыз-қырқынынан жүрексініп отырсыз ба? Жүрексінбеңіз... Кісі жейтін әдетіміз жоқ...

Қыз сөзін енді ғана еміс-еміс естіді. Енді ғана өзінің қай жерде отырғанын есіне түсірді.

Әлсірей ыдырап құлаған Алтын орданың орнына қазір Қазан, Қырым, Астрахан хандықтары пайда болған. Бір кезде Батый хандығының кіндігі саналған, сан мемлекеттің сауда жолдары түйіскен, тас дарбазаларынан шығыс пен батысқа хан әмірлері тараған Еділ өзенінің бойындағы Сарай қаласы мүлде күйреп, оның орнына осы Сарайшық шаһары салынған. Бір кезде бұл да Каспий теңізі арқылы өтіп келіп батыс пен шығыс саудагерлерінің бас қосатын үлкен сауда кіндігіне айналып еді. Ал қазір бұл Жайық жағасындағы Үйшіктен жиярма шақырымдай жерде жатқан шағын ғана жай шаһар.

Алтын Орда әлсіреп бітуге айналғанда, негізі Маңғыт руынан құрылған Ноғайлы қауымы сол Сарайшықты өзіне астана етті. Ал қазіргі кезінде Ноғайлы хандығының бір бөлегі Астраханға, бірі Қазанға, бірі өзбек Ордасына, қалғандары жаңадан құрылған Ақ Ордаға ауып, бет-бетімен ыдырауға айналған шағы. Тек Ноғайлы деген жалпы ел аты мен әлі де болса сауда-саттығы мол Сарайшық шаһары қалған-ды.

Осы Сарайшық шаһарына екі сана қолмен бұдан бір апта бұрын Ақ Орда ханы Хақназар келген-ді. Сонау ит арқасы қияннан қалың әскермен сапар шегуге Ақ Орда ханы мәжбүр болған-ды.

Әкесі Қасым, Әбілқайыр мен Ақсақ Темір ұрпақта-

рынан Сейхун дарияның төменгі жағы мен Қаратал, Сайрам, Талас, Шу өзендерінің бойын ғана алып қойған жоқ, ол қазақ хандығына Жетісу, Еділ, Ақ Жайық бойын да бағындырмақшы болды.

Осы саясатты көздеген Қасым хан Астрахан хандығына қарай бейімделе түскен Ноғайлы елінің көп жұртын өз шеңберінен босатпаймын деген оймен, 1523 жылы Сарайшыққа келіп, сондағы бір айқаста қаза тапқан. Содан кейін-ақ Бұхара ханы Абдолла мен Моғолстан ханы Әбдірашиттің бірігуі арқасында қазақ жері талаң-таражға түсті. Көптеген рулар Арқа жеріне қарай ойысты.

Міне, Хақназар Ақ Ордаға осы кезде хан болды. Көп жерін Бұхара, моғол хандарының басып алғаны аз болғандай, дәл осының алдында ғана Қасымның үлкен баласы Жәдектеп туған Шағай сұлтан Абдолламен тіл тауып, Түркістан уәлиетінің күншығыс жағын бөліп алып, Бұхара хандығына қарап кеткен.

Хақназар Ақ Ордаға ие болғаннан бері де он бес жылдай уақыт өткен. Бірақ осы он бес жыл Хақназарға оңайға тимеді. Бөлшектеніп кеткен қазақ хандығын, әкесі Қасымдай, қайта біріктіруге кірісті. Бұл істің сәтті болуына бір себеп қазақ елінің негізгі жауы қытай богдыхандары өзара қырылысып, қазақ жерін шабуға қолы тимеді. Соны пайдаланып Хақназар қырғыз бен қарақалпақ туыстарды да өз туының астына жинай бастады. Әрине, бұл оңайға түскен жоқ. Нелер қан төгіс шайқас, арпалыс, қырғындар өтті халықтың басынан. Әсіресе, Сейхун дария бойындағы қазақ шаһарларын қайтарып алу, ғаламат ауыр тартыстарға айналды.

Бұдан бұрын әлсіреп қалған Шайбани ордасы, осы ұрпақтан шыққан Абдолла сұлтан Бұхара әміршісі болғаннан бері қайтадан туы көкке өрлеп, күшейе түскен. Бірақ, Шайбани ордасының тым дәуірлеп кетуіне арасындағы алауыздық кедергі болды. Алауыздықтың негізі — Ташкент әміршісі Бабасұлтан мен Абдолла арасындағы таласан туған.

Бұл таласқа қазақ хандары да жан сала кіріскен-ді. Абдолла жағында Шағай, Бабасұлтан жағында Хақназар. Абдолла мен Бабасұлтанның таласы, бір жағынан, Хақназардың қазақ хандығын күшейтуіне мүмкіндік бер-

се, екінші жағынан, Шығай сұлтанды өзіне қарсы қойып, бүкіл қазақ елін біріктіруге үлкен қыресын тигізіп келді.

Бұның үстіне Хақназар қол астына енген қырғыз, қарақалпақ елдерінің арасындағы өзара тартыс, дауы да Ақ Орданың күшеюіне әжептәуір кедергі болды. Он қырғызға жататын Сарбағыш, Солты, Бұғы, Саяқ, Черін, жер ыңғайына қарай қазақ ханына қосылса, Сол қырғызға кіретін Әдігене, Жәдігер, Базыс, Бағыш, Тұңғатар, Сары тәрізді рулары біресе Шығыс Түркістан ханы Әбдірашитке, біресе Ақсақ Темір ұрпақтарының жағына шығып, бірігін ел болуға көп бөгет етті.

Мұндай жағдайда Хақназар ханға біржола берілген сенімді күш керек болды. Бұл күш Сырдария мен Қаратал бойларынан Ұлытау, Арғынаты өңірінен, Көкше теңіз, Есіл, Ертіс, Тобыл, Іңіре жағаларынан табылды. Бірақ қайтадан күшейіп келе жатқан Мұхамед-Шайбанидың Ордасына қарсы тұруға бұл күш те аздық ететін еді. Шайбани ордасына төтеп берер еді-ау, Алтай жактан ойрат қолы төнгелі тұр. Оңтүстігінен Қытай дүбірі естіледі. Ақ Еділдің аржағында — бүгін болмаса ертең тұғырына қонғалы тұрған Россия...

Жоқ, ту-талақай болып әркімнің қолында кетпес үшін жалғыз жол — ел болып бірігіп, Ақ Орданың маңына шоғырлану керек. Арқа мен Жетісу өңіріндегі рулардың беті бері қарады. Ендігі кезек — әкесі Қасым да жөндеп көндіре алмай кеткен Еділ, Жайық өзендерінің арғы-бергі жағындағы көп елді Ақ Ордаға қарату. Сонда ғана бұл сырт жауларға қаймықпай қарсы тұра алады.

Осындай халдегі Ақ Орданың ханы Хақназар, Абдолла мен Бабасұлтан арасындағы шиеленіскен тартысты пайдаланып, өзіне аз тыныс тауып, Ноғайлы елінің киіні — Сарайшық қаласына келіп еді.

Ноғайлы еліне аттану үшін Хақназар Сарайшық шаһарының түбіндегі әкесі Қасымның зиратына барып, құран оқып, басына қайтадан күмбезді мазар салуды сылтау еткен. Бірақ сыбырлағанды құдай естімей ме дегендей, мұндай қолдың текке келе жатпағанын Еділ, Жайық бойындағы Маңғыт, Алшын, Байұлы, Әлімұлы, Жағалбайлы рулары бірден сезген. Бұл елдердің қазіргі бас

көтерер адамының бірі — атақты Шалкиіз жырау, қалың қолмен Хақназар келе жатыр дегенді естіп, сойыл ұстап қарсы шықпақ болған желөкпе жігіттерін басып, ханды құрметпен қарсы алуға кеңес берген. Қарт жыраудың ақылын ақсақалдар да мақұл көрді. Ақыры, Хақназар ханды жұрт болып шын ықыласпен қарсы алған.

Келесі күні екі жақ келіссөзге кірісті. Шалкиіз жырау қартайған соң Ноғайлының түп қазық биі болған Қойсары би толғауын бастап кетті.

— Ойтай берсең — ой да көп, уайым да көп. Ойнай берсең — ой да жоқ, уайым да жоқ! — деп бастады сөзін Алпынның ақ саңлағы. — Бір жайлауда іргелес, бір керуенде тіркелес ел едік, екі сана қол ертіп Ноғайлыға келуінде, Хақназар хан, гән болар. Өйткенмен сөздің басын сұрақтап бастайын. Кәрі құлақ емес сөзге де емексиді, әкең Қасым ханның зиратына құран оқып, мазар салғалы келген сыңайың бар секілді... Қасым хан саған әке болса, Ноғайлыға хан еді, мазарының басындағы алтын айына дақ түсірмей отырғанымызды кеше көзің көрді, — деп Қойсары би ханға әскермен келуінің төркіні басқау деген түспалды бір аңғартып өтті де, — иә, Қасым алдияр жігіттің сырттаны еді, маңдайымызға сыймады, кара жер оны да алды, — деп аз бөгеліп отырып, ар жағын тақпақтап кетті: — Кара жер жалғыз Қасымды алды ма? Өлмесе қайда кетті бұрынғының көрісі. Жердің жүзін жұтса да бір тоймайды, кара жердің талысы. Өлім деген — ұзақ жолдың алысы.

Қойсары би тағы да тоқтап, кенет басын көтеріп алды:

— Иә, өткеннің өкінішін айтып өзегіңді өртегенмен, алғанын құдай қайтарып бермес, бар үміт — алдағы заманда... Алдағы күйді болжап, жол шеккендей түрлерін бар, сапарларың оң болсын, ағайын!

Сөзді енді Хақназар ордасының төбе биі — Ақсопы би алды.

— Ну қарағай құласа, орнында қалған шыршасы жапырақ атып, гүлденіп, бұтақ шығып бүрленіп, қиядан ұшқан қыран құс қонақтап өтпес деменіз. Айдын шалқар суалса, бұлақ болып арқырап, теңіз толып жарқырап, аққу-қаздар үстіне тұрақтап өтпес деменіз. Арғымақ өлсе құлын бар, әкесі өлсе ұлы бар. Қасым хан қаза болғанмен, артында қалған Хақназар, алтын тұғырға қонған ақ сұңқардай, әке тағына отырды. Ақ Орданың іргесі

ыдырап, түндігін дауыл көтеріп, ел басына күн туған кезде, сол Ақ Орданың шаңырағын құлатпаймын деп, Хақназар оғлан атқа қонғанына міне он бес жыл! Сол он бес жылдың ішінде ыдырауға айналған Ақ Орданың іргесін қайта бекітті, құлауға қалған шаңырағын қайта тіреді... Бірақ арлан біреу...— қасқыр көп. Ақ Орданың күлін көкке ұшырып, уық-керегесін бұтарлай бөліп алуға анталаған жау аз ба?.. Өзгені қойып, осы бес-алты жылдың ішінде Мұхамед-Шайбани ордасынан көз алартқан Абдолла баһадүрдың өзі де өкпе тұстан оқтай қадалды. Бір Әбілқайыр ұрпағы емес, Ақсақ Темір әулеті де соған еруде. Олар түгіл мына өзіммен қан-жыны бір Шағай сұлтан да сонымен тілектес болып жүр.

Абдолла оңай жау емес... Бұған қарсы тұру үшін ойдағы, қырдағы қазақ тайпасының бас бірлігі керек. Отыз жылдан бері шалғай қонып, шет жайлап кеткен Ноғайлы саңлақтары, сендердің де қайтадан өз үйірлеріңе қосылғандарың абзал. Сөйтсек қана біз ен жайлап, еркін көшкен елдігімізді сақтаймыз. Бұхара мен Хиуаның құлақ кесті құлы болудан құтыламыз. Басымыз да, қосымыз да бір болсын, елдігіміз бен белдігімізді бір жерден ойлайық, бізге қосылындар. Сырымыз да сынаймыз да осы. Қолмен келсек, қорқытқанымыз емес, жауға қарсы қайрат көрсетер күшіміз сендерге де көз қуаныш болсын деп келіп отырмыз. Он сан Орманбеттің Еділ — Жайық бойында қалған ұрпақтары, ендігі сөз сендерде,— деп Ақсопы би сөзін тамамдады.

Бұл — баяғы Ақжол бидің Момын деген әйелінен туған Ақсопы, Карасопы, Сарысопы, Арықсопы, Нәдірсопы атты бес ұлының үлкені. Арғынның аты шулы Қанжығалы, Тобықты руларының ірге атасы. Жасы сексеннен асып кетсе де, әлі ат жазын өзі тартып мінітетін қуатты қарт. Оның аталы сөзі мен әділетті тоқтамын екі жақ бірдей ықыласпен тыңдады.

Қойсары, Ақсопы билер қайтадан сөйледі. Алуан-алуан ойлар, кесек-кесек ұшқыр сөздер айтылды. Бұлардан кейін кезек Төле би, ұрымтал, ұшымды билерге берілді. Олардан басқа ділмарлар қызыл тілдерімен сан өрнек тоқыды. Ел бірлігін тілге тиек еткен нелер әшекейлі толғаулар ортаға салынды. Сөз кезегі бір мезет Хақназар ханға келді. Ол да Ақ Орданың басына төнгелі тұрған қилы-қилы кезеңдер бар екенін баяндай келіп, Ноғайлының Ақ Ордаға түгел қосылуын талап етті.

Осылай үш күнге созылған шешендер талқысынан кейін, Ақ Орда мен Ноғайлы қауымы ел арасын алыстатпайтын бітімге келді. Ноғайлы елі Хақназарға бағынып, Абдолла ханның бетін қайтарып. Сыр бойындағы қазақ қалаларын біржолата Ақ Орданың қарамағына алып қалу үшін, осы жаздың өзінде он мың атты әскер бермек болған тұжырымға тоқтады.

Мұндайда ру бірлігі, ел билігі құр сөзбен ғана бітпейтіндігі ежелден белгілі. Қазақ дәстүрі бойынша сөз бірлігін сүйек бірлігімен нығайтпақ болып, Ноғайлы қауымы Хақназар ханға қыз бермек болды. Ежелден Жағалбайлы елінің қыздары сұңғақ бойлы, алма мойын, оймақ ауыз, күлім көз, сұлу келетін. Әсіресе, Қарасай байдың Ақторғын, Ақбала атты қос аруы бүкіл Ноғайлы еліне аты шыққан асқан көрікті жандар еді.

Ханмен құран ұстап бітімге келген Ноғайлы елінің бекзадалары хан көңілін біржола өздеріне қаратпақ боп, елінің ең аяулы сұлуының бірі Ақторғынды қалыңдыққа ұйғарды.

Хақназар мен Ақторғынның қосылу тойы бүгін таңертең басталған. Күншығысын қалың әскер қаптап, үрейленіп қалған Сарайшық бір түнде түлеп шыға келді. Қыз-бозбалалар жанбыр жуған қызғалдақтай құлпыра қалған. Керуен сарайлар, қала аулалары ән-күйлі, ойын-күлкілі думанға толып, екі жақтың әскерлері бейбіт бөсекеге шығып, әр жерде сайыс, күрес, көкпар, жамбы ату ойындарына кіріскен.

Қырыққа таяп қалған Хақназар түрүлі шайы шымылдың астында ақдүрия көйлек, оқалы бешпент киген, басында үкісі бұлаңдаған, асыл тасты жағалбайлы шошақ тақиясы бар қалыңдығын көргенде, жүрегі шымыр ете қалды.

Ақторғын десе, ақ торғындай-ақ екен! Екі беті жаңа жауған ақша қардай, ұзын кірпіктерін көтермей, төмен қарап отыр. Күйеу жігіттер кіріп келгенде, ханның мысы жеңіп, шымылдықты жабуды ұмытып кеткен қыздың бір жеңгесі асыға қимылдап, шымылдықты жаба қойды.

— Күйеужан, көрімдігіңді бермей жатып, аққуыма сонша сұқтанғаның не?— деді қыз жеңгесі әзілдей күліп.

Дәл осы кезде күтпеген жағдай болды. Үйге асып-сасып үсті-басын шаң-тозаң басқан, кнiм болмысы Сыр

бойынан екені айтпай-ақ тапырлық, шоқша сақалды біреу кіріп келді. Бет-әлпетінен алыс жолдан арып-ашып келгені көрініп тұр.

— Хан нем,— деді ол есіктен аттай бере тізесін бүгіп.— Оңаша айтар жедел хабарым бар.

Хан шабарманды енді таныды:

— Ау, Қияк батырсың ба?

— Иә, тақсыр.

Хақназар дереу орнынан тұрып, сыртқа қарай бет алды. Сонау Қараталда қалған Ақ Ордадан шабарман Қияк қандай хабар әкелді? Оны ханнан басқа ешкім сезген жоқ. Көп кешікпей, ол үйге қайта кірді. Қияк ақ сабын болып терлеген атын ауыстырып, күншығысқа қарай қайтадан шаба жөнелді.

Үйге кірген хан серіктерінің қобалжи қараған, сұраулы кескіндеріне жауап бергендей, жайбарақат:

— Жай хабар. Той-думанды бәсеңдеткендер!— деді.

Әңгіменің дәл осы тұсында Ораз құл сыртқа қазан қарауға шығып кетті. Бұқар жырау ошақтағы тобылғы шогын сәл көсеп, үй ішіне жарық берді де, «не ойлап отыр екен?» дегендей, Әбілмансұрға сынай қарады. Жас түйешінің беті бүлк етер емес. Бір ғажайып князға шомып, үн-түнсіз қатып қалған. Әлден уақытта барып ол:

— Хақназар хан шабарманға әскери тапсырмадан бөтен сыр айтты ма?— деді ол.

Бұқар жырау сәл қозғалды.

— Айтса ше?

— Қожасының құпиясын білген құл — қойныца салған жыланмен тең, бір күні болмаса бір күні шағып алуы хақ.

Бұқар жыраудың бойы тағы шымырлап кетті.

«Япырмай, мынау бір сұмдықты айтып отыр ғой. Ораз құлға бір қауіп төніп-ақ тұр екен...»

Әбілқайыр да түйешіге таңдана көз тастады. Осы кезде қолына шылапшыны мен құманын ұстап Ораз да кірді. Үйдегілер қолдарын жуа бастады. «Жасым кіші жалшымын ғой» деп, Әбілмансұр хан мен жырауға орамал ұсынып, бәйек қаққан жоқ, дәрежесі тең адамдай өзі де барып құманға қолын тосты. Анау жасым үлкен ғой деп шамданбай, ылтифатпен су құйды. Әбілмансұрдың тегін түйеші емес екеніне Бұқардың көзі енді әбден

жетті. Бұқар жырау: «осы бишара өзіне төніп тұрған қауіпті сезбей жүр ме?» дегендей құлға да сынай қарады. Аяның жүзінен бір абыржығандық белгі барын сезді. Жырау іштей оны аяп кетті.

Астан кейін Бұқар әңгімесін қайта бастады. Бірақ көңілінен «Мына бәтшағар расымен-ақ құлын өлтіріп тастамаса жарар еді» деген күдік кетпей-ақ қойды.

— Қияқ келіп кеткеннен бастап ханның қабағы ашылмады. Жаңа ғана Ақторғынды көргенде лаулап тұтана қалған ләззат жалыны да лып етіп қайта сөнгендей. Өзінің үйлену тойында отырғаны да естен шыққан, көңілі әлдеқайда. Ханның көңілсіз жағдайын ұққан балдызы Ақбала қасына келіп, оң тізесін шынтақтай отырғанда да селт етпеді. Айтылған әзілге жай бір сүлесок күйде жауап бере салады. Ханның үлкен қобалжуда екенін сезген серіктері ғана сыр бермегенсіп, үй іші толған қыз-бозбалалардың әзіл-күлкісіне белсене араласып отыр.

Хақназардың бұлай кілт өзгеруіне не себеп болды? Той үстінде леңірген қуаныш лебін қандай ызғар соғып өтті екен?

Ол ызғар — шабарман Қияқ әкелген хабар еді. Бұл хабардың бір шеті Шағай сұлтанмен байланысты.

Шағай бұдан көп жыл бұрын бір жорықтан келе жатып, Сайрам даласында бір кезде Әбілқайырдың атакты жауынгері болған Қоңырат Ұршы батыр ұрпағының аулына түскен. Бұл ауыл жұпыны киінген кісінің Шағай сұлтан екенін білмейді. Жолаушылар ауыл ақсақалы Ұршы батырдың шөбересі Әбілқасымның үйіне түнейді. Түнде Шағай Әбілқасымның оң жақта отырған Күнсана атты бойжеткен қызын оятады. Қырыққа келіп қалса да жастық оты әлі сөнбеген сұсты Шағайға қыз беріліп қалады. Қыздың ашылмаған гүл, жарылмаған бүр болып шыққанына риза болған Шағай сол бір айлы түнде Күнсананы қалың малын төлеп алмақ болып ант береді.

Сұлтан уәдесінде тұрады. Еліне барған соң Әбілқасымның қызын сұратып кісі жібереді. Әбілқасым ауылы Хақназар ханға қарайтын. Және өзі де Шағай сұлтанның Мұхамед-Шайбани ордасы жағына шығып, туған еліне опасыздық істегеніне риза емес-ті.

Ол Шағайдың өтінішін қабылдамағаны былай тұрсын, сұлтанның адамдары кеткен күннің ертеңіне, Күнсананы атастырған Созақ түбіндегі Дайыр қожаға кісі жіберіп: «Біздің бақшаның миуасы пісіп тұр. Қызыққан жат көз көп. Қарға-құзғынға шұқыттырмай, алып кетсін»,— деп сәлем айтады.

Құда жағының күткені де осы еді. Бір аптаға жеткізбей, келіндерін алып кеткен. Шағай бармағын шайнап қала берген-ді. Әбілқасым ауылып шабуға Хақназардың қаһарынан сескенген және Созақ түбіндегі «пайғамбар әулеті» кожалармен араздасуды да жөн таппаған.

Бірақ сонау айлы түнде толықсыған сұлудың ыстық ернінен алған ләззаттың шырын дәмі Шағайдың есінен кетпей қойған. Сусыны қанып ішпеген махаббат шарбаты жүрегіне сарсу болып ұйып, кетпес кеселге айналған.

Сөйтіп жүргенде жыл өтті. Шағай барған жерінде Күнсана тоғыз айдан кейін Тәуекел деген ұл тапты дегенді естіді. Санай келіп, ол бала — өзімдікі деген байламға бекіді.

Арада тағы да бес-алты жыл өтті. Күнсана махаббаты да тот басқан асылдай көңілден көмескілене бастады. Дәл осындай мезгілде бір күні Шағай Созақтан келген керуеншіден Дайыр қожаның баласы сүзектен қайтыс болып, жесір қалған Күнсананы «аға өлсе жеңге мұра, іні өлсе келін мұра» деген қазақтың көне дәстүрі бойынша, қожаның үлкен баласына бергелі жатыр деген хабарды естіді. Жүрегінде қоламта болып сөнуге айналған шоқ қайтадан лап ете түсіп еді. Күнсананы бір кезде атастырған еріне қиғанмен, енді әменгерлікке қимады. Ел билеген дәрежесіне карамай, қасына сенімді он нөкерін ертіп өзі жай адамша киініп, атқа қонды.

Түн ішінде қаннен-қаперсіз жатқан Дайыр қожаның аулына кеп, қарулы он жігітімен сау етіп түсе қалды. Шырт ұйқыдағы үй адамдарының үнін шығартпай, шымылдық ішінде жатқан Күнсананы жас Тәуекелмен атқа өңгеріп, ала жөнелді. Байлаудағы Дайыр қожа таң атқасын ғана түндегі болған оқиғаны Созақ хакіміне жеткізді. Хакім қуғыншы жібермек боп жатқанда, Созақтан әйел алып қашқан бір топ қарақшы Отырардан қайтып келе жатқан Хақназар хан жасағының қолына түсіпті деген хабар келді. Жасақ бастығы қолға түскен Шағайдың өзі екенін біліп, тұтқынды жанындағы адамдарымен

қоса, Сығанақтағы Хақназар ханның ордасына алып барады.

Ал сонда Хақназар хан не істемек?

Ағалы-інілі екі адамның баласы бірінің-бірі қапысын тауып өш ала берсе не болмақ? Өзге ел не демек? Хандар қаныпезерлік етіп жатқанда, екі дай болған қалың жұртқа не тосқауыл? Жоқ, бұл ел сүйсінтер үлгі емес. Ер татулығы — ел татулығы...

— Ағ-көлігіңіз аман жеттіңіз бе, Шағай сұлтан? — дейді ол. Сосын нөкерлеріне қарап:— Шағай сұлтанның қолын шешіңдер,— деп бұйырады.

Нөкерлер Шағайдың қыл шылбырмен байланған қолың босатты. Өзгелерінікін шешкен жоқ. Шағай ұйып қалған қолдарын жазбақ боп сәл қимыл істеп еді, есік алдында тұрған күзетшілердің екеуі жалма-жан жетіп келіп қарсы алдынан жалаңаш алдаспандарын айқастыра қойды. Онсыз да абыржып сасқан тұтқын сескеніп қалып, кейін шегіне берді. Шағайдың бұл қылығына сәл қабақ шытқан сұңғақ бойлы аққұба жас әйелді Хақназар енді аңғарды. Бұл Кұнсана еді. Шағай нөкерлері төсектен көтеріп алған қалпында болатын. Жұқа батсайыдан мол қылып тіккен қос етек көйлегінен бөтен киімі жоқ. Жалаң аяқ. Өрімі тарқап кеткен ұзын шашы жерге шұбатылып түсіп тұр. Етегіне тығыла түскен үлкен қара көзді бүлдіршіндей баласы бар. Анасының да, баласының да сырт кейпінде шошығандық, қорыққандық белгі жоқ. Болып жатқан іске таң қалғандық қана байқалады. Шағайдың қандай себеппен қолға түскеніне қанық Хақназар нөкерлеріне:

— Мына кісіні баласымен бірге еліне апарып салыңдар,— деді Кұнсананы көрсетіп.

Бірақ әйел орнынан қозғалмады.

— Хан ием, мен енді қайып жұртыма бармаймын,— деді Кұнсана Хақназарға жаутандай қарап.— Шағай сұлтанның айыра көрмеңіз. Бала сонікі. Мен онымен мәңгі бірге болуға бармын.

Хақназар да бір сырды аңғарып қалғандай болды.

— Шағай сұлтанмен мәңгі бір болуға бармын дейсіз бе?— деді ол қабағын шытып.— Егер Шағай сұлтанды ел-жұртымыздың бірлігін бұзған күнәсі үшін өлім жазасына бұйырсақ, онда да бірге өлуге бармысыз?

— Иә, бірге өлуге бармын!

— Мына нәрестеңізді қайтесіз?

— Жазмыш солай болса, қолдан келер не бар?

Хақназар ойланып қалды. Мынау келбетіне көз тойарлық сұлу әйел не қайын жұртынан орасан қорлық көрген жан, не Шағайға өлердей ғашық. Хақназар Шағайды өлім жазасына бұйырудан енді біржолата бас тартты. Құралай көзі жаудыраған осынау жас нәрестенің обалына қалғысы келмеді. Шағайды өлтірсе мынау әйел де өлуге бейіл. Екі ортада жазықсыз жас баланы қалай шырылдатады? Ал сонда халық тілегін, Ақ Орда тілегін қайтпек? Бүкіл қазақ елін Мұхамед-Шайбани ордасына жығып беруден тайынбаған Шағай сұлтанның күнәсін бір баланың көз жасы үшін осылай кешіре салуы керек пе? Бұл тым жомарттық емес пе?

— Сұлтан,— деген Хақназар қабағын шытып,— не өлесің, не бізбен біргесің! Бізден бөлініп Абдолла жағына қайта барар болсаң, онда өз обалың өзіңе! Ал енді Ақ Ордамен бір боламын десен, қазір босатамын! Екі шешім жоқ, таңдағаныңды ал!

— Үкіміңе ризамын, Хақназар хан! Жан сауға! Жан сауға!— деді қуанғанынан көзінен жас ағып.— Айыбымды адал қаныммен жуамын! Өле-өлгенше сендермен бірімін! Көрмегенім Абдолла болсын! Міне антым! Міне құран!

Мұндай күрт шешімді күтпеген Хақназар ханның өзі абыржып қалды. Шағай туралы бұрын да: «қорқау қасқыр секілді бір тою үшін қандай өлімтіктен де бас тартпайды; оның ойы ел-жұрт емес, қара басының қамы»,— дегенді сан рет естіген. Бірақ дәл мұндай қорқақ деп ойламайтын. Әлде ел-жұртынан бөлінгені жанына батып жүрді ме екен? Хақназар бетін Шағайдың серіктеріне қарай бұрды: кілен баскесер, ұят-ар дегенді білмейтін, енгезердей қарақшы нөкерлері де, қожаларының мына қылығына ұялғандай, төмен қарап қалыпты.

Хақназар енді жүзін Күнсанаға аударды. Оның күп-қу түсінен ешбір сыр ұғуға болар емес. Бетін Шағайдан сәл бұрып, тас мүсін тәрізді қатып қапты. Тек көзінде ғана әлденеден жиіркенгендей бір қиналыс ұшқыны бар... Сол сезім кенет Хақназарға ауды. Дәл осы сәтте ол Шағайдың алысуға татымайтын құнсыз жау екенін ұқты. Өлтірген күнде де ұпайының қайтпайтынын білді.

— Бұл жолы Жәдек сұлтанның аруағы үшін босаттым,— деді Хақназар.— Егер бұдан былай тағы да баба-

мыз Жәнібек ханның ордасына опасыздық етер болсан, бұл елге өкпелеме!

Шағай сұлтан өз ордасына жеткен күні өзінің Хақназардан қорқып, жалған ант бергенін көрген нөкерлерін бір түнде басқа жеңдеттеріне бауыздатып тастады. Жаңа ғана өз құшағынан шыққан Құнсананы да өлтіруге бұйрық берді. Сұлтан ойын сезіп қалған Құнсана жеңдеттер айдап бара жатқанда, хан есігінің алдынан өте беріп:

— Төрем, еш жазығым жоқ қой, құлыным Тәуекел үшін мына жеңдеттеріңнен алып қал!— деп жалынды.

Бірақ Шағай Құнсананың сөзін естісе де естімеген боп, төсегінде теріс қарап жатып қалды. Бұл қанды оқиғаны бөтен бөлмеде шырт ұйқыда жатқан жас Тәуекел білмеді.

Ертеңінде ол анасын іздеп зар жылайды. Сұлтан оны ержеткенше асыра деп, бір бекзадасының үйіне беріп жібереді. Өзі Абдолладан жедел әскер алдырып, қарамағындағы елді еріксіз көшіріп, Ташкент уәлиетіне өтіп кетеді.

Бұл оқиғаны бір шабарман дәл бүгінгідей бір той үстінде ханға жеткізген. Хақназар онда тек:

— Абдолла ханның жеріне қанша түтін көшті?— деп сұраған.

— Он бес мыңдай...

— Бұл алпыс мыңдай жан ғой,— деген күрсініп.— Әйтеуір, шамасы келгенше қазақты жырымдап жатырау бекзадалар...

Сол күні де дәл бүгінгідей оның жан сезімін екінші билеген. Жоқ, ол он бес мың үйді Абдолла ханның еріксіз айдап кеткеніне ғана емес, жас Тәуекелді жетім қалмасын деп, қас жауына аяушылық еткеніне өкінген. Көз алдынан «апалап!» шырқыраған жетім баланың бейнесі кетпей қойған.

Одан бері де талай уақыт өтті. Адамды аяғыш күйрек сезімдер қазір қу томардай мұжылған. Қыргын соғыстар азалы жанына қаяу салып тасбауырлыққа үйреткен. Бұл кез Ақ Орданың да, Хақназардың да бүкіл Дешті-қыпшақ, Маурешахр, Жетісуға әбден әйгілі болып алған кезі еді. Сөйтсе де Шабарман Қияқтың бүгінгі әкелген хабары Шағайдың Құнсананы өлтірткен оқиғасынан да ауыр тиді.

Қияқ әкелген хабар мынадай еді:

Осы уақиғаның алдында ғана Абдолла ханның қол астында жүрген Бабасұлтан Ташкент шаһарына қалың қолмен аттанған Хақназардың қаһарынан қорқып, енді қазақ ханымен одақтасуға уәде берген. Хақназар одаң қантөгіс соғыссыз, Ташкент уәлиетіне жататын Ясы, Сауран қалаларын сұраған.

Бұл кезде қазақтарға қарсы тұрар бәлендей әскері жоқ Бабасұлтан бір амалын таппақ болып: «сәл шыдаңдар, ақылға салайын» дейді. Сөйтесі де ол күннің ертеніне, Абдолла ханға Қоңырат Қосқұлақ биді аттандырады: «Ұлы мәртебелі ханға берген антымызда тұрамыз. Біздің кейбір пендешілігімізді кешің. Дешті-қыпшақтың ханы қарамағымыздағы уәлиеттен жер сұрайды. Қарсы тұрар бізде күш жоқ. Не істеуіміз керек?» деген сауалды сәлем айтады.

Өзінің Абдолла жағында екенін бұлдағысы келгендей, өзін Әндижан әміршісі етуді өтінді. Бұл кезде Чарджоу маңайында, Сейхұн дарияның жағасында аңда жүрген Абдолла Бабасұлтанның бұл хабарын естіп, бұлқан-талқан ашуланады. Бабасұлтанға Әндижанды бермейтінін білдіреді. Бабасұлтанның келген елші Дүстем биді ұстап қалып, оның әкесі Бөлтірік биді Ташкенттің жағдайын анықтауға жібереді.

Бөлтірік би келіп, Абдолланың: «Қазақтарға жер беруші болма» деген бұйрығын жеткізгенше, қазақтың қалың әскерінен қорыққан Бабасұлтан Хақназарға Ясы, Сауран шаһарлары мен сол маңайдағы жерлерді соғыссыз беріп, онымен қоймай Абдоллаға қарсы соғысуға уәде байласады.

Хақназар қайын атасы Жәлім сұлтан мен оның балаларына қосып өзінің он бес — он алты жастағы екі ұлын Ташкентке жібереді. Ондағы ойы — Хақназар ханның Бабасұлтанмен шын одақтас екенін сездіру еді. Ал қайын атасы Жәлім сұлтанға Бабасұлтанның тағы Абдолла жағына шығып кетпеуі тапсырылады.

Сонсон рамазан айында Абдолланың соғысқа шықпайтынын және Абдолламен күресуге күшінің әлі де жете қоймайтынын білген Хақназар Еділ — Жайық бойындағы қалың қазақтан қол жинамақ болып, Сарайшыққа сапар шеккен.

Сөйтіп Ноғайлы елімен бітімге келіп, Ақторғын арумен бірге он мың қол алмақ боп көңілі хош отырғанда, Қияқ шабарман суық хабар әкелген.

— Шабарманның айтуы бойынша, Хақназар Сарайшыққа кеткен кезде елдегі жағдай кілт өзгеріпті,— деді жырау.

Абдолла хан рамазан айы өтпей Бұхараға қайтып келе жатып, Бабасұлтанның қылығын естиді. Дәл осы кезде Балқыда нағашы жұртына келген Бабасұлтанның он бес жасар қызын Абдолланың адамдары ұстап алып, ханға әкеледі. Жас қыз өзінің сұлулығымен Абдолланы қанша қызықтырса да, хан өзін өзі ұстайды. Бабасұлтанның қызын Қосқұлақ бимен бірге аман-есен Ташкентке қайтарады, қыздың әкесіне сәлемін қоса айтып жібереді: «Егер Бабасұлтан бізбен тату-тәтті тұрам десе, маңайына жиналған Самарқанд сұлтандарын қусын, қазақтардан да біржолата ат құйрығын кессін. Ал бұны істемесе өз обалы өзіне!»— дейді.

Енді әбден сасқан Бабасұлтан Ташкентке інісі Тахир-сұлтанды бас-көз етіп қалдырады да, өзі Түркістанға сапар шегеді. Ондағы ойы Хақназардың әскерімен бірігіп, Абдолла ханға қарсы шығу еді...

Бабасұлтан кеткеннен кейін, Қосқұлақ би Ташкенттің билігі қолында қалған Тахир-сұлтанды азғырады: «Бар нәле Шах-Санд оғланда, ол Самарқанд сұлтандарымен байланысты, егер сен оны тұтқындап, Абдолла ханға жіберсең, хан күнәларыңды кешіп, кейін қайтады»,— дейді. Бұл сөзге сенген Тахир-сұлтан ағасы Бабасұлтанға көп жыл еңбек сіңірген, Бұхара ханымен күрестің бір басында жүрген Шах-Санд оғланды ұстап алып, қол-аяғын байлап, Қосқұлақ биден беріп жібереді. Абдолла хан қас адамдарының ең бастысының бірі оп-оңай қолға түскеніне қуанады, сөзге келмей бірден басын алдырып, Түркістандағы Бабасұлтанға жолдайды.

Қияқ сөзін тындап тұрған Хақназарды мәлімсіз қорқыныш билеп кетті. Бабасұлтанға кенет күдіктене қалған хан:

— Ал, қазір жау әскері қай жерде,— деп сұрады.

Қияқ мүдірмей жауап берді.

— Абдолланың негізгі әскері Ташкент түбінде. Кей қолы Яссы, Сайрам, Отырарға беттеуде.

— Жәлім отағасы Бабасұлтан сарайынан қайтып па еді?

— Жоқ. Сіздің қос ханзадаңыз — Хасен мен Құсайын да Бабасұлтан қосымен бірге...

Жәлім сұлтанның қызы Айгерімнен туған бұл егіз екі баласын хан өте жақсы көруші еді. Екеуі де он беске бныл шыққан, ханның өзге балаларындай емес, момын, қатыгездік қылықтары жоқ болатын.

Сол екі баласының басына бір қауіп төнгенін Хақназар анық ұқты. Бірақ сыр бермей, Қияқтап тағы да мәңжайды сұрастырды.

— Абдолла әмірдің өзі қайда?

— Жезақта.

— Ал әскерін кім бастап келеді.

— Шағай сұлтанның баласы Тәуекел баһадүр.

Тағы Тәуекел! Егер күндердің күнінде Тәуекел өз еліне қарсы қол бастап шығарын білсе, Хақназар оны сонау Шағайды босатқан күні басқа елге жібермеген болар еді-ау. Қайтсе де өз қарамағына алып қалар еді... Сол бала үшін қас жауы Шағайды босатты. Одан не тапты? Шағай бұрынғысынан да қатты жауласып алды. Абдолла ханның жағына біржолата шығып кетті. Ол аз болғандай Тәуекелді де өз еліне қарсы қойды. Егер Тәуекелдің бұлай болып кетерін білсе, Хақназар сол түндегі аяушылығын істер ме еді? Жауын аяған — жаралы деген осы.

Енді міне, өз қолынан өмір берген сол екеуінен қанша қазақтың қаны төгілмек! Құр ғана кара қазақтың қаны ма, өзінің екі баласының тағдыры қыл үстінде тұрған жоқ па? Хақназар «Әттең! Әттең!» деп, сонау бір өткен ағаттық ісіне жаны күйіп, өзегі өртеніп кетті.

Оның құлағына тағы да балдызы Ақбаланың сылқ-сылқ күлген дауысы естілді.

— Күлмес хан жездем,— деді ол әзілдеп.— Сізге не болған, әлде Ақторғын апамның жүзін көргеннен кейін, тіліңіз байланып қалды ма?

Қыз қалжыңы тағы құлағына кірмеді. Бабасұлтан қолындағы қос қозысы мылтық аузында тұрғандай жүрегі сыздап жанын қоярға жер таппай отыр. Алғашқы хан тағына талас кезінде де, одан кейін басынан өткен талай ауыртпалық шақта да мұндай күйге түсіп көрмеген-ді.

Құдайға шүкір Хақназар ордасы бұл кезде әжептәуір

әлденіп қалған-ды. Соның арқасы ғой, Бабасұлтанның да қап майданнан тайсалып, Яссы, Отырар дихтарын өз еркімен бергені. Қазір бұның қарамағына, әкесі Қасым ханның соңғы кезіндегідей, Созақ, Сайрам, Сауран шаһарлары тегіс кірген. Яссыны астана еткеннен бері Хақназардың абройы тіпті қарыштан кетті.

Иә, солай. Яссы маңайында қазақ жеріндегі дін ошағы болған Қарнақ, Сунақ дихтары да мұсылман қауымына үлкен әсер етеді. Сол себептен де Астрахан хандарының қарамағына біржола кіруге айналған Сарайшықтағы Ноғайлы қауымы да Құтлық Темір әулетінің тегеурінді темір шоқпарынан жасқанбай, Хақназар жағына шығып отырған жоқ па?

Тек осы дәрежені төмендетіп алмау керек. Төмендетудің жалғыз жолы — ел бірлігін сақтау. Бес саусақ бірдей жұмылса, тастай берік жұдырықты ешкім де аша алмайды. Ондай жұдырықтың ұрса екпіні де күшті, жұмылса уысы да берік.

Сол жұдырық қазір шып ашылмастай болып жұмылын тұр ма? Жоқ. Рас, қырғыз-қазақ бір одаққа бірігіп, Шайбани ордасының тегеурініне ілініп қалмау қамында. Бірақ Шағай секілді бүйректен сирақ шығарып Абдолла ханға жағынып жүргендер аз ба? Ежелгі жау ел болмас, енді Шағайды одақтас ету мүмкін емес. Ол бір шіріген жұмыртқа... Бірақ оның артында қасқырдың бөлтірігіндей бес баласы бар-ау! Әсіресе жиырма жасар Тәуекел. Болғалы тұр. Шағайды жат санағанмен, бұны жат санауға бола ма?

Тағдыр деген қызық, біреудің жолына өзінің жасыл жібек кілемін төсейді, ал енді басқа біреудің барар жері, басар тауын қалақай мен тікенек етеді. Мысалды алыстан іздемей-ақ қояйық. Дайыр қожаның ақбоз үйінде Күнсанадан Тәуекел туған күні өз ордасының есігінде жүрген Айқара құл мен Қойсана күннен бағанағы шабарман Қияқ туған.

Ал енді бір күнде туған сол екі баланың тағдырлары қандай қым-қиғаш? Тәуекел сұлтан — Абдолла ханның әскер басшыларының бірі. Ал Қияқ болса, ерлігі де, ақылы да Тәуекелден кем болмаса да, әзірге жеткен жері — ханның шабармандығы ғана. Бұған кім айыпты? Тағдыр айыпты ма, әлде қауым айыпты ма? Батырлығын, алғыр-

лығын біле тұра, Қияқты көрмей жүрген Хақназардың өзі кінәлі ме? Шағай Тәуекелді сонша дәріптегенде, Хақназар Қияқты атақ, баққа неге жеткізбейді? Жазығы құлдан туғаны ма?

Бұқар жырау әңгімесінің осы жеріне келгенде сәл кідірді.

— Қожасының сырын білген құл — қойнындағы жыланмен тең деп мен бекер айтқан жоқпын, — деді тағы да Әбілмансұр. — Қияк Тәуекелдің кімнен туғанын білсе, түбі сұлтанды бір мықтап шағар-ақ...

Бұқар жыраудың жүрегі тағы мұздай боп суып кетті. «Бәтшағар, Ораз құлға арнап қанды пышағын қайрап-ақ қойған екенсің ғой, тірі қалдырмассың» деді ішінен, сөйтсе де:

— Бекер олай жорисың, — деді түйешіге, — Қияк Тәуекелдің түбі өз үйіріне қосылуына себепкер болады. Жас түйешінің көзі қара көлеңкеде жарқ етті.

— Құл ақылымен үйірін тапқан сұлтан тым ұзақ өмір сүрмес-ті...

Бұқар жырау басын көтеріп алды.

— Неге үйдейсің? Хан халқымен ғана күшті.

Құндікке тұнжырап отырған Әбілқайыр мырс етіп күліп жіберді.

— Бассыз дене қайда барады? — деді ол, сөйледі де әңгімені бұзғысы келмей, — жырау, жешіреңізді жалғай беріңіз! — деп бұйырды.

Бұқар жырау сөзін бастамастан бұрын көз қнығын Ораз құлға аударды. Сұп-сұр боп басы төмен салбырап кеткен екен. «Бишара, бұл да сұмдықты сезіп қалған екен, енді есебін тауып қашып кетер» деді іштей қуанып.

Әңгіме қайта басталды. Қазақ елінің гажайып тарихы үй ішіндегілердің көз алдынан тағы да тізбектеліп өте берді...

— Орда маңындағы қол бастар батырлардың санатына ілігу үшін, соныңнан ерген руың, елін болуы керек. Ал Қияқтың кімі бар? Әлі де сол күң қалпындағы кәрі шешесі — Қойсана ғана. Тәуекел мен Қияк талайының кереғар болуын тағдыр өзі күні бұрын шешкендей, бірі-

нің апасының аты Күнсана, екіншісінің шешесінің аты Қойсана дегізуін қарашы! Мұнда да жазмыштың бір ұйғарғаны бар тәрізді...

Бірақ жазмыш деген не? Қияқ секілді мыңның тағдыры бұл күнде хандар қолында емес пе? Әрине, солай. Қияқ секілді өжет жігітті Хақназар үзенгілес етіп көтерсе, кімнің шаңырағы құлап, жерге түседі? Жоқ, өйтуге болмайды. Құлдан шыққан жігіттің басына бақ құсын қондырамын деп, бүкіл сұлтан, би, манаптарды наразы қылудың қанша керегі бар?

— Ертеңіне Хақназар ақсақалдармен тағы ұзақ әңгімелесті. Ақырында мынадай тұжырымға келді. Аласапыран жаугершілік мезгіл, бұл жақта Хақназардың ұзақ аялдауына болмайды. Ол ертең таң ата, өзінің екі сана әскерімен, Сарайшық маңындағы Ноғайлы қауымының мыңға тарта атты әскерін ертіп, өз еліне қайтпак. Ноғайлының қалған әскері бір аптадан кейін Ақторғын сұлуды ырғалтып-жыргалтып көшіріп, Яссыға олар да жетпек. Бұдан былай қарай екі елдің арасы жңі қатынасып тұрмақ. Ат тұяғы жетпейтін жер жоқ, бұл қатынас оларға пәлендей қиындыққа түспейтіні мәлім. Әзірге осындай байланыс арқылы Сарайшыққа жататын ел Хақназар ханға бағынышты екенін бекім ұстамақ.

Ақсақалдар әңгімесі біткен кезде, бесін намазы да болып қалған екен. Жұрт дәрет алуға тысқа шықты. Бір топ серіктерімен хан сарайының сыртында тұрған Хақназар шаһарға қарай шауып келе жатқан шабарманды жұрттан бұрып көрді. Атқа отырысынан, хан хабаршысының белгісі — орамалдай ақ жалауды найза ұшына ілген нышанасынан бұл келе жатқан Қияқтың тетелес інісі Тұяқ екенін хан бірден таныды. Жүрегі кобалжып Хақназардың көңілі тағы алабұрта қалды. Шабарман шабысының сынайына қарап, хан бір сұмдықтың болғанын сезді. Не хабар болса да жеке естіні деп, ол өзге серіктерін кейін тастап, өзі шапқыншы келе жатқан жолдың ернеуіне қарай таяды.

Сөйткенше болған жоқ, астындағы құлагерін құйқылжыта Тұяқ та жетті. Жеке тұрған ханды көріп, алысырақта ат үстінен асыға түсіп, тізгінін тастай салды да, Хақназарға қарсы жүрді. Сұл-сұр боп кеткен хан:

— Жат елде жұрт көзіне түсетін қимыл жасама. Ауызша айта бер, не болып қалды, жарқыным? — деді.

Тұяқ сол тізерлеген қалпында:

— Қайғылы хабар, хан ием! — деді ерпі кезеріп.

— Айта бер.

— Хасен мен Хұсайын... — Тұяқ айтуға ауызы бармай, күмілжіп қалды.

Хақназар бұрыңғысынан да сұрлана түсті.

— Кімнің қолынан қаза болды?

— Бабасұлтанның.

— Қалайша?

Жігіт орнынан түрегеліп, болған оқиғаны бастан-аяқ айтып берді. Шах-Сандтың басын өзіне жіберген Абдолланың қаһарынан Бабасұлтан өлердей қорқады. Қайтадан Бұхара жағына шығуды ойлайды. Абдолла құр сөзіме сенбес деп, атасы Жәлім мен қолындағы Хақназардың егіз ұлын өлтірмек болады.

Өзіне құрылған қақпаннан қаннен-қаперсіз Жәлім Бабасұлтанмен тізе қосып, Абдоллаға қарсы шығуға Шарабхана өзенінің жағасында атқа қонады. Жаңа ғана аллага аксарыбас қой айтып, жауға қарсы бірге аттанбақ боп бәтуелескен Бабасұлтан бір топ әскер басы батыр адамдарымен қаннен-қаперсіз тұрған Жәлім сұлтанның қасына келіп, атының шаужайынан ұстай алады. Бір сұмдықты сезген сұлтан қынабынан қылышын суыртқанша, оның арт жағынан келген Жанқұла би алдаспанмен басын қағып түсіреді. Сол сәтте өзге батырлар, абайсыз тұрған төрт бала жігітті найзалап өлтіреді. Ал күні бұрын дайындалған Бабасұлтан ләшқарлары бір сапта жауға аттанғалы шыққан өзге қазақ жігіттерінде заматта жан-жағынан қоршап алып, қарсыласуға мұрша бермей, қойдай қырып салады. Бұл күтпеген айқастан ілуде бір-ексеуі ғана қашып құтылады. «Шарафнаме-йи-шахи» шежіресі айтқандай, кең дала қызғалдақ гүлдерімен безенгендей, қызыл қанға боялады...

Көзінің ағы мен қарасындай көретін егіз ұлы — Хасен мен Хұсайынның қалай қаза тапқанын естіген Хақназар, жүрегі у ішкендей өртеніп тұрса да сыр бермеді. Сұп-сұр боп қатты да қалды. Әлден уақытта барып:

— Абдолла хан Ташкентті шапты ма? — деп сұрады.

— Жоқ, — деді Тұяқ кенет бойын жинап алып.

Шах-Санд оғланды Тахир сұлтан ұстап бергеннен кейін, Абдолла хан оны өз жағына шыққан екен деп, хат жазып, кісі жіберген. Хатында: «Сізге сенімім зор. Бас иіп, алдыма келіңіз, не болмаса қаланы тастап, өз беттеріңмен кетіңдер» деген. Шах-Санд оғланды босқа ұстап бергеніне енді өкінген Тахир сұлтан бұл бұйрыққа көнбеген. Жедел шара қолданып, Ташкент шаһарын бекініске айналдыруға кіріскен. Осындай жағдайда оған Баба-сұлтанның қазақ сұлтандарын өлтірген хабары жеткен.

Хақназар Тұяқ сөзін бөліп жіберді.

— Бабасұлтан қазақ жігіттерін қырып жатқанда Бұзахұр сұлтан қайда еді?

— Оны Бабасұлтан көп әскермен сіздің жолыңызды аңдуға жіберіпті деседі... Қанелімде сізді өлтіріп, әскеріңізді қырып тастауға бұйрық берген көрінеді.

— Иә, сосын, қазақ жігіттері қырылғанын естігеннен кейін Абдолла хан не істепті? — деді Хақназар.

— Бабасұлтанға кісі салып: «Қазақ сұлтандары сенің де, менің де ортақ жауымыз еді. жақсы істепсің. Ал енді бізбен одактас боп, Ташкент уәлиетін өз қарамағыңа қалдырғың келсе, екінші жауымыз Бұзахұр сұлтанды ұстап бер, не өзің өлтір. Егер мұны істемесең, біздің тарапымыздан саған кешірім болмайды, қолымызға түскен сағатыңда басыңды аламыз», — депті.

Бағанадан бері тас мүсіндей мызғымай тұрған Хақназар сәл алға қарай ұмтыла түсті. Көзінде ашу ұшқыны жарқ етті.

— Ал Бабасұлтан қандай жауап қайырыпты?

— Ағайын, достығын ұмытып, қорыққанынан Абдоллаға Бұзахұрды ұстап беремін деп уәдесін беріпті. Және оны ұстап әкелуге бір топ лашқар мен Дүстем биді жіберіпті.

— Ал бұл кезде Бұзахұр қайда еді?

— Бұдан екі апта бұрын Талас бойындағы сіздің жылқыларыңыздың біразын айдап әкеткен. Бабасұлтанның Абдолла жағына шыққанын естігеннен кейін, Жетісуға қашыпты деген сыбыс бар...

— Қан несі шыққанда қарап отыра алмайтын еді, қорқау қасқыр Шағай сұлтан қайда?..

— Баба мен Бұзахұр арасының не боларын күтіп, қалың қолмен Талас маңында күтіп жатыр деген хабар бар.

— Бәсе, өзім де солай деп ойлап едім. Қандай зұлым

еді, Абдолла! Өзіне қас сұлтандарын біріне бірін айдап салып, оп-оңай жеңіске жетпек қой! Иә, бұл опың негізгі айласы... Осылай ол Самарқант сұлтандарын да құртпақ... Айтпақшы, Тәуекел баһадүр қайда екен?

— Шағай сұлтанның қолымен бір көрінеді.

Хақназар сәл үнсіз тұрды да, Тұяққа бұйыра сөйледі:

— Маған әкелген хабарыңды тірі жан естімесін. Қазір арғы беттегі әскерлерге жет. Жолға дайындалсын де! Күн бата қозғаламыз.

— Күп, тақсыр!

Егіз ұлдарының өлгенін естірткенде, ләм-мим деп тіл қатпаған Хақназар туралы: «таста тамыр, ханда бауыр жоқ» деген осы екен ғой, деді ол ішінен.

Хақназардың ұстамдылығын тас бауырлыққа жорыған аңқау батыр осыдан екі апта өткеннен кейін, Хақназар ханның көзге түрткісіз қараңғы түнде егіз ұлының зиратына келіп, жас қабырларын құшақтап, ағыл-тегіл жыларын қайдан білсін!

Хақназар Тұяқ ойын біліп тұрғандай:

— Кімнің қас, кімнің жау екенін соңынан ұғарсың, ал қазір әскерге жет, бұйрықты орында! — деді.

Ұрлығының үстінен шыққандай сасып қалған Тұяқ:

— Күп, тақсыр! — деп, еңтігі басылған құлагерін борбайлап, өзеннің арғы бетіне қарай шаба жөнелді.

Сол күні түнде ай туа Хақназар Ноғайлы елінің жедел жинаған әскерімен бірге қалыңдығы Ақторғынды алып, Түркістан жеріне қарай қауырт сапарға шықты. Бұлар жорықтағы салтпенен еш жерге ұзақ тоқтамай, он үш тәулікте Яссыға жетті. Жолай Хақназар ағалы-інілі екі сұлтанның кездескен хабарын алды. Екі жақта көп әскер қырылып, Бұзахұрдың қолға түспей кеткенін, бірақ Абдолланың алдында «Бұзахұрдың басын әкеп беремін» деп Бабаның уәде бергенін естіді. Баба-сұлтанның өшпенділігін ұмытпаған Абдолла, Ташкент әміршісінің осы бір әлсіреген тұсын пайдаланып, Шағай сұлтанға оны өлтіруге келісім берді.

Екі әскер енді Талас бойында кездесті. Қан тағы судай ақты. Өмір үшін емес, өлім үшін ұрысқа шыққан Бабасұлтан жараланған барыстай жан ашуымен қимылдап, Шағай әскерін жеңді. Содан кейін барып, Бұзахұрды ұстап берген күнде де, Абдолламен бітімге келе алмайтынына Бабасұлтанның көзі жетті. Енді ол Сайрамға қарай бет бұрды. Ондағы ойы — аржақтағы Самар-

қант әскерімен қосылып, Абдоллаға тағы қарсы шығу еді.

Баба, Бұзахұр, Шағай сұлтандардың осы қым-қиғаш ұрыстары, аз уақыт болса да, Абдоллаға Хақназар ханды ұмыттырды. Соның арқасында Хақназар қолымен Яссыға аман-есен жетті.

Яссыға келгеннен кейін Хақназар тағы қалың ойға шомды. Баба, Бұзахұр сұлтандар мен өзіне қарсы Ақсақ Темір ұрпақтары — Самарқант әмірлерін біржола жеңіп алмай, Бұхара әміршісі Абдолла қазақ хандығына қарсы қазір соғыс ашпайды.

Ал сонда қазір қазаққа жау қай жақтан? Жау Баба-сұлтан мен Бұзахұр жағынан. Бірақ бұлар да қазір Абдолламен алысып жүріп, қазақ қауымына бет бұрар халде емес. Мейлі олар бет бұрмағанмен, Хақназар бет бұрады. Алтын басы қара жерге кіргенше, сонау Шарабхана жағасында жазықсыз төгілген қанды, күнәсіз бауыздалған қос боздағының кегін Бабасұлтанға кешпейді! Одан соң ғазиз жандардың кегін қайтарады. Бірақ қалай қайтарады?

Құншығыс Қашқар әміршісі Әбдірашиттың әкесі — Ақсу ханы Сұлтан-Саид қаза болғаннан кейін, бұл таққа он екі ұлының үлкені Әбді-Латиф сұлтанды отырғызған. Қазақ хандары мен Әбдірашит арасындағы Жетісу үшін талас енді Әбді-Латифқа көшкен.

Бабасұлтан мен Әбді-Латиф Абдолла мен қазақ хандарына қарсы жүргізген саясаттарында үнемі одақтас болып келген. Бабасұлтанның жеңілуі — Әбді-Латифтың жеңілуі. Ал Әбді-Латифтың күйреуі — Бабасұлтанның күйреуі. Оның үстіне бұл кезде қазақ елімен одақтас қырғыз қауымы да Жасылкөл жанындағы жерлері үшін күресуге құлшынып отырған.

Хақназар осы бір қым-қиғаш тартыс кезін пайдаланып, қырғыз, қазақ боп бірігіп, Ақсуды шаппақ болды.

Хақназардың өртенген жүрегі енді сәл толастады. Бірақ ол бұл шешім түбі өзінің өлімімен тынатынын білмеді. Тұла бойын өшпенділік билеген Хақназар енді қара түнді жамылып, қос перзентінің қабырының басына барды. Ұзақ отырды. Әлден уақытта ғана Ақторғынмен екеуінің тойы есіне түсті. Өн бойын дерт басқан, жаны жара, көңілі нала Хақназар, болашақ тартыстың ауыр жүгін арқалап, той сарайына келді.

Бұл кезде тойға жұрт әбден жиналған екен. Осыдан

бірнеше күн бұрын ғана Шарабхана өзенінің бойында қаза тапқан аяулы ұлдарын жерлеп, қан жылап, қара жамылған жұрт аз күннің ішінде бар қайғысын ұмыта қоймапты. Хан тойы болған соң амалсыз келген тәрізді... Қыз күлкі-назы тұншығып, жігіт әзіл-оспағы сыбырлап шығады. Әйтсе де, қаралы ханның көңілін көтергісі келгендей, Хакназар үйге кірісімен жұрт бір мезет жадырай түсіп, жиын-дұман сол қызғандай болды.

Хакназар Ақторғынды тағы көрді. Тағы жүрегі алғашқы көргендегідей дір ете қалды. Енді ол өзіне-өзі таңдана түсті. Жаңа ғана қос арланының жас қабырын кұшақтап, ұлыған аш қасқырдай ішін тартып, өксігін баса алмай, ұзақ жылағанында тіршіліктің құны көк тыңға татымай қалып еді. Ал қазір... жаңадан күн шыққандай, дүние қайтадан жарқырап сала берді. Бұл қандай күдірет, тәңірім-ау. Дәл қазір ләззат іздейтін уақыт па? Әттең дүние-ай, тіршілік өмір-бақи осындай мезеттерден ғана құрылар ма еді! Онда Хакназарға алтын тақтың да, атақ, бақтың да керегі болмас еді!

Сол күнгі түн екеуінің ең соңғы түні болды...

Әбді-Латиф Хакназар ханмен сан мәртебе кездескен. Қазақ әскерін сан мәртебе жеңген де. Бірақ осы жолғы Алтынемел тұсындағы кездесу өзгеше өтті. Хакназар басқарған қалың қырғыз-қазақ әскері ордасында ұйықтап жатқан Әбді-Латифты түн ортасында шапты. Жар кұшағындағы ханды төсегінен тұрғызбай, айбалтамен шапқылап өлтірді. Ақсудың мал-мүлкін талап, қазақ-қырғыз қолы Жасылкөлге қарай көтерілді.

Бұл лаңды естіген Әбді-Латифтың ағасы, Қашқар ханы Әбдірашит қасіреттен от басында түнеріп ұзақ отырды. Айла-тәсілдер таусылып, ақыры қарамағындағы елдің бар жігітін ертіп, Жасылкөл жағасында Артыш деген жерде бекініп жатқан қазақ-қырғыз қолына кеп тиді. Қарсы жақтың бекінісін бұзып, қазақ-қырғыз әскерімен тіктесе ұрысқа шықты. Екі жақтан қан көл-көсір ақты. Майдан екі аптаға созылды. Ақырында Әбдірашит жағы жеңді. Сойқан ұрыста қазақтың басты-басты бірнеше батыры мен Хакназар хан қаза тапты. Бірақ өлер алдында Ақ Орда ханы, басында отырған Тұяқ батырға Тәуекел сұлтанның тарихын ашып кетті.

— Әбілқайыр мырза,— деді Бұқар жырау сөзін аяқ-

тап,— сіз бұл күйге қалай жеттік дейсіз?.. Ел бірлігі жоқ жерде бұдан да сорақы күйзеліске ұшырау таң емес. Мүйізі шаңырақтай Хақназардың да қолынан келмеді бар қазақтың басын қосу.— Жырау ауыр күрсінді.— Біріктіре білсеңдер, халық деген қара тастаң да берік қой. Бірақ қазір оны іске асыратын кім бар?

Қараша үйде жанған тобылғы шоғы әлдеқашан сөнген. Бұқар жырау әңгімесі де әлдеқашан біткен. Ұйықтап кеткен адамдардың пысылдары мен үйді айнала қоршай шөккен түйелердің анда-санда ұйқылы-ояу ыңыраңдары ғана естіледі. Тек Бұқар ғана ояу жатыр. Шаңырақтан жыбырлаған көп жұлдыз көрінеді. Жырау ауыр ойда: «Қазақ елінің басынан талай қнып-қыстау кезеңдер өтіп еді, бірақ ең қорқынышты қауіпке енді тап болмаса не қылсын! Шығыс Түркістанды жұтар-жұтнастан, бері қарай Қытай айдаһары жылжып келеді. Ал Қытайдан ығып, Алтай тауынан құлаған Жоңғар қауымы болса мынау.

Россия да бұрынғы бөлшектенген Россия емес. Әлемді шарлауға шыққан екі басты самұрық күс тәрізді, әбден бекініп алған. Канатының серпіні соңау, жағасын балықшылар жайлаған ұлы Мұхитқа да жетіп қалды. Сонда... қазақ елі қандай күйде? Жұрттың басын біріктіріп, жауына қарсы шығар кімі бар? Болат, Сәмеке, Барақтар ма елге тірек болар?.. Жок, оларға қарағанда осы Әбілқайырдан бір үміт бар ма, қалай? Әй, білмеймін. Халықты соңынан ерту үшін кемелгердің ақылы керек қой адамға! Әлде қара басының қамын ойлап, бұл да бір бүйірге бұра тартып жүре ме, кім білсін? Жыраудың безек қаққан ұшқыр ойы — елінің тағдырын қолына алар жаңа қайраткерін іздеп шарқ ұрды. Неге екені белгісіз, оның қиялы жанында шалқасынан түсіп, қаннен-қаперсіз ұйықтап жатқан Әбілмансұрға қайта-қайта орала берді.

— Бітісі бөлшек екен, ұл туса осындайлардан туар...— деді ол ақырын күбірлеп.— Хан болса несі бар. Асыл тастаң, ақыл жастан. Бірақ қаптаған Сәмеке, Барақ, Әбілқайырлар бұған жол берер ме? Кім біледі, алғырлық, ерлік кейде өзіне-өзі жол салатын да кезі болатын еді.

Жырау қалжыран жатып, таң ата ұйықтап кетті.

Күн шыға оянған Бұқар үй сыртындағы қыбырлап жүрген адамдардың Әбілқайыр нөкерлері екенін білді. Жанында Әбілмансұр сол қалпында ұйықтап жатыр. Тек көзіне Ораз құл түсе қоймады. Жүрер алдында қолтығынан көтеріп атына мінгізген Әбілмансұрдан:

— Үлкен түйешіні көре алмадым-ау, ол қайда? — деп сұрады.

— Қайда екенін мен айтпайын, сіз сұрамай-ақ қойыңыз.

Бұқар жырау ауыр күрсінді. «Иә, сұрқия сұм бұл заманда құл бейшалардың тағдыры, міне, осылай шешіледі».

— Ол сенің жауың емес еді ғой...

— Жұрттың бәрі қазір менің жауым.

— Олай болса, сенің өрісің де ұзаққа бармайды екен.— Бұқар жырау жас түйешіге түксең қарады.— Біздің қазір екі-ақ жауымыз бар. Бірі — сыртқы жау. Екіншісі, жұрттың басып қостыртпай, бөлшектеп билегелі жүрген би, сұлтандар. Ел қамқоры болам деген адам бұны білсе керек. Қайратың тасып бара жатса, халықтың адал ұлдарының қанына ортақ болғанша, қолыңа қару алып, жауға неге шаппайсың?

— Кезегі келгенде жауға да шабамыз. Ал, Ораз құлды мен өлтіргенімді қайдан білдіңіз?

— Көзің айтып тұр.

— Ендеше ешкімге тіс жарушы болмаңыз.

— Неге?

Әбілмансұр Бұқар жыраудан көзін алмай тесіле қарады.

— Түбі Үш жүздің ханы мен боламын, Бұқар аға?! Ал сіз қазақ халқының ел болғанын тілейсіз ғой...

Бұқар жырау жүрмекші боп ыңғайлана берді.

— Бүгіннен бастап мен енді Әбілмансұр емеспін! — деді жас түйеші.

Бұқар жырау оған тандана көз тастады.

— Кімсің сонда?

— Абылаймын!..

— Абылай?.. Қанішер Абылай сенің атаң еді ғой? Қазақ елі бұл аттан қорқатын...

— Менен де қорықсын!

III

Түркістанды жау қолына беру — намысқор Елшібекке қазақ ордасының шаңырағы күйреп, жерге құлағандай көрінген. Бармагын шайнай-шайнай бұл ауыртпалыққа да көнуге мәжбүр болды. Көзінде жасы, жүрегінде ашуы, сонау ең ақырғы сұрапыл дауылды қара түнде, амалы жоқ, шаһарды тастап, ең сенімді деген бір топ жігітімен қазақтың көне астанасының бірі Сауранға беттеді. Жауынан Түркістанда ала алмаған кегін Сауранда алмақ. Бұл қаланы кеудесінен жаны шыққанша қорғамак...

Елшібекке ермеген жұрттың біразы Сауранды айналып өтіп, Ташкентке қарай шұбырды. Біразы Түркістаннан ұзамай, Сырдарияның жағасындағы қалың қамысқа барып тығылды.

Ертеңіне боран да тыйылды, бос қалған шаһарға күн шыға Шүно-Дабо әскері де кірді.

Түркістанда Сыбан Раптан қонтайшы кеңесін шақырды. Өзінің басты бәләдүрлері мен нояндарының ақылы бойынша, бұлар енді Сырдария мен Амударияны жағалай отырып, Жайық, Еділ өзендеріне дейін өтіп, сонау Айдархан (Астрахан) түбіндегі қалмақ аймағымен ұштаспақ болды. Бұл жолды Ренат та мақұлдаған. Арқа жеріне Бетпақдала, Қарақұм арқылы жүрудің қауіпті екенін еске алып, ол жаққа келесі жазда Ертіс бойындағы төлеуіт (ақ қырғыз), телес, мұндас, Енисей қырғызы, құман, челкан сынды ойрат тұқымдас Батыс Сібірде тұратын ұсақ руларды қоса отырып, қазақ жеріне Есіл, Тобыл өзендері жағынан тиюді ойлады. Сөйтіп, сонау Қытай шекарасынан солтүстіктегі Тобыл, Есіл өзендеріне дейін, күнбатыста Еділдің бергі жағасынан, күншығыста Ертістің арғы бетіне дейін жайлаған қазақ елін біржолата өзіне бағындырып, Сыбан Раптан атасы Батурдың қолынан келмеген ұлы Жоңғар хандығын құрмақ болды. Бұл бұл ма, қазақ жері аз болғандай, ол Россия патшалығына жататын Түмен, қазіргі Красноярск, Кузнецк қалаларын да Бірінші Петр патша өз еркімен берсе — қолынан, бермесе — жолынан соғысып тартып аламыз десті.

Он бес кез анаконда деген әпжылан өзінен бес есе жуан бұқаны жұтады екен. Осыншама жерді басып алған қазақ елінен халқы үш есе аз Сыбан Раптан, өзінен

жүз есе халқы көп Қытаймен соғысамын деп жүрген Сыбан Раптан, расында да осы анаконда эпжылап тәрізді еді. Қазақ елін дәл осы бастары бірікпей, быт-шыт болып жүрген кезінде жұтып жіберуі де ғажап емес-ті. Бірақ бұл «өгізді» қай жағынан жұту керек? Анаконданы ұстауға шыққан адамдар өгізді қарсы жібермейді, жанынан қашырады. Қашып бара жатқан бұқаның анаконда арт жағынан бас салып жұтады, бұқаның алпамсадай бүкіл денесін қылқытып жұтқанменен, тамағынан шаңырақтай қос мүйізі өтпейді. Бұқаның денесін не құсып тастай алмай, не жұтып жібере алмай, қақалып жатқан қомақай анаконданы айдаһар ұстаушылар, аузынан шығып тұрған бұқаның қос мүйізімен сүйреп әкеліп, темір торға бір-ақ кіргізеді. Сыбан Раптан да осынау қазақ жері деген алып «өгізді» қай жағынан жұтқанын аңғармай қалды. Арт жағынан жұтып, осы алып даланың қос мүйізі тәріздес сонау Россиямен шектес Еділ мен Жайыққа жеткенінде, оны әрі қарай жұта алмай қалатынын еске алған жоқ. Өйткені, оның осы қос мүйізге жетуін әдейі күтіп отырған Россия атты алып күш жатқанды. Егер Сыбан Раптан осынау қалың әскерін Жайыққа қарай емес, Үргенішке қарай бұрғанында, кім біледі, оның қанды семсер — көшпелі хандығы өз аңқарақтылығына өзі тұншықпас па еді, қайтер еді...

Бірақ адамды құдай адастырар алдында ең алдымен ақылынан айырады. Күз тоқсанның ең ақырғы айында Сыбан Раптанның баласы Қалден Цереннің қолы Түркістаннан шығып, Жанақорғанға беттеді. Бұл жолы оның қарамағында қырық мың атты әскер бар-ды. Өзге әскерін жаулаған жерін немденуге қалдырған. Бірақ, Жанақорғанға таяған кезде, бүкіл әскеріне кілт тоқтауға тура келді. Бір күн бұрын алға жіберген қызы Хоча басқарған барлаушы топтан: «Алдымызда қапқан қазақ әскері келе жатыр» деген хабар жеткен. Сыбан Раптан таң қалды. Қайдағы әскер? Кім басқарып келеді? Сонау Құлжадан аттанғалы алты айдан бері қарсы келер жөнді күшті көрмей әбден асқынып алған Сыбан Раптан, қызына кісі шаптырды.. «Қайдағы әскер? Ондай қалың әскер шығаратын қазақтың көбі қырылған. Сенің көргенің сірә қазақтың көп малы болар. Абайлап кара, егер көргенің шынында мал болса, онда айдап алуға қанша адам жіберейін, тез хабарын бер», — деді. Өзі енді әскеріне тағы алға қарай жүруге бұйрық берді. Бі-

рақ Хочадан тағы хабар келді. «Алдымыздағы бізге қарсы келе жатқан қазақтың Кіші жүзінің әскері екен. Бастап келе жатқан Әбілқайыр хан... Аз дегенде отыз мыңдай... Осындай қалың қол оң жағымыздан — қазақтың Орта жүзінен де бүгін-ертең келмек көрінеді. Оны Болат ханның інісі Сәмеке басқарып келеді дейді қолға түскен жігіт... Екі жақтың әскері Шнелі тұсында түйіспек көрінеді. Әбілқайыр әскері қазір осы Шнелі жағасына қостарын тікті. Шамасы Сәмекенің әскерін күтпек тәрізді... Жау қарасы әбден шоғырланғанша, сол жерде аялдау керек. Келе жатқан жауды күтпеген жерден шабуылдасак, жеңіс біздікі болатынына дау жоқ» депті қызы.

Сыбан Раптан алдында жау бар екенін енді ұқты. Бірақ қызының берген ақылына қарқ-қарқ күлді. «Отыз мың әскерге келетін тағы отыз мың әскерді күт дейді. Со-сын барып олар келе жатқанда ойламаған жерден қарсы шыға кел дейді. Ақылыңа болайын! Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа деген, міне осы! Егер Әбілқайырдың отыз мың әскері болса, менің қырық мың әскерім бар. Және қандай әскер! Кілең сен тұр — мен атайын! Мұндай қырық мың әскермен қашан да болса отыз мыңды жеңуге болады. Әбілқайырдың отыз мыңына Сәмекенің отыз мыңы қосылуын мен неге күтемін? Одан да олар қосылмай тұрып, Әбілқайырдың әскерін неге қырып тастамаймын? Мейлі, келе берсін, содан кейін Сәмекенің отыз мыңы, Онымен де айкасуға күшім жетеді». Ол осыны баласы Қалден Церен мен Ренатқа айтты.

Ренат:

— Егер біз барғанша, аржағынан Сәмекенің әскері жетіп қалса қайтесіз? — деді.

— Қайткен күнде де Әбілқайыр әскеріне Сәмекеден бұрын жетуіміз керек! Бар айла осында.

— Біз соғысып жатқанда Сәмеке әскері жетсе қайтесіз?

— Сәмеке әскері жетпей тұрып Әбілқайырды жеңуіміз керек.

— Бұл біздің ойымыз ғой. Ал Сәмеке әскері бізден бұрын жетіп, не болмаса біз алысып жатқанда жетті делік?

— Онда біз жеңілдік.

Сөзге Қалден Церен енді ғана кірісті.

— Ондай қауіп туатын болса, осы арада кідіре тұрып, арт жағымыздан тағы жиырма мың әскер алдырға-

нымыз ақыл емес пе? Алпыс мыңға алпыс мың, жеңіс әрқашан да біздің жақта болады.

— Онда да біз жеңілеміз.

— Қалайша?

Сыбан Раптан қарқылдап күлді.

— Қанша жер, қанша қала алғанымызды білесің бе? Сонда алған жеріңді алақаныңмен басып отырасың ба? Бар әскерді мұнда алдырсақ, қорыққанынан бағынып отырған ел үндемей отыра ма? Жоқ, Қалден ноян, қарсы келген он бес жауыңгерден артынан аңдып мылтық атқан бір адам қауіпті! Жнырма мың — алған жерімізді басып қалуға керек. Ал ондағы әскеріміз қазір жнырма мыңнан сәл ғана асады... Алты айдың ішінде он мың қалмақ оққа ұшты. Бес мыңдайы дала қазағы, тау қырғызымен айқаста қаза тапты. Олардың орнын осы жорықтан қайтқан соң, қысты күні ғана толтырамыз. Ал қазір, нартәуекел. Отызға — қырық! Біз жеңуіміз керек!

Ренат ақырын жымиды.

— Оныңыз рас. Сәмекеден бұрын жетіп, жауды жеңу — бізге қалған жалғыз жол.

Ол іштен Сыбан Раптаннның қолбасшылық дарынына таң қалды. Шығыстан шыққан ұлы әскери қолбасшылар — Атилла, Шыңғыс хан, Бату, Ақсақ Темір — бәрі де хат танымаған, өзінен бұрын өткен елдердің әскер құру, соғысу тәсілдерін де білмеген адамдар. Бәрі де өз жолдарын өздері салған. Олар қашан да болса, жауын жеңуді білген. Бүкіл әлемге аты шыққан Шыңғыс ханның дүние жүзін аламын деп талпынғанда не бәрі екі жүз мың әскері болған. Сонымен қанша елді, қанша жерді басып алды! Оған қарағанда, Сыбан Раптаннның ісі баланың ойыншығы тәрізді. Жоңғар хандығы әрі кетсе жүз мың әскер шығара алады. Сондай әскермен, әрине, бір қазақ жерін өзіне қарату — Сыбан Раптаннның қолынан келеді. Қазіргі ойлап тұрғаны да сол ұлы сенімнің ұшқыны. Тек бұны қолдай білу керек.

— Ал, бастық атқа қамшыны, — деді Сыбан Раптан енді бөтен сөзге келмей, — қараңғы түсе біз де жау шебіне жетуіміз керек!

Қатты желіске салып, қырық мың қол шаңқай түстен бесінге дейін жүрді. Күн еңкейе Сыбан Раптаннның алдыңғы шебі Шиелі өзеніне жиырма шақырымдай жердегі бір қоғалы көлге келіп жетті.

Осы арада қызы Хоча басқарып кеткен барлау тобы-

на кездесті. Жоңғар барлаушылары қалың қамыс арасындағы қостарынан шығып, ат үстіндегі қонтайшыларына иіліп тәжім етті. Хоча әкесін атынан түсіріп, өз шатырына қолтықтап алып кірді. Аздан кейін Қалден Церен мен Ренат та келіп, есік жақтан бір тізелеп орын алды. Қыз үн-түңсіз, босағада тұрған торсықты пісіп-пісіп жіберіп, шара аяқпен алдыменен әкесіне, содан кейін ағасы Қалден Церен мен Ренатқа қымыз құйып берді. Сыбан Раптан қымызды сусынын қандыра ұзақ жұтты да, есік алдында үймелеп тұрған барлаушыларға көз жіберіп:

— Шәңгерек ноян қайда?— деді.

Хоча әкесінің босаған шара аяғын толтыра қайтадан қымыз құйып, қолына ұстатты да:

— Шәңгерек ноян қос сыртында өліп жатыр,— деді.

Сыбан Раптан қымыздан тағы бір жұтты.

— Кім өлтірді?

— Мен өлтірдім...

Сыбан Раптан қызынан «неге өлтірдің?» деп сұраған жоқ. Қымызын ішіп болды да, сыртқа шықты.

— Қайда?— деді ол қызына.

Хоча үн-түңсіз әкесінің алдына түсіп, елу қадамдай жер жүрді де, қамыс қоршаған алаңда шалқасынан сұлап жатқан жігітті көрсетті.

— Міне.

Жігіт сом денелі, жиырма бестер шамасында екен. Үстіндегі киімі де, қару-жарағы да бұл жігіттің Жоңғардың белді руынан шыққанын көрсетеді. Оның дәл жүрек тұсынан қадалған садақ оғы сол қадалған қалпында тұр. Суырып алмапты.

— Иә?— деді Сыбан Раптан қызына қабағын түйе қарап.

— Жазығы болды, өлім жазасына бұйырдым,— деді. Хоча айылын да жимай.

— Шәңгерек ноянды өлім жазасына бұйыру үшін гым үлкен айып керек. Не істеді ол?

Жиырма бес жасар Шәңгерек ноян Сыбан Раптан-ның үзеңгілес серігі, Жоңғар хандығының ең бір бай адамы Меркит руының бәһадүрі Дода Жоридың жалғыз баласы болатын. Былтыр әкесі Сыбан Раптанға кеп құда түскен. Хочаны Сыбан Раптан Шәңгерек ноянға бермек болған. Екеуінің қосылу тойы қысқа белгіленген. Бірақ неге екені белгісіз, Хоча Шәңгерекке күйеуге

шыққысы келмейтінін әкесіне білдірген-ді. Қызының ерлігі, өжеттігі үшін өте жақсы көретін Сыбан Раптан оның бұл сөзіне мән бермей, жай әшейін «құлап түсті» демесін деп айтып жүргені шығар деген де қойған. Расында да, Шәңгерек ноян ата жағынан да, байлығы, ерлігі жағынан да Хочадан кем емес-тін. Хочаның оны сүймеймін деуі кімге болса да адам паңғысыз сөз еді. Расында, қызды Шәңгерек ноян ұната қойған жоқ. Оның өмірден күткен жары мұндай емес болатын. Бірақ, бүкіл Жоңғар елі қас-қабағына қарап отырған қонтайшы Сыбан Раптанның қаһарынан қорқып, Шәңгерек ноян Хочаны алмаймын дей алмады. Әрине, жігіттің өзін менсінбегенін ұққан Хоча қатты қорланған. Әкесіне ол мені ұнатпайды деуге арланып, «мен оған күйеуге шыққым келмейді» деген. Әкесі алғашқы кезде бұл сөзге мән бермесе де, бертін келе «осылардың арасында бір пәле бар ма?» деген ойға келіп еді. Қатар жүріп, бірін-бірі ұқсын, жаудан бірін-бірі қорғай білсе, ерлік арқылы тіл табысар деп, Шәңгерек ноянмен бірге Хочаны да барлауға жіберген. Өз ойының ақталмағанына көзі жеткен Сыбан Раптан бойын ала бастаған ашудан екі беті түктене түсіп:

— Иә?!— деді қызына қарап.— Қандай айыбы болды?

— Айыбы мына жігіттен басталды,— деді Хоча, сөйтті де аяғын жылдам басып барып, Шәңгеректің ар жағындағы топ қамыстың арасын ашты. Сыбан Раптан, Қалден Церен, Ренат үшеуі ар жағында үсті-басы қапқан боп өліп жатқан қазақ жігітін көрді.

— Иә?!— деді тағы Сыбан Раптан.

— Кеше таңертең осы көлдің тұсынан Әбілқайыр әскеріне қарай шауып бара жатқан бір қазақтың қызын көріп қалдық. Аты жүйрік екен, менің «Кұмай төсім» зорға қуып жетті. Таяй беріп, қыздың мойнына арқанымды лақтырып әзер ұстадым. Қыздың қару-жарағы жоқ... Бірақ өзі тым сұлу екен. Оны бір көргеннен Шәңгерек ноян есінен айрылғандай күйге жетті.— Хоча ашудан сөйлей алмай, тұтығып тұрып қалды.

— Сосын?— деді әкесі қабағын қарс жауып.

— Қыздың Әбілқайыр әскеріне біздің келе жатқанымызды хабарлауға бара жатқаны сөзсіз. Бұндай ерлік қазақ қызының көбінен шығады. Мен одан жауап алғым келіп, бірнеше сұрақ қойдым. Қыз бір айтқан сөзінен таңбады. «Мен сендерге ештеңе айтпаймын, өлтірсең-

дер — өлтіре беріндер». Қайсарлығына ыза болып, оны өлім жазасына бұйырдым. Бірақ, Шәңгерек ара түсті. «Әзірге өлтіртпеңіз, бүгін айтпағанмен, сырын ертең айтады, қазір ызадан айтпай тұр» деп маған жалынды. Мен Шәңгерекке қыздың өте ұнап қалғанын түсіндім. Енді Шәңгеректің де жүрегін өртегім келді; «Қазір дәл осы арада қызды өлтіріңдер!» — дедім жігіттерге. Шәңгерек «өлтірмендер!» — деп бұйырды. Мен: «өлтіріңдер!» дедім. Барлаушы жігіттердің көбі Меркіт руынан болғандықтан ба, әлде қызды аяды ма, енді бәрі маған жалынды. «Қайтесіз қару-жарағы жоқ бір қыздың қанын төгіп, одан да қонтайшыға тартуға апарайық» деді. Өтініштерін орындамасам, ызадан өзіме зақым келтіріп жүрер деп айтқандарына көңілдім. Бір жағынан қызды Қалден Церенге алып беріп, Шәңгеректің жүрегін біржолата күйдірейін дедім. Өйткені қыз менің олжам ғой, кімге берсем де еркім бар емес пе?

— Иә, сосын?

— Қыз шын әдемі еді. Оны өлтірудің өзі де сұлулыққа істелетін бір ұлкен қиянат боп көрінді маған. Бірақ, Шәңгеректі қызғандым. Неге екенін білмеймін, қызды өлтіртпек түгіл, оның қол-аяғына кісен де салғызбадым. Енді қыздың күзетін басқа жігіттерге бұйырып, Шәңгерекке тек қыздың атына ие болуды тапсырдым...

— Сосын?!

— Сосын... Қолдың арғы бетіндегі барлаушыларым тағы бір қазақтың жігітін ұстап әкелді... Бұ да сұрағыма жауап бермеді. Мен енді жігіттің тақымына қыл бұрау салғызып бұраттым. Тұтқын қыздың сұлулығына күйіндім бе, «сен нәзік сұлусың ғой, бауырыңды құлындай шыңғыртып жатқанда сенің сұлу түрің қандай болады екен көрейін» деп жігітке қылбұрауды тұтқын қыздың көзінше салғыздым. Қыл шылбырды бір-екі рет бұрағанда-ақ жігіттің құлындағы даусы құраққа жетті. Қыздың бетіне қарап едім, сұп-сұр боп ернін тістеп қатып қалыпты. «Бәлем, солай ма екен!» дедім ішімнен. Енді оның көзінен аққан жасты көргім келіп кетті. Жігіттерге «тағы бұрандар!» дедім. Сол кезде тұтқын жігіт шыдай алмады.

— Сұрағандарыңның бәрін айтайын, — деді жалын- нып.

Қыздың бетіне қарап едім, оның анау тұтқын жігітке жеркенішпен, өшіге қарап тұрғанын байқадым.

Мен жігіттен жауап ала бастадым.

— Сен кімсің?

— Әбілқайыр ханның барлаушысымын,— деді ол.

— Әбілқайыр әскері қай жерде?

— Шиелі түбінде...

— Қанша қол?

— Отыз сан...

— Бері қарай қашан аттанбақ?

— Орта жүз әскерінің келуін күтуде...

— Сәмеке қанша қолмен келмек?

— Отыз сандай.

— Қашан келіп қосылмақ?

Жігіт жауап қайтарып үлгірген жоқ, жанымда тұрған қазақ қызы бір-ақ атылып тұтқынның жанына барды, мен оның жоғары көтерілген қолынан жарқ еткен алмас кездікті көріп қалдым. Жүгіріп жанына барғанымша, ол қолындағы кездікті тұтқын жігітке сілтеп те үлгірді. Жігіттің тақымына қылбұрау салып тұрған менің жігіттерім не болғанын байқап та үлгірген жоқ. Тұтқын жерге сұлқ құлады. Қыз кездігін дәл жүрек тұсынан қадапты.

— Сосын?!

— Сосын не болсын... Сәмеке әскерінің бұл араға қашан келетінін біз біле алмай қалдық. Мен енді қызды өлтіргім келмеді. Елдің намысы үшін қандай қиындыққа болса да шыдайтын қайсар сұлу елінің намысының қалай төгілгенін өз көзіменен көрсін деп, әдейі тірі сақтағым келді. Қол-аяғын кісендеп, сендер жеткенше, түнімен күзетіп шығуды нөкерлерге бұйырдым.

— Сосын?!— Бұ жолы Сыбан Раптанның дауысы темір тор ішінде тұрып ызаланған жолбарыстың гүрілітіндей тым қатты шықты.

— Сосын... Сосын Шәңгерек ноян, мен барлауға кеткенде, күзеттегі меркіт жігіттеріне бұйрық беріп, қыздың қол-аяғындағы кісенін алдырып босатып жібереді... Шәңгерек ноянға қыз: «егер тірі кездессек, бұл жақсылығыңды өтеймін» деп рахметін айтып, атына мініп, Әбілқайыр ханның әскеріне қарай қашып кетеді.

— Демек, Әбілқайыр хан біздің келе жатқанымызды біледі екен ғой?

— Әрине.

— Қап! Сосын?!

— Сосын... мен Шәңгерек нояннан қызды неге босаттың деп сұрадым.

«Қызды мен босатпағанымда, сен оны бәрібір өлтіретін едің ғой»— деді ол. Мен: «өлтірсем ше»,— дедім. Ол: «Одан өзімнің өлгенімді артық көрдім»,— деді. Мен: «Қызды өлтірмей-ақ өзімнің аға-інілерімнің біреуіне беретін едім ғой»,— дедім. Ол: «Онда мен сені де, өзімді де өлтіретін едім»,— деді. Сонда ғана барып мен Шәңгерек ноянның ол қызға шын ғашық болып қалғанын ұқтым. Өзімді-өзім ұстай алмай, оны өлім жазасына бұйырдым...

— Бекер еткенсің. Әкең қонтайшының шешімін күту керек еді...

Бағанадан бері сазара сөйлеп тұрған Хоча:

— Әке, менде де жүрек, сезім, намыс бар емес пе?— деп, өкіріп қоя берді.

Тас жүрек Сыбап Раптан қызының Шәңгерек ноянды қаншалық жақсы көріп келгенін енді ғана түсінді.

— Өзің емес пе едің оған шықпаймын деген?— деді ол кеңет сәл босаңсып.— Жә, болды, ондай жігіт сенің бір тамшы жасыңа тұрмайды! Бүкіл жоңғар халқының тілегін бір қыздың сұлулығына сататын бала өсірген Дода-Жордидың өз обалы өзіне!

Қонтайшы кілт бұрылып, жуан, қамыт аяқтарының өкшесі біріне-бірі тиіп, атына қарай жүре берді. Тек қаңтарың қойған ер басынан тізгінін алып, аяғын үзеңгіге сала беріп, баласы Қалден Церенге:

— Хоча қазақ қызын өлтіріңдер дегенде, өлтіртпей тірі алып қалған меркіт жігіттері бірі қалмай осы арада ажал тапсын!— деді.

— Құп!

Қонтайшы алпыстан асып кеткеніне карамай, тоқпақ жалды торы айғырына, үзеңгісіне аяғы тиер-тиместен ырғып мінді де, батысқа қарай желе жортып жүре берді. Хоча мен Ренат соңынан ерді. Бүгінге дейін Жоңғар елінің жеңісі үшін жан қиып келген жетпіс жігітті бір сәт қана көңілшек болғандары үшін өлім жазасына бұйырған Сыбап Раптанның қатыгездігінен жаны түршіксе де, Ренат өзінше тұжырым істеді: «Өзгеге әмірін жүргізем деген адам осындай тас жүрек болуы керек. Бұндай болмаған күнде Шыңғыс хан әлемнің тең жартысын басып ала алмас еді» деп ойлады.

Хоча тобына кездесіп, Шәңгерек поянының өліміне себепкер болған — ерлігімен жұрт көзіне түсе бастаған, Бәсентін Малайсарының қарындасы Гәуһар еді. Арғын руының бір тармағы Бәсентін ол кезде Ұлытау төңірегін жайлайтын. Маңайында сауда-саттық ететін үлкен шаһар болмағандықтан, Ұлытау, Арғынаты маңайындағы қалың қазақ ауылдары Түркістан, Ташкент қалаларына кіре тартып, жүн-жұрқасын, тері-тересегін, кейде үйірлен жылқысын, қотандап қойын айдай кеп, базарларына сатып дүкендерінен қап-шайын, киім-кешегін, қала берді, ақыреттік бөзіне дейін алып қайтатын-ды. Кей жылдары бұндай қала шыққан керуендер Бұхара, Хиуаға дейін де баратын. Биыл Малайсарының ауылы Түркістан базарына керуен тартқан. Келер жылы Есіл бойындағы бір ауқатты адамның баласына бермек боп отырған Гәуһарды әке-шешесі, құтты жеріне қонар алдында құрбыларымен барып бой жазып қайтсын және өз көңіліне ұнаған жасауын алсын деп, керуенге ілесіп саяхат құрып бара жатқан бір топ қыз-бозбалаларға қосып жіберген.

Керуен Түркістанға жеткеннен кейін екі бөлінген. Бір бөлегі, малдарын құндылау етіп сатқылары келген ауқаттылау жағы Ташкент барып қайтпақ болған. Екінші жартысы олардың қайта оралуын күтіп, Түркістанда қалып қойған. Сол Түркістанда қалған топта Гәуһар да бар еді. Түркістан төңірегіндегі қазақ атаулы шаһарды қорғаймыз деп жатқанда, Бәсентін жігіттері кемедең қашқан егеуқұйрық тышқандай, елге кетіп қалудың ретін таба алмады. Түркістанды қорғаушыларға қосылды. Гәуһар да солармен бірге қалды. Амал жоқ, Елшібек қаланы бергеннен кейін Арқа жігіттерімен бірге Гәуһар да Сырдарияның қалың қамысының арасына тығылды. Дәл осы кезде бұларға Әбілқайыр әскерінің келе жатқаны, оған жақында Арқадан Сәмеке бастаған қалың қол келіп қосылмақ деген хабар жетті. Іле-шала «ұзын құлақ» Сыбан Раптан Әбілқайырға қарсы қырық мың жауынгермен аттанды деген суық сөзді әкелді. Бұған қоса «Әбілқайыр әскері Сыбан Раптаншың шыққанын білмейді екен, олар Шиелі бойында Сәмеке әскерінің келуін күтіп жатқанда, жоңғар қонтайшысы аңдаусызда үстерінен түспек екен» деген тағы да бір суық сыбыс естілді. Хабарсыз жатқан қазақ әскерінің, жаудың тұтқиыл шабуылынан қатты апатқа ұшырайтынын білген

пәзік сезімді, ержүректі Гәуһар енді шыдай алмады. Әбілқайыр әскеріне хабар бермек боп атқа конды. Біз ерейік деген серіктерді ертпеді. Нашар киінген жалғыз аттыны ешкім аңғара қоймас деген. Арқа жігіттерінің ең таңдаулы жүйрігін мініп жолға шықты. Сыр бойын қуалай түні бойы шабыстан таңбаған Гәуһар, таң қылаң беріп келе жатқанда, Хочалар қос тіккен қоғалы көлдің жанынан өте беріп қолға түскен. Жігіт деп ұстағаны қыз болып шыққанда Хоча таң қалды. Қыз болғанда қандай! Сан айкастан өткен, сонау Қытайдың шекарасындағы Халқадан Түркістанға дейін адамзаттың нелер сымбаттысын кездестірген қалмақ жауынгерлері Гәуһарды көргенде, мөлдір су түбінде жатқан інжу-маржан гәуһар тасты көргендей естері шықты. Шәңгерек ноянның бірден Гәуһарды өлімге кимай араша түсуі де осыдан еді.

Гәуһар босанып шығысымен сол күні сәске көтерілмей-ақ Әбілқайыр қолына кеп жетті. Ханға Сыбан Раптанның қырық мың әскері келе жатқанын айтты. Хан дабыл қағып, әскерін саңқа тұрғызды. Хан кеңесін шақырды. Тұтқын жігіт Хочаларға Әбілқайырдың отыз мың әскері бар деп білмегендіктен айтқан-ды. Әбілқайырдың бар әскері он бес мыңға да жетпейтін-ді. Мұндай шағын қолмен қырық мың жауынгері бар Сыбан Раптанға қайдан қарсы тұра алады? Бұлардың бар сенгені қалың қазақ жайлаған Арқа қолы болатын. Сол қолға сеніп жорыққа аттанған. Сол қолды күтіп, Шнелі бойына қос тіккен. Енді жаудың таяп қалғанын естіген және оған төтеп бере алмайтынына көзі жеткен Әбілқайыр бір себептен кейін шегінбекші де болды. Бірақ Адай мен Таманың батыр жігіттері оған көнбеді. Олар Алшын руының алтын ұшты найзасын жоңғар қанына малмай кейін қайтпаймыз деп кесіп айтты. Әбілқайыр, амал жоқ, әскері аз болса да, Сыбан Раптанға қарсы шығуға бел буды. Тек өздерінің аз екенін айтып, «тезірек жетсін» деп, келе жатқан Сәмеке ханның әскерінің алдынан тағы кісі шаптырды.

Болат ханның ордасына Қабанбай батыр жеткенде, хан жазғы жайлауы Нұра бойында болатын. Бірақ өзі төсек тартып ауырып жатыр екен. Бұл ел суық сөзден бұрын да хабардар боп шықты. Хан Жоңғарға қарсы

пығуды інісі Сәмекеге тапсырды. Ол бүкіл Арқа бойындағы Орта жүз руларына кісі шаптырды. «Қазақ жеріне жау шапты, аттан!» деген хабарды естіген қалың ел лезде дүрліге қалды. Қазақ деген атқа не болып, Еділ мен Ертістің, Алатау мен Есіл, Тобылдың бойын жайлаған елге ежелден соғыс деген сөз жат емес-ті. Ғасырлар бойы бұл елдің соғыссыз өткен бірде-бір жылы жоқ-ты. Ең алдымен үш жүз жыл қытаймен, содан жүз елу жыл өткен соң Еділден көшіп, әрі жатқан орыс княздарымен, Византия, Карлуктармен соғысты, бертін келе орыс княздарымен қосылып, Шыңғыс ханға қарсы шықты. Қыпшақ, Арғын, Жалайыр руларының біразы құлдыққа Египетке айдалып, соңынан мамлюк боп, кейбіреулері араб елдерінде әмір дәрежесіне жетіп, монғолдардан көрген қорлықтарының бодауына Құлағуды Египет жерінен қуды... Шыңғыс ханнан жеңіліп, Жошының қарамағына енген қазақ елі енді Алтын Орда тірегі боп, тағы екі жүз жылдай батыс көршілерімен шайқасты. Одан кейін біресе Ақсақ Темір, біресе Тоқтамыс, біресе Орыс хан, Едіге жағына ауып, Ноғай батырдың елі атанып, Алтын Орда төңірегінде елу жылдай діңкесі құрығанша бірімен-бірі жұлқыласты. Содан кейін екі жүз жылдай Сырдария бойындағы қалалары үшін алдымен Әбілқайыр, соңынан Мұхамед-Шайбани ордаларымен, артынан Самарқант, Бұхара әмірлерімен айқасты. Бұнымен қатар сол он бесінші ғасырдың басынан бастап, күні бүгінге дейін жоңғар, қытай хандықтарымен алысып келеді. Әлі алдарында қанша қырғын апат бар! Осының бәріне еті өліп көндіккен халық, бұ жолы да «Жер шетіне жау келді!» деген суық сөзді естігенде, елең ете түсті. Бірақ жерінің шалғайлығымен байланысты заматта жинала қоймады. Қырда жатқан жылқыларынан жорыққа мінетін аттарын алдыртып, босағада сүйеулі тұрған сойылдарын тақымдарына басқанша біраз уақыт өтіп кетті. Тек бір ай мөлшерінде отыз мыңға жуық жігіт жиналды. Осы жігіттердің ішінде, бүкіл қазақ еліне аттары мәлім, халқын жоңғар шапқынынан құтқаруға жан салған әйгілі батырлары: Арғынның бір тармағы Қапжығалы руынан шыққан Бөгенбай, Бәсентип руынан шыққан Сырымбет, Малайсары, Тарақты руынан шыққан Байғозы, Шақшақ руынан шыққан Жәнібек, Ұлытау бойындағы Найманның бір тармағы — Бағаналы руынан Оразымбет келді. Өздері жас болғанмен, кейбіреулері қас-

тарындағы топ жігітке басшы болуға жарағандай. Бұлардың үстіне Баянауыл мен Қөкшетау даласындағы Обаған өзенін жайлаған Уақ руларының жігіттерін ертіп, бұрын да Іле бойында жоңғарлармен сан алысқан, Арқаның ардагері Батыр Баянның өзі де жетті. Бұлар келгеннен кейін, сонау Ертіс бойындағы Қаракерейден өзіне серік жігіттерді жимақ болып, Қабанбай батыр еліне қайтты.

Әрқайсысы әр тауды мекендеген қазақ руларының әскерлері жиналғанша, жаз ортасы да болып қалды. Жұт жеті ағайынды дегендей, Арқаның жауынды-шашынды мезгілі биыл жылдагысынан ерте түсті. Сәмеке әскерінің теріс жиналуын күтпей, Батыр Баян үш мың салт атты ығай мен сығай ер жігіттерден құрылған жаужүрек қолмен Сыр бойына беттеді. Бұлар сапарға шығар алдында ғана Сәмекенің сәлемін алып, Кіші жүздің ханы Әбілқайырға шабарман жіберілген. Екі ханның уәдесі бойынша бұлар қарашаның орта шенінен қалмай Шиелі мен Жаңақорған арасындағы Сыр бойында бас қоспақты. Осы арадан ел болып бірігіп, жоңғарға қарсы аттанбақ еді. Жері шалғай Арқа жігіттері дәл бүгін-ертең жинала алмайтындарына көзі жеткен Батыр Баян, Әбілқайырмен кездесетін мезгілдері таяп қалғандықтан, «Арқаның әскерінің алды келе бастады» деп Кіші жүздің көңілін көтере тұру үшін, өзі әдейі бұрынырақ шыққан. Бұл Қөкше теңізді жағалай Қаратаудың теріскей тұсына жеткен кезде, Сәмеке де жиырма мыңға жуық қолмен Нұрадан қозғалған.

Ақылымен, ерлігімен емес, байлығымен ру арасындағы тартыста өзін жақтайтын шынжыр балақ шұбар төс шоңжарлардың демеуімен көзге түскен Сәмеке, Болат хан ауырғалы әбден лепіріп алған. Өткен жылы ғана кенжесі Құдаймендені Бөкей сұлтанның ұрпағына үйлендіріп, үш жүзді шақырған ұлан-асыр тойдың қызуы басылмай, әлі көкіп жүрген Сәмеке ырғалып-жырғалып қалың қолмен жорыққа аттанғанша, қырдың боранды-шашынды, желі өңменіңнен өтетін қарасуық күзі де басталып қалған-ды. Қөкше теңізге жетіп, оның күнбатысымен Сыр бойына қарай беттеген кезінде, бүкіл қазақ жерінің Қаракұм, Қызылқұм, Сарықұмын дәл осы тұсқа әкеліп үйгісі келгендей, адам айтқысыз қара дауыл соқты. Аспанға көтерілген құм, топырақ, киыршық тас, түбірімен жұлыпған баялыш, жыңғыл, қаңбақтан дүние

жүзі көрінбей кетті. Үйір-үйірлен матастырған жылқының кей тобы жел өтіне шыдай алмай ыруға айналды. Тек өмір бойы жылқы бағып өскен Арқа жігіттерінің ерекше ерлік қимылдарының арқасында ғана аман қалды. Дауылдың күштілігі сондай, жігіттер қос та тіге алмады. Бұл кара сұрапыл екі күн дегенде әзер басылған. Азыққа деп айдап шыққан қотан-қотан қойдың бәрі теріс қырылды. Тек түйелерге артқан бидай, тары, күрт, жент, май аман қалды. Қол қайтадан қозғалды. Бұрынғы тақыр дала енді аттың шашасына дейін көмілген құмға айналып, жайылысқа үйренген жүйріктер жүдеп-жадап, сегізінші күн дегенде Сырдың теріскей тұсына Ақмешіттен бір күндік жерге кеп тоқтады. Сәмеке осы арада ер қажап тастаған аттардың жарасына май жағып, әбден қажыған жігіттерін тынықтырып алу ойымен сәл аялдады. Осы арада ол Сыбан Раптанның әскері Әбілқайыр қолымен Жаңақорған маңайында кездесіп, қатты қырғын соғыс болғанын, Әбілқайыр қолы жеңіліп кейін қайтқанын естіді...

Сыныққа сылтау іздеп келе жатқан Сәмеке енді жалт берді. «Қыс болса келіп қалды. Жоңғар әскері де ұрысын тоқтатады. Арқа жаққа бәрібір беттемейді. Өзіміз барып тиісуіміз — шын ақылсыздық болар. Әбілқайырдың тың қолын жеңген Сыбан Раптан, біздің жадап-жүдеп әзер жеткен әскеріміздің быт-шытын шығаруы даусыз. Текке құрымыз. Одан да «есің барда — еліңді тап» деген, босқа қырылмай тұрғанда елімізге қайтайық. Құдай бұйырса, жоңғармен келесі жазда кездесеміз. Оған дейін қалың қол жинап, әбден мықталайық» деді Сәмеке. Шынжыр балақ, шұбар төс ру басшылары бұл кеңесті мақұлдады. Расында да Сәмеке әскері, осы күйінде Сыбан Раптанға қарсы шығар болса, текке қан-жоса болатыны айдап анық еді. Бір жағынан, Әбілқайыр әскерінің кейін қайтқаны Арқа жігіттерін рухани әлсіретсе, екінші жағынан, алыс жолдан жадап-жүдеп келген әлсіз қол, мұздай боп дайындалған, өздерінен екі есе көп жоңғар әскеріне төтеп бере алмайтыны да хақ. Күреске түсуге дәрменін жетпесе, құр жүректілік кімді мұратқа жеткізген. Арқа жауынгерлері Сыбан Раптанмен кездеспей кейін қайтты.

Ал Әбілқайыр әскерінің жеңілу оқиғасы былай болған. Қырық мың қолмен Сыбан Раптанның келе жатқанын Гәуһардан естіген Әбілқайыр дабыл қақтырып бар

әскерін сапқа тұрғызып, «Тәуекел!» деп Сыбан Раптанға қарсы жүрген. Бұл жолы Сыбан Раптан емес, оны Әбілқайыр ойламаған жерден шапты. Әскері шұбалаңқы келе жатқан жоңғар қонтайшысы күтпеген жерден тиген жаудан шүү дегенде сескеліп қан, сәл кейін шегінсе де, қазақ қолының анағұрлым аз екенін көріп, тез-ақ есіп жиган. Жоңғар әскерінің соңғы шептері де жетіп, Кіші жүздің жігіттері қанша ерлік көрсетіп қарсыласқанмен де, ерікке қоймай, қазақ әскерін кейін қарай ығыстыра түскен. Енді бұларды жеңуге айналдым ғой деп, ақырғы қимылына кіріскен кезде, кенет «Қабанбай!», «Қабанбай!» деп ұрандасып, қамыс арасынан Қабанбай батыр бастаған Найманның екі сап қолы жоңғар шебіне дәл өкпе тұсынан тиген. Әуелде Арқаның қалың әскері келіп қалған екен деп сәл абыржыған Сыбан Раптан, бүйірінен тиген жау жаңадан жеткен шағын жасақ екенін түсінісімен, тез-ақ бойын жинап алған.

Жоңғар қолы қайтадан шабуылға шықты. Ұрыс шиеленісе түсті. Күн екіндіге таяп қалған кез. Қазақтың бұдан басқа әскері жоқ екеніне көзі жеткен Сыбан Раптан, өзінің көптігін көріп, әскеріне «бірде-бір қазақ жауынгері құтылушы болмасын, жан-жағынан қорша алыңдар!» деп бұйрық берді. Жоңғар әскері қонтайшысының бұйрығын орындаған. Ұрысқа қызу кіріскен Әбілқайыр өздерінің қоршауда қалғанын күн батып бара жатқанда бір-ақ білді. Қандай қақпанға түскендерін аңғарған Кіші жүздің жігіттері қашып құтыла алмайтындығын түсінісімен-ақ, өлімге біржолата бел бұған. Бірақ жастықтарын ала өлмек болды. Қазақ жігіттерінің ерлігі, қайсарлығы бұрынғысынан он есе, жүз есе арта түсті. Қазақ жігіттерінің оңай берілмейтініне көзі жеткен жоңғар жауынгерлері де барын салды. Екі жақтан да бірдей батыл қимыл, қан-жоса кескілесу басталды. Бірақ көптің аты көп, Әбілқайыр қолының жан-жағынан темір қоршау бірте-бірте тарылып, қазақ жігіттерінің қоршаудан шыға алмай қырылатыны шындыққа айнала бастады. Сонда да әйгілі Адай, Тама, Найман жігіттерінің қоршауында маңына жан жуытпай жүрген Әбілқайыр «жеңілдім» деп қол көтермеді. Бұған ызаланған Сыбан Раптан «қазақтың бір де бір жауынгері тірі қалмасын!» деп тағы жарлық берген. Қанды көрген қасқырдай қазақты қыруға әбден құнығып алған жоңғар қонтайшысының бұл бұйрығын орындар ма еді — қайтәр

еді, кенет солтүстік жақтап «Аруақ!», «Аруақ!», «Ақжол», «Ақжолдаған!» айбарлы ұран шықты. Бұл кезде күн де батып бара жатқан-ды. Ойламаған жерден айбарлы ұран шыққанда Сыбан Раптан шын сасып қалды. Сәмекенің қолы шын жеткен екен деп ойлады. Ал бұл жеткен — бар болғаны үш мың жауынгері бар Батыр Баян еді. Ол Іте бойында бұрын да қалмақпен сан айқасқан, сан жеңген, жау жағына бұрышып белгілі батыр. Ақбоз атын қол алдында көсілдіре салып келе жатқан жігітті көргенде, жоңғарлар «Батыр Баян!» деп шу ете түсті. Жау шебінің бір жағы шетіней бастады. Сол шетінеген тұстан Әбілқайыр әскері қоршаудан босанып шыға берді. Бұл кезде қас қараюға айналған. Заматта қараңғы түсіп кетті. Енді екі жақ та ұрыстарын тоқтатып кейін шегінді. Осылай Батыр Баянның ойда-жоқта пайда болуының арқасында бір қырғыннан сау қалған Әбілқайыр әскері, майданда әскерінің тең жартысын көмусіз тастап, содан әрі шегіне берді. Шегінбеске амалы да жоқ-ты, Батыр Баянның үш мың әскерін қосқанының өзінде қарамағындағы әскердің бар болғаны он мыңға жетер-жетпес. Ол он мыңмен өзінен үш есе көп жоңғарға не істейсің? Батыр Баян сөзіне қарағанда, Сәмеке қолы әлі алыста...

Сәмекенің алыста жатқанын білмеген Сыбан Раптан да Әбілқайыр қолын қумады. Артымнан Сәмеке әскері түре соғар деп қорықты. Содан, екі әскер екі жаққа қарай шегінді. Сөйткенше болған жоқ, бұ жаққа да күз келді. Жаңбыры жоқ, қары жоқ, күпілі адамның өкпесінен өтетін бүкіл Сыр бойының жұртына мәлім қарасуығы басталды.

Сауран қаласы Отырар, Сығанақпен қатар салынған қазақ елінің көне бекінісі еді. Бұл қамал жағалай қазылған, ұзындығы жиырма бес, тереңдігі он бес кез, тіптік ормен қоршалған. Ордың түбінен қамалдың жоғарғы ернеуіне дейінгі биіктігі елу гыздай¹. Оның үстіне әр әмір, әр дәуірде бұл шаһардың қорғанын өзінше күшейте түскен. Сондықтан да қамалдың ғасырлар бойы келе жатқан қабырғаларын Шыңғыс хан шабуылы кезінде де тас атқыш машиналар бұза алмай қойған деген лақап

¹ Гыз — кез деген сөзден шыққан.

бар. Аңызға қарағанда, Сауран шаһарына Шыңғыс хан әскері кіре алмаған. Тек қаланы қорғаушылардың бірі қалмай аштан қырылғаннан кейін барып, монғол басқыншылары ие болған.

Түркістанды тастап кеткен Елшібек батыр, түнде қамыс арасында тығылып жатып, күндіз жүріп, үш күн дегенде серіктерімен осы Сауран бекінісіне әзер жеткен.

Қала хакімі Тұрсын бек жоңғарлардан қорқып Әндижанға қашып кетіп, шаһар тұрғындары әбігерде екен. Бұл маңайға әйгілі Елшібек батырдың келгеніне олар қуанып қалды. Бір дауыстан бәрі шаһарды қорғау жұмысын Елшібекке тапсырды. Батыр бірден жауға тойтарыс беру жабдығына кірісті.

Жер бетін әділетсіздік билеген сонау қу заманда, тарих қиянаты әлсін-әлсін қайталана беретін. Осы сұрғылт балшықты ұлы бекініс сол қиянатты әр жүз елу жылдар арасында үзбей көріп отырған. Ол қиянатты Шыңғысхан кезінде де, Әбілқайыр, Абдолла шабуылдарында да бастарынан өткізген. Міне бүгін жоңғар басқыншылары да сол қиянатты істемек. Ал қала тұрғындары бірі қалмай қырылғандарынша, шаһарларын жауға бермей қорғап келген. Бүгін де сүйтпек.

Бір кезде осы бекініс үстінде тас мүсін тәрізді күзетте Орақ батыр тұрған. Содан жүз елу жыл кейін, құл мен күннен туған, жалаң төс батырлар Қияқ пен Тұяққа кезек келген. Қазір қорған үстінде осы қос батырдың ұрпағы, алпамсадай алып денелі, құрыштай берік Науан ұста тұр.

Науан ұстаның бар күнкөрісі — көрігі мен балғасы. Арманы — арғы бабасы Қияқ пен Тұяқ салған әділеттік пен ерлік жолын адал ұстау. Ал халқы үшін жан қиған Қияқ пен Тұяқ жайындағы ел аңызы оның ана сүтіменен қанына сіңген. Сол жолдан таймасқа ол ана сүтіменен ант еткен.

Аңыз? Жоқ, Қияқ пен Тұяқ ерлігі аңыз емес, шындық! Оны ұрпақтан ұрпаққа ертегі етіп ел айтады, қос батырдың қаны тамған сұрғылт топырақты жер айтады. Бастарына қойылған құлпытас пен ерліктерін өткізген осынау берік қамал — бекініс жыр етеді.

Ата-бабасының ерлігі ұмытпастай боп ұрпақтарының жүректерінде сақталған. Мойындарына тұмар боп тағылған.

Күзетте тұрған Науан ұстаның қасына Елшібек батыр мен Бұқар жырау келді.

Мұсылманша хат танытын Бұқар жырау — қазақ тарихы қамтылған көне кітаптарды көп оқыған адам. Халқының шежіресіне әбден қанық. Ұлы арманының бірі сол халқының ерлігін үлкен дастан ету еді. Сол себептен ол қазақ елінің басынан өткен күндері ғана емес, бүгінгі күресі, ерлігіне де құлағы тігулі жүретін. Үш айдан бері Сауранның жауға берілмей тұрғанын естіп, кеше кара түнді жамылып, жау шебінен өткен. Содан бері қаласын жаудан қорғаған, аштыққа да, ажалға да көнген кара бұқара жұртын көріп, мұқалған көңілі бір жасарып қалған. Жыр шумағы бірінен соң бірі келіп, қиялында дастан да туа бастап еді.

— Арсыз ба, Бұқар-еке! — деді Науан ұста қос қолын кеудесіне қойып.

Бұқардың майдан басына келгенінен хабардар жұрт ілезде жиналып қалды.

— Барсындар ма, өрендерім! — Бұқар сүйсінгендей барлық жұртты көзімен бір шолып өтті де, Науанға бұрылды. — Арғы аталарың Қияк пен Тұяк батырлардың ерлігіне қанық едім, өз ерлігіңді көзіммен көргелі, шыбын жанымды шүберекке байлап, әдейі іздеп келдім, арысым...

— Халқыңыздың халы қыл үстінде тұрғанда келгеніңіз — бізге он сан қол қосылғаннан кем болмас! — деді Науан ұста. — Ісіміз оң болар.

— Айтқаның келсін! — кенет Бұқар жырау төңірегіне бұрыла қарады. — Бір кезде осы Сауранды Абдолла әміршіден сенің бесінші аталарың Қияк пен Тұяк қорғап еді, қазір, Науан ұста, жонғардың жолында өзің тұрсың. Шапқан жаудың екпініне қарағанда, біз әлдеқашан құрып кетуге тиісті едік, ел болып әлі келе жатырмыз, құдайдың бұнысына да шүкіршілік!

— Уа, жырау! — деп Науан ұста сәл алға аттады. — Жаңа өзіңіз айттыңыз ғой, менің бабаларым осы Сауранды қорғаған деп. Бүгін жау жағы тыныш жатыр ғой, қажыған көңілге қуат берер ме екен, солардың ерлігін айтсаңыз қайтер еді?

Жұрт шулап қоя берді.

— Ия, жырау!..

— Бабаларымыздың ерлігін үлгі етелік!..

— Налыған көңілге нәр болсын!

Халқының өткен ерлігін бір айтатын кез осы екенін ұққан жырау, көп күттірмей, сөзін бастап та кетті.

— Қазақтың басынан қандай сорақы күндер өтпеген, — деді ол толғанып. — Соның бірі осыдан жүз елу жылдай бұрын, Тәуекел ханның тұсында болып еді.

Бұхара әміршісі Абдолла өз ордасында отыр. Кенет көзі күзімсіреп, сұлу мұрты тікелей қалды. Ойда-жоқта бірдемеге қуанып кеткендей. Бірақ әміршісі ашуланса кенет көзі күзімсіреп, бетіне қан жүгіре бастайтынын көп жылдан бері білетін ақылшысы Хасен-қожа тағы да жазықсыз біреудің қаны төгілгелі тұрғанын ұқты. Ұзбір әміршісінің бұл қасиетіне үйрене алмай-ақ қойған. Алдында тұрған көжектегі жер алдында аждаһаның сілекейі көзінен жас боп ағады дейді. Әміршінікі де сол тәрізді қылық... Сонда Абдолла бұл жолы кімді жұтпақ? Қазір хан сарайында Хасен-қожадан бөтен жан жоқ. Сонда... Мұның қандай жазығы бар? Бар айыбы — Бабасұлтаннан Талас бойындағы ұрыста Шағайдың жеңіліп қалғанын естірткені ме?

Абдолла кенет орнынан тұрып, терезе алдына барды. Мұнара биіктігінен хан сарайының етегіндегі, қалың бау-бақшаға бөленген Бұхара шаһарының қиыр шетіне көз жіберді. Әр жерде сыртын сан түрлі бояуларымен өрнектеген, ернеулері құран сурелерімен безенген күмбезді мешіттер, Қалон, Чар, Минар мұнаралары, Ұлықбек салдырған салтанатты медреселер көрінеді. Хан сарайының ауласы өрік, жүзім, алма, алмұрт, інжір ағаштарымен сыңсыған жасыл бау... Ағаш арасы сылдырап аққан күміс қоңырау бұлақтар. Бұл өзбек елінің Самарқаннан кейінгі үлкен шаһары. Бір кезде бұл шаһарды Самарқанмен бірге Абдолланың бабасы Мұхамед-Шайбани Ақсақ Темір ұрпағынан тартып алған. Мұхамед-Шайбани қаза тапқаннан кейін, Бұхара қайтадан Ақсақ Темір ұрпақтарына көшкен. 1557 жылы, яғни хаджри есебі бойынша 964 жылы, жиырма төрт жасар Абдолла екінші рет жаулап алды. Содан кейін ол Бұхараны өзінің астанасы еткен. Осылай Бұхара хандығы туған.

— Бұхара әміршісі Абдолла өзбек халқының қанын қандай сorsa, Сырдарияның орта шеніндегі қазақ елінің де қанын солай сормақ болды. Бабалары Әбілқайыр мен

Мұхамед-Шайбанидың қазақ жерінен шыққанын сылтау етіп, Сыр бойындағы қазақ қалаларын өзіме қаратамын деп талай рет шапты,— деді жырау.

Абдолла терезе алдынан кейін бұрылып, жан-жағына ойлана қарады. Бірақ оның кірпік қақпай тесірмей қалған шегір көзіне — зәулім сарай еденіне төселген қырмызы қызыл фарсы кілемдері де, әшекейлі өрнекті сафьян орындықтар да, қабырғада ілулі тұрған болат аспаптары мен алтын зерлі қылыш, қанжарлары да, бұрыштағы дөңгелек арша үстелінің үстінде шарбат ішуге қойылған фарфор кеселер де, имек мойын күміс құмыралар да, бір де бірі көрінбеді. Оның шегір көзі хан сарайының мәрмәр қабырғаларын тесіп, әлдеқайдағы көкжиекке шаншыла қарағандай болды...

— Қожа, сенен ақыл сұрағым келіп тұр,— деді ол, тағы көзі күлімдеп.— Дос боламын деп ант берген жауым, басқа жауларыма достық көрсетсе, мен қандай шара қолдануым керек?

— Ондай алдамшы достардың басын алған жөн, тақсыр хан.

— Солай де... Біздің жаққа шыққан Шағай мен оның баласы Тәуекел, қас жауым Бабасұлтан мен Бұзахұрдың бастарын маған әкеп бергілері келмеді. Сенің кеңесің жөн секілді... Бірақ мен олардың басын қазақ қалаларын жаулап алған соң кесуім керек...

Бабасұлтанның опасыздығын сылтау еткен Абдолла Бірінші жұмаді айының он алтысы, бейсенбі күні, яғни бір мың бес жүз сексен екінші жылы, Тамыздың сегізінші күні, Сауран бекінісінің етегіндегі қалың тоғайдың арасына кеп шатырын тікті.

Таң атып келе жатқан мезгіл. Бір кездегі атақты Әбілқайыр бабасының лашкерлеріндей, кілең көк темір құрсанған тоқпақ жал, құлаш құйрық жүйрік мінген елу мың әскер лек-лек боп, бекіністі қоршай сапқа тұра бастады. Шаһардың сол жағында ақ боз, қара көк сәйгүлік мінген, бастарындағы болат дулығалары шығып келе жатқан күнмен шағылысқан Ұбайдулла сұлтанның жауынгерлері. Теріскей жақта күн белгісі бар қара туды желбіретіп ұстаған Абдолланың баласы Әбді-Мумин сұлтанның лашқарлары. Түстері суық, қаһарлары ызғарлы. Күнгей тұста Ұбайдулланың баласы Асфандияр сұлтанның, ірбіз басының суреті салынған алқаракөк туының астына Абдолла қарамағындағы Келдеш би, Жаң-

даулет би, Тұрсын би, Бике би секілді белгілі әмірлердің жігіттері тізілген. Дені қазақ руларынан шыққан әмірлер болғандықтан, бұлардың әскерлерінің сырт бейнесі Дешті-қыпшақ сыпайларына ұқсайды. Найзаларының басына ту етіп тұтам қылшық байлап алған. Тақымдарының астында бұзаубас шокпарлары.

Сауран шаһарының құбыласындағы тоғайлы алаңында Абдолла әміршінің алқызыл жібек шатыры көрінеді. Бұ жақта да қалың әскер. Бұл әскерлер өзгелердікінен гөрі салтанатты. Жігіттерінің киген сауыттары да ерекше зерленген. Белдерінде кілең қорасан болатын соғылған бұхардың ұзын қисық қылышы. Иықтарында ұзын мойын бітелі бұхар мылтығы. Әскер кейпі сәнді де, сұсты да.

Шаһар бекінісінің үстіндегі кереге көз аландардағы қала қорғаншылары: қала хакімі Әбді-Саттар, Қияқ, Тұяқ батырлар... Кенет бүкіл әлемді басына көтере барылдаған керней үні шықты. Оған шиқылдаған зұрнайдың ащы дауысы қосылды. Жүздеген дауылпаздар қағылып, заматта дүние біткен әлемтапырық үнге толды да кетті.

... Енді Бұхара әміршісінің қызыл жібек шатырының аржағындағы шағын тоғайдан бір топ салт аттылар көрінді. Үстеріндегі болат сауыттары күнге шағылысып жалт-жұлт етеді. Жалаңаш қылыштарын бастарына көтере ұстаған. Қорасан құрышының жүзінде күн сәулесі емес, ажалдың суық ызғары ойнағандай. Ең алдында өн бойы күміс шынжырлы сауытпен жабылған, есік пен төрдей, ақбоз ақалтеке арғымақ мінген, қырықтарға жана жеткен, сұлу мұртты, тұлғалы адам келе жатыр. Өзгелерден бұның құр ғана айбарлы пішіні, атқа тәкаппар отырысы, асыл қару-жарағы ғана емес, тағы да бір айырмасы бар. Астындағы ақбоз тұлпарының тоқпақтай кекілінің үстіне көне заман гүрпымен «бақ құсы» — аппақ сүттей тұрымтайды отырғызып алған. Егер тұрымтай жау көргенде қорқып ұшып кетпесе, батырдың жолының оң болары хақ. Ал жау қарасын көргеннен тұрымтай қаша жөнелсе, онда батырға бұл айқас қауіпті. Және, бақсы-балгерлер заманында мұндай жағдайда батырлар атының басын кейін бұрады. Жаман ырымнан сескеніп ұрысқа шықпайтын.

Атты жасақ шеткі әскер алдына жете бергенде, қайта дабыл қағылып, керней, зұрнайлар қайтадан шегін

тарта барылап, шикылдап, бүкіл әлемді азап-қазан етті.

Қамал басындағы жұрт, бұл топ Бұхара әміршісі Абдолланың тобы екенін, бәрінің алдында ақбоз ақалтекесін ойнақтатып келе жатқан айбынды баһадүрдың өзі екенін біліп сескене қалған.

Әмірші тобы сол қылыштарын көтерген қалпында Абдолланың соңынан құрық тастам жерде жұбын жазбай желе шауып, қорғанды қоршаған қалың әскердің алдынан тоқталмай өтіп келеді. Жаң-жақтарына қарар емес. Тек Абдолла топтың алдында тұрған сұлтандарын, батырларын, билерін көргенде ғана соларға қарай мойнын бұрады. Әмір, сұлтандар «Мәртебелі болыңыз, ұлы баһадүр!» деп бастарын иіп тәжім етеді. Абдолла атын ойнақтатқан қалпында әскер алдынан өте берді. Соңынан еріп келе жатқан топтың үстінен аттын ай бейнесі салынған Мұхаммед пайғамбардың жасыл туы бүкіл аспанды жапқысы келгендей, желмен ойнап желпілдейді. Ақбоз арғымақтың кекіліндегі «бақ құсы» байлап қойғандай тырп етер емес.

— Біз жеңіліп, ол жеңеді екен, халайық,— дейді құстың ұшпағанын көрген біреу.

Енді Абдолла тобы Әбді-Саттар тұрған қабырғаның тұсынан өтіп бара жатыр. Екі топтың арасы садақ оғы жетер-жетпестей мөлшерде.

— Ол бізді жеңгенше...

Қала хакіміне таяу тұрған Қияқ батыр сөзінің аяғын айтпай қайың садағына сауытбұзар жебесін салып жіберіп, Абдоллаға қарай шірене тарта бастады.

— Атап! — деді тағы бір зор дауыс.

Қияқ батыр «әттең, әттең!» деп, жебесінің ұшын жерге қаратты.

— Олай болса! — деді ағасының сол жағында тұрған Тұяқ батыр, садағын көтере беріп, тартып қалды.

Қуладун қауырсынын байлаған қозы жаурып жебе зу етті. Көзді ашып-жұмғанша, Бұхара әміршісінің астындағы ақбоз сәйгүліктің кекілінде отырған ақ тұрымтай жалп етіп жерге ұшып түсті.

— Мерген екен! — деді Абдолла жүзінен ешбір қобалжу белгісін көрсетпей. — Тұрымтай өзі ұшқан жоқ, атып құлатты ғой, бұл санаққа алынбайды. Басқасын отырғызындар.

Нөкер кейін шауып, заматта қайта оралды. Әмірші

атымен қатарласа желін, ақбоз жүйріктің кекіліне басқа бір ақ тұрымтайды отырғызды.

Абдолла ертеңіне тағы майданға шықты.

Тағы күн шығып келе жатқан кез. Қамал үстінде баяғы адамдар... Тағы көк темір асыпқан қалың әскер. Кенет дабыл қағылып, керней, зұрнайлар ішін тартып, барылдан бүкіл әлемді азап-қазан етті. Тағы кешегідей сес көрсетіп, жалаң қылыштарын басынан жоғары көтере, нөкерлерін соңынан ертіп жасыл туын желбірете, қамалды жанай ақбоз ақалтекесін ойнатқан Абдолла әмірші... Бірақ бұ жолы кешегідей емес, алыс кетіп барады. Сірә, Тұяқ мергеннің жебесінен қорыққандай.

Абдолланың ақбоз атының кекілінде қонып отырған ақ тұрымтай алыстан бір үн естігендей қанатын қағып жіберді де кеңет жоғары көтеріле берді. Қас қаққандай уақыт өткенше ол қамалға таяй түсті де, кенет кілт бұрылып кейін ұшты. Шамасы, ат кекіліне қайта барып қонбақ. Бірақ ол қонбады, ойнағысы келгендей ойламаған жерден бір бұтаға барып қонды.

— Ұстап әкеліндер,— деп бұйырды Абдолла.

Бір нөкері шапқан бойы, жерден теңге алғандай, бұта басындағы тұрымтайды қолымен алып, кейін қарай зымырады.

— Лашқарға емес, құсқа обал болды-ау! — деп өкінген дауыс шықты. Сөйткенше болған жоқ, Тұяқ қолындағы садағын көздемей тартып қалды. Абдоллага жүз қадамдай қалған лашқар қолындағы тұрымтаймен бірге жерге жалп етті. Абдолла қорған жаққа таңдана қарады да, атының басын кейін бұра сала, шатырына қарай шаба жөнелді.

— Жау тұрымтайының денесі біздің жерімізде қалды, жақсы ырым!— деді, бағанадан бері болып жатқан оқиғаға үн-түнсіз қарап тұрған Әбді-Саттар сұлтан.— Әйтсе де, ат кекілінде отырған тұрымтай кеңет неге бізге қарай ұшты? — Ол Тұяққа сезіктене қарады.

Тұяқ сәл езу тартты да, қолын аузына апарып, нағыз бір бала күніндегі құс шақыратын әдеті есіне түскендей, ақырын ысқырды.

Хакім езу тартып күлді.

— Сенің құпиянды ешкім білмей-ақ қойсын,— деді ол,— құс денесі біздің жерде қалды. Бұған халық та сенсін...

— Жау қандай айла қолданғанмен, қамалды ала алмады,— деді Бұқар жырау.— Басқыншылары қара түнде ұрланып келіп, қабырғаға баспалдақ қойса, қорғаушылар үстерінен майлы отдәрі лақтырды. Бекініс астынан жау ор да қазып көрген, бірақ Сауран бекінісінің қабырғалары он бес кездей жер астынан қаланғандықтан, одан да ештеңе шықпады. Терсе жыра өткізіп, Сырдың суымен қаланы тұншықтыруды да ойлады. Қала биікте тұрғандықтан, суы жоғары көтеріле алмай, ернеуінен асып, Абдолланың өз шатырын су әкете жаздады. Осылай арпалыста үш ай өткенде, Сайрамнан азық-түлік келу тоқтатылды. Абдолла тонаған жұрт Сайрамға жиналып, қала маңында бүлік көбейді. Енді онсыз да тамаққа жарымай жүрген Бұхара әскерінің халі тіпті қиынға айналды. Азық-түліктен ада бола бастаған әскердің арасында «осы соғыс кімге керек?» деген күңкіл де туа бастады. Көп кешікпей бар астық бітті. Әскер ашаршылыққа ұрынды. Енді жігіттер зереме ұстасып, ұтылған серіктерінің атын жейтін болды.

Сауранды қоршап болған Абдолла енді қорғанды алудың жаңа жолын ойлай бастады. Ең алдымен ол бір күні түнде Бұхара аймағының әмірі Камалиддин Хусанидиванға ат шаптырды. Тезірек Сауранға азық-түлік пен Рухадн ұста құйып жатқан «Қара бура» тас атқыш қазанын жеткіз деп бұйырды.

Жер арасы шалғай, жәрдем тез келе қоймады. Абдолла әскерінің халы күннен-күнге нашарлай түсті. Әскер арасында бүліншілік те шыға бастады.

Бұл соғыстың қажеті жоқ екеніне көзі жеткен кей жігіттер қазақ даласына қашты. Сонау Бұхара мен қазақ жерінің түйіскен тұсында, Сырдария мен Амударияның қамысты жағаларында өзбек, қазақ, түркмен, қырғыз жігіттерінен құрылған бірнеше аламан жасағы пайда болды. Олар тек қана бай мен манаптардың мал-мүлкін талап қоймады, Сауранды қоршаған Абдолла әскеріне бара жатқан, азық-түлік тиелген керуендерді де шапты.

Абдолла әскерінің халы күннен-күнге қорқынышты бола бастады.

Бір күні әмірші үстіне жаман шапан киіп, түсін өзгертіп, әскер шебін аралады. Топ жігіттің жанынан өтіп бара жатып олардың не сөйлесіп тұрғанын естімек боп тоқтай қалды.

— Қашан бітер екен бұл соғыс? — деді бір жас дауыс.

— Сауранды ал, сосын бітеді, — деп жауап берді кәрі жауынгер.

— Сауранды алсаң, «Сайрамды ал!» дейді. Сонда менің табарым не? Соғыстан олжа етіп алып барған азғантай матаң мен ақшанды елге қайтысыменен, «соғысқа керек» деп салық жинаушы тартып әкетеді.

— Берме!

— Бермей көр!

— Бәрі алладан!

— Алладан екені алладан ғой... Әйтсе де Мұрат баулап өз жолын өзі тауыпты... Аламан боп жүрген көрінеді. Жанында хан керуенін тонапты. Енді ханның өзі кездессе екен дейтін көрінеді.

— Неге?

— Оған сақтап жүрген оғым бар депті...

— Ақырын...

Абдолла әрі қарай жүре берді. Бір адамды жазалағанмен не шығады? Біреуінің басын кессең, оны наразы болады. Онының басын кессең, жүзі бүлік шығарады. Қазір әскер арасы қураған қурай секілді екеніне Абдолланың көзі жетті. Болмашы ұшқын түссе болғаны лапте қалғалы тұр. Аллалап шыдап бағу керек.

Қиын жағдайдан әміршіні сол уақытта барып Бұхарадан келген жәрдем құтқарды. Екінші Жұмаді айының оны күні Бұхарадан бірнеше «Қара бура» тас атқыш қазандары мен тоқсан түйеге тиелген азық-түлік жетті. Абдолланың жарлығы бойынша, төрт қазан Сауранның сыртында төрт жерге орнатылған. Әбден ыза болған Абдолла «Қара бура» тас атқышы дайындалып бітісімен-ақ, радендазанларға (зеңбірекшілерге) «Атыңдар!» деп бұйрық берді. Дабыл қағып, зұрнай-кернейлер барылдай жөнелді. Ал «Қара бура» қазандары астынан көтерілген бу мен жалыннан гүрсілдей ақырып, қойдай-қойдай тастарды ғасырлар бойы мызғымаған қамал қабырғаларына дүңк-дүңк ұрды. Кенет ақырзаман орнағандай дүние жүзі әлем-тапырық болып кеткен. Енді «Қара буралар» қала ішіне атылып, әр жерде өрт шыға бастады. Сонда да қала қорғаншылары «көндік!» деп қол көтермеді. Қияқ пен Тұяқ басқарған екі жүз мерген қорғанға таяу қойылған тас атқыш жанындағы сарбаздарға окты қардай боратты.

Дүние осылай астап-кестеп боп жатқан кезде Сауранға Яссыдан хат таситын көгаршың ұшып келген. Көгаршының мойнына байланған қағаздан Сауран тұрғындары өздерін құтқарып алуға, Ноғайлы елінен жиналған қалың қолмен Бабасұлтан мен Бұзахұр сұлтан келе жатыр деген қуанышты сөзді оқыды. Бұл сөз қала қорғаушыларының рухын көтеріп тастады. Енді олар «Бауырларымыз сендер жеткенше қаланы бермейміз», деп, бүкірейген шалы мен еңбектеген баласына дейін қайтадан қамал үстіне шықты. Бұлардың бағына қарай, кейінгі күндерде «Қара буралар» да дауысын сирек шығара бастаған. Өйткені, қазандарды қыздыратын Бұхарадан алып келген майлары таусылуға айналып еді.

— Ал, Яссыдан келген хабар жалған хабар еді,— деді Бұқар жырау.— Оқиға былай болған: Бабасұлтан мен Бұзахұр сұлтан Абдолладан қашып Мұғажар тауларын бөктерлей отырып Сарайшыққа жеткен. Бірақ осының алдында ғана Ноғайлы елі бағынып отырған Астрахан хандығы құлап, Астрахан қаласы бұл уақытта айбарлы орыс патшасы жандаралдарының қолына көшкен. Астрахан хандығының билері орыс патшасының қол астына енген. Бұларға көңісі келмегендердің біразы Қырымға, Герей ханның жеріне қашқан, ал кейбіреулері Ноғайлы еліне келіп паналаған.

Бұхара хандығына қарсы күресуге Түркістан сұлтандарына әскер беруге қарсы болған осы Астрахан билері еді. Бұлардың сөзін Манғыт руының беделді ақсақалдары, шонжарлары қолдады.

— Ноғайлы елінің жігіттері орыс патшасынан Астраханды қайтарып алуға керек,— деді Астрахан билері,— Ноғайлы жұртының мұң-мұқтажы осы жерде, күші мол Қырым ханына жететін жолда. Біз Қырым ханымен бірігіп, Ноғайлы жерін сақтауымыз керек. Айдаладағы Абдоллада біздің қандай шаруамыз бар? Ақ Орданың енді бізге керегі жоқ.

Ақырында Ноғайлы еліне келіп көп әскер аламын деген Бабасұлтан, шағын қолмен ғана үй ішін ертіп, өз басын өлімнен әзер құтқарып, Түркістанға қарай беттеген.

Сауран қорғаушыларына жеткен «Бабасұлтан келе жатыр» деген осы хабар еді. Бірақ әлдекімнің дуалы аузыменен өзгеріп жетті. Қастығы ма, достығы ма, кім білсін?..

— Бабасұлтаншың келе жатқанын Абдолла да естіді,— деді Бұқар, анталаған жұртқа қарап,— дереу Тәуекелді жұмсады.

Ол он күн өткеннен кейін Бабасұлтанды өлтіріп, қолға түскен баласы Латифты алдына салып айдап Сауранға келді. Жібек шатырының алдында хан тағында отырған Абдолла әміршінің аяғының астына Бабасұлтан мен Жалмұхаммед аталықтың бастарын тастай салды да, өзі бір тізерлеп, тәжім етті.

Абдолла әмірші түрегеліп, аяғының астында жатқан жауларының бастарына көз жіберіп сәл тұрды да, үстерінен аттап, анандай жерде тізе бүгіп отырған Тәуекелдің қасына келді.

— Ең қас жауынды өлтірген адам ең жақын туысқаныңнан да қымбат! — деді сұрлана қарап.— Тәуекел сұлтан, сен енді маған бауырым Ұбайдолла мен Дүстем сұлтанның кем емессің. Осы еңбегің үшін өзімнің туған қалам Африкентті сыйладым.

— Көп рахмет, мәртебелі әміршім,— деп Тәуекел орнынан түрегелді.

Абдолла жиди бастаған бастарды бұзылып кетпес үшін, балға толы күбіге салдырды. Сол мезгілден бастап, Бұхара әміршісінің бас жауының құрығаны үшін, үлкен той басталды. Түні бойы Сауран қорғаншылары жау жағының у-шуын, шаттана шырқаған ән-күйін естіп шықты. Шараңтан әбден еліріп алған бір лашқар камал етегіне кеп: «Бүгінгі түн сендердің акыргы түндерің! Ертең жан біткеннің бәрі жоқ болады!» деп айқай салды. Камал басында тұрған бір жігіт ашу қысып кетіп, оған қарай қолындағы қамыстан жасалған оқ-дәрісін лақтырды. Мас лашқар үстіне кеп түсіп, лап етіп жанған оқ-дәрімен бірге лапылдап өртеніп шырқөбелек айналды да қалды.

Кешеден бергі қанды оқиғадан хабары жоқ сұлу күн әдеттегісіндей тағы да әлем бетіне алтын нұрын төге шықты. Дүние жүзін тағы да ғажайып шаттық биледі... «Қара бура» гүрсілі сәл тоқтап, болмашы тыныс алған, шоғырланған тобылғы, баялыш арасындағы қара торғайлар көтеріліп келе жатқан күнді құттықтағандай, әлемді тәтті бір әуенге бөлей, ән шырқатты.

Жібек шатырынан Абдолла әмірші де шықты. Ол нөкерлеріне әмір берді.

Көп кешікпей қамалға қарай қара күбі қойылған ат-арба бара жатты. Арбамен қатарласа қол-аяғы кісендеулі Латиф сұлтанды бір кісіге сүйретіп, бір кісіге айдатып қамал етегіне Құлбаба көкілташ та жетті. Қамал үстінде Әбді-Саттар мен Сауран бұи Жанболат төре тұр. Қастарында Сауран ақсақалдары, Қияқ пен Тұяқ... Аяқ-қолы кісендеулі сүйретіліп келе жатқан туған інісін көргенде, Әбді-Саттар бір мезет екі қолымен бетін басып тұрып қалды.

— Уа, ағайын! Асқар тау, сенде бір мін бар, асуға жол бермейсің. Тасыған су, сенде мін бар, өтуге өткел бермейсің. Сауран шаһарының жақсылары, сендерде де бір мін бар, жеңілгенінді көрмейсің! — деп бастады Құлбаба көкілташ,— жеңілгенің емей немене, Ноғайлыдан әскер әкеледі деп сенгендерің Бабасұлтан болса, алдарында тұр...

— Бабасұлтан қайда?

— Денесі қайда дейсіңдер ме? Бәріміз баратын қара жерде... Ал алтын басы мына бал салынған қара күбіде...

Әбді-Саттар інісіне қарап:

— Мына қақпастың айтып тұрғаны рас па, Латиф сұлтан? — деді дір-дір етіп.

— Рас...

— Естідіндер ме, ағайын? — деді дауыстап Құлбаба көкілташ.— Енді сенетін кімдерің қалды? Одан да тағдырдың дегеніне көніп, өз еріктеріңмен беріліңдер! Сонда ғана ұлы мәртебелі Абдолла әмірші күнәларыңды кешеді.

— Ал берілмесек не істейсіңдер? — деді Жанболат төре дауыстап.

— Ең алдымен өз көзіңше мына тұрған бауырың Латиф сұлтанды бауыздаймыз, Әбді-Саттар мырза! Содан кейін барып зынданда құрт-құмырсқа жеп жатқан Тохир сұлтанның басын аламыз.

Әбді-Саттар сол сазарған қалпынан өзгермеді:

— Сосын?

— Сосын... Осы қамалды қоршап алып, бірін қалмай аштан өлгенше, той тойлап, би билеуде боламыз.

Кенет Латиф сұлтан шынжырын сүйрете алға ұмтылды да, бар даусымен айқайлап жіберді.

— Біз үшін Сауранды бермендер! Абдолла Сауранды алғаннан кейін сендерді өлтіреді. Бәріміздің қанымызды ішпей тынбаймын деген анты бар!

— Әкет кейін мына жолбарысты!

Екі жігіт Латиф сұлтанды орнынан қозғалта алмады. Еңгезердей лашқар оны тізесінен таяқпен ұрып құлатты да, бәрі жабылып кейін сүйрей жөнелді. Ол сүйретіліп бара жатып:

— Кешірім етеді деген сөздеріне сенбеңдер!— деді бар дауысымен.— Шыдаңдар! Берілмеңдер! Көп кешікпей сендерге жордемге Яссы, Сайрам, Отырар, Ахрук... Бүкіл қазақ даласы келеді.

Бұқар жырау осы тұсқа келгенде, тындап тұрған жұрт толқып кетті:

— Аруақтарыңнан айналайын бабаларым-ай?!

— Өлтіріп жатса да шаһарды жауға бермепті ғой.

— Біз де солардай болуымыз керек!

Жырау сөзін қайта бастап кетті.

Ертеңіне күн шыға тағы дабыл қағылып, зұрнай-кернейлер барылдап, әдеттегідей, бар әлемді басына көтерді.

Абдолла шатырынан шықты да, әлдекімге қолымен әмір етті. Сол сәтте ең үлкен «Қара бура» гүрс етіп атылды. Бү жолы оның аузынан қамалға тас орнына сірі қапшық ұшты. Бұнда Бабасұлтан, Тахир, Латиф сұлтандар мен Жалмұхамед аталықтың бастары бар еді. Қапшық жарылып кетпесін деп сыртынан кигізбен қаптаған. Ішіне Абдолланың қолымен жазылған «үлкен-кішілеріңе қарамай бәріңнің де бастарыңды дәл осылай кесермін» деген хат бар екен. Сауран тұрғындары ақ кигізге сап, төрт басты Әбді-Саттар мен Қияқ, Тұяқ батырлардың алдына алып келді.

Денесі жоқ төрт басты қала тұрғындары қадірлеп, мұсылман ғұрпымен жерледі. Бабасұлтан хикаясы осылай бітті...

Өліктерін жерлегеннен кейін, Ноғайлыдан күш келмейтініне көзі жеткен Әбді-Саттар кешке қарай Қияқ пен Тұяқты шақырды.

— Жігіттер! — деді ол.— Сауранды көп болса екі аптадай ғана қорғауға күшіміз жетеді. Ашаршылық жайлай бастады... Бірақ, жаудың да халы бізден артық емес. Күздің кара суығы, жауын-шашын басталғалы тұр. Ар жағында қыс та таяу... Абдолланың әскерінің дені ыстық жақтан. Бұл араның кара суығына шыдай алмайды. Және күзгі батпақты жолмен азық-түлік жеткізу де

оларға оңайға түспейді. Күзге дейін шыдасақ, Абдолла қоршаудан еріксіз босатады.

— Босатпай жүрсе қайтеміз? — деді Тұяқ.

— Онда бәріміз де қырыламыз.

Үшеуі бір сәт үнсіз қалды. Қыяқ бір ой түбіне шомып кеткендей жерден көзін алмай тұрып-тұрып, әлден уақытта басын көтерді.

— Менің бір ойым бар.

— Сөйле, батыр.

— Бақанын алсаң, шаңырақ жерге құлайды...

— Сонда... сен...

— Аңада бір ыңғайы кеп қалып еді...

— Қалайша?

— Менің жебем өзгелердікінен екі есе алысқа ұшады. Тек әлдекімнің «атпа!» дегенінен кідіріп қалдым. Бекер тыңдаған екем. Соған өзім де қатты өкінем... Ал қазір Абдолла бізге аспандағы жұлдыздан да алыс... Қолымыз жетпейді. Оның шатырын жұмақты қорғағандай қорғайды. Майданға үнемі қалқанмен шығады... Менің ойым Абдолла емес, басқа адам жайында. О да Бұхара әскерінің бір тірегі...

— Кімді айтып тұрсың, батыр?

— Тәуекел сұлтанды... Хақназар ханды Жасылкөл жағасында өз қолымнан қойдым. Хан өлер алдында маған Тәуекел туралы бір құпия сыр айтып еді...

— Онда... өзің білесің, батыр... Жастығына қарамай Тәуекел Абдолланың оң қолы екені рас. Және Тәуекелдің соңынан ерген қазақтар да аз емес. Қыс түскенде, Абдолланың өзге әскері шыдай алмағанмен, бұлар шыдайды. Мен Тәуекел жасақтарынан сол жағынан қауіптенемін.

— Рұқсат етіңіз, сұлтан, онда біз жолға шығайық.

— Рұқсат, жолдарың болсын!

— Сол күні түнде Абдолланың туган ағасы Ұбайдолланы, оның баласы Асфандиярды, Абдолланың жалғыз ұлы Әбді-Муминды, ақылшысы Хасен қожа наип пен бас батырының бірі Тәуекел сұлтанды жансыз барып өлтіруге, Саураннан жұпыны киінген бес тас жүрек жолға шықты. Бұлар кетісімен, бие сауымдай мезгіл өтпей, Әбді-Саттар сұлтанның әйелі Айнар Сұлтан-Бике үйінің терезесінен жау жағына хат тасушы көгаршып ұшты. Көгаршынның қауырсынына байланған қағаздан Айнар

Сұлтан-Бикенің әкесі Ұбайдолла өздеріне жіберілген бес жігіттің хабарын білді. Әбді-Муминды, Асфандиярды, Хасенқожаны өлтіруге келген үш жігіт бірден қолға түсті. Сол сағатта бастары кесілді. Ал Ұбайдолланы өлтіруге келген Тұяқ қауіпті дер кезінде сезіп қап, ұстауға шыққан лашқарлармен атысып, қоршаудан әзер құтылды. Өлдім-талдым дегенде таң ата Сауран қамалына жетті. Ешкімнің қолына түспей Тәуекелді аңдып, Яссы жағына тек Қияқ қана өтіп кетті. Бірақ бұ да алдынан күтіп тұрған жасақтан құтыла алмады.

Тәуекел бұл күндерде Шағай сұлтанның қарамағындағы әскермен Яссы бекінісін шаппақ боп жатқанды. Қол-аяғы байлаулы Қияқты Тәуекелдің алдына алып келді. Жаңа соққан алдаспанын сынамақ боп, сұлтан шатырының алдында бір құшақ жас тобылғыны шапқылап тұрғанды. Ол қылышын тастамай тұтқынның қасына келді. Жігіттің қандай қылмысы барынан бұрыннан да хабардар еді. Енді тұтқынның сымбатты дене бітісіне, өткір көзді қайсар жүзіне сұқтана қарады. «Әбді-Саттар сұлтан менің басымды алдыруға кімді жіберуді білген екен. Жеркене қараған келбеті қандай сұсты? Бұған мен не жаздым? Нәсілі, себебін білген жөн болар... Бостанбос мені өлтіруге шықпаған шығар... Және өзінің жасы да менімен теңдес пе, қалай?»

Тәуекел сұлтан өзіне ызалана қараған Қияқтан көзін алмай біраз тұрды да:

— Атын кім? — деді.

Қияқ та көзін тайдырмай:

— Атым Қияқ, әкем Жаубасар батыр! — деді.

Тәуекел мырс етіп күлді.

— «Жамаң иттің атын бөрібасар қояды». Жаубасар деген батырды естісем құлағым керек болсын. Қай ру-дансың?

— Арғынның батыр руы Алтаймын.

— Алтайдың қай биінің баласымын дедің?

— Жаубасар деген құлының баласымын.

— Ә!.. Қаншаға келдің?

— Әкем марқұм Шағай сұлтанның өгей баласы Тәуекел туған күні сен де туғансың дейтін...

«Өгей баласы» деген сөзді естігенде, біреу жүрегіне қанжар салып алғандай, Тәуекел сұрланып кетті. Осындай жанына бататын бір суық сөзді ол бала кезінде де

бір естігені бар... Бірақ, одан бері көп жыл өтті ғой... Нағашы әкесі Әбілқасымның үйінен әкесі Шағайдың қолына қайтып келгелі, мұндай жауын күйдіретін лебіз құлағына тиіп көрген жоқ... Ал мынау құлдың айтып тұрғаны не сандырақ?

Ол қылышымен Қияқтың қол-аяғын байлаған шылбырды қиып жіберді.

— Отыр!— деді бұйырып.— Ал сөйле білгенінді!

— Мына жат көздерің кетсін...

— Жақсы, олай болса шатырға кір,— деді Тәуекел Қияққа, сосын күзетші жігіттерге бұрылды.— Сендер сыртта қалыңдар.

Сұлтанның айтқанын орындап күзетші лашқарлар сыртта қалды. Тек шеткі қабағы қатыңқы мосқал лашқар ғана, қылышын қынабынан суырып, есік алдына барып күзетке тұрды. Іштегі сөз сыртқа тегіс жетпегенмен, жан күйігінен ашына шыққан кейбір үндер талмаусырап күзетшіге естіліп жатты.

Тәуекел үйге Қияқты алып кіргеннен кейін, дереу сөзге кіріскен.

— Ал айтшы, маған қастық ойлардай қай бауырыңды өлтірдім, қай қалыңдығыңды қорладым?

—Қазақ баласы деген бауырымды өлтірдің, қазақ қызы деген қалыңдығымды қорладың! Абдолла әміршіге еріп туған еліңді қанжоса еттің. Сол үшін мен сені өлтіруге тиісті едім.

— Туған елімнің қанымен менің қолым боялған жоқ. Бабасұлтанды өлтірсем, о да сенің ата жауың! Шарабхана оқиғасын ұмыттыңдар ма?

— Иә, ол солай... Бірақ Бабасұлтан қазақ еліне Түркістан уәлиетін соғыссыз қайтарып берді ғой, Абдолла оны соғыспен тартып алмақ. Сол ма сенің жаныңның ашығаны? Молда, қожа басының сақинасы бар адамды «қаны тасып кетіпті» деп тамырынан қан ағызып емдейді. Қазақтың қаны тасып кетті дегенің бе, халқыңның қанын судай ағызғаның? Қолым қанды емес дейсің, Кендірлік, Кеңгір бойының ауылдарын шауып, ақырғы күн көріс малын Абдолла әскеріне әкеп бергеніңде де қолың қанды болмады ма? Бабасұлтанға ерген Түркістан уәлиетінің қазақ жігіттерін Жыланшық өзенінің бойында қан-жоса етіп қырғаныңда, екі қолың бірдей өз бауырларыңның қанына боялған жоқ па еді? Яссыны шапқалы отырсың, сонда кімді мұқатпақсың? Баяғы бір сорлы

қазақ елі емес пе? Осының бәрін Жаубасар құлдың баласы Қияқ түсінгенде, Шағай сұлтанның асыранды ұлы, Тәуекел, сен неге түсінбейсің?

Қияқ батырдың жер-жебіріне жете айтқан сөздері, жанына сегіз таспалы қамшының ізіндей батып тұрған Тәуекел, «Шағай сұлтанның асыранды ұлы» деген сөзді естігенде жүрегі тағы қабынып кетті. Беліндегі қанжарына қолының қалай барғанын білмей қалды. Әйтсе де ол өзін-өзі ұстап:

— Жарайды, егер менің қолым туған елімнің қанымен былғанса, жауының қанымен жуып ағартуға бармын,— деді дауысы қырылдай шығып,— бұны соңынан ұғысалық. Ал сен бір емесс, екі емес менің бетіме «Шағай сұлтанның өгей баласы» деген ауыр сөзді кінә етіп бастың. Бұл қай сөзің? Егер жалған айтып, жала жапсаң...— Тәуекел сөзін аяқтамай тоқтады.

— Жақсы, сен сұрадың, мен айтайын. Жалған болса халқы Хақназар деп атаған Ақназар ханның аруағы атсын. Бұл сөзді сол ханның өз аузынан естідім. Менің анам аты күнге лайық Қойсана болса, сенің анаңның аты ханышаға лайық Күнсана екен,— деп бастаған Қияқ, өзінің Тәуекел жайында білгенін тегіс айтып берді. Анасы Күнсананы өгей әкесі Шағайдың қалай өлтірген жерін естігенде, Тәуекел қанжарын суырып алып, ақырып жіберді.

— Тоқтат!— деді ол. Тәуекел есік алдындағы күзетшінің тым таяу тұрғанын жаңа ғана аңғарды.— Егер енді бір сөз айтар болсаң...

Қияқ кілт тоқтады. Тәуекел де сол жалаңаш қанжарын жоғары көтерген қалпында демін әзер алып, мелшиді де қалды. Әлден уақытта барып қанжарын қынабына салды.

— Осыншама құпияны білгенің үшін, тірі қалмауға тиісті едің... Әйтсе де, бір жолға кештім. Ал сен айтқан сырды басқаның аузынан естір болсам, маған өкпелеме!

Тәуекел жедел басып барды да, «Садық» деп дауыстады. Үйге күзетшілердің басшысы ұзын бойлы, ашаң жүзді лашкар кірді.

— Садық,— деді Тәуекел,— мына жігітті ауқаттаңдыр да, астына ат беріп, қас қарая барар жағына апарып сал. Өзіңнен бөтен тірі жан білмесін.

— Құп!

Тәуекелдің көзі кенет есік алдындағы күзетшінің

алыстау барып тұрғанын шалып қалды. Енді ол сыбырлап сөйледі.

— Ал мынау Жарқын сарбазды... бүгін түнде жоқ ет!

— Құп!

— Сұлтан сыбыры өзі жайында екенін күзетші де сезді. Іші мұздап кетті. Әйтсе де, сыр бермеді. Кас қарая Садық тұтқынды шығарып салуға кеткен кезде, бұ да басқа жолмен Сауранға қарай тартты. Садықтың қайтып келіп өзін өлтіруін күткен жоқ. Ол атын анда-санда сәл тынықтырып, түні бойы шауып отырып, таң ата Сауран түбіндегі Шағай сұлтанға жетті. Естіген сөзінің бәрін айтып берді. Сұлтан ләм-мим демей үн-түңсіз тыңдап шықты. Қашқын бар білгенін жеткізіп болып, мұндайда айтылатын алғысты күтіп, басын төмен не бергенде, дәл жүрек тұсынан кеп алмас қанжар қадалды. Қашқын сәл еңкейіс берді де, етпетінен құлан түсті. Жалғыз рет аунауға ғана мұршасы жетті, көзі шарасынан шыға жаздап бір ышқынды да, созылып жүре берді. Шағай еңкейіп Жарқынның кеудесіне қадалған қанжарын алды да, жанына жүгіріп келген дәйекші жігітке:

— Мынаның өлімтігін шығарып тастандар!— деді.— «Біреуге ор қазба, өзің түсерсің» деген осы.

Сәске көтеріле Шағай Абдолланың шатырына кірді. Ханға кәрі сұлтанның не айтқаны белгісіз. Тек қаһарына мінген Абдолла Тәуекелге жендеттерін жіберіп, ұстап әкелуге бұйырғанында, сұлтан өз шатырында болмай шықты. Хан үш түн өткесін барып, Тәуекелдің Дешті-Қыпшақ жеріне қашқанын естіді.

Сөйткенше күздің қара суығы да келді. Сауранды ала алмайтынына көзі жеткен Абдолла, әкесі Ескендірдің қатты науқас екенін сылтау етіп Бұхараға қайтты.

— Халық табандылығы деген міне осы!— деді енді Бұқар жырау,— Бұхара ханының көк темір құрған атақты әскері де азғантай қала тұрғынына ештеңе істей алмаған! Табанды болсаң жоңғарлар да кейін шегінеді.

Халық тағы шулап қоя берді.

— Табанды боламыз!

— Біріміз қалғанша шаһарымызды бермейміз!

— Жауға құл болғанша, өлгеніміз жақсы!

Шу басылған кезде бір жас жігіт:

— Сосын не болды!— деп сұрады,— Қняк, Тұяк батырлар қайтадан Абдоллаға қарсы соғысқа қатысты ма?

Бабасұлтан ұрпақтары не істеді? Жауынан әкелерінің кегін қайтара алды ма?

— Бабасұлтан ұрпақтары емес, халық өз кегін Абдолладан сан рет қайтарды,— деді Бұқар жырау.— Бабасұлтан хикаясы осымен тынған. Құмкентке таяу, Үш-бас пен Қарабас өзендерінің тоғысқан қойнауында осы оқиғадап жиырма бес жыл өткеннен кейін сұлтанның кенжесі Ысқақ «әкемнің өлген жері» деп, мешіті мен медресесі бар, «Баба» деген шағын қала салдырған. Өз басының қамы үшін халқын қанды қырғынға ұшыратқан Бабасұлтанның атын қазірдің өзінде ешкім білмейді. Ал Қияқ пен Тұяқтың аты халқының жүрегінде сақталып келеді. Олардың ераігі әсіресе соңынан хан болған Тәуекел тұсында ерекше көзге түсіп...— деп келе жатты да Бұқар жырау кілт тоқтады.

Өйткені осы кезде, камал үстін гүрсілдеп жарылған зеңбірек оттары қаптап кетті.

— Тезірек тығылыңдар!— деуге ғана Елшібектің шамасы келді. Жұрт жапа-тармағай бекіністің зеңбірек оғы өтпейтін, қамың шым қуыстарына жүгірді. Елшібек те біреуіне кіріп үлгірді.— Бәсе, тым тып-тыныш бола қалып еді, біздерді алдап ұрғылары келген екен ғой!

Ия, тарих әділетсіздігі қайталап отырған. Бір кезде Сауран бекінісіне Шыңғыс ханның тас атқыш қарулары, Абдолла ханның Рухадн ұста жасаған «Қара бура бу қазаны қойдай-қойдай қара тастарын лақтырса, бүгін жоңғар басқыншыларының швед унтер офицері Ренат пен қытай шеберлері құйған шойын зеңбіректерінің қорғасын оқтары жауын тұр. Сонау алыс кезеңде осы бекініске тоқпақ жалды аласа жылқы мінген Жошының қанішер жауынгерлері сұр топырақты көкке көтеріп, «гу-гуле!» атой салса, бүгін сол жылқының тұлпар тұяқты тұқымын мінген жоңғар жауынгерлері шабуылға шықты! Бәрінің де мақсаты біреу-ақ; шаһардың күлін көкке шығарып, халқын қырмақ, ұлын — құл, қызын — құң етпек! Осыншама өшігердей бұларға айдалада, Түркістанның сұрғылт даласында, өзімен-өзі болып, тыныш жатқан осынау еңбекші жұрт не істеді екен? Бар жазығы егінің егіп, бақшасын суарып, өз алдына өмір сүргісі келгені ме? Ия, солай... Бұл күштілер заңы: адамды адам жеу керек. Адамды адам құл етуі керек. Күшті күшсіздің жерін, малын тартып алып, әлсіздің ар-намысын аяғының астына таптауы керек. Сол үшін Сыбан Раптан да жо-

рыққа шықты, сол үшін арлан қасқырдың соңынан ерген аш бөлтіріктері де, шамасы жеткенше қазақ елін қойдай қырып, ыстық қанына тойыпуга асығады.

Зеңбірек оқтары бекініс үстіне кеп үзілмей жарылып жатыр. Сыртқа шығарар емес.

Елшібек қамал саңылауынан қала сыртындағы далаға қарады. Ұран салып, қаптап келе жатқан жау атты әскерін көрді. Кейбір тобы ұзын-ұзын басқыштарды көтеріп, қатарласа шауып келеді. Елшібек жау ойын бірден түсінді. Зеңбірек оқтары бас көтертпей, қала қорғаншылары қуыста тығылып тұрғандарында, жоңғар жауынгерлері басқыштарын қабырғаға сүйей, атыс басылысымен бекініс үстіне шықпақ. Зеңбірек отын қалқан етіп, шабуылға шығу — жоңғарларға Ренат үйреткен Европа әдісі еді.

— Сақ болындар! — деді Елшібек айқайлап. — Зеңбірек тоқтасымен, жау жоғары өрлемейді! Аямаңдар! Бекініс үстіне бірде-бір жоңғар шықпасын!

Зеңбіректер кенет тына қалды. Қабырғаға басқыштарын сүйеп үлгірген жоңғарлар, енді құмырсқадай қаптап, жоғары қарай тырмысып, көтеріле берді.

Тарих жамаңдығын ғана емес, жақсылығын да қайталауға тиіс.

Шыңғыс хан, Мұхамед-Шайбани, Абдолла кезіндегідей Сауран қорғаншылары тағы ғажайып ерлік көрсетті. Жауға қарсы білтелі мылтық, шокпар, сойыл, алдаспан, алмас қылыштарымен қатар, қара тас, қазан-ошақ, қолға түскен қатты заттың бәрі жұмсалды. Бірде-бірін қамал үстіне шығармады. Қорғаншылар ерлігіне шыдай алмаған жоңғарлар қамал түбіне көптеген өліктерін қалдырып, кейін қашты. Сонда ғана барып Бұқар жырау, өзіне таяу қамал шетінде, кіндік тұсына жау найзасы қадалған Науан ұстаны көрді. Жүгіріп қасына барды. Найзасын суырып алайын деп еді, сұп-сұр боп кеткен ұста оның қолын кейін итерді.

— Тимей-ақ қой, — деді дауысы әзер шығып, — бәрібір өлемін. Өкінбеймін... жоңғардың құрығанда жиырмасын жайраттым білем. Әттең дүние әңгіменізді тегіс ести алмай кеттім... — Кенет ол Елшібекке күлімсірей қарады. — Ана артымда қалған жалғызыма айт: әкең балаларының жолынан тайған жоқ де... — Соны айтты да, Науан ұста сылқ етіп құлап түсті.

Жоңғарлар сол күні де, келесі күні де осы тәсілмен

сан рет шабуылға шықты. Бірақ бекіністі ала алмады. Ақыры күздің қара суығы басталған кезде, Сауранды тастап, Яссыға қайтуға мәжбүр болды. Бұқар жырау да осы оқиғаға арналған «Тас қамал» атты дастанын шығарып еліне қайтты. Әттең не керек, асыл мұрасын сақтап әдеттенбеген көшпелі ел бұл асылын да бізге жеткізе алмады.

Келер жазды күткен Батыр Баян жігіттері де бұ жолы елдеріне қайта алмай, Қазалыдағы Әбілқайыр ордасына қыстап қалған.

Қабанбай батыр мен Гәуһар осы Кіші жүз жерінде қосылды. Бұлар неке киярын азынаған дауылды түнде жау малын айдап алудан бастады.

Қазақтың ежелгі ата мекен қонысы Жетісу мен Сырдария бойындағы сан қаласын, сар даласын жоңғар басып алған, бейбіт қазақ елі босып көшкен атақты «Ақтабан шұбырынды — Алқа көл сұламаның» аяғы ақ түтек боран, ақ жорға борасын, сары аяз, қызыл шұнақ үскірік қысқа ұласты. Бүкіл дүние жүзінің айдаһары Сыр бойына жиналып, аузынан қар боратып, ысқырынып жатқандай, қатты боран бірде-бір толастамады. Жау шауыл сорлаған елге сопақ астау тап болды. Жығылған үстіне жұдырықтың кері боп, жеті ағайынды жұт келді. Арамнан жиналған ас болмайды. Халықты жылатып тартып алған қазақтың қыруар малы, шөп жетпей, мың-мыңдап қырылып қалды. Жоңғарлар бар табысынан айрылды. Ал қазақ елінің бұл жылғы көргенін қағаз бетіне түсіру мүмкін емес еді. Тек сан айқасты басынап көшкен батыр ел бұл апаттан да тегіс қырылмай, әу-пірім деп аман қалды.

Жоңғар қырғынынан қазақ елі тек екі жыл өткен соң барып есін жиып, басқыншыларға қарсы тұруға жарады.

Ең алғашқы жеңісті Кіші жүздің Тайлақ батыры мен оның жиегі — Ұлы жүздің Ошақты руынан шыққан Саңырақ батыр әкелді. Бұлар Бұланты мен Бөленгі өзенінің ортасындағы «Қара сиыр» деген жерде Жоңғардың қалың қолын бетпе-бет айқаста ойсырата жеңді. Көп жоңғар осы арада қаза тапты. Жоңғар мен қалмақты бір санайтын қазақ «Қара сиырды» енді «Қалмақ қырылған» деп атады. Бұл жеңіс қазақ елінің рухын көтерді, қанды кекке шақырды.

Жыл өткеннен кейін, үлкен бір айқаста, ауыл адамдары «Сабалақ» деп ат қойған, он сегіз жасар түйені «Абылайлап!» ат қойып, жауын қашырып, бүкіл еліне «Абылай» деген атпен әйгілі болды. Сонда барып Әбілқайыр хан бұл Абылай баяғы Бұқар жырау екеуі барлауда жүргенде, кездестірген Төле бидің түйешісі Әбілмансұр екенін білді.

Осы кезден бастап қазақ елі ел боп бірігіп, жоңғарға қарсы жаппай атқа қонды.

Үш жүздің әскері жауымен алғашқы рет Балқаш көлінің күнгейіндегі Алакөлдің тұсындағы Хан тауы деген жерде кездесті. Үлкен Орда ханы Болат пен бар қазақ әскерін басқарған Кіші жүздің ханы Әбілқайыр үлкен жеңіске жетті. Шұно-Дабо басқарған қалың жоңғар жеңіліп, Іле өзенінің бойымен шығысқа қарай қашты. Бұл жеңісті қазақ жұрты артынан, жоңғарлар аңыраған «Аңырақай» жеңісі деп атады. Алакөл жағасындағы ұрыс болған жерде қырқа, бесес, асуларға «Әбілқайыр», «Сұмқайтты», соңынан «Сұңқайтты» болып өзгерген ат қойды.

Бірақ қазақ елі бұл жеңісін ұлғайта алмады. Осы ұрыстан кейін Болат хан о дүниеге сапар шегіп, Үлкен Орда ханын сайлайтын жағдай туды. Түрік-монғол дәстүрі бойынша «Үлкен Орда» ханы болуға тек бәйбішеден туған балалардың ғана хақы бар. Қазақ елі бұл дәстүрді берік ұстап келген. Ал Әбілқайыр болса Тоуке ханның тоқал әйелдерінен тараған ұрпаққа жатады. Осы себепті жұрт Үлкен Орда ханы етіп, Болаттың шаңырақ не баласы Әбілмәмбетті сайлады.

Бұған намысқор Әбілқайыр ашуланып, бар әскерімен майданнан кейін шегінді. Өзінің ордасын енді ол Қазалы қаласынан көшіріп, Торғай бойындағы аргын-қыпшақтың бас батыры, туған жездесі, Шақшақтан шыққан Қошқар ұлы Жәнібектің жеріне іргелес, Ырғыз өзенінің бойына әкеп тікті.

Болат қайтыс болғаннан бері өзін Орта жүздің ханы санаған, жетпіс бес мың жылқы біткен Сәмеке де қалың әскерімен Арқа жеріне беттеді.

Кермиық сар дала өлік тәрізді үрейлі, моладай азнаған суық. Ашулы жел қырдың құмды топырағын бетке әкеп ұрады. Ұшы-қиырына көз жетпес бозғылт шөлдің шетіндегі тақырда жел қуып әкелген адамның бас сүйектері жатыр. Атамзаманда қырылғандардың бастары, езу

тұстары мен кеңсірік сүйектері мылжаланып қалған. Мүмкін Шыңғыс хан пояндары, әлде Әбілқайыр лашқарлары шапқан сыпайлардың сүйектері шығар. Құмда көшіп жүрген қазақ ауылдарын шүршіт жеңдеттері тұтқындағанда кескен бастар болуы да ғажап емес. Әйтеуір көне заман кияпаттарының қалдығы.

Ал бұл бастардың қатарында тағы бөтен бастар көрінеді. Бұлар әлі күнге күйіп, жаңбырға жуынып үлгірмеген. Құмәні жоқ, жоңғар қонтайшылары қырған адамдардікі. Әрі кетсе алдыңғы жылы болған қанды оқиғалардың қуалары.

Өгей анадай гүнерген аспанға Бұқар жырау түксіе қарады. Ол бүгін де сапарға жалғыз шыққан. Кейде осылай жалғыз жүру жыраудың әдетіне айналған. Өйткені, өзімен-өзі сырласатын оңаша сәттер өткен-кеткенге көз жіберуге де қолайлы, алдағыны болжауға да ыңғайлы. Ал сар даласы болса, үстіндегі топырағын жел ұшырған адам сүйектерін алдына жайып тастап, желмен бірге халықтың ұзақ шежіресін боздап, жырау көңілін тыншытар емес.

Ымырт үйіріле бастады. Бұқар ай туганша көзінің шырымын ала тұрмақ боп, атын тұсап тастап, ерін жастық, тоқымын төсек етіп, бір сексеуілдің түбіне қисая кетті. Бірақ гуілдей сокқан кәрлі жел ұйқы бермеді. Жырау енді шалқасынан түсіп, дәл үстінен қара қазандай төңкерілгей қап-қара аспанға қарап жатып, халқының тағдыры жайында мазасыз ойға шомды.

Көне заманда өткен арғы бабаларының жазу, сызу таңбалары әлде қашан ұмытылған. Тек ел көкейінде олардың қайғылы армандары ғана қалған. Кім біледі, халық мұны да ұмытар ма еді, қайтер еді, тек заржақ жыраулары ұмыттырмаған. Сөйтіп, ел шежіресі ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отырған. Халықтың жырауларды төбесіне көтеріп құрмет тұтатын себебі, сірә, осыдан болса керек. Бұқар жырау да солардың бірі. Оның Сауран қорғанысы жайында жазылған «Тас қамал» дастаны кейін сан ұрпаққа тарады. Осы дастан арқылы ұрпақтардың тағы бір білгені: жоңғар шабуылы басталмастан бұрын орыс саудагерлерінің әкеп сатқан мушкеттері мен оқ-дәрілері Сауран бекінісінің жауға берілмеуіне себепкер болғаны.

Егер сол бір мушкеттер мен оқ-дәрілер қазақ еліне дер кезінде көбірек сатылса, шүршіт зеңбірегі тыныш

жатқан елдің ойран-асырын шығара алмас еді. Әттең не керек, игілікті істің көбі — мезгілі өткен соң барып істелді.

Жоңғар шапқыншыларына тойтарыс беру үшін, ең алдымен бар халықтың басын қосу қажет. Ал бар халықтың басын қосу үшін осы елді бөле-жарып жеке билеп жүрген, есі-дерті хан тағына жету боп келген қаптаған сұлтан, би, шынжыр балақ, шұбартөс мықтыларды бір-жолата тізгіндеу керек. Мұндай қамал бұзарлық қасиет қандай ұлдан табылады? Бұқар жырау кенет басын көтеріп алды. Оның көз алдына баяғы өзі көрген Төле бидің жас түйешісі — жыртық шекпенді Әбілмансұр тұра қалды.

Жоқ, қазір бұл Әбілмансұр емес, Абылай. Және бұл қазір түйеші емес, бар қазақ даласына әйгілі жас сұлтан. Иә, оның алғашқы аяқ алысы да Шыңғыс тұқымына лайықты аяқ алыс еді. Өзін құлдықтан құтқарған Ораз құлды бауыздап өлтірді. Содан кейін барып, құлашын алысқа сермейтінін аңғартқысы келгендей, аналар жылаған баласын қорқытып уататын, қанышер атасының атын алды.

Бұқар жырау тағы күрсінді. Осынау қатал заманда осы Абылай тәрізді қатыгез адамның ел тізгінін ұстағаны, мүмкін, жөн де шығар?..

Құс ұшып өте алмас шексіз сар далада халықтың қаны телегей теңіз боп тағы төгілгелі тұр-ау! Қазақ халқының алдында бір ғана жол бар. Ол — қан майданда баяғы бабаларынша аянбай шайқасу. Басқаша болуы мүмкін емес.

Ана жолы Әбілқайыр ханның өтінішімен Бұқар жырау Хақназар тұсындағы Ақ Орда шежіресін айтып берген. Сонда бір аңғарғаны — Кіші жүз ханы қан майдандағы халықтың ерлігінен көрі, хан тағының маңындағы тартысқа көбірек көңіл бөлген. Ал кеше жырау, Науан ұстаның тілегі бойынша, Сауран бекінісін өткен заманда қалай қорғағанын жыр еткенде, жұрт халықтан шыққан Қияк пен Тұяқ батырлардың қимылын құныға тыңдаған. Бұқар жыраудың бір тұжырығаны: хан, сұлтан, билерді қызықтыратын тарих бар да, халықты қызықтыратын тарих бар екен. Ол — халықтың өз тарихы, өзінің арасынап шыққан, елі мен жері үшін күрескен қаһармандарының ерлігі.

Екінші бөлім

I

Қазақ елінің батыс тұсында дәл қазір алып-жұлып бара жатқан бәлендей қорқыныш болмағанмен, солтүстік жағы тағдырына елеулі әсер етердей уақиғаларға толы еді. Ұшы-қиыры жоқ сұсты Сібір өлкесінде ежелден-ақ мал шаруашылығымен шұғылданатын, балықшылық пен аңшылықты кәсіп ететін түрік және монғол тектес көшпелі халықтар мекен ететін. Бірақ бұларда баяғы Түрік Қағанатынан кейін қалыптасқан мемлекет болмай келген-ді.

Со себептен о жаққа өзара ру таластарынан таяқ жеген қазақтың ер-азаматтары ғана емес, өз елінде жапа шеккен Қазан, Астрахан хандықтарының, көне Еділ бойы мен башқұрт, татар төрелерінің сан түрлі адамдары касып баратын. Со жақтан пана іздеген құл-төлеңгіттер, ұлтын айырып білуге болмайтын не қилы босқын тұтқындар, боярлар мен княздардың қыспағына шыдай алмаған орыс жігіттері, Сібір жерінің атам заманнан әбден бауыр басып алған-ды. Бұлар аздай, патша ағзамның қиянатына шыдамаған кейбір орыс қара шекпендері ауыл-аймағымен Орал тауынан аса, тірі жан басып көрмеген Сібірдің мылқау түкпірлеріне қарай шұбыруды шығарған. Соңғы кезде әсіресе бұ жаққа патшаның әділетсіз заңы қыр соңына түскен, патша жандармдарының таяғы етінен өтіп, сүйегіне жеткен жәбірленген соқа басты адамдар да көп қашатын. Бұлар әртүрлі ұлттан еді, бірақ тез тіл табысып, заматта ұғысып кететін. Бәрі бірігіп, өздеріне казак деген ат қойып, тіршілік етуге кіріскен. Бұлар көне қазақ елінің атын алғанда, өздерінің сол жауынгер көшпелі елдің ешкімге бағынбайтын еркін сал-

гымен өмір сүретіндерін аңғартқан. Олардың жасақтағы бағыну тәртібі де қазақтың көне кездегі өз батырларына ғана бас бетін әдеттеріне ұқсас еді.

Осындай, әрқайсысының жеке атамандары бар ондаған, жүздеген жасақтар көшпелі елдердің аламандары тәрізді көршілерінің малын барымталап, бай саудагерлердің керуендерін тонап, тіпті болмаса бірімен бірі айкасып, ұшы-қиыры жоқ еркін далада ойларына келгенін істеп жатты.

Әйткенмен, бұлар ежелгі көшпелі елдермен араласып, біртіндеп отырықшы жұртқа айнала бастаған. Сөйтіп Сібір жері ерте кезден-ақ ұлы Россияның бір бөлегіне айналды. Бертін келе орыс патшасы бұдан түсер пайданы бірден ұқты. Ұшы-қиыры жоқ Сібір жерін тек әскери күшпен билеудің қиындығын түсінген ақ патша, енді осынау бас кесер өжет қазақ жасақтарын өз саясатына жұмсауды ойлады. Осылар арқылы бүкіл Сібірді өз қолына алмақ болды. Енді оларды шекара күзету ісіне де пайдалануға кірісті.

Осы кезде, бүкіл Сібір жерінде Строган деген кісінің аты жер жарды. Бұл Сібір жерін ақ патша қанауға берген Строганов саудагердің есімі еді. Ол бүкіл Сібірдің шетіне сауда қалаларын, қоймаларын сала бастады. Сол қоймаларды және жан-жаққа жүргізе бастаған сауда керуендерін қорғауға Строганов тек казак-орыс жасақтарын пайдаланып қойған жоқ, көршілес қазақ ауылдарының көп жігіттерін де жалдады. Бұл қазақ жігіттері Сібір саудагерлеріне қазақ елінің жылқысын, қойын, жүн-терісін бірінші сатушылары болды. Әрине, орыс шекарасындағы саудагерлер қазақ елінің өлі затын тым арзан бағамен алды, бірақ бұл сауда-саттық дала жұртына тек Бұхара, Хиуа, Өргеніштерге ғана емес, өзімен шекаралас орыс еліне де өзінің артық малын, шикізатын сатуға мүмкіндік берді. Осындай сауда жолы арқылы, қазақ халқының орыс елімен алғашқы қарым-қатнас әрекеттері басталған.

Ал жоңғар әскерінің қазақ жеріне енуі тек қазақ халқына ғана емес, онымен көршілес елдерге де қиын тиді. Сібір қалаларында суық желдің лебі сезілді. Қырғыздар тау арасына қашуға мәжбүр болды. Қарақалпақтар ығысып, қазақтың босқын ауылдарына қоныс берді.

Жоңғарларды енді Ташкенттен бері қарай аттанар деп қауіптенген өзбектердің де берекесі күні бұрын кетті...

Әсіресе бұл жағдай Еділ бойындағы қалмақтарға қиын тиді. Еділ мен Жайық бойындағы қазақтардың жайылымын басып қалуды арман еткен қалмақтар жоңғар шабуылының алғашқы кезінде қазақтардың ойраттардан жеңілуін тілеген-ақ еді. Бірақ бұл үміттері ақталмады. Жоңғардан ісгінген қазақтар, малына жайылым ізден, енді Еділ мен Жайық өзенінің бойына қарай беттеуге шықты. Ал Россия саясатшылары күншығыс-оңтүстік жағындағы қазақтың ұлы даласында болып жатқан уақиғаларды сырттай бақылаумен болды. Россияның бұл кездегі әрекеттері өзге кездегісінен тіпті басқаша келді. Оның әр қимылында енді сабырлылық, әліптің артын бағушылық байқалды.

Әрине қазақ елінің басына қара түнек туған қилы кезеңде, күншығысынан жоңғар әскері, күнбатысынан — Еділ бойындағы қалмақ нояндары, солтүстігінен башқұрт бекзадалары, оңтүстігінен Орта Азия хандары қазақ даласын борша-борша етіп бөліп алса — Россия секілді ұлы мемлекет өзінің қомақты үлесін, арыстан үлесін, өзгелерден әлдеқашан тартып әкеткен болар еді. Сөйтудің қазір де кезі келіп тұр. Сөз жоқ, Бірінші Петрден бұрынғы Россия патшаларының қайсысы болса да дәл осылай істер де еді. Ал Бірінші Петр патшадан бастап Шығыс істеріндегі Россия саясаты басқаша құрыла бастаған. Бұл терең де және алысқа қол сермеген саясаттын. Оның көп шешімдері сонау төрт мұхиттың жағаларына бірдей қанат жайған өзге ұлы мемлекеттердің саясаттарымен қат-қабат келіп түйісіп жатқан. Сол себептен Россия, Азияның жүрегі — Орта Азиядағы әрекеттерін әзірге достық қарым-қатнас пен сауда-саттықты жөндеуге жұмсап, алдағы болашақ уақиғалардың табиғи шешімдерін күтуде еді.

Бірақ бұл саясат қазақ елін басып алуға шыққан жоңғар шабуылын тоқтатқан жоқ. Қазақ елі батысынан да, шығысынан да тікелей жәрдем ала алмады. Амал жоқ, оған енді тек өз күшіне сенуге тура келді.

Бүгін Бөгенбай батыр қатты толқу үстінде еді. Ол ауыл сыртына шығып, өзімен-өзі кеңесіп көп жүрді. Қазір, міне, төбе басында отыр. Ой-қиялы сан саққа жүгі-

ріп, көз алдынан жоңғар шабуылы басталғаннан бергі талай шайқастар елестеп өтті, әсіресе Шұно-Дабо поянмен екеуінің арасындағы айқас есінен кетпейді.

...Құз басына біткен шынардай, мызғымас берік Бөгенбай атының басып кейін бұрып алды. Астындағы омырауы есіктей биік күрең айғыр, орағыта бұрылды да, тұяғының астындағы құмды ошақтай ойып, қайтадан шапты.

Нардай ақбоз текежаумыт мінген Шұно-Дабо поян да атының басын бұрып үлгірген екен. О да азынатып келе жатыр...

Бөгенбай мен Шұно-Дабо аттары үзепгілесе тақалып кеп қалғанда, қолдарындағы бұзаубас қара шоқпарларын біріне-бірі тағы сілтеді. Бұ жолы шоқпарлардың шойын бастары біріне бірі дәл тиді, аямай ұрған қос батырдың алып күшіне шыдамаған шоқпарлар қыл мойындарынан шорт сынып, екі жаққа ұшып түсті.

Аттарының басын қайта бұрып, екі батыр бір-біріне қарсы ұмтылғанда, бұлардың қолдарында енді сала құлаш көк құрыш алдаспандары жарқ-жүрк ойнады. Үзепгілесе келіп екеуі алдаспандарын қатар сермеді. Бірақ қылшылдаған көк құрыш қанша қан сағынғанымен, екі батырдың денелеріне дарымады. Бірінің жүзіне бірі тиіп, шак етіп өте берді. Батырлар аттарының басын бұрып алып қайта шапты. Бұл жолы олар ақ көбік атып, қара терге малынған жүйріктерін бір орнында шырқобелек ойнатып, ұзақ уақыт қылыштасты... Ақырында алдаспандарының жүздері майырылып, екеуі де бұл алыс-жұлыстан айнып шықты. Екі батыр ең алғашқы кездескен беттерінде-ақ садақ тартысып, найза салысқан. Садақтарының қозы жауырын жебелері шынжыр сауыттарын бұзып өте алмады. Ал найзаларының сүмбіл ұштары болат қалқандарына шак-шак тиіп, тез-ақ майысып, істен шығып қалды.

Осындай бірін-бірі жеңе алмаған текетірес, биенің екі сауымындай уақытқа созылды. Өздері де әбден әлсіреп, қара терге малынды, аттары да болдыруға айналды.

Енді бұлар аттарынан созыла түсіп, қылшылдаған ақ семсерлерін жалаңдаты бір-біріне қарсы жаяу ұмтылды. Тез күш бұ жолы да бірін-бірі жібермеді. Қарулы қолдардың сығуына шыдаспай, алақандары жазылып, болат қанжарлар жерге сусып түсіп, ақыры бұлар қоян-қолтық

алыса кетті. Тобықтан келетін жұмсақ құмды кешіп жүріп, бірін-бірі жамбасқа да алды, іштен де шалды, көтеріп ап жерге де ұрды. Бірақ бұдан да ештеңе шықпады. Парапар келген алып күш бірін-біріне жеңдірмеген. Күн шыға алысқан қос арлан сәске ауған уақытта ғана барып, әбден дымдары құрып, екеуі екі төбешік құмның үстіне барып құлады. Біріне-бірі алдырмайтынын сезген қос батыр майданға қайта шықпады. Орындарынан тәлтіректей түрегелін, анадай жерде тұрған аттарына кетіп бара жатып, уәделескендей екеуі де бірдей кілт тоқтап, арттарына қарады.

— Бөгенбай батыр,— деді Шұно-Добо — жекпе-жек алысып көрдік, екеуіміздің де арымыз таза. Ендігі жерде кімде-кім жолып табады, сол өлтіреді. Абайсыз жүріп, қапы қалма!

— Жарар. Сен де арманда кеттім деме!

Осыдан кейін екеуі аттарына мініп, бірі күншығысқа, екіншісі солтүстікке қарай желе жортып кете барған.

Бұл екеуінің арасындағы өшпенділік, жас Шұно-Добоның қазақ жеріне ең алғашқы шабуылға шыққан кезінен басталған. Содан бері бұлар сан айқаста бетпе-бет кездесті. Бірақ бірін-бірі жеңе алмай-ақ қойды. Бойға біткен алып қуат пен ызалы кек — ақыры әкеп жекпе-жекке шығарды. Бірақ бұ да ерегес бәсін шешпеді.

Әйткенмен қастасқан қос батыр бес жылдан кейін қайта кездесті. Арыс пен Бадам өзенінің арасындағы адырлы, бұйратты ойлы-қырлы кең дала Үш жүздің атты әскеріне лық толған. Бадам өзенінен бес шақырым жердегі «Орда басы» деген биіктің үстінде қазақ жасақтарының қолбасшысы — ақбоз атты Әбілқайыр тұр. Алды да, арты да, көз жеткен жерге дейін, алақандағыдай айқын көрінеді. Алдыңғы жағында қара бұлттай тұтасқан жоңғар әскері. Бәрінің алдында Шұно-Добо ноянның өзі. Тау етегінде есік пен төрдей қаракөк сәйгүлік мінген Бөгенбай. Екі көзі әскерінің алдында жүрген Шұно-Добода. Сәске көтеріле дабыл ұрылды. Екі жақ бірдей лап қойды.

Бұ жолы ұрысқа екі жақтан отыз мыңдай жауынгер қатысты. Соғыс бесінге дейін созылды. Адам қапы тағы да судай ақты. Тағы сан ана — баласыз, сан бала — әкесіз қалды. Бұл Аңырақайдан кейінгі ең үлкен айқас еді. Қазақтар бұ жолы да жоңғар әскерін оңдырмай жеңді. Күн ұясына қона жоңғар әскері Бадам өзенінің арғы бе-

тіне қарай қашты. Міне, осы арада Бөгенбай мен Шүно-Добо тағы кездесті. Бұлардың бұ жолғы кездесуі ұзаққа созылмады. Әдісін тапқан Бөгенбай, жоңғар ноянының дәл қолтығының астынан көк сүмбілі найзасын мықтап қадады. Қолтық астының сауыты жұқалау еді, ұшы біздей көк құрыш Шүно-Добоның өңіменіне бір-ақ жетті. Ноян ат жалын құшып қалды. Жерге құлап та түсетін еді, несінің тізгінін босатып жібергенінен бір сұмдықтың болғанын сезген қара айғыр мол сулы, көбік атқан Бадамға күмп берді.

Қолтығынан шапшыған қызыл қаны ат жалын бояған Шүно-Добо кенет есін жиды. Арғы бетке таяп қалған екен. Бұның келуін күтіп жағада тұрған немере інісі Қалден Церенді көрді. Қолында шойын басты шоқпары. Шүно-Добо жапталасып атының басын кейін бұрғысы келді. Бірақ сол сәтте есінен қайта танып кетті. Астындағы айғыры қос аяғын жар ернеуіне зорға іліндіріп, арғы бетке шыға берді. Сол сәтте Қалден Церен де шойын шоқпарымен Шүно-Добоның дәл маңдайынан қос қолдап кеп ұрды. Миы бұрқырап, басы күл-талқан боп ұшып кеткен ноянның денесі ат үстінен сырғып, сұрғылт толқынға күмп етті. Көбік атып бұрқыраған асау ағыс тірісінде қолы жетпеген қазақ жеріне енді оның өлігін алып кетті.

— Бар! Бар!— деді Қалден Церен, сұрғылт суды қызыл қанға бояп ағып бара жатқан өліктің сыртынан шоқпарын білеп,— көр енді алтын тақтан дәметіп!

Сөйтті де күншығысқа қарай шаба жөнелді. Өзен жағасынан ұзай бере, оған басқа бір ноян қарсы кездесті.

— Шүно-Добо бәһәдүрді көрмедіңіз бе?— деді ол.— Аты әскер соңынан шауып барады... Жау қолынан қаза таппаса игі еді.

— Қаза тапса естілер еді ғой,— деді Қалден Церен.— Аты бос кетіп бара жатса, өзі қазақ арасында қалған болар...

Қалден Церен артына бұрылып қарамастан, атымен бірігіп жүріп кетті.

«Шүно-Добо қазақ жерінде қалып қойыпты» деген аңыз, міне, осылай туған.

Бөгенбай батыр халқын қан-жоса еткен қасынан, Қалден Церен өзінің жоңғар тағына бәсекелес туысынан осылай құтылған.

Төбе басында отырған Бөгенбайдың есіне енді Бұқар жырау айтқан бір әңгіме оралды. «Осы біздің Бұқар шынында әулие ғой!» деп ойлады ішінен. Ол сонау «Ақтабан шұбырынды кезінің өзінде-ақ: «Біз жоңғарларды түбінде жеңеміз» деп еді. Сол айтқаны дәл келді».

Шұно-Дабо өлген ұрыс шынында да, жоңғар басқыншыларының қазақ қолдарынан мықтап тойтарыс алуының басы еді.

Тәуке ханды өз көзімен көрген Бұқар жырау бірде жорықтан келе жатып, бұған:

— Есінде болсын, құртамын деп қылышын сүйретіп келген жау, әрқашан да өзіне сол жерден ажал табады. Халқы қоштамаған әділетсіз соғыс, түбі, жоңғар қоңтайшысының күйреуімен бітуге тиіс.

— Сыбан Раптанның бұл шабуылын халқы қолдамай отыр ма?

— Қолдаса, соғыстан олжа табам деп, бала-шағасын шұбыртып, бар жоңғар осы маңға көшпес пе еді?.. Қазақ жеріне қоңтайшыларының дүмпуімен тек әскері ғана келді... Бірақ басқыншы әскер, қанша айбарлы болғанменен, жат жерде ұзақ орнығып отыра алмайды. Халқы жақтамаған соғыс қашан да шапқыншылардың күйреуімен біткен. Бұл тарих қағидасы. Әттең не керек, ел басқарушы күштілер сол тарихи сабақты естерінен шығарып алады. Басқаны былай қойып, қазақ хандарының кейбіреуі бөтеннің жерін басып алам деп жүріп, сол жат жерде қаза тапқан.

— Сіз кімді айтып отырсыз? Сонау көне заманда болмаса, өзім ес білгелі қазақ әскері бөтен елді шапты дегенді естігем жоқ.

— Естімесең мен айтайын, тыңда.

Бөгенбай қоржынын шынтағының астына сап, ыңғайланып жатты. Бұл әңгіме жоңғар қолын андыған бір үлкен жорықта болған. Жырау Хақназар хан өлгеннен кейінгі хикаяны бастап та кетті.

— Ер азбай, ел азса — айдын көлдің суалғаны. Ел азбай, ер азса — зор бәйтеректің құлағаны, — деп бастады Бұқар жырау қазақ елінің ұлы шежіресінің бір тармағын. — Бәйтерегің құласа — ағаш орнына ағаш өседі. Айдын көлің суалса немен толар есесі? Ер бұзылса да ел бұзылмасын. Бұзылғанды түзетеді. Түзелмесін жер етеді.

— Тәуекел сұлтан Абдолла ханнан қашқан бетімен,— деді ол сөзін жалғап,— Талас өзенінің бойындағы Дулат еліне келген. Мұнда Есім сұлтанның шешесі, Шағайдың өзіне ермей қалған бәйбішесі Балғайым бикенің аулы бар еді. Содан кейін Тәуекел өзінің қайып жұрты Қараспандағы Қыпшаққа барды. Одан Сарайшыққа сапар шекті. Мұнда әменгерлік дәстүрімен, Хакназардан айрылса да, әлі де болса толықсып отырған Ақторғынды тоқалдыққа алды. Ақыры Дулат қызы, адуынды Балғайым бикенің ықпалы жүретін Жетісудың теріскей өңіріндегі Ұлы жүздің рулары мен Ноғайлы, Қыпшақ, Қоңырат билерінің қолдауы арқылы арада үш жыл өткенде Үлкен Орда тағына хан боп көтерілді.

— Қазақ елі Тәуекелдің өткен күнәсін кешіріп, Үлкен Орда төңірегіне шоғырлана бастады,— деді Бұқар жырау.— Өйткені оған басын қосар ер керек еді. Ойпатты тасқын басқанда, не орманды өрт алғанда қасқыр мен қоян, бұғы мен жолбарыс апаттан құтылмақ боп бірге қашады. Қазақ елі ол кезде осындай жағдайда еді. Жап-жағынан қаптаған жаудан құтылудың жолы — тағы да тек бас бірлігі. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бір ердің соңынан еру қажет болатын. Ондай адам Абдолла жағындағы туған әкесі Шағайдан бөлінген, бақ-дәулетке қарамаған ер азамат Тәуекел. Осылай деп бекзадалар халықты ұғындырған. Осылай деп бүкіл туған-туысы, аға-інілері де дәріптейді. Жалғыз қауіп Шағай болса, о да жақында дүнне салған.

Бұл кезде, әрине, Бұхара ханы Абдолла да текке қарап жатпады.

Бұхараға қарсы көтерілген еңбекші жұртты қаңға бояп басты. Хандығының оңтүстігіндегі Бадахшаннан бастап, батысындағы Корасан, Гилян, Хорезмді өзіне бір-жолата бағындырып алды. Шығыс Түркістанға аттанып, Қашқар мен Жаркентті аямай шауып, көп мал-мүліктерін олжаланды. Енді алдында Сырдың орта және аяқ шеніндегі қалаларды бағындыру ғана қалды.

Осы екі арада Абдолла хан мен оның баласы Әбді-Мумин арасында бір хандықты екіге бөлген араздық қаулап кетті. Абдолла хан болған күннен бастап, Әбді-Мумин бүкіл Балхыны сырттай меңгеріп келген. Оған енді бұл билік аз көрінді, бүкіл хандықты билегісі келді.

Сөйтіп Бұхара хандығының күші екіге бөлінді.

Осы жағдай енді Тәуекел ханның күшеюіне, Түркістан саясатына тікелей қатынасуына көп көмек берді.

Сөйткенмен де қазақ даласының халы қиындай түсті. Қытай боғдыханы айдан салған жоңғар әскері қазақ ауылдарын шабуды үдетті. Сан түрлі жауыздық әдіс қолданып, қытай саясаткерлері көшпелі халықтардың арасына от жағып, біріне-бірі аядап салып, олардың шұрайлы жерлерін өзіне ала берді. Өзара айқаспен қал-жырауға айналған бұл халықтар қытайдың тәртіпке қойылған әскерлеріне ұзақ қарсылық білдіре алмады. Қытай айдаһары созыла жылжып, қазақ жеріне таяй түсті.

Ал құбыласы мен теріскей жағынан дәл қазір төніп тұрған қауіпті Тәуекел хан көрмеді. Түбі қытай боғдыханымен, жоңғар қонтайшысымен алыса қалар күн туса, бұл жақтағы айбарлы көршісі Россияның керегі болар деп ойлады ол. Тіпті Абдолламен соғысқан кезде де орыс патшасының тыныш жатқаны қажет-ақ. Осы жағдайларды ойлап, ол Түменге өзінің немере ағасы Оразмұхаммед батырды елшіге жіберді. Бірақ Оразмұхаммед Түмен қаласына барған соң, осы қаладағы Мәскеуге қарсы әрекет жасап жүрген Ноғайлы билерінің тобына қосылып кетіп, қолға түскен. Орыс патшасы тұтқындарды аядап Мәскеуге алып келіп, Ноғайлы елінің билерін өлім жазасына бұйырып, «Джамши әл-тарихиды» жазған Жалайыр Қадір Әліби мен Оразмұхаммедті тірі қалдырады. Өйткені Оразмұхаммедтің әкесі Борис Годуновтың қарамағында біраз жыл қызмет істеп, патшаға еңбегі сіңген адам еді. Сол себептен оның баласына тимеген. Ал Тәуекел хан немере ағасы Оразмұхаммедті босатып аламын деп көп әрекеттенді. Мәскеу патшалығымен келісім сөз де жүргізді. Елшілік те жіберді. Бірақ патша Оразмұхаммедті босатпады да және өлтірмеді де. Ақырында орыс жеріне қуылып барып, қызметімен ұнаған Тоқтамыс ханның немересі Қасым сұлтанның аты берілген Касимовка (Кармек-Шахар) қаласына Оразмұхаммедті әмірші етті. Енді Тәуекел хан тыныш жатқан жолбарыстың құйрығын басқысы келмей, Мәскеу патшасы Борис Годуновпен тіл табуға тырысты. Бұған Оразмұхаммед те аз жәрдем берген жоқ. Құбыласы тынышталған Тәуекел, әкесі мен баласының арасындағы өшпендікті пайдаланып, Абдоллаға қарсы соғыс ашпақ болды. Әрине, соғыс ашуға хандарға қашан да болса себеп та-

былады, түбі Сыр бойындағы қазақ шаһарларына туатын қауіп осы хан жағынан туады деп сенген Тәуекел. Содан кейін барып, қазақ жеріне көзін тіккен Қытай, Ойрат хандықтарымен алыспақ болды.

— Яссы шаһары бұл кезде Түркістан шаһары деп аталған. Тәуекел ханның астанасы да осы Түркістан. Хан сарайы Ходжа-Ахмет Яссауи мешіттің күншығыс жағында, қалың бау-бақшаның арасына салынған. Күйген кірпішке сан түрлі бояумен әшекейлеп жазылған құран сурелері, сырлы әдемі өрнектер. Оңтүстіктің аңызак ыстық желі еш әсер ете алмас, қалың қабырғалы кең бөлмелер. Түркістан хан сарайы, Самарқант пен Бұхара патша сарайларындай алтын күмбезді, айбарлы болмағанмен, біркелкі сыпайы, салтанатты.

Ал қазір, жасыл төккен майдың сәулетіне қарамай, соғысқа дайындалған қала әдеттегісінен бір түрлі суық, ызғарлы. Шаһар толы қол жалғыз Түркістан іші емес, сонау Қарнақ пен Сукенттен бастап, Түркістан маңындағы дих, қышлақтардың бәрінде лықылдаған жасақ. Ақ Жайық, Есіл, Нұрадан келген жуан қоныш батырлар, Жаркент, Ақсудан да келген қытайы қылыш безенген жауынгерлер.

Кеше хан кеңесі болған. Бұл кеңесте Тәуекелдің қарамағындағы қалың әскер үш сапқа бөлініп, Абдоллаға күш жинауға мүмкіндік бермей алдымен Ташкентке, онан кейін Самарқантқа аттанылсын деп шешілген. Бұл қалаларды алғаннан кейін барып Бұхара ханымен келіссөз жүргізілсін делінген.

Түркістаннан шығатын әскердің басшылары әрине хан тұқымынан болмақ: оң қолын Тәуекелдің інісі батыр Құджек, сол қолын қазір жиырмаға жеткен, жұрт: «Еңсегей бойлы ер Есім» деп атай бастаған, Есім сұлтан басқармақ. Әскердің ортадағы кіндік қолының туын Тәуекел хан өз шатырына тікпек. Осылай үш тісті өткір айырдай қалың қол Ташкентті қоршамақ. Бұндай жағдайда қандай үлкен шаһар болмасын, тек өз күшімен ғана қарсыласа алады. Оларға сырттан жәрдем келмейді. Ал Абдолла әскерінің дені жалдама әскер. Сан түрлі ұлттың қанқұмар, бұзық, тентектерінен құрылған. Ал бұндай жалдама әскердің өзінен күшті қолға қарсы жапқырлық көрсете қоюы екі талай еді. Оның үстіне қала

тұрғындары Бұхара хандығының ауыр алым-салығынан әбден жадап-жүдеген. Бұған шыдай алмаған шаруалар қатын, баласын шұбыртып қазақ даласына қарай қашатын. Абдоллаға бір кезде қызмет істеп, Бұхара жұртшылығының қандай ауыр күйде екенімен жақсы таныс Тәуекел, Ташкент, Самарқант жатақтарына: егер шаһарлары бұған көшетіндей күн туса, алым-салықтан мүлдем босатамын деп уәде берді. Бұ да қала тұрғындарының бірігуіне ірткі болды.

Жеңіс өз жағында болатынына көзі жеткен Тәуекел ғибадат бөлмесіне кіріп, Ақторғынның төсегінде ұйқысы қанып шыққан.

Бірақ таңертеңгі асқа отырар алдында оған тағы бір жаман хабар жетті. Тәуекел өзіне серік адамдардың бірде-бірін шақыртпай, хан сарайына Жиембет жырауды алғызды.

Таңертеңгі намазын оқып, шайын ішіп Тәуекел хан сарайына келсе, Жиембет жырау есік алдындағы бауда күтіп отыр екен.

Тәуекел уәзіріне:

— Жырау кірсін,— деді.

Бұл баяғы ұстай қалсаң шоқтай күйіп тұрған Жиембет емес. Түрі солғын, отыздан жаңа асып бара жатса да қою қара сакалына ақ түсе бастаған. Басындағы бөркі де жас кезіндегідей қып-қызыл қыр түлкісінің терісінен көмкерілмеген, сұрғылт жүнді Қаратау қарсағының пұшпағынан жасалған. Үстіндегі шекпенінің де жағасы мен жеңдері қыршылған. Тек үкілі домбырасы ғана жап-жаңа. Сірә, Тәуекел хан ордасына сонау Қазықұрттан жол шегерінде домбырасын әдейі жаңартқандай...

Жиембет хан сарайының жырауы болғысы келмеген. Ол Індірі маңынан Қаратау тұсына көшіп келгенмен, хан ордасына анда-санда ғана қатынап тұратын. Келген сайын Тәуекел оған ат мінгізіп, шапан жаптыратын. Оның да себебі бар. «Келіннің бетін кім ашса сол ыстық дегендей, Тәуекелдің өзі қашқын болып жүрген кезінде жас Жиембет оның соңына ерді. Ноғайлы жерінде Тәуекелді алғашқы мадақтаған да осы Жиембет. Жыраудың одан басқа да Тәуекелге керек жері бар.

Ал Жиембет жырау қызық адам еді. Ол Тәуекел хан болған күннің ертеңіне жоқ болып кетті. Соңынан хан жіберген қуғыншылар, жырауды әрі-бері іздеп таба алмай қайтқан. Ал сол Жиембетті екі жыл өткеннен кейін

әлдекімдер қол-аяғын қыл шылбырмен матап, Тәуекелдің алдына алып келді. Тексерген уақытта оқиға былай болып шықты. Еліне қайтқан Жиембет Байұлы руының атақты бір шонжарының он жеті жасар Есенбике атты сұлу қызымен көңіл қосады. Астындағы жалғыз аты, қолындағы екі шекті домбырасынан бөтен қалың мал төлер қайраты жоқ Жиембет, Індірі тауына қызды алып қашады.

Қанша от ауызды, орақ тісті болғанменен, жырауды өзіне тең көрмей бай жігіттерін жіберіп қызы мен Жиембетті ұстатып әкелдіреді. Бірақ жыраудың Тәуекел ханға жақындығы барын естіген бай, ата ғұрпын бұзған ақының өзі жазаласын деп, қол-аяғын байлап хан алдына алып келген.

— Иә, сөйле, жырау!— деген, қабағын қарс жауып түңіре қалған Тәуекел Жиембетті көрісімен.

— Қол-аяғы байлаулы жырау қалай сөйлейді?— деді Жиембет ханға тесіле қарап.

Тәуекел жігіттеріне «босат» деген ншарат білдірді.

Босанған Жиембет керегеге сүйеулі тұрған хан домбырасын алып, шырқай жөнелген:

«Үш ай тоқсан кезінде
Қошқар менен бура мас.
Қақ көктемнің кезінде
Айғыр менен бұқа мас.
Жас болжамы кеткенде
Қыздар менен жігіт мас—
Сол мастықтың жөнімен
Алдыңа келген мен бір жас,—
Кессеңіз, ханым, міне бас!»

Сонда Тәуекел езу тартып:

— Қыз бен жігіт екеуі де айыпты екен, екеуі де жастыққа мас болған екен,— деген қыз әкесіне қарап, — екі балаңды бірдей дүрелеп, байеке, елге жақсы ат ала алмассыз, болған іс болып қалған екен, бұларды айырғанмен, сынған тобатай қайта бүтінделмес. Бір жолға күнәсін кешіріңіз.

Жазадан құтылғанмен байдың ашуынан сескенген Жиембет сүйген жары Есенбикемен Індірі жағына бармай, Қазықұрт маңындағы ел арасында қалып қойды. Ол той-думанда тек жарлының жоғын жоқтап, халықтың сүйікті жырауына айналған. Кеше хан кеңесі кезін-

де Үстірт жағынан Тәуекелге көмекке келген Кіші жүздің шағын қолының ішінде Жиембет жырау да бар дегенді Тәуекел естіп қалған. Ел аралаған ақын, жыраудан қарамағындағы жұрттың өзіне деген ойын, алғысын, қарғысын біліп тұру хандардың қашаннан бергі әдеті. Осы дәстүр бойынша «халық құлағы, көзі» деп саналатын жырауды өзіне шақырып, жорық алдында жұрт аңысын білгісі келді.

Амандасып болғаннан кейін, Тәуекел.

— Сөйле, жырау! Біздің жорығымыз жайында ел-жұрттың не деп жатыр?— деді.

— Қуанышты ел-жұртты көрмедім...

— Айта бер, жырау.

— Бізге бөтен елдің жері керек жоқ деп жатыр жұрттың. Бұхара, Самарқантты аламыз деп — халықтың қанын төгу қиянат; хан мен сұлтандардың бұл әділетсіз жорығын қостамауымыз керек. Алда-жалда Ташкент, Самарқанттағы хан сарайлары керек болса, сұлтандардың өзі барып соғысын дейді халқын. Расында да, Тәуекел хан, сен жақсылыққа бастап отырған жоқсың. Соңыңнан жұрт ерсе, өз елін, өз жерін қорғаймын деп ерді. Ал сен... Бұл бүліншіліктің аяғы неге барып соғатынын білесің бе? Енді өзбек қалалары ғана өртеніп қоймайды, қазақ даласын да өрт алады!

Хан сұп-сұр боп кетті, бірақ сыр берген жоқ.

— Айтарың болса тағы айт!

— Қыс ұзаққа созылса мал қырылады, хан нем. Далада иін тірескен шөпті шабудың орнына, ер азаматтарың соғысқа аттанғалы жатыр. Бұдан жұртына қандай пайда бар? Хан мен сұлтандарға соғыс керек, ал бұқара қайтсек жанымызды асыраймыз деп әлектенуде...

— Айт, айта түс, жырау!

Жиембет кілт тоқтады.

— Жоқ, мен болдым,— деді.— Сен бұйырсаң да, хан ием, бұл сөзді айтып жүрген адамдардың атын мен саған естіртпеймін.

— Естіртіп қажеті жоқ,— деді Тәуекел езу тартып,— қазір оларды өз көзіңмен көресің... Сөздерін өз құлағыңмен естисің...

— Сосын?!

— Олардың күмәндануы дұрыс па, төрелігін өзің айтасың...

Тәуекел есік алдындағы күзетшілерге ишарат етті.

Сол сәтте есіктің аржағынан шынжырдың шылдырлаған үні естілді.

Аздан кейін он шақты күзетші қоршаған екі батыр үйге кірді. Аяқ, колдары кісендеулі. Жиенбет жыраудың жүрегі кенет дір ете қалды. Бұл атақты егіз жігіт Қияк пен Тұяқ еді. Жақында ғана хан екеуін мың басы еткен. Тәуекел Ақ Орданың қалдығын жинап, қазақ хандығын қайта құрғанға дейін, екеуі де оған аянбай қызмет етіп келген. Тәуекел Қияк батырға өмір бойы борышты да еді. Сөйткен қос батыр міне енді хан алдында айыпты боп, кісендеулі тұр.

— Жорық алдында халық арасында сенімсіздік туғызып, әлгі сөзді айтып жүрген ерлерің, міне, мыналар,— деді Тәуекел,— «Құм жиылып тас болмас, құл жиылып бас болмас» деген де, міне осы! Қан майдаңда қан төгілсе тек құлдардың ғана қаны төгіле ме? Айқаста ажал қарасың ба, төресің бе, таңдап жатпайды. Қан төгілмей хандық құруға болады дегенді кім айтқан?!

Жиенбет бар сырды бірден ұқты. Еңгезердей хан күзетшілерінің ортасында шоктығы анақұрлым биік қос батыр тапжылмай тұр. Қол-аяқтары кісендеулі. Сонда да тәкаппар бастарын төмен иер емес. Осындай ұлы жорықтың алдында Қияк пен Тұяқ секілді халықтың сүйікті батырларын біржола құртып жіберуге Тәуекелдің де көңілі дауаламаған.

Хан ишарат етті. Күзетшілер үйден шығып кетті. Сонда ғана Тәуекел:

— Егер сендерді бұрыннан білмесем, сөздеріңнен Абдолланың алтын ақшасының сылдыры естіледі дер едім...— деді қос батырға ренжи қарап.

— Біздің мына ақылсыз бастарымызды бірден алдырып тастамағаныңызға рахмет, тақсыр хан,— деді Қияк батыр. Оның даусынан мысқыл білінді.

— Басымыз алынбай қалады деп қорықпаңдар!— деді Тәуекел кекесін сөзге кекесін жауап қайтарып.— Әйтсе де, Абдоллаға неге сонша жандарың аши қалды. Қияк? Соны айтшы?

— Біз қазақпыз, хан ием.

— Иә, онда не тұр?

— Қазақ болғанда біз жай қазақпыз. Бізге басқаның жерінің мүлде керегі жоқ.

— Ал Абдоллаға ше?

— Келіп көрсін. Біздің шаһарларымызды аламын

деп екі рет келді емес пе, одан не шықты. Оны өзің де білесің. Ал бізге басқа елдің қаласының керегі жоқ. Мұны жалғыз біз емес, қарамағындағы барлық жұрт айтады.

— Дешті-қыпшақ елінің жорықтарын ұмыттың ба, Қияқ батыр? Біздің елдің ерлігі көне жырлардың бәрінде де айтылған. Ата-бабамыздың атын естігенде, сонау Стамбул, Рум дірілдеген!

— Ол хандардың жыры, хан ием.

— Ал атағы ше?

— Ол хандардың атағы, хан ием!

— Бәрін бізге бергенде, өзіңе не қалды?

— Ата мекен жерім қалады! Оған қоса сонау менің қараша үйімнің жанында жайылып жүрген елу қой, төрт түйе, жауға шабар бір жүйрігім қалады! Со да жетеді маған. Ал егер жұт келіп, сол күн көрісімнен айрылсам, менің үй ішімді еш ханның атағы аштықтан алып қала алмайды. Тіпті қос мүйізді Ескендір Зұлхарнайыңның атағы да!

— Ал, Тұяқ батыр, сен не дейсің?

— Біздің бәріміздің тілегіміз бір. Өзбектің де, қазақтың да, қырғыздың да. Ташкентте жақыны жоқ Түркістан тұрғындарын кездестіре алмайсың. Өз күнін өзі әзер көріп жүрген Бұхара ұстасын жалғыз атты Тұяқ барып шапқанда не табады?

— Тек Бұхара ұстасын ғана шабамысың? Қолың қышып жүрген хан сарайын да тонайсың ғой.

— Одан маған не тиеді? Хан сарайының мүлкі — хандардың ғана үлесі...

Ханның жарылып кете жаздап ашуланғанын Жиембет жырау көріп тұр. Тәуекелдің бетінен қаны қашып, тұнжыраған отты көзі ұшқын атады.

— Соғыс бола ма, болмай ма, оны сендер емес хандар шешеді,— деді.— Тек мынаған ғана жауап беріндерші. Ташкентте де туысымыз бар дедіндер ғой жана. Ал сол Ташкенттен қазақ жеріне жүздеген адам пеге қашады?

— Ол жақта бір кедейдің терісін екі рет сыпырады, ал мұнда...

— Тоқтама, аяғына дейін айт!

— Ал мұнда бір жарым рет қана!— деді Қияқ батыр, ханның бетіне тіке қарап.

— Ұмытпаспын бұл сөзіңді, батыр,— деді Тәуекел ызадан тұншыға,— жарайды, бұл жайында тағы да сөй-

лесерміз. Тек сендер маған мынаны айтыңдаршы... Ташкент жорығына бармай-ақ қойыңдар. Сонда Бұхара әміршісінің құлдығынан құтыламыз деп бізді күтіп отырған ағайын-туыстарыңның үмітін сатқандарың ба, қалай болғаны?..

Мұндай сұрақты күтпеген қос батыр бірден жауап таба алмай қысылып қалды.

— Әрине, біз оларға жәрдем беруге тиістіміз...— деді Қияк күмілжи.

— Бәсе, солай шығар! Ташкентті біз алсақ, Абдолла ханның біздің шаһарларымызға шабуыл салатын қаласы қалмайды. Көрдiңдер ме, бұл жорықтың не үшін керек екенін? Жә, болды енді, батырлар... Барыңдар... Тезірек Ташкент жорығына дайындалыңдар.

Тәуекел күзетшілерді шақырып алып, екі батырдың аяқ-қолдарындағы кісeңдерді алуды бұйырды. Қияк пен Тұяқ ханға ләм-мим деп тіл қатпай, құр бастарын иіп тәжім етті де, үйден шығып кетті.

— «Қилы-қилы заман болар» деген, міне, осы,— деді Тәуекел. Жиeмбет жырауға бұрылып.— Бұрынғыдай емес, хан қарамағындағы адамдарына: «Жорыққа бірге жүріңдер» деп өтінетін күйге жетті...

— Әйтсе де, әлгі екеуін дұрыс босаттың, хан нем.

— Ташкент жорығына олар аттанады,— кенет оның жүзі тағы сұрланып кетті,— содан кейін жолыма бөгет болып көрсін! Абдолланың маған ойлаған қастығын өмірбақи ұмытпаспын. Самарқандын да, Бұхарасын да аламын! Балқы мен Хиуаға да барамын! Абдолланы үрім-бұтағымен бірге, табанымның астына саламын. Мойнына арқан байлап Бұхараның о шеті мен бұ шетіне сүйретіп өтем. Ақсақ Темірдің туы желбіреген Самарқант пен Бұхарада Ақ Орданың ақ туын желбіретем! Бар әлемге атағымды шығарам!

Екі иығын кере, орнынан қалай тұрып кеткенін Тәуекел өзі де сезбей қалды. Көзі сәл жұмылып кеткен. Не айтып, не қойғанын білер емес. Аузы ақ көбіктеніп, бір қолын жоғары көтеріп, тұншыға сөйлеп тұр! Әлден уақытта өзіне тіксіне қараған жыраудың көзіне көзі түсіп кетіп тоқтады.

Ақ Орда ханы созыла барып орнына отырды.

— Көкейкесті армандарымның аузымнан шыққаны шошытқан жоқ па сені, жырау?

Жиeмбет басын шайқады.

— Жок. Тек бұл кеселді саған дәл осылай тым ерте келеді деп ойлаған жок едім.

— Қандай кесел?

— Хан кеселі... Тым ерте келді. Соңыра-ақ келсе төгілетін қан да аз болар еді, хан нем...

Екі жақ Ташкент шаһарының күнбатыс тұсында кездесті. Абдолла хан алпыстан асқақына қарамай ақбоз атын ойнатып, қан майданға өзі шықты. Бұл айқасқа Әбді-Мумин қатысқан жок. Ол өзінің әскерін Балхы шетінде ұстап қалды. Қазақ қолынан екі есе кем Абдолла лашкарлары ғажайып ерлік көрсетті. Бұл кезде олардың ең сенімді қарулары Ташкент шаһарларының ең биік қамалының үстіне орнатқан «Қара бура» зеңбірегі, бықыған қазақ қолына ажал тасын жаудыра бастады. Қазақ әскері бұл күшке шыдай алмай кейін шегінді. Дәл осы кезде Ташкент шаһарындағы бұрынғы Бабасұлтан жағындағы көп тұрғындар қаланың түкпіріндегі темір қақпаны ашты. Осы қақпадан кірген Қияқ пен Тұяқтың екі мың әскері шаһар ішіндегі Абдолла қолын күл-талқан етіп, ескі қамал үстіндегі қатар тұрған төрт «Қара бура» зеңбірегін қиратты. Кейін шегінуге айналған Тәуекел хан әскері қайтадан шабуылға шықты. Есім сұлтан мен Құджек сұлтанның екі бұйірін ала, қиялай шапқан жауынгерлерінен қоршауға түсіп қалады екенбіз деп ескенген Абдолла әскеріне кейін шегінуге бұйырды. Сол-ақ екен, «жау қашты» деп сойыл, шоқпар ұстаған қалың қазақ қолы лап қойды. Бұдан бұрын бетіне жап қаратпаған, Қорасан құрышына бөленген Бұхардың атақты лашкарлары, бүкіл Орта Азияға әйгілі Ұбайдолла, Асфандияр, Әбді-Латиф, Ходжа-Кули-құшбегі, Құдайберді жасауыл, Құлбаба-күкілташ секілді әскер қолбасшыларынан айрылып, тым-тырақай шегіне бастады.

Әлі де болса лашкарларын тоқтатам деп әуре болып, жасақтарының орта шепінде жүрген Абдолла ханға кетет әлде кім сауыт бұзар оғын жіберді. Аралары садақ оғы жетердей жерде емес, алыс еді. Сөйтсе де ықыра ұшқан жебе «жеттім бе саған да» дегендей, екі қабат тор сауыттап өтіп Абдолла ханның қақ бұйірінен кеп қадалды. Ат үстінен құлап бара жатқан ханды күзетші жігіттері қағып алып, жау қолына түсірмей кетті. Енді Абдолла әскерінің әлі де болса жауына төтеп беріп жүр-

ген топтары қарсыласуын қойып, аттарының басын Бұхараға қарай бұрды.

— Маған оқ атқан сол жігіт. Тек соның ғана оғы менің сауытымды бұзып өте алады,— деді қапсырап жатқан Абдолла.

Иә, бұл Абдоллаға арнап көк құрыш сауыт бұзар оғын Сайрам айқасынан бері сақтап келген Қияқ батыр еді. Бұ да ұзақ күткен арманына жетті.

Қазақ әскерлері осы қарқынымен, тасыған өзендей жолдарында кездескен бөгеттердің быт-шытын шығарып, Ақсақ Темірдің ордасы Самарқандты алды. Бұдан екі жүз жыл бұрын бүкіл әлемді тітіреткен Ақсақ Темір көреген Алтын Орда астанасы Сарайға қандай айбармен кірген болса, енді сол Алтын Орда хандарының ұрпағы Тәуекел хан, сары алтынмен қақтаған ер-тұрманды сүліктей қара ақалтекесін ойнатып, сондай айбармен Самарқандқа кірді. Ахмед кожа Яссаун, Ходжа Накшбанда мешіттерін салдырған әлем әміршісі Ақсақ Темір гүлдей жайнаған Сарай шаһарын, бір кезде Бату мен Берке тұрған Гүлстан сарайларын жермен-жексен етіп қиратса, көшпелі елдердің әскерін басқарған Тәуекел хан Самарқанд шаһарының бірде-бір кірпіші бүлінбесін деп жарлық берді. Бұнысы атаққұмар Тәуекелдің болашақ ұрпақтың қарғысынан қорыққаны емес-ті. Бұхара хандығына қарсы шықса да, қазақ елі Самарқанд, Бұхара, Хиуа, Хорезм шаһарларын пір тұтатын. Оның салтанатты сарайларын көргенде, көріктеріне таң қалып, жас баладай қуанатын. Тәуекел хан соңынан ерген осы халықтың рухани сезіміне қарсы шығып, оны өзіне өшіктіргісі келмеді. Сол себептен Самарқандтың алтын күмбезді сарайлары аман қалды.

Әлемді тітіренткен Ақсақ Темір әмірші зираты «Гөр әмірдің» қасында, өзімен бірге алып жүрген сырлы хан тағында қазақ даласының әміршісі Тәуекел отыр. Құншығыс жағындағы Ұлықбек мұнарасының үстінде жылқы құйрығының қос уыс қылы байланған Ақ Орданың ақ туы желбірейді. Хан жанына Есім, Құджек, тағы солар секілді сұлтан, би, батыр, ақсақалдар бірінен соң бірі келіп, тәжім етіп жатты. Хан көзі әлдекімдерді іздеп, ақыры қалың топ мырзалардан шеттеу тұрған Қияқ пен Тұяқты тауып алды.

— Жауды жеңуге тегік болған, міне мынау қос бөрі,— деді Тәуекел Қияк пен Тұяқты көрсетті.— Жауға бұлар аш бүркіттей шүйілді, көкжал қасқырдай шапты! Бұхара маралының төсін қанжардай тырнағымен жыртқан қанды көз барыстай, жау шебін күл-талқан етті!

Хан ишаратымен бұл екеуіне уәзірлер олжаға түскен қазнадан Бұхараның екі асыл қанжарын әкеп берді. Саптары сом алтыннан, бетіне ең қымбат гауһар тастар орнатқан. Үстеріне жағасы бұлғын, алтын зерлі бұхара шапандарын жапты. Алдарынан бактри тұқымдас екі акбоз арғымақ тартты.

— Ақ Орда сендерден бұдан да зор ерлік күтеді!— деді Тәуекел.— Қандай тілектерің бар, айтыңдар? Бәрін де беремін!

Сөзге жақындау Қияк батыр сәл алға шығып тізесін бүкті.

— Біздің қарамағымыздағы екі мың жігіттің көпшілігі малшы-егінші... Іштерінде темір ұстасы, ағаш шеберлері де бар. Соларға елге қайтып, өз шаруаларына кірісуге рұқсат етіңіз, тақсыр хан.

Қарадан туса да Қияк батырдың дауысы тегеурінді шықты, құлаққа ұрған танадай тына қалған тыныштықта, жұрт ызалана қалған хан тісінің шықыр ете түскенін ап-анық естіді.

Бұхара ханы Абдолла бұл күндері оқ тиіп жараланған жолбарысқа ұқсайтын еді. Хан Бұхара, Хиуа, Балқы, Қорасан түгіл, өзіне бағынышты жердің бәрінен әскер жинауды бұйырған. Бір ай өтпей сан жетпес қалың әскер Самарқанд пен Бұхараның ортасындағы Зеравшан жағасына шатырларын тікті. Бір күні, жарасы әлі жазылмаған Абдоллаға бүлік шығарып жүрген баласы Әбді-Мумин келді. Шатырға кіре тізе бүгіп отыра қалды.

— Сенің жүрегіңе жара салған менің бір білместігімді кешір, әке,— деді.— Бүгіннен бастап мен сенің ең адал ұлың боламын. Міне нан, міне құран, бұдан былай қарай сенің айтқаныңды екі етпеймін!

Абдолла хан шын қартайған болуы керек, көзіне жас алды.

— Қартайғанымда жалғызымды көрсетіп, катесін кешіруге мүмкіндік бердің, алла тағала, мұныца да шүкіршілік,— деді ол шын жүректен.— Мұрагер жалғызым қасымда, бар тілегім орындалды, қазір өліп кетсем де арманым жоқ!

Бұхара секілді қасиетті хандықты басқаруда қандай жолдар, қандай сырлар барын көрі хан ұлына ұзақ жыр етті. Құпия сырлар да аз емес екен. Содан кейін барып шаршап кеткен хан ұлынан анайдай жерде тұрған құмырадағы жүзім шырынын құйып беруді сұрады. Ұлы әкесінің өтінішін орындады. Сәл бұрыла тұрып, жүзім шырынын кесеге құйып әкеп берді. Алла тағала оның жаңа ғана «қазір өліп кетсем арманым жоқ» деген тілегін орындағысы келген болуы керек, баласы берген шырынды ішісімен, Абдолла хан қырылдай беріп жастыққа шалқасынан түсті. Әбді-Мумин әкесінің бетіне тесіле қарап, ұзын, жіңішке саусақтарымен оның көзін жапты. Содан кейін кесенің түбінде қалған шырынды шатырдың бір бұрышына төкті де, кесені шайып, оған қайтадан орталай шырын құйып, орнына апарып қойды. Далаға шыққан соң «ұйықтап кеткен ханды оятпандар» деп бұйрық берді де, өзі әскеріне қарай аяңдады.

Тек кеш таянғанда ғана күзет бастығы хан шатырына кірді. Жастық үстінде шалқасынан жатқан Абдолланың бетіне көзі түсіп кетісімен өн-бойы дір ете қалды. Бүкіл әлемге аян сәл езу тартып күлімсірейтін ишараты езуінде. Тағы да біреуге өлім жазасын айтып жатқандай.

О дүниеге сапар шеккен әкесінің жанына Әбді-Мумин бірінші боп келді. Сакалынан жасы сорғалап отырып, ұзын саусақтарымен әкесінің езуіндегі күлкісін укалап кетірді. Әкесінің неден өлгенін білуге шақырған Бұхараның ғылым дәрігерлері «Патшаның патшасы Абдолла жүрегінің кенет тоқтауынан қайтыс болған» деген қортынды шығарды. Сөйткенмен, қалың бұқара арасында «баласының ауру әкесіне берген жүзім шырыны» жайындағы қауесет сөздер де тарап жатты.

Пәуескеге жегілген сегіз қара ат Абдолланың пырағын Бұхараға алып келді. Қасиетті діни Бұхараның мыңдаған мешітінің қасындағы минареттерден мыңдаған ишан, молдалар алла тағаладан Абдолланың күнәларын кешіруін сұрап, шаһарды азан-қазан етіп басына көтерді. Екі күннен кейін Абдолланың табыты Қожа Нахш-

бандидың атакты мазарының тас еденіне қойылды. Бұл христиан есебі бойынша 1598 жылы, ал хаджири есебі бойынша 1006 жылы болды. Ертеңіне Бұхара тағына, Мұхаммед дінінің жаңа қорғаншысы, мәртебелі Әбді-Мумин әмір келін отырды...

Самарқандты алған Тәуекел құдайдан қорқып қаралы Бұхараны шабудан бас тартқан жоқ. Бұндай себепті сол кездегі тарихшылар ойлап тапқан-ды. Ханның Бұхараға аттанбауына себеп болған Қияқ пен Тұяқ батырлардың және солардың соңынан ерген жұрттың қылығы еді. Самарқанд шаһарын алу тойы бітісіменен, қос батыр өздерінің жігіттерін ертіп кейін қайтқан. Өзге қазақ батырлары басқарған әскердің көбі бұлардың соңынан ерді. Бұлар жат елге барып қала тонағаннан гөрі, елдеріне қайтып, қатын-балаларын асырағанын жөн тапқан. Тәуекел хан қанша ашуланғанмен, қолынан ештеңе келмеді. Біреу-міреуді жазалауға да батылы бармады. Өйткені кейін шегінушілер тым көп еді. Көпке топырақ шаша ала ма, ақыры Самарқандтан кетуге бұйрық берді.

Ташкентте де қазақ атты әскері көп кідірген жоқ. Бұлардың көпшілігі көшпелі рулардан келген-ді. Қыс қыстауға, жаз жайлауға шығу керек екенін жадыларына ұстап, ауылдарына жеткенше асықты. Тәуекел ханға шаһардың қақпасын ашқан Ташкент тұрғындарының арасында да қыңқыл көбейе бастады. Хан уәдесін бұзып, жеңілген қалаға салық салған. Бұның да салығы бұқараға жеңіл тимеген.

Ал салықсыз соғысты жүргізе алмайтынын білген Тәуекел осылай істеуге мәжбүр болған. Тәуекелдің бұл әрекетіне қарсы топты басқаруға Абдолланың жақын туысы Хазретсұлтан деген кісі кіріскен. Әбді-Мумин өзінің тыңшылары арқылы Ташкент тұрғындарын алым-салықтан мүлде босатамын деп өтірік уәде беріп, жаңа бықсып жана бастаған халық наразылығын үрлей түскен. Тәуекел әрі ойлап, бері ойлап Түркістанға қайтуды жөн көрді. Өз ордасына келгеннен кейін Ташкент уәлиетінде не болып жатқанын тек алыстан бақылап қана отырды. Кей жағдайларда болмаса, Ташкент ісіне көп кіріспеді.

Алты ай өтпей, төсегінде ұйықтап жатқан Әбді-Муминді бұхаралықтар балтамен шапқылап өлтірді. Әбді-Мумин Шайбани ұрпағынан шыққан ең ақырғы Бұхара ханы еді. Осымен Бұхарадағы Шайбани үрім-бұтағының хандық жолы аяқталды. Енді Бұхара ханының алтын тағына Астраханнан қашқан хандардың бірінің тұқымы Жармұхамед отырды...

Іә, әкесін өлтірген хандарды жазмыш оңдырған емес. Жәнібекті өлтірген Бердібекпен Бату ұрпағының Алтын Ордадағы хандық дәуірі біткен. Ұлықбекті өлтірген Латиф пен Ақсақ Темір ұрпағының Самарқанттағы хандығы аяқталды. Міне, енді сондай жағдай Бұхарадағы Шайбани ұрпағына да туды...

Тәуекел ханның да күткені осы кезең еді. Оған Жиембет жырау «хан кеселіне» ұшыраған екенсің деп дұрыс айтқан екен. Бірақ Тәуекел мұндай соғыста халыққа сенудің қиын екенін түсінген-ді. Халық өз жерін қорғағанда табанды да, күшті де. Ал басқа елдің жерін тартып алу үшін соғысып көрші, ең ержүрек деген батырдың өзі тірегінен айрылғандай, босаңси қалады. Оның орнына жауың он есе күшейе түседі. Осындай жағдай Самарқанттан табылған бір көне кітапта да айтылған. Өз жері — әскер күшінің мөлдір бұлағы.

Осыны біле тұрса да Тәуекел хан тағы жорыққа дайындалды. Оның қолындағы әскеріне қырғыздан шыққан бай-манаптардың жасақтары мен оңтүстік Қашқардың ханы Әбдірашиттың жауынгерлері қосылды. Барлығы жүз мың әскер Самарқант пен Бұхараға аттанды. Бірақ бұл жолы бұларға ешкім шаһар қақпасын ашқан жоқ. Тұрғын ел келе жатқан әскерден азық-түлікті, мінер атқа деген шөбін жасырды. Барлығын күшпен алуға тура келді. Мұндай жағдай әскердің тәртібін бұзады, әлсіретеді.

Әйтсе де құмырсқадай қаптаған қалың қол алғашқы қарқынымен Ташкентті, Самарқантты алды. Енді Бұхардың өзін қоршады. Бетпе-бет ашық майданға шығуға күші жетпейтінін сезген Жармұхаммед хан Бұхара шаһарының ескі бекінісіне кіріп алып, қарсылық көрсетті.

Осындай бірін-бірі аңдыған ұрыс жиырма күнге созылды. Сөйткенше шілденің сарша ыстығы келді. Сол жылғы жаз, Мәуреннахр жерінде өте ыстық болды. Төбеден күйдірген күн мен күнгей жактап аңырап соққан аңызақ желмен, онсыз да шөбі шамалы Бұхараның жері

күйген күйқадай тақырға айналды. Күннің ыстығынан кара жердің өзі шытынап жарыла бастады. Төбінге үйренген қазақы жылқы қабырғалары ырсып, әзер жүретін халге жетті. Ақырғы екі жүз жылдың ішінде жат жерде соғысып, басқа елдің қамалын алып үйренбеген қазақ, қырғыз, ұйғыр сыпайылары, бұл соғыстың өздеріне тіпті керек емес екенін енді түсініп, күңкілдей бастады. Оның үстіне күннің ыстықтығынан әскер арасында іш ауру пайда болды. Енді қазақ сыпайылары Бұхараны алудан гөрі, өздерінің елі қалған теріскей жаққа телміре қарауды шығарды. Баяғы Қияк айтқан күйге жетті. Тәуекел хан Бұхара маңындағы елді үнемі талап, осыншама әскерді қоректендірудің қисыны болмайтынын түсініп, амал жоқ кейін шегінуге бұйрық берді. Қазақ әскері Самарқантқа келіп бекінді. Бұл кезде Хиуадан қалың әскермен Жармұхаммед ханның інісі Бақимұхаммед сұлтан келіп, Бұхара әскеріне қосылды. Енді екі жақтың күші теңдесіп қалды. Бірде бұхарлықтар, бірде түркістандықтар жеңіп, Самарқант түбіндегі айқас бір айға созылды. Осындай бір түнгі ұрыста Тәуекел хан қатты жараланды. Күні күйіп тұрған Мәуреннахр жерінде жаз бойы соғысып әбден жүдеген қазақ әскері амалсыз, Самарқантты тастап Ташкентке келіп бекінді. Бұл арада да ұрыс саябырлаған жоқ.

Тәуекел ханның халы қиындай түсті. Жарының ауыр жаралы екенін естісімен, бір топ нөкерімен Ақторғын ханым да жетті.

Күшті кезінде серік болған одақтастары енді мұны жалғыз тастап кетті. «Жалған дос көлеңке тәрізді, күн ашықта жолыңнан қалмайды, аспанды бұлт торласа қасыңда болмайды» дегеннің не екенін Тәуекел енді түсінді. Сонда ғана барып ол өзіне ермей қалған қазақ батырларын есіне түсірді. Тілдерін алмағанына өкінді. Бұл кезде Бұхара әскері Ташкентті тастай етіп қоршап алған. Түркістанға баратын ең соңғы жол да үзілген. Ал Тәуекел ханның жапында ең сенімді достары мен Ақторғын ғана қалды. Ісік уыты бүкіл денесіне жайылып бара жатқан Тәуекел, кенет жастықтан басын көтерді:

— Бұл не шу?— деді ол елегзі.

— Жау әскері біз тұрған бекініске атой салып жатыр.

Бұл рас еді. Бұхараның қалың әскері қаланы алып болып, Тәуекел хан мен оның серіктері бекінген ең ақырғы қорғанды шабуға шыққан-ды. Қорғанның тақа биік

емес қабырғаларына баспалдақтар қойып, үстіне шығуға тырысып жатқан. Жау кей жерінің қабырғаларын бұза бастаған. Ат үстіндегі ұрысқа үйренген қазақ жауынгерлері енді жаяу соғысуға мәжбүр болды. Бұл оларға жеңіл тимеді. Жеңуге айналған жау әскері хан жатқан сарайға жақындай берді. Сырттағы шу үдей түсті.

— Не болды? Не боп қалды?— деді есі бір кіріп, бір шығып жатқан Тәуекел хан.

Дәл сол сәтте есік сарт етіп шалқасынан ашылды да, үйге еңгезердей бір батыр кіріп келді. Шаң басқан үсті қап-қап.

— Біз сені әкеткелі келдік,— деді кірген кісі.

Сөйдеді де батыр жігіт жерге сылқ етіп құлап кетті.

Орнынан сүйретіле тұрып, Тәуекел жігіттің бетіндегі шынжыр торды ашты. Қияқ батыр екен.

— Сені алып кетуге келдік.— деді ол кезеріп кеткен ернін әзер қимылдатып,— жат жерден тезірек кетуің керек...

— Басқа елге тиме, өз басыңа өзің жетесің деп едің, Қияқ батыр, айтқаның келді,— деді Тәуекел. Сосын ол да Қияқ батырдың үстіне құлап түсті. Дәл сол сәтте Қияқ батыр да ақырғы рет ышқынып, демін бір алды да, о дүниеге жүре берді.

Сөйтіп бір күні, бір мезетте туған екі батыр бір күнде, бір мезетте о дүниеге сапар шекті. Сұлтан тұқымнан шыққан Тәуекел артына алты әйелі мен сегіз баласын қалдырды. Иран, түрік, орыс әдебиеттерінде Тәуекел хан деген айбарлы атын қалдырды. Ал сол ханмен бірге өмір сүрген, құлдан шыққан Қияқ батыр, елі-жері үшін үнемі жорықта жүріп, елуден асқанша бұл дүниенің рахатын көре алмай кетті.

Осындай мыңдаған белгісіз батырлардың арқасында қазақ елі сан жанталаста жеңіп шығып, ғасырлар бойы өзін аман сақтап келді...

Қазақ жерінен Тұяқ батыр мен Кіші жүзден шыққан Жолымбет батыр басқарып келген қалың қол жетісімен, Бұхара әскері сол кейін шегінді. Енді ұрыс бұрынғысынан да қыза түсті. Есім сұлтан қаланың күңгей жағына, Құджек сұлтан — теріскей тұсына шапты. Құбыла жағындағы Қаңғылы, Шанышқылы секілді рулардың әскерін Тұрсынмұхаммед әмір басқарды. Бекіністің ең қауіп-

ті жағы күншығысы еді. Бұл тұсты Жолымбет батыр қорғауда-тын. Шабарман енді бұл батырдың да жараланған хабарын әкелді. Осы себептен қаланың күншығысына Тұяқ батырға шабуға тура келді. Хан ордасы осы күншығыс жақтағы майданда болатын. Кімде-кім осы күншығыс майданын басқарса, сол жалпы әскердің қолбасшысы саналуға тиісті еді.

Қазақтың іргелі руларынан шыққан батырлар мен Шыңғыс ұрпағынан тараған сұлтандар Тәуекел ханның Қияқ пен Тұяқты мың басы еткеніне іштей наразы еді. Әрине, дәл қазір алауыз батыр, сұлтандар Тұяқтың айтқанына бағына қоймаулары да мүмкін. Бұл жағдайды бірден түсінген Ақторғын, кенет ерінің сауытын кие бастады.

Атына қонғалы жатқан Тұяқ үйден бір жас батырдың жүгіре шығып, Тәуекелдің Теңбілкөгіне асыға мінгеніне таң қалды.

— Тұяқ батыр, мен де сізбен бірге барамын,— деді әлгі жас батыр.

«Бұл кім? Қайдан пайда болды бұл батыр?» Жөн сұрасар уақыт емес, қатарласа шаба жөнелді. Сонда ғана Тұяқ жанында келе жатқан — Тәуекел ханның кіші бәйбішесі Ақторғын екенін білді. Тұяқ оған: «Қайт кейін!» дей алмады. Қазақтың батыр қыздарының жауға қарсы шабуы ол кезде жаңалық емес. Оның үстіне Ақторғынның жанында болуы, хан атынан Тұяққа «қазір сен әскер қолбасшысын» дегенді ескерткендей еді.

Бұлар күншығыс қақпаға жеткенде, ең алдымен көргендері: қамалды қоршан не істерін білмей үрпіссе қалған қазақтың қалың әскері мен осы қамалға ар жағынан тұтасқан қара бұлттай, жұбын жазбай төніп келе жатқан жау лашкарлары болды. Тәуекел ханның қаза тапқаны екі жаққа бірдей жеткен екен. Айбарлы қолбасшысынан айырылған қазақ әскері қандай абыржыса, Тәуекелдің өлгенін естіген жау жағы сондай шабыттана түскен. Күншығыс жақты қазір басқара қоятын батыры жоқ екенін сезген Жармұхаммед пен Бақимұхаммед сұлтандар әскерлерінің көпшілігін де, білектісін де осы тұсқа төккен.

Міне, олар қара бұлттай қаптап келе жатыр... Жаңадан күш қосылғанына қарамай қазақ жауынгерлерінің құты қашқан. Әр жерден «сап түзеңдер!» «Қашушы болмандар!» деп айқайлаған мың басыларының жарлығын

ешкім тындар емес, соғыс кезінде хан өлуі жаман ырым! Мүмкін содан да болар, кешегі айбынды қазақ жігіттері, қазір қасқыр шапқан қойдай үрпнісе қалған.

Қорған мен жау арасы бір шақырымдай. Жау қазір лап қояды. Сонда бәрі де бітеді. Қашқанға қатын да батыр, қазақ әскерін мынау келе жатқан алып күш көше-көшені қуалай жүріп қырып салады. Қала ішіндегі ұрысқа үйренбеген қазақ жігіттері ең болмаса өз бастарын да қорғай алмайды. Жаумен не болса да жазық далада кездесу керек.

Кенет қорған қақпасынан жауға қарай бір салт атты шаба жөнелді. Астында Тәуекелдің Теңбілкөгі, үстінде Тәуекелдің сауыты, басында дулығасы... Абыржыған қол заматта тына қалды. «Бұл кім? Бүгін ғана өздері қара жерге қойған Тәуекел тіріліп келгені ме? Япырмау, ханмен қатарласа шауып бара жатқан Қияқ батырдың өзі ме? Оны да бүгін ханмен бірге жерлеген жоқ па едік?»

Сөйткенше болған жоқ, бұлардың құлағына шауып бара жатқан Ақторғын мен Тұяқ батырдың:

— Аруак! Аруак!— деп айқай салған ұраны естілді.

Сол-ақ екен, жаңа ғана үрпнісіп тұрған қазақ жігіттері, аттарына қамшыны басып-басып жіберіп, алға қарай қалай лап қойғандарын өздері де білмей қалды.

— Ақжол! Ақжол!

— Үйсін! Дулат! Шақабай!

— Қарақожа! Қабанбай!

— Бекет! Қаңғылы! Бөрібай!

Қашан да болса бірінші боп атой салған жау қорқынышты. Қолбасшыларынан айрылған әскерден мұндай қимылды күтпеген Бұхара лашқарлары дүрлігіп қалды. Кейбіреулері аттарының басын кейін бұрып та алды. Тәуекел ханның өздеріне аян Теңбілкөгі мен алтын жалатқан дулығасын көрген Бұхара әскері, хан өлмеген екен деп ойлады. Өздеріне таяп келе жатқан қаһарлы күшке қарсы тұра алмады. Тіріліп келген Тәуекел мен Қияқтың сұсы жеңді ме, кейін қарай қаша жөнелген лашқарлар көрінді. Тек кейбір топтары ғана найзаларын ыңғайлап қарсы шапты. Көптіктен гөрі ерлік жеңетін заман, қазақ әскерлері сол қаһарлы беттерінен таймаған қалпында, алыстан кеп бар пәрменімен жағаны ұрған долы толқындай, жұбын жазбай, Бұхара шебінің дәл ортасына кеп кірді. Қарқындары соншалық екпінді болды, тынық суды қақ жарған сүйір тұмсық қайықтай, жау шебін

қақ бөліп өте шықты. Әне-міне дегенше көк найзалар қағысып құрын алдаспандар құлаштай сермеліп, қоян-қолтық ұрыс басталып та кетті. Қабақ қаққанша талай жүйріктер шылбырларын сүйретіп босап шыға берді, сан ерлер «әттеген-ай» деп кара жерді қаба құлады. Тұяк өзінің ежелгі серігі алты жігітімен қаптаған жаудан Ақ-торғынды қорғаумен болды.

Ұрыс қыза түсті. Жауларының аз екенін білген Бұхара лашкарлары қазақ жігіттерін тықсыра бастады. Осы кезде «Есім! Есім батыр жетті!» деген шу шықты.

Сол сәтте бір бүйірден астындағы Ақтанкерін көсілдіре салған еңсегей бойлы Есім көрінді. Соңынан шұбыра шапқан қалың қол. Бұл қаланың күнгей жағындағы Бұхара әскерін жеңіп енді күншығыс тұсындағы майданға келе жатқан Есім жасақтары еді. Қазақ әскеріне жаңа күш қосылғанын көрген Бұхара қолы енді кейін шегіне бастады.

Әңгімесін айтып болып Бұқар жырау Бөгенбайға қараған:

— Міне, көрдің бе? Қарамағындағы жұрттың тілін алмаған Тәуекел не тапты? Қаншама халықтың қанын төгіп, ақырында өзі де жау қолынан дүние салды. Тарих әділеттілігі осылай...

— Иә, хан хандығына тартпай тұра ма? Қара халықтың қамын қайсысы ойлап жүр дейсін?— деді Бөгенбай.— Мені қажытқан жоңғарлар емес, Әбілмәмбет пен Әбілқайырдың алтыбақ-алауыздығы.

— Сен осы Әбілмәмбетпен әлі табыса алмай жүрсің бе?

— Сірә, түсініспей-ақ өтетін шығармыз.

Жоңғар әскері Түркістанды алғаннан кейін, Орта жүздің ханы Әбілмәмбет ордасы Үш жүздің түйіскен жері — Телі көлдің тұсына көшкен. Баян аулы жағынан келген Бөгенбай мен Бұқар жырау Арқаның біраз жігітімен осы арада, хан ордасының жанында болатын. Бұл кез жоңғарлармен үлкен ұрысқа бармай, уақ жорықтарда итжығыс түсіп, екі жақтың арасы бір мезет қару күшінен көрі, тіл қуатына көшкен шак. Түрлі-түрлі келісім сөздер, әділетті, әділетсіз бітімдер жүріп жатқан. Дәл осы күндері Әбілмәмбет ордасына кенет бір суық хабар жеткен. Сыбан Раптаннның тентек інісі қанқұмар Лола-Доржи, Қалден Цереннің келісімінсіз, өзінің бес мың қо-

лымен Сырдың төменгі етегіндегі Әбілқайыр ханға қарайтын қарақалпақ пен Тама, Табын руларының біраз ауылын аямай шауыпты. Соғыстың алғашқы кезіндегідей, әлгі ауылдардың күлін көкке ұшырып, бар малын айдап әкетіпті. Көп адамын қырып, іске татитын қыз, бозбала, сұлу әйел, қарулы жігіттерін Хиуадағы күң мен құл сататын базарға әкетіп бара жатыр — деген хабар жетті. Әбілмәмбет шаптырған барлаушылар бәрін растап қайтқан. Және олар «Жоңғардың қолы екі бөлініпті. Үш мыңы қыруар малды айдап, өздерінің ордасы тұрған Ілеге қарай қайтыпты. Ал Лола-Доржидың өзі екі мың сыпайы мен сан жетпейтін тұтқынды матап Хиуаға беттепті. Тұтқындардың ішінде Тама еліне серуенге келіп жатқан Әбілқайырдың туған қарындасы Сақыпжамал бике де бар екен» деген хабар әкелді.

Орда маңындағы батырлар, жауынгерлер дүрліге қалған. Алдаспандарын қайрап, найзаларын ұштап, Хиуа базарына айдалып бара жатқан қарақалпақ, қазақ бауырларын құтқарып қалмақ боп, жорыққа дайындала бастаған. Сол дүрліккенің бірі Арқадан бес жүз сарбазбен келген Бөгенбай батыр еді. Бірақ Әбілқайырдың Үлкен Ордадан бөлініп кеткеніне риза емес Әбілмәмбет Кіші жүз ханының қарындасы Сақыпжамалдың да күңдікке сатылуға айдалып бара жатқанын естігенде, ішінен «шоқ-шоқ» айтып, қолын бір-ақ сермеді: «Шабылған жұрт Әбілқайырдікі. Күшті болса адамдарын өзі алып қалсын» деген. Даурыққан жауынгерлер су сепкендей тез басылды.

Әбілқайырдың бұл кезде сонау Жайық бойында жорықта жүргенінен хабардар Бөгенбай батыр ғана қызуын баса алмаған. «Әбілқайыр үлгіре алмайды, Хиуа жолына біз жақынбыз!» деп Бөгенбай ханға келіп, жорыққа шығуын өтінген. Бірақ Әбілқайырға өкпелі хан көнбеген. Ашуға мінген Бөгенбай өзінің бес жүз жігітіне атқа қонуға бұйырған.

Сонымен Бөгенбай қолындағы аз әскермен, бір төбенің бауырында, өзінен әлдеқайда көп жауының жолын тосып жатты. Көп кешікпей-ақ алыстан талмаусырап бір қайғылы үн естілді. Жауынгерлер тына қалды. Көп дауыс қосылып бір зарлы ән айтып келеді.

«Қара таудың басынан көш келеді.
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді...

Он жоқтау тәрізді. Шерлі жүректен шыққан ащы зафрандай. Бүкіл халықтың қайғысы осы бір өксі айтылатын өлеңге сыйып кеткендей адамның жүрегін тырнап әкетіп барады. Бұл әнді көзінен жасы парлаган, елінен, жерінен айрылған көп әйел қосылып айтқанда тіпті зарлы шығады. Жар тасалап жатқан жігіттердің үстін ауыр зіл басып, жарық дүние қарауытын кеткендей болды. Жігіттер тістөніп, қаруларының сабын қыса түсті.

Бұлар жатқан жер терең шатқалды, ұзыннан-ұзақ созылған тау арасы еді. Ирелендеген көш жолы осы тау арасынан өтіп, алдындағы жазық алаңға шығады. Одан әрмен қарай құмайт, тақыр дала басталады.

Көп кешікпей бір қойнауდან салт атты көрінді де, біртіндеп көбейе бастады. Енді сай ішін қаптаған адам, күңіренген үн жауып кетті. Қан сасыған талай ұрысты басынан өткізген Бөгенбай да көз алдындағы мына көріністен жаны түршігіп, бармағын тістей берді.

Топтың алдында күміс ертоқымды сүліктей қара айғыр мінген, басында қазандай қара дулығасы, үстінде көк темір сауыты бар, қара мұртын құлағына апарып орап қойған, Лола-Доржидың өзі келе жатыр. Сырт бейнесінің өзі-ақ бұл ноянның қаншалық қанқұмар екенін көрсеткендей. Оның соңынан жолдың екі ернеуін ала, кілең көк найзалы, шойын шоқпарлы, ат үстіне нардай-нардай боп шөккен жоңғар басқыншылары. Ортада ұзыннан-ұзақ созылған тұтқындар. Шаштары тұлым-тұлым боп жұлынған қыздар, жалаң аяқ, жалаң бас әйелдер, кейбіреуі жас нәресте бөпесін арқалап алған, ал қайсыбіреуі аяғын жаңа ғана апыл-тапыл басқан баласын жетектеп әзер келеді. Бұлардың дәл ортасында ұзын қыл арқанмен маталған кешегі жайсаң, жақсы жігіттер. Киімдері жыртылған, денелері жарақаттанып ісінген, үстері қан-қан. Шыққан көз, жұлынған құлақ... Осы сұмдық көрініске қосыла нан сұрап жылаған жас баланың ащы дауысы, «қой-қойлап» жалынған анасының күбір-сыбыры, жүре алмай қиналған ауру, жаралы жандардың ыңқыл-сыңқылы, оларды боктаған, балағаттаған, зірк-зірк еткен жоңғар нояндарының қаһарлы айқайлары тұмандай тұтаса келіп, тау арасын бір сұмдық үрейлі үнге толтырып жіберді.

«...Қарындастан айрылған жаман екен,
Қара көзден мөлтілдеп жас келеді».

Жылау-сықтау арасынан, аспанға әзер қалықтап көтерілген жаралы құстай, өкініш-қайғыға толы күйікті ән талып жетеді.

— Сорлы халқым-ай!— деп бір жас жауынгер еңкілдеп жылап жіберді.

— Сабыр ет, жігітім!— деді Бөгенбай бұрылмастан тістене.— Қазір олар сыбағаларын алады.

Бөгенбай бұл араны өзі таңдаған. Жоңғар әскері сонау алаңға шыға бере тиіспек. Күтпеген шабуыл қашан да болса жеңіс әкеледі.

Бірақ батыр бұл ойына жете алмады. Шұбырған топ өте бергенде, бір жастау әйел жол шетіне шығып, емшектегі баласын құндақтай бастады. Бұны көрген еңгезердей қара ноян жарға қонғалы келе жатқан қара құстай әлгі әйелге таяй берді. Кенет көк найзасын жарқ еткізіп жерде жатқан нәрестені найзасының ұшыменен іліп алып, жолдың шетіне қарай лақтырды. Әйелдің жан даусы шығып шар ете қалды. Нәресте лақтырған тымақтай, аспанға далбаңдай көтеріліп, қалың бұтаның арасына барып түсті.

Ноян өзінің ісіне мәз болып, қарқылдап күлді. Оның баланы соншалық алысқа лақтырғанына қошемет көрсете, өзге нояндар да күле бастады. Тау арасы бейне бір бос күбідей күңгірлеген, сасық күзендей шақылдаған, сұмпайы күлкілерге толып кетті.

Баласынан айрылғанына жаңа түсінген әйел, жан ұшырып жаралы барыстай, әлгі ноянға тап берді. Бұны көрген тұтқындар да шыдай алмай, жоңғарларға қарсы ұмтылды. Бірақ байлаулы, матаулы топ не істей алады, қарулы жоңғарлар енді оларды қамшының астына алды. Жарқылдай түскен жоңғардың қисық қылышы, бар күшімен сермелген шойын шоқпарлар. Талай жас нәрестелер найза ұшына ілегіп, көкке ұшты, қос қолдап ұрған шоқпардың салмағымен талай қыршын жастың мойыны үзіліп жерге түсті. Тау арасы іп-ілезде қан-жоса болды.

Сабалып жатқан топ ішінен бір сәт қолаң шашы жерге төгілген, үстіндегі мақпал қара пешпентінің өңірі далдал болған бір жас қыз жүгіріп Лола-Доржидың алдына барды. «Мына қырғынды тоқтат» деген болу керек, нәзік саусақтарын ербендетіп, ноянға бірдеме айтып жатыр. Ноян жауап қайырап емес, кенет үзенгісіне жабысқан

қызға қарады да, сәл еңкейіп, қыздың шашын ұстап, тақымының астына басты. Содан кейін қыздың бажылдап, бақырғанына мән бермей, қанды қырғынға қарап, мелшиіп қатты да қалды.

Дәл осы сәтте:

— Ағатай-ау, бұдан да өлгеніміз жақсы еді ғой!— деді Бөгенбайдың қасында ашуға булыққан әлгі жас дауыс.

Бөгенбай жалт бұрылды. Қарсы алдында үріп ауызға салғандай бір жас жігіт тұр. Оның көзінде тұнып мөп-мөлдір жасты көрді де:

— Аттарыңа мініңдер!— деді.

Бұл жас жігіт Науан ұстаның жалғыз баласы, сонынан ерлігімен бүкіл қазақ еліне аян болған Керей еді. Ол ерліктеріне жүгіре жөнелді.

Аздан кейін:

— Аттан!— деген Бөгенбайдың күшті дауысы шықты. Тау арасы ұранға толып кетті.

— Ақжол! Ақжол!

— Бөгенбай! Бөгенбай!

Кертөбелімен ойқастан шыққан Бөгенбай, ат қарқынын тоқтатпастан келіп, қара шоқпарымен қос қолдай соғып, ә дегенде Лола-Доржиды құлатты. Ол дүниенің не болып кеткенін білмеген қалпында жап тапсырды. Жоңғарлар есін жиғанша қазақ жігіттері біразын жайратып салды.

Жоңғардың қатыгездігінен жандары түршігіп, әбден ызаланған жігіттердің әрбіреуі он кісінің қимылын істеді. Қолбасшыларынан айрылған, әрі күтпеген жерден тиген сокқыдан абыржып қалған жоңғарлар қаша жөнелді. Бірақ тау арасындағы тар шатқалдан жол тауып құтыла алмай, көбі сойылға жығылды. Тек екі жүзге жетер-жетпесі ғана қашып құтылды.

Үшінші «қалмақ қырылған» ұрысы осылай аяқталып еді. Бағанағы Лола-Доржиға барып, өтініш айтқан қыз Әбілқайырдың қарындасы Сақыпжамал бикенің өзі екен.

Ұрыс біткеннен кейін, Бөгенбай жігіттерімен Кіші жүз еліне қонаққа барған, Бөгенбайдың батырлығына риза болған Әбілқайыр, және бұл секілді батырды өз жағында ұстауды жөн көріп, Сақыпжамалды Бөгенбайға қосты.

Бөгенбай сол бетімен осы жақта қалып қойған. Содан бері ол Ұлы жүз бен Кіші жіздің түйіскен жерінен

қоныс алып, осы арада бес жылдай отырды. Әбілмәмбетке өкпелі Бөгенбай әлі де осы жақта қала берер ме еді, қайтер еді, жақында Абылай сұлтанның кісі келген. «Қазақ елінің алдында әлі талай асу бар, батыр елге қайтса жөн болар еді» депті Абылай. Оған Бұқар жырау да өтінішін қоса жолдапты. Бұл арада да Бөгенбай абыройсыз болған жоқ. Сан ұрысқа қатынасты. Халқының алғысын алды. Әйтсе де, кіндік кесіп, кір жуган жерін өзі де сағышып жүр еді. Әрі ойлап, бері ойлап, ақыры елге қайтуға келісім берді. Осылай, әне-міне көшемін деп жүргенінде, кеше Әбілқайыр ханнан да шабарман жетіп, «Ордаға келсін!» деген хабар әкелді.

Бөгенбайдың бүгінгі толқуы осыдан еді. «Хан неге шақырды екен? Менің көшкелі жатқанымды біреу жеткізген ғой, шамасы. Енді ашық айтуға тура келеді...»

Ол не де болса хан ордасына барып қайтпақ болды.

II

Орта жүз ханы Сәмеке Сарыарқаның түкпірі Нұра өзенінің арғы бетіне қарай ығысқанда, Кіші жүздің ханы Әбілқайыр ордасын Ырғыз өзенінің жағасына әкеп тіккен.

Бұл кезде қазақ елі жоңғарлармен тайталас түсіп, кейде жеңіп те жүрген. Осындай жеңістің бірі Әбілқайыр хан мен Тайман батырдың басқаруымен Сарысуға құятын Бұланты өзенінің жағасында, ал екіншісі тағы осы Әбілқайыр мен Бөгенбай батырдың басқаруымен Қошқарата мен Боралды өзендерінің жоғарғы сағасында болған. Сол айқастардан кейін Әбілқайыр хан тікелей Жоңғар әскерімен соғысуды қойған. Оның көңілі енді басқа бір күрестерге ауган.

Ал бірақ Әбілқайыр көшіп кеткенмен, қазақ елі жоңғар шапқыншыларына қарсы шығуын тоқтатпады. Күрес күннен-күнге үдей түсті. Әсіресе Іле мен Қаратал өзендерінің бойында Қабанбай мен Баян батырлар бастаған халық жасақтары жоңғарларды сан рет жеңді. Демек, бұның бәрі, негізі мықты құрылған жоңғар әскерін күйрететіндей күшке айнала алмады. Тек басқыншыларды тойтаруға болатынын көрсететін, халықтың рухын көтерер айқастар өресінен аспады.

Жоңғарды жеңген күнде, аржағында одан да күшті,

өзіне көз тіккен қытай богдыхандары бар екенін еске алмаған жұрт, осылай, өз тағдыры үшін жан аямай күрес берді.

Сөйтсе де, ел басына туган күннің тым қатерлі, қазақ жеріне қызыққан көршілерінің қауіпті екенін ойлағандар да табылды. Соның бірі Кіші жүздің ханы Әбілқайыр болды. Ол енді батыс жаққа үміттене қарады. Қарамасқа амалы да қалмаған. Сондықтан да Әбілқайыр ханның Ырғызға көшіп келісімен қазақ пен қарақалпақ елінің атынан «қарамағыңызға алыңыз» деп жазған хаты Петербургке жеткенде, орыс әкімдері таң қалмады. Жоңғармен күресіп жатқан қазақ елінің түбі өзіне осылай келіп пана сұрайтынын олар бұрыннан да білетін. Сол себептен әлі де аптықпай, сыпайы ғана көңіл бөлді.

Дегенмен қазақ елінің шын жағдайын түсіну үшін, Россия патшалығы арнаулы елші жіберуді ұйғарды. Отарлау саясатын жүргізіп жатқан Россия әкімдері шығыс көршілеріне өз қарамағындағы мәдениеті, дәстүрі, тілі жақын кісілерден елші жіберуді әдет етіп келген. Бү жолы да со дағдысына салып, қазақ жеріне татар молдасы Мақсұт Юнус оглын аттандырды.

Кіші жүздің ханы бұл молдамен бір мың жеті жүз жиырма алтыншы жылы қарақалпақ жерінде кездесті. Осы кездесуден кейін Әбілқайыр: «Еділ қалмақтары тәрізді бізді де қарамағыңызға алыңыз» деп ақ патшаға хат жазып, Қойбағар Көбек ұлын бас етіп тағы елшілер аттандырды. Бұл елшілерге: «Қайтсеңдер де патша ағзамнан башқұрт жері мен Жайық өзенінің ортасында көшіп жүруге және Россия қалаларына барып сауда-саттық істеуге рұқсат алуға тырысыңдар»,— деп тапсырған. Бірақ шығыс жағында әлі әбден бекініп болмаған Россия патшалығы, қазақ елін қарамағына алса, жоңғар қонтайшысымен бұрынғы қарым-қатынасын бұзуы мүмкін екенін еске ұстап, тоқ етер жауабын түрлі сылтаумен соза берді. Россия патшалығының қолтығына кірген Еділ қалмақтары мен башқұрт елінің «мұртың балта кеспей отырғанын» көрген Әбілқайыр Россия патшалығына «қарамақтарыңа ал» деп, әлсін-әлсін хат жазып, елшілер жіберуді қоймады. Ақырында қазақ елінің өзіне бағынышты болуынан тек пайда түсетінін ұққан. Бірінші Петр патшадан кейін таққа отырған Анна Иоанновна Әбілқайыр ханның бір мың жеті жүз отызыншы жылы наурыздың сегізі күні «қорғандық» істеуін өтінген

қағазына жауап ретінде, қырғыз- қайсақ жұртын қарамағына алғандығын білдіріп, бір мың жеті жүз отыз бірінші жылы февральдың он тоғызыншы күні указ шығарды. Бұл указды бір мың жеті жүз отыз бірінші жылы октябрьдің бесі күні Ырғыздағы Әбілқайыр ордасына А. И. Тевкелев әкеліп тапсырды. Россия патшасы Кіші жүзді өз қол астына алғанын естіп, Ұлы жүздің атынан Қодар би, Төле би, Сатай батыр, Бұлақ батыр қол қойған, «бізді де қол астыңызға алыңыз» деп Анна Иоанновнаға жазылған өтінішті Петербургқа Қангелді батыр алып келген. Сөйтіп осы кездерден қазақ елі мен Россия жұртшылығының арасындағы жаңа дәуір басталды.

Әйтсе де Әбілқайырға берілген указдан кейін де қазақ елінің Россия патшалығының қарым-қатнасы бірден жөнделіп кете алмады. Башқұрт пен Еділ қалмақтарының шабуылы да тыйылмады. Ханның Россияға арқа сүйемек болғанына риза емес қазақтың өзге сұлтандары, әсіресе, Әбілқайырдың бақкүндес қастары оның саясатына кедергі жасап, кіжіне түсті. Осындай қамшысын білегеннің бірі Барак сұлтан еді.

Жоғарғыдай жағдай туған кезде, Бірінші Петр патшаның өзі «миллион сомға дейін шығын шығарсаң да, қазақ жерін Россияға заңды түрде бағындырудың жолын тап» деп бұйрық берген А. И. Тевкелев қайтадан Әбілқайыр ордасына аттанды. Бұл хабарды «ұзынқұлақ» Кіші жүз ханының ордасына тез-ақ жеткізді. Сол күні-ақ Әбілқайыр Тевкелевпен кездесу қамына кірісті. Ең алдымен үзенгілес батырлары мен өзіне қарсы жақтың ойларын білгісі кеп, Баракқа, Бөгенбайға, Тайманға, Бұғыбайға ат шаптырды. Бұғыбайдан өзгесі хабар алғаннан кейін, көп кешікпей хан ордасына жетті. Бөгенбай мен Тайман жайшылықтағы өз серіктерімен келсе, Барак сұлтан әжептәуір қарулы қолмен хан ордасына түсті. Және неге екені белгісіз, өзінің ежелгі қасы, қан майданда сан атысқан Қалден Цереннің елшісі Церен-Доржиды ерте келіпті.

Бұл бір мың жеті жүз отыз төртінші жылы еді. Әбілқайыр ордасы ежелгі қонысы Ырғыз өзенінің жағасында. Қазір хан ордасында бірнеше адам отыр; Қанжығалы Бөгенбай, оның қарсы алдында Шекті руының

аты шулы батыры Тайман. Бұлардан жоғарырақ, Әбілқайырдың оң жағында Найманның сұлтаны Барак.. Жұрт оны қайсарлығы, ержүректігі үшін көкжал Барак атаған. Ханның сол жақ бүйірінде, Бөгенбайдан жоғарырақ, жоңғар ханы Қалден Цереннің елшісі, қара түндей түнерген Церен-Доржи...

Бөгенбайдың көзі әлдеқалай Тайманға түсіп кетіп еді, өткен бір жайлар есіне келді.

Онда бұл екеуі де қылшылдаған жігіт еді.

Сол жылдары Қанжығалы руы Қараөткел мен Керекудің түйіскен тұсындағы Ерейментау, Қоржынкөл, Ақкөл, Қоянды-Қойтас, Шақша деген жерлерді жайлайтын-ды. Ал Шекті руы Ақ Жайыққа құятын Жем өзенінің бойында көшіп жүретін. Жазы аңызак, ыстық келіп, қысы қатты болар жылы екі ел бірдей Сырдың қамысты жағасына қарай жылысатын. Осындайда Қанжығалы, Шекті рулары дария жағасында бастары қосыла қалғанда, ұлан-асыр бір үлкен той болған. Қоңырат руынан шыққан атақты бай саудагер Қисан жалғыз ұлын сүндетке отырғызған. Осы тойда Арқадан келген Бөгенбай мен Шектінің жас жолбарысы Тайман қатты керісіп қалған. Содан бері екі ақиықтың бетпе-бет ұшырасып отырғаны осы. Ел басына күн туғанда жеке бастың кикілжіңі естерінен шығып кеткен-ді.

Күннің аңызак ыстығына қарамай, тіркестіре тігілген хан ордасы — үш ақбоз үйдің есіктері түгел жабық. Жайшылықта жел соқсын деп түріп қоятын іргелері де түсіріліп қойылған. Он екі қанат ақбоз үйде осы бесеуінен басқа есік алдында жалаңаш қылыштарын кеуделеріне таяй ұстаған, еңгезердей қос күзетші мен сырлы тегенедегі сары қымызды сапырып отырған, ханның он сегіз жасар кенже ұлы Ералыдан басқа ешкім жоқ. Хан, сірә, кенжесі мен есік алдындағы күзетшілеріне сенетін болар, қонақтарымен сыр жасасрмай еркін сөйлесіп отыр.

— Иә, Әбілқайыр хан!— деп еңгезердей, қара сұр Барак сұлтан, ұшы құлағына дейін жетіп тұрған, білеудей қара мұртын саусағымен сылап қойды.— Алыска ат шаптырып, бізді неге шақырып отырғаныңды ішім сезеді. Қатын патша біздің елге Теуіпкелді қайта жіберсе, бұдан үш жыл бұрынғы «қарамағыңа кірдім» деген сенің сөзің жеткіліксіз болғаны ғой...— Ол Әбілқайырға мысқылдай қарады. Қазақ жерінде Тевкелевті «Теуіпкел»

деп атап кеткендіктен, оның кім туралы сөйлеп отырғанын бәрі де түсінді.

— Болжауың дәл тәрізді... Тевкелевті қайта жіберуіне қарағанда бір менің уәдем әйел патша ағзамға жеткіліксіз болғаны хақ... Бірақ,— Әбілқайыр сол жағында отырған Церен-Доржиға көзінің қығын аударды да, тына қалды.

— Иә, айта бер, не «бірағы» бар?

Әбілқайырдың жүзі қуқыл тартып үндемеді.

— Айтамын деген сөзіңе, істеймін деген ісіңе іркілмейтін, Әбілқайыр хан, неге үндемей қалдың? Әлде аразмыздағы жат адамнан қысылып отырсың ба? Айта бер, Церен-Доржи Қалден Цереннің елшісі болғанмен, менің жақыным...

Әбілқайыр езу тартты.

— Қалден Цереннің елшісі жақының болуына қарағанда, жоңғар қонтайшысының өзі де досың боп шықпанына кім кепіл...

— Кекетпе, Әбілқайыр! Церен-Доржи жай ғана жақыным емес, сенімді серігім...

Хан оның сөзін мақұлдағандай басын изеді.

Иә, қонтайшы Ордасында да алауыздық бар екенін ол білетін. Бірін-бірі аймауда бұлар арғы бабасы Шыңғыс ханның шын мұрагерлері еді.

Жоңғар тағының болашақ қонтайшысы, өзінің әкесінің туған інісі Шүно-Дабоны Қалден Цереннің қалай жойғаны жұрт арасына мықтап тарай бастаған. Жел болмаса шөптің басы қимылдамайтыны белгілі. Әсіресе, осы үйде отырған Бөгенбай батырға Шүно-Дабоның өлімі Қалден Цереннен болғаны айдан анық еді.

Дүниеде құпия қатар ештеңе жоқ. Бәрі де естіледі. Әсіресе жау ордасында болып жатқан оқиға, оның дүшпанына тез жетеді. Оған себеп: хан тағының бір құлағы бар. Ол — алтыны.

Осы алтыны арқылы жоңғар ордасының мықтылары екіге бөлінгенін Әбілқайыр бұрын да естіген. Алдын болжай білетін тәжірибелі Қалден Церен бар әскерін жеті сала етіп, ең алдымен қазақ жерін жаулап алу керек екенін жөн көрсе, ал жоңғар нояндарының бір тобы әскердің бетін Ертістің төменгі саласына бұрып, Сібірді алуды мақұлдаған. Бұл топ — осы Жоңғар хандығының негізін салған, Чорас руынан шыққан Даян ханның ұрпақтары — жас нояндар еді. Соның ішінде бағанадан бе-

рі бір ауыз сөз айтпай түнеріп отырған Церен-Доржи да бар. Бұлардың жатса-тұрса көретіні сонау Сібірде қалған ата-бабаларының молалары. Солардың аруақтары «сенің ата мекенің осы ара — біз жатқан жер» деп шақырып жатқандай көрінетін оларға.

Сібірді жаулап алудың керектігін жас нояндардың құлағына кімдердің құятынын Әбілқайыр Қалден Цереннен кем білмейді. Бұл кезде орыс әскерінің алдыңғы шебі Маньчжурияның шекарасына жеткен-ді. Ол аз болғандай, сонау Тынық мұхитта да орыс кемелері жүзе бастаған. Міне сондықтан да қытай әміршілері жоңғар жолбарысының түмеыгын Сібір жағына қарай бұрғысы келген. Осы жолбарыс өзінің болаттай өткір тістерімен Тынық мұхитқа созылған қатын патша қолының күре тамырын орып түсуін арман ететін.

«Қытай — жер кіндігі болғанда, жер шарының шеттері де Қытайға жатуға тиісті!» — дейді боғдыхандар. Олар Сібір өңірін де қосып алып, қалаларын салмақ болды. «Әзірге бұл араны жоңғар жолбарысы мекендей тұрсын, ал уақыты жеткен шақта оны әрі қарай, күнбатыс, жаққа қуып жіберіп, бар тайғаны өзіміз жайлаймыз», — деп ойлаған.

Ал Қалден Церен, көмейі қанша кең болғанмен, орыс жерінің тамағынан өтпейтінін түсінетін. Сібірді жұтамын деп қақалып жатқаннан көрі, басы бірікпей жүрген қазақ елінің кең байтақ даласын біртіндеп қарамағына алып, Ұлы Жоңғар мемлекетін құруды тиімді санаған. Ондай мемлекет құру үшін қазақ елінің тең жартысын қырып тастап, қалған жартысын басқа елдерді жаулап алуға пайдаланбақ болған. Бұны ол өзі ойлап тапқан жоқ-ты, бір кезде «бүкіл әлемді сілкіндірген» жирен сақалды ұлы бабасы да дәл осылай істеген...

Бірақ Қалден Цереннің бұл ойына Чорас руынан шыққан жас нояндар көнгісі келмеді. Олар енді өздеріне серік іздей бастады. Бұндай бірең-саран серіктер қазақ сұлтандарының арасынан табыла кетті. Соның бірі Барақ сұлтан еді. Ол жақында өзінің кіші қызын осы Церен-Доржиге берген. Бұны да Әбілқайыр білетін. Және ол бүлікшіл Церен-Доржиды қазақ жеріне айдауға аттандырғанындай Қалден Цереннің әдейі жібергендігінен де хабардар еді. Қазақ даласында ұзақ уақыт жүргендігін пайдаланып Церен-Доржи Орта жүздің кей сұлтандарын өзімен одақтас етіп те үлгірген. Ал Жоңғар

пояндарына еріп, қазақ сұлтандарының Сібір қалаларын шабуға шығуы қазақ еліне ажалмен тең түсетін апат екенін ұққап Әбілқайыр енді екеуінен де сырын жасырмауға бел буды. Өйткені Барақ пен Церен-Доржидың одағы — қауіпті одақ еді. Бұл қазақ елінің Россия қол астына кіруіне қарсы ұйымдастырылған одақ-тын.

— Жаксы,— деді, князь мұртының ұшын бір ширатып қойып Әбілқайыр,— қазақта мақал бар ғой «сырынды айтпа досыңа, досыңның да досы бар» деген. Бәрібір мен айтқан сырды Барақ сұлтан, өзінің досы Церен-Доржи мырзаға айтпай қоймас. Оған да ашық сөйлесейік.

Барақ сұлтан езу тартты. Кенет ол «қашаннан бері мені өзіңе дос санайтын бола қалдың?» деп Әбілқайырдан сұрамақ болды да, сабыр сақтап, өзін-өзі баса қойды.

— Жарайды,— деді сосын түксінген қабағын сол жадыратып.— Теуіпкелдің келе жатқанын естідік. Ол неге келе жатыр екен? Қайсымызды теуіп кетпек? Мені ме, Абылай сұлтанды ма, Әбілмәмбет ханды ма, қай қасыңды? Әлде Ор қаласын салғалы келе жатыр ма?..

— Мүмкін...

— Қайдам, сен салдырмақ Ор қаласы, бәрімізге бірдей қазылған орға айналмаса итсін...

Әбілқайыр ханның Россия патшалығының қол астына кірумен қатар, патша үкіметі алдына қойған екі негізгі мәселесі болатын. Бірі—Кіші жүз еліне Еділ мен Жайық өзендерінің аралығынан жайылым беру. Екіншісі Ор өзенінің Жайыққа құятын сағасынан Ор қаласын салу. Әбілқайырдың ондағы ойы — қол астындағы орыс бекінісі арқылы өзінің билігін күшейту, бекіністегі әскерді бақкүндес сұлтандарға қарсы пайдаланып, үстемдігін арттыра түсу; бүкіл қазақ елін өз дегеніне көндіру. Бірақ бұл екі тілегінің екеуі де әзір орындалмай тұр. Бар мәселе әзірге екі жақтан бірдей қағаз жазылумен ғана аяқтала берген. Тек бір мың жеті жүз отыз төртінші жылы қазақ жерінің батыс жағын басқаратын Орынбор экспедициясы құрылғаннан бері, Ор өзенінің төменгі сағасына қала салудың мәселесі қайта қозғалған. Барақ сұлтанның «Әлде Ор қаласын салуға келе жатқан шығар?» деуі осыдан еді. Хан жауабына шамданып қалған сұлтан кекесін сұрағын жалғай түсті.

— Әрине, Теуіпкелді ана жылғыдай құрметтеп, сыйнай-кернейлетіп қарсы алатын шығарсың?

— Әлбетте. Россия секілді дос елдің елшісі түгіл, қас еліміздің де елшісін қошаметтеп, төрімізге шығарып отырмыз.— Хан Церен-Доржиге қарап қойды.

— Бірақ саған келе жатқан қонақ ата-бабасының дінін ұмытқан шоқынды ғой?

— Сенің де қонағың жетісіп тұрған жоқ-ау,— деді Әбілқайыр Церен-Доржидың шүршіт дінінің адамы екенін ескертіп,— кейін жиеңді сүндетке отырғызарыңда, бізді де тойға шақыратын шығарсың, Барақ сұлтан?

Барақ сұп-сұр боп кетті. Енді ол іштегі ашуын сыртқа шығарды.

— Қатын патшаның Теуіпкел арқылы саған жіберген сыйлығы да, Теуіпкелге сенің көрсеткен салтанат құрметің де таңғажайып болып еді ғой. Бірақ одан не шықты?.. Қазақ жерінде түнерген баяғы қара бұлт — сол қара бұлт... Төрт жағынан соққан ызғарлы сұрапыл — сол сұрапыл... Россия қарамағына алды деп, Еділ бойын жайлаған қалмақ мықтылары малына жайылым беріп отыр ма? Бұрынғыдан да өшігіп алды. Оларға тыйым салған қатын патша жоқ. Ал Ор бекінісі саған тек бізбен күресу үшін ғана керек.

— Әрине, сол үшін керек!

Барақ не дерін білмей тоқтап қалды.

Сұлтанның айтып отырғаны шындық еді. Қазақ елінің Россия патшалығының қарамағында болуына күрделі еңбек істеп жүрген Тевкелев осыдан бір жыл бұрын ғана шетел коллегиясына жолдаған хатында: «Қырғызқайсақ жұрты тәрізді қалмақ пен башқұрт халықтарының да сана-сезімі төмен. Бәрі де тағы және терең ойламайтын елдер... Егерде әлдеқалай біреуі Россия патшалығына қарсы бас көтерер болса, қалған екеуін оған қарсы пайдалану керек. Мұндай жағдайда біз айыпты емеспіз, біздің ұят-арымыз қашан да болса таза қалады» деген.

Россия патшалығы бұл елдерге қарсы өзінің отарлау саясатының бар әдісін пайдалана білді. Соның ішінде атам заманнан келе жатқан көне әдісі «бір ұлтты бір ұлтқа айдап салып, бөліп алып, билеуді де» молынан қолданған. Демек, отаршылық саясатының осындай бір қатал әдістеріне қарамай, бұл ұлттардың болашағы тек Россияға қосылуда ғана қалған еді. Өзге жолдың бәрі,

әсіресе Жоңғар хандығымен одақтасу тәрізді далбаса жолдар, қазақ елін мүлдем күйреуге апаратын...

— Өз билігің өз қолыңнан кеткен соң, бізді орыс басқара ма, жоңғар басқара ма, бәрі бір емес пе?— деді Барақ сұлтан қайтадан сұрланып.

— Қонтайшы басып алған жерінің адамдарын тегіс қырып-жойып, тек өлі жандарды ғана басқарғысы келеді.

— Орыстар ше?

— Бүгінге дейін орыс саудагерлері біздің жерімізге тек керуендерімен ғана келіп жатыр.

— Соңынан солдаттары келгенде не болмақ?..

— Оны уақытында көрерміз.— Әбілқайыр тағы Церен-Доржиға қарады.— Қорқау қасқырдан көрі арыстанға жем болған жақсы» деген мәтел бар.

— Ендеше, ол арыстанның бізді неге қорғамайды?

— Істеп отырған қастығымыз аз ба?

— Қандай қастығымызды айтасың?

— Қазақ жерінен Ташкент, Хиуа, Бұхараға қарай аттанған орыстың бір керуенін тонамай сау өткіздік пе? Сөйтіп отырып, орыс патшасына қалай қорған бол дей аламыз?..

Әбілқайыр ханның бұл айтып отырғаны да шындық еді. Бір мың жеті жүз отыз екінші жылы, полковник Гарбер басқарған жүзге таяу жауынгер қорғаушысы бар, орыстың Хиуа мен Бұхараға бара жатқан сауда керуені Астрахан атырабында тоналған-ды. Орыс саудагерлерінен тек Гарбердің өзі мен бірнеше солдаты ғана аман-есен құтылған. Өткен жылы, майор Миллер басқарған, Орынбордан Ташкентке бара жатқан дәл осындай орыс керуені тағы тоналды. Мұндай жағдайлар Ертіс, Есіл бойларында да жиі кездесе бастаған.

Әбілқайыр осыларды Барақтың бетіне әдейі салық етіп отыр.

— Орыс керуендерін өткізсең, елімізге бейбітшілік пен қуаныш орнайды дейсің ғой, Әбілқайыр хан.— Барақ сөзі енді тұтыға шықты.— Бұның бекер. Айтайын дегенім көп еді, бірақ орда сенікі...

— Айт! Айт!— деді Әбілқайыр мысқылдай.— Айтарыңды айтып жүрсің ғой, бөтен жер ме, менің ордам ба, саған бәрібір емес пе?

— Онда тыңда!— деді күренденіп кеткен Барақ.—

Әбілқайыр хан, сен елімізге тыныштық емес, бүліншілік әкелгелі отырсың!

— Мен бүліншілік әкелмей тұрып-ақ, қазақ жері жоңғар қонтайшысы қырған жұрттың сүйегіне толған жоқ па?

Барактың кенет ерпі кезеріп, көзі ұшқын ата қалды.

— Әбілқайыр хан, сен өзіңнің қамың емес, халқыңның қамын ойлайды екенсің ғой?!— Барак Әбілқайырдың тамағынан ала түскісі келгендей шарт жүгініп отыра қалды. Церен-Доржи да тайпы табан етігінің қонышындағы пышағына қолын созды.— Көңе айт, айтышы шыныды?!

Барак сұлтанның оқыс қимылынан Әбілқайыр ханның беті бүлк еткен де жоқ. Сол сазарған қалпында селт етпей отыра берді. Тек есік алдына тас мүсін секілді қозғалмай тұрған қос күзетшіге көзінің қиығын аударып еді, екеуі бірдей қолдарындағы садақтарын Барак пен Церен-Доржиға кезеніп тұра қалды.

— Жок, Әбілқайыр хан,— деді Барак сұлтан, ашулап күренденіп кеткен бетінің ызғары тарамай,— сен Ор бекінісін орыс патшасына бәрімізді матап беріп, тек өз басыңды жоғарылату үшін салып отырсың!

— Менің орнымда өзің болсаң қайтер едің, Барак сұлтан?

Жылан мен мысық арбасындай, Ақ Орда ішін бір суық ызғар биледі. Ашулы Барак тағы сөйлемек болып келе жатыр еді, бағанадан бері жұмған ауызын ашпай отырған Бөгенбай батыр жартас үстіне қонған бүркіттей қомданып, саңқ ете қалды.

— Әй, Әбілқайыр хан! Әй, Барак сұлтан!— деді сол қолын жоғары көтеріп,— хан мен сұлтан өзара қырқысып жатырсыңдар. Сонда қара халық бізді неге шақырдыңдар? Соларыңды айтыңдаршы!

— Иә, соны естілік,— деді Тайман батыр да сұрланып.

— Иә, нә. сөйле! Сөйле!— деді Әбілқайыр өз айыбын мойнына алғандай. Бөгенбайдың халық арасында қандай қадыры бар екені хан есіне енді түскен болуы керек, ол батыр сөзін бар ықыласымен тындамақ сыңай көрсетті.

Бөгенбай ат арқасына ерте қонған батыр еді. Осыдан бір он бес жыл бұрын өзі Үргеніш жақта жорықта жүргенде, Жоңғардың бір аламан жасағы аулын шауып, қа-

тын-баласын найзалап өлтіріп кеткен. Содан бері Бөгенбай ер үстінен түскен емес. Елінің жат жауларыменен сан айкасты. Және үнемі жеңіп жүрді. Бұл күнде атағы алты алашқа аян болып, даңқының көтерілгені соншалық, тіпті бұл істемеген ерлікті де қазақ бұған танды. Бөгенбай аңызға айналды. Халқының осыншама құрметі мен өзінің жеке басының батырлығы арқасында, ол жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақ елінің жауына қарсы жалау етіп көтерген көсемдерінің бірі болды. Қандай хан болсын, сұлтан болсын, Бөгенбаймен ақылдаспай майданға шықпайтын күйге жеткен.

— Иә, сөйле, Бөгенбай батыр!— деді Барак сұлтан да.

— Сөйле десендер, сөйлемек, — деді Бөгенбай ішке тұнған ызасы мен уайымын әсер басып, — біз хан емеспіз халықты билейтін. Ал халықтың қаны төгілетін жерде жалғыз ғана хандар сөйлеп қоймаса керекті. Маған салсандар, орыс бекіністерінің маңында жұртқа қауіпсіздеу екені рас. Сол себептен де жоңғар сойылынан папа іздеген көп ауыл, орыс шекарасына таяу көшіп барды емес пе? Әрине, ол арада қара халықтың басына бәлендей жақсылық орнап жатқан жоқ. Сөйтсе де халық деген Сейхұн-Дариядағы балық тәрізді қауіп аздау тереңдікті іздейді. Орыс шекарасына да сол үшін таяу қонып жатыр. — Ол енді Бараққа қарады. — Ел мына сенің жақындарыңнан алыстау жерде түтінін түтетіп, малын бағып, асын тыныш ішкісі келеді.

Дәл осы сәтте Ақ Орданың есігі ашылып, үйге бүкіл Кіші жүзге аты шыққан әйгілі сұлу, Әбілқайырдың кіші тоқалы Нұрбике кербез кірді. Сұңғақ бойлы, тобылғы күрең, мөлдіреген қарақат көздерінде адамиың жүрегіне өрт салар ғажайып бір ұшқын бар. Басына киген алтын зерлі сәукелесі, үстіндегі белі қыналған алтын оқалы мауыты қамзолы көлеңкеде жанған шок тәрізді. Ырғала басқан әр адымында, жұмырланып, тола бастаған сымбатты дене бітімінде бір ерекше сиқыр бардай, үйдегі еркектердің көзін бірден өзіне аударып әкетті. Ашулы сөздер ызғарымен күңгірт тартқан акбоз үйдің іші кенет күн сәулесі түскендей жадырап сала берді.

— Мырзалар, қонақ үйге жүріп дәм татыңыздар, — деді ол, құралай көзінен сәуле төге, қоныр даусын сәндене созып.

Нұрбикенің мәлдір көздеріндегі қызығы мол бір құ-

ния сыр жарқ етіп Барақтың бетіне төгіле түсті де, кетіп біреу үрлеп жіберген шамдай сөне қалды. Енді ол көзін төменірек отырған қос батырға аударған. Бөгенбай мен Тайман батырдың жүздері де тобылғының қыпқызыл шоғына тосылғандай әлденеге балбырап, қызарып кетті. Нұрбике сұлу түнде көрген тәтті түсі есіне түскендей ақырын жымың етті. Енді ол жаудыраған қарақат көздерінен махаббат күн шуағындай әсем бір жылылық төгіп, сұлу тоқалдың кіргеніне мән бермей отырған Бараққа қайта бұрылды.

— Сұлтан қайным, дәм татыңыздар деп тұрмын ғой,— деді еркелене үн қатып.

— Бұйырған дәм болса татармыз,— деді Барақ, жасы отыз беске келіп қалса да әлі де жас қыздай сылаңдаған тоқалдың ажарына немқұрайды көз тастап.— Алдыменен мына хан тағындағы жұбайыңыздың ақылына қаңып алуға мүрсат беріңіз.

Бүкіл алты алашты сұқтандырған көркіне Барақтың назар салмағанына Нұрбике ханым шамданып қалды:

— Ақылға шөлдеп келсеңіз, онда сусыныңызды әбден қандырып алыңыз,— деп мысқылмен күлімсіреді де, бұрала басып шығып кетті. Ерке тоқалының айтқанын екі етіп көрмеген Әбілқайыр:

— Астан үлкен емессіз ғой,— деді Бараққа қарап,— әңгіме ешқайда қашпас, жүріңіз, дәм татып шығалық.

— Иә, сөйтелік,— деді батырлар да қостап.

Әбілқайыр орнынан түрегелді. Барақ сұлтан да амалсыз қонақ үйге қарай беттеді. «Ханға әмірін жүргізген бұл қатынның қандай құдіреті бар екен? Байқап көретін екен» деді ішінен.

Нұрбике ханымның құр ғана сұлулығы емес, хан қадірлер қылығы да мол еді.

Бұл «Ақтабан шұбырындының» алдындағы бір тойда Бөгенбай мен Тайман батырлардың қатты өштесуіне де осы Нұрбике себепкер болған. Ол той иесі Қойсан батырдың ерке қызы еді. Тойға келген екі батыр жігіт он жеті жасар Нұрбикеге көрген жерден ғашық болды. О кезде бәсекелес екі батыр сұлу қызды бірінен бірі қызғанып, өз көңілдерін қатар білдірген.

Ерке-шора бай қызы бір жағы қалжыңбастық, еркіндікпен, екінші жағынан жігіттердің намыстарына тиіп, мазақ етпек оймен:

— Екеуінді де бірдей ұнатам,— деп еді,— тек кімнің өнері асса — сол менің қалауым...

Қыз шешімін естіген қызба қанды қос батыр енді ашық бәсекеге түсті. Бірақ сайыста да, жамбы атуда да, күресте де, жерден теңге алуда да жеңісе алмады.

Бірінен бірі оза алмаған батырлар қайтадан қызға келді. Нұрбике екеуін ажуалап, тағы күлді.

— Біріңе бірің қимаған өз обалдарың өздеріңе! Енді кеш қалдыңдар,— деді күлкісін тыйып. Сосын өзіне кеше ғана Кіші жүздің ханы Әбілқайыр құда түскенін естіртті.

Таласып жүріп, қыздан айрылып қалғандарына өкінген екі батырдың іштері удай ашыды. Екеуінің арасындағы жігіттік талас енді араздыққа айналған. Сөйтіп жүргендерінде жоңғар шабуылы басталды. Ел басына туған апат екі батырдың арасындағы араздықты ұмыттырды. Жауларына бір майданда қатар тұрып қарсы шықпағанмен, екеуі ерліктері үшін бірін-бірі сырттай сыйлайтын. Халық құрметіне бөленген қос батыр ақыры Әбілқайыр ханның оң қолы мен сол қолына айналған.

Ал Нұрбике сұлуды алған Әбілқайыр дүниедегі бар арманына жеткендей болды. Тек жанындай жақсы көрген сүйікті тоқалынан перзент көрмеді. Бірақ хан оған опық жеген жоқ. Қербез тоқал өзінің пәзік қылықтарымен ханның көңілін көншітіп, бабын таба білді. Әбілқайыр бәйбішелерінің үйінде түнеп шыққанда, қымыз орнына жылымшы айран ішкендей, Нұрбикені аңсап тұратын күйге жетті. Ерінің жас тоқалынан суымайтынына көздері жете бастаған ханның өзге әйелдері, Нұрбикені қаралай, өсек те айтып көрді. Бірақ хан сонда да тоқалының өзіне деген махаббатына шек келтірмеді. Оның бүйтуіне тағы да бір себеп болды. Нұрбике жайында өсек-аян көбейіп жүрген бір жылы Әбілқайыр әлдеқалай жас тоқалын ертіп Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи мешітіне барған. Зәулім, әшекейлі мешітінің салтанатты сарайларын аралап жүріп, бір жабық есіктің тұсына келгенде, олар аржағынан бір сүйкімсіз қарқылдаған үн естіді. Қожа Ахмет Яссауи мешітінде бұрын да талай рет болған Әбілқайырға бұл есік бұзыла бастаған зәулім сарайдың есігі екені, аржағындағы жекесұрын дауыстар сарай қабырғасының құлаған кірпіштерінің орнына ұя салған қара қарғаның қарқылы екені мәлім-тын.

Бірақ әулие мешітінің ішінде қобалжып келе жатқан Нұрбике әлгі дыбыстан секем алып, қасындағы ерінен: — Бұл неің дауысы?— деп сұраған.

Кенет Әбілқайырға бір ойнақы ой келе қалды.

— Бұл дозақ құстарының шуы,— деді ол шімірікпестен.— Егер мынау сарайға кірген әйел өмірінде ерінің көзіне неше рет шөл салса, сонша құс ұшып келіп, басы-көзін шокі бастайды...— Хан әйеліне сынай қараған.— Кіресің бе?

Нұрбике сұп-сұр боп кетті де, бойын тез жинап алды. «Егер аспандағы алла тағалам жердегі менің істеген күнәмді санап жүрген болса, қалай жазалаймын десе де өз қолында ғой. Тәуекел, кірейін» деп ойлады ішінен. Со-сын күйеуінің бетіне наздана қарап.

— Менің күнәсіз екенімді білмейтін бе едіңіз, хан нем? Онда ашыңыз есікті. Бәрін көзіңізбен көріп, көңіліңіз орнықсын...

Қуанып кеткен Әбілқайыр есікті аштырмаған. «Күнәлі болса, кіруге қорқар еді, адал екен» деген ол. Жас тоқалын өте жақсы көретін хан өзін-өзі алдап, әйелінің күнәсіз екеніне сенгісі келген. Сөйтіп жүргенде жоңғар шабуылы басталды да, байтал түгіл бас қайғы боп, қатып күнәсін еске алар да мұршасы болмай кетті. Бүгін сол күдігі қайта оялды. Нұрбикенің Баракқа аударған көз қарасынан хан бір сұмдықты аңғарып қалғандай еді. Бірақ сыр бермей, ештеме сезбеген сыңай танытты.

Қыз болып көзге түскелі өзін елемеген еркекті бірінші рет көріп, Нұрбике ақбоз үйде ызаланан тұрғанда, хан қонақтарын бастап ішке кірді. Нұрбике жайнап сала берді. Бұлар жас құлынның балбыран піскен, уыздай дәмді етіп жеп, балдан тәтті сары қымызды рахаттана сіміріп, ит жүгіртіп, құс салу жайын әңгіме етіп, біне сауымындай мезгіл отырды. Содан кейін қайтадан хан сарайына келді. Тек хан Ордасының есігін аша бергенде, Барак сұлтан қонақ үйде шақшасының ұмыт қалғаны есіне түсіп кейін қайтты. Бірақ көп ұзамай қайта оралды. Басқа адам бұдан етшеңе аңғармағанмен, Әбілқайыр қас жауы Барақтың езуіндегі болмашы ғана күлкіден оның олжасы тек «ұмыт қалған» шақша емес екенін ұқты.

Хан төрдегі орнына отырғаннан кейін, байсалды үнмен сөзін бастап кетті.

— Россия қарамағына кіреміз дегеннен бері менің

касым көбеюде,— деді ол.— Қай халыққа болса да басқа жұртқа бағынышты болу өте қиын. Бірақ біздің жағдайымызда басқа жол жоқ. Жоңғарды жеңсең, аржағында Қытай бар. Қытай боғдыханына бағыну — тіліңнен де, дініңнен де бірдей айрылу деген сөз. Ал Россия оған қарағанда әділ де, адал да жұрт. Жеріміз де, тағдырымыз да бір.— Кенет ол дауысын көтере сөйледі.— Жоқ, не десеңіздер де Россияға қосылу — бізге қалған жалғыз жол!

Кенет күндікке үндемей отырған Церен-Доржи шіңк өте қалды. Алпамсадай денесі мен тұнжыраған түріне қарамай, дауысы қанден иттің дауысындай жіңішке, ащы екен. Жараған бурадай аузынан көбігін ата, сөйлеп қоя берді.

— Таксыр хан, қазақ еліне Россияға қосылудан бөтен жол жоқ дегенің бекер?— деді ол астындағы атлас көрпе жамбасына батып отырғандай, қозғалақтап.— Батыр адамның бәрін өзімізге қосып аламыз. Сені де! Сені де! Қатын патшасын ат құйрығына байлап өлтіреміз! Сосын орыс жерінен де асып, әрі қарай барамыз! Арғы бабаларымыз жеткен жерге біз де жетеміз! Одан да әрі кетеміз! Жолымыздағы қала біткеннің бәрін қиратып жоңғар мен қазақ малына жайылым етеміз. Адам біткеннің бәрін қойдай көгендейміз! Саған бұдан артық қандай жол керек?

Бөгенбай батырдың Церен-Доржиға жеркене қарағанын көзінің қиығымен шалып қалған Әбілқайыр:

— Сонда қазақ жерін қайтесіңдер, құрметті ноян?— деді ананың бар ойын білгісі келіп,— қазірдің өзінде жеріміздің тең жартысынан айрылдық... Ол жерді бізге кім қайтарып береді?

— Шын батырларды өзімізге қосып аламыз дедім ғой,— деді Церен-Доржи қайтадан шіңкілдеп,— оларға жер береміз. Ал қара халыққа жер неге керек? Өлсін! Қырылсын!

— Жарайды, сенің айтқаныңдай-ақ болсын,— деді Әбілқайыр.— Бірақ өзін орыс зеңбіректерінің қалай атылатынын көрдің бе?

— Көргем жоқ. Көргім де келмейді.

— Жерін тартып алмақшы болып жатқаныңда, орыстар сенің «көргім келмейді» дегеніңе көнер ме екен? Көруіңе тура келер.

— Мен одан қорықпаймын,— деді Церен-Доржи,— маған богдыхан ондай зеңбіректің мыңын береді.

Церен-Доржиға енді Барақ та тұнжырай қарады. Найман тайнасы жоңғарлармен көршілес отырғандықтан, бұл екі елдің арасында ұрыс-керіс ғасырлар бойы тынбай келген. Жоңғардың жеңіл-желпі шабуылдарына Найманның батыр ұлдары әрқашан да тойтарыс бере алған. Сөйтсе де, көп жылдан бері қатар көшісіп жүргендіктен, бұл екі жұрт кейде қыз беріп, қыз алысып та жататын. Әсіресе, мұндайда жоңғарлықтар қазақтың төре тұқымынан шыққан адамдармен жақындасуға құмар келетін. Бірақ Наймандар қазақ еліне жоңғарлар тиіссе болғаны, құдалығын да, көршілігін де ұмытып, қолына найзасын алып шыға келетін. Найманның бүкіл қазақ еліне әйгілі осындай батырының бірі Қаракерей Қабанбай еді. Барақ қызын Церен-Доржиға бергеніне Қабанбай батыр қатты ашулы дегенді де сұлтан естіген-ді. Сол себеп болды ма, әлде қытай богдыхандарының мәңгі қастығы есіне түсті ме, ол Церен-Доржиға:

— Маған шүршіттің жәрдемің айтпа,— деді кейін,— шүршіттің зеңбіректерінен көрі бізге орыс зеңбірегі жеңілдеу тиер...— сосын ол Әбілқайырға бұрылды.— Сонда не істейміз? Жерімізге орыстардың қала салуына көңіл отыра береміз бе?

— Россияға бағыну — қала салдыру ғана емес. Бұл үлкен саясат,— деді Әбілқайыр,— жақында ғана маған Аралбай мен Оразкелді ақсақалдар келін: «Қатын патшаға өтініп, Ұлы жүзді де Россия қол астына алдыр» деп кетті. Ал, Жайық пен Ор өзенінің түйіскен жеріне қала салуды сұраған менмін. Бұл қала жеке маған ғана емес, бәрімізге керек... Түбі, қазақ елі толып жатқан ақымақтардың қолында бөлшектеңіп жүргенше, бір ақылдының қолында тұтас отырғаны жөн емес пе... Мұнымды кім теріс дейді?..

— Мұндай қамқорлық Үлкен Орда ханы Әбілмәмбеттің ісі емес пе?— деді Барақ тұнжырап.

Әбілқайыр тура жауап беруден жалтарды...

— Мен үш жүздің басын біріктіргім келеді. Сонда ғана өзге жұрт бізбен санасады,— деді сөзін сабақтап.— Жаңа Бөгенбай батырдың сөзін естідіңдер ғой. Жұрттың көбі осылай ойлайды.

Жерге қарап отырған Церен-Доржи басын көтеріп алды.

тыр хан ауылынан күншығыс жаққа қарай қиялап шыға берді.

Әбілқайыр үйде оңаша қалды. Бейуақта берілген хан әмірінен бөтен ешкімнің хабардар еместігіне сенген хан енді тағына сүйеулі тұрған үкілі домбырасын алып, бір асау күйді безілдетіп ойнай жөнелді. Осының алдында ғана ашу, ыза, әдіс, қулық секілді неше алуан сезімді басынан өткізген ханның домбыраны осыншама құшырлана қағуы — жүрегін өртеген бар азапты ұмытып, бір мезет көңіл қобалжуын басуы еді...

Ал Барақ сұлтан болса, Әбілқайыр айтқандай, хан ордасынан әжептәуір ұзап барып, ымырт үйіріле Церен-Доржи тобынан өзінің сенімді екі жігітін бөліп алып, кейін қайтқан. Қас қарая хан ауылының тұсындағы терек сайға келіп, атын қасындағы екі жігітіне беріп, өзі бергі жағаға шықты да, екі көзін хан аулынан алмай етіпетінен жатты да қойды.

Қара шапан жамылған Нұрбике тек ауыл ұйқыға қатты кеткен кезде ғана, уәделескен жеріне жетті. Шыдамы таусылған Барақ сұлтан орнынан атып тұрды. Қарамақпал шапан бозаң үстіне қалай жайылғанын екеуі де түсіндегідей ғана сезінді... Бие сауымындай өткен кезде, орнынан созыла түрегелген Нұрбике Баракқа ерінің Церен-Доржиды өлтір деп әмір бергенін айтты.

Ана жақта қан төгілгелі жатқанда, хан тоқалының сонша уақыт сыр ашпай, ләззатқа беріліп, қалай жатқанына таң қалған Барақ, атына қарай жүгірді. Өне-міне дегенше тыныш түнді үркіте оятып, жазық даланы дүбірлете күншығысқа қарай шаба жөнелді. Ашу қысқаны сонша, ат дүбірінен ауыл оянып, Нұрбикенің қылмысы ашылып қалар деп ойлаған да жоқ.

Бірақ бұл қылмысты Әбілқайыр онсыз да біледі. Сай жағасындағы қалың талды жападан-жалғыз бағанадан бері аралап жүрген көлеңке — бұл Әбілқайыр хан еді.

Сол күні ол көрер танды көзімен атқызып шықты. Тек таңертең ғана нөкерлеріне ең жақсы көретін тоқалы Нұрбикені бар жасауымен Сыр бойындағы әкесі Қойсан байдың ауылына апарып салуды бұйырды. Нөкерлері де, Нұрбике де «неге?» деп сұраған жоқ.

Сәскеден ауа, Нұрбикенің көші ұзап, жаңа көтерілген сағыммен араласа, көкжиекте бұлдыр тартып кеткен

кезде ғана ол үйден шықты. Кетіп бара жатқан көштің сыртынан ұзақ қарап тұрды. Әлден уақытта барып, жүрегінің бір нәзік қылы үзіліп кеткендей, қинала күрсінді. «Асықпа, Барақ сұлтан, күнім туса сені өз қолымнан бауыздармын» деді тістене күбірлеп.

Осы мезетте күншығыс жақтан құйындата шапқан салт аттылар көрінді. Бұлар Тайман батырдың жігіттері еді. Көп ұзамай олар аттарын ауыл сыртындағы кермеге байлап, бері қарай жүрді.

Тайман батыр өзгелерден бөлініп кеп, Әбілқайырға сәлем берді.

— Жолың болды ма, батырым?— деді хан.

Тайман батыр төмен қарады.

— Сәті түспеді, хан нем.

— Қалайша?

— Біз Церен-Доржидың тобына жеткен кезде, Барақ сұлтан сіз айтқандай, олардың арасында жоқ екен. Аттылы жаумен жазықта кездесуді қауіп көріп, қара көрсетпей Қанды жартасқа дейін еріп отырдық. Қанды жартасқа жеткен кезде олар аттарынан түсті. Көліктерін оғқа қойып, бастарына қоржындарын жастанып, көздері ұйқыға кетті-ау деген кезде, біз де тидік. Ұйқылы-ою сасқалақтаған жігіттерін бірден сойылға жықтық. Бірақ Церен-Доржи атына мініп үлгіріп қалды. Талағың түскір әбден ұрысқа үйренген бе, біздің дүбіріміз шығысыменен арқырай кісінеп несіне жетіп келді. Ат үстіндегі Церен-Доржи осал жау болмай шықты. Маңына таяған екі-үш жігітімді айбалтасымен ұрып құлатты. Түн қараңғы боп, өзім оған дәл кездесе алмадым. Енді қолыма түстің бе деп, бес-алты жігітіммен қоршай бергенімде, Барақтың «Аруак! Аруак!» деген айбарлы даусы естілді. Жігіттерім тым-тырақай қаша жөнелді.

— Өзің ше?

— Өзім де шегінуге мәжбүр болдым. Барақтан қорықпағанмен де, төре тұқымы ғой, қарсы сойыл көтеруді жөн таппадым. Өзге қауым қалай көреді, ол әлі ашық жау болып шыққан жоқ қой?

— Дұрыс еткенсің. Қардың басын қар алар. Ханның басын хан алар. Қарашаның төре тұқымына сойыл соғуы лайықты емес.

— Өзім де солай болжадым.

Әбілқайыр бұдан әрі қазбаламады.

— Өңгерген өліктерінді көрмедім. Сойылға жығыл-
ғандарың қайда?

— Көрші ауылда.

— Жөн еткенсің. Орда маңайы онсыз да қаратүнек.

Әбілқайыр теріс бұрылып, ауыл сыртындағы белеске қарай жүре берді. Соңынан пөкерлері емес, қасқыр алатын, хан жалғыз жүргенде жанына кісі жолатпайтын, күшігінен асыраған қасқыр қандас қара қылшық, тайшадай арлан төбеті ерді.

Басқа сөз айтпай, зерлі шапанын нығына бос салып жалғыз кетіп бара жатқан Әбілқайырдың соңынан Тайман түнере қарап тұрды да, жанына келген серіктеріне:

— Қаза болған жігіттердің үйлеріне хабар беріңдер,— деп бұйырды да, Бөгенбай батырға арнап тігілген үйге қарай беттеді.

Аңызак желге маңдайын сүйгізе Әбілқайыр хан жападан-жалғыз келе жатыр. Ханның көзі алыстағы көкжиекте. Жан дүңбесі астан-кестен болып, қара қоңыр жүзіне ыза теуіп, сұрланып кеткен. Церен-Доржиды өлтіріп, оны Баракқа жаба алмағаны жанына қатты батып келеді. Бұрынғыдай емес, Баракпен екеуінің арасындағы болмашы көпір біржолата құлаған. Қалден Церен де бұған деген ақырғы сеніммен енді мәңгі қоштасады. Жоңғар қонтайшысы Әбілқайыр ханды құртпай, Кіші жүз жеріне шабуылын тоқтатпайды. Бұның бәрін Әбілқайыр хан қазір ап-анық сезінді. Қазір оның ақыл-ойын бір сұрапыл ашу жайлаған. Сол ашу, өшпенділік тұла-бойын өрттей күйдіріп, әкетіп барады. Ол қазір, әсіресе, Нұрбике сұлуға ашулы. Кеше Барақтар кеткеннен кейін, кеңес құрып отырғанда ауызғы бөлмеде шолпының сылдыры шыққандай болып еді. Тайманға бұйрық беріп жатып, сол сылдырды есінен шығарып алған-ды. Енді міне... сол ауыз үйде жүрген Нұрбике екен. Оның не айтқанын өз құлағымен естімесе де, Барақтың асыға жүріп кетуінен бәрі де белгілі болды. Нұрбике сұлтанға құшағын ғана жайып қоймаған, жұбайының құпиясын да ашқан. Қандай опасыздық!

Енді оны бір сәт өкініш биледі. Түнде ашу қысып тұрған шақта хан опасыз тоқалын жендеттеріне өлтіртпек те болған. Бірақ ашуын ақылға жеткізіп, сол бір қанды жолдан бас тартып еді. Он бес жыл бойы балдан тәтті ләззат сыйлаған қылықты әйелін өз қолынан өлтіруге кимаған. Опасыздығы үшін мәңгі талақ етіп, еліне қай-

туға бұйрық берген. Сол көңілшектігінің зардабын енді, міне, өзі тартып тұр! «Қап! Қап!» деп, тістене аһ ұрады.

Жоқ, Әбілқайыр көңілшек те жан емес. Жұнырма жыл Кіші жүздің тағына отырған! Жұнырма жылдың ішінде ол досына да, қасына да көңілшектік істеп көрген жоқ. Серігі тек қатыгездік, ешкімді аямаушылық болды. Мұның бойында да ұлы бабасы Шыңғыс ханның қапы барды. Ал дүние жүзі әмірінісінің ұрпағында біреуді аяушылық, кешірімпаздық болады деп кім сенеді? Рас, Әбілқайыр Тоуке ұрпағының кіші тармағына жатады. Ежелден кіші тармақтап шыққан сұлтандар ешуақытта Үлкен Орданың ханы боламын деп талпынған емес. Үлкен Ордан дәмәткен тек осы Әбілқайыр ғана. Әттен не керек, өзге бақкүндес туыстары бұл мақсатына жеткізбеді. Оған істер амалы бар ма? Ал Кіші жүз жеке отау тігіп, Әбілқайырды өзіне хан сайласа, о да сонау үш жүздің қарашаңырағы — Үлкен Орда хандығы болжырап, нашарлап кеткенінің нәтижесі! Ал ел басына күн туып, жоңғардың қалың әскері қаптағанда, қазақ жұртының басын қосып біраз уақыт жауларына қарсы тұруды басқарса, — онысы өзінің ерлігінің, көрегендігінің арқасы. Әбілқайырдың бұл қасиеттері жұрт алдында өзінің абыройын асырды, кейде есі қазақ елінің көсемі дәрежесіне дейін көтерді. Орта жүздің кейбір ру басшысы, Жәнібек секілді батыры бұның соңынан ерді, қарындасын алып, жекжат болды. Солардың демеуімен Әбілқайыр өзін кейде бар қазақтың жоқтаушысы ретінде сезінді. Қазақ елінің көпшілігі Әбілқайырдың етегінен ұстауға дайын секілденді. Әрине, көпшіліктің көкейкесті арманы — тыныштық. Әбілқайыр халықтың сол тілегін пайдалана білді. Ол өз заманындағы қазақ хандары мен сұлтандарының ішіндегі қырағысы болды. Ұлы Россияға бізді қарамағыңызға алыңыз деп ең бірінші боп хат жазды. Өзге хандардан гөрі Әбілқайыр жоңғар шабуылының жай емес екенін, бұл қытай-жоңғар боғдыхандарының қазақ елін мүлдем күртуге бел байлағанын жақсы түсінді. Сол себепті бұның соңына ел билігі қолындағы би, сұлтандар ере бастады. Әбілқайырдың қылығы үлгі боп, Сәмеке хан да орыс патшалығының қол астына кіруді талап етті.

Ал жоңғар дауылының қарқыны сәл басылып, қазақ елі кей жерде оларға төтеп беріп, кәрі Сәмекектің орнына Орта жүзде Әбілмәмбет, Абылай, Барақ, Қазыбек секілді ел басқара алатын адамдар шыға бастап еді, ел билеп

отырған «іңгі жақсылар» екі бөлінуге айналды. Россия патшалығының қолтығына кіріп алып, Әбілқайыр бәрімізге үстем болмақшы деп қорыққандар да табылды. Олар енді Әбілқайырдың саясатын теріс көріп, кешегі жауы жоңғарлықтармен келісімге келуге де бар екенін жасырмады. Соның бірі Барақ сұлтан. Ал Әбілмәмбет пен Абылайдың ойы осы кезде әбден ашылмағанды. Не болса да әріде жатыр.

Әбілқайыр қайда бара жатқанын өзі де білмейді. Беті ауған жаққа жүріп келеді. Тек құлағын қайшылап қара қылшық кәрі төбеті ғана соңынан қалмайды. Тағы да ой шумағына беріліп кетті. Расымен Әбілмәмбет, Абылай, Барақ жоңғарлардың жалған дәлелдеріне сеніп, кешегі төгілген ағайын туыстың қанын кешпек пе? Жоңғарлардың айтуы бойынша, қазақтардың жерін, малын тартып алу үшін шаппаған көрінеді. Қытай богдыхандары апатқа ұшыратып жатқан кезінде, жоңғар елін қазақ батырлары үнемі шауып, әбден зығырдандарына жеткен-мыс. «Ақтабан шұбырындыда» жоңғарлардың қазақ еліне істеген қиянаты, кәрі-жасына қарамай қырып, ең даласын қанға бояғаны соның ызасы-мыс. Айыпты қазақ елінен алған кегі-мыс. Расында солай ма еді? Жоқ бұлай деулері бекер. Ол кездерде қытай мен жоңғар арасы қандай болса, қазақ пен жоңғар, қытай мен қазақ арасы да сондай еді ғой. Бықыған, өсіп келе жатқан малына жайылым іздеген жоңғарлар бос жатпағанды. Ертістен бері қарай, таудан құлаған қорым талай рет жөнкі қаптаған. Бүкіл қазақ тарихында қазақ жауынгерлері жоңғардың жерін тартып аламын деп, Ертістен асып әдейі барып соғыс ашқан емес. Рас өзі келген жаумен сан айкасқан, әрқашан да жеңіп, кейін шегіндіріп отырған. Осының бәрін Әбілмәмбет, Абылай, Барақтар білмей ме? Білсе керек-ті. Онда жоңғарлықтармен қалай бітімге келіп, қолтықтаса қалмақ? Әлде олардыкі айла ма? Менің орыс патшалығының қол астына кіріп күшейіп кеткенімнен қауіптеніп, біз жоңғар жағындамыз деп, маған халықты қарсы қоймақ па? Олай болса өздері де орыс патшалығына бағынуға бармыз деп, менімен жарысып неге бірнеше рет уәде берді? Бұлары қандай ойын? Әрине, Барақтың ұстаған жолы ежелден басқа. Ал сонда Орта жүздің ханы мен басқа сұлтандарының не? Жоңғар

мен орысты өтірік бірін апа, бірін жезде еткен боп, өздеріне дұрыс қаратып, қазақ еліне тек өз бастарының үстемдігін жүргізбек пе? Солай тәрізді. Міне, содан барып жұрт Орта жүз сұлтандары біздің жоғымызды жоқтайды екен деп соларға қарай ауып бара жатқаны хақ. Ал Барақ секілді сұлтандары мені тіпті қазақ халқының алдында орыс патшашылығына елін, жұртын сатқан адам ғып көрсетпек. Бұлары рас па? Түбі еліміздің де, келешек ұрпақтардың да көзі жетер, менің бүгінгі әрекетімді ақтар; бізге қалған жалғыз жол — ол Россияның қол астына ену. Бүгін бізге күшті болып көрінгенмен, бар тіршілігі құр мал өсіру, өзінен әлсіз елді шабу болған жонғар тайпасы да күні ертең не Қытайға, Не Россияға бағынады. Күні ертең бізге туған күн оларға да туады. Өйткені, ұлы мемлекетке лайық қайнар бұлағы, көзі тайыз. Өнері, білімі, шығарып жатқан қорғасыны, темірі, егіп жатқан егін, өсіп жатқан бау-бақшасы, салынып жатқан қаласы, бекінісі жоқ ел ұзақ өмір сүрген емес. Бір қатты боранда бар малынан айрылып қалатын, елінің шетіне жау келсе құр сойылы мен отты жүрегін ала шабатын біз секілді ел жан-жағынан қалың жау қаптап тұрғанда, өз алдына жске жұрт болып тұру қайда?! Тұра алмайды. Осыны неге түсінбейді олар? Жоқ, біз қайтсек те Россия мемлекетінің қолтығының астына кіруіміз керек. Бұл қазақ елінің құрып кетпеуі үшін бірден-бір және келешегі бар жол.

Әбілқайыр сол кідіріп тұрып қалды. Оның сұрғылт көзі ашумен тұнжырап кетті. «Мені Ор қаласын салдырмақсың деп айыптайды. Ор қаласын салдырсам, қазақ елін Россияға бағындыру үшін салдырам. Оны мен жасырып отырмын ба? Егер сөзіме көнбесе, айтқанымды күшпен істетем. Күшпен бағындырам! Өз халқыма өзім осылай зорлық көрсетуім, біле білсе сол халықтың өзі үшін емес пе? Бүгінгі менің ісіме, ертең болашақ ұрпақ алғыс айтады! Ал осы арманым үшін, жолымда кім қарсы тұрса аяғымның астына сап таптаймын. Өз күшім жетпесе орыс патшасының күшіменен таптаймын! Сол үшін маған қазақ жеріне салынар Ор бекінісі керек! Ол бекіністе мұздай қару-жарақты, аузы түкті көп солдат болуға тиісті! Әрине, менің қастарым «осының бәрін Әбілқайыр өз басы үшін істейді, орыс патшасының күшімен бәрімізге хан болғысы келеді!» дейді. Сөздерінде шындық бар, рас мен орыс патшасына сүйенген хан бол-

гым келеді. Күшті хан болғым келеді. Бір жағынан, на-
дан ел-жұртым, сенің қамыңды ойлайтын хан болғым ке-
леді. Халқым, саған адал екенімді кешегі қырғын ұрыс-
тарда көрген жоқсың ба? Өз басымның қамын ойлап қай
ұрыста бұғып қалғаным бар? Алдағы уақыттарда да бұ-
ғып қалмаспын! Оған ар-ұятым куә!

Әбілқайыр тағы кілт тоқтады. Көптен бері жүрек тү-
бінде жатқан бір ауыр ой кеудесіне кенет шапшұдай қа-
дала қалды. «Ал егер менің үмітім ақталмаса ше? Сонау
салыңғалы жатқан Ор қаласы, Барақ сұлтан айтқандай,
өзіміз құлайтын орға айналса, ел-жұртқа не деймін?
Жоқ, олай болуы мүмкін емес, егер ақ патша мені тек
халқымның мұңкір-нәңкірі етіп пайдаланбақ болса, он-
да... Онда... Мен де алысып өлем! Осылай етуді күр өз
басым ғана емес, мына әрқайсысы әр тайны елді басқа-
руға жарап қалған ұл-қыздарыма да өсиет етіп таны-
сып кетем!

... Әбілқайыр ханды бағалай білмеген кейбір орыс пен
қазақ тарихшылары оны қара басының қамы үшін жұр-
тын сатқан, бақкүндес жауларын табанының астына са-
лу үшін, қазақ елін Россия патшашылығына бағындыру
саясатын қолдаған дейді. Сол бір қилы кезеңде Әбілқа-
йырдың түпкі ойы солай да шығар... Бірақ болашақ та-
рих, ол қандай мақсат көздесе де, ұстаған жолының дұ-
рыс екенін айқындады. Қазақ елінің Россияға бағынуы-
ның қажеттігі Әбілқайырдың өз басының қамынан көрі,
әлеуметтік қасиетін жоғары сатыға қойды. Әбілқайыр
ұстаған саясаты үшін еш уақытта күрестен бұғып қал-
ған емес. Оған куә қан майданда үнемі алғы шепте бо-
луы, қауіп-қатерді кезеңдерде өз басын қорғап тығылып
қалмауы. Ұстаған жолы үшін өз басы түгіл, туған бала-
ларының ешқайсысын аямай кезек-кезек аманат ретінде
патша қол астына беруі. Демек, бұның бәрі Россияның
қол астына кіру керек екеніне оның шын жүрегімен бе-
рілгендігін көрсетеді.

Әбілқайыр қанша қатыгез болғанмен, өзінің туған ба-
лаларын өте жақсы көрген. Бірақ сол балаларының орыс
қаласына аманат боп барып, тәлім-тәрбие, өнер-білім
алуын қуаттаған. Әрине орыс төрелерінің арасында ол
өзіне деген қастарының да көп екенін білді. Олар әйел
патшаға бұны екіжүзді деп хат та жазды. Келешек үл-
кен мақсаты үшін бұл оған да шыдап баққан.

Әбілқайырдың төрт заңды, үш заңсыз әйелінен он

бестен астам ұл, қызы болған. Ханның көзі тірісінде бәйбішесі Банайдан туған Нұралы, Ералы, Батыр, Айшуақ, Қожахмет және қалмақ әйелінен туған Шыңғыс сұлтандар өзіменен үзеңгілес жауға шауып, Орда ісіне кіріскен. Әбілқайыр бұларды орыс бекіністеріне аманат қалдыру былай тұрсын, ең қауіпті жорықтарға, тартыс-таластарға жіберіп отырған. Ханның сайдың тасындай, кілең «сен тұр, мен атайын» осы бес ұлы көп жағдайда өзіне сүйеніш, серік болған...

Әбілқайыр ұзақ жүрді. Ол ауылдан әжептәуір алыстап кеткенін аңғарған жоқ. Оның ойы енді бастаған істерінің қаншалық қиындыққа түсетініне ауды.

Әбілқайыр ханның Россия патшасы Анна Иоанновнаға жазған хаты бойынша Тевкелев бір мың жеті жүз отыз бірінші жылы Кіші жүз ордасына келген шағында қандай қиындыққа ұшырамады? Жыл өткенде еліне әзер қайтқан жоқ па? Әбілқайырдың Россия патшасына қазақ руларының басшыларымен ақылдаспай, бүкіл халық атынан хат жазғанын соңынан білген Кіші жүз бен Орта жүздің шоңжарлары не істемеді! Тевкелевті еліне қайтартпай, қандай қорлық көрсетпеді! «Бұл қазақ жеріне тыңшылықпен келген, біздің күшімізді біліп алып, келесі жылы соғыс ашпақ» деп, Тевкелевті өлтірмек те болған. Дәл осы кезде башқұрт батырлары Торғай бойындағы қазақ ауылдарының малын шауып, әлі Россияға бағынудың байыбына жете түсінбеген халықтың наразылығын бұрыңғысынан да өршіте түсті. Әріне, Бұғыбай мен оның күйеу баласы Есет батыр кіріспегенде, о жолы Тевкелев те, оған еріп келген адамдардың бірде-бірі тірі қайтпаған болар еді. Рас, осы жолы Россиямен жақындасу жөнінде көп іс істелді. Бұхара мен Хиуа хандарына уәкілдер жіберілді. Қарақалпақ елінің ханы Қайыппен сөз жүргізіліп, оның Россия қол астына кіргісі келетіні анықталды. Әбілқайыр менімен ақылдаспай қатын патшаға хат жазды деп өкпелеп қалған Орта жүздің ханы Сәмекеге де хат жолданып, ол Тевкелевпен кездеспек болды. Бірақ Арқа жеріне қарай осы кезде жоңғар қонтайшысы әскерінің бет алған қаупімен байланысты бұл кездесу болмай қалды. Демек, өз басына төнген ажалға қарамай Тевкелев бұл жолы да қазақ елі мен Россияны жақындастыру жолында көп шаруа істеп кетті. Ол Әбілқайыр,

Әбілмәмбет, Сәмеке, Абылай, Ұлы жүздің ханы Жолбарыс пен Қарақалпақ билеушісі Қайыптың Россия қол астына кіруге бар екенін біліп қайтты.

Ал бұл жолы қалай болмақ? Тевкелевтің келуімен байланысты бұны күткен қандай қауіп бар? Тевкелев қандай жақсылық, қандай жамандық әкеле жатыр? Бізден не тілемек? Оның тілегін мен орындай аламын ба?

Кенет ол селк ете қалды. Хан ордасына таяу тігілген қараша төлеңгіт аулынан «ой, бауырымдан!» бері қарай шапқан ері, әйелі аралас бір топ адамды көрді. Шұбалаңқы топ дәл хан тұрған белесті бетке алып келеді. Бұл сөйылға жығылған Тайман жігіттерінің туыстары екендігін Әбілқайыр енді ғана ұқты. Сөйткенше болған жоқ «ой, бауырымдаған!» қаралы топ хан жанынан өте берді. Тек белес үстіндегі Әбілқайырды көріп екі-үшесуі бері бұрылды. Алдыңғысы кәртең әйел екен, астындағы ұшқыр биесінің тізгінін бос қоя беріп, екі қолымен шашын жұлып, бетін тырнап, ойбайлап келеді.

Әйел Әбілқайырдың тұсына таяй беріп, қос қолымен биесінің тізгініне жабысты. Бие тоқтамағанмен, шабысын сәл бәсеңдетті.

— Жалғызымнан айрылдым, қаршығамнан айрылдым,— деді ол қу даланы басына көтере қарлыққан сұмдық бір қайғылы айғаймен,— Алтын күнім батты, қара жылаңның шақты! Жалғызымды ажалға айдаған сенсің, Әбілқайыр хан! Құдай сені де жылатсын! Бала-шағанның қызығын көрме! Көрінде өкір, көрінде өкіргір тас бауыр хан!

Ашу қысқан хан қалш-қалш етті. Баласы өлсе — ел басына туған күйзелісте кімнің баласы өлмей жатыр! Бүгін бұның жалғызы өлсе, ертең менің он ұлым бірдей қанды айқаста қаза таппасына кім кепіл!

Әбілқайыр жалғзынан айрылған сорлы ананы тоқтатар жылы сөз таба алмады.

— Тарт тіліңді, ей сорлы!— деді ол ақырып.— Балаң өлсе жалғыз сенің балаң өліп пе!..

— Тартпаймын тілімді!— деді қайғыдан налыған бейбақ ана.— Қанішер, қара жүз! Адыра қал! Сен! Сен өлтірдің менің баламды! Қайтарып бер ойбай, қайтарып бер, атаңа нәлет, қанішер!

Туғалы мұндай сөз естімеген хан ашудан бұрынғысынан да бетер жарылып кете жаздады. Ол дәл осы сәтте жалғыз баласынан айрылған мынау сорлы ананың ақы-

лынан адасып кеткенін де аңғармай қалды. Екі құлағын қасқырша тігіп, шолақ құйрығын бұлаңдатып, несінен бұйрық күтіп тұрған қара қылшық арланына:

— Айт!— деуге ғана шамасы келді.

Қанды көз айбарлы қара төбет алқымынан ала түспек боп, екі орғып жанына жетті де, қарсы келіп қалған саит атты әйелге қарсы атылды. Сол мезетте әйелдің соңынан тепенден жеткен күрең байталды қапсағай қара жігіт қолындағы құрығын итке қарай қос қолдап сілтеді. Қайың құрық шекесінен тиген жолбарыс денелі ит бір-ақ рет қыңсылай шаңқ етті де, кісі бойындай көтерілген қалпынан қара жерге гүрс етін құлап түсті.

— Сорлы, сорлы-ай, ханда не шаруаң бар еді!— деді ол, әйелдің шылбырына жабысып,— сенің балаң өлді не, сенің өзің өлдің не, оған бәрі бір емес пе!

Әйелдің көзі шарасынан шыға, аузынан көбік атып, бажылдағанына қарамай, биенің тізгініне қолы тиісімен ақ өліктер жатқан ауылға қарай тепенден шаба жөнелді.

«Ой, бауырымдаған!» жұрттың қарасы өшкен кезде, Әбілқайыр жерде сұлық жатқан итінің қасына келді. Қос қолдан ұрған қайың құрық арланның бас сүйегін опырып жіберіпті. Қып-қызыл қан мен миы бұрқырап жерде шашылып жатыр. Бүйірі әзер ғана бүлк-бүлк соғып, көзі тасырайып, кешегі топ қасқырға жалғыз шабатын қылшық жүндісі енді талмаусырап өліп бара жатты. Күшігінен асыраған, сан қауіпті сапарларда өзіне серік болған итін қимай Әбілқайыр ұзақ тұрды. Ақырғы рет тынысын тартып, төрт аяғын бірдей жазып, тына қалғанда ғана, теріс бұрылып кетті.

Әбілқайыр ұзақ жүрді. Бағанағыдай емес, бойынан ашуы тарап, енді болған істі басынан аяғына дейін көз алдына елестете бастады. Ол итінің өлгеніне де өкінген жоқ. Ақырғы он жыл өмірінің ішінде үнемі қан жосыған сұмдықтардың арасында жүріп еті үйреніп кеткендіктен бе, бойын тез-ақ жинап алды. Күшігінен асыраған Көкжалымды көз алдында өлтіріп кетті-ау деп, сонау құрықты жігітке өшігер де жайы жоқ. Бар болғаны жапағы қанды оқиғаны көз алдына елестетіп, бұның бәрі неден туды деп, өзін-өзі тоқтатып ақылға салды... Кенет баласынан айрылған жаңағы қарт әйелдің «қанішер!» деген сөзі құлағына қайта келді. Сонда барып бұл әйелдің, итін ұрып өлтірген жігіттің кім екенін есіне түсірді.

Осы әйелді баяғыда қарақалпақ елінен олжалап әкеліп, өзінің төлеңгітіне қосқаны ойына келді. Күйеуі өліп, жалғыз ұлы ержетіп, Тайман жасағында жүретін. Енді бүгін о да мерт болды. Иә, әйелдің Әбілқайырды «қанішер» деуге шын хақысы бар екен. Бұны Әбілқайыр да түсініп келеді. Сол себептен итін өлтірген жігіттің де кінәсін кешкен тәрізді. Бұл жігіт те ханға таныс, өзінің қарулы жылқышысы, жаңағы әйелдің қайынысы Хұсайын деген болатын. Қатты сүзек боп ауырып, төсектен тұрғанына бір айдай өткен. Бүгін-ертең жылқыға шықпақшы еді.

Бұл адамдардың өздері де, тағдырлары да таныс болғандықтан ба, хан енді әлгі оқиға жайып естен шығаруға тырысты. Бірақ оның ойынан бір нәрсе кетпей-ақ қойды.

Ұрыста ер жігіт қаза тапты деп ешкім де ханды сөкпесе керек еді. Бұл ел салтында жоқ жәйт. Ал бүгін неге бұлай болды? Ханды балағаттар, аяулы итін өлтіртер бұларға мұндай желік қайдан бітті? Мұнда қандай себеп бар? Жалғыз қара халық емес, батыр, сұлтандар да Әбілқайырға қарсы сөйлеуді жиілетіп жүр. Осылардың бәрінің себебі неде? Жарайды жұрт ұрыстан, соғыстан қажыды делік. Мезі болған жұрттың тілі де шыға бастауы мүмкін. Бұл бір себебі болсын. Екіншісі неде? Екіншісі... Әбілқайыр мойындағысы келмегенмен мойындауға мәжбүр болды. Екіншісі — «Ақтабан шұбырындының» алғашқы жылдарындағыдай емес, халық алдында өзінің қадірінің түсе бастағанында еді.

...Түн ортасы ауа хан өзінің ауыр ойларынан сергігендей болды. Қарсы алдындағы ошақтың қызыл шоғы сөнуге айналған. Тынық түнде жас ки түтінінің болмашы күлімсі исі келеді. Арғы беттен кенет өгізшағаланың құлаққа жағымсыз айқайы естіледі.

Әбілқайыр отырған дңірмен тасынан түрегелді. Кенет өн бойы дірілдеп кетті. Қарсы алдында бүгін ғана жынғылған ақ отаудың жапырылған орны жатыр екен. Иә, бұл бір кезде ханның жанындай жақсы көрген тоқалы Нұрбикенің, өзінің қымбат ақ отауының орны еді...

III

Қазақ даласының Россия қоластына кіруі бір куәлік қағазбен, не бір указ күнімен атау мүмкін емес. Бұл ондаған жылға созылған ұзақ, қайшылығы мен қиындығы

мол ауыр процесс еді. Және қазақ елінің Россияға қосылуын бір ханның, қала берді бірнеше қайраткердің есімдерімен ғана байланыстыру — о да дұрыстыққа жатпайды. Бұл заңды шешімі бар, саяси, экономикалық, әскери фактілер секілді көптеген себептермен шиеленіскен, дәуірінің тілегіне қарай тарихтың өзі жаратқан перзенті. Россияға қосылу — рулар арасындағы талас-тартыс, сол рулардың жағрафиялық жағдайы — толып жатқан қасын да, досын да тудырды. Бір жағынан, ұшы-қиырына күс жетпес кең даласында қазақ қауымының қалыптасқан тұрақты экономикасының жоқтығы және негізгі кәсібі құбылмалы, көшпелі тұрмыспен байланысты болғандығы, екінші жағынан, жоңғар шапқыншылығының дүмпуі әсер етіп, ру басшылары өздерінің Россияға бағыну саясатын әрдайым өзгертіп отырды. Мұндай жағдайда Россия қоластына кірудің кешегі қолдаушылары бүгін оған қарсы шығып, ал кешегі қарсыларының бүгін оны жақтауы — таңқаларлық іс емес-ті.

Бірақ келешекке керексіз, халық мүддесіне қарсы келер, жалған, болашағы жоқ ақиқаттардың бәрін өзінен әрі итерің, тарих доңғалағы алға қарай айнала берді. Осылай қазақ даласына аяуды білмес, орасан қатты жаңа тарихтың дауылды көктемі келді.

Сондай-ақ Әбілқайыр ханның Анна Иоанновнаға 1730 жылы жазған хатындағы «қорғаныңызға алуыңызды тілейміз» деген сөзді соңынан шыққан ресми қағазда «Россия қоластына алуыңызды өтінеміз» деп өзгертуі жайындағы ғалымдардың таластарының да керегі шамалы. Әрине, тарихи куәлік қағаздардың дұрыс аударылғаны жақсы-ақ, бірақ бүгінгі күні «қорғаныңызға алыңыз», не болмаса «қарамағыңызға алыңыз» деген сөздердің қандай айырмасы бар?

Тарихи деректерге қарағанда, Россия патшасы Анна Иоанновна бір мың жеті жүз отыз бірінші жылы он тоғызшы февральдағы Әбілқайыр ханға берген грамотасында: «... өздеріңнің өтініштерің бойынша жоғарғы көрсетілген тараулардың негізінде, қырғыз-қайсақ ханы Әбілқайыр, сені және бар қырғыз-қайсақ әскерің қоластымызға алдық... Сондықтан хан мен оның бар әскері біздің императорлық мәртебеміз бен оның мұрагерлеріне мәңгі-бақи адалдығын сақтауы керек» делінген. Бұл грамотада: «Адал және әділетті» патшаға қызмет істеу, соғыс кезінде Россия әскері басшыларының қарамағына

қару-жарақты қол болып келуі, Жайық казак-орыстары, башқұрт, қалмақ секілді Россияға бағынышты ұлттарды шаппауы, казак жері арқылы өтетін орыс-сауда керуендерін тонамау, бұрын-соңды қолға түскен орыс тұтқындарын қайтару секілді казак хандарының міндеттері көрсетілген. Сонда ғана Россия патшалығы казак елін өз қорғанына алмақ болған.

Әбілқайыр хан да, одан кейін бір мың жеті жүз қыркыншы жылы «Россия қоластына кіріп адал қызмет істеуге» ант берген Орта жүздің ханы Әбілмәмбет пен оның немере інісі Абылай сұлтан да, сол жылы Бұғыбай мен Есет батыр бастаған Кіші жүздің үш жүз тоқсан тоғыз «игілі жақсылары» да Россияға бағыну деген ұғымды қорған болу деген мағынада түсінген.

Не дегенмен де, бұл кезеңнің басты маңызы — казак елі осы шақтан бастап Россияға арқа сүйей отырып, өзінің шаруашылығын, саясатын, енді сол Россияның көзқарасымен байланыстыра жүргізуінде болды. Бұл тарихи керек жағдай еді. Және бұл жағдай осы кезден бастап, алдындағы бөгеттердің бәрінің құл-талқанын шығарып, әрі қарай дами түсті.

Әрине, мұндай тарихи ауыр процестерде бағынышты казак елі мен патшалық Россия секілді отаршылық саясатты ұстаған екі жұрттың арасында қайшылық, толып жатқан қиындықтардың туатыны да мәлім. Бірақ соның бәріне карамай, енді казак жеріне жоңғар шабуылы тоқталды. Жоңғар контайшысы тек өзі басып алған казак даласының оңтүстік өңіріне ғана не боп қалды.

Осындай «қоластына» кірген казак елін Россия патшалығы бір мың сегіз жүз қыркыншы жылдары Үргеніш, Хиуа тұсынан төнген Иран патшасы Надир шахтың шабуылынан да сақтап қалды.

Ор қаласынан кейін Россия Жайық, Елек, Жем өзендерінің бойына әскери бекіністер сала бастады. Орыс патшалары бүкіл Россия шекараларына тұрғызылып жатқан бекіністер мен әскери қорғандарды бірімен бірін байланыстырып, әскермен толықтырды. Әскермен бірге казак даласына Россияның алыс түкпірлерінен қара шекпендер келді. Бұлар үй салып, егін егіп, меншігіне берген жерді иеленуге кірісті. Мұндай жағдайда келімсек жұрт пен жергілікті елдің арасында қырғиқабақтық, жанжал, сойыл ала жүгіру тәрізді келісімсіз істердің де тууы сөзсіз еді. Бұқара халықты біріне-бірін айдап са-

лып елді басқару — ежелгі саясаты болған орыс генералдары да, казак бай-манаптары да бұл алауыздық, жанжалдарға астыртын дем беріп, өршіге түсті. Ұлт наразылығын тудыруда бұл екеуі де үнемі бір жағадап бас, бір жеппен қол шығарып отырды. Халықтар достығының неге анарын соғатынын әсіресе Пугачев көтерілісінен кейін бұлар өте жақсы түсінген-ді... Қазак елі Россияға қосылуының арқасында біржолата құрып кетуден аман қалды. Россия оны тарихтың алыс-жұлысына өзімен бірге алып кірді, қоғамдық және саяси жағынан күшеюіне мүмкіндік берді. Отырықшылық пен егін салуға, саудасаттықтың жаңа үлгілері мен өнеркәсіптің өндірістік түрлеріне үйретті.

Бірақ бұл процесс өзінің қоғамдық өркендеу сатысында шұу дегеннен-ақ екі бағытта өрбіді. Бір жағынан осы екі ұлттың ең алдыменен забір көрген кедей топтары бірімен бірі белсене жақындай түсті: казак ауылының кедейі мен малшылары, өз жеріне көшіп келген қарашекпендермен тіл табысты, содан кейін патша агзамның тұз кентіретін, кен шығаратын кәсіп орындарында казак пен орыс бейнетқорлары достасты, ақырында барын, сауда капитализмінің өркендеуінің арқасында күрделі өндірістерде екі ұлттың пролетариаттары бірікті. Бұл бағытта революциялық сана-сезімі жоғары орыс пролетариатының соңына казак елінің сезімі ояна бастаған алдыңғы қатарлы ұл-қызы ерді. Осы достасу күн сайын тереңдей, дами түсті. Қазак жұртының алдыңғы қатарлы адамдарының революциялық сана-сезімінің оянуына айдауда келген декабристер мен олардың жолын куушы орыс интеллигенциясының жәрдемі көп тиді. Бұған казак жеріне келген орыс жұмысшылары қосылды. Осылай тағдыры бір, келешегі бір екі халық күннен-күнге достаса түсіп, өздерінің алдағы бақытты болашағына қол созды.

Екінші жағынан, қарамағындағы елді жеке билеп-төстеудегі феодалдық ықпалын азайтқаны үшін, ақ патшаны қанша жеккөргенімен, казактың кей ханы, сұлтаны өздері сол патшаның өкілдері генерал-губернаторларымен ауыз жаласып, солардың казак даласындағы шоқпарына айналды. Бұл оларға күннен-күнге айтқандарына көнбей бара жатқан бұқараны ауыздықтап ұстап отыру жолы болып табылды. Россия патшасының отаршылық саясаты бұндай адамдардың дегенінен шық-

ты, тікелей жәрдем берді. Рас, орыс генералдарының ішінде әділеттілікті сүйетіндері де, ақылдылары да болды. Олар билеп отырған өлкелерінде қазақ балаларына арнап мектеп, аурухана ашты. Алым-салық жинайтын, шенеуніктері мен почта қызметкерлерінен жергілікті халықтың тілін білуді талап етті. Кейбіреулері Петербургке барып қазақ секілді бұратана ұлттарға аздаған теңдік те сұрады.

Бірақ мұндай губернатор, генералдар тым аз еді. Ал қазақ жеріне келген шын тарих — отаршылық тарихы аяуды білмес, қан шеңгелді, қатал тарих болатын.

Патшалық Россия бірте-бірте «халықтар түрмесіне» айналды. Декабристерді өз қолымен дарға асып, ұлы орыс халқын табанының астында шірітуді ойлаған Бірінші Николай патшадан қазақ секілді басқа ұлттарға қандай жақсылық күтуге болатын еді? Бұндай жақсылықты Екінші Николай патшадан да, оның генералдарынан да күтудің орны жоқ-ты. Егерде Россия жерінің өзінде княз ету, қазнаны ұрлау, пара алу секілді жексұрын қылмыстар орасан өріс алып жатқанда, қазақ даласы секілді отаршылық саясаты қаулаған өлкелерден не күтерсің! Ондай сорақылық бұл жақта екі есе, үш есе арта түсуде еді! Егер Петербургте сот әділетсіздік істесе, Қаратал не Іле бойында ондай әділетсіздік темір шынжырлы, қанды апатқа айналған. Егер Петербургте әділетсіз сот бір кісінің басын алуға бұйырса, бұл арада «көрі қылыш» жасағы сотсыз жүз кісінің басын бірдей домалатқан.

1737 жылы Сәмеке дүние салды. Орта жүздің билігі енді біржолата Үлкен Орда ханы Әбілмәмбетке көшті. Бірақ ол алыстағы Орынбор әкімшілерінен көрі, қасындағы жоңғар қонтайшысына жалтақтап қарай бастады. Егер Қалден Церен оған ата-мекен Түркістан шаһарын қайтарып беруге көнсе, Жоңғар хандығына бағынышты боп, аманатқа бір баласын жібермек ойға да келген. Әйтседе қонтайшымен біржолата қолтықтасып кетуіне ел наразылығы араша түскен. Халық ойын Бұқар жырау:

«Ежелгі дос жау болмас
Шіркеуіште хаты бар.
Ежелгі жау ел болмас
Көңілінде кірдің таты бар»

деп ханға тікелей айтқан. Жұрт жырау сөзін мақұлдаған. Және Әбілмәмбеттің ойын сезген Орынбор әкімі Неплюев те босқа жата алмаған. Орта жүз Жоңғарға ауын кете ме деп қауіптеніп, онымен тіл табуды дұрыс көрген.

Бұндай жағдай Орта қала салдырып, орыс патшашылығына арқа сүйей, бүкіл қазақ елін қолыма алам деген Әбілқайырдың жігерін құм етті. Енді ол Әбілмәмбет пен Абылай, Барақтардан орыс патшалығын қызғанды. Кіші жүз ханының бүйтіп зығырданы қайнауына тағы бір себеп бар-ды. Әбілқайыр: «Орыс патшашылығы қоластына кірсем, Жайық пен Еділ өзендерінің екі ортасындағы жайылымдарға малдарымызды жаюға рұқсат береді» деп үміттенген. Ал Орынбор әкімдері, патша ағзамның нұсқауы бойынша, жайылым бермек түгіл, Кіші жүздің руларына Жайықтың аржағына өтуге тыйым салды. Ол ол ма, арғы бетке өтпес үшін, күз келе Жайықтың бергі бетінің он шақырымдай жерін өртеп тап-тақыр етуді бұйырды. Күзгі жайылым, шұрайлы жерінен айрылған Кіші жүздің асау рулары «Орысқа бағынсақ бізді жарылқаймын дегенің қайда» деп, енді ханды ашық келеке ете бастады. Ал Ордан жетпіс-сексен шақырым бері тұратын, Торғай өзенінің бойын жайлаған Әбілқайыр ханның қарамағындағы Арғын мен Қыпшақ руларының кей ауылдары енді Кіші жүз ханының қарамағынан шығуды ойлады. Өйткені, егінге қолайлы Торғай өзенінің кең алқабына орыс отаршылары көз тіге бастаған еді. Әсіресе, Орынбор бекінісінен екі жүз елу шақырым жоғары жатқан Торғай өзенінің бойындағы Қарақоға, Догал секілді малға жайлы ойпаттарды егіске ыңғайлай бастаған. Және осы кезде сонау Жайық, Миас өзендерінің бойымен созылған бекіністер Қорған, Омбы қалаларымен шектесе келіп, Ертіс өзенінің бойымен жоғары көтерілген. Одан әрі Бийск қаласының солтүстігін ала, Алтай тауларының етегінен шығып, қазақ даласын қоршай түскен. Бүгін болмаса ертең енді қазақ жерінің ішіне де ақ патшаның ауыз салатыны белгілі болып қалған.

Бұл отарлау саясатының ызғарлы лебін ең алдымен әзер күн көріп отырған бұқара халық сезінді. Жайылым жерінен айрылғалы тұрған жұрт енді орыс патшашылығына ғана емес, өздерін сол патшашылықтың қол астына сүйрсен Әбілқайыр, Сәмеке секілді хандарына үркі қа-

рай бастады. Оның үстіне алым-салық ауырлап жұрттың еңсесін баса түсті. Қарамағына кірген Орта жүз бен Кіші жүздің елдеріне Анна Иоанновнаның указы бойынша салынған салық жоқтың қасы еді. Бар болғаны осы екі Жүздің жылына төлейтіні бір мыңнан үш мыңға дейін түлкі мен қарсақтың терісі ғана болатын. Бұл болмашы салықтың өзін де ел алғашқы он жыл бойы, кейде беріп, кейде бермей келген. Ал ақырғы кезде қазақ жерінің шекарасына бекіністер салумен байланысты, жергілікті орыс әкімдері бұл салықтарды маңындағы ауылдарға азық-түлік, мал басына қарай айналдырған. Мұндай салықтың салмағы көбіне Орынбор губернаторының қарауына жататын Кіші жүздің елдеріне түскен. Бұрын мұндайды көрмеген, және «мал ашуы — жан ашуы» деп қарайтын қазақ елі, беріп жатқан мал бастары бөлендей болмағанмен: «Қалалары салынбай жатып істен отырғаны мынау, ертең бекінген кезінде неміз қалады», — деп, күні бұрын сары уайымға түсті.

Осындай жағдайлармен ел алдында қадірі кете бастаған Әбілқайыр, бір жағынан патша үкіметінен күткені ақталмай, не істерін білмей, іштей әбігерленуде еді. Ол ақыры «үш жүздің қамы» түгіл, өз хандығының не болатынын білмей, әбден састы... Екі ұрты суалып, сопақ беті бұрынғысынан да созыла түскендей, ақ сұр жүзінен қаны қашып, сүзектен тұрғандай бозарып кеткен. Сұрғылт көздері де бұрынғыдай емес, нұры сөніп, қапталып, қызара түскен. Мезгіл, заманның ағысы, тағдыр, басқа қонған бақ көтеріп, ұлы тілектерге қол созған адамның сол заманның өзі тудырған дағдарысынан, қиындығынан күйреуі табиғи іс еді.

Ол қазір ауыл сыртындағы төбеде отыр. Қасында жақында ғана Арал маңындағы қазақ пен қарақалпақтың ханы болып сайланған үлкен баласы Нұралы. Бозанды төбенің басына төселген тақыр кілемнің үстінде ақ жастыққа шынтақтай жатып, әкелі-баланың оңаша әңгімелескеніне бие сауымынан артық мезгіл өтті. Қабактары жабыңқы, түстері солғын. Әкелі-балалы адамдардай емес — арбаса қарайды. Бұл арбасу «Хан баласы туған әкесін, өзі хан болуды ойлағанша ғана әке деп таниды» деген көне қаридадан туған тәрізді.

— Сөйтіп сен, Неплюевтен іргенді алыс салма дей-

сің ғой?— деді Әбілқайыр Нұралыға көзінің қиығын аударар.

— Іргенді алыс салатын мезгілден өтіп кеттің, көке, шамаң келсе тіл табуға тырыс... Сенің сөзің бүкіл Кіші жүздің сөзі...

— Ал егер оның өзі тіл тапқысы келмесе ше?

— Сол тіл тапқысы келгені үшін шақырып отырған болар.

— Жалғыз мені ғана шақырып па? Неплюев Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанды да шақырып отырған жоқ па?.. Анна Иоанновна маған берген грамотасында мені бүкіл қырғыз-қайсақ ханы деп бекіткен жоқ па еді? Қарамағымдағы елді де: Орта жүз бен Кіші жүз деп атаған... Неплюев егер тіл тапқысы келсе, менің мәртебемді осы тұрғыдан неге қарамайды?

— Көке, одан бері де он екі жыл өткен жоқ па? Сенің ондағы айбарың мен қазіргі айбарың бір емес қой... Орта жүз қазір Сәмеке ханның кезіндегідей емес, қай жауыңа болса да төтеп бере алатынын аңғартып отыр... Ақ патша губернаторлары олармен сапасасқа амалы жоқ. Ал алда-жалда Әбілмәмбет пен Абылайға Неплюевты қарсы қойғың келсе, оның жолың табу керек.

— Қандай жол бар? Сірә, тапқандайсың ғой...

— Көке, менің ақылыммен бәрібір жүрмейсің ғой.

— Сен менің ақылыммен жүргелі тұрсың ба?

— Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас...

— Солай де...

Әкесі мен баласы талайға дейін үн-түңсіз отырып қалды. Бұл екеуінің бүгінгі сырласуы Ор қаласында болатын кеңеске дайындалудан туған. Орынбор губернаторы Неплюев қазақ жеріне патша үстемдігін жүргізу ісі күннен-күнге қиынға түсе бастағанына көзі жеткеннен кейін, Орта жүз, Кіші жүз және Орынбор губернаторына бірдей жер орталығы деп саналатын Ор қаласына кеңеске Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанды және Әбілқайыр ханды шақырған-ды. Өзі де сол Орға келмек. Губернатор соңғы бес жылдың ішінде Кіші жүз бен Орта жүздің арасында пайда болған қайшылықтармен жақсы таныс. Қазақ хандарының Россия патшалығына адал қызмет істеуін талап етумен бірге, осы жолы екі ханның арасындағы наразылықты да сөз етпек болған.

Әбілқайыр баласы Нұралымен екеуінің арасы салқындап бара жатқанын бұрыннан да сезетін. Бірақ Арал

маңындағы елді Россия патшалығы бұған беріп, Нұралыны хан санап указ бермегендіктен, бұл жұрты әлі өз карамағында екеніне тәубе етіп, баласымен бөлендей ашық сөзге бармайтын. Әбілқайырдың ұққаны Нұралының орыс патшасы жағында екені. Түбі қандай жолға түсері белгісіз, ал әзірге тағдырын да, болашағын да орыс патшасының дегеніне бейімдеген. Баласының өзінен де өткен орысшыл болуына, оны ес білгелі осылай тәрбиелеген Әбілқайырдың өзі себепкер еді. Енді ол Россия патшалығына деген өзінің өкпесін, күдігін бұдан әрі Нұралыға ашпады. Мансап деген сондай бір әзәзіл, әкесінің сырын баласы өзіне қарсы пайдалануы ғажап емес. Әсіресе, мұндай жәйт Шыңғыс ұрпақтарының арасында үнемі кездесіп тұрады.

— Солай де...— деді Әбілқайыр қайтадан.

— Солай...

Әбілқайырды кенет аңу қыса қалды. Өзімен іштей арбасып отырған баласы Нұралының бір тайпы елдің ханы екенін ұмытып кетіп, жанында жатқан хан асасының астына алып, сойып салмақшы да болды. Асасына қолының қалай барып қалғанын өзі де сезген жоқ, бірақ одан артық қимыл етпеді. Өйткені, Нұралының да ұзын тарамыс саусақтары беліндегі Хиуа қанжарының сабын қыса түскенін көзі шалып қалған.

— Солай де!..

— Солай!

Дәл осы кезде ауыл жақтан үлкен бәйбішесінен туған қызы Жанат көрінді. Жанында қалмақ тоқалынан туған он сегіз жасар ұлы Шыңғыс бар. Екеуі ұрысқан адамдай тымырайысып отырған әкесі мен үлкен ағаларына әдеппен сәлем берді. Жанат сұңғақ бойлы, әкесіне тартқан сұрша қыз. Түр-келбетінде сұлулықтан гөрі төкаппарлық, қайсарлық байқалады. Киген киімі де ауылдың қос етектері, қамшат бөрікті, алтын сырға, күміс шолпылы бойжеткендеріне ұқсамайды. Киімдері жауынгер көшпелі елдің ат үстінде өскен қыздарына лайық ықшам. Белінде күміс сапты қанжар таққан жалпақ белбеу, үстінде белін қыпаған қысқа жеңді мауыты пешпет, балағын оюлаған кестелі шалбар. Аяғында биік өкшелі шоңқайма етік. Басында құндызбен әдіптеген шошақ бөрік. Ұзын шашын бөгет болмауы үшін шашпауымен қосып белбеуіне қыстырып қойған. Жасы жиырмалар шамасында. Нықтап басқан аяғының ырғағы-

на қарай, қыпша белі болмашы бұраң тартқанмен, жазы өтіп, күзге қарай сояулана бастаған балқурайдай, дене бітісінде буыны әбден қатқан егделік байқалады. Жанындағы қалмақ өңдес жалпақ бет, тобылғы күрең бала жігіттің тұтас біткен төртбақ дене құрылысы алып күштің несі боларын көрсетіп тұр. Бұның кигені де хан баласына тақа лайық киімдер емес. Белінде қанжарлы қалың қайыс белбеу. Үстінде ықшам, жағасын қара барқытпен әдістеген қызғылт шапан. Аяғында кең қоныш былғары етік, басында елтірі бөрік.

Балаларының сәлемін алып, Әбілқайыр:

— Жай жүрсіндер ме, Жанатжан?— деді.

— Жай емес. Бүгін таңертең Қарақыз жеңешеме «Шыңғыс қалаға жүреді, жолға дайында» депсіз. Қашан және қанша уақытқа барады? Ұзаққа ма, әлде аз күнге ме? Соны сұрағалы келдім.

Жанаттың «Қарақыз жеңеше» деп тұрғаны — әкесінің қалмақтан алған тоқалы. Қалмақ есімін дұрыс айта алмағаннан кейін, ауыл әйелдері қаракүрең түсіне қарай Қарақыз ханым деп атап кеткен. Бүгін түнде Әбілқайыр ортаншы бәйбішесі Үкілімайдың үйіне қонып шыққан-ды. Бұл Жағалбайлы руының бір атақты байының қызы болатын. Бақытсыз Нұрбикеден кейінгі ең сұлу әйелі. Әбілқайырға аздаған ықпалы да бар. Түнде ханның көңілінің кеңіген бір шағын тауып, бір жағы өкпе, бір жағы назы етіп: «Хан ием, Қожахмет ұлыңды қашанғы орыс бекінісінде ұстайсың, сағымдым ғой, қайтатын уақыты жеткен жоқ па? Орнына тоқалдың баласын жіберсейші, о да сойталдай жігіт болып қалды ғой»,— деген.

Әбілқайыр ортаншы ұлы Қожахметті өзі де жақсы көретін. Аманат ретінде Орынборда тұрып қалғанына жеті жылдан асып кетті. Оның үстіне Ор өзенінің бойын жайлаған Жағалбайлы руы Ор бекінісі салынғаннан бері өзге рулардан гөрі өздерінің күйеу баласы — Кіші жүз ханына анағұрлым алақоз. Әбілқайыр өзі де бныл Қожахметті Орынбордан алып келіп, Жағалбайлы жұртына — нағашы еліне жібермек болатын. Жүендерін көріп, мүмкін Жағалбайлы жұрты да жібір, ағайынның араздығы басылар деген үміті де бар еді.

Осындай ойға бекіген хан Қарақыз тоқалына таңертең «Шыңғысты дайында, қалаға жүреді» деп бұйырған. Ханым: «Не үшін, қанша уақытқа жүреді?» деп сұрауға

бата алмаған. Ханның сыры әйелдеріне мәлім, өз еркімен бірдеме демесе, сұрап одан ештеңе де біле алмайсың. Сондай мінезіне қанық Қарақыз бике үндемей қала берген. Тек үйіне Жанат келгенде ғана «Баламды қайда апармақ? Қанша уақытқа? Неге апармақ? Білін бер» деп жалынған. Ал Әбілқайыр болса, өзге балаларына қатал болғанымен, Жанатқа келгенде жаны бөлек, оның айтқанын екі етпейтін.

— Шыңғыс ұзақ уақытқа барады. Мүмкін бірер жыл ауылға қайта қоймас, дұрыстап дайындасын,— деді.

Шыңғыс сұп-сұр боп кетті. Баласының кенет өзгерген түрін көріп, Әбілқайыр сәл жібіді.

— Жігіт болып қалдың, саған да шет жұртты көрген жөн. Тәлім-тәрбие, өнер үйренуің керек,— деді.

Хан жанында тұрғандар бала жігітті аманатқа апар жатқанына шек келтірмеді.

— Жаксы,— деді Шыңғыс басын иіп.

Әбілқайыр орнынан түрегелді. Ол бағаналап бері күншығыс жаққа әлсін-әлсін көз жіберіп, алаңдап отырған. Сол тұстан кенет үш салт атты көрінді.

— Құдабайлар ғой,— деді Әбілқайыр,— сендер ордаға қайта беріндер.

Жанат келе жатқан салт аттылардан көзін айырмай сәл тұрды. Қайтқысы келмеп еді, бірақ әкесі мен аға-інісінен ұялды ма, теріс бұрылып кетті. Нұралы, Шыңғыс үшеуі ауылға қарай беттеді. Жанаттың келе жатқан салт аттыларды күткісі келуінің де себебі бар еді. Ол үшеудің бірі Құдабай — әкесінің хатшысы әрі тілмашы болатын. Орынбор маңындағы қазақ ауылдарынан еді. Келбетті және тепсе темір үзетін жас жігіт. Осы жігітпен былтырдан бері Жанат көңілде. Көрмесе сағынып қалады. «Осыған бер» деуге әкесінен жасқанады. Қарадан шыққанға төре тұқымы қыз бермейді. Еркін өскен хан қызы сол себептен де үй ішіне білдірмей, бүгінге дейін жігітпен құпия кездесіп келген. Жакында бұрынғы хан Ордасы Қазалы қаласының маңындағы датқа құдалары келмек. Күйеу келетін мезгіл таяған сайын Жанат Құдабайға елте түсуде. Ханның тапсырмасымен кеткен жігітті алты күн көрмей қалып еді, жанын қоярға жер таппады...

Әбілқайыр сырға өте берік жан. Ал алда-жалда көңілінің бір күмәнін ашқысы келсе оны тек Жанатқа ғана айтатын. Өйткені әке балаға сыншы, Жанат заты әйел

болғаныменен, өзіне тартқан қатыгез, сырға берік тұңғыш екенін білетін. Әбілқайыр Неплюевтен: Ор қаласына келсін, онда Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан болады, деген хабарды алысымен, Орынборға жанына он бес жігіт нөкер ертіп осы Жанатты жіберген. Қызы арқылы Неплюевке: «Әбілмәмбет жоңғар қонтайшысы Қалден Церенмен жақындасқалы жүр. Қалден Церен оған Түркістан шаһарын қайтарса, жоңғарлармен қайтадан татуласпақ, достықтың белгісі етіп аманатқа бір баласын жібермек. Егер Әбілмәмбет Ор қаласына келе калса, одаң Жоңғар жағына шықпаймын және ақ патшаға адал қызмет істеймін деген анттың алу керек. Және Әбілмәмбет, сөзінде тұруы үшін бір баласын аманатқа тапсырсын. Ал аманат баласын әкеліп бергенше, өзін жібермей, тұтқын ете тұрсын» деген. Жанат Неплюевке бұл сөлемді бұлжытпай жеткізді. Бірақ әкесі бұл сырды ешкімге айтпа дегеніне қарамай, әлдеқалай Құдабайға айтып қойды.

Осы Құдабайды Әбілқайыр Ор қаласына келе жатқан Әбілмәмбеттің алдынан шығарған. Күшігінен асыраған итіндей хатшысына: екі-үш күн Әбілмәмбеттің қасында боп, бар сырын біліп келуді тапсырған.

Әбілқайыр кешеден сол Құдабайды тыпырши күтуде еді. Белестен салт аттылар көрінісімен, сабыры қалмай, әрі-бері жүре бастады.

Құдабай атынан түсіп, ханның қасына жаяулап келді.

— Армысыз, хан нем?

— Барсың ба, жарқыным? Қандай хабар әкелдің?

Кенет ханның көзі Құдабайдың беліндегі жарқыраған күміс белбеуге түсті. Кіссесі де, кішкентай қанжарлы қынабы да сом күмістен соғылған. Әттең не керек, бұл күміс белбеу ненің төлеуі болғанын білер ме еді. Ханның өзіне сезіктене қарағанын бірден ұққан хатшы, титтей де абыржымай бейқам тұр.

Хан күдігі тез тарады. Жанатқа тапсырылған құпиядан хатшым хабардар болып қалған жоқ па екен деген күдік оның ойына да кірген жоқ. «Хатшыма мынандай бір қаралық белбеу тартқаны,— Әбілмәмбет ханның менімен тіл табысқысы келгені ғой» деп жақсылыққа жорыды.

— Айта бер, не естіп, не көрдің?

— Естігенім де, көргенім де аз. Тек бар түсінгенім,

орыс патшасымен араздасар Әбілмәмбет те, Абылай да жоқ... Ал жоңғар қонтайшысымен келіс сөз жүргізулері жай қулық тәрізді...

Құдабай көрген-білгенін түгел айтты. Кенет Әбілқайыр әлденені ойлана қалды.

— Қастарында ақылгөйі Бұқар жырау бар ма екен?

— Жоқ... Көргем жоқ.

— Сонда қалай болғаны?.. Бұқар жырау ел көзі ғой. Келмеуіне қарағанда жұрты хандарының ойын ұнатпағаны ма?

— Білмедім. Губернатор жырауды шақырмаған шығар...

Енді олар Ордаға қарай аяңдады.

Үш күн өткен соң Әбілқайыр қасына Кіші жүздің қырықтан аса ақсақалдары мен батыр, билерін ертіп Ордаласына жүріп кетті.

... Бір мың жеті жүз қырық екінші жылы жиырмамыншы август күні Неплюев Ор бекінісіне таяу Тасөткел деген жерде қазақ хандарымен кеңесін ашуға шатырларын тіккізді. Бұдан үш күн бұрын жеткен Әбілқайыр Орынбор губернаторы кеңеске тек қана Әбілмәмбет пен Абылай, Барақтарды шақырып қоймағанын білді. Жоңғар елшілері Кошка мен Бурун, олардың серіктері — карақалпақ батырлары Момор мен Құшақтың да губернатор шақыруымен келгенін естіді. Екі күннен кейін Неплюевтің шақыруы бойынша, Әбілқайырдың екі ұлы Ералы мен Нұралы да өздеріне арнап тігілген үйге келіп түсті.

Шақырылған қонақтардың санына қарағанда бұл кеңеске орыс әкімдері үлкен маңыз беретіні анықталды. Оған Кіші жүз ханының көзі көп кешікпей жетті де.

Неплюев жұпар аңқыған қалың шөпті Тасөткелдің талды ойпатына елуге таяу ақбоз үй тіккізген. Өзімен бірге келген екі эскадрон атты әскері мен бір батальон жаяу әскеріне арнап жиырма шақты шатыр тұрғызған. Аттарының ертоқымдары да, солдаттарының киген киімдері де судай жаңа. Бәрі мұздай боп көк темірлі қару-жарақ асынған. Қылыштарының сары жез саптары мен мылтықтарының жалаңаш ұштары күн сәулесімен жарқ-жүрқ ойнайды. Қонақтарына Россия патшасының ай-

барлы күшін көрсеткісі келген болу керек, Неплюев лагерь сыртына алты зеңбірек қойғызды.

Қонақтардың бәрі жиналғанмен, жиырмасында келуге тиіс Орта жүздің ханы мен сұлтандары августтың жиырма екісіне дейін келмеді. «Бұлар неге кешігіп жатыр?» деп алдарынан жіберген кісісі: «Тасөткелге жарты күндік жердегі Қияқты сайына осыдан үш күн бұрын Әбілмәмбет хан қосын тіккен екен, түнде кеңес құрып, таңертең кейін қайтып кетіпті» деген хабар әкелді. «Қандай себеппен қайтты екен? Ешкім ештеңе демей ме?» деп сұраған Неплюевке, жіберген кісісі: «Жоқ, себебін айтпапты. Сол араның бір байынан сұрап көріп едім, ол: Орта жүз ханының алдынан Әбілқайырдың тілмашы шыққанын, сол тілмаш еліне кеткен күнінің ертеңіне Әбілмәмбеттің де кейін шегінгенін айтты. Сірә, сол тілмаштан сіздің жоңғар елшісін де шақырғаныңызды естіген болуы керек. Әбілмәмбет өзі жоңғар қонтайшысымен келісім сөз жүргізіп жүргендіктен, сізбен жоңғар елшілерінің көзінше сөйлескісі келмеген болу керек» деген жорамал айтты. Неплюев жирен мұртын сипап, түксіген түкті қабағын қарс жауып сол ойланып қалды. «Бұл сөздің қисыны бар. Жоңғар елшісінің келгенін естісе, Әбілмәмбет атының басын кейін бұруы ғажап емес. Жоңғар әскері бұған жақын тұр ғой. Бірақ оны қалай естиді? Осындай жағдай болмас үшін жоңғар елшісінің келетінін мен Әбілқайырға да білдірген жоқ едім ғой... Жоқ, мұнда басқа гәп бар».

Дереу ол Құдабайды шақыртты. Кіші жүз ханының хатшысы Неплюевтің одыраң-одыраң аттауынан, жирен мұртының едірейіп, көк көзінің шыныдай боп тасырая қалуынан губернатордың ашулы екенін айтпай түсінді.

— Сау-саламатсыз ба, маркабатлы губернатор мырза,— деді Құдабай тілі сол күрмеліп.— Сіз шақырып жатыр деген соң...

Губернатор хатшының амандасуына жауап та қайырмаған жоқ.

— Әбілмәмбеттің алдынан Әбілқайыр сені неге жіберді?— деп сұрады ызғарлы үнмен.

Әккі тілмаш әңгіме Орта жүз ханының кеңеске келе жатып кейін қайтқаны жайында екенін сезе қойды. Әбілмәмбет бүгін болмаса ертең келе қалса, өзінің не үшін кейін қайтқанын түсіндіреді. Сонда хан алдында да, губернатор алдында да тілмаштың қарабет ісі әшкереле-

неді. Әбілқайырдан гөрі, оған өзінің шын қожасы Неплюевтің ашуланбағаны керек.

— Әбілқайыр хан мені Әбілмәмбеттің алдынан жібергені рас,— деді ол басын иіп.— Сізге жеткізуге ыңғайлы жағдай бола қоймады.

— Қандай тапсырмамен?

— Әбілмәмбеттің жоңғар қонтайшысымен келісім сөз жүргізіп жүргенін Орынбор губернаторы біледі. Егер бұл жолы Россия жағында екенін дәлелдеу үшін бір баласын аманатқа қалдырмаса, сол баласын Орынборға әкелгенше Орта жүздің ханын еліне қайтармайды деді. Соны Әбілмәмбетке жеткізуге жіберді.

Неплюев Құдабайдың сөзіне сенді. Ол жерге бір түкіріп, үйдің ішін кезіп жүр. Маған Россия жағында Орта жүздің болуы үшін, Әбілмәмбеттің бір баласын аманатқа ала тұрыңыз деп ақыл үйреткен Әбілқайырдың өзі емес пе еді. Кіші жүз ханының бұл құпияны Әбілмәмбетке жеткізуінің қандай себебі бар? Әлде бөлені маған жапқаны — Әбілмәмбеттен қорыққаны ма? Жоқ, бұл арада басқа сыр бар... Әбілмәмбет пен менің арама от салғысы келеді. Орта жүз ханының маған қарсы екенін сездіріп, өзі менің алдымда да жақсы көрінбек. Россия патшашылығы тек өзін ғана қолдасын дейді-ау шамасы. Бұ да айла. Бірақ Орта жүз бен Россияның арасының алшақтай бергенінен оған қандай пайда түседі? Әлде Орта жүзді де өзі арқылы бағындырсын дей ме? Солай тәрізді. Демек, Әбілқайырдың бір сыры ашылды ғой... Бұл ойы немен бітер екен? Білмеген адам боп жүре тұрайын.

— Құдабай мырза,— деді бір заматта.— Сіздің ақ патшаға адал еңбек еткіңіз келетінін мен жақсы білемін. Бірақ сіз әлі біз риза боларлық қызмет көрсеткен жоқсыз...

— Губернатор мырза, мен естігенімнің бәрін жеткізіп жүрмін ғой.

Неплюев қабағын сәл түйді.

— Ойлаңыз, айтылмағаны да бар шығар.

Құдабай кідірместен жауап берді.

— Білерім сол, алдыңызда құран ұстап ант беруге бармын...

— Құран ұстап ант берудің құны қанша екенін сіз екеуміз де білеміз ғой,— деді кекетіп күлген губерна-

тор.— Ал Әбілқайырдың қалмаққа бермек қарындасы жайында не естідің?

— Түсіне алмадым, тақсыр.

— Кіші жүздің ханы бір қарындасын Қалден Церенге бермек көрінсіді ғой.

— Естімеген әңгімем.

Құдабай шынып айтқан. Әбілқайыр Орынбор губернаторына Жайықтың арғы бетінен жайылым бермеді деп ренжігенінде, Хиуаға жүргелі тұрған Нұралыға «Хиуа ханы арқылы Қалден Церен жағына қармақ салып көр. Әбілмәмбеттен гөрі бізге жөп қарайтын мүмкіншілік тумас па екен... Мұндай жағдай туа қалса қарындасым Қарашашты беруге бармын... Әрине орыс патшасы рұқсат етсе...» деген. Нұралы бұл әңгімені аяқтай алмаған... Надир шахтың Хиуа хандығын басқарып отырған адамына бұл өтінішті жеткізудің орнына, Нұралы қастасып қайтқан. Бірақ оның есесіне Неплюевке жеткізген. Орынбор губернаторының оспақтап сұрап отырғаны осы жәйт. Құдабайдың бұл хабардан ада екеніне сенген Неплюев:

— Әбілқайырдың жоңғар қонтайшысына қарындасы Қарашашты берсем бе деген ойы бар ма, жоқ па, соны біл,— деп тапсырды да қоя берді.

Неплюев шатырында болғанын білген соң Құдабайды енді Әбілқайыр шақырды:

— Не сұрады?— деді ол хатшысыпан.

Құдабай болған әңгімені жасырған жоқ, бәрін айтып салды.

— Жоңғар ханымен сізді жақындаспақшы, Қалден Церенге қарындасы Қарашашты бермек ойы бар көрінеді дейді... Соның анығын білуді бұйырды.

Әбілқайыр сұп-сұр боп кетті. Құдабайдың Орынбор губернаторының тыңшысы екенін хан білетін. Бірақ ол Әбілқайырға Неплюев не сұраса да айтып беремін деп уәдесін берген. Оған қанша сенгенмен де кейбір құпия сырын жасырып қалуға тырысатын. Одан тіпті қорқатын да. Хатшысын біржолата қуып жіберуге, Неплюевтің өзіне қандай қақпан құрып жүргенін Құдабайсыз тағы біле алмайды. Бірақ Неплюев Әбілқайырдың сырын кім арқылы білді? Бұл құпия ойын тек баласы Нұралыға ғана айтқан жоқ па еді? Сонда қалай болғаны? Неплюев, әрине, хан сырын Нұралыдан естіді. Әлде Нұралы

басқа біреуге айтып, губернатор содан естуі де мүмкін ғой... Япырмай, солай болғай да!

Әбілқайыр ойлаып қалды. Ол бірде көңілденіп отырып бөйбішесі, ақылды Бапайдан: «Мен өлсем, қай ұлым хан болуға лайық» деп сұрағаны бар. Сонда Бапай тұрып: «Айшуақты қойсаң — ат үстінен тұрып енерсің, Ералыны қойсаң — жауыңа күнде тиерсің, Нұралыны қойсаң — мауыты шапан киерсің» деп жауап берген. Расында, осы Бапайдың сөзі дұрыс-ау... Бірақ Нұралы сол тақты әкеден өзі тартып алмақ па, қалай?»

Кіші жүздің хандығына таласу үшін қазір ерліктен гөрі еңгілік, ақылдан гөрі айла керек. Бұны Әбілқайыр жақсы біледі. Сондықтан ол Нұралыны кінәлаудың орнына, одан айлакерлігін асырмақ болды. Неплюевке Қалден Церен туралы ойын өзі айтады. Ал Неплюевтің бұл сырды Нұралы арқылы біліп қалғанын сездірмес үшін, Орынбор губернаторына өзінің бұрынғы өтініші — өзі өлгеннен кейін Кіші жүз тағына Нұралыны отырғыз дейді. Содан кейін Неплюев өзі шешсін, кімнің ақ патшаға адал екенін. Кімнің ар, ұяттың таза екенін. Әкесінің бе, баласының ба?

Сөйтіп Құдабайға Орынбор губернаторы мен Кіші жүз бен Орта жүздің арасындағы құпия сырдың бәрі айқын болды. Үшеуі де Құдабайдан сезіктенсе де, бәрі де оған өз құпиясын ашты.

Құдабайдың күткені де осы еді. «Сенсе — жарылқайды, сезіктенсе — қорқады». Көптен бері қызығып жүрген, қызыл етін сыртқа теуіп, оқтаудақ боп жараған, оқта-текте ханның өзі мінетін көк жорғаны Әбілқайыр оған сыйға тартты.

— Астыңдағы атыңның аяғына қан түскен екен, ертеңнен бастап ана көк жорғаны мін,— деді хан.

Көңілі көтеріліп, құлпырып кеткен Құдабай «бұл сыйлық не үшін?» деп сұраған жоқ. «Бағана Неплюев шатырының алдында судай жана қызыл сафьян былғары ер-тоқым жатыр еді. Шіркін-ай, көкжорғаға қандай жарасар еді!» деді ішінен.

Орта жүз ханы мен сұлтандарының келмей кеткеніне іштей қатты ренжісе де, Неплюев сыр бермей, ертеңіне яғни августың жиырма үші күні Әбілқайырға арналған үлкен қонақасы берді. Бұған Тасөткел қойнауына жиналған қонақтардың бәрі шақырылды.

Неплюев айдалаға ұзын-ұзын столдар қойғызып дас-

тарқанын соның үстіне жайды. Россия байлығын көрсеткісі келгендей, столдарды қазақтың табақ-табақ семіз еттері мен уылжыған сары қымызына, орыстың сан түрлі тағамына лық толтырды. Бұнда шошқа етінен басқаның бәрі бар: құс еті, балық еті, жеміс, тұздаған капуста, помидор, қауын-қарбыз, ең аяғы қабығымен бірге пісірілген картоп та қойылды. Мойындары ұзынды-қысқалы бөтелкелерге құйылған орыстың ақ арағы, бенедиктин, ликер, тағы басқа шетелдің түрлі шараптары да самсап тұр.

Қонақтары асқа отырмастан бұрын Неплюев тағы бір керемет көрсетті. Бір батальон солдатын ортадағы алаңға шығартып, жаяу әскер соғысының неше алуан тәсілін ойнатты. Шабуыл, шегіну, қолма-қол ұрыс, мылтықтың сүйір ұшымен жауын түйреу. Одан кейін екі эскадрон салт атты драгундар қонақтарды атты әскер ұрысының гажайып түрлерімен таныстырды. Орыс әскерінің неше алуан ат ойнату, тал шабу, ордан секіруге тәрізді өнерлерін бұрын жақын жерден көрмеген қазақтың ақсақал, би, сұлтан, батырларының естері шықты. «Ой, пәле!», «Жігітім-ақ екен!», «Па, шіркін, мына кер-төбел қалай ойкастайды!» деген қошемет дауыстар бүкіл өзен бойын алып кетті. Көріп отырғандары әскер ойынынан көрі соғысқа ұқсаңқырап «Орынбор губернаторы осы араға бізді неге жиілеп алды екен» деп, Неплюевқа күдікпен қарап отырған кейбір аңқау байлар ойын біткенше, «Ей, аллатағала, өзің сакта!», «Құдай-ай, бекер-ақ келген екенмін!»—деп, ішінен иманин айтып, құдайына жалбарынумен болды.

Бұл ойындар біткеннен кейін «бәлем, зәресеріңді бір-жолата алайын!» дегендей, өзінің солдаттарының өнеріне риза болған Неплюев қонақтарын лагерь сыртындағы төбеге қойған алты зеңбіректің қасына алып барды. Зеңбіректің қалай атылатынын көрсетпек боп, арг жағында үрейлене топырлап тұрған қалың топқа бір қарап қойды да, «от беріңдер!» деп бұйырды.

Осыдан екі жыл бұрын Орынбор қаласында «орыс патшасының қол астына кірмек» боп келген Әбілмәмбет пен Абылайға Орынбор комиссиясының бастығы бір зеңбіректен бір минут ішінде он рет оқ атқызып жұртты таң қалдырған. Бұл жолы Неплюев алты зеңбіректен бірдей екі минут оқ жаудыртты. Алты зеңбірек екі минуттың ішінде аузынан жалын төгіп, жүз жиырма рет күрс-күрс

етті. Аспан аударылып жерге түскендей болды. Бүкіл сардаланы ғажайып бір қорқынышты гүріл билеп кетті. Нағыз ақырзаман туғандай, бұрын мұндайды естімеген қазақ жылқылары кісіней шыңғырып, шылбырларын үзіп, ер-тоқымын бауырына ала айдалаға шаба жөнелді.

Мұндай гүрсілді бұрынды-соңды көрмеген қазақтың «игі жақсыларының» көбі-ақ астапыралла, астапыралла!» деп жағаларын ұстап, имандарын үйірумен болды.

Зеңбірек үнімен жұрттың зәресін алғанға мәз болған Неплюев: «қазақтың жауынгері Хиуаның білтелі мылтығын бір атып қайта тұтатқанша, бұл зеңбірек он рет оқ шығара алады. Осы алты зеңбіректің атқан оғынан бес минуттың ішінде бір ауыл жоқ болады, ал бір сағаттың ішінде он екі ауылды құртып жібере алады» деді.

Зеңбіректердің жалын атқан ғажайып гүрілін естіген жұрт бұл сөзге күмән келтірмеді. Бұл алты зеңбірек түріктермен соғысып жатқан Россияның қазақ жерін отарлауға әзер бөлген бар қаруы екенін білген жоқ. Неплюевтің де қазақ хандары мен жоңғар, қарақалпақ уәкілдерін Ор бекінісінің ішінде емес, сыртында қабылдауының да бір себебі осында еді. Әлі қару-жарағы шамалы Ор бекінісін қонақтарына көрсеткісі келмеді. Іші толған пәле екен деп, құр сыртқы сұсынан шоши берсін деп ойлаған.

Осылай күні бұрын еңсесін басып алған қонақтарын ертіп, генерал енді дайындалған стол басына келді. Неплюевтің оң жағында Әбілқайыр мен оның күйеу баласы, Орта жүздің батыры Шакшақ руынан шыққан Жәнібек, сол жағында жоңғар елшілері мен қарақалпақ батырлары отырды.

Өзге үш жүзге таяу қазақтың игі жақсылары мен Неплюевке еріп келген орыс офицерлері, жаңа ғана «соғыс ойынына» қатысқан драгундер, гренадерлер, мушкетерлер бастықтары өздерінің шен-шекпендеріне қарай стол бастарына орналасты.

Генерал Неплюев осынша жұрттың достық, бітім үшін жиналғанын, Россия елінің ең ұлы мақсаты көршілес елдермен тату-тәтті тұру екенін айта келіп, шыныға құйылған шарапты ең алдымен ұлы Россияның мәртебелі әйел патшасы, Елизавета Петровнаның құрметіне көтеруді ұсынды.

— Кімде-кім өзінің алдындағы шынысына құйылған

шарапты ішпесе,— деді күліп,— ол біздің мәртебелі ақ патшамыздың қасы.

Бұл сөзге нанып қалған қазақтың кей аңқау батыр, ақсақалдары «тәуекел!» деп алдында тұрған кішкентай шыны ыдыстарға амалсыз қол созды.

Бірақ бұны ішсек кәпір болып кетеміз деп, сазарып отырып қалғандар да болды. Осы кезде Неплюев өзімен бірге ертіп келген Орынбор мұсылмандарының мүфтіі, ахун Нәсіполла молда орнынан түрегеліп:

— Патша үшін бұл шарафни ішпағандар күнәға батады!— деп жариялады. Сөйтті де өзі жұрт көзінше қолындағы арақ құйылған шыныны аузына таман апарып, төңкере салды.

Бұдан кейін ешкім «ішпеймін» дей алмады. Барлығы да шыныларын қолдарына алды. Біреулері бірден жұта салды, біреулері қақала-шашала әзер ішті. Кейбіреулері аузына апарған боп, білдірмей жерге төкті.

Ішіп болғандар жамыраса сөйлеп, күліп жатыр.

— Удай ғой!

— Өңешімді өртеп жіберді ғой, итің!

— Кой, пәлесінен аулақ.

— Молла-екең өзі рұқсат еткен соң ғана іштім.

— Өле-өлгенше көргенім осы болсын!

— Катын патша да, губернатор да риза шығар...

Жамырасқан жұрт енді асқа кірісті. Бұған келгенде қазақпен ақ патшаның атын ататқан жоқ. Екі білекті сыбанып жіберіп, сүбенің майлы етін асағанда, карап тұрған адамның айызы қанғандай еді. Он екі мүшесі түгел астауға салынған құнан қойдың семіз еті, қабырғасы қабырға, төсі төс, жілігі жілік күйінде заматта жоқ болып жатыр. Астаулар мен табақтар әне-міне дегенше дымы қалмай қайтып жатыр «Ана бір домалағына қол жалғап жіберші», «әлгі ботташық дегені осы болар», «тамақ емес қой мына жарықтығың», «мына бір шөп жапырағының ащысы-ай, «бұл орыстар не болса соны тамақ етеді екен-ау!», «пәле, балық болсаң осындай бол, әр қабырғасының өзі тебендей ғой!» деген дауыстар да шығып қалады. Ішілген қымыз, төгілген шарап.

Бір кезде Неплюев орнынан тағы көтерілді. Ол рюм-кесін жоғары көтеріп:

— Ал құрметті қонақтар, мына шарапты Россия елінің шын досы, Кіші жүздің ханы, ұлы Әбілқайыр үшін алып қоялық,— деді.

Столдың бір жағында отырған бір топ «Ура!» деп шу ете қалды. Бұл драгун, гренадерлер тобы еді.

Бұл жолы молла үгіт жүргізген жоқ. Біреулер ішті, біреулер шыныға қолын да тигізген жоқ. Тек әр жерден естілер-естілмес күнкіл үндер шығады.

— Мәртебең өсе берсін, Әбілқайыр!..

— Әбілқайыр үшін шарап ішкенше, у ішкенім жақсы емес пе...

— Бағы жоғарылай берсін хан неміздің.

— Шаңырағы күйреп ортасына түссін.

— Көрінде өкір, көрінде өкіргір Әбілқайыр, сенің әлегіңнен күнәкәр боп кәпірдің қолынан дәм таттық қой...

— Байқап сөйлеңіз, қария, біреу-міреу естіп қалар?

— Естіп қалардай не айттым? Айыбым көрмегенімді көрсетгі дегенім бе?.. Шырағым, пәле жаппай отыр... Пайғамбар жасына келгенде маған Әбілқайыр ханнан бөтен кім мұндай құрмет көрсеткен.

— Бұдан да абыройың аса берсін, Әбілқайыр хан.

— Осы құрметтің бәрі Әбілқайыр үшін ғой.

— Шіркіннің қадыры қалай күшті еді.

— Күшті болмай, бар қазақты бір тоқтыдай көрмей арзанға сатып отырса...

— Тек, жайыңа отыр! Жөн-терісін білмей...

Әр жерден осындай күнкілдер естіліп жатты. Бірақ кімнің аузынан не шыққанын адам аңғарар емес, гу-гу әңгіме. Әлдекім қолына домбыра ап патшаны, губернаторды, Әбілқайырды мақтамақ боп шырқай жөнелді. Бірақ та оның үні қызып алған офицерлердің «Ұзақ өмір берсін» деп қосыла салған әнінің астында қалды. Бұл әнге мас бола бастаған бай мен билер де қосылды. Арасында мүфтидің жіңішке ащы даусы да естілді.

Қонақтары осылай өзді-өзі болуға айналғанда, Неплюев Әбілқайырды стіл басынан тұрғызып ап, қолтықтап, сай жағалай қыдырып кетті. Бұрын да мұндай қонакасында екі-үш рет болған, шарапты да қанша ішуді білетін хан өзін жақсы ұстап келеді.

Неплюев сәл қызулау, көңілдегі сөзін айтып, ханмен ашық сөйлескісі бардай. Бірақ губернатордың бұнысы қулық екенін Әбілқайыр жақсы біледі, сол себептен де ол артық бірдеме айтып қалмайын деп сақтана түсті.

— Әбілқайыр хан,— деді Неплюев жұрт шуынан алыстаған кезде,— ертең кеңесіміз басталмақ. Сізге

жоңғар мен қарақалпақ елшілерінің көзінше тілектері-
нізді ашық айту қиын да болар...

— Әсіресе, ол тілектеріміз өтпей қалып жүрсе...

— Ия, ондай да жағдай болуы мүмкін... Сондықтан
мен сізбен оңаша сөйлескім келіп еді.

— Менің де.

— Онда тіпті жақсы. Қандай өтініштеріңіз бар? Ай-
тыңыз.

— Өтінішім үшеу. Алдыменен екеуін айтайын. Ол
екеуі қабылдана қалса, үшіншісінің қажеті де болмас.

— Жақсы. Бірінші өтінішіңіз?

— Алдымен бұл өтінішімнің неден туғанын баяндап
өтуге рұқсат етіңіз... Жасыратын түгі жоқ, соңғы кез-
де менің қадырым Кіші жүз елінің алдында төмендеп ба-
рады. Бұған себеп Орта жүз ханы Әбілмәмбеттің әре-
кеті...

— Қалайша?

— Әбілмәмбет хан: «Әбілқайырға орыс патшасының
жәрдемі жоқ» дейді. Сөйтіп менің жұртым алдында абы-
ройымды түсіруде. Ал өзі Баракпен, басқа да сұлтандар-
мен бірігіп, жоңғар қонтайшысының жағына шықпақ.
Аманат та бермек. Тек менен қауіптеніп мұндай іске бар-
май жүр. Біле білсеңіз Әбілмәмбет хан, Абылай, Барак
сұлтандар Россия патшалығына қарсы.

— Олар сіздің де қасыңыз ғой?

— Кімде-кім Россия патшасына қарсы болса, ол ме-
нің де жауым.

— Солай делік. Бірақ, бұл болжауға сену қиын. Өйт-
кені Әбілмәмбет те, Абылай да, Барак сұлтан да осыдаң
екі жыл бұрын Урусов генералдың алдында бастарына
құран көтеріп «Россия патшасының қол астына кірдік»
деп уәде берген жоқ па еді?

Бір мың жеті жүз қыркыншы жылы августын жиыр-
ма сегізі күні, көп келісім сөздерден кейін, Орынбор ко-
миссиясының бастығы генерал-лейтенант Василий Алек-
сеевич Урусовтың алдында «Россия қол астына кірдік»
деп Орта жүздің ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтан
мұсылман дәстүрімен бастарына құран көтеріп ант
берген. Генерал-лейтенант со жолы әрқайсысына күміс
қынапты қылыш тартқан. Сондай қылыш Кіші жүздің
батыры Бұғыбай мен Есетке де тапсырылған. Сол күні
«Россия патшалығының қол астына кірдік» деп Орта
жүздің жүз жиырма сегіз старшынасы, ал келесі күні,

Кіші жүздің жүз алпыс бес старшынасы қолдарына құрап ұстап ант берген.

Орта жүздің ханы мен сұлтандарының Россия патшашылығының қарамағына кіруіне көп еңбек еткен Урусов со жолы Петербургке бөтен қызметке шақырылып, келесі жылы оның орнына Неплюев келген. Қазір Орынбор губернаторының айтып тұрғаны осы жағдай.

— Біз көшпелі елміз ғой. Антты құр бос уәде деп қарайды қазақтың көп адамы.

— Сіз олай қарамайсыз ғой!

— Менің жолым бөлек.

— Әбілмәмбет хан да антын бұзған жоқ қой...

— Бұзбаса енді бұзады.

— Оған қандай дәлеліңіз бар?

— Дәлелім... Әбілмәмбет хан сіздің мәжілісіңізге неге келмей қалды?..

— Бәсе, неге келмей қалды?

— Жоңғар уәкілін шақырғаныңызды біліп, келмей қалды. Өзі жоңғар жағына шыққалы жүргендіктен ол елдің елшілерінің алдында сізге жолыққысы келмеді... Бұным дәлел емес пе?..

— Жарайды, Әбілмәмбет Россия патшашылығына қарсы делік,— деді генерал салқын үнмен,— сонда сіздің бірінші тілегіңіз неде болмақ?

— Россия патшасының жауы — менің жауым. Әбілмәмбет секілді жауды құртып, Россия патшасының аяғының астына салу үшін, бірінші өтінішім — маған қарулы үш мың солдат беріңіз. Мыңы орыс, қалған екі мыңы қалмақ пен башқұрт жауынгерлерінен.

Неплюев бұған тіпті қуанып қалды. Әбілқайыр мен Әбілмәмбет ханның арасының шын жаман екеніне көзі анық жетті. Бұл Россия патшасының бір елді бір елге, бір ханды бір ханға айдап сап, ортасынан пайда көздейтін ежелгі саясатына дәл келетін жәйт еді. Россия әкімдері бір ханның ұпайынан екінші ханды күшейтуді дұрыс көрмейтін. Бірін-бірі жеңгенше, екеуі ит жығыс боп алысып-жұлысып жүргені оларға тиімді еді. Оның үстіне Әбілқайырға үш мың әскер беретін Орынбор губернаторының халы да жоқ. Орыс патшашылығы өзі үлкен соғыс жүргізіп жатқанда, қазақтың хандық таласына үш мың әскер қайдан берсін. Бірақ ол шу дегеннен «бермеймін» демеді.

— Ал екінші тілегіңіз не?— деді Неплюев, — не болса да скеуін де естіік...

— Екінші тілегім: ортаншы ұлым Қожахмет сіздердің қолыңызда аманат болып тұрғалы жеті жылдан асып барады. Шешесі сағындым деп әбден мазамды алып жүр. Енді Қожахметті босатып, оның орнына кіші ұлым Шыңғысты аманатқа алсаңыздар.

— Шыңғыс қай әйеліңізден туып еді?

— Қарақыз ханымнан.

— Е... е...

Әбілқайырдың ортаншы бәйбішесінен туған Қожахметті жақсы көретінін, оны өзіне қырғиқабақ бола бастаған Жағалбайлы руына қарсы пайдаланғысы келетінін бұрын Нұралыдан естіген-ді. Бөлендей баурына тартып өзіне жақын ұстап көрмеген, тоқалдан туған Шыңғысты аманатқа бергенінен — бермегенінің өзі жақсы емес пе?

Әбілқайырдың түпкі ойларына түсінген Неплюев енді оның өтініштеріне тікелей жауап беруге кірісті.

— Әбілқайыр хан,— деді ол жылы сөйлеген боп,— Сіздің Россия патшасының алдында еңбегіңіз көп. Сіз бірінші боп қазақ елін Россияға бағындырам деп бірталай әрекет істедіңіз. Сол еңбектеріңіз үшін, жай уақытта болса, екі тілегіңіздің екеуін де орындар едік. Ал қазір бұл өтініштеріңді орындайтын мүмкіндігіміз жоқ...

— Қалайша?

— Қазір Россия үлкен соғыс үстінде. Әр солдат есепте. Мұндай жағдайда қазақтың екі ханы бірін-бірі мұқату үшін Елизавета Петровна үш мың солдат бере алмайды. Әрине, қазақ даласында Россияға жамандық келтірердей шын қиын жағдай туып тұрса, онда бір сәрі... Үш мыңнан да көп солдат табуға болады...

Неплюев ақырғы сөзімен Әбілқайырдың қомақтап айтқан себептерін жоққа шығарды. Бұны ұққап Әбілқайыр:

— Бәрі түсінікті,— деді қабағын сәл шытып,— ал Қожахмет жайында не айтасыз?

— Бұл ойланатын мәселе. Түбі мәртебелі Россия патшасы Елизавета Петровнаға хат жазу қажет болар. Аманатты ауыстыру үшін патша ағзамның указы керек...

— Солай деніз.

— Ал енді үшінші тілегіңізді айтыңыз.

Әбілқайыр қапшама өзін-өзі ұстағысы келгенмен де, тамағына тығыла қалған ашуын баса алмады.

— Үшінші тілегім. Көптен бері Қалден Церен менің қарындасым Қарашашты сұрап жүр еді,— деді дауысы сәл қырылдап шығып.— Біздің ойымыз Қалден Церенді өшіктіре бермеу... Артымда бәлендей сүйенер тірегім болмағандықтан, жоңғар қонтайшысымен үнемі жауласа беруден пайда шықпас деймін. Мәртебелі Елизавета Петровна бұған қарсы болмас.

«Әһе,— деді ішінен Неплюев,— тырнағыңды сен де шығара бастадың ба? Бұны: «сендер мені қолдағыларың келмесе, мен былай шығам» деген қокан-лоққың ғой... Көрейік бұдан не табар екенсің?»

— Жоңғар тайпасымен Бірінші Петр патшаның кезінен достық бітіміміз бар. Бізбен дос елмен достасамын дегенің теріс емес,— Әбілқайыр Неплюевтің кекетіп, не шынын айтып тұрғанын түсінбеді. Жайбарақат пішіммен генералдың бетіне қарап еді, қатын қалған тас мүсін тәрізді, шикіл сары бетінің бір тамыры бүлк етер емес. Неплюев сөзін жалғай түсті,— әйткенмен сәл шыдаңыз, арғы күнгі келіс сөзден не шығар екен, соны күтіңіз. Қыз болса күйеу табылар...

Әбілқайыр бұл өтінішімен де ештеңе ұтпағанын сезді. Өкпелеймін деп бір сырын ашып алғанына өзі де өкінді. Сөйтсе де бұл сырды Неплюев Нұралы арқылы бұрыннан да білетіні есіне түсіп, «оқасы жоқ, ең болмаса менің бұлардан жасырын ісімнің жоқ екенін ұқты ғой, бұған да шүкір» деп далбасалады.

Нұралы туралы сөзді енді Неплюевтің өзі қозғады.

— Өзге балаларыңызға қарағанда, Нұралы қазіргі жағдайды анағұрлым жақсы түсінеді,— деді генерал.— Сіз ол туралы бұрынғы пікіріңіздемсіз?

Әбілқайырдың зығырданы қайнады. Нұралы туралы әкесінен бұрын Неплюевтің сөз қозғауы оның күдігінің дұрыс екенін анықтады. Сонда да сыр бермей:

— Нұралы менің тірегім, менің ісімнің жалғаушысы,— деді.— Не істесе де мен ол туралы ойымды өзгертпеймін.

Неплюев те Нұралының әкесі жайында ақпар беріп жүретінін Әбілқайырдың білетінін түсінді. Бірақ оның сөзін бөлген жоқ. Хан сәл ойланды да:

— Жаман айтпай жақсы жоқ, мен алда-жалда қаза таба қалсам, ақ патшадан жалғыз тілегім: менің орныма Кіші жүздің ханы етін Нұралыны бекітсін.

— Бұл тілегіңізді патша ағзам мақұлдай деймін.—

Неплюевтің лып етіп көне қалғанына Әбілқайыр іштей қатты ренжіді. «Осы иттер менің тез өлгенімді күтіп жүр ме, қалай?» Неплюев те өзінің тым тез жауап бергенін сезді. Ол күліп:

— Бірақ, сіз әлі ұзақ жасайсыз. Нұралы қанша жақсы болғанымен бізге сіздің жолыңыз бөлек. Россия өзінің сіз секілді адал достарынан айрылғысы келмейді.

Неплюевтің бұл сөзді саясат үшін айтып келе жатқанын түсініп тұрса да, хан көңілі көтеріліп қалды. Өзі туралы айтылған жылы сөзге кім жібімесін.

— Иә, Нұралы жақсы хан болуы мүмкін.

— Нұралының тағы бір артықшылығы — ол қарақалпақ елімен жақсы. Тіпті бір рет қарақалпақтарды өзіңіз шаппақшы болғаныңызда оларға араша түсіпті. Нұралыны қарақалпақтар сыйлайды. Ал бізге қазір олардың Россия қол астына кіргені шарт. Өйткені, Хиуаны Россияға қарату үшін, орта жолдағы қарақалпақ жерінен өтуіміз керек.

— Сөз жоқ қарақалпақтарды Россияға қаратуда Нұралы таптырмайтын адам. Ал бірақ Хиуа туралы оның өз ойы бар... Нұралы жақында Хиуадан қайтты. Ондағы бар жағдайды көзімен көріп келді. Егер маған әскер берсеңдер, өзім барып Хиуаны Надир шахтың қойған адамынан тартып аламын дейді.

«Әбілқайыр қулықпен орыс әскерлерін тағы қолына түсіргісі келіп тұр-ау» деп тұжырған Неплюев:

— Қандай әскерді айтады Нұралы сұлтан?— деді елең етіп.

— Әңгіме қазақ әскерлері жайында. Хиуаға орыс әскерін енгізудің керегі жоқ. Діншіл жұрт, көпір әскері келді деп, бүкіл халқы боп қарсы тұруы мүмкін. Ал қазақ әскері оларға өз әскерімен бірдей. Хиуаны біздің бабаларымыз бұрын да талай алған. Әрине, басып алған Қызылбас елінің патшасы Надир шахтан көрі қазақ сұлтаны Нұралыны жергілікті ел құшағын жая қарсы алады.

— Бұл еске алатын жәйт екен,— деді Неплюев ойлана,— бірақ дәл қазір Надир шахқа қарсы соғыс ашу мүмкін бе? Россия жеті жылдан бері Түркиямен соғысып жатыр. Азов төңірегінде жеңгенмен, Очаковоны алғанмен, біз әлі түріктерді мүлдем тізе бүктірген жоқпыз. Оның үстіне Персиямен соғыс ашсақ...

— Сіздер емес, Хиуадағы Надир шах әскерімен біз

соғысамыз ғой. «Надир шах туралы әңгімені бұл неге бастады, деп ойлады Неплюев,— бізді тағы бір үлкен соғысқа арандатпақ қой. Сөйтіп лай суға қармақ сап, пайда таппақ...»

— «Біз» дегеніңіз кім? Кіші жүз хандығын айтасыз ба? Әлде сіз, Әбілқайыр мырза, Кіші жүздің Россия қол астындағы ел екенін білмейсіз бе? Сіз білмегенмен мұны Надир шах жақсы түсінеді ғой. Хиуа мен Үргенішті алған Надир шах енді қазақ жеріне кірмек болғанда, кім тоқтатып еді оны? Сіз бе? Әлде Ұлы Россия патшасы ма? Жоқ, мұндай елмен қазір соғыс ашудың қажеті болмас. Ал соғыс аша қалар болсақ та, бұған Петербургтың рұқсаты керек. Онсыз қимылдауға қақымыз жоқ.

Әбілқайыр ақырын басып ізеді. Өз жағдайы өзіне түсінікті болды ғой. Россия қол астына еніп, Жоңғардан аман қалғаны үшін, Әбілқайыр өзінің билігін құрбан етті... Енді ол бұрынғыдай қалаған уақытында сау етіп Хиуа қақпасының алдына бара алмайды. Оған Россия патшасының рұқсаты керек! Әрине, мұндай бағыныштылық кімнің де болса жанына батады. Сонда қазақ елінің Россия патшасының қоластына бұлай кіруіне болашақ ұрпақтары қалай қарар екен?

— Жөн екен айтқаныңыз, губернатор мырза,— деді Әбілқайыр сыр бермей.— Петербург не айтады, соны күтсейік. Надир шахтың әскері Хиуаны бүгін-ертең тастап кеткелі тұрған жоқ қой. Әлі уақыт бар...

Неплюев Әбілқайырдың көңілі жүдеп қалғанын білсе де, оны жұбатқысы келмеді. «Қанша дегенмен де бізге бағынышты адам ғой. Бәрібір, бүгін болмаса, ертең осылай сөйлесуге тура келеді, еті үйрене берсін» деді генерал ішінен.

— Бірімізбен біріміз ұғынысып алғанымыз қандай жақсы болды,— деді Неплюев, қалтасынан шыпжырды алтын сағатын алып.— Біраз уақыт болып қалыпты. Қалған шаруаны ертен кеңесте талқылармыз. Қайталақ. Әлі маған Жәнібек мырзамен де ақылдасу керек.

Әбілқайыр бұған елең ете қалды, бірақ үндеген жоқ.

Арғын руының бір тарауы Шақшақтан шыққан батыр Жәнібек «Ақтабан шұбырынды» басталғаннан Абылайдың атағы үш жүзге тарағанға шейін, Орта жүздің ең ықпалды, ең әйгілі адамының бірі еді. Жәнібек Әбілқайырдың қарындасына үйленгеннен бері, Кіші жүз ханының оң қолына айналған, Әбілқайырға Кіші жүз ғана

смес, Орта жүздің де кей руларының бағынуына себеп болған. Әбілқайыр әскерінің құрамына Орта жүзден қол келіп қосылар болса, бұл Шақшақ Жәнібек жігіттерінен құралатын. Егер Әбілқайырдан дабыл шыкса, әскерін алып хан ордасына жетіп келетін. Соның бірі бір мың жеті жүз отыз сегізінші жылы болған еді. «Ақтабан шұбырындыдан» бұрын-ақ Жайық пен Еділ арасындағы жер үшін таласып келген Еділ қалмақтары, Кіші жүздің жоңғар әскерінен күйреп Россия патшалығының қанатының астына әлі кіре алмай жүрген шағында, аулып шауып, малдарын айдап әкетіп, маза бермеген. Жайықтың арғы бетінен жайылым бер деген Әбілқайырға Еділ қалмақтарының сол кездегі ханы Дондук Омба «әлі өз жерінен айрылып қалма» деп жауап берген. Әбілқайыр «жыланның үш кессе де кесерткелік әлі бар, Қалден Церенге күшім жетпесе де, дәл саған күшім жетер, Дондук Омба» деп жиырма екі мың сойылмен екі қол болып Еділ бойындағы қалмақтарға қарсы аттанған. Соның бір қолын, он мың сарбаздан құралған Орта жүз әскерін осы Жәнібек батыр басқарып еді. Әбілқайыр басқарған осы екі қол Еділ жағасында Астрахан шаһарына баратын Қызлар деген жерде қалмақ әскерімен кездескен. Қазақтардың келе жатқанынан хабарсыз қалған қалмақ әскерін Әбілқайыр мен Жәнібек осы жолы қанжоса етін жеңген. Көп ауылдарын шауып, мал-мүлкін талап, екі мың шаңырағын өздерімен бірге айдап әкелген. Бұл қорлыққа шыдай алмаған Дондук Омба іле-шала қол жинап, бір мың жеті жүз қырқыншы жылы жиырма мың әскермен қазақ даласына аттанбақ боп тұрғанда, баласы Балдан Норбидың әкесіне істеген опасыздығының арқасында, бұл жорық болмай қалған. Сонан кейін Орынбор экспедициясының бастығы генерал-лейтенант Урусов екі елдің хандарын шақырып алып, кек алу мәселесін тоқтатқан. Бірақ қарамағындағы елдердің тату-тәтті тұруын көздемейтін патша саясатын мықты ұстанған Орынбор губернаторлары Кіші жүз бен Еділ бойындағы қалмақтардың хандарын түбегейлі келісімге келтірмеген. Кейде араларына шоқ тастап та қоятын. Осындай жағдайда Әбілқайыр үнемі Жәнібекке арқа сүйеуші еді.

Жәнібек батырдың қазақ руларының Россия патшалығының қол астына кіруінде де еңбегі бар. Ол басқа хан, сұлтандар сияқты Россия мен Жоңғар арасында

ауытқымай, бастан аяқ Россияға қосылу жағында болған адам. Сондықтан Орынбор комиссиясының екі бірдей бастығы, алдымен белгіленген Урусов та, кейін оның орнына келген Неплюев те «Жәнібек батырдың абройы қазақ еліне ешбір ханнан кем емес» деп, онымен үнемі санасып отыратын. Екеуі де Анна Иоанновнадан Жәнібек батырға, Россия патшасының бұратана ұлттардан шыққан еңбегі сіңген әскери адамдарына берілетін тархан атағын сұраған. Бұны Әбілқайыр да қолдаған.

Жәнібектің көптен аңсап күткен сол атағы жайлы патша указы кеше ғана келіп еді. Бұны әзірше Неплюевтен басқа жан білмейді. Ол бұл указды губернатор кеңесі біткеннен кейін қонақтарын тағы жинап, солардың көзінше оқымақ. Өзінше адал қызмет істейтін адамды Россия патшасы қалай жоғары бағалайтынын айтып, мақтап өтпек.

Бағана той алдында Неплюевтің Жәнібекпен жеке сөйлесіп отырғанын Әбілқайыр көріп еді. Бұл әңгімеге мені неге шақырмады деп іштей қызғанған да. Қанша жақын болғанмен Жәнібек Кіші жүз емес, Орта жүз ғой...

Жәнібектің аты аталған шақта Әбілқайырдың әлде-неге секем алғанын аңғарып қалған Неплюев:

— Жәнібек батырды мен сіздің жекжатыңыз ғана емес, одактас досыңыз деп қадірлеймін,— деді.

— Оған шек келтірмеңіз.

— Орта жүздің ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтандан келе жатып кейін қайтып кетті. Ал Орта жүзден келген басқа ақсақал, би, батырлар көп. Біреу соларды басқармаса, біздің кеңесіміз Орта жүздің пікірінсіз өтеді. Мұндай мәжіліске олардың қатысқаны жөн.

— Әлбетте.

— Оның үстіне жоңғар елшілері Орта жүз өз тағдырын Әбілмәмбет пен Абылайсыз да шеше алатынын көрсін.

— Дұрыс айтасыз, генерал мырза,— деді бұл шешімге қуанып қалған Әбілқайыр,— менің де айтып жүргенім осы ғой. Орта жүздің тағдырын тек Әбілмәмбетке беріп қоюға болмайды. Жас болса да қазір билік Абылайға көшіп бара жатқан секілді...

Бұл жолы Неплюев пен Әбілқайырдың ойы бір жерден шықты. Орта жүз елінің ішінен Әбілмәмбет пен Абылайға қарсы қоюға жарайтын бір адам болса — ол

Шакшақ Жәнібек батыр. Бірақ түбі Жәнібек Әбілмәмбет пен Абылайға қарсы шыға ма? Жок па? Ол жағы әлі беймәлім.

Әбілқайыр мен Неплюев стол басына қайта келгенде, жұрт азан-қазан екен. Хан мен генерал жоқ екен деп, оларды ешкім күтіп отырмапты. Арак, шарапқа тойғаны мас боп, көгал үстінде қорылдап ұйықтап жатыр. Көпшілігі арак арачастырған сары қымызға лықия тойып ап, шеке тамырлары білеудей боп жапанды жалпағынан басып, гу-гу етеді. Орыс офицерлері де арак, шарапқа ессін жібермеген тәрізді. Орыспын, қазақпын демей, бірін-бірі құшақтап, әлденені айтып, қарқылдап күліседі...

Жұрттың мұндай күйін көрген Неплюев қонақтарын дастархан басына бұдан ары ұстауға қорықты. Мас болып қалған біреудің әлдеқалай шатақ шығармай тұрғанында, бұл жиынды дер кезінде таратуды жөн көрді.

Ол арак толы бокалын қолына алып:

— Құрметті қонақтарым, мен соңғы тосты сіздердің құрметтеріңізге ішемін,— деді. Сосын үлкен бокалдағы арақты аяғына дейін қағып салды. «Браво! Браво!» деген офицерлердің айқайы естілді.— Келгендеріңе көп рахмет! Бүгінгі бас қосуымыз осымен бітсін. Ертең таңертеңгі сағат онда ресми мәжілісіміз басталады.

— Көп рахмет!

— Көп жаса, генерал мырза!

— Бір бас қосып қалдық қой!...— деген сөздермен жұрт опыр-топыр түрегелін, тарай бастады...

Жиырма үшінші август күні басталған мәжіліс жетінші сентябрьге дейін жүрді. Жоңғар елшілері қағынасып отырғандықтан ең күрделі мәселе Россия қол астына қазақ елінің кіргендігін — Жоңғар хандығының мойындауы еді. Сол себептен кеңестің біраз күні Россия, Жоңғария және Қазақ елі арасында қандай байланыстар, келісімдер болатынын анықтауға кетті. Россия патшасының өкілдері жоңғар елшілерінің қазақ жеріне не үшін келгендерін, қандай талап қоятындарын білгісі келді. Оған жоңғар елшілері Қошка мен Бұрын:

— Қазақ елі біздің Қытаймен ұзақ уақыттар бойы соғысып жатқанымызды пайдаланып, талай шапты. Сол үшін біз олардың көп жерін басып алдық. Қазақ елі енді бізге салық төлеуге, аманат беруге тиісті,— деген пікір айтты.

Оған Неплюев:

— Біздің қол астымыздағы елдің бөтен жұртқа салық төлеуі не аманат беруі Россия империясының заңына қайшы келеді,— деген жауап қайырды.

— Біздің қастарымыз арамызға қандай от жақса да, қазақ елі қолына құран алып, Ұлы Россия патшасына берген антында тұрады,— десті Орта жүз бен Кіші жүздің атынан сөйлеген Әбілқайыр мен Жәнібек,— Россиямен мәңгі біргеміз. Ал Жоңғар елін шапсақ, ол ғасырлар бойы бітпей келе жатқан арамыздағы ұрыстың жалғасы еді. Егер Жоңғар елі бізге тыныштық беретін болса, біз де оларға қол көтермеуге, ұлы мәртебелі губернатордың алдында, уәде етеміз.

— Қазақ хандары жаратылғалы уәделерін орындап көрген жоқ,— деді жоңғар елшілері,— бұл біз талай естіген көкек әні. Антын ертең-ақ бұзады.

— Бұл жолы олардың антын бұзбайтынына біз кепілміз,— деді Неплюев.

— Олай болса, біздің ұлы қонтайшымыз Қалден Церенге елші жіберіндер,— деді Қошка мен Бұрын,— қалған келісім сөзді сонда бітірелік...

Осылай келісті. Бірақ жоңғар елшілері бірден жүріп кетпеді. Олар үш жүздің жүз жетпіс сегіз ақсақалы, бні, батыры қолдарына құран ұстап, «Россия қол астына кірдік» деп губернатор алдында ант бергенін көздерімен көрді. «Игі жақсыларға» рахмет айтып, әсіресе Ұлы жүздің басшыларына ризашылығын білдіріп сөйлеген Неплюевтің сөзін естіді. Бұл жоңғарларға қатты батты. Өйткені Жетісу олар үшін жоңғар қонтайшысы басып алған өлке боп саналатын. Ұлы жүз бұл кезге дейін жоңғар қонтайшысына салық төлеп, аманатын беріп тұратын-ды.

Орыс патшасының қазақ жеріне ішкерілеп кіре бастағанын көрген жоңғар елшілері, өздерімен одақтас қарақалпақ батырларын ертіп, дым бітіре алмай, елдеріне қайтып кетті.

Бұлар кеткеннен кейін Неплюев тағы екі мәселе қарады, бірі Орта жүз бен Кіші жүз хандарының арасындағы қайшылық болса, екінші Еділ қалмақтары мен қазақ елінің арасындағы өшпей келе жатқан қастық еді.

Қазақ хандарының өзара жау болуы Россияға қаншама тиімді болғанменен де, Әбілқайырды біржолата шошытып алмайын деп, Неплюев оған «қандай қиын

істі болса да татулықпен шешуге тырыс» деп ақыл берді. Оның үстіне Әбілқайырға өз қарамағындағы орыс қарашекпендерімен жақынырақ отыру үшін, Елек пен Берді өзендерінің бойында көшіп жүруге рұқсат етті. Бұл соңынан қазақ еліне деген үлкен жақсылық боп табылды. Осы арада қазақтың ең алғашқы егінші жұрты пайда болды. Ал ханның өзіне «орыс бекіністерінің қайсысына болса да кіріп жүруге еріктісің» деді. Сондай-ақ Кіші жүздің ханын қазнаның астығымен қамтамасыз етуді орыс әкімшілігі өз міндетіне алды. Неплюев осы болмашы істің бәрін патша ағзамның Әбілқайырға ерекше көрсеткен құрметі деп ұғындырды. Бұның бәрі жылаған баланың қолына бір үзім нан ұстатқанмен бірдей, Орынбор губернаторының шығарып салма саясаты екенін Әбілқайыр түсінсе де, қарсы ештеңе айта алмады.

Еділ қалмақтары мен қазақ елінің таласын да Неплюев оңай шешті. Достастырып, бірімен бірі қарымқатынасын жөндеп, ел боп қатынасып тұратын келісімге келтірудің орнына, «Еділ қалмақтары, сен Жайықтың бергі бетіне өтпе, ал қазақ елі, сен Жайықтың арғы жағасына шықпа» деп үкім айтты. «Тұтқындарымызды қайтарып берсін» деген Еділ қалмақтарының өтінішіне, Жәнібек: «оларды қайтару мүмкін емес, біз сол жылы-ақ қалмақ тұтқындарын Хиуа, Бұхара базарларына сатып жібергенбіз»— дегеннен кейін, Неплюев бұл мәселені соңынан қарамақ болды. Осылай тынымды ештеңе өндіре алмаған Еділ қалмақтарының елшісі де іштей тынып еліне жүріп кетті.

Бұл мәжілісте тікелей өз басына олжа тапқан тек Жәнібек болды.

Келісім сөз қызу жүріп жатқан кезде, қалт еткен бір үзілісте Неплюев қонақтардың басты адамдарын өзінің шатырына жинап, қазақтың, қалмақтың, башқұрттың сұлтандары мен батырларының алдында тамаша бір шабытты үнмен Елизавета Петровнаың указын оқып шықты.

Бұл указда патша ағзамға көрсеткен адал қызметі үшін Жәнібекке қырғыз-қазақ халқының бірінші тарханы деген атақ берілді. (Бұл атақ Россиядағы фельдмаршал атағымен тең еді). Егер патша ағзамға адал қызмет істесе, тархан атағы оның балаларына, ұрпақтарына дейін мирас етіледі делінген.

Указды оқып шыққаннан кейін жаңа тарханның құрметіне барабан соғылып, зеңбіректерден салют берілді.

Қошамет көрсеткен жұрт гүлдесіп кетті.

— Уа, Шақшақ, атың бәйгіден келді!

— Даңқың аса берсін, Жәнібек!

— Тархан дегені хан дегені ме екен? Қарадан да хан шығады екен-ау!

— Шап ауылға, сүйінші сұра!

— Уа, Арғын атам, бір көтердің ғой аруағымды!— десіп, бүкіл дала шұға толып кетті.

Тархан? Бұл қай халықтың тіліндегі атақ? Дәрежесі қандай болмақ? Жәнібекке бұл атақты Әбілқайырдың сұрағаны қашан! Патша ағзам указын әне берем, міне берем деп, бұл атақты Жәнібектің алдына қызыл түлкінің құйрығындай бұландатты да қойды. Ақыры берді-ау әйгеуір. Бұрын өзі тілектес боп жүрген Әбілқайырдың қиялы қазір алай-түлей. Бұл не? Қызғаншақтық, әлде көре алмастық па? Ағайынды екі адам бәйгіге ат қосып, ағасының аты келсе, інісінің жаны күйінеді. Бұ да сондай бірдеңе... Әйтпесе Әбілқайырға Жәнібектен жақын кімі бар? Туған балалары да ханға бұдан артық жақсылық ойлаған емес.

Жәнібекке тархан аты берілгенге қуанғандары көп, жанына қызғаныш шоғы түсіп, күндестік сезім билегендер де аз емес. Ондайлар құр күлген, қуанған болады. Бірақ, көздерінде ызғар, еріндерінде кекесін ізі байқалады.

Ал, Неплюевтің өз есебі өзінде, «Бала секілді, бұлардың қуануы да, ренжуі де оп-оңай. Мұндай елді басқару қиынға түспейді. Егер біреуді мерт еткің келсе, өзгеден оның дәрежесін жоғары көтере қойсаң болғаны».

...Жалпы келісімсөздер бітіп, қонақтар тарқардан бір күн бұрын Неплюев Құдабайды тағы шақырды.

— Әбілқайыр хан көптен бері Сырдарияның етегіндегі құлап қалған көне қала Жаңкентті қайтадан жөндеуді сұрап жүргенін білесің бе?— деді.

— Білем...

— Не үшін екенін де білесің бе?

— Мүмкін Жоңғарға таяу тұрғысы келетін шығар.

Қу тілмаш осылай деп губернатордың бетіне күлімсірей қарады. Губернатормен соңғы кездерде жиі кездесіп жүрген тілмаш Неплюевтің ызғарлы түріне де, орынсыз айқайына да үйреніп алған-ды.

Неплюев өз ойын оған ары сабақтады.

— Ол күйреп қалған қаланы қайта тұрғызу үшін, қанша қаржы керек екенін білуге геодезистер жіберуге тиістіміз. Жақында хан ордасына прапорщик-геодезист Илья Муравин барады.— Неплюев Құдабайға түкпе қарады.— Оның қызметі тек көне қаланың орнын зерттеу ғана болмайды. Бар хабарды соған жеткізіп тұрасың...

— Күп, таксыр, сеніміңізді ақтауға бармын.

— Әбілқайыр Муравинді өзіне патша үкіметінің атынан келген кеңесші деп санайды. Солай деп онымен келісілген.— Генерал күлімсіреген болды.— Кеңесші тілмаш емес, ханның ішінде не жатқанын да біліп тұруға міндетті. Ал осы прапорщик барғанша оның міндеті саған жүктеледі...

Неплюевтің өзіне сенбей Муравинді жіберіп отырғанына іштей наразы болып қалған Құдабай:

— Ол міндетті мен бұрын да атқарып келе жатқан жоқ па едім?— деді төмен қарап.— Және жаман да атқармаған секілді едім.

Неплюев өз тыңшысының көңілін тақа жүдеткісі келмеді.

— Сен жаман жұмыс істеп жүрген жоксың. Адал еңбегін үшін дәрежеден де құр қалмассың... Прапорщиктен саған келер зиян жоқ. Бар!

— Күп, таксыр.

Жарты сағаттан кейін Құдабай Әбілқайырдан көптен бері қолы жетпей жүрген сусар бөрік пен оқалы шапан киді. Бірақ хан одан жақында өзінің Ордасына Жанкентті тексеруге прапорщик Муравин келетінін, ал оның негізгі қызметі ханды аңду екенін білді. Ал сол күні түнде Неплюев Петербургке, сыртқы істер коллегиясына: «Әбілқайыр туған баласын аманатқа беріп отырып, Россияға қарсы шыға алмайды, бірақ оған сенуге де болмайды, өйткені ол екіжүзді және тәкаппар адам» деп хат жазды.

...Ал бұл кезде Әбілқайырдың орыс патшасының алдында тек өзім ғана адал болып көрінсем деген саясатының арқасында, Россия әкімдеріне өкпелеген Орта жүз ханы Әбілмәмбет Түркістан шаһары мен оның төңірегіндегі Қарнак, Сукент, Сауран, Сығанақ секілді тағы отыз екі қаланы қайтарып берем деген жоңғар қонтайшысының сөзіне сеніп, бір мың жеті жүз қырық екінші жылы

Боқыраудың басында Қалден Церенге аманат етіп, өзінің кіші баласы Әбілфейізді жіберді. Кешегі жауына баспиген бұл қылығын ол бір жағынан, осы кезде жоңғар қонтайшысының қолына тұтқыпға түскен Абылай сұлтанды босатып алу үшін істеген еді.

Бұрын өзіне қарсы кеп, әр басқан адымын аңдып отырған Орта жүз ханының өз жағына шығатын құлқынын сезген Қалден Церен қырық бесінші жылдары орыс бекіністері мен қазақ жерінің іргелеріне жиырма мың қарулы әскері мен жол салуға арналған жеті мыңдай адамын әкеп қойды. Бұның бәрі бүгін болмаса, ертең қазақ жеріне басып кірудің дайындығы еді. Үлкен айқас басталғанша олар жақын тұрған қазақ ауылдарын дүркін-дүркін шауып, мазасын ала берді.

Мұндай қиын жағдайда Орынбор әкімдерінің алдына екі түрлі міндет тұрды. Бірі, осы уақытқа дейін қазақ даласынан жырып алған жерлерін, салған бекіністерін сақтап қалу болса, екіншісі, қазақ даласына жоңғар әскерін кіргізбеу.

Бұнымен қатар Орынбор губернаторы Кіші жүздің еліне Жайық өзенінің арғы бетіне мал жаюды тоқтатуды бұйырды, Жайық пен Еділдің ортасында бұрыннан көшіп жүрген кейбір рулар енді бұл араны тастап, Жайықтың бергі бетіне қуып шығарылсын деді. Ал бұған қазақ ауылдары көнбейтіндей ниет көрсетсе, осы маңдағы қазақ-орыстардың қарулы күштерінің бас қолбасшысы подполковник Ртищевке қалмақтың қарулы әскерлерін қазақтарға қарсы қолдануына рұқсат етілді. Және қалмақтарға қазақтардан талап алған мал-мүлік, тартып алған жерінің бәрі өздерінің қарамағында қалатынын айтты. Ал бұндай шараларға көнбей қарсылық істейтін қазақ ауылдарының басшыларын, сенат өзінің бір мың жеті жүз қырық төртінші жылғы бесінші марттағы указы бойынша «ұстап алып, Орынбордағы Роговик, Сібірдегі Нерчинскийдің күміс шығаратын заводтарына жер аударылсын» деп жарлық етті. Бұл шара аз болғандай, бір мың жеті жүз қырық жетінші жылы Сыртқы істер коллегиясы қазақ елі Жайық өзенінің оң жағына малдарын айдамас үшін, бұл өзеннің сол жағасы Каспий теңізіне дейін күзді күні өртелсін деп жарлық алды. Бұнымен қатар орыс бекіністерін қазақ ереуілшілерінен сақтау үшін қазақ жеріне қарулы әскер шығаруға указ берді. Бұл указ бойынша, қарулы әскер қыз-

метін Жайық бойының казак-орыстарына міндеттеді. Оларға казактардың жылқыларын ғана айдап алу емес, өздерін де тұтқын етіп, жер аударуға рұқсат етілді. «Шаш ал десе бас алатын» казак-орыстар енді ойларына келгенін істеуге еркіндік алды.

Мұндай жағдай тек қана Жайық бойында емес, Сібір губернаторының қарамағындағы казактарға да қарсы пайдалануға бұйырылды.

Бұл қысым жалғыз казак кедейлеріне ғана емес, жақында ғана кеп жаңа жерге қоныс тепкен орыс шаруаларына да түсті. Патша қанауына шыдай алмаған бұқара арасында Пугачев бастаған көтеріліс белгі бере бастады. Бұған казак, башқұрт секілді ұлттардың кедей тобы да қосылды.

Неплюев казак елі мен патша үкіметінің арасындағы қырғи-қабақтықты бәсеңдетудің бір айласы бітімсөз жүргізумен қатар, казак даласымен сауда-саттықты кеңейте түсуде деп ойлады. Ол, тіпті, бір мың жеті жүз қырық жетінші жылы Сыртқы істер коллегиясына берген рапортында: «бұл халықты құр қорқытумен ғана емес, көбірек сауда-саттық секілді жақсылық істер арқылы да бағындыру жолын ойлауымыз керек» деп жазды. Егер бұған казак елі көнбейтін болса, оларды күшпен бағындыру үшін, өзіне және Ойыл жолындағы әскердің бастығы генерал-майор Штокманға Жайық казак-орыстарынан екі мың, Орынбор мен Ор бекіністеріндегі әскерден бес мың солдат берілуін сұраған. Түбі бұл әскер аз бола қалса, тағы қалмақ, башқұрт, шоқынған татарлар мен мешерлер секілді Россия патшалығына бағынышты бұратана ұлттардан он мыңға тарта қарулы адам қосылсын деген. Әрине, осыншама әскерді Неплюев неге сұрап отырғаны Сыртқы істер коллегиясына да айқын еді.

Осындай жағдайда казак елінің өз тәуелсіздігін сақтап қалуы екі талай еді.

Бір жағынан жиырма мың әскерін жалақтатып жоңғар қонтайшысы Қалден Церен, екінші жағынан дәл осындай әскерін казак жеріне кіргізе бастаған орыс патшасы. Жан алқымға енді келді. Хан мен сұлтандар өздерінің жолын тауып жатты. Бірі орыс патшасына қызметке кірді. Бірі жоңғар қонтайшысымен ауыз жаласпақ болды. Ал қара халық ше? Жерінен, бостанды-

ғынан айрылуға жақын қалғанын сезіп, бишара халық шын жанталасты.

Орыс патшасы арқылы «ұжмақ орнатам» деген Әбілқайырдан да, жоңғар қонтайшысы арқылы тыныштық әкелсем, ата мекен Түркістаныңды қайтып әперем деген Әбілмәмбеттен де халық сұнй бастады. Білегін сыбанып жіберіп, ол енді батыр жігіттерінің соңына ерді. Орыс патшасы салдырған бекіністерді шанты, керуендерін тонады, патша солдатаның қолынан бір шаруа өлсе, оның құнын екі есе қайтаруға тырысты. Осылай Кіші жүздің көп рулары атқа қонса, Орта жүздің жігіттері де бос қалмады. Әбілмәмбет ханнан көрі, енді олар өз араларынан шыққан Баян, Малайсары, Бөгенбай, Бұқарбай, Олжабай, Елшібек секілді батырларының жасағы боп, тұс-тұстан жоңғар қонтайшысының үстемдігіне қарсы шықты.

Орыс патшашылығынан не әскер, не Жайықтың арғы бетінен жайлы қоныс, не аманатқа берген баласы Қожахметті қайтып ала алмаған Әбілқайыр өзінің қадірінің шын түсе бастағанын енді айқын сезінді. Бұл Әбілқайырдың емес, Орынбор губернаторы Неплюевтің қатесі еді, өйткені Әбілқайыр қазақ елін Россияға қосу жолындағы алғашқы қайраткері болатын. Ел көзінде оның қадірін көтере білу керек еді.

Соңынан ерген жұртының өзінен алыстай бастағанын ұққан Әбілқайыр қатты састы. Біресе қарамағындағы елді Орта Азия хандарының жеріне көшуге, не болмаса Иран шахының қоластына кіруге үгіттеді. Ондағы ойы егер қазақ рулары солай қарай ауар болса, орыс патшасы мені тағы керек етер, қарамағыма әскер беріп, қазақ елін біріктіруге шақырар деген үміт еді. Бұдан да ештеңе шықпады. Қазақ жұрты жат ел хандарына жалынышты болғаннан гөрі, қандай қиындық көрсе де өз жерінде қалғанын артық көрді. Халық жолын өзі тауып кете ме деп қорыққан Әбілқайыр, сасқанынан орыс патшалығына қарсы қимыл көрсете бастады. Сондай әрекеттің бірі қырық жетінші жылы болды. Әбілқайырдың ақылымен қазақтың екі мықты қолы Үйшіктің төменгі жағындағы мұз боп қатып қалған Жайық өзенінің үстімен өтіп, Қызылжар деген жерде қалмақтардың ұлысы мен орыс балықшыларының қалашықтарын шапты. Көп малып,

табын-табын жылқыларын айдап алды. Алты жүзден астам қалмақ пен орыс адамдарын тұтқын етіп, өздерімен бірге әкетті. Осы жылы тағы да қазақтың бес жүз адамынан құрылған жасағы Үйшікті айнала өтіп, үстірт арқылы Еділдің жағасына шықты. Тағы тыныш жатқан жұртты шауып, көп малдарын айдап алды. Бірақ жолдай өздерін аңдып жатқан казак-орыс жасағына душар болып, әзер қашып құтылды. Әбілқайыр Россия бекіністеріне қарсы басқа да жорықтар ұйымдастыра бастады. Әбілқайырдың бұндай қылығын көрген Кіші жүздің кей рулары оның маңына қайтадан шоғырлана түсті.

Алайда Әбілқайыр Россия секілді ұлы мемлекетті аз қолмен қарсы шығып, мұқата алмайтынын жақсы білетін. Сол себептен де ол баласы Қожахметті босатып аламын ба деген үмітпен, тұтқынға түскен орыс адамдарын қайтарып бергізуге бірталай әрекет істеді. Бірақ орыс әкімдері оның бұл ойын тағы теріс ұқты. «Бізге қарсы әрекеттерінен ештеңе шықпайтынын білгендіктен, Әбілқайыр бұрынғысынан көрі жуасыды» деп жазды Неплюев Сыртқы істер коллегиясына.

Ал бұл кезде жоңғармен тіл табу деген Әбілмәмбет те басқыншы елмен дос бола алмайтынына көзі жеткен. Қалден Цереннің бар көздегені қазақ елін бүтіндей өзіне бағындыру екенін Орта жүздің ханы түсінді. Россия патшалығы алдында Әбілқайырдың беделінің түсе бастағанын білген Әбілмәмбет енді орыс әкімдерімен тіл табуға тырысты.

Демек, орыс әкімдері Әбілмәмбеттің және оған ерген Абылай секілді сұлтандардың мұндай ықласын пайдаланғысы келді. Енді Орынбор губернаторы Неплюев өзінің ескі әдеті — қазақ хандарын, сұлтандарын бір-біріне айдап салатын әдісіне қайта көшті. Ол енді Әбілқайырға қарсы Барақ сұлтанды пайдаланбақшы болды. Бұл кезде Әбілқайыр мен Барактың арасы әбден шиеленісіп болған. Осыдан жарты жыл бұрын ғана Барактың баласы Жолбарыстың әкесіне Хиуадан Сырдария арқылы жіберген жетпіс түйселі керуенін Әбілқайырдың жасақтары талап алған. Әбілқайырға осы керуен жайында хабар берген Неплюевтің өзі еді.

Бұл кезде орта жүздің ханы Әбілмәмбет Түркістанды беремін деп алдаған Қалден Цереннен мүлде ат құйрығын үзген. Жоңғар қонтайшысының шақырғанына,

аксақалдармен ақылдасып бармай қойған. Бұған ашуланған Қалден Церен қолындағы Әбілмәмбеттің аманат баласы Әбілфейізді, Барақтың ұлы Шығайды өздеріне қайтарып, қазақ даласындағы елшілерін, саудагерлерінің бәрін жинап алған. Бұнысы Қалден Цереннің тағы соғысамын дегені еді. Бұндай жағдайда Орта жүздің ханы Әбілмәмбет те, батырлары Барақ, Абылай, Жәнібек, Бөгенбай, Күшік те, Кіші жүздің белді адамдары Бұғыбай, Алтай, Тайман, тіпті хан балалары Нұралы, Ералы, Айшуақ та Россия жағына шығып, соны панауды ұйғарған. Бұны біреуі ел қамын ойлап істесе, енді біреулері қорыққандығынан істеді. Барақ секілділері Россия патшасына бағынуды түпкі ойы ұнатпаса да, басқа лажы болмай, амалсыз көнді.

Бүкіл Орта жүз бен Кіші жүз басшыларының бұлай Россия жағына күрт құлауына тек жоңғар қонтайшысымен араларының қиындап кетуі ғана себеп болған жоқ. Басты себеп, халық бұл кезде соғыстан, алыс-жұлыстан әбден шаршаған еді. Енді ол аз уақыт болса да тыныштық іздеп, өзінің азып-тозып бара жатқан шаруасын жөндегісі келген. Мұндай аласапыран кезеңде халық тыныштық тек орыс патшалығы арқылы ғана келеді деген сенімде еді. Өйткені Россия патшашылығы кеше қазақ жеріне бекініс ретінде салған: Орск, Елецк, Троицк, Үйшік, Ямшенев, Семейпалат, Тобольскілердің бәрінде де сауда-саттық жүргізе бастаған. Қазақ еліне керегі де осы еді. Енді олар бұл қалалардағы орыс саудагерлеріне малын, терісін, жүн-жұрқасын сатса, өзіне керек астығын, матасын, қазан-ошақ, ыдыс-аяғын, кетпен-балтасын алды. Орыс әкімдері қазақ еліне тек мылтық, күкірт секілді қауіпті заттарды көп сатуға рұқсат етпеді.

Россия сауда қалаларының күшейе бастағаны соншалық, ондағы болатын жәрмеңкелерге қазақ жерін басып Орта Азия хандарының сауда керуендері де келді. Ал қалың бұқара орыс қара шекпендерімен таяу танысып, олардан егін салу, балық аулау секілді өнегелерді үйренуге кірісті. Көбі өзі секілді шаруалармен тамыртаныс боп алды. Орыс әкімдері де бос жатпады. Біресе Әбілмәмбетке, біресе Абылай, Барақ, Жәнібектерге бір кезде Россия қол астына кіргендерін құлаққағыс етіп, кісі жіберумен болды.

Осы тұста Кіші жүз ханы Әбілқайырдың күйі бұрынгысынан да нашарлай түсті. Екіжүзділік саясатының

салдарынан ол не қазақ елінің, не орыс патшалығының сеніміне кіре алмады. Ал Орынбор губернаторы Неплюев, өз жұртының алдында қадыры кеткен Әбілқайырдан мүлдем құтылуды қарастыра бастады. Бұл жолы ол Әбілқайырды сенат, не Сыртқы істер коллегиясы арқылы емес, Кіші жүз ханының Орта жүз сұлтандарымен бәзбаяғы бас араздығын пайдалану арқылы-ақ құртпак болды.

Ал Әбілқайыр енді тікелей Петербургпен тілдеспекке қол созды. Ол өзінің Неплюевпен қырғи-қабақ екенін айтып, жәрдем сұрап Тевкелевке хат жазды.

Орынборға бұл хатты алып келген Құдабайды ертеңіне Неплюев шақырып алды.

— Орынборға неге келдің?— деді амандықтан кейін.

Құдабай жасырған жоқ.

— Әбілқайыр ханның генерал Тевкелевке жазған хатын әкелдім. Осы жерден Петербургке баратын біреу арқылы беріп жібермекшімін.

— Хат не жайында?

Әрине, дворян тәрбиесімен өскен Неплюев біреудің хатын ашып оқудан аулақ-тын. Ал тілмаш, ханның өтінішімен өзі жазған хаттың дымын да жасырмай бәрін айтып берді. Хаттың түпкі мәні Кіші жүздің ханын Орынбор губернаторымен татуластыру жайында және Неплюевтің өзі сенатқа жазған Әбілқайыр екеуінің арасындағы қайшылықтар туралы болғандықтан, Неплюев Әбілқайырдың аңқаулығына езу тартып күлді де:

— Жақсы, хатыңды ертең біздің почта арқылы жібер,— деді. Сосын кетіп бара жатқан Құдабайды тоқтатып,— Кіші жүз ханы мен Орта жүз сұлтандарының арасындағы бақталастықты, қайсымыз орыс патшасына көбірек жағынып, атақ-дәреже аламыз деуден туған өшпендікті өзім де жақсы білемін. Бірақ мәселе қазір онда емес... Мәселе қазір басқада. Россия патшалығы енді Әбілқайырға арқа сүйей алмайды...

Құдабай сәл басын көтерді.

— Әбілқайыр хан райынан мүлдем қайтып, біржола Россия патшашылығына арқа сүйегісі келсе де ме?

— Бәрібір,— деді Неплюев.— Енді Әбілқайыр райынан қайта ма, қайтпай ма, маңызы жоқ. Өзінен ақылды жас шықса, кәрінің оған жол беру жаратылыс заңы...

«Ол жасың Әбілқайырдың баласы Нұралы ғой!— деді ішінен Құдабай — Нұралы шү бастан өзін дұрыс

ұстап келеді. Бірақ Әбілқайыр тәрізді көкжалды бір бұлқынғанында жоқ қылғалы тұрған арыстан ашуланса, Нұралы секілді көжектің несін қалдырады?»

— Сонда... Біздің ханымызды орнынан түсірмексіздер ме?— деді тәуекелге бел бұған Құдабай,— сенат ол туралы указ берді ме?..

— Өйте қояр ма екен...— Неплюев енді Құдабайға ызғарлана қарады.— Патша үкіметінің Әбілқайырда енді шаруасы жоқ. Казак сұлтандарын өзіне қарсы қойған екен, жауабын да өзі берсін...

«Сонда Әбілқайырды о дүниеге қай сұлтан жөнелтуге тиісті?— Құдабай тіпті терлеп кетті.— Губернатор қайда бастап барады?»

— Меніңше казак еліндегі оның қас жауы Орта жүздің ханы Әбілмәмбет,— деді Құдабай.— Екеуінің арасындағы бақталастық...

— Жоқ, Орта жүздің ханы бұл іске жарамайды. Әбілмәмбет Әбілқайырды өлтіріп, бүкіл Кіші жүзді өзіне қарсы қояр ақымақ емес. Басқа қайсысы бар?

— Барак сұлтан... Екеуінің арасындағы өшпенділік бірін-бірі нағыз өлімге қиярлық жағдайда. Оның үстіне Барак сұлтан орыс қалаларының казак жеріне салына бастауының бас айыпкері Әбілқайыр хан деп санайды. Кек алуға ол тайынбас...

— Иә, Барак сұлтан бізге де дос емес, «кол астына кірдік» деген анты құр шығарып салма сөз. Шын беріліп жүрген ол жоқ. Әбілқайырды өлтіруге, міне осы Барак сұлтанды пайдалану керек...

— Сонда маған не бұйырмақсыз?

— Әбілқайырды өлтірсе, Барактан жоңғар қонтайшысы оның құнын сұрамайды. Рахметін айтады. Сенің міндетің — Баракқа біздің ойымызды сездіру... Және Россия патшашылығының да Әбілқайырды өлтірді екен деп қуғын салмайтындығына сендіру. Өзгесін өзі-ақ істейді.

— Жоңғар мен орыс патшасы Әбілқайыр үшін Баракты дарға асып, оққа байламайды делік. Бірақ мұндайда жайшылықта жек көргенмен, хан құнын жоқтар Кіші жүздің рулары бар емес пе? Барак олардан сескепбей ме? Қанша көкжал дегенмен, оған да жан керек қой.

— Кіші жүз руларын Нұралыға жібер. Болашақ хан өзіне бағынышты елімен тіл табысар...

— Ал өзім жайында...

— Өзің жайында қам жемес... Россия империясы өз адамын қашан да қорғай білген.

Қанша сұм болғанмен, Құдабай осынау бір алыста жатқан сұмдықтың ызғарынан өзің тоңып кеткендей, сұрлана қалды. Тыңшысының мұндай халін алғашқы рет көрген Неплюев оның көңілін ашқысы келді.

— Орынборға көптен бері келген жоқсың ғой,— деді сөзді басқа жаққа бұрып.— Губернатор кассасында бірталай еңбекің жатыр. Соны ала кет.

Жаңа ғана сұрланып тұрған Құдабайдың түрі енді жайнан сала берді.

— Менің еңбегімді ұмытпағаныңызға мың да бір рақмет!— деді Құдабай басын иіп.— Жаңағы тапсырғандарыңыз бұлжытпай орындалады.

Елге қайтқаннан кейін Құдабай Хнуа ханының қол астында жүрген Барактың үлкен баласы Жолбарыс арқылы сұлтанға Неплюевтің ойын жеткізді. Жолбарыстан да шапан киіп, ат мінді. Енді ол Әбілқайырға да Орынбор губернаторының бар сырын жайып салды. Тек Жолбарыспен сөйлескенін ашқан жоқ. Ханнан да қамшат інік киіп, жорға мінді.

Неплюевтің ойы күтпеген жерден тез орындалды. Бір мың жеті жүз қырық сегізінші жылы шілде айының аяғында Әбілқайырмен сөйлесуге Петербургтен генерал Тевкелев келді. Бұл хабарды естісімен бүкіл балаларып және Кіші жүздің басты адамдарын ертін Әбілқайыр Орға жетуге асықты. Ол күндік жерге, ат ауыстырып отырып бес күнде келді. Екі аптадай болған әңгімеде Әбілқайыр орыс патшашылығына, әсіресе Орынбор губернаторына деген бар өкпесін айтты. «Келіннің бетін кім бұрып ашса, сол ыстық» дегендей, Кіші жүздің ханы «Россия қол астына кіруіне» себепкер болған Тевкелевтен еш сырын жасырған жоқ, бар ой-құпиясын жайып салды. Өз заманының бір ақылды, берік адамы және Россия мен қазақ даласының қосылуына көп еңбек сіңірген Тевкелев бұ жолы да Россия патшасының отаршылық саясатын жүргізуші адал уәкілі екенін ақтады. Тіл тауып, Әбілқайырдың ашуын тарата білді. Әбілқайыр шын жүректен бұдан былай да ақ патшаға адал қызмет етуге уәдесін берді. Тевкелевпен келісіп, бес жылдан бері қайтара алмай жүрген Қожахметін қайтарды. Орнына ел ағаларының балаларымен бірге өзінің ортаншы ұлы Айшуақ сұлтанды аманатқа қалдыратын

болды. Бір жыл өткеннен кейін Айшуақтың орнына ең кенжесі Әбілді жіберетін боп уәделесті. Ал Неплюев пен Әбілқайырдың арасын жөндеуді Тевкелев өз міндетіне алды.

Осылай ақ патшаға адал қызмет істемек боп, Әбілқайыр еліне қайтты. Құдабайдың айтқан құпия сырынан қорқып, жолай Орынборға соғып Неплюевке жолықпай, тікелей Ырғыз өзенінің бойында отырған Ордасына беттеді. Әбілқайыр ақ патшаға бұдан былай да адал қызмет етер ме еді, қайтер еді, бірақ амал не, хан тілегі орындалмай қалды.

Әбілқайыр жоңғар жағына шығып кеттіңдер деп көршілес қарақалпақ елін оқта-текте шабумен болатын. Әсіресе, Әбілқайырдың сойылы «Ақтабан шұбырынды» кезінде осы қарақалпақ тайпасына келіп қосылған Ұлы жүздің бір бөлегі Жалайыр ауылдарына қатты тиген. Бұл ел құрып кете ме деп қорыққан Жалайырдың басты адамдары, екі мың Жалайыр шаңырағын және олармен араласып кеткен екі-үш қарақалпақ аулын Кіші жүздің шекарасынан Торғай бойына көшірмек болған. Осы бір тайпы ел көшіп келе жатқанда, жақында ғана өзіп Орта жүздің біраз жұртына хан көтерткен Күшік сұлтан екі жүз сойылымен қапыда кеп тиіскен. Күшіктің қолына Барақ та келіп қосылды. Олар қарусыз көшті басып қалғанда, тек жүз үй қарақалпақтар ғана қашып құтылған. Осы құтылған жүз үйге Ор қаласынан қайтып келе жатқан Әбілқайыр кездесті.

Қарақалпақтар айыптарын мойындарына алып, Кіші жүз ханының қолына берілді. Енді Әбілқайыр Барақтан анау екі мың шаңырақты тартып алмаққа бел байлады. «Өзіміз бар болғаны жүз елу ғана сойылмыз, Бараққа төтеп бере алмаймыз» деген серіктеріне: «Барақтан қорыққан сендер — қатынсындар. Әйтпесе еркектен еркек қорқа ма екен» деп болмай, сол жүз елу адамымен, ұзап кеткен көшті қуып берген. Екі қол Торғайдан бір күндік жердегі Улкаяк өзенінің жағасында кездесті.

Қарамағына енген Жалайыр жігіттерімен жасағы көбейіп қалған Барақ, Әбілқайырдың жүз елу адамына бет бақтырмады. Тықсырып, қоршап алып, біреуін қалдырмай қыруға айналды. Әбілқайырға әбден өшігіп алған Жалайыр мен қарақалпақ жігіттері енді Барақ жағына

шығып, жан аяспай соғысты. Бірақ жаратылысынан батыр Әбілқайыр, «тағдырдың жазғаны осы болса көріп алайын» деп, кейін шегінбеді. Бірнеше адамды ат үстінен ұрып түсірді. Өзі де жау қолынан ат жалын құшып құлады. Жерде сұлап жатқан ханның жанына шапқылап жеткен Барақ беліндегі ұзын сапты, сүйір ұшты Хиуа қанжарымен жүрек тұсынан сәл төмендеу жерден құлаштап ұрды. Әбілқайыр ышқынып барып демін алды. Көгілдір аспап заматта қанға малынғандай қып-қызыл боп, шыркөбелек айнала жөнелді.

— Міне енді алыс-жұлыс, үміт-арман... бәрі-бәрі бітті,— деді ол үнсіз күбірлеп. Кенет ғажайып бір ой ең ақырғы ақыл-сезімін шарпып өтті.— Қандай данышпан едің, байғұс қазақ?! Сенен басқа бірде-бір халық дүние шіркінге «жалған» деген ат қоймаған болар. Қалай тауып қойғансың. Қу дүние, шын жалған екенсің... Өттің де, кеттің ғой...

Барақ алабұртып қабындап кеткен жүрегін зорға басып:

— Өз қолыммен өлтірдім! Өз қолыммен қаныңды іштім!— деді айдалада насаттана дауыстап.— Енді арманым жоқ. Қолыммен істегенімді мойныммен көтеруге бармын. Халық үкіміне өзім барып басымды ұсынам.

Сонан кейін ол артына қарамастан, атына мініп, күншығыс жаққа қарай жорта жөнелді.

...Бір жылдан кейін Кіші жүздің ханы етіп, Елизавета Петровна Нұралыға указ берді.

Үшінші бөлім

I

Жұпар аңқыған көкорай шалғын қалың шөп белуардан келеді. Сырымбет тауының күнгеі жағында қаз-қатар қонған кілең ақбоз үйлер алыстан ақ шағаладай боп көз тартады. Бұл — Абылай сұлтанның ауылы. Сәл қашықтау қонған шағын қараша ауыл — төлеңгіт үйлері. Төлеңгіт ауылының да, сұлтан ауылының да маңайы әбігер, қараң-күраң жұрт. Сойылып жатқан мал, көтерілген қазан.

Таңертеңгі мезгіл. Түс ауа бұнда үлкен той басталмақ. Қазір соған әзірлік жүріп жатыр. Той Абылай сұлтан мен Қалден Цереннің қарындасы Хочадан туған тұңғышы Қасымның жетіге толып, сүңдеттелуіне арналған. Абылай жоңғарлармен бір үлкен айқаста қолға түсіп, үш жыл қонтайшының Ташкенттегі сарайында тұтқында болған. Ақыры немере ағасы Әбілмәмбет хан мен Орынбор губернаторы Неплюевтің кірісуінің арқасында бір мың жеті жүз қырық үшінші жылы тұтқыннан босанған. Қалден Церен бұның орнына аманат етіп Әбілмәмбет ханның кіші баласы Әбілфейіз бен Барақ сұлтанның ортаншы ұлы Шағайды алып қалған. Қалден Церен Абылай сұлтанды құр босатпаған, түбі өзіме керек болар деп, оған сүйікті қарындасы, батыр Хочаны жар етіп қосқан. Әрине, жоңғар қонтайшысы өзінің бұл ісінде ел басқаратын адамға керек, Абылайдың батырлығын да, ақылдылығын да еске алған.

Абылай даңқы бұл кезде жер жаратын. Қарындасын берген қонтайшы қателескен жоқ еді. Өзі хан болмағанмен немере ағасы Әбілмәмбет ханнан Орта жүзге бұнын

кадыры кем түспейтін. Ел басқаратын ерекше қасиеттерінің арқасында оның даңқы үш жүзге бірдей тарай бастаған. Кім болса да Абылай пікірімен санасатын күйге жеткен. Қарындасын берген әккі қонтайшы тек бір-ақ заттан қателесті. Абылай Қалден Цереннің дегенін істемеді, өз саясатын жүргізді. Қандай жағдайда болса да қазақ жерін Жоңғардан босатуды ойлады. Бірақ ағағы жер жарғамен, Абылайға тікелей бағынған ел — Көкшетаудың жан-жағында сыңси қонған, өзіне жеті қызып беріп, жеті отау тіккен, Атығай, Қарауыл тәрізді Арғынның белді рулары ғана еді. Бұл әлі оның үш жүзге хан саналып, бетіне жан қаратпайтындай айбарлы кезі емес, Арғынның ер көкірек, долы мінез кей рулары Абылайға тақа бас не қоймаған шағы. Жетідегі сотқар ұлын сүндетке отырғызып той істеудегі сұлтанның бір ойы, әзірге шег жайылып жүрген осы руларды өзіне тарту еді.

Ел билеу?

Ел билеу оңай тмсе, халық тізгіні қолында болған адамның бәрі де ел аузында қалмас па еді? Қазақ тарихында жүздеген хан менен мыңдаған сұлтандар өтті. Солардың халық жадында қалғаны саусақпен санап аларлықтай. Хан тағына жету кейде оңай болғамен, хан тағында отыру әрқашан қиын түскен. Өйткені оған тек қана күш емес, ақыл, айла, саясат керек. Бұл қасиеттер біреуде бар, біреуде жоқ...

Абылай ел билеу ісінде көбіне Есім хан тәсіліне көңілін көбірек аударатын. Тікелей оның жолын ұстамағмен, кей тәсілдерін өз ісінде қолданып отыратын. Бұған да себепкер болған боз-баяғы Бұқар жырау. Ол бір күні Абылайдың бесінші атасы Есім ханның тарихын оған айтып берген:

— Хан тағдыры — халық тағдыры емес,— деген Бұқар жырау,— кейде жауы бір, тартысы бір болып, қан майданда бірге қаза тапқан күнде де, жатар моласы бөлек. Тек тарихтағы азды-көпті ісі халық ойынан шыкса, сондай ханды ғана қазақ елі есінде қалдырған. Соның бірі Есім хан.

— Хаджири есебі бойынша бір мың сегізінші жылы, яғни біздіңше, бір мың алты жүзінші жылы,— деген Бұқар жырау Абылайға — Тәуекел ханның орнына қазақ елі жиырма екі жасар Есімді хан көтерді.

Есім қазақ хандығының тағына отырысымен, ағасы Тәуекел мен Қияқ секілді Мәуреннахр жерінде ұрыста

каза болған белгілі батыр, сұлтандардың прағын Ташкент жерінен әкеп, Түркістандағы Хожа Ахмет Яссауи мешітінің түбіне жерлеткізді.

Оның бұл кездегі ең күрделі саясаты: шығыс Түркістанда болып жатқан Моғол бектері мен Шағатай ұрпақтарының арасындағы жанжалдарға кірісуі еді. Өйткені дәл осы шақта қытай айдаһары Шығыс Түркістанға қарай қол созып келе жатқан. Бұл қазақ еліне зор қауіп-тұн. Сондықтан қытай мен қазақ хандығының ортасындағы елдердің қандай күйде екенін білу керек болды.

Ал Жетісу мен Шығыс Түркістанның біраз жеріне әмірлігін жүргізіп келген Әбдірашит хан өлгеннен кейін, балаларының арасында үлкен дау-жанжал басталған. Олар бұрын қазақ хандарымен одақтас саналған қырғыз елінің де кей тұсын өздеріне қаратуды ойлаған. Бұларға қырғыз руларының алауыздығы да өздерінің жерін, суын талап-тараж етуіне жол ашты.

Есімнің хан болған кезінде Әбдірашиттің ортаншы ұлы Әбдірахман Шалыш пен Тұрфанның билігін алған. Жетісу мен Шығыс Түркістанның қалған жері Әбдірашиттың өзге балаларының қолында еді. Бірі Аксуда хан болса, бірі Құсанды, бірі Құшты менгеретін. Қысқасы, Әбдірашит қайтыс болысымен оның ұрпақтары билікке, жерге таласын қырық пышақ боп бүкіл Моғолстанды талап-таражға түсірген.

Есім шақырған хан кеңесінде қазақ елі Әбдірахманды қолдамақ болды. Әбдірахманның шешесі Жетісу бойындағы Үйсін қызы еді. Және Әбдірахманның да, өзіме жәрдем түбі осы жақтан келеді-ау деп, бір бүйірі қазақ еліне тартып тұрды. Есімге бұл мәселе жөнінде қырғыз манаптары да қосылды. Оған себеп, қырғыз еліне Жаркент, Аксу Қашқар хандарынан гөрі ертеден одақтас болып келген қазақ елі қолайлы еді. Тағы бір жағдай: бұл тұста жоңғар қонтайшысы күшейе бастаған. Ал олардың шапқыншылығынан құтылу саясатында қырғыз бен қазақ тілегі ұштасып жатқанды. Сан мәртебе екеуі бірігіп, жоңғарларға тойтарыс та берген.

Есім Әбдірахманға жәрдем ретінде бес мың қазақ әскерін жіберуді ұйғарды. Ол бұл әскерді Тұяк батырға басқартпақ болды.

Ертеңіне хан Тұяқты шақыртып алды. Тұяк пен Есім екеуі де еңселі, зор денелі еді. Сарайға тәжім беріп кіріп келген батырға, хан:

— Жоғары шық!— деп қасындағы жастықты төрге қарай сырғытып тастады. Қарадан шыққан адамға ханның өз қолымен жастық тастауы зор құрмет. Тұяқ жайғасып отырғаннан кейін Есім оны неге шақырғанын айтып келіп:

— Жетісу мен Түркістан маңайындағы Ұлы жүздің бар руларын біз өз қолтығымыздың астына алуымыз керек, сол себептен Үйсіннің көп жұртын билеп отырған Әбдірахман ханға жәрдем беруді ұйғардым,— деп сөзін аяқтады.

— Хан ойы халық тілегінен шықса, оған не жетсін!— деді Тұяқ сабырлы үнмен.— Бәріміз де адамбыз ғой. Адам болған соң армансыз тіршілік ете алмайды екенсің. Бұйрығыңызды орындамастан бұрып, менің де бір арманым бар еді, егер рұқсат етсеңіз, соны айтайын...

— Айт, батырым.

— Үміт деген бір қайық. Ер жігітті жолы болса дүниенің қапасынан да, қайғысынан да алып шығады. менікі сол бір үміт қой. Тағдыры өзіңнің қолыңда...

— Тыңдайық, аяғына дейін айт...

— Жарайды, құлдың баласы демей, батырым деп тыңдағың келіп тұрса, айтайын... Алдымен мынаны білгім келеді. Хан ием, мен ақ сүйектен шыққан жоқпын, жан-тәніммен ел-жұртыма қызмет істеп келем. Ерлігім, не қызметім көңіліңізге олқы соғып жүрген жоқ па?

— Жок, өзге батырларым бір төбе де, сен бір төбесің ғой.— Шыны ма, кекесіні ме Тұяқ айыра алмады.— Әбдірахманға жұмсап отырғаным да содан емес пе...

— Онда айтайын. Бас кеспек болса-дағы тіл кеспек жоқ. Қисаң жеңген Ақторғынды маған бер.

Біреу жағынан тартып жібергендей, Есімнің өңі қаракүренденіп кетті.

— Ей, сен не малтанды езіп отырсың?

— Жаңа өзің айтқан жоқ па едің, өзге батырларым бір төбе де, сен бір төбесің деп...

Ханның ызадан қаны қашып мойнына құрық түскен асаудай басы кекжең ете қалды. Әрине, қазақ елінде хан мен әйелі бірге өлсін деген заң жоқ. Ағасы Тәуекелдің жұбайы да өмір-бақи жесір қалмайды. Біреуге шығуы керек қой. Бірақ ол ханның әйелі, ханның жеңгесі емес пе? Есігінде жүрген құлға қалай шығады? Ол мүмкін емес...

— Жеңген Ақторғын да осыны тілейді,— деді Тұяқ батыр.

— Сонда қалай болғаны? Тәуекел ханға жыл болмай жатып көңіл қосып қойғансыңдар ма? Онда екеуің де айыптысың?

— Жоқ, олай емес, хан нем!

— Жә, тоқтат, күл!

Қанына тартпағанның қары сынсын дегендей, Есім қазір қанына тартып отыр. Төреден жаратылған ханның жесірін қарадан шыққан бір батырдың аламын дегеніне қорланып қалған. Бұл да ештеңе етпес еді, егер құралай көз, оймақ ауыз жесір жеңгесіне жас ханның өзінің көзі түспеген болса... Өзінен он жас үлкен болса да, Есімге ол он жеті жасар қыздай көрінген. Қыпша бел, ақша маңдай, кербез жеңгесінің қасында өзге орда сұлулары аққудың жанындағы қоңыр қаздардай ғана көрінетін. «Аға өлсе, жеңге мұра» деп қарайтын қазақ дәстүрімен, Есім ағасының асынан кейін жесірін өзі алмақ ойда-тын. Хан қанша әділеттімін дегенмен де, өз нәпсісінің тілегінен аса алмаған.

Ол қолындағы күміс қоңырауын үсті-үстіне ашулана қақты. Үйге асыға кірген күзетшілерге:

— Қару-жарағын сыпырып алып, мынаны қазір зынданға тастандар!— деп бұйырды да теріс бұрылып кетті.

Хан сарайының жанындағы қара алаңдағы зынданға атақты мыңбасы Тұяқ батырды апарып салған хабар, заматта бүкіл Түркістан шаһарын шарлап өтті.

Қару-жарағын сыпырып алып Тұяқ батырды қара алаңға апара жатыр деген хабарды дәйекші балаларының бірі келіп жеткізгенде, Ақторғын жерге тиер ұзын қолаң шашын өргізіп отырған-ды. Жүрегін ұстап, кенет аппақ бөздей боп шошып кетті.

— Жолымбет батырды шақыр,— деді қасында тұрған әйелге.

Кіші жүздің таңдаулы қолын баскарып жүрген Жолымбет батыр Ақторғынның нағашы ағасы еді. Ханнан кешірім сұраудың керегі жоқтығын ханым бірден ұққан. Сұрағанмен де бұл өтініші жақсылыққа апармайды. Қазақ дәстүрі бойынша Есім өз жесіріне не істеймін десе де еркі бар. Әрине, ақылға салса хан өзінің нәпсісі үшін Тұяқ секілді халықтың сүйікті батырын зынданға салып, қалың елді өзіне қырғи-қабақ етпес еді. Және

Ақторғынның Кіші жүздің қызы екенін де естен шығармағаны жөн. Бір тайпа елдің намысына тиюдің қанша қажеті бар? Аз күнгі ләззатынан басқа, он жас үлкен Ақторғын оған не бере алады? Алдымен өзі суынбай ма? Ал Тұяқ болса бір сәрі. Қырық жас еркектің қылшылдаған кезі. Тұяқтың жасы да, алып күші де Ақторғынға сай. Бұл жаста еркек ләззаты берік ләззат. Сол себептен де Ақторғынның кішкентай жүрегін ол өзінің үлкен алақанына сап мәпелеп тұрғандай болып көрінеді жесір әйелге. Иә, Тұяқтың бұны өмір-бақи мәпелеп өтетіні хақ.

Ақторғынға мұндай сезім осыдан жарты жыл бұрын пайда болған. Тұяқ бұны бір күні қолтығынан көтеріп атына мінгізген. Ағашты түбірімен жұлып алатын сонау бақандай күшті қолы сонда Ақторғынның кеуде тұсына тіпті жұмсақ тиген. Неге екені белгісіз, сол сәтте бұның кішкентай жүрегі алас ұрып ойнай жөнелді. Ақторғын сонда осы бір алып қолдың жүрек тұсында ұзақ қалуын тілеген...

— Хан тағында отырған қайымынан еш жақсылық күтпеймін,— деді Ақторғын нағашы ағасына бар жайды айтып болып,— мен елге қайтуым керек. Сенің жігіттерің қалада тұрғанда тез қашқаным жөн. Тұяқпен дос-жар секілді едің, хан соңымнан қуғын жіберіп әбігер болып жатқанда, оны зынданнан құтқара көр, нағашы аға. Айыбын Ноғайлы елі өзі айтсын!..

Намысқор Жолымбет батыр жиеңінің сөзін мақұлдады. «Ақторғынды берсе, Ақ Орданың шаңырағын сыйлап Тәуекелге берген Кіші жүз. Есімге ойыншық еткізбейді. Төркін елімен ақылдаспай бұл қай қорлағаны! Ал Тұяқ батырға келсек, жиеңнің бұл тілегін де орындауға болар,— деді Жолымбет батыр,— жиең қарындасын құтқаруға көнгенде оның көңіл қосқан жігітін зынданнан шығаруға неге көнбесін. Тұяқ батыр бір елдің ардагері. Қеше Бұхараға аттану керек пе, керек емес пе деген сұрақ туғанда, жұрт ханның сөзін емес, осы Қияк пен Тұяқтың сөзін тындаған жоқ па еді? Егер Тұяқты құтқарса, қара халықтың алғысын алады. Халықтың алғысын алу аз құрмет емес»...

Жолымбет батыр осылай ойлады.

Ал Тұяқ болса, сол қара алаңдағы қара зынданда отыр. Анда-санда қозғалып қалса, шынжырлар ғана шыладырлайды. Шыңырау үстіндегі боямашы тесіктен сонау көгілдір аспан көгінде оқта-текте ұшып бара жат-

қан құстар ғана көрінеді. Тек өткен күндер қиялдары ғана жан серігі.

Тұяқ жүрегінде Ақторғынға деген от сонау алғашқы кездескен күннен-ақ жанған. Осы оттың да зардабы болуы керек. Ташкент түбіндегі ұрыста ол Ақторғынға арналған талай өткір найза ұшына өз кеудесін тосты. Ақторғынға төнген сан жауды шойын басты келте шокнарымен жайратты.

Түркістанға келгеннен кейін, Тәуекелдің қырқын бергенше Тұяқ Ақторғынды көрген емес. Одан кейін де сирек кездесіп жүрді. Онда да жұрт көзінше ғана. Осы кезде бір-ақ рет Ақторғынды өз қолымен атқа отырғызды. Соның ертеңіне дәйекші бала келіп:

— Ханым сізді шақырып жатыр!— деді.

Тұяқ баланың соңынан ерді. Бұны сарай есігінің алдында қарсы алған Ақторғын:

— Батыр, бір күннің ішінде асауымды үйретіп бере аласың ба?— деп сұрады.

— Жарайды,— деді Тұяқ қуанғаннан жүрегі жарыла жаздап.

«Патша әйел сүйген жігітін ең алдымен асау жылқысын үйреткізіп сынайды екен» деген бір аңызды Тұяқ жас кезінде естігені бар. Ханымның бетіне қарады. Босқа қуанбаған екен. Жаудыраған көзінен өзіне деген бір өзгеше сезімді байқады. Ақторғын бұған асау атын емес, асау жүрегін сынатқалы тұрғандай көрінді.

Ақторғынның үйрет деген асауы төркіні — Жағалбайлы елі жіберген, құрық көрмеген жеті жасар тағы жылқы боп шықты. Сымбатты, дене бітісінің бәрі жұп-жұмыр. Төрт жігіт арқандан әзер ұстап тұрған асаудың үстіне Тұяқ секіріп мінді. Асау құйындата құба жонға ала жөнелді. Күн батып бара жатқан кезде қара терге малынған, әбден жуасыған асауды батыр Ақторғынның босағасына әкеп байлаған.

— Мың жасаңыз, батырым,— деді жесір, көзі баяғысындай тағы ұшқын атып.

Сол күні ел жатардың алдында Тұяқтың шатырына дәйекші әйелдің бірі келді. Батыр әйелдің соңынан ерді. Сарай есігінің алдында Ақторғынның өзі күтіп тұр екен. Үйге кіріп, оңаша қалғаннан кейін ол:

— Батыр, асауымды мініп көрдім, тамаша етіп үйретіпсің, ақысына не берейін?— деді дауысы дірілдеп.

Тілі күрмелген адамдай Тұяқ ештеме айта алмай

тұрып қалды. Қуаныштан жүрегі лүпілдеп, демін әзер алды.

— Жарайды, ақысы үшін... өзім сүйейін,— деді күліп Акторғын.

Қуаныштан есін жия алмай тұрған батырдың қасына келді. Аяғының ұшымен созылып көріп еді, ерні тек Тұяқтың кеуде тұсына ғана жетті.

— Тұу... бойым жетпеді ғой,— деді ол еркелене,— көтерсейші өзің.

Тұяқ бақандай қолымен Акторғынды тік көтеріп, жас баладай алдына алды. Жесір әйелдің жұп-жұмыр аппақ білегі мойнын орай берді. Дүние шыр-көбелек айналып кетті.

Таң қараңғысы кезінде Тұяқ батыр Акторғынның сарайынан шықты. Ханымның ақ сазандай аппақ денесі құшағында тұрғандай екі қолымен әлденені әлдилей күлімсіреді.

— Тәубе! Тәубе!— деді дауысы қуанышқа сыймай,— мұндай да қызық, тамаша түндер болады екен-ау!

Акторғын құрсақ көтеріп қалған еді. Бірақ Бұхардың кең жібек көйлегі оның тола бастаған ішін өзгелерге аңғартпаған. Әйтсе де, хан сарайындағы тесіле қараған көп көзден ханым қысыла бастаған. Бүгін болмаса, ертең құпия сырдың ашылуы айқын... Тұяқ батыр анадай күйге ұшырағаннан кейін, оған кашудан бөтен жол жоқ-ты. Қашпаса бәрібір екі қабат скені ашылады. Жұрт алдында масқара болады. «Не Тұяқ батырға қосылуым керек, не өлуім керек!» деді нағашысы Жолымбет батырға Акторғын өзінің шын сырын ашпаса да, алыстан ұқтырып.

Бір сұмдықтың болып қалғанын іші сезген Жолымбет, енді бүкіл Кіші жүздің абыройын сақтағысы келді. Бұрын көңілінде аздаған дүдәмал күдігі болса, осы мезгілден бастап «Нар тәуекел!» деп, Акторғынды құтқаруға кірісті.

Сол күні түнде Жолымбет батыр бастаған бір топ жауынгер қаланың күнбатыс жағында қақпаның түбіне келді.

— Қайда барасыздар? Кім рұқсат етті!— деп, алдарынан кес-кестей күзет бастығы тұра қалды.

— Мен рұқсат еттім!— деді Жолымбет атының басын

сәл тежеп. Кіші жүз батырының ұрда жықтау, сотқар мінезімен бұрыннан да таныс күзет бастығы «ә, сіз бе едіңіз» деп кейін шегіне берді.

Бір топ жігіт қала қақпасынан шығып, батысқа қарай шаба жөнелді. Ортасында Тұяқ батыр үйреткен есік пен төрдей шұбар айғырды мінген, бет-аузын тұмшалап жауып алған біреу кете барды. Бұл Ақторғын еді.

Жесір жеңгесінің қашқанын ертеңіне білген Есім жер тепкілеп ашуланып, дереу қуғын жіберді. Бірақ бұл әрекетінен ештеңе де шықпады. Ақторғынды ұстай алмаған соң, енді бар қаһарын Тұяққа аударды. Күзетін күшейтті. Жолымбет батыр оны құтқара алмады. Құтқарып та қалар еді, Есім хан Тұяқ батырды қара алаңдағы зынданнан шығартып, өз сарайының іргесіндегі зынданға әкеп салдырды.

Есім Жолымбет батырдың Ақторғынды қашырып, түнде Тұяқты құтқаруға әрекет істегенін біле тұрса да, оны жазаламады. Кіші жүзбен біржолата жанжалдасқысы келмеді. Өшін бөтен жолмен қайтаруды ойлады. Тұяқ батырдың орнына Шығыс Түркістандағы болғалы жатқан ұрысқа ол енді Жолымбетті жіберді. Бір ажалға барып қайтсын, деді хан ішінен, тірі келсе сонда көрерміз, хан ісіне қалай кірісудің керек екенін!

Жолымбет Қашқардан алты айдан кейін қайтты. Және үлкен жеңіспен қайтты. Бұл жеңісті ол Әбдірахманның іні, ағаларымен соғысудан тапқан жоқ. Сыртқы жаумен айқасудан тапты.

Қытай боғдыханына тістері бата алмаған жоңғар қалмақтары осы кезде Жетісу бойындағы қазақ пен қырғыз ауылдарына шабуылды үдеткен. Осындай үйреншікті бір жорығынан қалмақтың қалың қолы қайтып келе жатты. Алдарында қыруар мал, арбалары толған дүние-мүлік. Арқанмен матастырған қырғыз-қазақ ауылдарының қыз-келіншегі.

Шатқал, құзды тауларының бір бөктерінде аңдып тұрып, жоңғар қолы жазық ойпатқа шыққан кезде, Жолымбеттің бес мың жауынгері жан-жағынан атой салған. Жау әскерінің саны көп болса да, ойламаған жерден тиген қазақ жауынгерлеріне төтеп бере алмаған. Зәре-құты қашып, өз бастарын қорғаумен болды.

Жолымбет қалмақтардың күл-талқанын шығарып,

бес жүздей жауынгерін қолға түсірді. Шабылған қазақ, қырғыз ауылдарының адамдарын босатып, мал-мүлкін тегіс өздеріне қайтарды. Ал жоңғар қолынан түскен басқа көп олжаны, «елдегі қатын-балаларыңның несібі» деп ала жібіне дейін қалдырмай, алты айдан бері олжасыз жүрген әскеріне бөліп берді. Оның ішінде «хан үлесі» саналатын қазына-мүлік те кеткен. Жолымбет Ордаға қайтпай жатып оның бұл қылығын (әрине түскен олжаны он есе өсіріп) қастары Есімге жеткізді. Ханға «олжамыз» деп тек бес жүз тұтқын жау жауынгерін ғана алып келген. Бұрыннан да өш Есім, енді бетінен түгі шыға ашуланды. Оның үстіне сол күні түнде зынданнан Тұяқ батыр да қашып кеткенін естіген. Тексеріп келгенде Тұяқты қашырған Жолымбеттің адамдары болып шықты. Әбден ызаланған Есім Жолымбетті ұстауға бұйырды. Жендеттер Тұяқтың орнына енді Жолымбеттің өзін зынданға апарып салды.

Сол күні түнде «Жолымбет дарға асылсын» деген хан үкімі жарияланған-ды. Ертеңінде Қара алаңда дары дайындалды. Жолымбет секілді ел-жұртқа әйгілі батырды жазалап жатқанда қара бұқара наразылық көрсетіп жүрер деп сескенген хан, алаңды қоршай әскер қойды. Осы аласапыран күндердің алдында ғана Түркістанға Жиембет жырау келген. Болайын деп жатқан сұмдықты естіп, ол хан сарайына беттеді.

Ағасы Тәуекел ханның досы болған атақты жырауды көргенде, Есім амалсыз күлімсіреп қарсы жүрді.

— Армысың, жырауым! Жүрісің тым асығыс екен, ел-жұртың аман ба?

Жиембет жауап орнына толғай жөпелді:

«Әмірің қатты Есім хан,
Бүлік салып бұйырдың,
Басың бер деп батырдың
Қаның ішіп қанбаққа,
Жаның отқа салмаққа,
Атадан жалғыз ол емес,
Хан ие, ісің жол емес,
Жолбарыстай Жолымбет
Құрбандыққа қол емес
Жол тосып алып кетіпті,
Қалмақтан алмақ сыйыңды,
Қаһарыңды басқалы
Қалың елім жиылды
Бастап келген өзге емес,

Жиембет сынды биінді
Малын салып алдыца
Әр саладан күйылды.
Он екі ата Байұлы
Бір төңірге сыйынды».

Жырау толғауының зілді толғау екенін түсінген Есім хан, райынан тез қайтты.

— Жарқыным, ең алдымен амандасайық та!— деді.

Жиембет тізе бүкті.

— Бұл айып бізден, арсың ба, хан ием!

— Барсың ба, Жиембет жырау? Сен келгенде қимай-
тын қиындық бар ма? Бір ауыз толғауың үшін қидым
Жолымбет батырдың күнәсін. Босатыңдар батырды!

Есік алдында тұрған дәйекші үйден ата жөнелді.

— Бір тілегімді орындадың, хан ием,— деді Жиембет
басын иіп.— Бізді риза еткенің, бүкіл халықты риза ет-
кенің!

Есім ханның да ойлағаны осы еді. Кектесіп бір ба-
тырдың басын алғаннан гөрі, бір тайпа елдің аузын ал-
ғанды жөн көрген. Тілегін орындамаса, Жиембет жырау-
дың сонау Жайық бойына ханды даттап бармасына кім
кепіл?

Жолымбеттен айрылған Есім, енді Әбдірахманға
жәрдем беруге қалың қолмен өзі аттанды.

Ол бұл өңірде Әбдірахман хандығы қырғыз елімен
одақтасып, Ақсу, Жаркент, Ош секілді шаһарларды
Әбдірашһтің өзге балаларынан тартып алмақ боп сан
мәртебе жорыққа шықты. Тарбағатай тауын бөктерлей
кұлаған Батур қонтайшы басқарған жоңғар қолдары-
мен де алысты. Ақырында аз уақытқа болса да жоңғар
шапқынын тоқтатты. Есім дәкпіріне шыдай алмаған
жоңғар әскері Жетісуды жаулап алудан бас тартты. Бұ-
дан басқа оның тағы бір жеңісі — қырғыз елімен бауыр-
ласып алды. Ташкент тартысында өзімен достасқан қыр-
ғыз манабы Көкеменге арнап Ташкентте «Көкеменнің
көк күмбезі» атты салтанатты мешіт салдырды. Және
Шалыш пен Тұрфанның ханы Әбдірахманмен достық,
жекжаттық одағын мықтап бекітті. Бұл достық Әбдірах-
ман өлгенше сақталды.

— Есім жетпіске дейін өмір сүрді,— деген Бұқар
жырау.— Әрине, ол ел билеу ісінде тегеуірінді, кәрмі әре-

кеттерді де көп қолданды. Әйтпесе Жиенбет жырау оны босқа «Әмірің қатты Есім хан» демесе керек-ті. Бірақ ол керек жерінде батырларының да сөзін тыңдап отырған.

Сөзінің аяғында жырау:

— Саған берер тағы бір ақылым,— деген Абылайға.— Замана түлкі, адам қыран... Бөктерде бүркітті көрген түлкі, етекке түсіп, жауымен кең жерде айкасудан тайсалса, сол бөктердегі өзі түстес бір қызғылт тастың кня бетіне құйрығын шаншып тұрып қалады. Қыран ондай түлкіні көруі керек. Ел билігі қолыңа тиген екен, көреген бол. Ақылың мен айлаң қатар жүрсін.

Абылай Бұқар жыраудың осы сөздерін жадына мықтап тұтты. Басына қауіп-қатер туған сан қатерлі күндерде де ол қара басынан көрі, өзі таңдаған жолын жоғары ұстады. Сол табандылық оны алыстағы армандарына да жеткізді.

Абылай қазір қырықтан жаңа асып бара жатыр. Ол сұңғақ бойлы, ат жақты, қарасұр, түсі суық адам. Үлкен, ойлы сұрғылт көздері кісіге қарағанда өңменнен өткендей ызғарлы...

Күн ұясынан жаңа шығып келе жатқан мезгіл... Дүние жүзі сонау алтын күннің нұрына шомыла жайнап, гауһар тастай құлпырады.

Абылай бұлғын жағалы қара мақпал шапанын иығына бос жауып, ақ ордадан шықты. Қолына жез құман ұстаған, иығына шеті кестелеген хнуа сүлгісін жапқан бала жігіт сұлтанның өзіне қарай жақындауын күтіп, апандай жерде үн-түнсіз тұр.

Абылай сонау бір ғажайып табиғаттың оянып келе жатқан бейкүнә көрінісіне сұқтапа қарап сәл тоқтады да, құман ұстаған бала жігітке қарай аяғын бірер аттап, кенет тұра қалды. Дәл сол сәтте Сырымбеттің ойпаңдау етегінен атой салып шауып келе жатқан екі салт атты көрінді.

Қатар шапқан қос күрең, көл бетін қанаттарымен сипай ұшқан қырғи құстар тәрізді. Ауылға жақындай бере хабаршының:

— Аттан! Аттан! Жау келіп қалды!— деген дауыстары да жетті.

Көзді ашып-жұмғандай мезгіл өткен жоқ, басына орамал байлап алған салт аттының біреуі қараша ауылға

қарай бұрылды да, ал далбағай киген, түйе жүн шекпенді мұрттысы Абылайдың жанына келіп тоқтады.

— Арғынның бес мейрамының бес мың әскері келе жатыр,— деді жігіт еңтіге,— Ботақанның құны үшін Абылайдың басын аламыз дейді.

— Бастап келе жатқан кім?

— Қаз дауысты Қазыбектің баласы Бекболат би.

— Ұлы бидің өзі қайда екен?

— Көктемнен бері сырқат деген. Арғынның елірген тентектерін баласы Бекболат ертіп келеді.

— Өздері қай тұста?..

— Сәске көтеріле жетіп қалар. Әйтеуір түстері суық, біреудің қанын ішпей тоқтар емес.

Абылай сәл ойланып тұрды да, дереу шапанын киіп, артында тұрған бір пөкеріне бұйрық берді.

— Ұр дабылды! Қолына қару ұстайтын еркек кіндік тегіс жиналсын.

Сол-ақ екен, орда қасындағы кепкен қарынмен кернелген тай қазандай қос дабылды екі жігіт октаудай жұмыр таякпен қос қолдап ұра бастады. Жаугершілік заман, жауға шабатын жігіттердің аттары белдеуде тұрған. Біразы жақын маңда шідерлеулі жайылып жүрген. Ауыл үсті лезде опыр-топыр бола қалды. Әне-міне дегенше ер азаматтар аттарына да мініп, ауыл сыртына жиналды. Үстіне сауыт-сайманын киіп, Абылай да акбоз үйден шықты. Төленгіт жігіттің біреуі Абылайдың атакты бодауи тұлпары Жалынқұйрығын алдына тарта берді.

Ал жұртты әбігерге салған бұл оқиғаның тарихы мынадай еді. Бұдан екі жыл бұрын Арғынның бір тармағы Қаракесек елінде бір үлкен ас болған. Үш жүздің баласы тегіс шақырылған сол асқа өзінің төленгіттерімен Абылай да барған.

Бәйге, күрес, жамбы ату басталып, ас әбден қызған шақта, тамаша көруші жамағатты аралап жүрген Шаншардың еріккен қуларының бір тобы Абылайдың үстінен шығып қалады. Абылай теңге алуды тамашалап тұрғанды. Сонда көп құдың ішіндегі тентектеу біреуі:

— Сұлтанның басындағы қалпағын қағып түсірсе қайтер еді,— дейді.

Қасындағылар оны желіктіріп:

— Абылайдың қалпағын қағып түсірсең, өзіңнің де басың кетеді,— дейді.

Сонда әлгі қу жан-жағына қарамастан хан тобына кимелеп келеді де, аңдамаған болып, қамшысының сабымен Абылайдың басына киген алтын зерлі айыр қалпағын ұшырып түсіреді.

Сұлтан Шаншар қуының бұл қылығы жапына қатты батса да сыр бермеген:

«Ұлан асыр үлкен ас, жеген тоқ, ішкен мас — деген екен-ау!» — деп күлген де, атының басын бұрып жүре берген. Жерге түскен қалпаққа қайырылып та қарамаған.

Келесі бір мың жеті жүз елу екінші жылы генерал Киндерман Қызылжар бекінісін салып болып, осы бекіністің бітуіне Қызылжарда үлкен жәрмеңке ашылған. Оған Каракесек ішінен де біраз адамдар барады. Осы жәрмеңкеде Абылай өткен жылы өзін күлкі етпек болған кулардың айыбы ретінде Каракесектің Жанай, Ботақан деген екі белгілі адамын ұстатып алып қалған-ды. Әлде сұлтаным деп сыйламай тіл тигізді деді ме, әлде өткен жылы кулардың қылығына масайрай күлген топтың ішінен осылар көзіне шалынып қалды ма екен, әйтеуір, Абылай Жанайға онша көп қысым көрсетпейді де, Ботаканды тірідей көрге салады.

— Шаншар жігіттерінікі жай қалжың еді ғой, — деп ақыл айтқысы келгендерге, Абылай:

— Бағынышты елінің бүгін қылжағын кешірген сұлтан, ертең оның қылмысын көтеруге мәжбүр болады! — деп жауап берген.

Көрге түскен Ботақан ас-су ішпей жатып алады. Бір-екі күн өткен соң, Абылайдың бұйрығы бойынша, «снді көрден шық» деп келген жігіттерге ызалы Ботақан, «Көрге түскен адам тірі шықпайды» деп, өзінің ішін өзі есіп жіберіп, жарылып өлген.

Бұл хабар елге жеткен соң Арғынға жататын Қуандық, Сүйіндік, Бөгендік, Шегендік, Каракесек — Балтақожа, Шұбыртпалы, Қаржас тегіс атқа қонған, Әскер саны үш мыңдай адам.

Ат басы Абылай сұлтанның ауылына қарай бұрылысымен-ақ, бұған жолай төре тұқымынан киянат көрген басқа рулардың кедей топтары да қосыла берген. Ақыры бес мыңға жуық қол Ботаканның құнын жоқтап, алдында кім тұрса да быт-шыт етуге дайын долы күшке айналған. Арғынның ұлы биі қаз дауысты Қазбек осы кезде жетпіс жетіге кеп, төсек тартып жатқандықтан, бұл

топты Абылайдың басқа да астамшылық, қиянаттарын көріп әзер шыдап жүрген Бекболат басқарып келе жатыр еді.

Бекболаттың өзіне өш екенін білетін Абылай, ауыл сыртына шыққан соң, жиналған жігіттерін жіті шолып өтті. Бар болғаны үш жүздей ғана сойыл екен. Мұндай аз күшпен ашуға мініп тасыған өзендей ереуілдеп келе жатқан кара казакқа төтеп бере алмайтынын Абылай бірден ұқты. Рас, Абылайдың жігіттері сан айкаста болған, біреуі жүзге татитын, мүйізі шаңырақтай кілең марқасқалар. Бес мың адамға қарсы шығып, төтеп берген күннің өзінде де ол артық қан төгіске барғысы келмеді. Осыны ойлап тұрып қалған Абылай кенет барлаушы жігітке бұрылып:

— Келе жатқандардың ішінде кімдер бар екен?— деп сұрады.

Барлаушы кімнің барын айтуға аузы бармағандай күмілжіп қалды.

— Айта бер, кімдер бар?

— Айдабол Олжабай батыр да бар... Жанында бала жырау Көтеш...

Абылай басын көтерін алды. «Әделет сүйгіш Олжабайдың өзі ереуілшілерге қосылса, бұл тегін аттаныс болмады». О кезде жыраудың батыр болуы, батырдың жырау болуы таңқаларлық іс емес. Арғынның бір тармағы Қаржас руынан шыққан Олжабай әрі батыр, әрі жырау еді. Қырыққа жасы келіп қалса да, қай өнерінің басым екенін өзі де білмейтін. Жыырмасынан бастап батырлығы Орта жүзге әйгілі бола бастаған. Олжабай қатыспаған казак пен Жоңғар арасында бірде-бір белгілі ұрыс өтпеген шығар. Бәрінің де алдыңғы шебінде Олжабай жүрген. Оның тағы бір қасиеті со кезде казак жерінде айтылып жүрген қиса, дастаннан Олжабай білмейтін біреуі де жоқ еді. Әлдеқалай ол бәлен ауылда өзіне таныс емес дастан не жыр бар дегенді естісе, қанша алыс жер болса да оған аттың терін аямайтын... Хат танымауына қарамай, естіген бір сөзін ұмытпайтын. Сондықтан да болуы керек, Олжабай жырларында фарсы, араб, тіпті кейде орыс тілінің де жеке сөздері кездесіп отыратын. Осы Олжабай сан мәртебе домбырасын қолға алып, өзі дастан шығаруды да ойлады. Бірақ бірде-бір реті келмей-ақ қойды. Ол домбырасын ұстаса болғаны, дәл сол сәтте «ел шетіне жау келіп қалды!» деген жаршы

айқайы естілетін. Жырау домбырасын тастай беріп, енді қолына найзасын алатын. Осылайша ол Абылаймен бірге сан мәртебе жоңғарларға қарсы жорыққа аттанған. Жас Абылай қолға түсер жолы, Жоңғардың үш ноянын өлтіріп, Олжабайдың өзі әзер құтылған...

Олжабай енді жорықты тастап, қолына домбыра аң, ел қыдырып, халқының мұң-зарын жырлауды қаншалық арман етсе де, жаугершілік заман мұрша бермеді. Әзірге бар қолынан келгені, өзі секілді ән мен күйді аңсаған, бірақ қолы оған жетпей жүрген, жас дарындарға жәрдем беру ғана. Ондай жасты құр қасына ғана ертіп жүрмей, атсызына ат берді, үйсізіне үй берді. Осындай жастың бірі ата-анасынан жетім қалған он жеті жасар Көтеш ақын еді. Олжабай оны жастығына қарамай өзіне серік етті. Өзі жете алмаған өнер қиясына Көтештің жетуін тіледі.

Осы ақ жүрек, ескі досы Олжабай енді, міне, Абылайдың қанын ішуге аттанған топпен бірге келе жатыр!

Жоқ, бұл жай ереуіл емес, халық наразылығы әбден шегіне жеткен қанды ереуіл.

Абылайдың кенет ешкімнің ойына келмеген оқыс шешім алуына осы жағдай себеп болды.

— Келе жатқан Арғын ереуілшілеріне қарсы шықпай-ақ, бой тасалай тұрайық,— деді ол.

— Сонда біз қайғеміз?— деп ауылда қалатын қатын-қалаш, кәрі-құртандар шу етті.— Бекболат жігіттерін біз қалай тоқтатамыз?

— Арғын жігіттерін тойға дайындалған тағамдармен жақсылап қарсы алындар! Иілген басты ешкім де шаппайды,— деді сұлтан.

Абылай соны айтты да жігіттерін ертіп, бел асып жүріп кетті. Үйі тігулі, жүгі жинаулы, қазаны асулы қалды. Өрістегі малына да тимей, әдейі ауыл төңірегіне тастады. Қелер жауды қарсы алу күтуші жігіттер мен әйелдерге ғана міндеттелді.

Екпіндеп жеткен ереуілшілер мұны көрген соң, күрг басылды. Бұл — Абылайдың өз айыбын түсініп, кешу сұрағаны деп, басалқы айтушылар да табылды. Өздері шаршап, қарындары ашып келген жұрт мал сойылып, қазан көтеріп жатқан ауыл адамдарымен әкей-үкей табысып кетті. Аздан кейін қазандағы ас та пісіп, жігіттер қауқылдасып, кенелді де қалды...

Дәл осы сәтте анаайдан аттан түсіп, жаяулап келе

жатқан Абылай сұлтанның өзі де көрініп еді. Қасында бір-екі адамы мен талай жорыққа бірге аттанған Тұрсынбай батыр ғана бар.

Ботақанның немере ағасы Қапан мерген қара шиті мылтығын оқтап жіберіп, Абылайды атпақ боп тізерлей отыра қалып еді, Бекболат би ақырып жіберді:

— Алдыңа келсе әкеңнің құнын кеш деген. Токтат!

Қапан мерген орнынан амалсыз түрекелді.

Абылай сәлем беріп, топ ортасына кіре берген. Сол уақта көлденең тұрған бір бозбала жігіт оның алдына жетіп барып, үкілі домбырасың қағып-қағып жіберді де, шырқап қоя берді.

«Абылай, Ботақанды сен өлтірдің,
Есіл ер жазығы жоқ неге өлтірдің,
Сұлтаным, қарашыңмен даулы болып,
Үстіне ақ орданың қол келтірдің.

Абылай, күйіп кетті салған қалаң,
Мейрамға не еді сенің жапқан жалаң?
Жанайды бүгінгі күн босатпасаң,
Болады ертең жесір қатын-балаң!»

Бұл жігіт — Арғынның ішіндегі Сүйіндік руынан шыққан Көтеш ақын еді.

Бұдан кейін билер дауы басталды.

Абылай өзін кінәлі санап, Ботақанның өлімі үшін үш кісінің құнын — әрқайсысы атан бастаған тоғыз қарадан, жиырма жеті бас мал, оған қоса ат-шапан айып төледі. Өзін атпақ болған Қапан мергенге мылтығының қарымы қайтпасын деп, ал оны ұстап қалған Бекболат биге, өлімге қимаған жақсылығың үшін деп, құндыз жағалы күзен ішік пен бір-бір жорға мінгізді. Екі жақ бітімге келіп, жанжалдың аяғы тойға ұласты.

Арғынның бұл келген ереуілді тобынан Абылай сұлтан екі затты бүйіріне қатты түйді. Бірі — қарамағыңдағы бұқара өзіне қарсы шықса, онда төре ісінің қаран қалғаны. Ашуланған халық жараланған арыстаннан кем емес, өзіңді жарақаттамай тынбайды. Төремін деп басынба, жазамен ықтырам деме, шамаң келсе баурына тартып ашуын басуға тырыс. Екінші түйгені, сырт жауың келсе, оған ел болып қарсы шығасың, не басын аласың, не қан сорпа етіп қуасың... Ал өз еліңнің қайсы-

сын басын алып құртасын? Мұндай халықты билеудің жолы бөлек. Арыстанды темір торда ұстасаң ғана қауіпсіз. Халықты да үнемі темір торда ұстай біл. Мейлі ол саған ақырсын, айбат көрсетсін, бәрібір шаба алмайды, мерт ете алмайды. Ал бар халыққа темір тор құру мүмкін бе? Жоқ, халыққа деген темір торың, құр ғана жаалаңаш қылыш әскерің емес, — ол ақылың, айлаң...

Абылай өле-өлгенше осы екі тұжырымын бұлжытпай орындауға тырысып өтті.

Қасымның сүнет тойы сол күні-ақ түс ауа басталған. Шабуылдан аман қалған сұлтан ауылы келген қонақтарын тік тұрып күтті. Күрес, көкпар, бәйгі, айтыс, сайыс бәрі болып, тойға жиналған топ ертеңіне тарады.

Сұлтан ордасында енді тек осы Көкшетау, Қараөткел, Атбасар, Қызылжар маңайындағы Орта жүздің басты адамдары мен Абылайдың үзегілес батырлары — Арғын тайпасына жататын Бөсентін руынан Сырымбет, Малайсары, Тарақты руынан Байғозы, Ұлытаудағы Бағанаалы руынан Оразымбет, Керей руынан Тұрсынбай батырлар қалды. Бұл жиынға жері шалғай боп Арғынның аты шулы батырлары Шақшақ Жәнібек, Қанжығалы Бөгенбай Кіші жүздің батырлары Тайман мен Бұғыбай, Абылай сұлтанның ең жақсы көретін батырының бірі Мақ руынан Батыр Баян келмей қалды.

Хаимен кәдірі бірдей сұлтан өзге батырлардың келмегеніне бәлендей мән бермегенмен де, Батыр Баянның келуін күткен-ақ еді.

Әрине, Абылай баласының сүнетке отыруын сылтау етіп, бұл жиынға өзінің үзегілес сенімді батырларын түгел-ақ шақырған. Оған себеп Әбілмәмбет ханмен арасы алшақтап кеткен жоңғар қонтайшысы ақырғы үш-төрт жылдың ішінде қазақ жерін тағы шаппақ боп, қалың қол жинауда еді.

— Жарандар, — деді Абылай қонақтары отырып болғаннан кейін байсалды үнмен, — менің қайын атам Қалден Цереп қазақ елін қайта шаппаққа, Ертістің арғы бетіне жиырма бес мың әскер дайындап отыр...

Үйде отырғандар тегіс елең етті. Кеңеске шақырылған кісілердің жас мөлшері, дәрежелері де әртүрлі еді. Бәрінің де денелерінің үстінен сұп-суық боп жылан жорғалап өткендей жан түршігер бір сезім билеп кетті. «Ақтабан шұбырындының» қанды уақиғасын әлі ешқайсысы да ұмытқан жоқ-ты. Тек о жолы жоңғар әскері қазақ дала-

сының күнгей жағын шапса, енді міне Орта жүздің негізгі қонысы Сарыарқаның шетіне кеп тұр.

Қанси өзгеннен кейін такқа отырғанына он сегіз жыл толған қытай боғдыханы Цзянь-Луи Жоңғарға деген қытай саясатын әлі де өзгертпеген. Солтүстік пен күнбатысқа қарай сырғытып, шұрайлы жерлерін басып алумен болған. Қарсы келген ойрат жасақтарын, басым күшпен, бірін қалдырмай қырып отырған. Ол күндегі қытай әскері көшпелі ел — Жоңғар хандығының әскерінен, соғыс өнері тұрғысынан қарағанда, анағұрлым күшті еді. Сол күштілігін қытай боғдыханы пайдалана білді.

Россия империясының қол астына кірген Орта жүздің жеріне Қалден Церен шабуылға шығуды ойласымен-ақ, Жоңғардың қаңқұмар пояндарына Цзинь-Луи қолдан келер жәрдемін аямаған. Қару-жарағын да, азық-түлігін де берді. Аузынан жырып, күрішіне дейін төкті.

Әрине, мұндайда боғдыхан өзінің алтынын да аяған жоқ. Жоңғардың қанды қол түмендерін қалаған жағына жұмсай білетін пояндардың көбін алтынымен сатып алған. Сол себепті де жоңғар әскері орыс бекіністерімен қатар жатқан Орта жүз жеріне қарай бет бұрған.

Жоңғар қонтайшысының осылай дайындалып жатқанын, Ертістің бергі жағын жайлаған Уақ — Керей тайпасының батырлары да айтып келді. Қалден Цереннің енді тек ыңғайлы кезді күтіп отырғаны мәлім болды. Әрине, Қалден Церен Орта жүзге Әбілмәмбеттен көрі Абылай ықпалының күшті екенін біледі. Егер шу дегеннен қазақ әскерінің күйрей бастағанын көрсе, Абылай амалсыз менің жағыма шығады деп ойлады ол. Абылайдың Жоңғар жағына шығуы — жеңіспен тең. Бұл әсіресе Қытай боғдыханына керек. Егер Орта жүз Жоңғар жағына шықса орыс қалаларының іргесі ашылады. Қытай саясатшыларының да көздегені осы.

Ал Абылайдың ойын ешкім білмейді. Ол бұл мәжіліске досын да, қасын да шақырып отыр. Әсіресе, Жоңғармен көршілес рулардың әйгілі адамдары тегіс шақырылған. Бұлар не айтпак — оны да естімек. Әттең, Батыр Баян келмей жатыр. Сұлтанды азырақ ренжіткен жай осы ғана...

Абылай жаңа ғана бастаған сөзін енді жалғай берем дегенде, сырттан дабырласқан дауыстар шықты.

— Бұкар жырау келді!

— Ұлы жырау аттан түсіп жатыр!

— Арқаның ардагерін қарсы алайық!

— Қош кепсіз, Арғынның майталманы!

Сөйткенше болған жоқ, бір топ адаммен ордаға Бұқар жыраудың өзі де кіріп келді.

Бұл ұзын бойлы, қапсағай денелі, ат жақты, шокша сақалды, қошқар тұмсық, еңселі кісі еді. Руы Баянауыл төңірегін жайлаған Алтынторы — Қаржас. Әкесі Қалқаман батыр шешен кісі болған. Өзі қазір алпыста. Халқының тәуелсіздігін қорғаған Бөгенбай, Қабанбай секілді батырлардың ерлігін көп жырлаған әйгілі жырау. Бұл кезде халық арасында «көмекей әулие» деген атқа іліккен.

Мәжіліске келелі мәселе сөз болғалы тұрған соң, Бұқар жырауды Абылай әдейі шақырған. Ел билеу ісінде жырау сөзі халық сөзі екенін ол жақсы білуші еді.

Бұқар кіріп келгенде, Абылай өзі түрекеліп, оң жағынан орын берді. Жырау бір қарағаннан-ақ үйде көптен бері бастары қосылмай жүрген адамдардың жиналғанын байқап, жүзі жадырап сала берді.

— Арсындар ма, жарқындарым?

— Барсың ба, Арғынның ақиығы!

— Бармын, арысым... Сен той жасағалы жатыр деген соң, ой салғалы шығып едім. Бұрын Баян мен Қөкшенің арасы жақын-ақ еді...

— Енді алыстап кетіп пе, Бұқар аға?

— Жоқ, жақын. Бірақ жақын болса да алыс... Ортаң салған орыс бекіністерін орағыта жүремін деп кешеуілдеп қалдым. Ат-тон айыбым бар. Жырымды аласың ба, әлде шерімді аласың ба?

Абылай езу тартты. Адуын жыраудың «ортаңдағы орыс бекіністерін орағытып» деген сөзінен-ақ сезіктеніп, әңгімені бөтен жаққа бұрғысы келді.

— «Жырыңыз» бен «шеріңізді» естіп, ат-тон айыпты біз төлеп жүрмесек нетсін,— деді күліп,— сол ат-тон айыбымды берместен бұрын, басқа бір өтінішім бар.

— Төренің қарадан өтініші болмас, өкініші болар. Шамам келсе өкіндірмейін, арысым, айта ғой.

— Түнде түс көрдім. Табытта жатыр екенмін. Басым ілінген үш жүздің жалауын үш тобыр жұрт жұлып әкеткелі тұр. Табытымның бір бүйірінде арыстан, екінші бүйірінде айдаһар отыр. Аяқ жағымда бір топ үрім-бұтағым. Уәлиден тараған бір ұрпағым маған құран оқып жатыр. Қасымымнан өрбіген бір тентегім қолына қанжа-

рын ұстап мені қорғап тұр. Ал мен өліп жатсам да, екі бүйірімде отырған арыстан мен айдаһарға кезек қарап, мыпалардан қалай құтылам деп жанталасудамын. Осы түсімді жорып берші, Бұқар аға?

Бұқар тұнжырап біраз отырды. Үй іші де тына қалды. Әлден уақытта барып жырау:

— Түс жору — түлкі аулаумен тең, кейде ізіне дәл түсесің, кейде шет кетесің, сөйтсе де жорып көрейін...

— Сөйлеңіз, ұлы жырау...

— Қырыққа келмей табытта жатсаң — өмірің ұзақ болады екен. Басыңа жалау тігіліп, оған үш бірдей топ таласып жатса, үш жүзге хан болады екенсің. Бірақ хан атына ие болсаң да, халқыңа ие бола алмайды екенсің. Сен өлген күні үшеуі үш жаққа ыдырап кетеді екен. Табытта жатып, екі бүйіріндегі арыстан мен айдаһардан қалай қашып құтылам деп қорықсаң, өле-өлгенше еліңнің екі бүйірінде тұрған екі мемлекетке жалтақтаумен өтеді екенсің... Ал аяқ жағыңда тұрған үрім-бұтағыңның ішінен бірі құран оқып, бірі қанжар қайраса, Уәлидің ұрпағынан шыққан бір тұқымың атын қағазда, ал Қасымнан туған бір балаң атағын майданда қалдырады екен.

Абылай үндемеді.

— Үндемей қалдың ғой, сұлтаным. Шешуім ұнамады ма?

— Бір ұрпағым атын қағазда, екінші ұрпағым атағын майданда қалдырады екен. Сонда мен өзім қайда қаламын?..

— Басыңа үш жалау босқа тігілді ме? Ісінді ел ұнатса үш жүздің жүрегінде қаласың!

Абылайдың қабағы жадырап сала берді. Қазақ: «еректің ақылы қырықтан бастап толады, алпыстан бастап солады» дейді. Абылай қазір қырықтап жаңа асып барады. Ақылының толған шағы. Түсін жорыған сыншы жырау оның түпкі сырын дұрыс болжады. Абылай — сырға өте берік жан. Ол қазақ елін ұлы елдер қатарында көргісі келетін, хан болса сол ұлы елге хан болуды арман ететін. Сондықтан да ана жылы тұтқында жатқан Абылайға Қалден Церен: «Дүниеде не жаман?» деп сұрағанда, ол: «Дүниеде аз асқа бақауыл, аз елге хан болған жаман» деп жауап берген.

Абылай — Әбілқайыр да, Әбілмәмбет те, Барақ та, Нұралы да емес еді. Ол бұл кезде көп нәрсені түсінген-

ді. Өзінің әр әрекетін сол тұстағы көшпелі ел көсемінің қолынан келетін мүмкіндігіне қарай құратын. Ал тек құдай алдында ғана жауапкер Бұхар жырау болса, күнде өзгеріп жатқан дүние қайшылығын көріп, «дүние шіркін қайда бара жатыр?» деген аздаған күмәнда болатын. Оның бар тілегі халқының қамы. Сүйері көк шалғыны толқынданып, жұпар иісі аңқыған, қазақтың жасыл даласы. Жыр біткеннің негізі осыларға құрылатын.

Бұхар жырау үнемі қасынан тастамайтын қарағай домбырасын қолына алды. Құлақ күйіне келтіріп, біраз шертіп отырды да, алыстан күркіреп келе жатқан жауар бұлттай, әуені қобалжыған бір термені бастап кетті.

«Ай заман, заман-ай,
Түсті мынау тұман-ай,
Істің бәрі күмән-ай

Осылай ол бір толғап алды да, әрмен қарай нәсерлетіп жөнелді. Жырау салынып жатқан бекіністер мен қазақ елінің болашағын толғады.

Ол әр сөз шумағын лақтырған сайын, алпыста емес, жиырма беске жаңа шыққан жас жігіттей қызулана түсті. Қазақтың көсем ұлдарынан, әсіресе, Абылайдан ел қамын ойлауды талап етті.

Жырау толғауы отырғандарға ұнады ма, жұрт енді домбыраның қағысымен бірге қимылдап, қызулана «Уа, пәле!» деп қосыла теңселді.

Жырау бір мезет ел жайын емес, тек өз басының қамын ойлаған хандарды сөге келіп, кенет сөзін бітірді де, қолындағы домбырасын ашулана есікке қарай лақтырып жіберді. Шабыттанған шақтағы жыраудың мұндай әдетіне қанық есік алдында тұрған атқосшы жігіт домбыраны жерге түсірмей қағып алды.

Бұқар жырау Абылайға түйіле қарады.

— Бар сенгеніміз сенсің, Абылай! Оң жағыңдағы тұңғықтан құтыламын деп, сол жағыңдағы тұңғыққа құлап қап жүрме. Шұршіттің ызғарынан қорқып, орыс патшасының қолтығына кірдім деп ант-су іштің. Мүмкін, бұның дұрыс та шығар... Дегенмен, «көппен келесіп пішкен тон келте болмас», жұртыңмен ақылдас.

Абылай үнсіз тындап отыр. Қазақ даласы қазір үлкен қобалжу үстінде... Оған себебі де бар.

Орынбор генерал-губернаторы Неплюев Ор, Елек,

Жайық бойларында орыс бекіністерін салып, қазақ жерін отарлау саясатын қолға алса, Сібір генерал-губернаторы князь Гагарин де одан кейін қалмаған. Ол, бір мың жеті жүз он үшінші жылдың өзінде-ақ Бірінші Петр патшаға Ертіс бойына бекіністер салудың мүмкіншілігі барын айтып хат жазған. Осыдан кейін бір мың жеті жүз он сегізінші жылы Семей бекінісі, бір мың жеті жүз жиырмашыңшы жылы Өскемен бекіністері салынған. Бұдан екі-үш жыл өткеннен кейін орыс солдаттары Көкшетау маңын иемденіп, жиырмашыңшы-отызыншы жылдары Ақмола, Баянауыл, Қарқаралы бекіністері тұрғызылған. Бұл бекіністердің бәріне солдаттар әкелініп, Россияның шалғай түкпірінен көшіп келген шаруаларға жер беріп, енді бұл араны біржолата қоныс ете бастаған. Ал Сәмеке хан қайтыс болған бір мың жеті жүз отыз жетінші жылдан бастап, патша үкіметі Ақмола мен Көкшетау арасына жол жүргізіп, бекеттер салуға кіріскен. Бұған он мыңға таяу орыс жұмыскерін сонау орталық Россиядан әкеп төккен. Бұл жол Көкшетаудың таулы алқаптарының бойын қуалай он жыл ішінде әзер біткен. Өрне қазақ жерінің бұл «бөлісінде» шонжарлар өз ұпайын жібермеген. Жерлеріне жер қосып алған. Сөйтіп, қазақ кедейі қиянатты орыс генерал-губернаторымен бірге өз би, сұлтандарынан да көрген. Қатар қоныстануға мәжбүр болған қазақ, орыс кедейлері өмірдің ауырлығын да, азабын да бірге көре бастады. Осы қиындықта туған бауырмалдық қатынас акыры екеуін бірдей апарып Пугачев ереуіліне косты. Әделетсіздікке көңісі келмеген қазақ аулына патша бекінісі мен хан ордасынан ел жылатқан «көрі қылыш» жасағы шығып тұрды. Бірақ қалың халық дәл бүгін ыңғайлы сағатын күтіп, Ертістің арғы бетінде қазақ жерін шапқалы Қалден Цереннің жиырма бес мың әскері тұрғанын білмейтін. Оның білетіні жерінің тарылып, малының азайып бара жатқаны. Жырау толғауы да осыны айтады, халық та сол үшін оның сөзін ойлана тыңдайды.

Ал халық күйзелісін өз көзімен көріп отырған, ел камын ойлайды деген Абылайдың көп ісі Бұқар жырауға түсініксіз еді. Әбілмәмбет ханға еріп, бір мың жеті жүз қырқыншы жылы, Қалден Церенге тұтқын болар алдында, Орынбор қаласына барып, қолдарына құран алып, «Қол астыңызға кірдік» деп патшаға ант беруі, содан кейін Қалден Цереннің тұтқынынан қайтып келісімен,

арасында бір ай өтпей, Абылай сұлтанның Неплюевке немере ағасы Жолбарысты жіберіп «Россияға қарсылық көрсетпей, онымен сауда-саттық жүргізуге бармыз» деп хат жазып бас июі — карт жырауды ойға шомдырған. Бұл аз болғандай, Абылай бір мың жеті жүз қырық бесінші жылы Тобыл губернаторы А. М. Сухаревке «Үйсін руын да патша ағзамның қол астына алуларыңызды сұраймын» деп хат жазған. Бір мың жеті жүз елуінші жылдары Абылай қазақ жеріне салынған орыс қалаларының жәрменкелеріне өзі қатынаса бастаған. Ал Барак сұлтан Әбілқайыр ханды өлтіргеннен кейін, оны қорғаудың орнына, «елін сатқан» ханның қазасына қиналып, Барак сұлтанды «жауыз» деп, Орынбор әкімдері Әбілқайырдың балалары Нұралы, Айшуақ, Ералылармен көбірек ақылдасып тұруын өтініп Неплюевке тағы хат жолдаған. Осының бәрі қазақ халқының қамын ойлаған жырауға әзірге түсініксіз жәйттер.

«Абылай не айтар екен?» деп үйде отырғандар тына қалды. Бірақ осы жұртты басқарып отырған Абылай өз ойын аша алар ма екен? Ел құлағы елу, аузынан шыққан сөз ертең жіпке тізілгендей боп теп-тегіс Орынборға, Тобылға, тіпті Қалден Церен отырған Ташкентке де ізін суытпай жетеді. Ол сөзді сәл кешігіңкіреп боғдыхан да естиді. Әйткенмен, жауап бермей құтыла алмасын білген сұлтан, енді Бұқар жырауға қарай отырып сөйледі:

— Ант-су іштің дейсің, ұлы жырау. Осындай антты «жоңғарға қарсы қол көтермеймін» деп, тұтқыннан босанар алдында қайын атам Қалден Церен қонтайшыға да бергем... Ал бүгін оның әскерін өзінен бұрын шаппақшы болып отырмын. Өйткені, мен шаппасам ол шабады. Сонда қазаққа менің ант-суымнан қандай пайда?

— Жөн делік... Ал батысың қалай?

Абылай басын шайқады:

— Орыс елі Жоңғар хандығы емес қой.

— Шүршіт елі де оңай емес. Бізге бәрінің де күші жетеді.

— Сол себептен де даламызға бекініс салдырып жатқан жоқпыз ба? Россияға сүйенбей, шүршіттерге төтеп бере алмаймыз. Шүршіттердің ойын қонтайшының өзі айтқан. Олардан енді жоңғардың өзі құтыла алмай отыр.

— Шүршіт боғдыханы да біздің жерімізге бекініс салам десе қайтесің,— деді Бұқар жырау.

— Онда соғысамыз. Өйткені шүршіт біздің ішімізге

кіріп, орыс патшасындай бекініс салар болса,— деді Абылай,— жер бетінен қазақ атаулысы құрыр еді.

Үй іші тағы тына қалды. Қытай боғдыхандарының жауыздығы қазақ еліне ежелден таныс. Өрт алған жерде жуырда шөп шықпайтын, қытай жауынгері өткен жақта тірі жан қалмай тұғын. Талай уақ халықты жұтып жіберген қытай боғдыхандарының қаттылығы — адам баласына бітпеген өзгеше қаттылық еді.

— Бұқар аға, жалғыз жолаушыны топ қасқыр шапса, жолаушы ең алдымен қайсысына қылыш сермейді?— деп сұрады Абылай.

— Әрине, ең таяу қалғанына, сұлтан.

Бұқар жырау бұл жұмбақ адамның кім екенін енді түсінгендей Абылайға ойлана қарады. Қазақ елін қан қақсатқан алдымен Қалден Церенді жеңбек. Өзге жауларын содан кейін барып ойланбақ...

Абылай кенет жанында тұрған қоржынынан бұзау терісіне салынған картаны алды.

— Міне,— мына жерде Қалден Цереннің әскері тұр,— деді,— бір күні болмаса бір күні олар Ертістен бері өтеді. Сол уақытта үш жүздің әскері, міне, мына тұстан кеп үш жағынан қоршайды. Көрсін сонда Қалден Церен осы қақпаннан құтылып! Даян ханнан бері жоңғарлар үнемі біздің көк желкемізден шығып келген. Ал бұл жолы олардың көк желкесінен біз шығамыз.

— Ертіс жағасына келіп, Кіші жүздің батырлары соғысқа қатнасады дегенге сенгім келмейді,— деді Бәсептің батыры Сырымбет.

— Неге?— деп елең ете қалды төртбақ келген, Та-рақты батыры Байғозы.— Орта жүздің батырлары сонау Еділ қалмақтарымен ұрысып жүрген жоқ па...

— Кімнің бар ол жақта ұрысып жүрген?..

— Жетім сары Шақшақ батыр Жәнібек ше?

— Ойдөйт дегенің!— деді екі нығына екі кісі мінгендей жалпақ жаурын, алшақ кеуде Сырымбет.— Жәнібек қалмақтармен ұрысса — өзінің қайын атасы Әбілқайырдың жоғын жоқтап отыр. Қала берді Жетім сары Шақшақтың қонысы хан аулымен аралас-құралас, Ырғыз бен Торғай өзендерінің өңірінде отырған жоқ па? Жәнібектің аулы деген құр аты... Әбілқайырмен жері де бір, суы да бір...

Абылай ұнатпаған рай байқатты: «Міне, үнемі осылай. Біздің жеріміз Ертіс, сенің жерің Жайық деп, бар

қазақ быж-тыж боп бөлініп шыға келеді... Жөк, мұндай елмен жауды жеңу қиын, ең алдымен өз еліңнің басын қосып ал. Сосын барып жауыңа тиіс. Сонда, елдің басын қалай қосу керек? Қотанына қасқыр тимей ел ұйқысынан оянбайды. Қазіргі қазақ елінің де жағдайы сондай. Қотанына тигелі тұрған қасқыр — Қалден Церен. Сен осыны пайдалан, бастарын біріктіре бер. Майдаңға бірігіп шыкса, артынан ыдырауы қиынға түседі... Елің бірікпей жауды жеңем деп үміттенбе...»

Кенет жұрт назарын аударып, үйге Ертістің арғы бетіне жіберілген барлаушылар кіріп келді. Олардың айтуы бойынша, Ертістің арғы жағындағы жоңғар ұлыстарына әлі Қалден Церен әскері келмеген көрінеді. Әркім әр түрлі жорамалдайды деді барлаушылар.

Абылай ойланып қалды. «Нә, әккі қонтайшы ойламаған жерден жау шаппасын деп, әскерінің жатқан ұясын жасырған екен. Мұндай жағдайда жоңғар жасағының шабуылды қай тұстан бастайтынын ешкім біліп болмайды... Сірә, Қалден Церен жауынгерлерін әлі ел түкпірінен қозғамаған болуы керек. Әрине, жоңғардың тоқпақ жалды мықыр жылқысы үш-төрт күннің ішінде-ақ текіректей желе шауып отырып бұл араға жетіп үлгіреді. Қонтайшы соған сенеді. Шыныменен Қалден Церен Сарыарқаға аттанбақ па? Әлде Түркістан майданын кеңіте түсіп, Арал арқылы Кіші жүзге қарай ойыспақ па? О да мүмкін. Әттең не керек, үш жүздің әскері бірдей бағынса ғой бұған. Онда әр жүздің әскерін әр тұсқа қойып, Жоңғардың келуін асықпай күтер едім-ау! Бір жетіде екі жүз мың атты әскер жинап алатын. Қасым хан дәуірі әлде қашан өткен! Көрінген қара тасқа сала-сала, алмас қылыштың да жүзі майырылған! Енді міне қасқыр қай үңгірден шығады деп, шиті мылтығыңа сүйеніп жан-жағыңа алақтап қара да отыр...

... Кенес ақыры қазақ қолдарының жиналатын жерін Телікөл тұсы болсын деп ұйғарды. Бұл ара үш жүздің әскеріне бірдей жақын. Әрине, Нұралы сарбаздары келмейді, бірақ Жоңғарға өшіккен Кіші жүзде қазақ батырлары аз ба? Ең болмағанда Ырғыз, Торғай бойындағы Қошқарұлы Жәнібекке бағынышты Орта жүздің жауынгерлері келіп қосылар. Ал Ұлы жүз әскерінің келуі хақ...

Абылай ауылы көктемнің алғашқы күндерінде-ақ

Сырымбет беткейінен Бұрабай көлінің жағасына көшетін. Көл жағасының көк балауса шөбі ерте көтерілетін. Қызыл ағаш пен ақ қайың сыңси біткен Бурабай маңайы адам айтқысыз бір ғажайып суретке айналатын. Осы жайлауында Абылай ауылы жаз өткенше болатын.

Сұлтан кеңесі бітісіменен, Сарысу бойында отырған Орта жүз ханы Әбілмәмбетке өздерінің шешімін айтып шабарман жіберді де, тамыздың бас шенінде Абылай аулы да Көкшенің биік тұсы Бурабайға қарай көтерілді. Салтанатты көш, көшпен іргелес шоқтай иіріп, шашау шығармай айдалған қалың көкала жылқы. Жаугершілік заман; көнті, жылқыны қоршай, астарындағы болат тұяқ бедеулері мен бөйгі күреңдері жіті басқан, сойыл ұстаған, кілең шөлақ сауыт киген батыр жігіттер... Көш ыңғайына қарай, сонынан шұбырған қара мал, оттай жайылған қой-ешкі тіпті кейін. Ауыл-ауылдың арасында, жорға салыстырған, сары даланы бастарына көтере ән салған топ-топ қыз, бозбала...

Аулын Бурабай көлінің жағасындағы «Абылай алаңы» аталатын көк майсалы, сыңсыған қызыл ағашты, ақ қайыңды тау қойнауына қондырысымен, Абылай жауынгер жігіттерін ертіп, Ұлытау арқылы, Бетпақдалалатып, Телікөлге қарай аттанды. Көкше теңіз арқылы емес, алыс та болса бұл жолды таңдауының да себебі бар еді. Көкшетаудан Телікөлге дейін екі мың шақырымдай дала. Ал осы далада сыңсып отырған Орта жүздің рулары. Көкшетау, Сандықтау, Атбасар, одан әрі қарай Есілді жағалай, Терісакқан өзеніне жетеді. Қара қойын Қашырлыны басып. Ұлытауды бөктерлей, Қара Кеңгір, Сары Кеңгір, Жезді өзендерінен асып, Сарысуға қарай шығатын сүре жолмен Телікөлге беттейді. Осы жердің бәрінде Арғын, Қыпшақ, Найман, Тарақты, Уак, Керей. Ұлытаудың күнбатыс жағында Торғай алқабы жатыр. Ал ол өзен бойында қаншама ел бар? Абылайдың ойы «Сонау Көкшетаудан шығып, Абылай жоңғарға аттанып бара жатыр екен!» деген лақап осы қалың елге жетсе, бүкіл қазақ ауылдарының жоңғар қонтайшысына қарсы тік көтерілетініне шек келтірмеген. Сұлтанның ойлағаны болды. Жолда бір жарым айдай жүріп, Телікөлге кеп шатырын тіккенде, Арқадан келген жауынгерлерден көз тұнатын еді! Абылай өткен жерден қосылмаған қол жоқ. Саумалкөл мен Телікөлдің арасы ығы-жығы, қара құрымдай қаптаған әскер. Ертеңіне Абылайдың

шатырына жауынгерлерімен келген әр рудың басты адамдары, батырлары тегіс жиналды.

Анықтап келгенде, отыз мыңнан астам жауынгер келіпті. Бұл «Ақтабан шұбырынды» басталғалы, қазақтың ең алғашқы рет бірігіп, мол қол жинағаны. Әлі де келіп жатқан топтар аз емес. Басты батырлардан Жәнібек батыр, бұл кезде жасы келіп қалса да әлі де болса жауға бір шабарлығы бар қарт Бөгенбай, Арғынның аты шулы батырлары Тайжігіт, Тасболат, Сырымбет, Жанатай, Олжабай, Малайсары, Оразымбет, Абылайдың қамқорлары: Толыбай би, Қарауылдың шешені Қанай би, Жәпек батыр. Сырғалы Елшібек, Шекті Тайман, Табыннан Алтай батырлар келген екен. Әрқайсысының қасында мыңдаған, жүздеген жауынгерлері бар. Қазақ даласына бұл кездерде атағы шыққан аты шулы батырлардан Қаракерей Қабанбай, Кіші жүзден Бұғыбай, Уақ руынан Батыр Баянның жоқ екенін Абылай іштей түйіп отыр. Әсіресе, оған Баян батырдың осы уақытқа дейін келмеуі өкінішті-ақ. Ерлігімен, ел-жұрты үшін жанқиярлық ісімен танылған Батыр Баян Қанжығалы Бөгенбай мен Қаракерей Қабанбайдан кейінгі ең сүйікті батыры еді. Анау екеуі болса қазір пайғамбар жасына келіп қалды, ендігі ең сүйеніші со Батыр Баян мен өзімен бірге Қалден Церенде тұтқында болған Жәпек батыр еді. Ел шетіне жау келсе, ең алдымен жетіп, алдыңғы шепте жүретін Батыр Баянның осы уақытқа дейін келмеуін Абылай жаман ырымға жорыды. «Оның өз басына бір қауіп туды, не ел-жұртының қамына да қаратпайтын бір пәлеге душар болды» деп ойлады.

Расында да Абылай жобалауы дұрыс еді.

Аркада Обаған атты өзен бар. Бұл өзеннің бойын ежелден Уақ руы жайлайтын. Орта жүздің жеті арысының бірі болып келетін осы Уақ руынан бүкіл қазақ даласына әйгілі Ер Көкше, Ер Қосай атты батырлар шыққан.

Осы Уақ руына жасының қартайған кезінде келіп сіңіп кеткен, Жәнібек ханның кезіндегі қазақтың атакты батырының бірі Саяннан туған Аян батырдың бір ұрпағы осы Батыр Баян болатын. Қарадан шықса да жеті атасынан әйгілі батыр тұқымы болғандықтан, ел басына күн туғанда, осы Баян атқа ерте конды. Өзінің асқан ерлігі, халқы үшін жан пидә етерлік істері арқасында ол

көп кешікпей Уақ руының көсеміне айналған. Әке-шешесі қалмақ шабуылының бір үлкен айқасында қаза тапқан. Өзімен бір туған биыл он беске шыққан Ноян атты інісі ғана бар. Ноян әлі қолына найза ұстап жауға шапқан жоқ, бірақ алақанына түкіріп, бүгін-ертең менің де кезегім келер деп, бойына біткен қайратын жұмсайтын жер таппай, аласұрып, ауылда эзер жүрген. Өрт мінезді, ел қамынан гөрі, өз басын дәріптеуге жақын бала жігіт бір-екі рет ағасына «жорыққа мені де ала бар» деп жалынғанда, Баян оған: «Кезің келер, жорық сенен қашып құтыла алмайды. Әзірге сойыл соғып, садақ атып, соғыс өнерін әбден үйрен!»— деп ертпей қойған.

Баянның да қазір қырыққа таяп қалған кезі. Сұңғак бойлы, аққұба, сұлу мұртты көрікті жігіт. Өзімен бір туған жалғыз інісін жанындай жақсы көреді. Осындай ағалық үлкен сезімнің әсерінен де ол өткен жылғы Іле бойындағы жоңғарларға қарсы аттанған сапарында, Ноянның «мені де ала кет» деп көзінен жасы мөлтілдеп тұрып өтінгеніне қарамай, ертпей кеткен.

Ертпей кеткені де дұрыс боп шықты. Екі жақтың да қолы шағын болғанмен, бұ жолы қазақ жігіттерінің жоңғарлармен айқасы айта қаларлықтай қиынға түсті. Кескілескен, бірін-бірі аямаған қан төгіс үш күнге созылып, ақырында саны сәл басым Баян жағы жеңді. Бірақ бұл жеңіс оңайға түскен жоқ. Қазақтың бес жүз жарақты жігіттерінен үш күн ұрыстан кейін тек екі-ақ жүзі қалды. Төртінші күнгі ұрысқа шыдар-шыдамасын білмей, Іле бойының қалың тораңғыл, жиде тоғайының арасында жатқан осы екі жүз жігіт, таң ата, үш күннен бері өздері соғысқан жоңғарлардың сегіз аулының бірден көтеріле, тайлы-таяғына дейін қалмай, ұбырып-шұбырып, Қытай жағына қарай көшіп бара жатқанын көрді. Қазақ жігіттері бұл оқиғаға алдымен таң қалды. Сөйтсе де, олар мал қайырып жүрген бір жоңғар шалынан ауылдардың неге үркіп қашып бара жатқанын білді. Жоңғар ауылдарына: «Кешеден бері ұрысып жатқанымыз қазақтардың жәй әшейін ертөле топтары екен, Бөгенбай мен Қабанбай басқарған бес мың қол бүгін түсте осы Іле жағасына жетеді екен»,— деген хабар кепті. Осы хабардан кейін Іле қойнауындағы жоңғарлардың мына сегіз ауылы қопарыла көтеріліпті. Бұл хабардың қалай шыққанын қазақ жігіттері артынан барып естіді. Жоңғарлардың қолына түскен бір өжет жігіттен: «Бәрі-

бір өлесің, егер шынықты айтсаң қоя береміз?» деп осы ұрыстағы жоңғар батыры жауап алады. Жоңғар батыры: «Осыншама елге шағын қолмен қалай келіп тиістіңдер? Неменеге сендіңдер?» деп сұранты. Жігіт: «Сендерді жеңетінімізге сендік!» депті. «Қалайша? Осыншама жоңғарды бес жүз сойылмен жеңбек пе едіңдер?» деп мысқылдап күледі жоңғар батыры. Сонда өжет жігіт: «Бәрібір қырыласыңдар! Артымызда Бөгенбай мен Қабанбай басқарып келе жатқан бес мың қол бар! Олар таң ата жетеді! Біз тек ертөлелер тобымыз!» дейді. «Өтірік айтасың! Шынықты айт! Әйтпесе өлтіреміз! Ал егер айтып тұрғаның жалған болса, қазір босатамыз. Тек бізді алдама!» деген жоңғар батырының қорқып тұрғанын білген қазақ жігіті «бәрібір мені өлтіресің, онан да зор енді ала өлейін»— деп айтқанынан таппақты. Жоңғар батыры сенеді. Еліне сол түнде қонарыла көшуге бұйрық береді. Әлгі жігітті өз қолымен бауыздайды. Қазақтың қалың қолы келе жатыр деген сөзді естіген жоңғар ауылдары алды-артына қарамай қаша жөнеледі. Бұл оқиғаның неден болғанын соңынан естіген қазақ жігіттері, дәл осы сәтте жаңа ғана үйлерін жығып, көштері енді қозғала берген сәтте соңғы жоңғар батырының аулына тоғайдан шыға лап қояды. Батыр Баян бастаған екі жүз жігіт көшке екі жүз аш қасқырдай тиеді. Әбігері кеткен көш жөнді қарсылық көрсете алмайды. Жоңғардың бас батыры Батыр Баянның қолынан қаза табады.

Бірақ шабылған елден Батыр Баянның жігіттерінің қолына жөнді олжа ілікпеді. Тек шу дегенде қоршауында қалған бір топ қыз-келіншек пен аздаған мал-мүлік қана қолдарына түсті. Босқан елдің көп дүниесі Іле өзенінің суына кетті.

Ұрыс бітіп, болмашы олжаға көңілі толмай тұрған Батыр Баянның кенет екі бетіне қан жүгіріп құлпырып сала берді:

— Мынау адам баласы ма, әлде періште ме?— делі ол қасында тұрған Жәпек батырға, қолға түскен бір топ қыз-келіншектің ортасындағы, үлбіреген жас сұлу қызды көрсетіп.

— Бұл Қорен батырдың он бес жасар жалғыз қызы Құралай сұлу,— деді Жәпек.

— Қай Қорен?

— Кеше Жанатай батырды найзалаған, ал бүгін сенің қолыңнан қаза тапқан жоңғар батыры Қорен ше...

Баян Тұлпаркөгіні тебініп қап, қоршауда тұрған қыз-келіншекті бір шолып өтті. Құралай десе құралай-ақ екен! Мәлдіреген екі көзі тостағандай, қара торы жүзі сәл қаны қашып қуқыл тартқан, қолан шашы шұбатылып үзеңгіден асып жатыр, басына киген сүйір төбелі құндыз бөркі мен күміс зерлі қара мақпал қынама пешпент-шалбары күміс ер-тоқымымен жарасып тұр. Осынау көрік, жарастық көзді еріксіз тартып барады. Қызға тесіле қараған Батыр Баян осынау жаудыраған қарақат көздің қиығынан өзіне деген бір өшпендіктің ұшқынын сезіп қалды.

— Атың кім, Құралай ма?— деді ол қызға.

— Атым Құралай, білін тұрып несіне сұрайсыз?— Қыз теріс бұрылып кетті. Бірақ ол қазақ батыры атын қалай білін қалғанына таң қалды. Баянға сол сәтте бір тәуекел ой келді. Жүрегін өртеп бара жатқан сезім жалынын баса алмай:

— Мына қыз менің олжам!— деді Құралайды қамшысының сабымен меңзеп.

Ат жалын тартып мінгелі Баянмен үзеңгілес болып келе жатқан Жәпек әйгілі батырдан сан олжаны бөлгенде, бұрын-соңды мұндай сөзді естіп көрмеген-ді. Баян сөзіне бұл да таңырқады. Жолдасының бетіне көз қырын сәл аударды да, батырды қандай сезім билеп тұрғанын енді ұғып:

— Болсын!— деді, сосын күзетші топтың екі басты жігітін шақырып алды.— Құралай сұлулы көздеріңнің қарашығындай сақтаңдар. Ақ бетін қарға-құзғын шоқып жүрмесін. Бұл қыз Батыр Баянның олжасы. Ұқтыңдар ма?

— Ұқтық.

Өзіне сұқтанған көрікті кісі қазақтың аты шулы ардагері Батыр Баян екенін Құралай да қолға түсісіменен-ақ сұрап білген. Әкесі Қореннің сүбесіне көк найзасын бойлата бұлғап, Батыр Баянның өлтіргенін өз көзімен көрген. Қолға түскен киіктің лағындай жаутаңдаған жас сұлу «мына қыз менің олжам» деген батырдың сөзін естігенде, жүрегі дір-дір қағып, өн бойы қалшылдап кетті. «Олжа!» деген сөздің ар жағында не жататынын ес білгеннен-ақ түсіне бастаған сұлу қыз дәл осы сәтте әкесін өлтірген адамның еркіне берілу — өзі үшін кешірілмес күнә деп есептеді. Өн бойын енді бір ызаның, қайтпас қайсар кектің оты билеп әкетті. «Сенің қолыңда ол-

жаң болып қасыңа жатпасақ ант етемін,— деді кенет күбірлеп жоңғар әйелдерінше екі қолымен көкірегін басып. Қыз дәл осы ашу үстінде, Батыр Баян әкесін көзінше өлтіріп, өзін қандай жылатса, Батыр Баянның да дәл өзіндей боп жылауын арман етті. Шамасы келсе кек алуға анасының ақ сүтімен серт етті.

Ат жалын тартып мініп, жорыққа аттанғалы Батыр Баян осы сапарын ең олжалы сапарым деп есептеді. Енді ол қаза болған үш жүзге таяу әскерінің де өлімін есінен шығаруға айналды. Бірақ өзге серіктерінің қабағы қатыңқы еді. Бұны Батыр Баян байқаған жоқ, байқаса да мән бермеді, есі-дерті жоңғардың тұтқын қызы болды да тұрды. Тезірек Обағанға жетіп, некесін қиғызып, үшінші әйелі етіп алғанша асықты... Батыр Баянның өзіне деген ықыласын іштей сезсе де, қыз көңілі селт етпеді, ол күзетші жігіттерден елде Батыр Баянның он бес жасар інісі бар екенін естігенде, жүрегінің түбіне бір сұрқия сырды түйгендей болды.

Қол ұзақ жүріп, ақыры Обаған өзеніне де жетті. Ұрыста қаза тапқан балаларын жоқтаған кемпір-шалдар мен ерлерінен айрылған қаралы әйелдер дауыс қып, бүкіл даланы басына көтерді. Сөйтсе де жаудан олжалы қайтқан Батыр Баянның алдынан шығып оны жеңісімен құттықтаған ел адамдары да көп еді. Батыр Баян серіктерін біртіндеп таратып, жиырма шақты жігіті мен Құралайды ғана жанына қалдырып, өз аулына таяған кезде, жанында он шақты құрбысы бар, Ноян шықты алдынан. Астындағы ақбоз жорғасын ағызған қалпында: «Көке! Көке!» деп ағасының қасына жетіп келгенде, қуанғанынан екі көзі жасаурап кеткен Батыр Баян, інісін жас баладай атының үстінен көтеріп алды.

— Көкетай, әбден сағындым ғой...

— Жалғыз баурым. Сені көргенше өзім де өліп қала жаздадым ғой.

Ағасының құшағынан босанған Ноян енді өз атына қайта мініп, Баянның өзге серіктерімен амандаса бастады. Кенет сәл кейінірек тұрған Құралайға көзі түсті. Сол ақ екен, жас жігіттің бойына бір ыстық леп билеп, ат үстінен ауытқып барып, өзін әзер ұстап қалды.

— Кө... ке, бұл кім?— деді тілі күрмеле сөйлеп.

«Жеңген» деуге Батыр Баянның аузы бармады.

— Тұтқын қыз ғой...— дей салды інісінің сөзіне мән бермей. Бұл кезде Құралай да жаудыраған қарақат кө-

зін жас Ноянға қадап қалып еді. Кенет қыздың да екі бетінің ұшы қызарып, бойын бір тәтті леп өртеп кетті. Жас жігіт көз тоярлықтай сымбатты екен. Тіпті тұр-келбеті ағасынан да көрікті ме қалай. Қыз жүрегі алып-ұшып, жігіт бетіне тағы қарады. Ноян да одан көзін алмай тұрған, екі жанар түйілісіп, бір-бірінен ажырамай сәл тұрды да, екеуінің де ішіне от тастап барып тайқып кетті. Осы сәтте қыз да, жігіт те бірінсіз бірі өмір сүре алмайтынын түсінгендей...

— Сауға, көке!—деді Ноян ағасына жалына қарап.— Бір жолғы олжаңды маған қи!..

Баянның жүрегіне біреу қанжар сұғып алғандай болды. Жайшылықтағы әдетіне салып, «ала қой» дей алмады. «Жоқ, бұл жолғы сұрағаныңды бере алмаймын» дегенінің көңілін тағы қимады. Аузына сөз түспей көп тұрды.

— Мұндай сауға тілеуге, Ноянжан, сен әлі баласың ғой,— деді бір уақытта дауысы қарлығып.— Ер жет, саған бұдан да сұлу қор қызын әкеп беремін.

— Жоқ, көке, маған қор қызының керегі жоқ, осы сұрағанымды бер,— деді Ноян, жоңғар қызының отты жанарының лебіне еріп бара жатқандай, екі беті бал-бұл жанып.

Дәл осы сәтте Құралай сұлу да үн қосты.

— Көкежан,— деді бұ да Батыр Баянның туған қаза рындасындай еркелеп,— менің әкем жоқ қой, сізді бұдан кейін «Көке» деп атаймын. Беріңіз ініңіздің бір тілегін. Мен де сізден соны қалаймын.

Өзіне жоңғар лебізімен қазақша тіл қатқан сұлу қыздың сиқырлы сөзін естігенде, Батыр Баянның жаны бұрынғысынан да жаман күйді, не дерін білмей:

— Жаксы, кейін көрерміз!— деп атына камшыны басып қап, ауылға қарай шаба жөнелді.

Осы күннен бастап, Ноян мен Құралай арасында махаббат оты өрши түсті. Қыз жігітті қанша жаксы көрсе де, қызыл ернінен сүйгізуден артыққа бармады. Ноянның махаббаттан есі ауып, басы айналды. Қыз одан көрі естияр еді. Әкесінің Батыр Баян қолынан қалай өлгенін көз алдына елестетсе-ақ болғаны, өз бойын тез жинап ала қоятын. Өнебойын кек кернеп, өз істегінін өзінің алдына бір келтірсем деген серті есіне түскенде, тіпті қатуланып кететін.

Ал Батыр Баянның жүрегі қап жылауда еді. Екі жастың бірін-бірі шып сүйгенін көрген сайын, өртенсе түседі. Ер жігіттің ғашықтық сезімнен арылуы, көк темірдің суарылып, құрышқа айналуымен тең. Өз жүрегін қайта соқтыру үшін, оған енді басқа адам боп туу керек. Бірақ ел-жұртының намысы, тәуелсіздігі үшін жанын киюға дайын Батыр Баян, жақсы көрген інісінің көңілі үшін, өзін-өзі қиянат жолынан ұстай білді. Жүрегі оттай өртенсе де, Ноянға Құралай сұлуға үйленуге рұқсат етті.

Ағасының үйленуге рұқсат еткенін естіген Ноян сол күні кештің батуын, аяғымен шоқ басып тұрғандай шыдамсыздана күтті. Көшпелі елдің қыз бен жігітінің бірін-бірі жақсы көруі таза, риясыз түсінікті келеді... Қой қораланып, сүт пісіріліп, қыз-қырқын алтыбақанға шығатын мезгіл де жетті. Лақтырған ақ сүйекті іздеген боп өзгелерден бөлініп кеткен Ноян мен Құралай сай жағасында оңаша кездесті. Жігіт жүрегі алабұртып, ағасының Құралайды өзіне сауғаға қиғанын айтып берді. Қыз бұл сөзді естігенде жігіттің құшағына кіре солқылдай жылап жіберді. Бірақ сол сәтте кенет оның көз алдына баяғы бір сурет тағы елестеп кетті: Батыр Баян сүңгіте салған көк найзадан өтіп бара жатқан әке, су жағасында жер құшақтап боздаған ана... Соның бәрін кешіп, енді міне ата жауының інісінің құшағында тұр! Неткен опасыздық!

Құралай бойын тез жинап алды.

— Ноян,— деді ол ыстық жасы бетін жуып,— дүниедегі жалғыз арманым өзің болдың. Сенші... Мен мәңгі сендікпін... Бірақ жалғыз ғана тілегім бар. Бер соны.

— Бердім. Айт.

— Көкең Батыр Баян шапқан елде жалғыз анам қалған еді. Мені әкетіп бара жатқанда жер бауырлап жатып: «Құлыным, менің ақ батамды алмай ерге шықпа!» деп еңіреп қалып еді. Ана тілегін ақтауға ант беріп едім. Сол антымды орындауға мұрша бер, содан кейін мен мәңгі сендікпін.

Жігіттің жүрегі дір ете қалды, қолындағы ақ құсының енді мәңгі ғайып болғалы тұрғанын сезгендей:

— Сонда мен не істеуім керек?— деді абыржып.

— Жок, сен ештеңе де істеме. Сені мұнда тастап менің өзім де кете алмаймын. Менің кішкентай жүрегімді сенің білегіңе шынжырлап байлап қойғандай. Ол шып-

жырды үзетін менде күдірет жоқ. Бар тілегім біреу-ақ: екі жүйрік ат әкел. Танды күтпей біздің елге қашайық. Тірі болса кәрі анамның батасын алайық, өлі болса басына барып қызыл гүл қояйық. Содан кейін мен мәңгі сенікімін. Жарың етпей күнің етсең де, өмір-бақи ризамын. Тек жүзінді көріп, маңайыңда жүрсем болғаны.

Құшағыңда тұрған жас сұлудың көзінен аққан ыстық жасы жігіттің албырт жүрегін қорғасындай ерітіп жіберді. Ерлікті, әділеттікті арман еткен бала жігітке дәл осы сәтте қыздың қныла айтқан бір сөзі дүниедегі ең әділетті, ең қасиетті сөз боп естілді. Құралайдың ана тілегін орындауға рұқсат ет деген өтінішінен оның қаншалық пақ, адал, қасиетті жан екенін бұрынғысынан да артық сезіне түсті. Дәл осы сәтте қызға еріп, туған елін тастап жау жағына қашу — ел-жұрты кешпейтін қылмыс саналатыны есіне де келмеді. Тек сүйген жарының адамгершілікке жататын күнәсіз тілегін тезірек орындауды борыш санады. Ол өзін енді сонау мөлдір аспанда көз жетпес шыңға көтеріліп бара жатқан қырандай сезінді.

— Тілегінді тегіс қабылдадым,— деді құлшынып.— Темірқазық туа мені осы арада күт. Ел жатқанша жылқыға барып қос күреңді ұстап әкелем.

Ноян уәдесінде тұрды. Батыр Баянның Тұлпаркөгінен осал соқпас қос күреңге мініп, бұлар Темірқазық туа: «Уә, алла, жолымызды оң ете көр»,— деп, оңтүстікке қарай «Шу!» деп жөнөп берді.

Қос күреңді түнде Ноянның алып кеткенін, ауыл адамдары сәскеде көлге жылқы келгенде бір-ақ білді. Ауылда Ноян да, Құралай да болмай шықты. Қос күреңге арналған шоландағы күміс ер-тоқым да жоқ екені анықталды. Қарсаққа бүркіт салуға шыққан құсбегі тап атып бара жатқанда, Іле жақтағы Жоңғар еліне қарай шауып бара жатқан екі салт аттыны көріпті, Ноянның Құралайдың азғыруына еріп, Жоңғар еліне қашқанына енді ешкім шек келтірмеді. Қанша қиналса да амалы жоқ, ауыл ақсақалы, бұл хабарды Батыр Баянға барып жеткізді.

— Ер Көкше, Ер Қосай, Батыр Баян, Уактың аруағын көкке көтеріп едіңдер,— деді кәрия,— сендер көкке көтерген жалауды Ноян бала жерге түсіріп тұр. Үкімін өзін айт, амалын өзін тап!

Жоңғар қызының бір күле қарағанынан періште де жолынан таятынына шек келтірмеген Батыр Баян қай-

тарып ештеңе сұраған жоқ. Кесел болып іште жатқан күйігі, елінің намысы, жалғыз інісінен айрылу қауіпі — бәрі-бәрі жан-жағынан қабаған иттей қамалып жан сезімін астан-кестен етті... Батыр Баян енді бір-ақ шешімге тоқтады. Бір қыз үшін елін сатқан қара бетті қалайда қолға түсіріп, өзі жазаламақ болды. Сауыт-сайман киместен, керегеде ілулі тұрған қыпшақ садағы мен сауыт бұзар қос жебе салынған қорамсақты жалпақ күміс белдігіне байлай сап үйден атып шықты. Үнемі белдеуде тұратын Тұлпаркөгіне міне сала, бұ да оңтүстікке қарай шаба жөнелді.

Ешкім тоқта деген жоқ. Тоқта деуге де үлгірмеді.

Батыр Баян ұзақ шапты. Оқтаудай бөп жаралған Тұлпаркөк тер шыққан сайын қарыштай түсті. Түс ауа Жолдыөзек деген жерге таяғанда, алдындағы екі қараны көрді. Бұл — Ноян мен Құралай еді. Қос күрең қанша жүйрік болғанменен, тоқ күйінде ұзақ шабысқа шыдамай, опығып, болдыра бастаған. Қыз бен жігіт те арттарынан құйғытып келе жатқан жалғызды көрді. Батыр Баян екенін айтпай таныды. Атының шапқан екпініне қарап, батырдың қатты ашулы екенін де ұқты.

— А, құдай, құтқара көр!— деп, Құралай тебіне түсті.

Екеуі жарыса шауып, Жолдыөзекке таяп қалды. Бұл бір бақытсыз жер еді. Құнарсыз, сортаң. Бұл арада бұрынды-соңды талай адамның қаны төгілген. Сол себептен де бұл өзекті Асан қайғы «Жолдыөзек» демей, «Қандыөзек» деп атаған. Осы жамаң атынан шошып Атығай руы соңғы кезде бұл араны жайламайтын болған.

Осы Қандыөзекке келіп қалғанын көрген жас Ноян бір сұмдыққа душар боларып сезді. Қашқанмен құтылмасын байқады да, атының басын тежеп, тоқтай қалды.

— Құралай, ең болмаса сен құтыл!— деді ол жоңғар қызына.— Тоқтама, шаба бер, не болса да өзім көрейін...

Ноян атынан секіріп түсіп, ағасына қарсы жүрді. Садағын кезене шауып келе жатқан ағасының түрінен шошынып, жас жігіт қалтырап кетті.

— Көке, кешір!— деді ағасы арқан бойы таяғанда.

Бірақ дәл осы сәтте атының басын тартпастан құйғытып жетіп келген Баян қыпшақ садағын тартып қалды. Башқұрт тәсілімен істелген сүйір ұшты сауыт бұзар қайың жебе жас Ноянның дәл жүрек тұсынан кеп қадалды, жас жігіт тіл катуға да шамасы келмей ұшын түсті.

— Көкежан, не істедің?— деп, Құралай атының басын бұрып қайта шапты.

Екі көзі қапталып кеткен Батыр Баян үзенгісіне шірне беріп, садағын екінші рет тартты. Ноянның тұсына жетіп қалған қыз ат үстінен қалпақтай ұшып, сүйген жігітінің жанына сылқ етті. Қызып алған Тұлпар-көкпен орағыта шауып эзер дегенде токтатып, Батыр Баян да кейін бұрылды.

Күлімсіреген ишаратын жоғалтпай, боп-боз боп өліп кеткен інісін көргенде, ашумен не істегенін енді түсініп, өкіре жылап Ноянның үстіне құлады. Екі бетінен айма-лап сүйіп, әлден уақытта барып басын көтерді. Екі көзден жасы сорғалап, інісінің басына тізерлеп ұзақ отырды. Тек бір заматта ғана жанында ыңырысқан дауысқа бұрылды. Бұл Құралай еді. Батыр Баянның өзіне қарағанын сезді ме, қыз ақырғы рет көзін ашты. Бір кезде берген анты есіне түсті ме, Батыр Баянның егіліп жылап отырғанын көріп, қыздың көзінде бір ұшқын жалт етті де сөне қалды. Ол енді ешбір кексіз, ашусыз, Баянға жалбарына қарады.

— Көкежан,— деді үнін эзер-эзер шығарып,— жалғыз тілегім, Ноян екеуміздің арамызға топырақ салмай, бірге көміп кетіңіз...

Осылай деді де, сонау талмаусырап батып бара жатқан күн көзімен таласқандай, қара жерге көмуге қимайтын қайрап сұлу көзін жұмып, о дүниеге жүре берді.

Өз қолымен өлтірген қос аяулысының басында солқылдай жылап Батыр Баян ұзақ отырды. Тек таң сыз берген кезде ғана, беліндегі болат қанжарымен терең етіп көр казып, араларына бір уыс топырақ салмай, қос бағланын жер құшағына беріп, атына қонды.

Батыр Баян аулына қайтып келіп, ешкімге ләм-мим деп тіл қатпай, аһ ұрып, үш күн бойы жер бауырлап жатып алды. Тек төртінші күн дегенде орнынап тұрып, Уақ руының біраз батыр жігіттерін ертіп алды да, Абылай шақырған Телікөлге беттеді.

...Сағынып күткен батыры келгенде, Телікөл маңайында жатқан қалың қол мәз-мейрам боп қуанды. Тек оның сүзектен тұрғандай сарғайып кеткен жүзін көріп таң қалды. Бірақ Баян тірі жанға сырын айтпады.

— Неге кешіктің?— деп сұраған Абылайға ғана болған оқиғаны бастан-аяқ баяндай кеп:

— Махаббат күйігі, ел намысы бір ағаттық іс істетті,— деді.

Аяушылықты, күнәкар адамға кешірушілікті білмейтін Абылай:

— Егер сен ініңді босатып жіберген болсаң, пілген басың қазір-ақ ұшып түсер еді,— деді,— қайғыңа тек өзің ғана иесің... Ал ата жолынан таймағаның — бұл сенің абыройың.

Абылай батырдың бетіне қарамай, алыстағы көкжискке тесіле көз жіберіп, әлденеге ойланып қалды.

— Иә, Абылай сұлтан, сіз әділетін айтып тұрсыз,— деді Баян күрсініп,— бірақ менің жүрегімде жазылмас жара қалды ғой. Оның емі — тек қан төгу ғана... Қанға қан!

— Ондай ерлікке жағдай ертең-ақ туады,— деді Абылай.— Ер жігіт өз жарасын әрқашан да жау қанымен жазар болар.

Абылай сол күні Әбілмәмбет ханмен ақылдасып алды да, Кіші жүз әскерлерінің келуін күтпестен, Қалден Церен қолындағы Түркістан уәлиеті мен Сырдың сонау Аралға дейін баратын төменгі жағындағы қалаларды жоңғарлардан қайтып алу жорығына аттануға бұйрық берді. Бұл үшінші жыл тоқсанның екінші айының бас шетінде, сәрсенбінің сәтті күні болды. Қазақтың сол кездегі атақты батырлары мен Абылай бастаған қырық мыңға таяу қалың қол теріскейден күнгеіге лап қойды.

Бұл жолғы жорық үш жүздің басының бір мол қосылған жорығы еді. Осы сапар Абылайға да үлкен абырой әперді. Қол үш салаға бөлініп, бір саласын жасы келіп қалса да әскери істе қолбасшылық тәжірибесі мол Қанжығалы Бөгенбай батыр басқарды. Бұл атақты Үмбетай жырау:

«Баян аула, Қызыл Тау
Абралы, Шыңғыс тау.
Қозы — Маңырақ, қой — Маңырақ
Арасы толған көп қалмақ
Қалмақты қуып қашырдың.
Қара Ертістен өткізіп,
Алтай тауға асырдың.
Ақ Шәуліге қос тігіп,
Ауыр қол жиып алдырдың.
Қаямаққа ойран салдырдың.
Қабанбай мен Бөгенбай
Арғын менен Найманға
Қоныс қылып қалдырдың»,—

деп жырлаған, Бөгенбай мен Қабанбайдың ерлігі ерекше көрінген жорық еді. Осы Бөгенбай он мыңға жуық қолды басқарып, Түркістан уәлиетінің солтүстік жағына, Қалден Цереннің Ұлытауға аттанбақ болған Созақ бекінісі тұсына қарай беттеді. Бөгенбай қолымен бірге атақты жырау Үмбетай аттанды.

Екінші қолды Қошқарұлы Жәнібек тархан басқарды. Бұлар Сыр бойының төменгі саласына қарай сапар шекті. Жәнібек әскеріне тек қана Торғай, Ырғыз бойын жайлаған Орта жүздің жігіттері ғана емес, бұған Сырдария жағасындағы өздерінің ата мекен қоныстарын қайтарып алмақ болған Кіші жүздің Шекті, Табын, Тама, Адай секілді біраз руларының өжет жігіттері қосылды. Бұл қолға сол Торғаймен шектес Сарыкеш маңындағы Уаққа жататын Тәтіқара жырау ерді.

Үшінші қолды (негізгі қолды) Абылайдың өзі басқарды. Бұл қол Шнелі, Жаңақорған бойларымен кеп Түркістанның өзіне күнбатыс бүйірінен тимек болды. Бұл қолда қазақтың аты шулы батырларынан: Баян, Сырымбет, Малайсары, Жәнек, сол кейінірек келіп қосылған Қабанбай болды.

Абылай қолының ас-суын дайындап, жауынгерлерінің кір-қоңын жуатын бір топ қатын-қалаш, қыз-қырқынмен бірге, Қабанбайдың Гауһардан туған қызы Назым жорыққа шықты.

Бұ жолы Баянаулада Бұқар жырау сырқаттанып қалып қойды. Оның орнына бұл жорыққа осы жаздың басында Абылайдың Ботақан мен Жаңайдың құнын өлеңмен сұраған он жеті жасар Көтеш ақын ерді.

Жазғытұрымғы сай-саланы қуалай аққан қар суындай қазақ қолдары тарамданып, жан-жаққа қарай аттана бастады. Қазақ жауынгерлерінің жұмған жұдырықтай боп бір майдан ашудың орнына үш тарам боп бөлінудің де себебі бар-ды. Қазақ қолдары қазір едәуір күшейіп қалғанмен де, соғыс өнеріне келгенде, Жоңғар хандығының тұрақты әскерінен әлі де болса төмен тұғын. Бұндайда құр ерлік, жанқиярлық, өжеттік жеткіліксіз. Әбден машықтанған өнер, әдет еткен соғыс тәсілдері керек-ті. Шиті мылтықтан басқа қаруы жоқ қазақ жігіттерін топырлатып, аз да болса зеңбірегі бар, соғыста әбден шыныққан Қалден Цереннің тәртіпті әскерлеріне қарсы қоюға Абылайдың көңілі дауаламады.

Өз әскерін үшке бөліп, Қалден Цереннің әскерін де үшке бөлшектеп, жеке-жеке құртпақ болды...

Бірақ өзі көшпелі елдің қонтайшысы Қалден Церен Абылай қулығын бірден ұқты. Қазақтың бас күші Созақ тұсынан шығатын Бөгенбай бастаған қол да емес. Аралдың жоғарғы сағасынан, — қарақалпақтың өкпе тұсынан кеп тиісетін Жәнібек сарбаздары да емес екеніне ол шек келтірмеді. Бас күш Абылай маңайында деп ойлады ол. Бұны Түркістанның күншығыс жағына жіберген ертөелері де анықтап қайтты. Бұл кездегі жоңғар әскер басшысы Церен Доржи Созақ пен Қазалыға көмекші әскерлер жіберді де, өзі он бес мың қолымен Абылайға қарсы аттанды.

Абылай әскерінен бұрын келіп, ол Жаңақорған бекінісін қоршай шебін құрды. Ортада жаяу жасағы. Екі бүйірінде Жоңғардың тоқпақ жалды, құлаш құйрықты тапал жылқысын мінген атақты атты әскері. Церен Доржи бұ жолы түйе үстіне орнатылған он бес жеңіл зеңбірегін, Абылайдың мың төлеңгітінен құрылған кілең ержүрек атты әскері жүреді-ау деген жерге орналастырды.

Алдында жау шебі барын білген Абылай, енді өз әскерін жаяу түсті. Жаңақорған бекінісін алуды, бес жүз мергені бар Қабанбайға тапсырды. Сырымбетті оң жақ қанаты, Баянды әскерінің сол жақ қанаты етті. Әрқайсысында үш мыңнан атты әскер. Олардың соңынан сойылды, шиті мылтықты үш мыңнан сарбаздары бар Малайсары, Оразымбет батырлар. Өзі Сағымбай, Қанай секілді батырлармен, жорыққа алғашқы аттанған он жеті жасар Жанай деген баласымен шептің дәл ортасында болды. Қарамағында аты шулы, ержүрек төлеңгіттерден құралған мың салт атты жауынгері бар.

Жансыз жіберілген ертөелері арқылы Абылай өзіне қарсы тұрған, атасы Қалден Церен өліп, енді жоңғар қонтайшысы болған Церен-Доржи екенін білді. Абылайдың бұл әміршіге ерекше өштігі бар-ды. Қалден Цереннен қазақ жеріне Ертіс жағынан тиюді талап еткен де — осы Чорас руынан шыққан Аксүйек Церен-Доржи. Абылай Қалден Цереннің қолына түскенде, оған өлім жазасын сұраған да — осы Церен-Доржи. Барақ пен Әбілқайырдың өштесуіне себепкердің бірі болған да — осы Церен-Доржи. Ал кейін Әбілқайырды өлтірген Барақты қазақтарға бермей қалып, бірақ түбі өз елі жағына шығып кетуі ықтимал деген қауіппен өткен жылы, яғни

бір мың жеті жүз елу екінші жылы, у беріп өлтірткен де осы Церен-Доржи. Рас, Барақтың өлуімен байланысты, Абылайдың алдында бақ таластырып кесе-көлденең тұрар ешкім де қалмады. Сол күннен бастап Абылай Орта жүздің бірден-бір билеушісі болып алды. Ұлы жүздің біраз рулары Абылай жағына шықты. Бірақ соған қарамастан Церен-Доржиге Абылайдың тісі көптен басулы еді. Ана бір жылы Әбілмәмбет хан мен Қалден Церен бітімге келіп, баласы Әбілфейізді аманатқа Ташкенттегі қонтайшы Ордасына қалдырғанда, уәде бойынша қазақ еліне қайтаратын Түркістан мен Сыр маңындағы отыз қаланы бергізбегендердің бірі — осы Церен-Доржи. Егер сондағы бітім іске асқан болса, бүгінгі қан төгілмес пе еді, қайтер еді. Церен-Доржидың күткенінің өзі осы майдан болса, сол майданды бүгін Абылай ашпақ. Кім жеңеді, жігіттердің ерлігі көрсетсін!

Ұрыс сәрсенбі күні таң ата басталды. Абылай да, Церен-Доржи да елшілер арқылы уәделескен мезгілдерінде өз әскерлеріне «аттан!» деп бұйрық берді. Жазық дала, көлденеңі он шақырымдай жерде ұлы қан төгіс басталды. Жер дүбірлете шапқан аттар, таңғы мөлдір ауаны қақ жара ысылдай атылған садақ оғы, шиті мылтық шаңқылы, гүрсілдеген зеңбіректер. Біріне бірі қарама-қарсы сермелген қисық қылыш, бүкір алдаспандар, соғылған сойыл, батырлардың болат денесіне қырш-қырш кірген көк найзалар. Оқ тиіп, жан ұшыра кісінеген жылқы, жан тапсыра алмай ыңырапқан жаралы жауынгерлер. Түс болмай-ақ, майдан даласы қан сасыды. Аяғыңды басқан сайын аттан құлап жатқан адам денелері көрінеді.

Алып майданның екі жақ шетіндегі Сырымбет пен Батыр Баян бастаған қазақ әскері қиын да болса алға қарай жылжып бара жатқаны сезілсе де, екі жақтың екі бас қолбасшысы тұрған майданның орта шебі мызғыған жоқ. Тағы:

— Аттан! Аттан! — деген ұран шықты.

Сол сағатта-ақ Сағымбай, Қанай бастаған сұлтанның мың жігіті зеңбірек оғы жетпейтін қалың жыңғылды сайдан шыға сала Церен-Доржидың тұрған төбесіне қарай лап қойған. Бірақ бір шақырымдай шапқан кезде кенет гүрсілдей жөнелген зеңбіректерден жауған жойқып оқтар дәл аттарының маңдай алдынан кеп гүрс-гүрс жарылған. Алдыңғы шептегі жүз қаралы ер жүрек жігіт-

тер ат-матымен омақата жер қауып, заматта арттарында келе жатқан жауынгерлерге бөгет болды. Көп салт аттылар алдындағы аттар мен адамдардың өліктерінің үстіне кеп құлады. Осы кезде зеңбіректер қайта гүрсілдеген. Амал жоқ, лапылдап келе жатқан қалың қол еріксіз кейін шегінді. Абылай бұйрығымен жігіттер тағы шапқан. Бұл жолы да жүзге таяуы қаза тауып, қалғаны кейін серпілді. Зеңбіректі Церен-Доржиды бұлай ала алмайтынын білген Абылай, енді шабуыл шебін басқаша құрды. Енді ол зеңбіректерге тікелей шаппай, оны ат тағасындай қоршап, жан-жағынан шабуылдауды бұйырды. Бірақ үш рет шабуылға шығып, ең батыр деген үш жүзге тарта ер жігіттерінен айрылған әскер не істерін білмей, тағы дағдарып қалды.

Бұған ызаланған Абылай:

— Япырмай, осыншама қазақтан жауға шабар бір еркек кіндікті тумаған ба?— деді қатты дауыстап.— Қайсың барсың?

Осы кезде топ ішінен «Абылай! Абылай» деген дауыс шықты.

Бұл ұран салған Абылайдың он жеті жасар баласы Жанай еді. Ол тебініп қап, зеңбіректерге қарай атой салды. Бірақ бұдан бұрын гүрсілдеген тажалдардан әбден үркіп қалған астындағы басы қатты кертөбел, бала жігітті жау шебіне емес, бір бүйірдегі жиде тоғайына қарай ала жөнелді. Жұрт тағы тына қалды.

Дәл осы кезде, Абылайдың зеңбіректерді қоршаған жігіттерінің оң жақ тұсынан Церен-Доржи тұрған төбеге қарай, басында үкілі қамшат бөркі бар, ақбоз атты бір қыз бала «Қабанбай! Қабанбай» деп ұран тастап, суырылып шыға берді. Ақбоз ат көсіле сермеп келеді. Қыздың қолында не сойыл, не найза жоқ, бар болғаны тобылғы сапты қамшы. Осынау қарусыз қыздың ерлігін көрген қалың топ, енді шыдай алмады, лап қойды.

— Абылай!

— Атығай!

— Ақжол!

— Қарақожа!

— Қабанбай!

— Абылай! Абылай!

«Қабанбай» аты аталған тұста Найман жігіттері гуілдей шапқан топтың алдарында келеді. Зеңбіректер ортадағы топтың алдыңғы қатарына ғана оқтарын жіберіп

үлгірді. Бірақ екі бүйірдегі сойылкерлер сапы тез-ақ жетіп қалды. Аржағындағы жоңғар атты әскері келіп үлгіргенше, түйелі зеңбіректерді түйе-мүйесімен таптап кетті.

Ақ болат сауыты жарқылдап, Жалынқұйрығын көсілте Абылайдың өзі де шапты. Төбе басындағы қонтайшы көк шатырын жинай бастады. Сөйткенше болған жоқ, Жоңғардың сары жібек жалауы шығысқа қарай шегіне берді...

Қазақ әскерлерінің тегеурініне шыдай алмай, жоңғарлардың тұтас құрған шебі бұзылып, енді майдан үзілген жеке-жеке топтардың, қолдардың айқасына айналды. Осы кезде онсыз да қызыл қанға боялған әлем бетін бұрыңғысынан да қызарта түсіп, күн де батты. Екі жақ өліктерін жинап көмуге ұрыстарын тоқтатты. Бүгінгі күнгі ұрыста Жоңғар жағынан қырылған адам қазақтардан анағұрлым артық боп шықты. Осылай жоңғар мен қазақ арасындағы қанды айқастардың жаңа белесі ашылды. Бұл қазақ елінің жоңғар қонтайшыларын мүлдем жеңіп, ата мекен жерінен куудың ең алғашқы күні еді.

Абылай өз шатырына келгеннен кейін, бағанағы қалмақ зеңбіректеріне жападан-жалғыз қарсы шауып, бүгінгі жеңіске жол салған қызды іздетті. Бұл Қабанбай батыр мен қазақтың батыр қызы Гауһардан туған жас Назым боп шықты. Бүлдіршіндей жас қыздың осыншама ерлік көрсеткеніне риза болған Абылай, беліндегі сом алтыннан соғылған жаңа белбеуін шешіп берді.

Абылай басқарған осы соғыс екі айға созылды. Қазақ әскері Жанақорғанды, Шымкентті алып Түркістанға таяды. Солтүстіктегі Бөгенбайдан да Сайрам мен Созақты алдық деген хабар келді. Батыр Баян қолы да Талас өзеніне таяй түсті. Жәнібек батырдың да қолы Қарақалпақ жерінен жоңғарларды Сырдың жоғарғы сағасына қарай сырғыта бастады. Енді амал жоқ, Церен-Доржи Абылайдан бітім сұрауға мәжбүр болды. Абылайдың да бұл бітімге көнбестік лажы жоқ-ты. Үш ай бойы, Арқадағы үйлерінен алыс жерде ұрысқан қазақ жауынгерлері де әбден қажыған-ды. Жорыққа аттанған жауынгерлердің бестен екі бөлегі қаза тапты. Бұл жападан басын қосып, ел болып келе жатқан қазақ жұртшылығына осал

соққы емес-ті. Оның үстіне Абылай бұл жолғы жеңістерін Жоңғар хандығын шын күйретудің басы деп санамаған. Қазақ хандары түгіл, қытай боғдыханымен алысуға жарап келген жоңғар қонтайшыларының әлі де күші мол екенін ол жақсы білетін. Қысылып бара жатса Церен-Доржи қытай боғдыханына бас иіп, сол шекарадағы көп әскерін кейін шақырып, қазақ еліне тәгеді. Өйтпеген күнде Жетісудағы әскерлерін алдырады. Сонда Абылай оған ұрыстан әбден қажыған жігіттерімен не істей алады? Тағы бір естен шығармайтын жайт, күз болса келіп қалды. Аржағында қылышын жалаңдатып қыс тұр. Шаруа жайын ойламаса да болмайды.

Абылай Церен-Доржидың жіберген елшісін құрметпен қарсы алды. Ұзақ сөздерден кейін, Орта жүздің ханы Әбілмәмбеттің қарамағына Созақ, Сайрам, Манкент, Шымкент секілді үш ай ұрысып жоңғарлардан тартып алған бірнеше қалаларды қалдырып, Түркістан шаһары мен оның уәлиетін қазақ еліне тегіс қайтарып беру мәселесі алдағы уақытта тағы қаралмақ боп келісілді. Қазақ елінен жоңғар қонтайшысы алып тұратын алым-салық көлемі де әжептәуір азайтылды. Қазақ хандарының қарамағына Сырдарияның төменгі жағы мен Талас өзенінің Жаңғы қаласы тұрған жеріне дейін қайтарылмақ болды. Әрине, Жоңғарлардың бұрынғы жағдайы болса, Церен-Доржи бұның біріне де көнбес еді, енді амал жоқ көну керек. Өйткені оның арт жағында да қыс бойы ұйықтап, жаз шыға басын көтерген айдаһар тәрізді, күшейіп келе жатқан қытайдың боғдыханы Цзинь-Лун бар...

Осындай абыройға жеткен Абылай, жан-жақтағы батырларына:

— Биылға соғыс осымен бітті. Енді аттың басын елге бұрамыз,— деп бұйрық берді.

Өзі Арқаға көшуге үлгірмей, Созақ төңірегінде қалып қойған Әбілмәмбет ханның ордасында аз күн аялдамақ болды. Хан немере інісінің құрметіне үлкен той жасап, сый-құрмет көрсетіп жатқанда, үйге асыға басып Көтеш ақын кірді. Ол үкілі домбырасын еңкілдете жылатып қоя берді. Мәз-мейрам боп қуанышқа бөленіп отырған Абылай:

— Жарқыным-ай, күйің қалай зарлы еді, сай-сүйегімді сырқыратып жіберді ғой, Жанай ұлым аман ба еді?— деді.

Сонда Көтеш:

Алтын күн кім қуанар батқанына,
Аққуды кім қуанар атқанына,
Жанайың жау қолынан қаза тапты,
Еліне енді жүргелі жатқанында,—

деп жоқ жерден он жеті жасар Жанайды жоңғардың бір қарақшысы өлтіріп кеткенін хабарлайды.

Көрдей тұншығып тына қалған үй ішінде, кенет булығып өксіген дауыс шықты. Бұл Жанаймен түйдей құрдас және осы жорықта онымен жан аяспастай достасқан бала жырау Көтештің өксігі еді.

Ойын-той былай қалды. Абылай «аһ» ұрып, бірнеше күн төсектеп басып көтермей жатып алды. Жанай өліміне Олжабай жазықтыдай, осы сапарда баласымен бірге болған батырға сұлтан тіпті тіл қатпай қойды. Сұлтан күйінде де хан саналған Абылайға көңіл айтып, сонау Арқадан қаз дауысты Қазыбек би, Ұлы жүзден Төле би, Кіші жүзден Бала би келді. Бұл үш бидің келуі Абылайды үш жүздің елі өзіне көсем ете бастағанының белгісі еді... Әрине, Үлкен Орда тағына жетудің жолы осы үш жүздің өзіне ықылас қоюында екенін түсінген Абылай, әлі де болса төсегінен тұрмай қойды. Сонда Тәтіқара жырау:

«Үш жүздің баласы
Ақылдасып, сырласып,
Хан көтерсек деп еді.
Үш жүздің баласын
Бір баласындай көрмеді.
Ат күйрығын үзіндер,
Аллалап атқа мініңдер,
Хан талау етіп алыңдар!

деп ашулы толғауын айтып еді.

— Жөн айғасың, жырау!— деді Абылай сәл басын көтеріп, сосын қайтадан жастықты бауырына қыса жата кетті.

Міне, осындай бір кезде Ордаға Көтеш акын тағы кірді. Бұ жолы ол күй тартқан жоқ. Босағада бір тізерлеп отыра қалды да, көзінен жасы сорғалап, ащы дауыспен аңыратып қоя берді:

Үш жүзге уа, Абылай, қайғың аян,
Қез жетті қара бұлттан енді оян.
Тағы да суық хабар әкеп тұрмын
Өлтірді Олжабайды қашқын ноян...

Абылай басын төсегінен жұлып алды.

— Уа, жарқыным, жөніңді айтшы, не дейсің?

Көтеш ақын енді Олжабайдың қалай қаза болғанын айтып берді. Екеуі өз қостарына қайтып бара жатып, жолай әдемі бір әуен естиді. Олжабай серігінің «қазақ әні емес, қалмақ әні тәрізді. Сірә, қоршаудан шыққан тұтқындар болуы керек» дегеніне қарамай:

— Жоңғарлар болса қайтеді, қазір бітіміміз бар емес пе?— деп болмайды.

Бұлар ән шыққан тұсқа таяп келгенде, жанған отты қоршай отырған Жоңғардың қашқып жауынгерлерін көреді. Аттарының басын бұрып үлгірмейді. Қараңғы түнге қарап атқан садақ оғы сауытсыз келе жатқан Олжабайдың дәл көкірегінен кеп қадалады. Олжабайдың тек:

— Дүниеге келген соң өлуге де тиістісің,— деуге шамасы келді.— Амал қанша, арманда кетіп барам. Бірақ мен өлсем де менің арманым жетінші ұрпағымда бір қайтланады. Бір әулетім өзім тәрізді батыр және асқан жырау болады,— деді де көзін жұмды...

— Иә, Олжабай өлеңді жақсы көретін еді,— деді Абылай. Содан кейін төсегінен түрегеліп, сауыты мен қаруын әкелуді бұйырды.

Олжабайдың айтқаны келді. Жетінші ұрпағында тағы бір ұл туды. Халық оған арғы бабасының атын берді. Ол асқан дарынды, тамаша ақын болды...

II

Манжурлардың атақты қолбасшысы Фу Де басқарған кара құрттай қайнаған Қытайдың жаяу әскері Алтынемел қырқаларынан үшінші рет кейін асып түсті. Бүгін таң атқалы Абылайдың қалың қолы үшінші мәртебе шабуылға шықты. Осы үш шабуылдың үшеуінде де Қытай әскері Іле өзені мен Алтынемел адырларының арасындағы ойпатқа жетіп, қазақ жігіттерінің тегеурініне шыдай алмай кейін қашты. Майданда қыруар өліктері қалды. Абылай «осы жолы жеңдім-ау, енді беттей алмас» деп ойлаған сайын тағы қарсы жақтағы белестен шұбырып түсіп келе жатқан қытай әскерін көреді. Қанша қырсаң да, бітпейтін құмырсқа сынды. Оның үстіне қытай әскерлерінің арғы жағына барып қайтқан ертөлелердің айтуы бойынша, ішкері жактан қаптап қытайдың екінші қолбасшысы Чжао Хойдың әскері таяп қалған көрінеді. Дені атты әскер деседі. Тұлғасы тұрымтайдай жылқы мінген қытайдың атты әскері қазақ жігіттеріне

бәлендей қорқынышты да емес-ті. Жауынгерлері ат үсті ұрысына шорқақ... Бірақ қытайдың қаныпсезер, қаттылықтарымен аты шыққан екі қолбасшысының әскері түйісер болса, әрине, қазақ қолы шегінуге мәжбүр болады. Бұндай жағдайда қытай әскерінен кейін шегіну деген сөз — қазақ жерінде екінші «Ақтабан шұбырынды» келтіру деген сөз. Сондықтан да Абылай төртінші шабуылға дайындалды. Қайткенмен де Фу Де мен Чжао Хойдың әскерін ойсырата жеңсе, әлі де үміт бар. Жок, бұ жолы Абылай жауын жеңе алмайды. Өйткені ақ түйесінің бүгінгі жатысы оған ұнамаған.

Ақ түйе тұңғыш Жанай қаза тапқан жоңғар жорығынан қайтысыменен пайда болған. Қайғыдан әлі сейіле қоймаған Абылай сол күні ерте тұрып, Ақ Ордадан шыққан. Күздің кара суығы келіп қалған екен. Бір-екі күннен кейін аулы қысқы қонысы Көкшенің қойнауына көшпек. Қысты қалай өткізудің қамын ойлап тұрған Абылай кенет ауыл сыртындағы ақ түйеге көзі түсті. Мүше бітісі өзгеше, ірі, жүні сүттей аппақ, шудалары шұбатылып жерге түскен. Абылай баяу басып қасына барды. Түйе үріккен жок. Мұрны тесілмеген, үстіне қом салынбаған. Қос өркені баладай. Абылай тағы таяй түсіп еді, ол тайраңдай шауып бел асып кетті... Ертеңіне таң атып келе жатқанда Абылай тағы сыртқа шықты, тағы ақ түйені көрді. Абылай жақындап еді. кашпады, үйіне карай беттеп еді, соңынан еріп жүрді. Сол қыс ақ түйе Абылайдың түйелерімен бірге болды. Қыс қандай қатты болса да, Абылайдың бірде-бір қотыр ешкісін қасқыр тартқан жок, қотыр тайы бораннан ығып, жылымға түсіп шығынға ұшырамады. Жұрт бұл түйені Абылайдың ырысы, киесі деп жорысты. Бұл ақ түйенің шын ғажап қасиеті кейін байқалды. Абылай жаз шыға күнгеі мен күншығысынан мазасын ала берген жоңғар әскеріне тағы қарсы аттанбақ болды. Сұлтан кеңесі Ертіс жағасының торғауытына ма, әлде Іле бойының ойратына ма, қайсысына жорыққа шығуды шеше алмай тарасты. Абылайдың таңертең өзгеден ерте тұратын ежелгі әдеті. Далаға шықса, ақ түйе орда сыртында жатыр екен. Басы күншығысқа қараған. Түйенің бұрын үнемі күнбатысқа қарап жататынын білетін Абылай кенет бір ойға келді. «Жұрт бұл түйені менің кием деп босқа айтпайтын тәрізді ғой, осы жолы ақ бураның көрсеткен жағына аттанайын». Ол осы айтқанын орындады. Жолы болып қайтты. Сол күннен

бастап ақ бураны жорыққа аттанса, өзімен бірге ала шығатын болған. Ақ бура ертең ұрыс деген күні басын қай жаққа салып жатса, Абылай сол жақтағы жауына аттанатын, және үнемі жеңіп қайтатын.

Ал осы жолы Абылай Арқаның бар әйгілі батырларын ертіп, Іленің жоғарғы жағынан баса-көктеп кірген қытай әскеріне қарсы жорыққа аттанғанда, жолай ол Абылай асуының» үстіне түнеген. Таңертең өзгелерден ерте тұрып, әскерін аралап келе жатып, ақ бураның Іленің оңтүстік бойына емес, солтүстікке қарап шөгіп жатқанын көрді.

Абылай енді жолым болмайды екен деп кейін қайтуды да ойлады, бірақ қаптап келе жатқан қытай әскері егер алдынан қарсылық көрмесе, қазақ жерін басып алар деп қауіптеніп, «не болса да нар тәуекел!» деп, келе жатқан бетінен таймаған. Үш күннен бергі ұрыста Фу Де әскерін бірнеше рет тойтарып кейін ығыстырғанмен де, жүрегінің күпті болып, өз ісіне өзі сенбей әлсін-әлсін қауіптене беруі де сол ақ бураның теріс бұрылып жатуынан еді.

Әйтсе де үш күннен бері Фу Деңі бет бақтырмай тұрған Абылай, Чжао Хой жетпей тұрып тағы бір қимылдайын деп, өз әскеріне кезекті бұйрығын берді.

— Батыр Баян қолын қазір кейін шегіндіріп, Іленің оң жағасындағы анау жиде тоғайына барсын, Чжао Хой атты әскері бізге қарсы аттанса, бір бүйірінен тисін. Ал Сырымбет батыр жауынгерлерін мына қырқаның арғы бетінде тасада ұстасын!

Абылайдың бұйрығын алысыменен қазақ жауынгерлері Іленің тұманды шатқалдары жұтқандай, өзен бойындағы жиде, тал, қамысты қойнауларға кіріп, көзден ғайып болды. Тек төбе бастарында барлаушылар ғана қалды. Олар қытай әскерлерінің дабылдарын ұрып, жаңа шабуылға дайындала бастағанын естіп жатты...

...Иә, қазір қазақ жеріне жоңғар жасақтары емес, қытайдың көк темірмен құрсанған қалың әскері келе жатқанды. Қытай империясын жер шарының кіндігі деп санайтын, аспан баласы — боғдыхандар шекара деген ұғымды тіпті білмейтін. Қытай жауынгері жеткен жердің бәрі қытайдікі деп ойлайтын. Сол себептен де қытай боғдыханы қазақ деген көшпелі елді өзінің дегеніне біржолала көндірмек боп, тоқсан мың әскерінің бетін қазақ даласына қарай бұрған.

Осының алдында ғана ұлы Жоңғар трагедиясы аяқталған. Көршілес жоңғар мен қазақты біріне-бірің айдап салып келген Қытай мен Манчжурия билеушілері енді өздеріне аянбай қимылдайтын мезгіл туды деп шешкен. Қазақ пен жоңғар бірін-бірі әбден қапсыратып болды деп ойлаған. Тек енді оларға жаралы қос жолбарысты ұрып алу ғана қалған. Және тезірек ұрып алғысы да келген. Өйткені, өзінің ішкі бүліншілігін жоя алмай жатқан Россия Орталық Азияның істеріне тікелей кірісуге әлі де дайын емес еді.

Бір мың жеті жүз қырық бесінші жылы Қалден Церен өлді. Ұлы қонтайшы өлісімен оның балаларының арасында таққа таласу басталды. Бұл таласты жеңіп, бір мың жеті жүз қырық жетінші жылы таққа Қалден Цереннің ортаңшы ұлы, нағашылары — Чорас ақ сүйектеріне арқа сүйеген Церен-Доржи сайланды. Бір мың жеті жүз елу үшінші жылдың аяғында оны өзінің туған інісі Лама-Доржи өлтірді. Осы жылдан бастап Жоңғар мемлекетінің іші қым-қуыт таласқа айналды. Қонтайшы тағына енді Қалден Цереннің немересі Амурасана мен Лама-Доржи қырылысты. Бұл таласты, әсіресе, Абылай жақсы пайдалана білді. Ол кейде шешесі қазақ Амурасаның қолтығына су бүркіп, кейде Лама-Доржиге аздаған атты әскер беріп, қазақ еліне әбден тізесі батқан Жоңғар мемлекетін біржола әлсіретуді көздеді. Ақырында қытай боғдыханының көмегімен жоңғар қонтайшысы Амурасана болды. Бірақ бұл кезде Жоңғар империясының тағдыры шешіліп те қалған-ды.

Қытайды әбден жаулап алып, алтын таққа өзінің Цинь династиясын отырғызған Манчжурия феодалдары қытай боғдыхандарының басқыншылық саясатын қайтадан жандандырды. Қытай мен Жоңғар арасындағы әдеттегі бір кан төгіс жанжалды сылтау етіп, Фу Де мен Чжао Хой генералдар басқарған қытайдың тоқсан мың әскері жоңғар жеріне баса-көктеп кірді. Бұл жолғы қытай-манчжур әскерінің жорығы әдеттегі ұрысқа ұқсамады. Екі айдың ішінде қытай императоры Цзинь Лун жіберген тоқсан мың әскер өзінен үш есе кем және бөлшектенген жоңғар жасақтарының күл-талқанын шығарды. Бір миллиондай халқын қырды. Сөйтіп бір кездегі күшті көшпелі мемлекет біржолата құрыды. Амурасана бас сауғалап қазақ жеріне қашты...

Кеше ғана өз қолымен бауыздамақ болған нағашы

жұрты оны құрметпен қарсы алды. Абылай үстіне үй тігіп, алдына үйірлей жылқы салды. Бірақ көп кешікпей Амурасана сол жылы қазақ жеріне қытайлар әкелген ұлы апат — қара шешектен қайтыс болды.

Сөйтіп шығыстағы бір айбынды мемлекет көрер көзге құрып кетті. Жоңғар қақпасынан соққан жел қазақ даласына ұзақ уақытқа дейін жылымшы қан мен өліктің сасық иісін әкеп тұрды. Құзғын қарғалар енді сол қан иісі шыққан жаққа қарай ұшты...

Мұны көрген қазақ елі шошын кетті. Қытай мен өз даласының арасында тұрған жоңғар жұртының жоқ болып кетуінен қандай қауіп туғанын ол бірден ұқты. Енді шығысқа үрке қарады... Қытай боғдыхандары мен қазақ батырлары бұрын да сан шайқасқан. Тіпті қытайдың Тан династиясы кезінде де қазақ елі үш жүз жыл күресіп, жеңгізбеген. Рас, қытай әскерінің кейбір кездерде қазақтың көне жері Көкше теңіз — Балқашқа дейін жеткен шағы болған. Бірақ тұрақтай алмаған. Сондарына күйген қала, күйзелген даланы қалдырып зығын отырған. Ал бұл жолғы Қытай боғдыханының қанішерлік қылығы өзгеше көрінді. Енді қазақ елі алыстағы аждаһаның ысқырғанын ғана емес, арандай ашқан ауызынан қанжардай тістері ақснып, өзін жұтуға келе жатқанын білді. Сол себептен де, бұрын қазақ жерінде орыс бекіністері салына бастағанына күмәнданып келген Бұқар жырау:

«Шүршіт келеді деген сөз бар-ды.
Көктен түскен төрт кітап
«Енжіл» атты кәләмда,
Егер шүршіт келмесін,
Егер шүршіт қаптаса,
Алып бір жейді ақтарып
Көмулі көрдеп денесіңді»,—

деп, қытай әскерінің қорқау қасқырдан кем емес жауыздығын айтып, жұртты күні бұрын ұлы айқасқа шақыра бастады. Қазақ елінің басына бұл кезде тағы бір қара бұлт төне түскен. Бұл қара бұлт Қоқан хандығы жағынан келе жатты.

Ел бүлігі кашанда болса билеушілерден шыққан. Жоңғар мемлекетінің жойылуымен байланысты, Сырдың жоғарғы жағында көшіп жүрген қыпшақтардың әміршілері Нарбота би мен Ерден батыр Ташкент, Түркістан, Арыс секілді Сырдың орта тұсындағы қалалардың Қо-

қан хандығына көшуіне көмектесе бастады. Бұл қалалар жоңғар қонтайшысының қарамағынан босанса да, енді Қоқан хандығына бағынышты болар қаупі туған. Қоқан хандығы да енді Ташкент пен Түркістан уәлиеттеріне жататын шаһарларды біртіндеп басып ала бастаған. Қазақ еліне екі жақты жаумен алысар ауыр күн туды.

Жоңғария мен Қашқарияны оңай алған Қытай боғдыханы қазақ жеріне ғана емес, тіпті Самарқанд, Бұхара, Хиуа, Қоқанға да ауыз салуға баратынына Абылай шек келтірмеді. Өгізге туған күн бұзауға да туатынын ол жақсы түсінген. Сол себептен де Абылайды, қорқау қасқырдың бір шабуынан қалмайтын Ерден мен Нарбота билердің әрекеті емес, қатерлі аждаһа қытай боғдыханы қобалжыта берді. Ал, Самарқанд, Бұхара, Қоқан әміршілеріне ақыл кіріп, бұған келіп қосылғанша, қазақ даласы айдаһардың өңешінен өтіп кетеріне күмәндануға болмайтын еді. Міне осыны ойлаған Абылай, жаз ортасы болмай үш жүзге ұран салып, халықтап шыққан қазақтың бар әйгілі батырларын жинап, Көкше теңіз түбінен күншығысқа қарай қалың қолмен жорыққа аттанған. Ілмен жоғары көтеріліп құмырскадай қаптап келе жатқан Чжао Хой мен Фу Денің әскеріне қарсы жүрген.

Әрине, Абылай Қытай империясын жеңе қоям деп ойлаған жоқ. Онда басқа да ой бар еді. Қазақ елінің басы қашанда сырттан жау келгенде ғана бірігетін, Абылай содан үміт етті. Кешікпей сұлтан жорамалы шындыққа айнала бастаған. «Қара қытай қозғалса — ақырзаман болады» деп бесіктегі баласына өсиет айтатын қазақ рулары, келе жатқан жауының шын қауіпті екенін түсініп, бастары қосылып бірігуге айналды... Басқыншы жаудан аман қалудың бірден-бір жолы үш жүз боп бірігуде ғана екені айқындалып қалған. Сондықтан да Абылай саясатының жаршысы Бұқар жырау:

«Шүршіт келсе Сырға көш,
Ішетұғын суы бар»

деп, жан сақтаудың жолын ғана айтып қоймай,

«Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
Бұл үйректтей болыңыз.
Судан суға шүйгумен
Көлден көлге қоныңыз.

Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін.

Жат бойынан түңілсін,
Бәріңіз бір енеден тугандай болыңыз»,—

деп ел бірлігіне шақырды. Ел бірлігі — жау бетіне ұстар қалқан. Қытай әскерінің қазақ жеріне кіруі, қазақ ұғымында — ордалы жыланның келуімен тең. Осындай жағдайда ақ түйенің майдан ашылар жаққа қарамай қырындап жатуы жұртқа түсініксіз-ақ. Бұл қандай ырым? Бұның сыры тек әзірше Абылайға ғана аян...

...Қыр басында тұрған Абылай енді Бұқар жырауға бұрылды.

— Жырау, бүгін ақ түйенің қырын шөгіп жатқанын көрдіңіз бе?— деді ол,— жамандықтың белгісі болмаса нетсін...

Бұқар жырау қытай әскерлерінің төртінші рет шабуылға шыққанын көріп тұрған. Қара құрттай қаптап келеді. Бір қазаққа жиырма қытай жабылғалы келе жатыр. Басым күшке шыдай алмай, қазақ қолының бір жақ шеті жапырылып кейін шегіне түскенін Бұқар жырау жаңа аңғарды. Бірте-бірте қазақ әскерінің халі қиындай берді. Өмір бойы ішер асқа жарымай өткен, бірақ өз әміршілерінің зорлауымен соғысқа әкелінген қытай әскері шабуылға шыққанда өлген-тірілгендеріне қарамайтын. Әлде қорлық өмірден өлгендерін артық көре ме, қарсы жауған оққа кеуделерін тоса, үнемі алға ұмтылатын. Осыны көріп тұрған Бұқар жырау Абылай сұрағына асықпай жауап қайтарды.

— Қасқырдан қорыққан қойшыдан жақсы күзетші шыға қоймайды. Жауынды жеңгің келсе, ең алдымен өзіңе-өзің сен. Әйтпесе бәріміз бірдей апатқа ұшыраймыз.

— Көңілімде бір күдік бар. Одан қалай құтылам?

— Женетініне сенбей майданға шыққан қолбасшы өмірі ұзақ болмайды. Ондай кеселдің бір ғана емі бар...

— Ол қандай ем?

— Ажал.

— Ажал?

— Иә, ажал. Ол қандай дауасыз кеселден де құтқарады,— деп Бұқар жырау қазақ қолының жапырылып бара жатқан қанатын көрсетті.— Шап қазір ана тұсқа! Не ажал табасың, не өзіңе-өзің сенбейтін аурудан айығасың.

Абылай бұған бір ауыз сөз айтқан жоқ. Жалынқұйрығын тебініп қап, жырау көрсеткен майдан алаңына қарай шаба жөнелді.

Бұқар жырау атынан түсті. Мойнына белбеуін салып, бір тізерлей отырып, алласына «ақсарбас» айтып, жалбарына бастады. Әрине Бұқар жыраудың құдайға бағыштаған сөзін діни адамдардың біреуі естісе, «құран сөзін қор еттің!» деп сөгер еді, өйткені, оның аузынан құдайға жалбарынудан көрі, ұран шақыруға ұқсас, ереуілді жыр тізбегі ағытылып жатқан.

Абылайдың жалғыз шапқанын көрген қазақ жігіттері шегінуді тоқтатып, жауға қарай лап қойды.

— Абылай! Абылай!

— Аруақ! Аруақ!

Таудан құлаған тастардай, өлген-тірілгендеріне қарамаған садақшы, пайзагер қалың қол алдарындағы шөрке табанды, қара қалпақ, қара шапанды жаяу әскерінің алдыңғы шебін күл-талқанын шығарып, кейін қуа бастады.

Қайтып оралған Абылай Бұқар жырауға:

— Қолбасшыға күптенудің серік емес екенін енді ұқтым!— деді.

Бүгінгі жеңістен рухтанған Абылай ертеңіне де шабуылды өзі басқармақ боп, сауытын киіп, әскер алдына шыға беріп еді, Бұқар жырау:

— Ажалмен ойнама, сұлтаным. Шөлмек күнде сынбайды, бір-ақ рет сынады. Бүгінгің артық!— деді.

— Ер жігіттің серігі тәуекел демеп пе едің, Бұқар аға?

— Жүз тәуекелдің бір тәубесі болар. Кешегі тәуекеліңе бүгін тәубе ет.

Абылай бірдеме деп келе жатыр еді, Бұқар жырау:

— Қазақта Абылай біреу-ақ, ал қытайда боғдыхан көп,— деді қолын жоғары көтеріп,— құдай менің тілегімді күнде бере береді дейсің бе, жетер енді!

Жалпы көшпелі елдердің салты бойынша жырау, ақын дегендердің қадірі халық алдында өте жоғары бағаланатын. Жырау арқылы ру көсемдері өздері бағынышты хан, сұлтандарға өкпелерін де жеткізетін. Бүкіл ел-жұртының мұң-мұқтажын жоктаған мұндай жыраулармен ең тегеурінді хандардың өздері де санасатын.

... Бүгінгі ұрыс кешегіден де қиынға түсті. Өлген, тірілгеніне қарамай, қытай сыпайлары әміршілерінің бұйыруымен үсті-үстіне шабуылға шықты. Құлынжалды садақтарын шірене тартқан қазақ жігіттерінің жебесінен алдыңғысы окқа ұшса, артындағылары өліктерін басып

өтіп алға қарай ұмтыла берді. Қытай әскері қазақ жігіттерін тағы да ығыстыра бастады. Осындай бір шабуылда, қызып кеткен Бұқар жырау:

— Кеше құдай он тілегімді бергенде, бүгін бір тілегімді бермей ме?— деп жау шебіне қарсы шаба жөнелген. Абылай «тоқта» деуге де үлгірмей қалды. Бір заматта Бұқар оң қолының қарынан оқ тиіп, өз кісілерінің жанына озер жетті. Бұқарды Абылай елге қайтарып, қасына енді Тәтіқара жырауды алды.

Абылай тұрған Қыземшек биік шоқының басынан көз жететін адыр-қырқа беттері тегіс көрінеді. Оның қасында қазір төрт-ақ адам бар: Қанай, Бекболат, Тәтіқара және Жәнібек тархан. Өзге батырлардың бәрі де майдан даласында.

Қырағы көзді Абылай аргы белестен тағы бір лек қытай әскерінің төмен түсіп келе жатқанын көрді. Құдайға шүкір, әйтеуір әлі Чжао Хойдың көп найзалы атты әскерінің шаңы шыққан жоқ.

«Бүгін кешегідей емес шабуылдары анағұрлым бәсең, сірә Чжао Хойдың атты әскерін күтіп тұр-ау,— деді ішінен Абылай,— бүгін бәлендей қауін бола қоймас».

Абылай күнбатыс жаққа бұрылды. Таң атқалы уақыт мөлшерін де байқамапты, күн бесіндіден еңкейіп бара жатыр екен. Бірдеме айтпақ боп ол енді Қанайға қарай беріп еді, кенет басындағы қалпағы анадай жерге ұшып түсті. Абылай жалт бұрылды. Қалпағы жерде жатыр. Тазқараның тайлақ жүні қадалған жеріне қағаз байланған козы жаурын садақ оғы қалпақтың дәл айыр ұшына кеп қадалыпты. Абылай жылдамырақ қимылдап қалпағын жерден өзі көтерді. Қағазын жұлып алды да, жебені лақтырып жіберіп, оқ тиген қалпағын айналдыра қарап шықты. Егер жебе төрт елідей төмен тигенде, Абылай сұлтан бұл дүниеге жоқ екен.

— Япырмай, қандай мерген еді!— деді ол кім болса да қалпағына дәл тигізгеніне таң қалып. Сөйтті де қолындағы қағазға көз жүгіртті. Әдемі әріппен әлдекім: «Абылай, сақ бол, бүгін түнде күзетшілеріңнің біреуі сені өлтірмек. Қайсы екенін анық білмеймін» деп жазыпты. «Оқ сол жағымнан атылғандай болып еді, кім де болса, өз әскерімнің ішіндегі бір дос-жар кісі жазған болды»,— деді Абылай ішінен, қағазды ұп-уақ етіп жыртты да, лақтырып жіберді.

Абылайдың қағазды оқығанын көріп, сұп-сұр боп түсі қашып кеткен Бекболат би:

— Жақсылық па, жарқыным?— деді.

— Жай әшейін... Жауды қашан жеңеміз деп сұрайды. Сірә ұрыстан шаршаған біреу болар.

Әрине, Бекболат Абылайдың сөзіне сенген жоқ, бірақ одан әрі қазбаламады.

— Мерген-ақ жігіт екен...

— Айтпаңыз.

Абылайдың бағы өскен сайын қасы да көбейген. Оған бүгінгідей садақ оғы жасырын жерден талай рет атылған-ды. Түбі Абылай хан бола қалса, қарамағындағы елдеріне биліктерінің бұрынғыдай жүрмейтінін сезетін бақкүндес төре тұқымдары да оған қастық ойлай бастаған. Бұны білетін Абылай қасына халыққа қадірі бар батыр, жырау, шешендерді көбірек жинауға тырысқан.

Абылайға қарсы бидің бірі Бекболат еді. «Хатта не жазылыпты?» деп ол босқа сұраған жоқ-ты. Әкесі қаз дауысты Қазыбекпен екеуі Абылай дәрежесінің былай көтеріле беруін ұнатпайтын. Және өздерінің қарсы екенін де жасырмайтын да. Тек ел шетіне жау келе жатыр дегенді естігеннен бері ғана райынан қайтқан. Қазір казак елін тағы бір апаттан алып қалу үшін, Абылай секілді ержүрек, табанды адамның соңынан еруді Бекболат мақұл көрген. Қорқынышты хабар тараған күннің ертеңінде өз жігіттерімен Абылайдың жасағына келіп қосылған. Ал сол Абылай Бекболаттан сырын жасырып тұр. «Ой қағазда не жазылды екен? Сұлтан соншама неге сұрланып кетті?» Абылай батып қара жатқан күнге тағы бір қарап қойды. Жау шебінен «бүгінгі ұрыс бітті» деген дабыл үні естілді.

— Жарайды,— деді Абылай,— бұ жолы біз шүршіттердің дегеніне көнейік. Бүгінгі ұрыс осымен аяқталсын...

Қазақ дауылпаздарының дүңкілі де кең даланың үстінде қалықтай жөнелді. Сол-ақ екен екі жақтың әскері екі бөлініп, кейін қарай серпілді. Ай туа майданға ат-арбалы өлік жинаушылар келді. Майдан шекарасында екі жақтың күзетші әскерлері бір-біріне көрінбей, жырасайларды бүркеніп, түнгі шептерін құрды.

Абылай өз серіктерімен шатырына қайтты. Қазақ қолдарының тоқтаған жері Іле, Күркірек атты шағын өзеннің тоғысқан алқабы болатын. Ортада Абылайдың ақ ордасы. Жан-жағында шашырай тігілген өзге қолбас-

шы батырлардың үйлері... Абылай аттан түсісімен өз шатырына кіріп, үстіндегі сауыттарын тастап, жайшылықтағы киіммен, өзін күтіп отырған қолбасшылар кеңесіне келді. Сосын мәжілісін тез өткізіп, әдеттегісінен көрі, кешкі асын да ертерек ішіп, жатып қалды.

Абылайдың жорықта ерте тұру жалпы гадеті еді. Және басы жастыққа тиісімен-ақ тез ұйықтап кететін... Абылай бүгін де сөйтті. Тек жартылай шешініп төсегіне жатар алдында керегеде ілулі тұрған қылышын қынабынан суырып алып, жалаңаш күйінде бас жағына қойды. Сосын тез ұйықтап кетті. Әлден уақытта көзін ашып алды. Бағанағы қағаз есіне түсті...

Оянып алғаннан кейін бүгін күзетте кімдер тұрғанын білгісі келді. ~~А~~қ бұл ойынан тез қайтты. Алатын ажал болса алтын сандықтың ішінде жатсаң да, әзірейіл өзі табады деп ойлады ішінен. «Егер бүгінгі түн менің ақырғы түнім болса, тәуекел, оны да көріп алайын».

Абылай біраз жатып тағы ұйықтап кеткен еді. Қара киімді бір дәу адам кеудесімен баса, үстіне кеп құлады. Үстінен қара бура басқандай, тыпыр еткізіп қозғалтар емес, демі бітіп, тұншығып өліп бара жатыр...

— Абылай, Абылай!— деп әлдекім аяғынан жұлқылап тартқандай болды.

Абылай көзін ашты. Шалқасынан жатқан екен, бастырылып қалыпты. Үсті-басы қара терге малынған.

— Түс көрдіңіз бе? Даусыңыз тым қорқынышты шықты ғой...

Абылай қолын жалаңаш қылышының сабына апара берді.

— Бұл қайсың?

— Мен ғой... Нұржанмын.

Абылай қылыш сабынан қолын кейін тартып алды. Бұл Қарауыл руынан алған ортаншы әйелі Қамшаттың туған інісі еді.

— Жалғызсың ба?..

— Жалғызбын... Түн бүгін тым қараңғы. Орданы айнала күзет қойдық. Мәлік екеуміз босағада тұрмыз.

— Қазір қай мезгіл?

— Түн ортасы ауып бара жатыр...

— Жақсы, әлі де бір ұйықтап тұрар уақыт бар екен.

— Иә... Ұйықтаңыз...

Абылай үйде жалғыз қалды.

Ұйқысы кенет шайдай ашылды. Күні бойы болған

ұрыстан әбден шаршаған еді, сәл тынығып қалыпты; бағанағы хат тағы есіне түсті. Хат сөзі бұл жолы жүрегіне бір түрлі суық, ызбарлы тиді. «Кім екен бұл хатты жазған? Бір жақының өлтірмекші деді ғой... Қайсысы екен? Жақының дейді?.. Күзетте бүгін Қарауыл мен Атығай руларының жігіттері тұр. Олар қастық ойламаса керек-ті. Сонда қайсысы болды? Айтпақшы Нұржан есік алдында «Мәлікпен екеуміз тұрмыз» деді ғой. Жоқ, ол башқұрт болғанмен, оны маған Қарасақалдың өзі жіберді емес пе... Бірақ шынында солай ма екен? Расымен Қарасақалдан келді ме екен? Бұны мен Қабанбай батырдан неге сұрамадым?»

Қарасақал бір мың жеті жүз қыркыншы жыл Россия патшашылығының отаршылық саясатына башқұрт халқын қарсы көтерген қайраткер еді. Патша әскері бұл көтерілісті аямай басқан кезінде, қазақ даласына қашқан. Бұнымен бірге қазақ жеріне келген башқұрттың өзге кедей, шаруа адамдары, соңынан елдеріне қайтып, Салауат Юлаевтің жасағымен бірге Пугачев көтерілісіне қатысқан. Ал Қарасақал қазақ даласында қалып қойған.

Қазақ даласы он жетінші ғасырдың аяғынан бастап ақ патша үкіметі, жоңғар қонтайшысы, Қытай боғдыхандардың зәбіріне шыдай алмаған адамдардың панасына айналып еді. Құлазыған ұшы-қныры жоқ кең дала кімді болса да жасыра алады. Оның үстіне қазақ халқының кең пейілділігі, жомарттығы, елінен айырылғандарға деген аяушылығын қоссақ, қазақ даласы мұндай жаңдардың екінші Отанына тез-ақ айналып кететін.

Қарасақалға да халық сондай құрмет көрсеткен. Ең алдымен Кіші жүз арасында, кейін Қарқаралы маңындағы қаз дауысты Қазыбек биді сағалап жүрді. Қарасақал бір жағынан орыс патшашылығын алдамақ болса, екінші жағынан қазақ елінің Жоңғар мемлекетіне өштігін пайдаланып, өзін Сыбан Раптан өлгеннен кейін, қонтайшылыққа таласып, Қалден Цереннің қолынан қаза тапқан Шұна Дабомын деп лақап таратты. Алдымен Қазыбек, артынан Қаракерей Қабанбай Қарасақалға сый-құрмет көрсетіп, өзіне жеке ұлыс билетіп қолдарында ұстады. Кейін оның Қарасақал, Шұна деген аттарын өзгертіп, Қарахан деп атады. Қараханның Қарасақал екенін білетін орыс патшалығына да, Шұна емес екенін білетін жоңғар қонтайшысына да қазақ елі ұстап бермеді. Жоңғар қонтайшысынан зорлық көргендер енді

жазықсыз қуғынға түскен «Шұна-Дабоның» қарамағына қашты. Бұл кезінде Қалден Церенді қатты қауіптендірген...

Қазақ елінің өзіне көрсеткен жақсылығын Қарасақал да бос тастаған жоқ. Маңына жиналған жоңғар, башқұрт, татар жігіттерінен жасақтар құрып, қазақ қолдарына қосты. Бұл жасақтар қазақ елінің бостандығын, тәуелсіздігін қорғауда өзінің ержүректілігін, шын берілген дос екенін жоңғар, қытай басқыншыларына қарсы күресте сан мәртебе көрсеткен. Көпшілігі жоңғар жігіттерінен құрылған Қарасақал жасақтарының қадірі, әсіресе, Жоңғар мемлекеті құрығаннан кейін арта түскен...

Абылаймен сыйлас осы Қарасақал жақында оған өзінің Мәлік деген жігітін жіберген. Майданда Мәліктің ерлігін, мергендігін өз көзімен көрген Абылай, оны өзін күзететін жасаққа көшірткен.

Шеттері жырымдалған тулақтай ақшабыр бұлт күміс айдың бетін қымтай жапты. Жаңа ғана самаладай жарық дүние, заматта қараңғылана қалды. Есік босағасында Нұржанмен қатар тұрған Мәліктің тыпыршып күткені де осы кез еді. Ол қынабынан қанжарын суырып алып, жалаңаш жүзін қолымен сәл сипап көрді. Дірілдеп кеткен жүрегін тоқтатып Ақ Орда есігіне таяй түсті. Дәл осы сәтте Абылайдың ыңыранған үні естілді. Мәлікпен бұрын үйге Нұржан кірді. Өзінің сәл кешігіп қалғанына өкінген Мәлік, енді жалаңаш қанжарының сабын ашулана қысып, үй ішіндегі дыбыстарға құлағын тосып тұра қалды...

Мәлікті Абылай ордасына Қарасақал емес, Қокан әміршілері Ерден мен Нұрбота билер жіберген. Жоңғар қауіпінен құтылған Қокан билері, орта жолда Абылай жасақтары тұрғандықтан, қытай шабуылын өздеріне қорқынышты санамаған, қайта Абылайдың қиын жағдайын пайдаланып, Сырдария бойының шаһарларын басып қалуды ойлаған. Олардың бұл ойына бөгет болар тек Абылай екенін екі би жақсы білетін. Өйткені, бұл кезде қазақ даласының саяси және әскери билігі Абылай қолында тұр еді. Ал егер ол өле қалса, үш жүз тағы бытырап, қазақ хандығының быт-шыты шығатынына Нұрбота мен Ерден шек келтірмеген. Олар енді Абылайдың көзін жоюға тырысты. Міне кісі, өлтіргіш сұрқия Мәлік Абылайдың ордасына осындай құпия тапсырмамен келіп еді.

Егер Мәлік ойлағандарын орындап келсе, қос би оның басына ұрмақ орнатпақ боп уәде берген...

Уақыт болса өтіп бара жатыр. Бүгін таңертең Мәлікке «тезірек іске кіріссін» деп Қоқаннан шабарман келген. Сол себептен Мәлік бүгін жүйрік атының басына дорба кигізіп, төрт аяғына кигіз байлап, сайға тығып қойып, іске кірісуге бел байлаған. Әттең не керек, мезгілсіз кезде Абылайдың өзі оянып кетті.

Абылайдың мезгілсіз оянуы, Нұржанның мұны аңдығандай қасынан екі елі ажырамауы Мәлікті күдіктендіре бастады.

...Оның Қоқаннан келгенін бір-ақ адам білетін. Ол әрі мылқау, әрі дым естімес меңіреу, өзінің атқосшысы өзбек жігіті еді. Ол Хиуа ханы Қоқан әміршілеріне сатқан құл болатын. Қоқанда екі баласы қалған. Мәліктің неге келгенін мылқау білмейтін. Тек бүгін таңертең Қоқаннан келген шабарманның оған қағаз беріп жатқанын көріп қалған. Мәлік шабарманмен сөйлесіп тұрғанда, шатырды жинап жүрген мылқау, қоржынға тығып қойған сол қағазды оқыған да болар деген ой Мәліктің денесін кенет дірілдетіп жіберді. Бірақ сол сәтте «қойшы әрі, мылқау, әрі саңырау құл қайдап хат танысын» деп өзін-өзі басты. Бірақ қорыққанға қос көрінеді дегендей, күдік алған көңіл қайтадан қобалжи түсті...

Ол осылай не істерін білмей, мазасы кетіп, әбігерленіп тұрғанда, ақ Ордадан Абылайдың өзі шықты. Мәліктің жүрегі дір ете қалды. Абылайдың бойшаң тұлғасы ай сәулесіне бөленіп, бұрынғысынан да ұлғайып, айбарлана түскендей. Бірақ кісі өлтіргіш Мәліктің әккі көзі Абылайдың қарусыз екенін бірден шалып қалды.

— Азырақ ауа жұтқан жөн болар!— деді Абылай кетіп бара жатып, артына бұрылып қарамастан.

— Жақсы, соңыңыздан мен ерейін,— деді Мәлік, сосын Нұржанға бұрылды.— Нұреке, Орда есігін сіз күзетіңіз... Біз жоқта үйге біреу-міреу кіріп кетіп жүрмесін...

Абылайдың езу тартып кекете күлімсірегенін Мәлік көрген жоқ. Ол қолындағы шиті мылтығы мен беліндегі қанжарын шешіп алып Орда қабырғасына сүйеді. Қарусыз қолбасшы дәретке барарында соңынан еретін күзетшінің де қарусыз болуы ежелден келе жатқан тәртіп.

Абылай таң қараңғысына көзін сәл үйретіп тұрды да, ордасының оң жақ іргесінен екі жүз қадамдай жердегі сайға қарай аяңдады. Арт жағында ілби басып Мәлік

келе жатыр. Кеңет ол ышқырындағы алмас пышағын қынабынан суырып алды. Абылай сәл кідірді.

— Мынау ағараңдаған не?

— Өзіңіздің ақ бураңыз ғой...

— Жарықтықты кешеден бері көрген жоқ едім, күндіз орда маңында болды ма?

— Иә, кешке таман бір көргенімде алдыңыздағы сай жағасында тұрған-ды...

Бұлар таяған кезде ақ бура орнынан түрекелді. Абылай оның қалай қарап жатқанын аңғармай қалды.

— Жарықтығым, барсың ба?— деп жанынан өте берді. Ол сайдың қабағындағы қалың бұтаға қарай аяғын бірер басты да, арт жағынан «Алла!» деп бір-ақ рет бақырып қалған дауысты естіп, жалт бұрылды. Дауыс адам айтқысыз үрейлі шықты. Абылайдың жалт қарағанда көргені — өзіне бес қадамдай жерде Мәлікті желкесінен тістеп аң, жерге алып ұрып, аяғымен тарпып-тарпып жіберіп, үстіне шөге берген ақ бурасы болды. Дауыс шыққан жерге Нұржан да, өзге күзетшілер де жүгіріп келген.

— Уа, не болды?— деді Нұржан даусы дірілдеп.— Әйтеуір, өзіңіз амансыз ба?

Абылай ақ бураны көрсетті.

— Күзетші Мәлікті ақ бура басып қалды. Қазір астында жатыр.

— Ойпырмай, не дейсіз. Ой, жануар...— Нұржан бураға қарай тұра ұмтылды.

— Тиме!— деді Абылай ақырып. Нұржан кілт тоқтады.— Несі қалды дейсің.

Жұрт не істерін білмей тұрып қалды. Әлден уақытта ақ бура түрекелді де, қара түнге кіріп жоқ болды.

Бір жас жігіт шакпақ тасын ұрып, от тұтатқан. Лап етіп жанған кепкен құрайдың жарығы қанды оқиға болған жерге түсті. Жұрт мылжа-мылжасы шыққан Мәліктің денесі мен қасында жатқан түсі суық жалаңаш қанжарды көрді. Мәліктің тісі ақсиып кеткен. Сықылықтап күліп жатқан адам тәрізді... Оның қылышы мен садағын тастап кеткенін көрген Нұржан бір сұмдықтың бола жаздағанын енді түсінді.

— Япырмай, ә...— дей берді.— Ақ бура болмағанда, мына сұм сізді өлтірмек екен ғой.

Абылай үндеген жоқ. Аяғын саспай басып ордасына кіріп кетті.

Аңыз бұл оқиғаны бізге осылай жеткізді. Тек ажалдан құтқарылған Абылай, Мәліктің «соңыңыздан ерейін» деген сөзін естігенде, күлімсіреген жерін ғана аңыз айтпайды.

Ал сұлтан болса, Ақ Ордаға кіріп бара жатып, кешегі хатты өзіне кім жазғанын ойлауда еді. Ол хаттың шетінде «Мәлік» деген, көзге көрінер-көрінбес сөз де бар-ды. Дос адам шынын жазған екен. Оны ақ бура айқындады. Абылай ордасының есігін аша беріп тағы күлімсіреді. «Кісі алатын бір бура он күзетшіге татиды екен-ау».

...Күндегі уақытынан сәл кештеу оянган Абылайға таңертең күзетшілері мылқауды алып келді. Абылай екеуі оңаша қалған. Өзбектің тұнжыраған бөтіне ұзақ қарап отырды да, қолына бор алып, жанындағы дөңгелек столдың бетіне араб әрпімен:

«Кеше менің басымдағы қалпақты атып түсірген сенің бе, жігітім?»— деп сұрады.

Мылқау борды алып жазумен жауап қайырды.

«Менмін».

«Мергендігің үшін көп рахмет!»

«Рахметті ең алдымен жазмышыңа айт».

«Мәлікпен скеуің қайдан келдіңдер?»

«Қоқаннан...»

«Кім жіберді?»

«Ерден мен Нұрбота билер».

«Қандай шаруамен?»

«Қоқан билері сенен қорқады».

Абылай «жақсы» деп, басын изеді. Ол түрекеліп, еңгезердей өзбек құлына өзінің керегеге ілулі тұрған құндыз жағалы шапаны мен қамшат бөркін кигізді. Серіктеріне құлды өзінің қағаз көшіретін хатшысы етіп алатынын айтты. Көп кешікпей Қоқан жағына Абылайдың бес жігіті жүріп кетті. Олар өздерімен тілектес саудагерлер арқылы, мылқаудың құлдықта жүрген екі ұлын сатып алуға тиісті еді....

...Күн ұясынан көтеріліп те үлгірген жоқ, Жоңғар қақпасының бергі бетінен дүркін-дүркін айқай-шу естілді. Қытай жағына жіберген Абылайдың ертөлелері, түнде Фу Де мен Чжао Хойдың әскерінің қосылған хабарларын алып келді.

— Келген күштің негізі атты әскер,— деді барлаушылар.— Аттары да бұрынғыдай емес, қазақы жылқы. Шамасы, Қашқария мен Ұлы жүз ауылдарынан тартып алған секілді...

— Дегенмен жаяу әскері көп қой,— деді Абылай барлаушылар жасағының бастығы Тұрсынбай батырға қарап,— дәл бүгін олар майданға шыға қояр ма екен, қалай ойлайсың...

— Жоқ, бүгін олар ұрысқа шыға алмайды. Алыстан шаршап келді ғой. Ал кешегі соғысқа қатынасқандары олардан да жаман шаршаған. Түнде жеті мыңға жуық өлік жинапты, оңай ма... Ал қазір олар қазан көтеріп, тары орнына, бүгін екі есе етіп күріш салып жатыр... Бұнысына қарағанда Чжао Хойдың әскерінің аман-есен жеткенін тойламақ тәрізді. Бізге қарсы тек шамалы қалқан қоймақ ойы бар.

— Жақсы,— деді Абылай.— Менің ордама мың басы батырларды тегіс шақырыңдар...

Тұрсынбай алдыңғы шепке кетті. Жан-жаққа қолбасшы батырларды жинауға шабармандар жөнелді.

...Абылай Орлада жападан-жалғыз отырып қалып ойға шомды. Ертең таңертең не істеу қажет, соны Абылай бүгін шешуі керек. Абылай қалай шешсе, таңертең ақ бұра солай қарап жататын болады.

Ал шешімді ұзаққа созуға болмайды. Қырғын ұрыс басталғалы міне, бірнеше күн болды. Қырылған шүршіт бізден он есе көп дейік, бірақ Фу Де мен Чжао Хойға ол дым да емес. Тамақ жейтін жанның саны азайды деп, олар тіпті қуанды... Ал қазақ еліне келсек... «Ақтабан шұбырындыдан» бері әлі бұрынғы санымызға жете алмай келеміз. Бізге әрбір жігіт қымбат. Жарайды, Фу Де мен Чжао Хойдың осы екі қолын жеңсін-ақ, сонымен соғыс біте ме? Қытай боғдыханы үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы қолын жібереді... Жоқ, қазір қазақ елінің қытайдың мың басты айдаһарына қарсы тұра алар дәрмені жоқ... Ол айдаһардың қолына түскен қазақ рулары әзірге шыдай тұрсын... Тірі қалу үшін олар қамыс болып жерге иіліп, таутеке боп күзге шықсын, әйтеуір, құрып кетпеудің жолын іздесін... Ал біз шүршіттерге қазақтың оңай жау емес екенін көрсетіп, әскерімізді аман-есен елімізге алып кайтамыз. Ал шүршіттер соңымыздан қумақ болса, сонда көрсін біздің күшімізді! Әрине, ақылы

болса олар бізді қумайды... Қумаса теңбе-тең түскен боп айрыламыз...

Ал әскерімізді қайткен күнде де аман сақтауымыз қажет. Қоқан билері Мәлікті босқа жіберіп отырған жоқ қой. Олардың ойы ап-айқын: шүршіттер қазақ жауынгерлерін қырып жатқанда, сүркия Мәлік қазақтың болашақ ханын өлтіреді... сол кезде Қоқан әміршілеріне кім қарсы тұра алады? Бәз-баяғы қазақ елін талаң-тараж етіп, талаң алмақ. Әрине, қоқан билері өздеріне ең қолайлы жерлерді күні бұрын белгілеп қойғандары да мәлім, әйтпесе, Арал теңізі тұсында олардың жасақтары текке көрінбесе керек-ті. Шүршіт шапқыншылығы олардың ойына да келер емес. Аллатағала өзінен өзі сақтап қалатындай көреді. Шүршіт пен Қоқан әміратының ортасында қазақ қолдары тұр. Надир-шахтың Хиуадағы құлдары да қытай айдаһарының бар екенін естерінен шығарған. Бар айналдыратыны қазақ елі. Бізге тиіспеген, көз алартпаған бір күндері жоқ. Қытай боғдыхандары алда-жалда қазақ әскерін құрта алса, шүршіттен бұлар аман қала ма? Өгізге туған күн бұзауға да тумай ма? Иә, сөйтеді. Ал кенет оларға ақыл еніп, бізбен біріккен күнде де, бүгін болмаса ертең қазақ даласына қарай жылжитын қытай айдаһарына Қоқан мен Хиуа да төтеп бере алмайды... Сондықтан әзірге...

— Бүгін түнде біз үйлерімізді жығып, бар әскерімізбен кейін шегінеміз,— деді Абылай батырлар әскери кеңеске жиналып болғаннан кейін,— артымызда қуғыншыларға төтеп беретін болмашы қалқан ғана қалады.

Үй іші тына қалды. Ызыңдан ұшқан масаның дыбысы ғана естіледі. Батырларда үн жоқ...

— Бұнымыз қашу ғой!— деді Қаракерей Қабанбай ұнатпаған пішінмен.

— Иә, солай десе де болады,— деді Абылай саспай.— Бірақ бұл қазақ батырларының ажалдан қорқып қашуы емес. Әскерін сақтаудың амалы.

— Бұған біз түсінерміз-ау,— деді қанжығалы Бөгенбай,— соңымыздан ерген жұрт не дейді?

— Дер кезінде шегінбесек, енді жпырма күннен кейін тек сіз бен біз ғана тірі қаламыз. Оның өзі де неғайбыл,— деді Абылай,— өлік жинаушылар кешегі айқаста жеті жүз кісі өлді деген хабар әкелді. Алдыңғы күні алты жүздей жігіт қаза болды... Күнде осындай шығын бола берсе, санандар, қанша күнге жетеміз?..

— Абылай сұлтан жөн айтып отыр,— деді Жәнібек тархан қамшысын алдына тастап,— шегіну керек. Бірақ қай тұсқа барып бекінеміз? Соны ақылдасайық.

Мысқылшыл Қанай мырс етті.

— Торғайға тартамыз. Қытайдан қашсаң, аржағыңда Орынбор бар.

Шүршітпен бетпе-бет кеп шайқасуды ғана білген кейбір қазақ батырларының бұл оқиғаны тереңірек ойлауға өрелері жетпей жүргенді. Сұңғыла Қанай бір адамның ойын айтып салған. Осы отырғандардың кейбіреуі Абылайдың Россиямен жақындасуын жөн көрмейтін. Тіпті Абылайды айыпты санайтын. Бұлар қалай десе олай десін, Абылайдың көз алдынан жақында ғана болып өткен жоңғарлардың қанды трагедиясы кетпейтін. Әттен не керек, жаңа әйел патша өзінің империясында не болып жатқанын әлі ұға қойған жоқ. Соның салдарынан Абылай да шүршіттің сазайын тартқыза алмай отыр...

— Жә, жетер!— деді ол ақырғы кесімін айтып,— қазақ елінің тағдырын көкпарға салатын заман емес. Көкше теңізге дейін шегінеміз. Одан әрі бармаймыз. Ал шегінген әскерге қалқан боп, өз жігіттерімен бір батыр қалсын!

Абылайдан батырлар ұйғарымысыз үзілді-кесілді жарлық естіп көрмеген қолбасшылар не дерлерін білмей, абыржып қалды. Ешкімнен ақыл сұрамай, бұлай бұйыра сөйлеуі оның ел тізгінін өз қолына біржола алғанын аңғартқандай еді. Мұндай қылық тек Үлкен Орда ханына ғана лайықты болатын. Батырлар осылай абыржып отырғанда, Батыр Баян:

— Әскер соңында қалуға мен бармын!— деді.

Абылай орнынан түрекелді.

— Онда сөз осымен бітті. Жарықтық ақ бура қалай шөгіп жатыр екен, енді соны көрелік...

Ақұрық шетінде жайылып жүрген ақ бура келе жатқан кісілерді көріп, бері беттеді. Абылай «бурашым, бурашым» деп еді, бір тізерлей барып, Көкше теңізге қарай басын бере шөге бастады...

...Екі жақтың негізгі күші түгел қатынаспағанмен, бүгін тағы қырғын ұрыс болды. Тек ымырт жабыла, Абылайдың бұйрығы бойынша, қазақтың қалың қолы кейін шегінді. Беттерін Іленің төменгі сағасына бұрған қалың әскерді арт жағынан қорғап, өзінің таңдаулы мың атты әскерімен Батыр Баян қалды. Бұлар бос қалған жұртқа

әр жерінен от жағып, әскердің шегінгенін жауға сездірмеу үшін алдамшы көрініс жасауға кірісті...

Негізгі қол Балқашқа қарай он бес шақырымдай өткенде ғана, жігіттер арасында күңкіл шыға бастады:

— Сірә, біз шегініп бара жатқан тәріздіміз ғой.

— Түн ішінде осыншама жедел жүргенімізге қарағанда, шегіну былай тұрсын, қашып бара жатпасақ итсін.

— Қашсақ, қашып бара жатқан да болармыз. Олар тым көп қой.

— Көп деп Жоңғардан қаш, қытайдан қаш... Әбден су жүрек боп өлетін болдық қой, тіпті.

— Үндеме, шырағым. Біз шегінгенмен, шүршіттің қолында қалған ел ереуіл шығарып жатыр деседі...

— Оны Абылай біле ме екен? Қашқар, Құлжадағы ұйғыр мен қазақтар да бас көтеріпті...

— Оны саған кім айтты?

— Жұрттың бәрі айтып жүр ғой...

— Бәрі дейсің бе?.. Иә, солай шығар. Жұртқа не бетімізбен қараймыз. Қытайдан қорқып қаштық дейміз бе?

— Шырағым, біздің тағдырымыз қазір батырлардың қолында. Ал батырлардың тағдыры Абылайдың қолында. Шегінсек со кісінің ақылымен шегініп бара жатқан болармыз.

— Шегінуге қанша ақыл керек?— деді, қабағы қатулы, бүгінгі ұрыста жалғыз ағасы оққа ұнқан жас жігіт.— Абылай ақылды болса жауды жеңудің жолын таппай ма?.. Қашу қатынның да қолынан келеді.

Алдыңғы жақта келе жатқан Тәтіқара жырау бұрылып кейін қарады. Ай жаңа туып, жер-дүние сәл ақшыл тартқан. Жігіттің қатыңқы қабағына қарап, өте күйінішті екенін ұқты.

— Ауыл иті ортаға алса, көкжал қасқыр да қашып құтылуға тырысады,— деді ол жігітті жұбатып.— Асықпа, иттер андыздап соңына түскенде ғана, көкжал қасқыр біртіндеп құртады...

Жігіт жауап қайырмай жоқ. Енді біраз жүргеннен кейін қалың қол Іленің бір жалпақ өңіріне келіп аттан түсті. Жігіттер кешкі асын ішіп, азырақ көз шырымын алсын деп бұйырды Абылай. Заматта қостар тігіліп, әр жерде қазандар көтеріле бастады. Бірақ жауынгерлердің түрінде рең жоқ. Қашқандарына қорланғандай мойындарына су кетіп, нықтары салбырап, әр жерде топ-

топ боп жиналып, күбір-күбір сөйлеседі. Абылайдан рұқсат алып, Тәтіқара мен Көтеш жырау осы жүдеген топтардың арасына барып, көңілдерін көтермек болды.

Қазақтың шырқай салған ән шыққан жерге заматта жиналатын әдеті. Бір ошақтың жанында отырып Тәтіқара «алты қырдың астынан естілетін» күшті даусымен бір айқайлап ап, термені желдірте жөнелгенде, әр жерде шоғырланып астың пісуін күтін жүрген жігіттер, ілезде сол маңға жинала қалды. Жырау осы ұрыста көзге түскен жігіттердің ерлігін айтып, жұрттың жабыққан көңілін көтеріп-ақ тастады. Енді көп арасынан:

— Уа пәле! Жігіт болсаң Малайсарыдай бол!

— Япырай, Қаракесек Қапан қандай мерген еді!

— Уа, Бөгенбай батырға кім жетсін! Алты алаштың айдары ғой!

— Ойпырмай, шүршітті қырамыз деп жүріп, көп қызықты көрмей қалыппыз ғой, Тәте-еке, әлгі жуан қытай сыпайының қалай қашқанын қайтадан айтып беріңізші!

Тәтіқара жырау екі көзі оттай жайнап, термеге қайта басты.

Жуан қарны іркілдеп
Қытай қашып келеді.
Әзірейілдей зіркілдеп
Жабай қуып береді.
О заман да бұ заман
Мұндай қызық кім көрген
Сан бәйгеде жүлде алған
Шабысы сокқан желмен тең,
Аты шулы Қертөбел,
Қалды кейін жете алмай,
Жуан құрсак, май басқан
Сыпай кетті құтылып,
Қашқан кезде, жігіттер,
Бұл шүршіттен кім асқан!

Осының алдында ғана иіндері түсіп, салбырап отырған жұрт мәз-мейрам боп, дуылдасып қалды.

— Ой, ерің-ай!

— Шіркіннің жанының тәттісін қарашы, Қертөбелге де жеткізбей кеткен.

Ошақ басы ду-ду күлкі...

...Біраздан кейін жігіттер астарына тоқымын, бастарына ерін жастанып, тәтті ұйқының құшағына енді. Бұдан мың жыл, екі мың жыл, үш мың жыл бұрын да ата-бабалары дәл осылай ұйықтаған. Ежелден келе жатқан

осы көне халықтың етін жеп, сүйегін мұрнынан шығарып тастамақ боп, қытай айдаһары қазақ даласына дәл осылай сан рет кірмек болған. Бірақ әр қашан да босқышша жаудың күрек тісі быт-шыт боп сынып, маңдайлары тасқа соғылып, Жоңғар қақпасының тар шатқалынан әзер өтіп, талай рет кейін шегінген... Жыраулар бүгін ата-бабаларының сол ерлігін жас ұрпаққа жырғып толғады. Жырау сөздері миларына қонған жігіттердің түсіне айдаһарлар кіріп, кейбіреулері шошып оянып, алдаспандарына жабысты...

Олар таң саз бере, әлемді тітірете күн күркіреп, шелектей жауған жаңбырдан оянды. Абылай бар қолын тез атқа қондырып, құйып тұрған қалың жауынға қарамай, жолға шықты.

Күн шыға қалың қол жаңбырдан кейін буырқана ақ көбік атып, долдана тасыған өзенге кеп тірелді. Тасыған өзеннің түрі адам шошырлық, жұдырықтай тастарды шыр көбелек айналдырып қақпақылша қағады. Алдарында өткел бермес долы өзен, арттарында қытайдың қалың әскері, жұрт дағдарып қалды. Осы кезде мың жауынгерімен Батыр Баян кеп қосылды. Қазақ жігіттері таң ата қытай шебіне тиіпті. Бұлардың аз екенін біліп қалған Чжао Хойдың атты әскері қарсы шауыпты. Әйтеуір жер жағдайын жақсы білетін қазақ жігіттері, жұбын жазбай ұрыса шегініп, құтылып кетіпті. Қытай қуғыншылары соңдарына түсіп, тек қалың жауын басталған соң ғана кейін қайтқан көрінеді. Сөйгіп қазақтардың қашқаны қытайларға мәлім боп қапты. Бұларды қытайдың көп әскері қайтадан қууы мүмкін. Қауіп әр сағат сайын күшейе берді. Оның үстіне тасыған өзен қайтатын емес, арнасынан асып, бұрынғысынан да бетер құтырыла бастады. Жұрт бұл араны «Күркіреуік» деп бскер атамаған екен, ақ көбік атқан толқындары гүрілдей өкіріп, адамның қарадай зәре-құтын алады. Қалың қол долы өзенімен жау әскерінің арасында қалып, қатты қысылды. Міне осы кезде Тәтіқара алға қарай суырыла шығып, домбырасын безектете, саңқылдап қоя берді.

«Қамыстың басы майда, түбі сайда,
Жәнібек Шакшақ ұлы болат найза.
Алдыңнан су, артыңнан жау қысқанда,
Ер жігіттің ерлігі осындайда!
Бөкейді айт Сағыр менен Дулаттағы,

Дәріпсәлі, Маңдайды айт Қыпшақтағы,
Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын.
Сары менен Баянды айт Уақтағы.
Ағашта биікті айтсаң қарағайды айт,
Жігіттік, ерлікті айтсаң Бөгенбайды айт,
Найзасының ұшына жау мінгізген
Еменалы Керейде ер Жабайды айт!» —

деп батырлардың аруағын қозғап, өзенге түсіңдер деп ұран тастады.

Қоянды қамыс, ерді намыс өлтірген. Аты аталған батырлар тасып жатқан өзенге түсуге ыңғайлана бастады. Бәрінен бұрын, үстіндегі ауыр киімін де шешпестен, долы ағысқа бірінші боп Батыр Баян қойып кетті. Абылай оған қарап тұрып: Батыр Баянның кеше шегінген әскерге қалқан боп өзі сұранып калуынан, бүгін тасып жатқан өзенге жұрттан бұрын түсуінен, аяулы батырды ажалға айдап салып жүрген — жалғыз інісі Нояннан айырылып, әлі жазылмаған қасіреті екенін ұқты.

Батыр Баянмен ілесе аты аталған батырлар суға түсе бастады. Оларға өзге жігіттер де қосылды. Сөйтіп қалың қол аман-есен өзеннен өтті. Бұлар бергі бетке шығып, үстеріндегі киімдерін кептіріп жатқан кезде, Қүркіреуіктің арғы бетінде Чжао Хойдың атты әскерінің барлаушылары да көрініп еді.

— Өзеннің бергі бетіне бірде-бір шүршіт шығушы болмасын! — деп Абылай тағы да Батыр Баянның мың жігітін тастап, өзі қалың қолмен алға қарай жүріп кетті.

Бірақ бұлардың соңынан сол күні де, келесі күні де ешкім қуып келмеді. Арғы бетке жіберілген барлаушылар: бұ жакта шағын қолмен қалқан қалыпты. Ал қытайдың басқа бар әскері өздері жақында ғана басып алған жаңа өлке — Шыңжаңға қайғыпты деген хабар әкелді. Бұл хабар рас еді. Чжао Хой әскері бері қарай өтісіменен Шыңжандағы қазақ, ұйғыр қайтадан бас көтерген. Қазақ қолдарын қумақ түгіл, «байтал түгіл бас қайғының» кебіне ұшырап, көтерілісті басу үшін, Чжао Хой әскері кейін қайтқан. Атты әскер қолбасшысымен араздасып қалған генерал Фу Де де, ел талаудағы олжадан құр қалмаймын деп, Чжао Хой әскерінің соңынан кеткен. Сөйтіп қазақ даласы бұ жолы да қытай басқыншыларының қаһарынан аман қалды.

Бір жетіден бері жауын күтіп тынығып қалған Батыр Баян жасағы бір күні түнде Қүркіреуіктен өтіп, қытай шебіне қарай жүрді.

Батыр Баян ертсеіне-ақ, қас қарая өздерінің осыдан он күн бұрын тастап кеткен бекіністерінің тұсына кеп жетті. Мың жігітін төменгі қойнауудағы адыр, төбелерінің арасына тастап, өзі екі серігімен биіктеу бір төбенің басына шығып, арғы жақтағы ойпатта жатқан қытай әскерлерінің қостарына көз жібереді. Ымырт жаңа ғана түскен, әскерлер кешкі асын дайындап жатса керек. Бүкіл алқап бойы быжпаған от... санап көріп еді, мыңға таяй беріп жаңылысып кетті. «Әр ошақтың жанында жеті-сегіз адамнан болған күннің өзінде де мынау ойпатта кемінде он мыңнан астам қытай жауынгерлері бар-ау. Ал біз болсақ — мыңға әзер жетеміз деді ол ішінен. Сөйтті де бір тәуекелге бел буды — ойламаған жерден тиген қолдың бірі жүзге татиды, оған тыныш жатқан елін шапқан қытай басқыншыларына деген қазақ жауынгерлерінің жүрегіндегі ашу-кегін қос! Сонда теңеліп те қалады екеміз, Тәуекел!»

Батыр Баян сол күні түн ортасы ауа, қытай әскерлері тегіс ұйқыға кеткен кезде, жауын шаппақ болды. Бірақ күзетшілер отырған бекініс-шепті оралып өтіп, ұйқыда жатқан әскерлердің арғы түкпірінен тию керек. Сонда ғана бұлардың күлін көкке ұшыруға болады. Батыр Баян өз ойын жігіттеріне жеткізді.

— Сіздің бұл әрекетіңізді Абылай қостар ма екен?— деді әлдекім Батыр Баянның ту сыртынан.

Бірақ Батыр Баян өз шешімін өзгерткен жоқ. Түн көзге түртсе көрінбейтін тым қараңғы еді. Төгілетін қанды жасырғысы келгендей түксе түнерген. Қытай шебіне жіберілген барлаушылар жау қостарының бержағында терең сай бар екенін айтып келді.

Батыр Баян дереу қозғалуға әмір берді, сайдан өгкенше үн шығармауға бұйырды. Іле жағасының жиіделі, торанғылы тоғайын жағалай отырып, қазақ жігіттері сайдың арғы бетіне шығып, қайтадан сап құрды. Алдарында бір шақырымдай жерде жау жатыр...

— Уа, аруақ! Ақжол ата!— деп Батыр Баян, тықыршып тұрған тұлпаркөгіне бірінші боп қамшы басты.

— Абылай!

— Қарақожа!

— Қабанбай!

Ұрандасқан мың жігіт ұйықтап жатқан жау үстінен жөңкіліп келіп қалды. Екпіндері қауға түскен өрттей жан шыдатар емес. Түнде шапқан жау қандай қорқы-

нышты, үстеріне қазақ жігіттері келіп қалғанда, қытай сыпайлары не істерін білмей, қостарынан шыға беттері ауған жаққа қашты. Көбі қара басып қарсылық көрсетпей, жан сауғалап жүргендерінде сойылға жығылып, найзаға ілінді. Бүкіл дала қытай, манжур әскерінің айқай-ұйқайына толды.

Ешбір қақысы жоқ басқа халықтың жерін тартып аламыз деп келген қытайдың көп жауынгерлері осы жат жерде қаза тапты. Өліп бара жатқандарында ғана, сорлылардың көз алдарында сонау туған өлкелерінің көк орманы, мәлдір аспаны, ақырын толықсып аққан мол сулы сұрғылт өзендері елестеді... Көбі «әттеген-ай, бекер келген екенбіз, сол туған жерде неге өлмедім» деп өкінді... Бірақ кек найзаның ұшыменен еріп келген ажал ешқайсысын мүсіркеген жоқ, тас құшағына ала берді...

Бұл айқаста үш мыңға таяу кісі қаза тапты. Қытай қолбасшылары әскерін тәртіпке келтіріп, қарсы тұрып үлгіргенше, қазақ жігіттері көзден ғайып болды. Бұл келіп тиген жын емес, адам екенін қытай сыпайларымен қатарласа жатқан қазақ жігіттерінің өліктері ғана анықтады...

Көп кешікпей бозарып таң да атты. Жау қостарынан үш шақырымдай бүйірдегі қамысты тоғай арасына кіріп үлгірген Батыр Баян жасағы шығындарын есептеп еді, қолға түскені, жараланғаны, қаза болғаны бар, үш жүздей жауынгер жоқ боп шықты. Батыр Баянның түсі қашып кетті. Енді Іле өзенінің арғы бетіне шығып, кейін қайтпақшы боп тұрған қолға, кенет ол:

— Жау қолына серіктерімізді тастап кеткеніміз болмас. Өлсе өлігін, өлмесе жаралысын алып шығуымыз керек!— деді ызалы жүзі сұп-сұр боп,— қытай қостарын қайтадан шабамыз!..

Жұрт үндемеді. Тек бір қартаң жауынгер:

— Осы шабуылынды бізге қисаң қайтеді, Батыр Баян,— деді,— бір тәулік бойы астымыздағы аттарымыз да тыным алған жоқ. Және өзіміз де әлсірейік дегендейміз бе, қалай...

— Сонда шынымен-ақ серіктерінді жау қолына тастап кетпексіңдер ме?

— Тірі қалғанын құдайға тапсырайық, ал өлгеніне жәрдем беру тек алла тағаланың ғана қолынан келеді...

Тағы бір-екі жауынгер күңкілдеді.

— Құрылған қақпанға өзіміз барып түспекпіз бе?

— Кешірер бізді, шіркін, боздақтар...

Көп ішінен қара қасқа жүйрік мінген қара сұр жігіт суырылып алға шыға берді. Бұл Тәтіқара жырау ең алғаш шегініп келе жатқанда, «Күйігіңнің кегі қайтар күн туар» деп жұбатқан жауынгер еді.

— Жігіттер, өлсек біз өлгендерден артықпыз ба? Серіктерімізді тастап кету жөн емес. Баста, Батыр Баян. Мен ердім соңыңа!

— Анадан ұл боп туган жалғыз сенсің бе, мен де ердім!

— Мен де!

— Тәуекел, тағы бір шабалық!

— Иә, сөйткен жөн... Аты құрғыр...

— Менің атым да осы шабуылға жараса игі еді...

— Жә, болды!— деді Батыр Баян.— Аттарың жарайтындарың бері шық. Жарамайтындарың осы арада қалындар.

Жұрттың бәрі Батыр Баян тұрған жерге қарай шықты.

— Бәсе, менің қырандарым осылай болса керек-ті!..

— Уа, Батыр Баян, сенің бұл әрекетіңе Абылай сұлтан қалай қарар екен?— деді тағы бағанағы дауыс.

Батыр Баян тағы жауап бермеді. Атын тебініп қап алға түсе берді.

Жасақ қытай қостарына бір шақырымдай жер қалғанша, құрақты, тобылғылы ойпатпен аяндай жүріп келді де, тізгінді қоя берді. Жер бетін ұран басып кетті:

— Ақжол!

— Абылай!

— Қарақожа!

— Бөрібай!

— Саптыаяк!

Батыр Баян мен жанағы қарасұр жауынгер өзіне қарсы ұмтылған қытай сыпайларын жайпай ұрыса бастаған кезде, аттары болдыруға айналған, ең соңғы жауынгерлер де жетті. Бұл жолы қытай сыпайлары білте мылтықтарымен қазақ жігіттерін көзеп атып, орасан қарсылық көрсетті.

Дүние жүзі әлемтәпірік ұрысқа айналды. Қытайлар да қапы қалмады, қазақтар да аянған жоқ. Кескілескен ет, жосылып аққан қан, ата жауына қарсы өшіге ұмтылған ерлер, алдыңғы екі аяқтарын көкке көтере, найзаға кеудесін тосқан кертөбел, мақпал қаралар...

Ұрыс күн көтерілгенше созылды. Екі көзі оттай жанған Батыр Баян жап-жақтарын тұтаса қоршаған қытай қылыштарынан қазақ жігіттерінің сирей бастағанын аңғарды. Көптің аты көп, күш тең емес еді. Бірақ қызыл қанға батып жер құшып жатқан қытай жауынгерлері де аз емес. «Аяулы қырандарым, өлсе де жастығын ала өлейін деген екен!— деді ол ішінен.— Бұл айқас жауымыздың есінде мәңгі қалар. Көрдіндер ме, қанша өлігі жатыр. Жоқ, біз текке айқаспаған екенбіз. Біздің жерімізге шүршіттер енді аяғын байқап-байқап басар!»

Сол-ақ екен өн бойын бір алып күш билеп, өзіне қарама-қарсы келіп қалған, есік пен төрдей қара ат мінген қытайдың бір жалпақ бет сыпайын қайқы бел қара алдаспаппен қақ бөліп түсті. Дәл осы сәтте қолтығының астынан әлдебір сүйір ұшты көк найза келіп қадалды. Көк найзаны қытай сыпайы тағы бір ырғағанда өкпе тұсынан өткендей болды. Батыр Баян ат үстінен сырғып жерге құлай берді...

Батыр Баянның құлап бара жатқанын көрген қарасұр жігіт қолындағы алдаспанын жарқ еткізіп, көкке көтерді де, құлаштай сермеп, аяулы ерге найза салған жауының басын допша қағып түсірді. Сөйтті де ат жалын құшып, арпалысып жатқан Батыр Баянды ат үстінен қағып алып, жау қоршауынан өтпек боп шаба жөнелді.

— Алға ұмтылыңдар!— деп бұйырды ақырғы рет Батыр Баян. Оның дауысы туған жермен қоштасқысы келгендей, тау-тасты жаңғырықтырды.

Бұлардың соңынан қазақтың бір топ жауынгерлері көк найзаларын кезей ұстап алға ұмтылды. Мұндай әрекетті күтпеген қытай сыпайлары өздеріне қадалғалы келе жатқан көк найзаның суық ұштарынан сескеніп, жолды аша берді. Батыр Баянның денесін алдына өңгерген қарасұр жігіт, жау ортасын жарып өте шықты. Бұны көрген өзге қазақ жігіттері де, алдаспандарын жарқылдата сермеп, жау шебін үзіп, қоршаудан шығып үлгірді.

... Үлкен Орда ханы Әбілмәмбет пен Орта жүздің сұлтаны Абылай қатарласа отыр. Әбілмәмбет сәл жоғарылау, Абылай сәл төмендеу. Жоңғар мен қытайға қарсы айқастарда сан жеңіске жетіп, Абылай бүкіл қазақ еліне әйгілі болғанменен, хан отырған жерде ол тек сұлтан ғана. Ал жалпы халық ұғымында Әбілмәмбет қанша хан болғанмен Абылайдан төмен. Абылай халықты бас-

қарады. Әбілмәмбет — Орданы. Бірақ, Абылай Әбілмәмбеттің дегенін екі етпеуі керек. Соның аузына қарайды. Бұ да көне заманнан келе жатқан ата-баба дәстүрі...

Әрине, Әбілмәмбет ханның сонау Хантағыдан жеті күн жүріп, Көкше теңіздегі сұлтан ордасына текке келмегенін Абылай жақсы біледі. Ел ардақтағанды — хан да мақтаған. Абылайдың шүршітпен соғысып, әскерін қырып алмай, аман қайтқанын қошаметтеп, ұлы тойға Әбілмәмбеттің өзі келген. Хан басымен немере інісіне алғысын айтып, батасын бермек.

Иә, бұл соғыс Абылайдың қастары ойлағандай боп бітпеді. Енді міне, алдағы уақытта қазақ елі шүршітпен соғыса ма, әлде бейбітшілік бітімге келе ме, тек Абылай ғана шешетін жағдай туды. Егер шүршітке қарсы тұрып соғыса бергенінде, бар әскерінен айрылатын еді. Әскерсіз елге кім қорған бола алады. Ал бар жасақтарымен Шыңжаңдағы ұйғыр мен қазақтарға барып болысып, қытай әскерлерімен қайтадан айқасуға дәл қазір Абылайдың мүмкіндігі жоқ. Жат жерде жүріп жауды жеңу қиын. Онда бәрі де қазір ауыл шетіндегі қаралы үйде жатқан Батыр Баянның көбін киер еді. Жоқ, Абылай дер кезінде шегінді. Ертең «Үлкен Ордаға» хан бола қалса, өзіне керек қалың қолын апаттан аман сақтап қалды. «Үлкен Орда» ханы? Абылай тұнжырап кетті.

«Үлкен Орда» төңірегіндегі сұлтан, батыр, билердің ой-мақсаттары Абылайға алақанында тұрғандай аян еді. Өздері хан болудан үміттенбесе де, Әбілмәмбет өлген күнде, хан көтерсек деген адамдары әлдеқашан белгіленген. Мұндай да Шыңғыс ұрпағы — сұлтандар мен ру басшылары ел қамынан гөрі өз қамын көбірек ойлайды. Шыңғыс ұрпағының қайсысы өзіне тиімді, қайсы тиімсіз. Олар үшін бұл басты шарт.

Бақкүндес жақындары қазір Абылайдың әр қадамын аңдуда. Жатса, тұрса тілейтіндері — сұлтанның сүрінуі. Россия қол астына кіруді жақтағанында, Абылайға олар қандай айып тақпады! Кейбіреулер бұған қара халықты қарсы қоймақ та болды. Әне, анау бір тәспі тартып отырған қария «екі көрші» туралы мысал да айтқан.

«Момын шаруаға алаяқ көршісі келіп, татулық, достық үшін өгіз терісіндей жер бер деп сұрапты. «Ала қой» депті момын шаруа. Сонда әлгі ку, өгіз терісінен таспа тіліп, момын көршісінің бар жерін қоршап алып, «бір өгіз терісінен осындай жер маған ауысады» деп, момын-

ның бар жерін пайдаланып кетіпті. Сенің орыс жандаралдарың да әлгі қуға ұқсайды,— деген сонда осы қария.— Ең алдымен бекініс салуға болмашы жер сұрайды. Соңынан оған егін, бақша салатын жерді өзі қосып алады. Артынан мұжық-төлеңгіттерін әкеп орналастырып, қазақты өз қонысынан қуады...»

Ал қазір қазақ елін шүршіт кеп жап алқымнан алғанда, енді бірде-біреуі «сен бізді көңірге сағтың, ханды да соған көндірдің» демейді. Шүршіт айлаһары, жоңғардың шұбар жыланы емес, анақұрлым күшті. Онымен артында орыс бекіністері тұрғанда ғана, жөңдеп сөйлесе аласың...

Жоқ, Абылайдың қазір арқа сүйері төре тұқымы емес. Абылай жағындағылар — әне, анау отырған халықтан шыққан атақты батырлар. Өз аттарын ел-жұртына пайзасымен әйгілі еткен, анау топтанған ата-бабасы белгісіз жаман тымақ, жыртық тон бұқара жұрт. Тілін таба білсең, жетім лақтай соңыннан ере береді...

Міне, тізесіне тізесі тие отырған, кексе тартып қалған Бөгенбай, оған таяу Еменәлі мен Жабай батыр, одан әрі Қыпшақ Дербісал мен Маңдай, Дулат Бөкей, Уақтан шыққан Сары батыр, тағы басқалар. Бәрінің де даңқы жер жарады. Сондарынан ерген топтары да көп. Ешқайсысы Абылай берген бұйрыққа қарсы шыққан емес.

Егер Абылай «кейін шегін» демесе осылар шүршітті жеңіп, оның табанының астында жатқан Шыңғыс Түркістанның біраз елін құтқарар ма еді, қайтер еді? Сол үшін бүкіл үш жүз боп атқа қонуға әзір-тұғын. Бірақ олар Арқа мен Сыр бойындағы бауырларынан жәрдем күтіп отырғанда, Абылай өз әскеріне «кейін қайт» деді. Өйткені болашақ «Үлкен Орда» ханына шүршітпен қазір соғысу тиімсіз болды. Ханға тиімсіз жағдай бүкіл қазақ даласына тиімсіз болып саналуға тиіс. Бұл хандық дәуірінің заңы.

Басындағы қалпағын мылқау атып түсірген күні, Абылайдың Алтынемелдегі ордасында екі бишара дәруіштің болып шыққанын осы отырған адамдардың бірде-бірі білген жоқ. Дәруіштер күзетшілер арқылы Абылайға, жалғыз ғана иероглифы бар, күміс теңге көрсетті. Сұлтан дәруіштерді ордаға кіргізуді бұйырды. Ордаға кірген дәруіштердің бірі үстіндегі шапанын шешіп, басындағы сәлдесін тарқатқанда, Абылайдың денесі мұздап кеткен.

Сұлтан жас кезінде Қалден Цереннің қолында тұтқында жатқанда, Ташкентке осы көсе дәруіш екі рет келген. Тәкаппар, адуынды Қалден Цереннің басын иіп бұнымен ілтифатпен сөйлесіп отырғанын Абылай өз көзімен көрген. Соңынан, осы көзі іріңдеп кеткен көсе шал ұлы Жоңғарияның құрып кетуіне себеп болған еді...

Ақ Ордадағы әңгіме ұзаққа созылмады, Қарт дәруіш есегіне мініп, белгісіз жаққа жүріп кетісіменен, Абылай Алтынемелден Көкше теңізге дейін шегінуге бұйырған. Ертеңіне ақ бура да Көкше теңізге қарай шөккен...

Иә, Абылай сол күн-ақ осы жолды қалаған Алтынемелде шүршітті жеңу болашақ «Үлкен Орда» ханына тиімсіз көрінді. Қытай жағынан қауіп азайса-ақ болғаны, осы отырған төре, билер басқа әнге басатыны хақ.. Жау шабуылы алыстаса-ақ болғаны, саясатшыл, қызыл өңеш ділмәрлер әрқайсысы өз ұлысын бөліп алмақ боп, шарт жүгініп сөзге кіріседі. Мықтылары сойылына да жол беруге тырысады... Онда үш жүздің басып қосып, «Үлкен Ордаға» бағынған ел болуы адыра қалады... Ал шүршіт гүрзісі қазақ елінің басына төніп тұрғанда, Абылай да күшті. Мұндай жағдайда «Үлкен Ордаға» хан болуы айдан анық. Сонда барып ол Алтынемелге қайта оралады... Оған дейін Абылай өз күшін жоғалтпай, қорқау қасқырдай бұның өлігін күтіп отырған Қокан билері Ерден мен Нұрботаға жонын көрсетіп қойып, орыс арыстаны мен қытай айдаһарының арасында ебін тауып жүре тұрады. Екі жақ бірдей сені өзіне тартқысы келіп тұрса, тәуелсіздігінді сақтау үшін, саған одан ұтымды жағдай жоқ. Россияның қол астына кіруді ол әлде қашан шешкен. Ал кей істе қытай боғдыханына да бағынышты екенін мойындаудан енді оның ештеңесі де кетпейді... Абылайды іздеп келген шал бұдан артықты әзірге сұраған да жоқ...

Жоқ, бұл ірің көзді кәрі шүршіттің арғы ойын түсінбейтіндей Абылай соншалық милау емес. Мыстан шүршіт қазақтың үш жүзін бірдей жоңғар трагедиясына ұшыратпақ. Жоңғар өлігіне тойынған шүршіт айдаһары әлі тоғын басқан жоқ. Сонау Хуан Хэ, Янцизи өзендерінің бойынан қытай шаруасын айдап алып келіп, оларды Жоңғардың тып-типыл боп күйген жұртына орналастырғаннан кейін, араны қайта ашылады. Ол тағы да жаңа жемтігін іздей бастайды. Сонда ол аранын ашып, тағы да қазақ даласына қарай жылжиды. Сол уақытта қазақ

еліне өз даласына салуға рұқсат еткен орыс бекіністері де керек болады.

Оған дейін Абылай өз жолынан таймайды. Бұл жол қиын жол, бірақ тиімді жол. Түбі Абылайды үш жүздің алтын тағына жеткізетін жол. Кімде-кім осы ұстаған жолына бөгет болғысы келсе, өз обалы өзіне, ондайлардың басын Абылай алдаспанмен қағып түсіріп отырады. Осы үйдегі ақсүйегі бар, қара сүйегі бар, ешқайсысы Абылайдың ойлаған ойына бөгет болмауға тиіс. Өйтпесе... өйтпесе бұлар да Батыр Баянның кебіне душар болады. Абылай оны жау шебіне тегін қалдырған жоқ, өйткені Алтынемелден бұның неге шегініп бара жатқанын Батыр Баянның түсініп қалғаны Абылайға да аян еді.

... Ханның «Тағанақ» кеңесі бұл жолы әдеттегі дәстүрден тыс, өзгеше басталды. Басқа ақсақал, билер сөйлеп болып, Әбілмәмбет хан енді кезекті «маймене» қаз дауысты Қазыбекке бере бергенде, сөзуарлығы жоқ, сабырлы Бөгенбай батыр, бақандай екі қолын алдына созды.

— Уа, тақсыр хан,— деді ол әдеттегісіндей тұтыға сөйлеп, бүгін үш жүздің бетке шығар жақсылары жиналып қалған екен, осы кеңесте менің Абылай сұлтанға қоятын бір сұрағым бар.

— Сөйле, Бөгенбай батыр!

Бөгенбай қамшысын алдына тастай салды да, енді Абылайға бұрылды.

— Шүршіт көгенінде қан жылап жатқан Шығыс Түркістандағы бауырларымызды құтқаруға біз неге аттанбадық, Абылай сұлтан? Соған жауап берші.

Ол екі қанат хан ордасының іші тына қалды. Әлден уақытта Абылайдың қоңыр дауысы естілді.

— Шығыс Түркістандағы елдің бас көтергенін мен білген жоқпын!— деді, адамның өңменінен өтетін өткір көзін жалт еткізіп.

«Бұл хабарды ең алдымен сен естуге тиіс емес пе едің?» дегенді әркім іштерінен ойласа да, батылдары басып сыртқа шығара алмады.

Тағанақ кеңесінде қазақ елі қытаймен соғыспайтын боп шешілді. Келісімсөз жүргізгелі қытайдың ресми елшілері келгенін Әбілмәмбет ханның өзі хабарлады. Бірақ, Әбілмәмбет ханның айтып отырғаны — Абылай сұлтанның ойы екеніне де жұрт шек келтірмеді. Шүршітпен келіссөздің басталуына қарамай, көктем шыға үш жүз-

дің жігіттерінен үлкен қол жинау керек деген хан тұжырымы да Абылайдан шығып отырғаны белгілі еді.

— Қалың қол шүршіттерді де тежеп отырады,— деді Абылай,— Қоқан билерінің де тәубасын ұмыттырмайды. Естуімше, Ерден мен Нұрбота билер Ташкент түбіне көп лашкарларын шоғырлап жатқан көрінеді... Келер жазға дейін біз дайын тұруымыз керек. Ет бұзылса тұз себесің, тұз бұзылса не себесің? Жау жағадан алғанда кермек татып не табасың? Қапылыста жинала қоюға, жер шалғай.

Үш жүздің «інгі жақсылары» Абылайдың бұл ұсынысын әзер дегенде қабылдады. Өйткені Абылайдың қол астында мұндай әскердің болуы қайда апарып соғатынын олар жақсы түсінетін еді.

... Кеңес бітісімен жұрт елді-еліне тарады. Ең алдымен жері алыс Кіші жүздің сарбаздары өз мекендеріне беттеді. Содан кейін Ұлы жүздің батырларын, Орта жүздің де Торғай, Ырғыз, Баянауыл секілді алыстан келген жасақтарын қоныстарына қайтарып болып, Абылай енді өзінің қарамағындағы Арғын жігіттерімен Көкшетауға сапар шегуге дайындала бастады. Бұлар жүреміз деп атқа қонғалы тұрғанда, хан ордасына қос атты шабарман келді. Ол Әбілмәмбет ханның алдына кеп тізе бүкті.

— Хан нем, Лепсі өзенінің бойындағы он мың үй Садыр Әндижан төңірегіндегі ағайындарына көшпек боп жатыр!

— Неге? Қандай себебі бар?— деді Абылай даусы қаттырақ шығып.

Найманға жататын Садыр руы қытай басып алған бұрынғы жоңғар тайпасының жерімен шектес тұратын. Шабарман Абылайға бұрылды.

— Есің барда ел тап дейді Тасболат батыр. Ақтабан шұбырындыда қалмаққа жем болғандай, бұл Садыр енді қытайға жем бола алмайды дейді.

— Лепсіге жеткен қытай, Әндижанға жете алмайды деп ойлай ма екен.

— Онысын білмедім. Қоқан жағынан кісі келіпті. Сендерді қытай құртпаса, Арғын құртады деп, Нұрбота би кісі жіберіп азғырып жатқан көрінеді.

— Арғын құртқаны қалай?

— Әбілмәмбет ханды да, Абылай сұлтанды да Арғын елінің адамдары дейді.

— Сондай сөзге Тасболат батыр құлақ қойды ма?

— Құлақ қоймаса көшер ме еді?

Жайшылықта салмақты Абылай күйін кетті.

— Солай де! Арғындағы өшіп менен алмақ болса, көрсетейін мен Садырға Абылайдың сойылын!— Ол есік алдында тұрған нөкердің біреуіне, — шақыр Бөгенбай мен Сырымбетті. Қонсын атқа қалың қолымен!— деп бұйырды.

Ордада бағанадан бері үндемей отырған Бұқар жырау:

— Сабыр ет, сұлтан, — деді. — Ел күйінсе де ер күйінбес болар. Бір жағы қытайдан, қала берді сендерден қорыққан Садырды шапқанда не таппақсың? Қол жіберудің қажеті болмас, он жігіт қосып бер, ол құтырған Найманмен өзім барып сөйлесейін. Көнбесе амал жоқ, сойылынды сосын қолданаарсың.

— Жырау дұрыс айтады, — деді Әбілмәмбет хан. — Қокан жеріне бір шаңырақты да жіберуге болмайды.

Осылай келіскен Бұқар жырау қасына он жігіт ертіп, Қокан хандығына көшкелі жатқан, Лепсі өзенінің Балқашқа құятын сағасында отырған он мың үйлі Садыр руына жүріп кетті..

Найман тайпасының бір тармағы Садыр руы «Ақтабан шұбырындыдан» бұрын Талас пен Арыс өзендерінің арасындағы Қаратау қойнауында көшіп жүретін. Әулие-атаға таяу Келтеқара арығы, Бұрындай өзенінің арғы жағындағы Ұшашы қойнауы бұлардың келіп-кетімді қонысы болатын. Осы Бұрындай өзенінің бойында «Садыр — Мүрде» деп аталған жер — бұл рудың аталары қойылған зират еді. Сыр бойының бір қуаңшылық жылы осы рудың атакты батыры Жұмарт өзінің қарамағындағы тоғыз аулымен көшіп, жайлауға Арғын руының ата мекен жері Арғынаты тауларына барады. Арғындар бұған ана Ұлытауды жайлаған Бағаналы туыстарына көшіндер деп, жер бермейді. Күшпен Ұлытаудың бергі қойнауына қуып салады. Ашу үстінде Жұмарт батыр Арғын жасағының батыры Ақмырзаны өлтіреді. Содан кейін Арқаға көшуін қойып, енді Бұрындай өзенінің бойындағы Үлкен тұра, Кіші тұра деген кіші-гірім тауларды қыс қыстауы етіп, жаз Әулие етегіндегі Талас өзенінің шұрайлы қойнауын жайлайды.

«Ақтабан шұбырындыда» қалмақ қолынан тоғыз баласымен Жұмарт батыр өледі. Қырық мың үйдің он бес мың шаңырағы шұбырып, Әндижан жеріне өтіп кетеді, ал қалған он мыңы Лепсі өзенінің бойындағы жоңғар

Алатауының қойнауына көшеді. Сөйтіп жүргенде, Жұмарттың әлдеқалай тірі қалған Тасболат деген баласы ер жетеді. Енді әке орнына, мұнда қалған он мың шаңырақ Садырға сол ие болады. Тарбағатайдан қытай әскері түсіп келе жатыр дегенді естісе де, ол Абылай жинаған қолға қосылмаған. Бір кезде әкесіне Арғынның жер бермегенін кек тұтып, өзін азғырып келген Ерден мен Нұрбота бидің елшісінің сөзіне еріп, Әндижанға көшпек болады. Бұл хабарды көршілес отырған — Тобықты руының шабарманы әкелген.

Серіктерімен Бұқар жырау Тасболат батырдың аулына жеткен кезде, күн бесіндіге таяп қалып еді. Ел түйелерін қомдап, үйлерін жығып, көшкелі жатқанды. Битке өкпелеп тонын отқа салған Тасболатқа ашуланған Бұқар жырау аттан түспей, жанындағы серіктерімен Тасболат үйінің сыртынан кеп, кәрі домбырасын қағып-қағып жіберіп, айқайға басып еді.

«Садыр, қайда барасын,
Сарысуды көбелеп?
Сен қашсаң да мен қойман
Арғымағым жебелеп.
Енді алдыңнан шығайын
Қар, жаңбырдай себелеп.
Ақмырзамды өлтірдің
Ақ сойылмен төбелеп.
Уа, сен танымай кетіп барасың?
Мен Арғын деген Арыспын,
Азуы кере қарыспын.
Сен бұзау терісі шөншіксің,
Мен өгіз терісі талыспын.
Абылай алдында сен бітсең
Құдаидалы таныспын.
Абылай алдында бітпесең,
Атасын білмес алыспын.

деп Бұқар жырау, көшпе деп ақыл айтудың орнына Садыр қолынан өлген ерінің құнын сөзге тиек етіп, жырын ызғарлы үнмен тоқтатты.

Үй сыртында келіп тұрған үш жүзге мәлім Бұқар жырау екенін біліп, әлі де болса көшерін де, көшпесін де шеше алмай, үйін жықпай отырған Тасболат сыртқа шықты. Бұқардың құн сұрап келгені жай сылтау екенін, әрине, бұ да ұқты. Жырауды қолтықтап аттан түсірді, үйіне алып кіріп, қошеметтеп көрне төсеп, төрге отырғызды. Амандасып болғаннан кейін, Бұқар жырау:

— Жаркыным, бұл қай көшу?— деді әлі де сабасына түсе алмай.

— Шүршіт келе жатыр дейді ғой,— деді Тасболат ойлана,— Қашқардан қашқандар бар...

— Шүршіт келе жатса, Абылай бар емес пе?

— Арғыбеттегі елді шүршіттер тып-типыл ғып өртеп жіберіпті. Құдіретті болса Абылай сонда қайда қалған?

— Арғыбетке шығып шүршіттермен соғысуға әлі ерте... Жұрт қашты деп, батыр қашпас болар...

— Қашпалық... Сонда не ұтамыз?

— Батыр Баян мұндай сұрақ бермес еді. Әне, ол халқы үшін жанын пида еткен жоқ па?

Тасболат үндемей ұзақ отырды. Әлден уақытта барып:

— Жарайды, ендеше, біз де көшпейміз,— деді.

Оның даусынан өзінің жеңілденіп қалғаны байқалды. Кім ата мекен жерін тастағысы келеді. Оның үстіне Қоқан ханының қоластына барып, көгере қоюына Тасболат күмәнді еді...

— Ал біздің жерімізге шүршіт келе қалса, Абылай бізге жәрдем қолын соза ма?— деді Тасболат Бұқардан көзін алмай.

— Бұдан былай ісі қазақ Абылайдың туы астына жиналуы керек,— деді Бұқар жырау.— Абылай қол астындағы елін қорғауға тиіс. Ол қорғамаса Бөгенбай, Жабай, Сары сынды батырлар бар. Солар қорғайды... Бұл арада сендер әзірге қазақ жерінің барлаушылары болып қала тұрасындар.

Бұқар бір қонып, ертеңінде еліне аттанды. Тасболат оның соңынан ұзақ тұрды. Жырау сөзін ойға салды. «Ісі қазақ Абылай туының астына жиналуы керек» деп қайталады ол ішінен. Жұрт Бұқар жырауды Абылайдың тіл мен көмегі деуші еді, сол есіне түсті.

III

Көкейкесті арманына жеткен Абылайдың көңілі айжай еді... Иә, Телікөлдін жағасына жиналған үш жүздің «игі жақсылары» оны «Үлкен Орда» ханы етіп ақ киізге көтерген. Рас, бұл жиынға Ұлы жүз бен Кіші жүздің көп руларының басты адамдары келмей қалды. Келмесе, өзі білсін! Абылайға қазір оның қандай маңызы бар? Бүгін келмегені, ертең келеді. Бүгін көнбегені,

ертең көнеді. Көнбегенің ат құйрығына байлап, ақ сойылдың астына алады!

Ал қазір Абылай ұзақ жылғы еңбегінің жанғанына ырза еді. Айбарынан сескеніп тізе бүккен қалың ел! Әлде қалай жазықты бола қалса, «ханның қаһарынан сақта!» деп жалбарынған ру басшылары...

Міне бүгін, ханға осындай кіріптар болғанның бірі — Қоңыратқа жататын Божбан руы. Түркістан уәлиетін жайлайтын бұл рудың басшы адамдары жерінің жақындығын пайдаланып, Қоқан билерімен тіл табысып, Абылай қоластынан қашпақ болған. Саққұлақтары арқылы бұны біліп қалған Абылай, тал түсте Божбан ауылдарын шауып, басты адамдарын тұтқынға алған.

Далбасалаған ауыл ақсақалдары қайтсек ханның көңілін жібітеміз деп, бар мал-мүлкін алдына әкеп тартып, қойнына ең сұлу қызын салды.

Хан қазір осы жас қызбен оңаша тігілген ақ ордада жатыр... Қоңырат етекте ел. Ұлы-қызы өлген-тірілгеніне қарамайтын намысқой келеді. Сөйтсе де қыз жеңгелерінің «Ханның көңілін таба білсең, еліміздің бағы жанғаны, ағаларыңның ажалдан аман қалғаны» деген сөздерінен шыға алмаған. Жігіттердің анда-санда қалжыңдап, ақ төсіндегі тастай қатты қос анарына қолы тигені болмаса, пәк денесінен әлі тірі жанға тоят беріп көрмеген жас сұлу — сүттей адал абройын ханға олжа етіп, елін апаттан, екі ағасын ажалдан алып қалмақ болған. Сол себептен де ол ұяттан екі беті оттай жанып, жүрегі торға түскен торғайдай діріл қағып, жарылып кетуге дайын тұрса да, ханның ыңғайына көне берді, денесіне хан салмағы қатты батса да, асау мінез көрсетпеуге тырысқан.

Ал бұл кезде Абылай жарлығын орындауға Божбан руының бас көтерген адамдарын хан нөкерлері алып келгенді. Олардың ішінде осы қыздың екі ағасы да барды. Қыз құшағында ләззатқа кенелген Абылайдың ойына кенет осы екі батырды өлтіру туралы берген бұйрығы түсіп кетті. Абылай езу тартты: «Жоқ, бір қыздың қызығы үшін, ол бұйрығын бұзбайды, кімде-кім бұған қарсы тұрса осылай өледі!» Көп кешікпей, ол бөкеннің етіне тойып алып, маужырап ұйқыға кеткен жолбарыстай, тұла бойын бір рахат тыныштық билеп, көзі іліне берді.

Абылайдың қасында құты қашып үн-түнсіз жатқан қыз кенет:

— Хан нем, бауырларымның күнәсін кеше көріңіз...— деді жасқа булығып.

— Көерміз...— деді Абылай ұйқылы-ояу.

Қос батырды өлім жазасына бұйырғаны тағы есіне түсті. «Оқасы жоқ... күні ертең-ақ екі ағасының менің қолымнан өлгенін ұмытады. Тек хан қойнында жатқаны ғана есінде қалады».

Хан қайтадан көзін жұмды. Бірақ дәл осы сәтте:

— Аттан! Аттан!— деген айқай шықты. Кенет қырқаны бауырлай шапқан аттардың дүбірлері естілді. Тынық түндегі оқыс дауыстар құлаққа қандай құбыжық боп жетеді, онсыз да елегізіп жатқан ауыл, үрпіісе төсектерінен атып тұрды. Үстеріне жыртқыш күс келіп қалған балапандай, бала-шаға көздерін тырналай ашып, у-шу боп жылай бастаған.

Ауыл сыртында да, орда сыртында да, анау-мынау жаудан сақтап қалар қалқаны бар екенін білсе де, Абылай да орнынан ұшып тұрды. Тақа әбігері кетіп саснаса да, үнемі жоқ жерден пайда болар соғысқа үйренген әдетпен жылдам киіне бастады. Шаңырақтан түскен ай сәулесіне шомылып, нағыз бір түнгі періштедей қолаң шашы жерге түсіп не істерін білмей, үй ортасында тұрған жас сұлуға сұқтана тағы бір қарады да:

— Маған арналған өтінішің болса, күндіз айтарсың,— деді де алуындай басып, күміс сапты қылышын сүйрете ақбоз үйден шығып кетті.

— «Аттан» салған кімдер? Қайдағы жау?— деді ол Орда алдында тұрған топ жігітке. Күзет бастығы баяғы Батыр Баянның сүйегін алып шыққан қарасұр жігіт, қазір ақ түсе бастаған қою келте сақалын бір сипады да:

— Әзір белгісіз, хан нем,— деді сәл алға шығып, «Аттан» салған жігіттерді ауыл сыртындағы күзет тоқтатқан тәрізді. Дәуде болса, мына келе жатқан солар-ақ шығар.

Сөйткенше болған жоқ, дабырласа сөйлескен бір топ жігіт Орда тұсына келіп те қалды. Күзетшілер жапында тұрған Абылайды көріп, ұзын сары шабарман иіліп сәлем берді.

— Алдияр тақсыр, жаман хабармен келіп тұрмыз,— деді.

— Қандай хабар? Айт жылдам!

— Орта жүз бен Кіші жүздің әскерлерін елдеріне қайтарып жібергеніңізді естіп, Қоқан ханы Әлім атқа

қоныпты. Қоқан, Әндижан, Маргелан, Наманған бойын қойып, Ташкент маңындағы кешегі өзіңізді жақтаған Шанышқылы мен Қаңғылы тайпалары тайлы-тайлағына дейін қалмай соларға еріп келеді.

— Шамасы, қанша найзасы бар?

— Алпыс мыңнан асар...

Абылай ойланyp қалды.

Телікөлдiң жағасында қазақ еліне хан сайланғаннан кейін, үш жүздiң елу мыңнан астам әскерін бастап Абылай Қоқанға қарсы жорыққа аттанған. Он күн жан аяспас ұрыстан кейін, Нұрбота бидің баласы Қоқан әміршісі Әлім ханның әскерін күйрете жеңген. «Ақтабан шұбырындыдан» бастап, кеше ғана Қытай боғдыхандарымен соғысқан аласаңран кездерде Қоқан хандығына қарап кеткен қазақ руларын бостан еткен. Осы жорықтың нәтижесінде Сырдария бойындағы Түркістан, Сайрам, Шымкент, тағы басқа қалалар қайтадан қазақтардың қолына өткен. Ташкент алым-салық төлеп тұруға мәжбүр болған. Бұнымен қатар бұрын Ташкент хакіміне зекет, гараж төлеп тұратын Шу мен Талас өзендерінің бойындағы және Қаратау қойнауындағы Қоңырат, Дулат, Жалайыр, Суан рулары алым-салықтан мүлдем босатылған. Ал Ташкент пен Әндижанның аралығында көшіп жүретін Ұлы жүздiң Шанышқылы, Қаңғылы рулары көптен бері сол араларды жайлайтындықтарынан өз қоныстарында, Ташкент құшбегінің қарамағында қалған. Әйткенмен, Абылайдың қамшысы батып кеткен бұл елдердің арасында қазақ ханына деген наразылық та басыла қоймаған. Сондай наразылықтың бірін Абылай кеше ғана осы арада қанжоса етіп басқан.

Ақыры өзіне тиімді бітімге қолы жеткен Абылай «Енді ұрыс жоқ, ел іргесі қоныс тапты» деп, әскерінің негізгі жауынгер күші болған Орта жүз жасағы мен Кіші жүзден келген қолды тегіс елдеріне — Арқа мен Жайыққа қайтарып жіберген. Абылайдың қасында ханның өз гвардиясы есепті мың қаралы төлеңгіт пен Дулат, Жалайыр, Албан, Суан руларынан құрылған бір санға жуық әскерлері ғана қалған.

«Үлкен Орда» ханының тек өз әскерімен қалғанын білген, және Ұлы жүздiң жігіттері Абылай жағына мүлдем шыға қоймас деп үміттенген Қоқанның жас ханы Әлім дереу бас көтерген. Ташкентті алып, содан кейін Түркістанды да өзіне қаратпақ боп жорыққа шыққан.

Жағатай ұлысына қараған үш жүз жылдан бері Жетісу өңіріне жан бастырмай келген, ерлігі бүкіл Шығыс еліне аян, Дулат, Жалайыр, Қанғылы, Шанышқылы, Албан, Бестаңбалы руларын да Абылай өзімен бір болады деп ойлаған. Сыр бойын Қоңырат, Қыпшақ, Табындар қандай қорғаса, Ұлы жүздің жігіттері де өз ата-мекен жерін сондай қорғайды деп сенген. Ал кенет Қанғылы мен Шанышқылы руларының қокандықтардың азғырғанына ергені, оған Қоңыраттың да делебесі қоза бастағаны ханды қатты ренжітті.

Ташкент төлейтін алым-салықты Қокан ханы сол маңдағы Қанғылы мен Шанышқылының мойнына салған. Және Ташкент күшбегі өз тарапынан бұл елдерге зекет, гараж мөлшерін көбейткен. Жұртқа осының бәрі Абылайға бағынудың саалдары деп түсіндірген. Халықтың ереуілге шығуына осылар себеп болып еді.

— Бүлікшілер қай тұста жиналып жатыр?

— Шыршық өзенінің бергі қабағында.

Абылай ордасын жақында Бадам өзені мен Арыс өзені түйіскен тұстағы Бөрітас деген жерге қондырған. Қазықұрттан бұл ара елу, Түркістаннан жүз шақырымдай жерде. Мұнда келген ойы Арыс бойын жайлаған Қоңырат пен Бадам өзенін жайлаған Шанышқылы, Қанғылы руларымен белдесе жақындасу еді.

— Ә... әлі көш жерде екен ғой,— деді хан,— Ташкенттен кейін олар Түркістанға қарай шығады ғой, оған жеткенше, біз де етек-жеңімізді жнып болармыз.— Абылай уақыт мөлшерін білу үшін аспанға қарады. Таң жұлдызы туып қалған екен. Аспандағы таң жұлдызы, жаңа өзі шығып кеткенде есік алдында қалған екінші таң жұлдызын есіне түсірді. Енді ол бұйыра сөйледі.

— Қазір Сіргелі Елшібек батырға, Дулаттың қос бөрісі Бөкен мен Сағырға хабар беріндер. Бар қолдарымен осы Қазықұрттың етегіне тез жетсін. Албан менен Суанға да, жақын жатқан Бестаңбалыға да, бергі етектегі Жалайыр батырларына ат шаптырындар. Бәрі осы Қазықұрт маңына жиналсын!

— Күп, болады!— деді бас шабарман.

— Сәскеге дейін өзіміздің жігіттер де алдаспанын қайрап, дайын тұрсын! Жыланды үш кессе де кесірткелік күші бар. Қазак әскерінің үш бөлегінің бір бөлегімен-ақ, құдай бұйыртса, Қоканның жас қорқау қасқырының кеңірдегін жұлып алармыз!..

Ол қайтадан Ақ Ордаға кіріп кетті. Енді шешінген жоқ. Қылышын былай қойып, белбеуін босатты да, жүкке сүйеніп, көзін жұмды. Оң жағындағы төсектеп жас сұлудың өксігін баса алмай, булыға жылаған үні естілді... Дәл осы жылау жапын жай тапқызғандай, Абылай тағы езу тартты.

О, тағдыр!.. Расында да тағдыр — өзінің ақ бурасы шығар. Міне, қазіргі кнесі — үшінші ақ бура. Ең алғашқысы қартайып өлді, екіншісі өзінен өзі мүлдем жоқ боп кетті, амал жоқ оны үшінші ақ бурамен ауыстыруға тура келді. «Хан кнесі — осы ақ бура» бүгін тым көңілсіз еді... Мынау бүлік соған көрінді ме екен?

Рас, Абылайды қатыгез, тасбауыр дейтіндер көп. Бірақ осы «қатыгез, тас бауыр» Абылайдың тұсында ешкім де қазақ елін кейін кетті дей алмайды. Қокан хандығына желке жүнін үдірейте көрсетіп, айдаһар мен арыстанның аузынан ебін тауып құтылып, көкжал Абылай аман-есен өмір сүріп келе жатқан жоқ па? Ал бұның темір тегеурініне шыдай алмай, кей ру беті ауған жағына қашқысы келсе — оның да себебі бар. Абылайға бір тайпының көрген зәбірінен, бар қазақты шашау шығармай ұстап отыру қымбат.

Алтынемел айқасынан кейін ол өзінің ағасы Жолбарысты қытай боғдыханына жіберген. Бұл кезде қытай әміршілерінің арасында өзара қырғын, бақталастық күрестер қатты жүріп жатыр еді. Абылай келіссөзге дәл осы тұс дұрыс деп тапқан. Қытай императоры Хун Лин, өзіне қарсы бас көтеріп, күнде жанжал шығарып отырған Шыңжаң қазағы мен ұйғырына қазақ елі қосылып кетпесін деп қауіптеніп, қазақ ханының елшісін сыйқұрметпен қарсы алған. Абылайға князь деген ат беріп, құндыз ішік, жібек кілем тәрізді көптеген тарту-таралғыларын жіберген. Осы берілген көп сыйлықтың ішінде сол жылғы қытай календары да бар еді. Бұны қытай императоры, тек өздерінің мәдениетінің үлгісі ретінде ғана емес, қазақ елі бұдан былай қарай күн, ай, жыл санаттарын шұршіт есебімен жүргізсін деп әдейі берген. Бұ да басқа жұртқа өз әсерін тигізудің бір жолы...

Екі жыл өткеннен кейін, яғни бір мың жеті жүз елу сегізінші жылы, Шыңжаңдағы ұйғыр мен қазақ көтерілісін қан-жоса етіп басқаннан соң, қытай әскері қазақ жеріне қайтадан кірген. Бұ жолы олар Тарбағатай тауынан төмен түсіп, Көкше теңізге дейін жеткен. «Ақ-

табан шұбырындыдағыдай» қытай әскерінің жолындағы бүкіл қазақ ауылдары «шүршіт келе жатыр» деп тағы босқан. Кешегі көкорай шалғын, бықыған малды ауылдардың орнына, шегірткесіне дейін желінген, өртенген орман, құлазыған қу дала ғана қалған...

Абылай шүршітке тағы қарсы шықты. Аякөз тұсында болған қырғын соғыста өлдім-талдым деп жинаған әскерімді қырып алмайы деп, Қытайдың құрт-құмыреқадай қаптаған қолынан ол тағы шегінген. Осы жолғы айқаста Малайсары батыр оққа ұшты. Шегініп келе жатқан қазақ қолы оны қазір «Малайсары тауы» деп аталатын құмдауыт төбенің басына әкеп қойды...

...Хун Ли қанша қаһарын төккенмен де, Абылай Россиядан қол үзбеді. Қол үзудің орнына, қытай айдаһарын соңынан ертіп, жұмсақ жастықтардың үстіне қапжар тырнақты аяқтарын қойып мүлгі қалған айбарлы арыстанға ұқсас орыс бекіністеріне жақындата берді. Бірақ, тұмсығын көкке көтерін, күздің келін қалғанын түсінген айдаһар, қандай қауіпке бара жатқанын сезіп, тез жиырылып кейін бұрылды да, алдындағы Тарбағатай тауына қарай қайта өрмеледі...

Қытай айдаһары орыс бекіністері тізіліп қалған бұл өлкеден оңай олжаға кенеле алмайтынын тез түсінген. Бірақ сол жылы ол қайтадан жүз сексен бес мың әскерін Шыңжаң шекарасына әкеліп төккен. Россияның бұған қарсы шығар дәлелінің де, мүмкіндігінің де жоқтығын пайдаланып, енді ол бүкіл Орта Азияны жаулап алмақ болды. Қандай қауіп туғанын ұққан Хиуа, Бұхара, Қоқан, Ауғанстан әміршілері өзара араздықтарын тастап, бүкіл мұсылман қауымы боп шүршітке қарсы «газауат» соғысын ашуға ұран салды. Бұл ұраннан мұсылман дініндегі Абылай да, Кіші жүздің ханы Нұралы да бас тартуға тиісті емес-ті. Өзі қол астына кірген Россияның Қытаймен тату-тәтті екенін сылтау етіп, Нұралы хан «газауат» күрестен бас тартты. «Газауатқа» қосылмауға Абылай да жол тапты. Бір жағынан бұ да Россия қол астында бола тұрып, оның рұқсатынсыз Қытаймен үлкен соғысқа бара алмайтынын ескертсе, екінші жағынан өзінің шүршіт боғдыханыменен келісімге келгенін айтты. Жақында ғана Абылай отыз ақбоз арғымақты тарту етіп, Одаршы биді бас етіп, Хун Лиға отыз ақсақалын жіберген. Қытай боғдыханы бұны «бүкіл қазақ еліне бастық» және кімде-кім Цин мемлекетіне қастық етсе,

отан өлім жазасына дейін үкім қолдануға қақысы бар деген «филли» — указ берген.

Ал шынында, Абылайға ата-бабасының дәстүрі бойынша мұндай келісімсөздердің құны бес-ақ тиын-тұш. Қағаз бетіне түспеген уәделерін қазақ хандары, көңіліне жақпаса, оп-оңай бұза беретін. Абылайдың қазауатқа қосылмауына себеп болған — Орта Азия мұсылмандарының бір қауым боп, Ауған ханы Ахметті бар әскеріне қолбасшы етуі еді. Қазір Ахметтің қарамағында жетпіс бес мың әскер бар, егер бұлар шұршітпен соғыс ашпаған күнде, бұл қалың қол қайда барады? Көп жылдан бері үнемі соғысып, әбден қалжыраған қазақ жасақтары бұндай әскерге қарсы тұра алар ма? Одан да... Түркістан жерінен көңілі бар бұл хандардың әскерлерінің қабырғаларын сындырып, шұршіттер ұйқы-тұйқысын шығарса, бізге пайда деген. Әрине, күнгей жағынша шұршіттің көрші бола қалуы да қазақ еліне тиімді емес. Бірақ Россия бекіністері құр ғана қазақ жерінде емес, бір шеті шығыста, Қытай қабырғасымен шектес, сонау ұлы Мұхитқа дейін созылып жатыр ғой... Бұл Қытай богдыханның санасатын жағдай.

Ал Абылай, Шығыс мәселесін осылай түйіп қойып, тағы баяғы Жолбарысты бас етіп, өзін үш жүзге хан тағына бекітуін өтініп Петербургке, Екінші Екатерина әйел-патшаға елшілер жіберген. Үш жүздің «игі жақсылары» Абылайды ақ биенің сүтіне шомылдырып, ақ киізге көтеріп «Үлкен Ордаға» хан сайлағанмен, әйел-патшаның қол астындағы бар қазақ еліне хансын деген указы шықпаған. Шығуға да мүмкін емес еді. Өйткені, ежелден қарамақтарындағы елдің басын қосудан, талан-тараж бөлшектеп билеуді артық санайтын Россия патша үкіметі үш жүзге үш хан бекітіп, біріне-бірін қарсы пайдалануды дұрыс көретін. Әрине, бар қазақ еліне Абылай хан бола қалған күнде, осы мезгілді күтіп жеңішіне тығып келген қанды тырнағын ақ патшаның өзіне де көрсете бастауы мүмкін. Ресми түрде бекітілмей жатып, бар қазақ оны өзінің ханы деп танып, сонынан еруге бар. Ал бекітілген күнде... Жоқ, есеңгіреген елге есті бастық беруге болмайды, одан да есеңгіреген елге есеңгіреген бастық берсең — қарамағындағы жұрт саған қарсы бас көтере алмайды. Бұл ақ патшаға тиімді.

... Абылай әдеттегісіндей бүгін тағы ерте оянды. Көзін ашып жан-жағына қарап еді, таң селеуленіп атып қапты.

Қыз көйлекшең бүкшініп аяқ жағында отыр. Таркатылып кеткен қою қалың шашы иығын көме, бүкіл денесін жауып, жерде шұбатылып жатыр. Тек боп-боз боп ақша жүзі ғана көрінеді.

— Қандай тілегің бар?— деді Абылай, өзінің қыздарымен шамалас жас сұлуға.— Айт, орындайын!

— Тілегім біреу-ақ...

Қыз үнінен реңжігендік сезілмеді.

— Бір қыздың құшағында бір тайпы елдің тағдыры тұрған жоқ, хан ием... Мұны мен де ұғамын. Бірақ қатты дауылды күні тек қыран құс қана өз бағытынан адаспайды. Жұрттың бәрі қыран емес. Аласапыран кездегі жұрттымың бір табансыздық көрсеткенін кешіріңіз!

Қыз сөзі Абылайға ұнады.

— Жақсы. Ал өз бауырларыңа қарсы садақ безеген ана екі ағанды қайтеміз?

— Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң. Абылай езу тартты.

— Біз олардың «үйірін тапқанын» қайдан білеміз?

— Босатып көріңіз. Егер сіздерге ерсе, өз айыптарын өздері жуғаны.

— Ал ермесе ше?— деді Абылай. Қыз қуанып кетті.

— Онда, мейліңіз. Қандай жігіттің тағдыры болса да, өз елінің тағдырынан қымбат емес.

Абылай шаңырақтан көзін алмай бозарып келе жатқан таңға қарап ұзақ отырды. Иә, қол астынан қашып кетпек болған Қоңыраттың бірнеше адамын аямай жазаласын. Ал Қоңыраттың қалғандарының көңілдері қалай ауады? Үйсін, Жалайыр, Дулат, Албан, Суан сияқты Ұлы жүздің өзге рулары не демек? Бұлар Абылайдың ісін қош көре ме, жоқ па? Бұл рулардың көп жігіті қазір Абылайдың жасақтарында. Ал ертең сол жігіттер қазақ елі Қокан әскерімен бетпе-бет айқасуға тура келгенде Абылайдың қаттылығына өкпелеп, Қокан жағына шығып кетсе қайтеді.

Абылай қызға көз қиығын тағы бір аударды да ләм-мим деместен, орнынан тұрып үйден үн-түңсіз шығып кетті. Таң ағарып қалған екен. Абылай бозғылт реңді аспанға қарады. «Акку құсты көрмегелі не заман!»— деді ол әлденеге күйінгендей, бірақ сол сәтте-ақ бойын жинап алды. Аяндай жерде тұрған күзетшіні өзіне шақырды.

— Шабармандардан хабар бар ма?

— Әлі ешкім оралмай жатыр.

Абылай Қазықұрт жаққа көз тастады. Тау етегінде көрінген салт атты топтар хан ордасына қарай келе жатыр. Кенет ат дүбірлері естілді. Құйындата шапқан салт аттылар ауыл сыртына кеп тоқтай қалғанда, Абылайдың жүзі жылып сала берді. Бұл келген Қыпшақ Мандай батыр мен Керей Жаңай батырдың жасақтары еді. Олар осы Қаратау маңындағы ілік-шатыстарында қонақтап жүріп, елдеріне әлі қайта қоймаған-ды. «Аттан!» деген айқайды естісімен, Абылай ордасына жеткен беттері...

— Бұқар жырауға кісі жібердіңдер ме?— деді Абылай.

Дәйекші жауап қайтара алмай қалды. Ханның қабағы түйіліп кетті. Бір кезде өзіне тірек болған жырау мен ханның арасы күннен-күнге сүйін бастаған. Қоңырат еліне істеген рахымсыздығын көріп, Бұқар жырау ашуланып, кеше хан аулынан кетіп қалған.

Қазықұрттың күншығыс жағынан тағы бір шаң көрінді. Құйғыта шапқан шабарман атынан домалай түсіп, хан алдына тізе бүкті.

— Алдияр, Жалайырдан бізге тек төрт-бес жүз ғана жігіт қосылатын түрі бар...

— Қалғандары ше?

— Қоқандықтардан қашпақ боп үйлерін жығып жатыр.

— Осындай хабарды Ұлы жүздің басқа руларынан да алдық!— деді дәйекші жігіт.

— Сонда қай жаққа қашпақ?

— Алакөл тұсына.

— Шүршіттің шокпарының астына барып тығылмақ па?!— Дауысының қалай қатты шығып кеткенін Абылайдың өзі де сезбей қалды.

Бірақ, түс ауа, шабармандардың айтқанындай халының тақа жаман емес екені анықталды. Абылайға қанша наразы болғанменен, шүршіт пен Қокан озбырлығы түбі қатты тиетініне шек келтірмеген Ұлы жүздің көп рулары көп кешікпей өздерінің жігіттерін Абылайдың ақ туының астына тегіс әкелмек деген хабар жетті. Бұдан кейін, іле-шала Бөкей мен Садыр батыр бастаған Дулаттың бес мың қолы келе жатыр деген сөз де ауыл шетінде дүңкете қалды. Ал Сырғалы Елшібек батырдың дер кезінде жетуіне Абылайдың өзі де күмәндабаған...

— Кінәкөр Божбан руынан жазаланбаған қанша адам қалды,— деп сұрады Абылай кәріқылыш жасағының бастығынан.

— Алдияр, өзіңіз өлімге бұйырған көтеріліс басшыларының бесеуін ғана ат құйрығына байлап үлгірдік... Қалғаны қол-аяғы байлаулы отыр...

— Босатып жіберіңдер тірілерін!..

Тұтқыннан босаған Божбан жігіттері арқан батқан білектерін сыпай, заматта үйді-үйіне тарай бастады.

— Әділетті үкіміңнен айналайын-ай, құдіретті хан неміз!— деп аяндай жерде тұрған Божбан ақсақалдары, маңыраған қойдай, шуласа баталарын берді.

«Бес адамын ат құйрығына байлағанымды көрген соң бұлар маған баталарын беріп жатыр,— деді Абылай ішінен,— жазаламай бәрін бірдей кеш босатып жібергенімде, бүгін бұл алғыстың бірде-бірі болмас еді!»

Кенет Абылай «Жаныбек! Қаныбек!» деген сыбырлай шыққан үн естіді. Бұрылып еді, кетіп бара жатқан жігіттердің ішінен өзінің екі ағасын шақырып тұрған Қоңырат аруын көрді. Екі ағасы қыздың жанына келді. Әлде нені сұрады. Содан кейін екеуі үйлеріне қарай жүгіре жөнелді.

«Осы екеуін бекер босаттым-ау»,— деп ойлады Абылай тағы да, бірақ сол сәтте-ақ оларды есінен шығарды. Тек бір жеті өткеннен кейін ғана, біреуге істеген жамандықтың жойылмайтынына, қанды кектің бәрібір жүрек түбінде сақталатынына көзі жетті.

Абылайдың газдауат ұранына қосылмағанын пайдаланып, Қокан әміршілері оны біржолата күртпак еді. Олар бүкіл мұсылман қауымына: «кімде-кім Абылайға жәрдем беруді ойласа, оны аллатағаланың қарғысы атсын» деп жар салды. Бірақ дін дәстүрге онша берік емес қазақ даласы бұған мән берген жоқ, өйткені оның өзінің ежелден келе жатқан әдет-ғұрпы бар-ды. Дінді қорғаудан көрі, жерін қорғау бұларға ата-бабадан қалған мирас. Осы дала заңына салып, Самарқанд, Хиуа, Бұхара, Қоқандардың мың сан минареттерінен қазақ ханына «лағнат» айтып жатқандарына карамай, Ұлы жүздің көп руларының жігіттері Абылайдың ақ туының астына жиналды.

— Әй, Тұрымтай шабарман!— деді Абылай дауысын көтеріп.

Шабармандардың ішіндегі ең пысық, жарқын жүзді бала жігіт ханның жанына жетіп келді.

— Не айтасыз, алдияр?

— Жалайыр ауылдарына қайтадан шап. Тезірек жетсін де. Егер дер кездерінде келмесе, Қоқан ұрысынан кейін, Қоқанға туган кеп, Жалайыр билерінің де басына туып жүрмесін! Соны ескерт!

— Ал егер жауап қайырмаса ше?

— Мә, менің қамшым... Жауап қайырмайтын болса алдарына таста да, өзің кейін шап!

Шабарман үйден ата жөнелді.

Кең дала сойыл ұстаған салт аттыларға тола бастады. Қазықұрт тауының басынан кемінде жүз шақырымдай жер ап-айқын көрінеді. Абылай әлсін-әлсін батыс жаққа көз тастап қояды. Біреуді сабырсыздана күткендей. Ханның неге осынша тыпыршып тұрғаны жанындағы серіктеріне де аян. Хан Бұқар жыраудың келуін күткен еді...

Бұл күнде көрілігі жеткен Бұқар жырау бұрынды-соңды қазақ көрмеген қызық адам еді. Өткір тілі, алғыр ойы үшін, оның нығына талай рет мауыты шапандар жабылған. Бірақ жырау оларды жанындағы серіктеріне тартып, өзі көнетоз шидем шекпенімен қалатын. Ал қыс болса киері — түйе жүн қалың күпі, тозығы жетіп қалған қарсақ тымақ. Кейде жорыққа мінетін аты да болмай қалады. Сөйтсе де, Бұқар жырау келіп түскен ауыл қызық-думанға бататын. Үлкені мен кішісі тік тұрып күтетін.

Осы кәрі бүркіттей тұғырда отырып қалған қарт жырау хан кемшілігін жұрт көзінше батыра айтқанменен, Абылайдың негізгі істерін қолдайтын, оны жұртқа жеткізетін жаршысы болатын! Бірақ, соңғы жылдары әйгілі жырау Абылайдың қатыгездік, жан шошытарлық көп істерінен көңілі қалып, хан қиянатын ашық айта бастаған. Бұрынғыдай емес, хан ордасында да сирек көрінуге айналған. Жыраудың бұл қылықтары Абылайдың көңілін бөле беруші еді. Жырау кедей болғанменен, сол кедей қалың бұқараға жұмсайтын құралы екенін хан жақсы түсінетін. Ал хан қанша айбарлы, қаһарлы болғанмен сол кедейлерсіз. «нимпрамсыз» ойлаған ісінің бірде-бірін орындай алмайтынын тағы білетін.

Бір кезде осы білгір жырау Абылайды Россиямен қол ұстаспақшысың деп айыптаған. Соңынан, бұл одақтасу — қазақ даласын шүршіттен аман алып қалуға керек екені-

не көзі жетіп, Абылайға бұрынғысынан да жақындай түскен. Енді оны бүкіл қазақ елінің басын қоса алар бірдеңе-бір ханы санаған. Бірақ, ойлаған мақсатына жету үшін қандай қатықездікке де болса дайын ханның кейбір қылығы кейінгі кезде Бұқарды шошытып, Абылайдан іргесін аулақ сала бастап еді. Кеше ғана Абылай бұрынғыларынан да сорақы, жан шошырлық қылмыс істеді. Ханға бағынғысы келмеген Қоңыраттың бес басты адамын ат құйрығына байлатып, айуандықпен өлтірді. Бұл қылмысты хан ауылдан аулақ жерде жасырын істеткенмен, жырау біліп қалған. Ашулы жырауды әлі де болса өз ордасына ұстамақ боп, Абылай оның алдына өз жылқысынан айдатып әкеп атақты боз айғырдың үйірін сыйға тартқан. Мүмкін, сол сыйлығы теріс кетпеген болар, мінеки, үіне үш жүздің баласы тегіс құлақ салған Бұқар жырау қасында бір топ адамы бар, хан ордасына қарай келе жатты...

Бірақ қырағы көз Абылай, Бұқар жыраудың астында өзінің бәз-баяғы топай торысы екенін анадайдан-ақ көрді. Бұл хан тартуына илікпеудің белгісі еді. Әдетте жырау ауылдың ту сыртынан домбырасын тартып, ел көңілін көтеретін көп толғауының бірін айта келуші еді. Бұ жолы оның бірі де жоқ. Таяу кеп, даяшы жігіттердің көмегімен аттан түсті де жақындап келіп, ханға басып иді.

— Арсың ба, Абылай хан!

— Барсың ба, жырауым. Жолыңыз оң болсын!

— Бүкіл дала жылаған жұрттың көз жасыменен саз балшыққа айналыпты... Ат тұяғын әзер алып келді, алдияр!

— Ханға қарсы шыққан бүлікшілер өз жазасын алуға тиіс.

— Бүйте берсең, көп кешікпей, саған бүкіл қазақ даласы қарсы болып көрінер, хан ием...

— Менің орнымда өзің болсаң не істер едің, әулием?!

— Ата мекен жерінен су шығып па бұ жұрттың? Ең болмаса соны сұрамайсың ба, алдияр?.. Тек қан төгумен шетінеген хандықты желімдей алмайсың, Абылай.

— Астындағы атың жүрдек болса, қамшылаудың қажеті болмас еді... Тоз-тозы шыққан тобырдың басын қоса алмай-ақ өтетін шығармыз бұл өмірден!

— Ханда қырық кісінің ақылы болмаушы ма еді?

— Бұл жұрт әезілдің тіліне еріп, жат елге көшпек-

ші... Аруанадай азынап, апшымды қуыра бергенше, ақылың болса айтсаңшы, жырауым.

Он екі қанат ақ ордада кешке таман хан кеңесі бас-талды. Бұл шаққа дейін жағдай әбден анықталған-ды. Жан-жаққа жіберілген барлаушылар тегіс оралған. Қоқан ханы Қытай боғдыханына елші жіберіп, әскерінің негізгі бөлегін қазақ даласына қарай аттандырғаны белгілі болды. Әрине, мұны Қоқанның жас ханы шүршіттердің ақылыңсыз істемегені де мәлім еді.

Қоқан әскері қазақ жасақтарынан анақұрлым көп. Бірақ сапа жағынан Абылайдың атты сарбаздарынан көш төмен. Оның үстіне бұлардың ішінде өз бауырларына қарсы соғысқысы келмейтін қазақ жауынгерлері де бар еді.

Хан кеңесі Бөкей, Сағыр, Жабай басқарған Ұлы жүздің қолдары Қоқан әскерін Бадам мен Арыс өзендерінің бойында қарсы алсын деп шешті. Алғашқы айқастан кейін әскер кейін шегініп, Қоқан қолын өзімен бірге қазақ даласына қарай ерте беруге тиісті. Бұл кезде Елшібек сарбаздарымен толықтырылған Абылайдың өз гвардиясы Сауранды орағыта Ташкентке барып тимек. Қысқасы, Қоқан ханы қазақ жерін аламын деп жүргенде, қазақ әскері оның өз үйінде бүлік шығармақ. Ал Ташкентті қорғап, Абылай мен Елшібекке қарсы тұра алар сол тұстағы Шаңышқылы мен Қаңғылы руларын қазақ жағына шығару үшін, бір топ ақсақалмен Бұқар жырау аттансын делінді.

Абылай сауытын киюге ордаға кірді.

Қыз әлі кетпеген екен. Абылай оның жүзін қара көлеңке үй ішінде жөндеп көрмеген-ді. Енді сұқтанып қалды. Қыздың сұлулығы соншалық, оны қиып тастап кетудің өзі де қиын еді. Қыздың аты хан аузына өзенен-өзі түсті.

— Сұршақыз,— деді Абылай,— айттырып қойған жерің бар ма еді?

Қыз ұзын кірпіктерін жоғары көтеріп, сопақтау келген үлкен көздерімен ханға жаудырап қарады.

— Үш жүздің ханына оның қандай бөгеті бар?

Қыз сөзі Абылайға тағы ұнады.

— Жарайды, Сұршақыз,— деді ол,— жорықтан аман есен қайтсам, әкеңе қырық жетімді матап беріп, өзім құда түсем.

Қыздың сұрша беті ду етіп қызарып кетті, көзінде бір ғажайып қуаныш сәулесі жарқ етті. Қыз қазір жасы ке-

ліп қалған Абылайға өз әмірімді бір жүргізсем-ау деген тәтті қиялдың құшағында тұр еді.

— Рахмет, күңіңіз болып өтуге бармын.

Абылайдың бойын бір орасан қуаныш билеп кетті. Осы жасқа келгенше талай ұзын етектіні жолықтырды. Бірақ оған біреуі де мұндай ұнап көрмеген-ді. Жігіт болып ат жалын тартып мінгелі, басынан өткізгені кілең жорық, ұрыс, талас. Алған әйелдерінің бәрімен де тек төсек үстінде танысты. Сұршақызбен де солай кездесті. Бірақ ол қартайғанда кез болған ең қымбатты қазынасы тәрізденді. Дәл осы сәтте «таңдаған қызымды ғана қатын етермін» деген жас кезінде берген серті есіне түсті. Абылай болмашы езу тартты. «Пешененің жазылса аспан-дағы аққу да аяғыңның астына түседі екен».

— Жоқ,— деді ол,— сен менің күнім болмайсың, ең сүйкімді тоқалым боласың...

Сұршақыздың көзі тағы жарқ ете қалды. Жоқ, ол қазір түндегі Абылайдан зоресі ұшып қорыққан жас өспірім қызға ұқсамайды. Бұл енді айбарлы ханның сүйікті әйелі! Қиянат көрсеткен әлемнен өшін алуға бар, хан махаббатын өз тілегіне пайдалана алар жас тоқал!

Абылай сыртқа беттегенде, Сұршақыз бірге ере шықты. Қаптаған жұрттан ұялған жоқ, Абылайдың алдынан көлденең тарта берген тұлпарына ханды қолтығынан көтеріп өзі мінгізді.

Абылай еңкейіп Сұршақыздың маңдайынан сүйді де, артына бұрылмастан, күтіп тұрған қолға қарай шаба жөнелді.

— Қош бол, арысым,— деді күбірлеп,— сау барып, аман қайта гөр, қатерлі сапардан...

Сұршақыз кетіп бара жатқан қолдың соңынан көзін алмай ұзақ тұрды. «Ордадағы киімдеріңді алып кет» деп айтқысы келген Абылай нөкерлерінің бірі өктемдей басып қыздың жанына келді.

— Бикеш,— деді ол кекете,— бүгін хан төсегінде ұйқыңыз әбден қанған шығар. Енді үйіңізге қайта берсеңіз де болады.

— Кім ақұрық бастығы?

— Ақұрық бастығы Жамантай... Ал сізге бастық болуға мен де жараймын-ау деймін...

— Шақыр Жамантайды!

Жігіт бірдеме айтпақшы болып келе жатты да кілт тоқтады. Ханның бір түндік «жас иіс» қызметіне ғана

жарап, сағы сынған қыздардың пішіндеріндей емес, Сұршақыздың тәкаппарлана қалған келбетінен ол қыз басына «бақ құсының» қонғанын аңғарып, шошып кетті. «Осының өзі Абылайға ұнап қалғанның қай жағында,— деді ол ішінен,— көзі жәбір көрген жан сияқты емес, бір мол қуанышқа кенелгендей жалын атып тұр екен, кәрі неме, қатыны етіп алмаса нетсін».

— Жамантайды шақыр дедім ғой, мен саған!

Қыздың үні бұрынғысынан да ызбарлы шықты.

— Құп!

Нөкер Жамантайды тез-ақ алып келді. Сірә ол жол-ай өзінің ойын ақұрық бастығына жеткізген болу керек, балуан денелі Жамантай жуаси келді.

— Не айтасыз, бикеш?

— Айтарым екі сөз. Бірі — мына бейпіл ауыз жігітке, денесінің ең майлы жерінен қырық қамшы дүре соғыңыз. Аңқау мінезді Жамантай шошып кетті.

— Ойбай-ау, онда ол атқа отыра алмай қалады ғой.

Қыз жымия езу тартты.

— Онда шалбарын шешіп, қалакаймен ондап тұрып он рет ұрыңыз! Екінші бұйрығым: отағасым жауын жеңіп жорықтан қайтқанда алдынан шығуға, жүген-құйысқаны, ер-тоқымы ақ күмістен қақталған ақбоз жорға дайындаңыз!

Бұл сөздерді айтып тұрған Сұршақыз ханның ең сүйікті қосағы екенін түсінген Жамантай:

— Құп, айтқаныңыз орындалады, ханша...— деп басын иді.

... Үш күннен кейін Ұлы жүз әскерлерінің қоқандықтармен ұрысы Түркістан шаһарының күншығыс жағында басталды. Қоқан әміршісі Әлім хан жұртты өзі ерте білгенменен, соғыс тәсіліне қанықпаған, әскери тәжірибесі аз жігіт еді. Божбан ауылдарына жіберген тыңшылары арқылы Абылай ордасында болған оқиғаның бәрін білген. Өзіне қандай қолдың қарсы шығатынын да естіген. Тек білмегені — Абылай мен Елшібек батырлардың төрт мың қолмен бір бүйірінен Ташкент шаһарына қарай өтіп кеткені ғана еді. Артында жау бар деп ойламаған Әлім хан мен кәрі тарлан Ерден батыр бар әскерін Түркістан тұсына төккен. Алпыс сана қолға не болған жас хан Ұлы жүз әскерінің бетін қайтарысымен, соңынан қуып берді. Бөкей, Сағыр, Жабай басқарған жасақтар, көшпелі елдің ежелгі тәсілін қолданып, ұстатпай, құр шегінген

де отырған. Тәжірибелі Ерден батырдың «бос қуа берудің қажеті болмас» дегеніне қарамай, жауынгерлерінің көптігіне сенген Әлім қазақ жігіттерінің соңынан қалмаған. Сөйтіп олар өздерінің артқы шебінен тіпті алыстан кеткен.

Бұл кезде Абылай мен Елшібек басқарған төрт мың қол Ташкентке кеп тиді. Ташкент қорғаншылары қарсы тұра алмады. Бұлардың көбі хан әмірімен күн көріс шаруасынан амалсыз қол үзген қала жатағы, жалғыз атты дихан, не болмаса әлі сойыл сілтеуді жөндеп үйренбеген, тек батырлардың кеу-кеуімен «шапқыншыларды қырып салмақ» болған бала жігіттер еді. Бұлар қазақ атты әскерінің тегеурініне шыдай алмай, шаһар кілтін Абылайға әкеп тапсырды.

Ал Түркістанды ала қоямыз деп лепіріп келген қоқандықтардың негізгі күші кенет шегінуін тоқтатып, табап тіресіп тұрып алған қазақ әскеріне төтеп бере алмады. Жан-жақтарынан жапа-тармағай сан рет ат қойса да, сай-салаға бекініп алған Дулат, Жалайыр, Үйсін жігіттері жауды маңына жуытпады. Қардай бораған садақ жебесі мен пілтелі мылтықтың оғына шыдай алмай, қоқандықтар жел үрлеген шөптей, кейін қарай сан рет жапырылды. Кейде тіпті қазақтың салт атты жауынгерлері өздеріне қарсы дүрсе қоя беріп, көп жігіттерін найзамен түйреп жер құштырды. Ұрыс осылай үшінші күнге созылды. Өздерінің көптігіне сенген қоқандықтар, енді ақырғы айқасқа дайындалған. Дәл сол сәтте «Ташкентті Абылай хан басып алыпты!»— деген хабар дүңк етті. Бұған қоса «Бұқар жырау барып азғырып, Ташкент маңындағы Қаңлы ауылдары тағы қазақ жағына шығып кетіпті. Абылайға көмекке Арқадан көп әскер келе жатыр-мыс» деген суық сөз тарады.

Әлім хан мен Ерден батыр Ташкентті Абылайдың алғанына көздері жеткеннен кейін, енді өздері қоршауда қалмас үшін, кейін шегінуге мәжбүр болды. Бұларға одан басқа жол қалмады. Жау күші желке жағынан шыққанын естіген Қоқан әскерлері енді жан сауғалап, сай-сайдың арасымен елдеріне тым-тырақай қаша бастады. Әлім мен Ерден Абылайға елші жіберіп бітімге келуін сұрады. Абылай жұртты енді бүліктіре берудің керек еместігін еске алып, тез-ақ бітімге келді. Бұл бітім сол бұрынғы бітімді күшінде қалдырды. Тек қоқандықтар осы жолғы соғыс шығындарын толық төлейтін боп келі-

сілді. Және қарамағындағы қазақ руларынан алым-салық алмайтын боп уәделесті.

Осылай өздеріне тиімді бітімге қол жеткізіп қазақ жауынгерлері Қаратауға қайтты.

Шат-шадыман қалың қол. Борт-борт желген кілең сөйгүлік қазақы жылқы. Абылайдың ақ туын көтерген қалың қолдың алдында бір топ жас жігіттер.

Бұлардың мінгендері жал-құйрығы төгілген қамыс құлақ, бөкен сан жүйрік, не болмаса құлан қандас бота тірсек сүлектен жаратылған будан. Олардан кейін Бұқар жырау, Елшібек, Сағыр, Бөкей, Жабай батырлар қоршаған хан Абылай. Астында омырауы салақұлаш, жотасы тақтайдай құйма тұяқ қаракөк; қатты аяң, майда желіспен әлде нені әңгіме етіп, қарқ-қарқ күліседі. Бәрінің де жүзінде шаттық, қоржындары тоқ. Тек бір-ақ адамның қас-қабағы жабыңқы. Әлсін-әлсін ұзын мұртының ұшын тістеп, әлдекімге азуын басып келе жатқандай алға қарай сабырсыздана ентелей жортады. Анда-санда Абылайды ту сыртынан оқты көзімен ата қарайды. Бұл — морт мінезді, ханға деген ашуы әлі тарқамаған Қоңыраттың батыры Қаныбек еді. Қос батырдың біреуі жау қолынан жарақаттанып елге ерте қайтқан. Қоңырат жігіттерінің алдында Қаныбек жалғыз өзі. Соңындағы жігіттер бір-біріне сыбырлап қана сөйлеседі. Қатты сөйлеуге Қаныбектен қорқады.

Тұтқыннан босанғаннан кейін көкейлерінде тек ел намысы қайнаған ағайынды қос батыр дереу Қоңыраттың ержүрек жігіттерін жинап, Сағыр қолына кеп қосылған. Ал босануларына қарындасы Құндыздың себеп болғанын, оның Абылайдың төсегінде түнеп шыққанын білмейтін. Қос батырдың морт мінездерін білетін ауыл адамдары оларға Құндыз жайын айтуға қорыққан.

Әлім ханмен кездескен ұрыста екеуі де ғажайып ерлік көрсетті. Бірі жараланып кейін қайтқан да, екіншісі — кіші батыры Қаныбек, ағасы Жаныбектің орнын жоқтатпауға тырысқан. Ерлігіне ерлік қосып, қан майданда жан аямай ұрысқан. Осындай қанқызу бір шайқаста, Қоңыраттың батыр жігіттері қашып бара жатқан қокандықтарды, соңына түсіп шоқпарымен көк желкеден дәлдей ұрып кезек түсіріп келе жатқан. Аты екпіндей жеткен Қаныбек біреуін енді ұрам деп шоқпарын ыңғайлай бергенде әлгі атынан қарғып түсіп, тұра қалған.

— Әй, сауға! Жан сауға!— деген анау бұған отты көзін қадай.

Бұл — Ерденнің інісі Ералы еді.

Ералының жамап атымен бұрыннан да таныс Қаныбек енді орасан долдана түсті.

— Көрсетейін мен саған жан сауғаны!— деді ол шоқпарын ыңғайлай түсіп.— Айта бер иманыңды, кара жүз!

Жау қолында өзінің жалғыз қалғанын көрген Ералы Қаныбектің аямайтынын бірден түсініп, енді жалынбай өлуге бел буды.

— Сатылған!— деді ол тімінің бар уың Қаныбекке жұмсап.— Жалғыз қарындасың Құндыздың абройын сатып, Абылайдан жаның әрең қалып еді, мен сенен өткен кара жүз емеспін, мә, өлтіре бер!

Қаныбек шоқпарды қос қолдай сілтеді. Ералының басы быт-шыт боп, миы шашырап, денесі күрс етіп жерге құлап түсті. Қаныбек артына бұрылып қараған жоқ, Ералының жаңағы сөздері құлағынан кетпей, біреу жүрегіне қапжар сұғып алғандай, боп-боз боп дірілдеп, өз жігіттерінің жанына әзер жеткен.

Сол күні өзінің бір сенімді ауыл ақсақалдарынан «ел жақсылары» Құндызды Абылай төсегіне апарып салғанын, Құндыздың оған қарсы болмағанын, ертеңіне Абылайдың бұларды босатындар деп бұйрық бергенін білді. Енді оның жүрегіне намыс, ашу, қорлану бәрі жиналып, жыландай қадалды. Жұрт бегіне қарай алмай, сол күні түнде жігіттерінен бөлініп жеке қонып шықты. Сол күннен бастап ешкіммен де сөйлеспей, ашуға булығымен болды. Намыстанып, жаны күйінген Қаныбек бір мезег Абылайды жарып өлтірмекші болды. Бірақ онда мына жұрт жүндей түтіп, хан төсегіне барған ұятсыз Құндыздан кегімді ала алмай қалармын деп қорықты. Абылайды өлтіруді ол енді соңына қалдырды.

Күн бата қалың қол Қазықұрттың етегіне таяды. Жігіттері жауды жеңіп келе жатқанына қуанышты Қаратаудағы қалың елдің ақсақалдары мен қыз-бозбаласы алдынан шықты. Екі жақ таяй бергенде, Қаныбек ауыл жастарының алдындағы ақбоз ат мінген қарындасы Құндызды көрді. Ералының айтқан сөздері құлағының түбінен ап-анық естіліп, жүрегі тағы да удай ашып кетті.

— Абройын сатып маскара болған азғын қарындасыма да өлім! Момын елді қан қақсатқан, хан Абылай, саған да өлім!— деді Қаныбек іштей, қанды үкім айтып.

Көп ішінен тұрып атсам жазықсыз біреуге оғым тиіп кетер деп, ол жасақ шетінен бір бүйірлеп оңаша шыға берді. Бұған ешкім бәлендей көңіл де бөлген жоқ. Желе жортып келе жатқан екі топ біріне-бірі таяу кеп тоқтады. Ауыл тобынан акбоз ат мінген Сұршақыз ғана алға қарай қозғалды. Сірә, жеңіс иесі Абылайды құттықтамақ болуы керек. Бірақ ол аузын ашып та үлгірмеді, ысылдай кеп қадалған сауыт бұзар оқ оны ат үстінен жерге ұшырып түсірді.

— Ал енді екінші жебем, Абылай хан, саған!— деді әскердің бір бүйірінде оңаша тұрған Қаныбек қорамсақтан екінші сауыт бұзар оғын алып!— Содан кейін, ак семсер, сен малынарың өзіннің ыстық қапыма!

Қаныбек садағын оқшау тұрған Абылайға кезей берді. Бірақ тартып қалуға үлгірмеді. Өзінің сол жақ қолтық тұсынан кеп қадалған сүйір ұшты қайың оқтан теңселіп барып, ат жалын құша құлай берді.

Сұршақыздың оққа ұшқанын аңғарып қалған Абылай, жалт бұрылғанда, қыз ағасы Қаныбектің де жерге құлағанын көрді. Атынан түсіп қыздың қасына барды. Бір тізерлеп отырып қыздың әлі нұры сөніп бітпеген қарақат көздерін жапты.

— Кім атты Сұршақызды?— деді айналасына қарап.

— Ағасы Қаныбек батыр,— деді күзет бастығы.

— Неге атты?

— Білмедім.

Хан құлап жатқан Қаныбекке карады.

— Ананы кім атты?

Бұл кезде жасы мосқалданып қалған Қапан мерген алға шықты.

— Мен.

— Неге аттың?

— Егер мен оны атпағанда, ол сізді ататын еді. Садақ жебесін сізге қарай меңзеді.

Абылай бұл оқиғаның мәнісін енді түсіне бастағандай болды. Жүрегі алай-түлей боп өртеніп, Сұршақыздан айрылып қалғанына қатты өкініп тұрса да, тіс жарып сыр бермеді. Тек әлден уақытта барып:

— Жер ортасына келгенде, бір қуанышқа жеттім бе деп едім, құдай оны да қимадың ғой,— деді күбірлеп.

Жұрт айбарлы Абылайдың сақал-шашы бозарып, мүлдем қартайып қалғанын жаңа байқады. Кенет оның үлкен қанды көздері тағы жарқ ете қалды.

— Жігіттер, скеуін бірдей ардақтай, бір молға қойыңдар!— деді жігерлі үнмен.— Тағдыр осылай шешкен тәрізді...

Ағалы-қарындасты екі жас бір зиратқа жерленді... Осы уақытқа дейін Түркістанның күншығыс жағында «Құндыз төбе» деген төмпешік бар. Бұл төмпешік осы екі жастың моласы еді.

...Ұлы жүздің басты рулары қатынасқан, жеңіске арналған атаулы той болды. Осыдан екі жеті бұрын ат құйрығына байланған бес жігіттің туысы, кеше ғана қаза болған Қаныбек пен Құндыздың туған ағасы Қоңырат руының батыры Жаныбекке, араларында ештеңе болмағандай, Абылай қымыз құйылған күміс кесені өз қолымен ұсынды.

Сонан соң тоқсанға келсе де әлі тұғырдан таймаған Бұқар жырауға қарады.

— Адам дегеннің қандай екенін ұқтың ба, жырау... Қан мен жасқа бөлесең ғана, олар сені жақсы көре бастайды!..

— Көп кешікпей, тағы да жаман түс көреді екенсің, хан Абылай!

Хан мен ақынның арасында бұл әңгіме ұзақ жылдан бері келе жатқан таластары еді...

... Хан ордасы орнаған теріскейдегі Көкшетауға қарай қалың қол алдында хан мен жыршысы келе жатыр. Көптен бері бұл екеуінің бір сапта қатар жолға шыққаны. Жасы ұлғайған сайын Абылайдың мінезі қатулана түскен. Ханның мінезі катуланған сайын Бұқар жырау одан алыстай бастаған. Бір кезде ақылшым деп көкке көтерген Бұқар жыраудың сөзіне, соңғы жылдары, хан құлақ қоймайтын болған. Сөз қаснетін жоғары бағалайтын Бұқар жыраудың мінезі, кейде ханның қитығына тиіп, кейітіп те тастайтын. Жырауды әдейі ашуландырысы келгендей оның көзінше Абылай бұрынғыдан ары ширығып қатая түсетін.

— Иә, адам деген осындай,— деді Абылай, жаңа ғана үзіліп қалған ойын қайта жалғап.— Бір сомын тартып алып, он тиынын қайтарып берсең жұрт сені әділетті билеуші санайды!

Бұқар жырау ханға көз қиығын аударды да қойды.

— Қартайайын деген екенсің, Абылай.

— Сенен кәрі емеспін ғой.

— Мен ондай кәрілікті айтпаймын, алдияр... Адам

деген ақ пейіл, сенімпаз келеді... Оның бұл қасиетін күлкі етуге болмайды.

— Бұл сөзіңе қарағанда, мен емес, өзің қартайып қапсың...

— Жоқ, мен бұрыпғымнан ақылды бола бастадым...

— Мен де, жырауым!

Бұқар жырау бұрылып артына қарады. Біраз жұрт ауылдарының тұсына келгенде бөлініп кетіп, сондарында азғантай ғана жігіттер қалыпты.

— Біздің сөзімізді ешкім естімейді, Абылай... Оңашада сұрамақшы едім, айтшы... Божбандарды неге ат құйрығына байлауға бұйырдың? Оларды саған қарсы қоймақ болған өзіңе жақын адамдар еді ғой. Және Божбандар Қокан хандығына дәл бүгін көше қоямыз деген-ді... Ел арасы елегізі бастағаны рас. Жел сөзге еріп қопарыла көтерілуі де мүмкін еді. Ал сен... ақылшы жіберіп тоқтау айтудың орнына, қамыс арасына жігіттерінді тығып қойып, Әлім ханға тілдесуге бара жатқан адамдарын ұстап алдың. Сосын Божбан атаулының бәрі осындай деп, пықпырт тигендей еттің. Неге бұйттің?

— Бұның бәрін сен қайдан білесің, жырауым?

— Білмей... Елу жылдан бері мен сенің мінез-құлқыңа, айла-тәсіліңе қанықпын ғой, алдияр.

— Қанық болсаң... Жаңа өзің айттың ғой, ел арасы елегізі бастады деп... Бүгін елегізісе, ертең ереуілге шығады. Өзгеге үлгі болсын деп жазаладым.

— Жоқ, бұл үлгі емес, күйік... Күйіктен ел қартаяды, еңсесі түседі...

Екеуі біраз уақыт үндемей қалды. Абылайдың тұнын келе жатқан көздерінде кенет бір ұшқын пайда болды. Даусы да жас жігіттің даусындай мығым шықты.

— Қу қатын-патша бекітпегенмен, айтшы, жырау, осы жұрт мені Үш жүздің ханы деп санай ма?

— Иә, сені «Үлкен Орда» ханы санайды!— деді жырау ханның бұл сұрақты неге бергеніне түсінбей.

— Онда мынаны түсінші... Мен ат жалын тартып мінгелі, ажалдан қорқып көрген жоқпын. Досымды да, қасымды да аяуды білген емеспін. Біреуін ат құйрығына байлап өлтіріп, біреуіне оқалы шапан жауып, мадақтай көтеріп, өзіме серік еттім. Соның бәрін тек хан болу үшін істедім бе? Иә, солай-ақ делік... Ал сонда сол дәрежеге мен неге соншама құмарттым?

Бұқар жырау атының басын бұрып алды.

— Иә, бәсе неге?

— Өзгеге үстемдігіңді жүргізіп, мерейің жоғары болу үшін дейтін шығарсың. Жок, олай емес. Оған жай хан болсаң да жетеді.

Абылай кенет тұнжырай қалды.

— Жарайды, бұның жайын басқа күні, сыр пернесін тағы бір кайғы шерткен күні айтармын. Ал қазір...

— Иә, қазір?

Абылай езу тартты.

— Баяғыдан бері менің сойылымды соғып, қартайғаныңда өз ісіңнен өзің қорқып қалдың ба, жырауым?.. Өткен іске өзіңді өзің қинамай-ақ қой. Одаң да менің мына сұрауыма жауап берші... Бастары қосылмай кеп, «Ақтабан шұбырындыда» кеуегінен қашқан қояндай сасып, жартысына жуығын жоғалтқан бұл елге қандай адамның хан болуы керек еді. Былбырап аққан ыстық қан иісінен жүрегі айнымайтын, қатал басшысы болмаса, сұрқия заманда жап-жағынап қаптаған жауы даласын аткөпір етіп, өздерін әр жотаның етегіне төбе-төбе қып үйіп кетпесіне кім кепіл еді? Сонда қазақтан не қалар еді? Осы сұрағыма жауап бер, әулие жырау..

Бұқар жыраудың да көңлі орныққандай. Ол тіпті Абылай жаққа мойнын да бұрмады. Айдалаға сөйлегендей мылқау үнмен:

— Иә, өзің айтқандай, керек кезінде қатал болмағаныңда, мен сенімен бүйтіп қатар келе жатпас едім,— деді.— Рас, өмір-бақи сенің ісіңді көтермелеп келдім. Ол шежіре ғой. Ал әңгіме қазір шежіреде емес, басқада. Оны өзің де жақсы білесін.

— Токтама, жырау, айта бер!

— Жоңғар, Қытаймен соғысып, Қоқан хандарының бетін қайтарғанша, сен жұртты бірімен бірін өшіктіріп, не орынсыз өлімге бұйырып көрген жоқсың... Ботақанды тірідей көрге көмгеніңді де ұмытпаған шығарсың, Абылай. Жұрт ол қылмысыңды да кешірді ғой. Иә, сен ол кезде бар болғаны сұлтан едің, бес мың адамның саған күші жететін еді. Әлде алдарынан көтерілген қазаның мен сабадағы қымызың сені құтқарды деп ойлайсың ба? Жок, Абылай. Жұрт қоптайшыға қарсы шығатынының түсінді. Сол заманның шындығы сенің жағыңда екенін ұқты. Су тасығанда сен ұрған балықтай есеңгіреп қалған ел, өзінің көсемін іздеді. Бәрінің басын қосатын ер-азаматын іздеді.

Сол ер-азамат, тар жол, тайғақ кешуде жұртын аман алып шығатын ер сен ғана боп көріндің ол күндерде.

— Ал содан кейін не болды?..

— Содан кейін... Батыр Баян қаза тапты.

— Иә, айта бер... не демексің, жырау?

— Туган інісі Ноянды өлтіргені үшін, бұл жалғаннан кеткісі келген жоқ.— Бұқар жырау алыстағы көкжиекке қарай сөйледі.— Батыр Баян саған қатты сенген-ді. Ал сен болсаң Қашқар мен Құлжадағы қазақ пен ұйғырдың ереуіліне көңіл бөлмей, Алтынемелді тастап кейін шегіндің. Батыр Баян бұны опасыздық деп санады. Өмір сүрудің оған енді еш маңызы жоқтай көрінді. Көрер көзге өлім іздей бастады. Бұндай жағдайда ешкім ешнәрсені білмейді деп ойлау әміршілердің әдеті ғой.

— Қытайға қарсы соғысар бізде күш болмағанын білмейтін бе едің, жырау?

— Әйткенмен, ереуілге шыққан елдің біразын сақтап қалатын едік. Бізден қауып ойламаған Чжао Хой мен Фу Де бүкіл шығыс Түркістанды қанжоса етті...

Абылай мысқылдай езу тартты.

— Менің шегінгенімді жұртқа өзің дәріптеп едің ғой!

— Бұл қу заманда менің еріксіз дәріптегендерім аз дейсің бе...

— Тағы нең бар, айтып қал, жырау?

— Ал сен Алтынемелден тек хан болу үшін шегіндің. Содан кейін-ақ сенің жолың соңыңнан ерген елдің болашағымен, екі айырылды, ханым!

— «Болашақ?»— Абылай басын шайқады.— «Болашақ» деген не?.. «Ел» деген не? Мұндай сөзді менің арғы бабам, жер шарының тең жартысын жаулап алған ұлы Шыңғысхан білген емес!

— Ал өзің ше?

— Білмесем... Арманы мен өксігі мол елу жылымды ат үстінде өткізбес ем.

— Шыңғысхан да бар өмірін жорықта өткізген. Бірақ ол бабанның жаулап алған жарты әлемі қайда, Абылай? Бізге қалдырған мұрасы — тек жанталаса алысу ғана емес пе... «Болашақ» дегеннің не екеніне енді түсіндің бе? Ал ел ше?.. «Ел» деген ешуақытта да, ешнәрсені ұмытпайды. Оны «алдадым» деп тек хандар ғана ойлайды, Абылай...

— Мен еш уақытта халықты алдаған емеспін.

— Соңғы жылдары сен халықты жиі алдай баста-

дың, Абылай. Сенің жасағың бұрынғыдай өз жерін ғана қорғап отырған жоқ, бөтен елдердің жерін тартып алу әрекетіне де кірісіп жүр. Біресе қарақалпаққа, біресе қырғызға, өзбек қалаларына жорыққа шығасың. Дегеніңе көңісі келмеген қазақ руларын да шабасың...

— Осының бәрін сол қазақ елі үшін істеп жүрген жоқпын ба?

— Жоқ, халыққа одан келер пайда шамалы. Басқаны қойып, Жайыл қырғынын ғана есіңе салшы.

Сол қырғында қырылған қырғыз жігіттері көз алдарына елестеп, екеуі де бір мезет үндей алмай қалды. Қырғыз манаптарының қазақ ауылдарын оқтын-оқтын шауып, малын барымталап маза бермегенін сылтау етіп, Абылай қатың қолмен кеп, Туро өзенінің бойын жайлаған қырғыздың Солты деген руының көп аулын шапқан. Күтпеген жерден жауға төтеп бере алмай қырғыз ауылдары Шу бойына қарай босқан. Шу қойнауындағы Қызылсу мен Шамсін өзендерінің түйіскен сағасында үлкен ұрыс болған. Осы қан төгісте қолға түскен қырғыз ауылдарын Абылай Сарыарқаға айдап әкеп, Есіл мен Нұра бойына орналастырған. Осы күнгі қазақ жеріндегі «Бай қырғыз» бен «Жаңа қырғыз» рулары солардан қалған-ды.

— Содан кейін қырғыз барымташылары қазақ ауылдарына беттеуді қойды ғой,— деді Абылай,— сол жолы Шату асуынан өтіп, қырғыз ауылдарын шапсам, оным — қырғызбен көршілес қазақ елінің тыныштығын ойлағаным емес пе?

— Қарғыс атсын ол күнді!— деді Бұқар жырау екі қолын жоғары көтеріп,— Қайта оралмасын, өшсін қарасы сол қалпымен!

— Неге?

— Жайыл ойпатында достық емес, қастық туды!

— Біз біресе жоңғарлармен, біресе шүршіттермен қырлысып жатқанда, қазақ ауылдарын әлсін-әлсін шауып маза бермеген сол манаптар емес пе еді?

— Иә, қырғыздың манабы мен қазақтың ханына атақ, мал-мүлік, төлеңгіт, құл керек болды. Бірақ одан кім зиян көрді? Қылшылдаған алдаспан жазығы жоқ қара бұқараның басын қара жерге домалатты. Бұны да сендер сол жазығы жоқ жігіттердің қолымен істедіңдер! Сол себептен де бауырлас екі елдің арасына қастықтың уып қандарыңа сіңіруге тырыстыңдар. Құдай, бұндай

қырғынды өзге халықтардың басына берé көрмесін! Өшпенділік уы енді ұрпақтан ұрпаққа кетсін дедіндер, күштілер. Сөйтіп қастық өрши беруін тілейсіндер. Бізге ең жақын қырғыз халқы еді. Сол халыққа өнеге болар артыңа не қалдырып барасың? Қалдырғаның — Жайыл қырғыны ма?

— Ол қырғын да ұмытылмас дейсің бе, жырау?

— Ұмытылады, неге ұмытылмасын, ол үшін...

— Сөйле, жырау!

— Ол үшін жер бетінде хандар мен манаптар болмауы керек.

Абылай езу тартты.

— Ел еркесі жыраулардың тек болғанды ғана емес, болмайтын жайды да айтуға қақысы бар. Сөйле! Маған тағы қандай айып тағасын!

— Бес батырын ат құйрығына байлап өлтіргенінді Қоңырат жігіттері кешеді деп ойлайсың ба?

— Мен өлмей тұрып, ешкім оған құн сұрай қоймас!

— Сен де мәңгі-бақи тірі тұра алмайсың, Абылай. Кесілген теректей сен де бір күні құлайсың. Сонда денен бұзылып бітпей-ақ қанмен желімдеп құрған хандығын ыдырай бастайды. Со кезде бар айыбың, су жыланның басындай шошайып-шошайып шыға келеді. Сенің сүйегің қурап қалса да, заман осылай тұра берсе, Божбанның жетінші ұрпағы бес батырының қалай өлгенін ұмытпайды. «Болашақ» дегенде менің айтарым осы, Абылай. Төгілген қанды қалай жапсаң да бәрібір шүберектің бетіне шығады. Заманымыз дүрбелең болды деп, дөрекі іске жол беру күнә. Қиянатты істеу жеңіл, жою қиын. Ал сол қиянатты өрбітіп жүргендер кімдер? Мына сен, хан Абылай. Кіші жүздің ханы Нұралы. Қокан әмірлері. Қырғыз манаптары. Патша мен боғдыхандар!

— Сонда мені мадақтаған толғауларың жалған болған ғой?

— Ол толғаулардың бәрі сенің ұстаған жолыңа сенгендіктен туған. Бірақ менің сол сенімімді ақтамадың, Абылай!

Екеуі тағы біраз уақыт үндемей қалды. Құн батуға айналғанда, Абылай атының басын тартып, қолдың конатын жерін көрсетті. Бұл бір құрақты қара судың жағасы еді. Жігіттерінің хан шатырын қалай тігіп жатқанын Абылай бір мезет қарап тұрды да, тағы Бұқар жыраудың қасына келді.

— Мен сен айтқан пәлсапаларды емес, басқа жәйттерді ойлаудамын,— деді ол бір түрлі қажыған кейіппен,— қиянат пен әделеттік, зұлымдық пен жақсылық. Бұның бәрі мен бастаған іс емес... Мені ойға қалдырған басқа нәрсе. Хандығың берік емес дедің — бұл сөзің шындық. Бірақ менің хандығымның осалдығы қанменен желімделгенінен емес...

— Сонда неде?

— Орыстың Омбы тәрізді қалаларында талай рет болғанымды өзін де білесің. Сол қалаларға келісімен күзетшілерімнен бөлініп, көшелерін жеке аралайтынмын... Жаң-жағыма қарап, көргенімді ойға сап ұзақ жүретінмін. Орыс қалалары біздің шығыс елінің көшелері қыныр-қисық Бұқара, Хиуа, Самарқант секілді емес... Көшелері түп-түзу, кең, бірі мен бірінің арасы мөлшерленіп бірдей етіп бөлінген.

— Онда не түр?— деді Бұқар жырау.— Самарқанттың көшелері тар, қисық болғанменен Ақсақ Темір зиратының, Биби ханум мешітінің қайда екенін тауып баруға болады ғой...

— Жок, мәселе онда емес, басқада. Шыңғысхан әскері несімен күшті боп еді, есінде бар ма?... Өзінің тәртібімен, іріктеліп құрылған санымен күшті емес пе еді. Әр түменде он мың жауынгер болған. Әр жауынгер өзінің орнын білген. Бүкіл әскер сол қалпымен жүріп отырған. Әр сыпай жанындағы көршісі жайында жауанты еді. Осылай темір тордай боп қатып қалған қалың қол Шыңғысхан тірі кезінде шебін бұзбай шабуыл жасап, бүкіл әлемнің тең жартысын жаулап алған. Ал ұлы хан өлісімен еңалдымен түмендер тәртібі бұзылды, біріне-бірі кесірін тигізе бастады...

— Иә, сосын?

— Шыңғысханның тәртіпті, мызғымас түмендерінен қорыққан, басқа халықтар енді өздерінің өмірін сол Шыңғысханның түмендеріндей қатал тәртіппен құра бастады. Тіпті көшелерінің арасына дейін өлшеп қойғандай. Міне, бұл елдердің күштілігі қайда жатыр! Болашақтары да осында! Барлығы белгіленген, мөлшерленген! Егін еккен, қала салған. Қаласынан да, егінінен де ешкім қашып кете алмайды. Төрт тағандап жерге жабысып қалған. Жердің үстін былай қойып, астына да кіріп барады. Өскеменде көрдім, үстіндегі топырағын аршып, астынан темір мен қорғасын алып жатыр. Сол темірден

зеңбірек пен соқа құяды. Ал біз болсақ малымыздың соңынан құладүзде қаңғып жүрміз. Даламыз үлкен деп мақтанамыз. Бірақ ол да қаңшаға барады дейсің. Көршілеріміз бізді жап-жағымыздан қысып келе жатыр. Егер біз де егін егіп, қала салып, кен қорытып үйренбесек, түбі құрын кетуіміз де ғажап емес.

— Ертегіге айналған сонау көне заманда қазақ жерінде де қала салынып, егін егілген,— деді Бұқар жырау.— Сосын сенің бабаң Шыңғысхан келді, көш соңынан шұбатылған шаңдай біз де соңынан ердік. Сол күннен бастап дүние әлем-тәпірік боп, шатысып кетті ғой...

— Ұлы бабам қиратқан қалаларды, мүмкін, маған қайтадан тұрғызу керек болар?

— Орыс қалаларынан неге көзіңді алмайтыныңды енді түсіндім!— деді Бұқар жырау. Оның көз қарасында әрі таңырқағандық, әрі қобалжығандық бар еді...

Үлкен Орда ханы Абылай, осы кезде Омбы генерал-губернаторы бұнымен келіспей хан аулының жазғы жайылымдарының бірі Зеренді көлі мен Сандықтау маңында жаңа бекіністер салып жатқанын естіді. Және дәл осы кезде «Россия империясының іші бұлқан-талқан боп жатыр екен!»— деген хабар жеткен. «Өлді деген орыс патшасы Үшінші Петр тірі боп шығыпты. Ол қазір Жайық казак-орыстарын бастап Петербургке қарсы шығыпты. Петербургті алып, қайтадан таққа отырмақ екен. Оған башқұрт, мордва секілді бұратана ұлттар да қосылыпты».

Ақ патша басына күн тугалы тұрған осы аласапыран мезгілді хан пайдаланғысы келді. Жаңа ғана ауыл-ауылдарына қайтарылған қазақ жігіттері қайтадан жиналсын деп, жап-жаққа ат шаптырды. Қол жиналысымен Көкшетау, Қызылжар қалаларына аттанбақ болды. Бұл хабарды естіген Орынбор генерал-губернаторы да өз әскерін қазақ даласының шетіне әкеп, тойтарыс беруге дайындалды. Бекіністердің қабырғаларына зеңбіректер қойылды. Бұл зеңбіректердің біразы қазақ жігіттері шабуыл жасайтын далаға қарай қойылса, қалғанын бүгін болмаса ертең Пугачевтің барлаушылары пайда болатын тұсқа орнатты. Ереуілге шыққан Пугачев жасақтары Жайық бойындағы, Орынбордан басқа бекіністерді түгел алған хабарлары естілді. «Жаңа патшаға башқұрт ауылдары да қосылып жатыр екен!» деген «ұзын құлақ» бүкіл қазақ даласын шарлап кетті.

... Иә, орыс патшасына кеткен жерлері мен оның сол жерлерге салған қалаларын алуға бұл бір ыңғайлы кез еді. Бекіністерінде шамалы ғана гарнизондары бар орыс қалаларының көп жылғы соғыста әбден шыныққан Абылайдың атты әскеріне төтеп беруі екі талай болатын. Оның үстіне бұл гарнизондардағы солдаттардың өздері де «қатын патшаға» деген наразылығын жасырмай, ашық айта бастаған. Күн сайын әскер арасынан Пугачев жасақтарына қашушылар да көбейген.

Абылай, жорыққа шығу алдында хан кеңесін шақырмақ болды. Осы кеңесте өзін Үш жүздің атынан қимылдауға рұқсат алуды басты мәселе етіп қояды ойлаған.

Бірақ хан шешімі күрт өзгерді. Оған себеп болған Жайық жағасынан бір төлеңгіттің әкелген хаты еді. Бұл хатта Жайық бойының бір топ батырлары Арқа жігіттерін күреске шақырған. «Орыс бекіністерін талқандап, жасақ боп құралып, Жайық бойындағы жаңа патшаға келіп қосылындар — деген бұл хатта. — Жаңа патша орыс, қазақ, башқұрт, татар, басыбайлы құл, хан төлеңгіті демейді, бәрінді бірдей бостан етеді».

Хан нөкерлері хатты таба алмаған, бірақ төлеңгітті ұстап Абылайға алып келген.

— Кімсің?— деген хан оның бетіне тесіле қарап.

Төлеңгіт ханға басын да иген жоқ. Танау шеміршегі жұлынған, кең маңдайына темірмен күйдіріп басқан «ұ» деген әріп бар. Бұл «Ұры» деген сөздің белгісі. Мұндай таңба тәртіп бұзған, не қашуды ойлаған тұтқындарға патшаның кен шығаратын орындарында салынатын.

— Танымай қалдың ба мені, Абылай хан?!

Абылайға төлеңгіт дауысы таныс секілді көрінді.

— Өздерін өздері батыр деп атаған алаяқтардың хаты қайда?

— Батыр деген ат әкесінің дәулетімен бірге келмейді, жігіт адам қан майданда ерлік көрсетіп өзі алады!— деді төлеңгіт кекете күліп.

Абылай жігітті енді таныды.

Бұл баяғы жалғыз көз Орақтан тараған Қияк пен Тұяқ құлдардың ұрпағы Науан ұстаның жалғыз баласы Керей еді. Ол Бөгенбайдан кейін де талай қанды ұрыстарға қатысқан. Еңіреген ер бола тұрса да, ақырында хандарға еріп, адам баласы бірін-бірі аямай қырған жорықтардан жүрегі шайлыққан. Сөйтіп ол жылқы баққан ауылдың бостан жігіті боп отырып қалған. Бірақ өмір-

дің қиянаты оны қайтадан қанды тартысқа алып келген. Бірақ бұл жолғы тартыс өзгешелеу еді. Ол жол былай басталған-ды. Күндердің күнінде ол уақытында ханға деген гараж-каражатын төлей алмай, бір сұлтанға бес байталға төлеңгіттікке сатылған-ды. Бір күні бұның жас өспірім қызын сұлтанның зорлап жатқан үстінен шығып, оны қанжарымен жарып өлтірген. Абылай бұның ісін қарап, кісі өлтіргені үшін, патша үкіметінің қолына берген. Ал патша соты оны күміс шығаратын жерге қаторғаға айдаған...

— Иә, қайдан жүрсің, жылқышы Керей!— деді Абылай,— өзің секілді кісі өлтіргіштер барып қосылып жатқан жаңа «орыс патшасы» кім?

Керей тісін ақсита күлді.

— Жай кісіні өлтіру обал. Ал сұлтанды өлтіру — сауап. Алла тағаланың өзі ондай күнәнің тең жартысын кешеді.

— Бүкіл күнәнді кешу үшін не істеу керек?

— Ханды өлтіру керек!— деді Керей сабырлы үнмен.

Тақымына қыл бұрау сап қинағанмен, Керей Пугачев батырларының хатын кімге бергенін айтпады. Келесі күні оны асау айғырдың құйрығына байлап, азаптап өлтірді. Сол күні түнде хан төлеңгіті ауылының жүз елу жігіті Пугачев ереуілшілеріне қосылмақ боп қашып кетті. Олардың ішінде Керейдің ер жетіп қалған екі баласы да бар. Ертеңіне мың жарым нөкерімен қашқындарды Абылайдың өзі бір кішкентай өзеннің жағасында қуып жетіп, алдына сап айдап қайтуға қоршай бергенінде, кенет гүрсілдеген мылтық дауысы шықты. Бірден он шақты нөкері оққа ұшқан Абылай амалсыз қамысты сайға барып тығылды. Жаңа салынып жатқан бекіністің бір рота солдатты өздерінің офицерлерін өлтіріп, қазақ жігіттерімен бірге Пугачев әскеріне қашқанын хан артынан білді.

Амал жоқ, бұларға шегінуге тура келді. Абылай ордасына қайтып келгеннен кейін, орыс бекіністерімен шектесе отырған Қарауыл руынан жорыққа шақырылған жігіттердің тең жартысы келмегенін білді. Ауыл билері мен ақсақалдары Абылайға «кедей біткеннің бәрі орыс ереуілшілеріне қосылып кетті» деп хабар берді. Осы күннен бастап хан төлеңгіттерінен де күніне екі-үш адам жоқ болып отырды. Кешегі «кәпір» деп өздері қорқытқан орыс кара шекпендеріне ауыл жігіттерінің еркімен барып қосылып жатқанын көрген сұлтандар енді зәре-

құттары қашып сасайып деді. Жұрт қаһарынан қорыққан кейбіреулері орыс бекіністеріне тығылды...

Бір жеті бойы Абылай хан ордасынан шықпай қойды. Бір нөкерін Омбы генерал-губернаторына, екіншісін Орынборға шаптырды. Ал үшіншісін — өзінің қас жауы Нұралыға жіберді. Үш жетіден кейін Абылай мен Нұралы Тобыл өзенінің жағасындағы бір шағын бекіністе кездесті. Бұл мәжіліске Орынбор мен Омбыдан келген орыс офицерлері де қатынасты.

Осы мәжілістен кейін Абылай мен Нұралының жасақтары бүкіл қазақ даласын шарлап шапты. Пугачев көтерілісшілеріне қосылмақ боп қашып бара жатқан қазақ жігіттері мен орыс солдаттарын лек-легімен ұстады. Оларды мойындарына арқан байлап сүйретіп орыс бекіністеріндегі кәрі қылыш офицерлеріне апарып тапсырды. Жарты сағаттан кейін бұлардың бастары кесіліп, «кімде-кім бүлікшілерге қосылғысы келсе, осылай өледі» деп бекініс қабырғаларына қойылды.

Абылай мен Нұралы арнаулы жасақ шығарып, көтеріліске қосылған ауылдарды шапты. Бұл жасаққа патша үкіметіне адал қызмет істеп келе жатқан казактар мен уландар бірігіп, қазақпен көршілес башқұрт ауылдарын да ботадай боздатты. Сонда тоқсан үштегі Бұқар жырау ашуланып, өзінің:

«Абылай-ау, Абылай,
Момынға келіп бек болдың...»

деп басталатын атақты толғауын айтып еді.

«Өкпенменен қабынба
Өтіңменен жарылма,
Орыспенен соғысып,
Басына мұнша көтерген
Жұртыңа жаулық сағынба.
Күнінде мендей жырлайтын
Тоқсан үште қарня
Енді де саған табылмас»

деп бітетін, орыс халқымен достасуға шақырған жыры бүкіл қазақ еліне тарады. Бұл толғауға құлақ қойған жайлаудағы жылқышы, күзеттегі жауынгер енді қашқын орыс солдаттарын ұстап берудің орнына, Абылай нөкерлеріне «ел арасын бұзғалы жүрсіндер» — деп, өздеріне тап беруді шығарды.

Ел арасында Абылайға деген наразылық туа бастады. Хан жасағына келіп қосылудан гөрі, казак жігіттері

Жайықтың арғы бетіндегі Пугачевтің белгісіз батырларының қол астына қашты. Бүкіл қазақ жерінде түнде жанған оттар көбейді. Ол отты қоршай отырған ереуілшіл жігіттердің қосылып салған әндері жиі естіле бастады. Оларға Пугачев көтерілісінің хабарын жеткізгелі асыға шапқан салт аттылардың дүбірі келіп ұласты.

Сондай күндердің бірінде Бұкар жырау Бурабай көлінің жағасындағы «Абылай алаңы» атанған жердегі хан Ордасына келді. Жыраудың Абылайды білгеніне жарты ғасырдан асып кеткен-ді. Жоңғар қолына «Абылайлап» жеке шапқан жас жігіт әлі күнге дейін жыраудың есінде. Жігіт ағасы болып Қалден Церенге тұтқынға түскен Абылайды да жырау ұмытқан жоқ. Бетінің тамыры бір бүлк етпей, адам қанын белшеден басып жүрген бүгінгі Абылай да жыраудың көз алдында. Осының бәрін білетін жүзге келген жырау Абылайдың дәл қазіргідей құты қашып, сасқан кезін көрген емес. Қартая бастаған хан, қарсы алдындағы бір затқа көзі тұрақтамай, қолындағы қамшысын білеп жұрттың апшысын қуырып жүр.

Хан аулының ақ үйлері әлдеқашан жығылған. Сары атан, қара інгендерге әлдеқашан артылған. Көш алды қозғалып та кеткен. Күнгеі жаққа қарай айдалған үйір-үйір жылқылар мен қотан-қотан қойлары да әлдеқашан Көкшенің жұпар аңқыған қырка, белестерінен асып үлгірген. Бұл әбігер — хан аулының көшу әбігері. Осыдан үш күн бұрын Абылай хан ордасын елімнің көне астанасы Түркістанға көшірем деп жариялаған. Сол сағаттан бастап хан ауылы әбігерге түскен. Төскейдегі жылқыға, жеке қонған ағайын-туысқа хабаршы шаптырылған.

Әрине, хан ордасының Түркістанға көшірілуі, қазақ елінің көне астанасын іздегендіктен емес еді. Қазір қай астананың көне, көне еместігіне қарайтын Абылайда мұрша жоқ-тын...

— Япырмай, жеттіңіз бе, жырауым?— деді Абылай аттан түсіп жатқан Бұкарды көріп,— жолыңызда, әйтеуір, ешкім кедергі болған жоқ па?..

— Қазір жол бойы толған адам ғой,— деді жырау ойын ашып айтпай.

— Иә, қазір жол бойында жүргінші көп. Жұрт бұзылды ғой!

Бұкар жырау тағы бір ой тастады.

— Қартайғанда дүние біткеннің бәрі жаман көрінетін әдегі.

— Жок, одан емес!— деді Абылай.

Сөзімді ешкім тыңдап тұрған жок па дегендей, Абылай жан-жағына қарады.

— Мен бұл арада отырсам, мына жұрт мені тірі қалдырмайды!

Бұқар жырау жағдайға енді түсінді.

— Орыс қалаларындай қала салам деген өзің емес пе едің...

— Қарғыс атсын мұндай қалаларды!— деді Абылай қолын сермеп.— Бұл қалаларды мен тек губернатор, жандаралдар ғана билейді деп ойлайтынмын. Астанасында қатын патшаның тұратынын да білетінмін. Түбі олармен тіл табысармын деуші едім. Бірақ менің ойлағанымдай болмай шықты. Бұл қалаларда бастықтарына бағынғысы келмейтін бүлікшілер де тұрады екен. Келімсектерден үлгі алған құл-құтан, малшы-жалшы, кедей тобыр індет келгендей әбден бүлініп барады.

— Хан Абылай, енді міне шыныңды айтып тұрсың!— деді Бұқар күлімсіреп.

— Неге жалғызсың, жырау? Үнемі қасыңа еріп жүретін серіктерің қайда? Қазір біз жолға шығамыз ғой...

— Жок, мен осы арада қаламын!— деді Бұқар жырау, әлдеқайдағы көкжиекке көз жіберіп.

... Алтын сәулесі жасыл даланы нұрға бөлеп, күн жоғары көтеріле берді. Көшкен жұрттың орнында қалған оттар сөнуге айналған. Төбе басында қалған Бұқар жырау күнгей жаққа қарап әлі тұр. Алыстағы белестен асып, хан көші біртіндеп жоғалып барады. Көкжиектен көтерілген сағыммен ойнап, Абылайдың ақ туы бұлдыр қағады...

ЭПИЛОГ

Бір мың жеті жүз сексен бірінші, Ұлу жылы Түркістан өлкесіне өте ауыр жыл болды.

Гулей соққан ыстық жел шаһар маңының майда құмын көкке көтеріп, жан-жануардың көзін аштырмай, тұтығып тұрды. Жаз шыққалы бір тамшы жаңбыр көрмеген сұр топырақты тақыр дала арса-арса боп жарылып кеткен... Табиғаттың осынау қияпат қысымы жетпіске келіп хал үстінде жатқан Абылайдың да тынысын та-

рылта берді. Бірақ ол бүкіл денесі құрысып, жүрегі кабынып, ауыр науқас өкпесіне біздей қадалса да, дауыс шығарып сыр беретін емес. Шоғы сөнген қоламтадай күннен-күнге бозара түсіп, сөніп бара жатты. Иә, бұл ауру сонау Үмбетей жырау келіп, Бөгенбай батырының өлімін естірткен күннен басталған-ды. Со күні Абылай біртүрлі қобалжуда еді. Оның да себебі бар-ды. Үш жүздің елжұрты өзін Үлкен Орданың ханы етіп боз биенің сүтіне шомылдырып, ақ кигізге көтерген күнінен сегіз жыл өткен соң, Абылай бүкіл қазақ ханы етіп бекітуін сұрап, үлкен баласы Тұғымды бас етіп, Петербургке елшілер аттандырған. Бекерге қауіптенбеген екен, Екінші Екатерина қатын патша оны тек Орта жүздің ғана ханы етіп тағайындады. Бұл хабарды естігенде Абылай бармағын шайнап, теріс бұрылып кетті. Тұғымды Петербургке аттандырғанда, қанша қобалжығанмен де, «Мүмкін, қатын патша бекітіп қалар» деп үлкен үміт күтіп еді. Со үміті орындалмай, қапаланып отырғанында Арқадан, Баянаула жақтан бір топ жуан қоныш, түлкі тымақ, күміс кіселі ақсақалдар Ордаға кіріп келген. Ханға тәжім етіп сәлем берісіменен Үмбетей жырау босағада бір тізерлей отыра қап, қарлыққан кәрі дауысымен, өлім естіртетін әуенге салып, бір термені шұбырта жөнеліп еді:

«Ей, Абылай, Абылай,
Абылай ханым, бұл қалай?
Бұл қалайдан сескеніп,
Сөзімді қойма тыңдамай.
Талай істер басыңнан
Өтіп еді-ау жасыңнан,
Қып, қызық әрбір жай,—

деп Үмбетей жырын бастай бергенде-ақ сұлық отырған Абылай, бойын жнып алған. «Қай, батырым, не қай жан күйер ақсақалым қаза болды екен?»— деп шошына қарап еді. Бірақ жырау тоқ етерін айтпай орағытып, алдыменен Абылайдың қасында қандай батырлар болып, қандай ерлік істер істегенін біраз жыр етіп келді де, кенет оқ тиіп құлаған қоңыр қаздай сұңқылдады:

«Ей, Абылай, Абылай,
Сөзімді тыңда тағыда-ай!
Өзіңнен біраз жасы үлкен
Дөмпеш таудай басы үлкен,
Жасында болған сырласың,
Үлкен де болса құрдасың,

Сексеннен аса бергенде
Қайрылмас қаза келгенде
Батырың өлді — Бөгенбай»!

дегенде Абылай жүрегі қабынып, не дерін білмей, сілейіп отырып қалған.

«Бөгенбай сынды батырдың
Береке берсін артына-ай,
Сабыр берсін халқына-ай,
Жасаған не жар болып,
Бейіште нұры шалқығай»,—

деген ең ақырғы жыр шумағын тыңдауға шамасы келмеді.

Баянаулада өлген батырының құрметіне Абылай ел жинап, құран оқытып, қазасын осы Түркістанда өткерді. Сол күннен бастап өз денесі құрысып, жүрегі қабынатын кесел пайда болды. Бірақ, бұл дерт айында, жылында бір ұстап, Абылайдың әдейі тәубесін келтіргісі келгендей, әрі-бері қысып, артынан тарқап кететін. Ал сол кесел міне үш айдан бері, ханды тұрғызбай біржолата басып алды. Абылайдың есін жиюынан талықсуы көбейіп кетті. Бүгін де сондай халде еді. Әлсін-әлсін ұстап, жанында отырған Бұқар жыраумен өлер алдында қоштасып, іштегі арманын сыртқа шығаруға да мұршасын келтірмей қойған. Сөйтіп қиналып жатқан ханның, тек түс ауа ғана тілдесуге шамасы келді. Көңіліндегісін айтып қалайын дегендей асыға тіл қатты.

— Құдайдан жалғыз ғана тілегім бар еді, Бұқар аға, алар болсаң қан майданда жүргенімде ал деуші едім,— деді ол ақырын көзін ашып.— Көрдің бе, міне, елу жыл оқ дарымай келіп, ақыры бір шаншудан ажал таппақпын. Өмірде бар тілегімді бергенде, құдай бұл тілегімді неге бермеді екен.

Бұқар жырау «өлмейсің» деп оның көңілін жұбатқан жоқ. Адамның өңменінен өтетін үлкен өткір көздеріндегі нұрдың сөніп бара жатқанын көрді де, бұ да ең болмаса сөйлесіп қалайын дегендей, Абылайдың төсегіне жақындау отырды.

— Иә, Абылай,— деді сөзді әріден толғап,— елу жылдан астам ат үстінде болдың. Батыр да атандың, ақыры хан тағына да отырдың. Бірақ соның бәрінен де қалды?

— Сенің осылай дейтініңді сезетін едім,— Абылай езу тартқандай болды,— рас, хан тағына жету үшін мен

ұзақ һәм бұралаң жол бастым... Бірақ сол хан тағы маған не үшін керек еді? Осы сұраққа көңіл күйін тағы бір қасірет шеккен күні жауап берейін деп едім ғой. Сол күн туған секілді... Адамға өлімнен артық қасірет бар ма? Ал тыңда... Иә, хандық құру, тек мансапқорлықтан туды ма сол арман? Жоқ, Бұқар аға, онда сен мені білмегенін. Қолыңда күшің болмаса, кімге айтқаныңды істете аласың? Ұлы хан тағына отырсам қазақ елін өзімнің дегеніме жеткізем деп ойлағам... Ал соңынан... Әделетті ұлы хан болсам халық менің бұрынғы қиянаттарымды ұмытады ғой деп сенгемін...

— Бірақ сенің қолыңнан ондай хан болу келмеді ғой.

— Келмеді. Хан бар жерде қиянат болмауы мүмкін емес екен. Бірақ мен сол қиянатымды да, озбырлығымды да, халқымды уысымда ұстау үшін жұмсадым, ел бірлігін күшпен сақтамақ болдым.

Бұқар үндемей отырып қалды. Бір кезде барып:

— Иә, Абылай, сен қанды көз қара бүркіт едің! Саған еліңді аққу күстай әдемі әніңмен басқармадың деу күнә болар... Олай басқаруды мына замана көтермес те еді,— деп Абылайдың ұзын, арық саусақтарын сипады.— Ал енді бұл жалғаннан өтіп барасың, артындағы ұл-қызыңа айтар қандай кеңесің бар?

Абылай бұл сұрақты күткен секілді. Сәл ойланып жатты да, Бұқарға көзінің қиығын аударды.

— Ұл-қыз дейсің бе?.. Менің кеңесіммен жүрер ұл-қыз болар ма екен? Сөйтсе де екі кеңесім бар. Бірі — қазақ аз ел ғой, азып-тозып кетпес үшін, қолдарынан келсе солардың бірлігін сақтасын. Бірлігі бар елді басқару жеңіл. Екінші айтарым мен елу жылдан астам соғыс жүргіздім. Жетпіске келген жасымда, мейлі айла құрайын, қолыма найза ұстап майданға шығайын, әйтеуір шығыс жағымнан келген жауға, әсіресе, Қытайға қазақтың бір бөлшек жерін бергем жоқ. Ал батыстан келе жатқан орыс еліне, оның бекініс, қала салуына қарсы шыкпадым. Тіпті қара шекпендеріне егін-жай да бердім. Осыны неге істедім? Ақ патшамен тіл тапқым келді. Рас, кейде оның қиянаты да аз болған жоқ.— Абылай өзің үш жүздің ханы етпеген өкпесін айтқысы келді де кенет қоя қойды.— Бірақ «битке өкпелеп тоныңды отқа салма» деген, сол ақ патшамен найза арқылы емес, сөз арқылы тіл табуға тырыссын. Бұлай ету өздеріне сүйеніш бола-

ды. Ақ патша тірі тұрса, Абылай ұрпағынан ел билеу үстемдігі кетпейді...

— Абылай,— деді Бұқар жырау,— өмірде қиындықты да, қызықты да көп көрдің, ал сонда қандай өкінішің бар?

— Өкінішім,— деді Абылай күрсініп.— Өз басымның өкініші... үш жүздің басын қоса алмадым; аз елге хан болдым. Қазаққа мал емшегін емізгенмен, жер емшегін емізе алмадым. Орда Көкшетауда тұрғанда ақылшым болған Тимофей Егорұлының кеңесімен «Зеренді», «Шортанды» жайлаған төленгіттеріме егін егуді үйретсін деп орыс мұжықтарын да әкелдім. Бірақ мал баққан, пайза ұстаған сорлы қазақ, тез көндіге қоймады. Ал өзге жаудан қазақтың бөтен жерін қорғаймын деп жүргенімде дүние құрғыр өтіп кетіпті ғой, білмей қалдым...

Абылай үндемей сәл жатты да, жұмылып кеткен көзін қайтадан ашты, дүние шіркінді қимағандай салтанатты хан сарайына сұқтана бір қарады.

— Жырау, егер айтарың бітсе, менің де сенен сұрамым бар, соған жауап берші.

— Айтыңыз, хан ием.

— Хиуа тұтқынынан өзімді алып шыққан Ораз құлдан бастап мен дүниеде аз адамның қанын төккен жоқпын. Майданда да өз қолыммен сан ержүрек, албырт жасты ат жалын құштырдым... Жазығы бар, жазығы жоқ, талай адамның қаны мойнымда... Өмір бойы қазақ тәрізді азғантай ел қасқыр тектес келсе, сол жөн деп ойлағам. Өйткені ол өз тіршілігі үшін алыса да, жұлыса да біледі. Қазақ елі де сол қасқыр тәрізді өз тағдыры үшін күресе алса ғана, тірі қалады деп ұққам... Заман тек өзін де, басқаны да аяуды білмейтін күштінің заманы... Мен елімді соған баулыдым. Өзімдей болуын көкседім. Бірақ мұным, міне өлер алдында ғана түсіндім. дұрыс емес екен... Ел болып жер бетінде қалудың басқа да жолы бар екен... Ол өзге жұртпен татулық...— Абылай тағы шаршай сөйледі.— Бұл жол, әрине, енді басқалардың жолы.— Ол кенет тағы басын сәл көтерді,— өзің көріп отырсың, маған енді бұның бәрінің қатысы жоқ... Тек енді сен маған мынаны айтшы, осы менің құдай алдында күнәм көп пе? О дүниеге барғанда Мүңкір-нәңкір «сен күнәкерсің?» деп гүржісімен ұрып жүрмей ме, осы сұрағыма жауап берші, жаным тынышталсын.

Елу жылдан астам майдандас болып жүріп, бір рет те Абылайдың ажалдан қаймыққанын көрмеген Бұқар жырау, оның о дүниеге барғанда Мүңгір-Нәңкір гүржісінен қорыққанына таң қалды. Әйтсе де ол Абылайдың өлер алдында сонау өзі төккен көп қаннан шошып жатқанын ұқты... Бұқар жырау жауап беріп үлгірген жоқ. Абылай ақырғы рет ышқынып демін алды да, көзін мәңгі жұмды.

Үш жүз боп Абылайды Ахмет-қожа Яссаудің мешітіне жерлегеннен кейін, Бұқар жырау Сарыарқаға қайтты. Бірақ бұл жолы өз жері — Баянаулаға емес, Пугачев ереуіліне қосылып жатқан қазақ жігіттерінің топтарына беттеді. Халқымен тағдыры бір қарт ақын, артына бұрылып та қарамастан, терістікке қарай ұзай берді...

Соңы.

Ильяс Есенберлин

ОТЧАЯНИЕ

Исторический роман

(На казахском языке)

Редактор *К. Жумадилов*. Художник *Б. Табылдиев*.
Худ. редактор *А. Смагулов*. Тех. редактор *Б. Карибасва*.
Корректор *М. Рзагалиева*.

Сдано в набор 19/VII-1973 г. Изд. № 287. Подписано к печати 22/X-1973 г.
Бум. тип. № 3. 64 × 108¹/₃₂—10,0 печ. л. = 16,4 усл. п. л. (Уч.-изд. л. 16,94).
Тираж 60 000 экз. Цена 77 коп. УГ04529.

Издательство «Жазушы», Алма-Ата, 480091,
пр. Коммунистический, 105.

Заказ № 734. Типография № 2 Главполиграфпрома Госкомитета
Совета Министров КазССР по делам издательства, полиграфии
и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Карла Маркса, 63.

